



ҚАЗАҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ-ЗАҢ УНИВЕРСИТЕТІ

**КАЗАХСКИЙ ГУМАНИТАРНО-ЮРИДИЧЕСКИЙ
ИННОВАЦИОННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ**

KAZAKH HUMANITARIAN LAW INNOVATIVE UNIVERSITY



**Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына
арналған студенттік халықаралық
ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

МАТЕРИАЛЫ

**Международной научно-практической
студенческой конференции посвященной
30-летию Независимости Республики Казахстан**

MATERIALS

**International student scientific and practical
conference dedicated to the 30th anniversary
of the Independence of the Republic of Kazakhstan**

III

2021

УДК 378:821.512.122.0
ББК 74.58:83.3(5Қаз)
Т 65

Под общей редакцией **Курманбаевой Ш. А.**

Выпускающий редактор **Егежанова Д. Р.**

Редакционная коллегия:

**Кайшатаева А. К., Карипжанова А. Ж.,
Каражанов М. Д., Мамырбеков А. М.**

Традиционная Международная научно-практическая конференция студентов, XII конференция, посвященная 30-летию Независимости Республики Казахстан. [Текст]: материалы междунар. студ. науч.-прак. конф., 19 марта 2021 г. / под науч. ред. Ш. А. Курманбаевой – Семей, 2021.- III том - 271 с.

ISBN 978-601-7407-21-3

В материалах традиционной Международной научно-практической конференции студентов, XII конференции, посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан, представлены доклады студентов, магистрантов, докторантов, молодых ученых, направленные на изучение и исследование актуальных направлений науки, образования, производства.

УДК 378:821.512.122.0
ББК 74.58:83.3(5Қаз)

ISBN 978-601-7407-21-3

**© Казахский гуманитарноюридический
инновационный университет, 2021**

Секция. ЖАҒАНДАНУ ӨРКЕНИЕТІМЕН ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ БӘСЕКЕЛЕСТІК ЖАҒДАЙЫНА БЕЙІМДЕЛУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Секция. ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ АДАПТАЦИИ К УСЛОВИЯМ КОНКУРЕНЦИИ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ С ЦИВИЛИЗАЦИЕЙ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

ҮЛГЕРМЕУШІЛІКТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СЕБЕПТЕРІ

Абдуллаева Ақбота Жомартқызы

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы,
4 курс студенті, «Педагогика жәәне психология» мамандығы*

Ғылыми жетекші: аға оқытушы, магистр Жапарова Г.С

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы

Мектептегі үлгермеушіліктің негізі – бір ғана себеп емес, көбінесе бірнеше себептердің жинақталған әсері болып табылады. Солардың ішінен негізгілері ретінде: оқыту әдістерінің жетілдірілмеуі, оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамытудағы кемшіліктер, әсіресе ойлау қабілетінің қалыптаспауы, оқушы мен оқытушы арасындағы жағымды қатынастың болмауы, басқалармен салыстырғанда жақсы оқушы болудың қорқынышы, және т.б.

Үлгермеушіліктің мәнін толық түсіну үшін үлгермеуші оқушылардың ерекшеліктерін анықтап, қарастыруы болады. Үлгермеуші оқушыларға тән жалпы ұқсастық болғанмен, олар бір-бірінен айрықша ерекшеленеді. Күнделікті олармен жұмыс тәжірибесінде, үлгермеушіліктің әрбір нақты жағдайын, әрбір оқушымен жекелеген жұмыс істеу жолдарын талап ететіндей, үлгермеушіліктің түрлі ерекшеліктерімен кездесіп отырамыз.

Оқушылардың үлгермеушілігін ұзақ уақыт зерттеу, оның түрлі типтік тұрғыдан көрінуінен деген қорытындыға тіреледі. Үлгермеуші оқушының түрі (типі) оның оқудағы жетістігін анықтайтын, көп уақыт бойы үлгермеудің нәтижесінде пайда болған тұлғаның маңызды қасиеттерінің өзіндік үйлесімділігімен сипатталады.

Көптеген авторлар үлгермеуші оқушыларды әр түрге топтаудың негізі етіп өздері зерттеп анықтаған үлгермеушілік себептерін алған. Көбінесе, осылайша Л.С.Славина ұсынады: үлгермеуші оқушылардың түрлері Славина бойынша басымырақ себептеріне байланысты бөлінеді. Үлгермеушілердің бір тобын оқуға деген түрткісі жоқ оқушылар құраса, ал екінші тобын оқуға деген қабілеті жоқ балалар, ал үшінші түрін оқу дағдысы дұрыс қалыптаспаған, дұрыс жұмыс істей алмайтын балалар құрайды.

Жас ерекшелігіне байланысты оқушылардың үлгермеушілік себептері де әртүрлі.

Бастауыш сыныпта балардың білімге құмарлығы, айналасындағыларға қызығушылығы, қоғамдық маңызды іс-әрекеттерді орындауға талпыныстары оқуға деген оң көзқарасты және соған байланысты эмоционалдық мазасыздықты тудырады. Оқуда артта қалу, жаман бағалар көбінесе оларды жылауға дейін апарып, күйзеліске түсіреді. Оқуда артта қалушылық, олар үшін жаман баға алу болып табылады.

Ал, жасөспірімдердегі үлгермеушілік – бұл оқушының оқу тапсырмасына деген зейіннің аз болуы. Бірақ олардың өмірге деген іс-әрекеттері кеңейеді, яғни спортпен шұғылданады, ойындарға көп барады т.б. көрінеді. Көптеген жасөспірімдер орта мектеп жасында үлгерімі төмендер қатарына ілігеді.

Жоғары сынып оқушылары оқу сабақтарына, мұғалімдеріне тәуелсіздігін көрсетеді. Олар көбінесе өздері таңдаған мамандыққа керек пәндерге қызығушылық танытады. Егер алған «жаман» бағасы өзінің таңдаған мамандығына қатысты болмаса, оған олар мейлінше сабырлылықпен қарайды.

Үлгермеуші оқушыларды түрге бөлгенде кейбір зерттеушілер оқушының тұлғалық құрылымына және оқу оқуының сипатына негізделген. Осындай жолмен П.П.Блонский оқудың жалпы типологиясын құрып, үлгермеушілердің түрлерін бөліп көрсеткен.

Психолог З.И.Калмыкованың зерттеулері «үйретілудің» (обучаемость) жалпы және арнайы түрлерінің болатынын дәлелдеген.

И.В.Дубровина, М.К.Акимова және В.Т.Козлова зерттеулерінде үлгермеушілердің негізіне жататын психологиялық себептерді 2 топқа біріктіріп, соған байланысты балалардың ерекшеліктерін сипаттаған. Ол себептер:

1. Баланың танымдық іс-әрекетіндегі кемшіліктер.
2. баланың мотивациялық дамуындағы кемшіліктер.

Сонымен қатар, көптеген жылдар бойы үлгермеушіліктің мәселелерін Н.А. Минчинская басқарған ғалымдар тобы зерттеп келген. Олар оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін негізіне «үйретілу» түсінігін алған, яғни оқу іс-әрекетінің әдістері мен оқуды меңгеруіне байланысты оқушының алғырлығы. Олар үлгерімі төмен оқушыларды үйрете отырып және олардың ойлау деңгейін зерттей отырып, олар дедуктивтік ой қорытындыларын жасай алмайды, оларға көптеген қасиеттері бойынша ұғымдарды жалпылау қиындық туғызады деген қорытындыға келген. Ондай оқушылардың абстракциялау және жалпылау деңгейі әдетте өте төмен болатындығын дәлелдеген.

Үлгермеуші оқушылардың сөздік-логикалы ойлау қызметі іс-әрекеттік түрінен әлдеқайда артта қалып қояды, бұл ережелердің тұжырымдамаларын түсінбеуінен немесе ережелерді құр білгенмен тапсырмаларды орындай алмауынан білінеді. Кейбіреулеріне тіпті, көрнекі құралдар бөгет болады, себебі оларды ол көрнекіліктегі басқа да керексіз белгілер алаңдатады.

Көрсетілген психикалық процестерінің ерекшелігі оқушылардың өздерін ұйымдастыра алмауынан, өз еркімен зейінін басқара алмауынан және зейінін шоғырландырғысы келмейтіндігімен тығыз байланысты. Олар көбінесе ой жұмысынан қаша отыра, оларды белсенді ойлаудан құтқаратын, «айналып өтетін» жол іздейді. Осының себебінен ойлау жүйесіне жүйелі интеллектуалдық жүктеме түспеуінен ойлау деңгейі бірте-бірте төмендейді. Осы кезді байқап, дер кезінде көмек көрсетілмесе оқытылуы төмен деңгейдегі бала бірте-бірте сыныптастарынан артта қала бастайды. Оған деген сыныптастарының көзқарастары да өзгереді, мұғалімдерінің стереотиптік пікірлері қалыптасады, ең бастысы өзіне деген сенімділігі жоғалады да, өзін төмен бағалаушылар қатарына қосады.

Психологиялық процестерінің ерекшеліктеріне тән үлгермеушіліктің психологиялық типологиясын Н.И. Мурачевский ұсынған: бұл жағдайда ол негіз етіп келесі қасиеттерді алған:

- Ойлау қасиеті;
- Жеке адамның бағыттылығы.

Қазіргі кезде білім беру жүйесінде оқушының дамуындағы оның үлгерімінің үлкен мәні бар. Баланың жеке басын жан-жақты дамытуға бүгінгі таңда білім беру саласындағы оқу процесіндегі оның үлгерімі негізгі роль атқарады. Мектепте оқушылардың оқу мен тәрбиелеу бағдарламалары және жағдайлары бірдей болғанмен, білімді игеруде барлығы бірдей емес. Оқушылардың үлгерімінің көрсеткіштері, оқу міндеттеріне қатынасы, тәрбиелері, даму деңгейлері әртүрлі болып келеді. Білім беру орындарында оқушыларды тәрбиелеу мен оқыту бойынша қоғам мен мемлекеттің алдында, олардың үлгермеушіліктерін уақытылы жою міндеттері тұр. Олардың көптеген себептері болуы мүмкін.

Мектептегі оқушылардың үлгермеушілік мәселелерімен көптеген психологтар мен педагогтар: И.В.Дубровина, П.П.Блонский, Н.И.Мурачковский, Ю.З.Гильбух, С.Н.Костромина, З.И.Калмыкова, П.П.Борисов, Ю.К.Бабанский, В.С. Цетлин, Г.М. Гульнев, С.Д. Замбранья, А.Я. Иванова, К.С. Лебединская, А.Р.Лурий, С.С. Ляпидевский, Г.Е. Сухарева және тағы басқалары айналысты.

Әйгілі психологтар Ю.К.Бабанский және В.С.Цетлин үлгермеушіліктің ішкі – әлеуметтік және сыртқы – оқу орындарындағы оқу процесінің кемеліне жетпеген ұйымдастыру себептерін көрсетеді. Ал, И.В.Дубровина, П.П.Блонский және Н.И.Мурачковскийдің еңбектеріне үлгермеуші оқушылар оқуды білмейтіндігі, олар оқу материалдарының тақырыптарын меңгеруде логикалық өңдеу жасай алмайтындығын көрсетеді.

Бастауыш сынып оқушыларының жазу жұмыстарындағы әріптерді қалдырып кету, ережелерді жақсы білуде орфографиялық қателер жіберу, зейінсіздік пен ұмытшақтық, математикалық есептерді шығарудағы, текстті айтудағы қиындықтар, көбейту кестесін нашар білуі, дербес тапсырмаларды орындауда оқу іс – әрекетіндегі қиындықтардың бала үлгерімінің төмендеуіне әсер ететіндігін психолог С.Н.Костромина қарастырған.

Психолог ғалым А.М.Гельмонт оқудағы үлгермеушілік себептерді оның категорияларына байланысты бөлуді міндет етіп қойған. Ол оқу пәндерінің саны мен үлгермеушілік тұрақтылығына байланысты үлгермеушіліктің 3 түрін бөліп көрсеткен.

- Жалпы және тұрақты үлгермеушілік - ұзақ уақыт бойы барлық немесе көптеген пәннен үлгермеу.
- Жекелеген, бірақ салыстырмалы тұрақты үлгермеушілік – бұл бір немесе екі үш қиын пәндерден үлгермеу.
- Эпизодтық тұрғыдағы үлгермеушілік – бірде жеңіл пәннен бірде екінші пәннен үлгермей қалу.

I категория себептері ретінде: оқушының алдыңғы дайындығының төменгі деңгейі әр түрлі себептерге байланысты қолайсыз жағдайлар (дене кемістіктері, ауру, тұрмыс жағдайының нашарлығы, ата-ананың қамқорлығының жоқтығы); оқушы тәрбиесінің жетіспеушілігі (жалқаулық, тәртіпсіздік); ақыл – ойының дамуының әлсіздігі.

II категория алдыңғы сыныптардағы кемшіліктер, оқылатын пәнге деген оқушының қызығушылығының жетіспеушілігі, оқудағы қиындықтарды жеңуде ерік әлсіздігі;

III категория дұрыс оқытпау, оқудағы бақылаусыздық, сабаққа дұрыс қатыспау, сабақтағы зейінсіздік, үй тапсырмаларын жүйелі орындамау.

А.М.Гельмонт барлық жағдайларда белгіленген немесе бекітілген үлгермеушілікті айтады, яғни үлгермеушілерге ол «тоқсан аяғына қанағаттандырылмаған бағалардан тұратын ауыр жүкпен келетін» оқушыларды жатқызады.

Үлгірімі төмен оқушылар есте сақтаудың тиімді әдістерін меңгермеген, себебі олардың бұл кемшіліктері ойлау деңгейінің дамуындағы кемшіліктермен тығыз байланысты.

Сол сияқты, зейінге байланысты жүргізілетін тапсырмаларды (корректурная проба) орындағанда да, үлгірімі төмен оқушылардың көрсеткіштері басқалармен салыстырғанда кем болмаған. Олардың зейін шоғырлануының төмендігі өздерінің ойлау ерекшеліктерінің төмендігінен белсенді оқу әрекеттеріне кірісе алмайтындықтарына байланысты. Оқу әрекеттеріне қатынасу оларға қиынға соғады. Сондықтан олар сабақта басқалардың әңгімелеріне жиі алаңдайды, мұғалім сұрақтарын зейінмен тыңдап отыра алмайды.

Сонымен, үлгермеуші оқушылардың көпшілігінде болатын қиындықтары есте сақтауға да, зейінге де емес, ойлау жүйесінің ерекшеліктеріне байланысты екендігі дәлелденген.

Үлгермеуші балалардың ойлауының психологиялық ерекшеліктерін сипаттағанда олардың жас ерекшеліктеріне көңіл бөлу керек. Әрине, жас ерекшеліктері өздігінен үлгермеудің себептері бола алмайды, бірақ ойлаудың жас ерекшеліктерін байланыстылығын ескермесе оқуда қиындықтар мен артта қалушылық болуы мүмкін.

Осының бәрі оқушының үлгермеушілігін жеңуді немесе алдын алуды мүмкіндігінше ерте жастан бастауды, яғни әлі де болса оқуда артта қалушылық келеңсіз жәйттерге апармай тұрғанда қолға алуды білдіреді. Егер уақыт өткізіліп алынса, мектеп психологі үлгермеушіліктің алғашқы себептеріне байланысты жұмыс істеп қоймай, бір мезгілде оның барлық зардаптарынан құтылуға талпыну керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Бардин, К.В. Чтобы ребенок успешно учился/ К.В. Бардин - М., 1999.
2. Блонский П.П. Школьная неуспеваемость. Избр. Пед. Произв. М., 2006 г
3. Белкин, А.С. Воспитание дисциплинированности, предупреждение неуспеваемости. Сборник научных трудов/ А.С. Белкин. - М., 2000 г.

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ахметқалиева Ақнұр Қуанышқызы

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің магистранты қ. Семей, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Абдуллина Г.К.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы қ. Семей, Қазақстан

Қазіргі заман талабына сай білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі — оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және

интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Қоғамдағы әлеуметтік-мәдени жағдай әр педагогтың қазіргі таңдағы қоғамның сұранысына және өзінің қажеттілігіне, қызығушылығына, мүмкіншілігіне сәйкес білім мен тәрбие алуын қажет етеді. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде педагогтардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Бүгінгі таңда П.М.Эрдниевтің дидактикалық бірліктерді шоғырландыру технологиясы, Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, Ш.А.Амонашвиллидің ізгілікті тұлғалық технологиясы, В.Ф.Шаталовтың оқу материалдарының белгі және сызба үлгілері негізіндегі қарқынды оқыту технологиясы, М.Чошановтың проблемалық модульды оқыту технологиясы, П.И.Третьяковтың, К.Вазинаның модульды оқыту технологиясы, В.М.Монаховтың, В.П.Беспальконың және басқа да көптеген ғалымдардың технологиялары кеңінен танымал.

Қазақстанда Ш.М.Қаланова, Ж.А.Қараевтің, Ш.Т.Таубаева, Қ.Қ.Қабдықайыров, С.Н.Лактионова, М.М.Жанпейісованың, Ә.Жүнісбектің және Қ.М.Нағымжанованың т.б ғалымдардың зерттеулерінде оқытудың жаңа технологиялары жан-жақты қарастырылады. Инновациялық үрдісті зерттеу барысында жүйенің бір жағдайдан екінші жағдайға көшуі және жаңалықты енгізу үрдісіне басшылық жасау мәселелерін зерттеу маңыздылығы Н.В.Горбунова, М.В.Кларин, А.В.Лоренсов, М.М.Поташник, П.И.Пидкасистый, Л.И.Романова, В.И.Загвязинский, А.Я.Найн, Т.И.Шамова, О.Г.Хомерики, Н.Р.Юсуфбекова және т.б. зерттеулерінде қарастырылған [1].

Инновация дегеніміз — мазмұнды жаңашалау, ал жаңалық енгізу дегеніміз — инновациялық мазмұнды дамыту, жаңаны ұйымдастыру, ал «жаңаша» дегеніміз жаңа мазмұн, оны енгізудің әдіс-тәсілдерін, технологиясын қамтитын құбылыс деп түсінеміз.

Л.Д. Гирева педагогикалық инновациялар мәселесіне ХХ ғасырдың 60-80 жылдар аралығында талдау жасайды. Педагогтың шығармашылық тәжіри- бесінің басты өлшемі «жаңа идеялар мен әдіс-тәсілдерді жүзеге асыру» деп түсіндіреді.

Болашақ мамандардың кәсіби даярлығы мәселесінің технологиялық және тұлғаның жаңа технологияларды пайдалануға деген тұлғалық дайындығы мәселелеріне негізделген зерттеулерге жеткілікті дәрежеде мән берілмейтіндігі айқындалды. Кәсіби әрекет барысында болашақ педагогтардың кәсіби даярлығында инновациялық технологияларды пайдаланудың практикалық қажеттілігімен және болашақ педагогтың оны қолдануға деген тұлғалық даярлығы мәселесінің жеткіліксіз дәрежеде айқындалуының арасындағы қарама-қайшылық көкейкесті мәселе болып отыр.

Зерттеуші ғалымдардың пікірі бойынша «инновация» білім беру ісіне жаңа элементтер кіргізу арқылы жүйенің бір жағдайдан екінші жағдайға көшуіне жетелейтін жаңалық болып табылады. П.Щедровицкий «инновацияны ойлау мен әрекет етудің ерекше бір түрі ретінде білім беру саласында мамандарды даярлауды ұйымдастырудың ерекше бір түрі» деп айқындайды. И.А. Романова «ғылыми-зерттеу жұмысында және педагогикалық әдебиеттерде инновация мәселесіне жалпы әдіснамалық және тарихи- педагогикалық баға берілмеген» деген өз ойын дәлелдейді. Ал, С.А. Смирнов, А.И. Пригожин, В. В. Розин, А.М.Ворониндер ғылыми-зерттеулерінде инновацияның теориялық негізіне, даму заңдылықтарына, жіктелуіне талдау береді [2].

Инновациялық білім беру – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, оқытушының кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технологияларды қолдану — біріншіден, оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, студентның пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден, студент ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңейеді. Осылайша білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, білім сапасы да арта түспек .

Инновация дегеніміз — жаңа мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық енгізу, жаңа үлгілердің бағытындағы нақты әрекет, нақтыланған мөлшердің шегінен шығатын кәсіптік іс-әрекеттің жаңа сапалы деңгейге көтерілуі, жаңа нәтижені қамтамасыз ететін жаңа теориялық, технологиялық және педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас бағдарламасы. Кәсіптік білім беру жүйесінің негізгі міндеті – белгілі бір көлемдегі білім берумен шектелмей, алынған кәсіптік білімді адам өз қажетіне, өмірдің нақты жағдайларында қолдана біліп, қоғамға пайдасын келтіру. Ендеше, осы міндетті орындауда инновациялық технологияны қолдану — өмір талабы [3].

Болашақ мамандардың жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануға даярлықты қалыптастыру мына көрсеткіштерді қамтиды:

Мотивациялық өлшемдерінетанымдыққызығуды қалыптастыру бейнесі жатады. Оған болашақ мамандарды қалыптастыру, құндылық қарым-қатынас, болашақ маманның өзінің кәсіби шеберлігін дамытуға талпынуы, болашақ мамандығын ерекше жақсы көруі, ұрпақ тәрбиесінде ұстаздың жетекші орнын сезінуі, кәсіби жеке біліктілік деңгейін көтеруге бағыттылығы, инновациялық іс-әрекетке ұмтылуы әрекеттері кіреді.

Мазмұндық өлшемдерінеболашақ маманның жалпы мәдениеттілік дайындығы мен пәндік әдіснамалық дайындығының деңгейі, мамандығы бойынша білімі, педагогикалық біртұтас білім жүйесі, біртұтас педагогикалық үрдістің заңдылықтары, мен қозғаушы күштерінің жалпы теориялық білім негіздерімен қарулануы кіреді. Оған біртұтас педагогикалық үрдістің теориялық негіздерін және жеке тұлға териясының ғылыми негіздерін меңгеруі, педагогикалық іс-әрекет теориясының негіздерін білуі, білім алушылардың барлық мүмкіндіктерін пайдаланғанда инновациялық іс-әрекеттің көбіне нәтижелі болатындығын сезіне алуы жатады.

Бейімділік өлшемдеріне болашақ маманның барлық жағдайға бейімделе алу қабілеті жатады: бейімділік жағдаятына бағдарлана алуы, микроорта өзгерістеріне сай қолайлы инновациялық педагогикалық технологияларды таңдай алуы. Бейімділік өлшемдері болашақ маманның білімгер мәртебесінен оқытушы, ұстаз мәртебесіне ауысуының ерекшелігін сезіне білуімен, бейімділік іс-әрекетті жүзеге асырудың жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалана алуларымен ерекшеленеді.

Танымдық өлшемдері болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны жедел тани алуымен, өзін кәсіби жүзеге асырудың нәтижелі әдіс-тәсілдерн пайдалануымен, инновациялық педагогикалық технологияларға қызығу танытумен ерекшеленеді. Оған болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны біліп тануы, кәсіптік білімін өз әжірибесінде қолдана білуі, инновациялық педагогикалық технологияларды оқып меңгеруі, үйренуі жатады.

Іс-әрекеттік өлшемдеріболашақ маманның өзінің кәсіби іс-әрекетінің мақсаты мен міндетін анықтай алуы және педагогикалық қарым-қатынастық үрдісті тиімді жүзеге асыра алуымен өлшенеді. Оған болашақ маманның өз пәнін жете меңгеруі, біртұтас оқу-тәрбие үрдісінің психологиялық, педагогикалық негіздерін білуі, педагогикалық үрдісті жоспарлап, жүзеге асыра алуымен өлшенеді.

Технологиялық өлшемдеріоқытудың әдістемелік мақсаттары, оқыту үрдісі, оның міндеттерін анықтай алуы, оқытудың нәтижесін болжай алуы және психологиялық-педагогикалық білімдерді меңгерумен анықталады. Оған болашақ маманның біртұтас оқу-тәрбие үрдісінде сабақты тиімді ұйымдастыра білуі, студентлармен ынтымақтастық қарым-қатынасты жүзеге асыра алуы, біртұтас педагогикалық үрдісті диагностикалай алуы және сабақтың нәтижесі жоғары болатындай ең тиімді педагогикалық технологияны таңдай алуы қажет.

Шығармашылық өлшемдерінешығармашылық ептілікті, шығармашылық белсенділікті, болашақ маманның шығармашылық-ізденушілік дамыту кіреді. Оған болашақ маманның ғылыми-зерртеу жұмыстарына өзіндік талдау жасай алуы, өз білімін көтеруге, жетілдіруге талпыныстың болуы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануға өзіндік (авторлық) жаңалықтар, өзгерістер енгізумен және жаңалықты шығармашылықпен қолдана алуымен сипатталады.

Осы аталған көрсеткіштердің әсерінен білім, кәсіп, іскерлік, іс-әрекет, игеру, нәтиже құралады. Білім жалпы, кәсіби, техникалық, арнайы білім болып бөлініп кәсіппен ұштасады. Ал кәсіп – мамандық таңдау, мамандықты меңгеру. Білім алып кәсіп иесі болу үшін іскерлік қажет. Іскерлік – оқу, білім, кәсіп, тәжірибе, ізденушілік, өзіндік жұмыс, іс-шаралар, дағдыдын туындайды. Іскер болу үшін іс-әрекетті меңгеру қажет. Іс-әрекет әрекеттен, операция, қимыл-қозғалыстан тұрады. Барлық үрдіс байланыса орындалғаннан соң нәтиже көрсеткіші пайда болады[4].

Болашақ мамандардың кәсіби әрекеті қажетті инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың мынандай педагогикалық шарттары бар:

- инновация туралы білімі;
- инновацияны жан-жақты меңгеру;
- инновациялық іс-әрекет диагностикасын меңгеру;
- инновацияны тәжірибеге ендіру жұмыстары;
- инновацияны практикада дұрыс қолдану.

Қорытындылай келе, болашақ мамандардың кәсіби әрекеті қажетті инновациялық инновацияның болмысын ұғу амалдарындағы ортақ нәрсе олардың басты назары педагогикалық

шығармашылықтың үдерісі мен нәтижесінде болуында. Барлық зерттеушілер білімнің инновациялық үдерістердің болмысын жаңа теориялық талдап, түсінік беруге, үздіксіз инновациялық қозғалысты қамтамасыз етуге қажеттілігін атап өтеді. Бұл қажеттілік, өз кезегінде мамандардың арнайы даярлау, соның ішінде педагогикалық инновация саласында құзыретті педагогтерді даярлау мәселелесін өзектендіреді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ахметова А. К. Принципы технологий и содержание образовательной программы . – Алматы, 1995.
2. Аяпова Ж. «Білім беру технологиясын жетілдірудің психологиялық және педагогикалық сипаты» // Бастауыш мектеп. – 2001. №7. 7-10 б
3. Әбілқасымова А, Омарова Р. «Мұғалімдердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру негіздері». Алматы, -2003.
4. Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. -М., 1996 г.

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ахметқалиева Ақнұр Қуанышқызы

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің магистранты қ. Семей, Қазақстан

Ғылыми жетекші: **Абдуллина Г.К.**

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы қ. Семей, Қазақстан

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев 2019 жылы өткен «Білім және Ғылым» атты тамыз конференциясында: «Адам капиталына, білім сапасына қойылатын талаптар мүлдем өзгеше. Сапалы білім – жетістікке жетудің жолы әрі экономиканы дамытудың басты құралы» деген болатын [1]. Болашақ мамандарды даярлаудың сапасы таңдаған мамандықтарына деген шынайы қызығушылықтарына, тұрақты әрі сапалы білім-ғылым деңгейіне, қалыптасқан іскерлік пен дағдыларына, кәсіби іс-әрекетті жауапкершілікпен әрі нәтижелі атқаруға деген теориялық және практикалық біліктіліктері арқылы көрінеді. Әлемдік жаһандану үдерісінің бүгінгі талабына сәйкес, болашақ педагог-психолог маман рефлексияға қабілетті, өз-өзін үздіксіз дамытатын, әдіснамалық, зерттеушілік, әлеуметтік-тұлғалық, коммуникативтік, ақпараттық және т.б маңызды құзыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын кәсіби маман болуы шарт.

Бүгінгі мамандықты дұрыс таңдаған ұрпақ – елдің болашағын айқындамақ. Бұрынғы жүйедегі студент тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі студент – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек. Университеттің білім беру ортасы болашақ маманның шығармашылығын дамытатын білім беру кеңістігіне айналуы қажет және бұл кеңістік студенттердің кәсіби маман ретінде қалыптасу сапасын арттырады.

Болашақ мамандардың кәсіби даярлығы – студенттің функционалдық сауаттылығы мен кез-келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Студенттің кәсіптік дайындығынан күтілетін нәтижелер қатарына: талдау жұмыстарын өзбетімен орындай алуы; атқарылатын қызметіне қарай мақсат қоя білуі; қызметін жоспарлай алуы; әрекетін жинақтай алуы; жұмыстарын қорытып, салыстырып, дәлелдеуі; өзін-өзі адекватты бағлауы; меңгерген білік, дағды, іскерліктерін тәжірибеде қолдана алуы және т.б. жатады.

Болашақ мамандарды даярлаудың мақсаты - болашақ мамандығына байланысты тереңірек білім беру, білімді өзгермелі өмір жағдайларына пайдалана білу дағдысын қалыптастыру. Сондықтан қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі-әлеуметтік экономикалық өзгермелі жағдайларында өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар: шығармашылық, белсенділік, әлеуметтік, жауаптылық, жоғары интеллекттің, терең білімділік, кәсіби сауаттылық[2].

Қазіргі кезеңде жалпы білімнің міндеті - баланың жалпылама дамуын қамтамасыз ету ғана емес, ең бастысы, оларды жастай өз қабілетімен қызығуына қарай белгілі бір мамандыққа арнайы әзірлей білу. Заман талабына сай маманды таңдап игеру барысында қателік жібермеу өте маңызды, «заманына қарай маманы» деп айту да тегін емес. Ғылыми – техникалық прогрестің

және өндіріс саласының жылдамдықпен дамуы- үлкендерден интеллектуалдық (ақыл- ой) еңбекті, ал өскелең жас ұрпақтан жоғары сауаттылықты, шығармашылық тұрғыдан ойлауын дамытуды, жоғары дәрежедегі кәсіптік шеберлікті талап етеді.

«Қызығу - әр қырынан алып қарауға болатын күрделі ұғым, адамның белгілі бір объектіні ұнатып, білуге ұмтылған іс - әрекетін қуаттандыратын психикалық ерекшелік». Қызығу адамды жаңаны білуге, әрекеттің жаңа әдістерін ізденістіруге құмарландырады. Адамның қызығуы бір іспен шұғылданғанда, әр түрлі әрекеттерде көрініс алады. «Қызығу адамның дүниеге қатысы ретінде ішкі жан дүниесінде пайда болып, қоршаған нәрселер мен құбылыстардың мәнін білуге бағытталған танымдық әрекет кезінде жүзеге асатын жеке бас бағыттылығының формасы. Ол жеке бастың эмоциясы және еркімен тығыз байланысып, оларды өсіреді, іс - әрекет кезіндегі қиындықтарды жеңуге жұмылдырады. Жеке адамның дүниетаным деңгейіне қарай қызығуы да алуан түрлі болуы ықтимал [3].

Әрбір адам өзінің тіршілік және рухани қажеттігін өтеу үшін ешбір мәні жоқ нәрсеге қызықпайды; өзі үшін құнды, әр қажетті нәрсеге ғана қызығады. Сондықтан, өскелең ұрпақта кез – келген мамандық жайлы білуге әуестік, содан кейін білуге құмарлық, ең сонында қызығулық пайда болады [4].

Қазіргі таңда жастарымыздың бойына кез – келген іс - әрекетті сапалы меңгеретін іскерлік, дағды, терең білім қалыптастыру қажет. Сондай – ақ қоғамның дамуындағы, жеке адамның қалыптасуындағы еңбектің шешу ролін ашып көрсету, еңбек етуге қызығушылығы мен қабілетін арттыру; белгілі бір кәсіпті игеруге деген құлшынысын ояту.

Қазіргі таңда ҚР-да білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес жоғарғы оқу орындарындағы оқыту мен тәрбиелеу маңызы түбегейлі өзгеріп, бірінші кезекке бұрынғыдай студентті пәндік білім, білік және дағдылардың белгілі бір жиынтығымен қаруландыру емес, студенттің оқу-танымдық іс-әрекетін дұрыс және тиімді ұйымдастырып, жаңа технологияларды пайдалана отырып жеке бас тұлғасын қалыптастыру мақсаты алға қойылып отыр.

Психология мен педагогика саласындағы ғалымдардың, мамандардың назарын аударып отырған мәселелердің бірі – жастардың жеке тұлғасының дамуы. Жеке тұлғаның дамуына студенттердің оқу-танымдық белсенділігін арттыру, қазіргі заман талабына сай оны оқу үрдісінде жетілдіру болып есептеледі. Белсенділік оқушының әрекеті және пәнімен қосылғандағы дәрежесін айқындайды.

Студенттер алған білімдерін өмірде, тәжірибеде нәтижелі пайдалана алу керек және олардың танымдық іс-әрекеттер ұстанымдарына негізделіп қалыптасқаны жөн[5]. Танымдық іс-әрекеттер оқыту үрдісінде қалыптасып, тұлғалардың бірлесе жұмыс жасау нәтижесінде одан әрі дамиды. Студенттердің танымдық іс-әрекеті оқу үрдісіне негізделіп отырып дамиды. Яғни бұл іс-әрекеттер қарым-қатынас арқылы қалыптасады. Олардың ішінде ең маңыздысы – оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас. Яғни студенттердің танымдық іс-әрекетінің дамуы оқытушының оқытуына да байланысты болып келеді екен. Оқыту теориясының негізін салушылар бұны педагогикалық жағдай, оқу-тәрбие үрдісі жағынан қарастырған.

Студенттердің танымдық белсенділіктерінің деңгейлеріне тоқталатын болсақ, оның *ең жоғары деңгейі* танымдық міндеттерді өз бетінше қоюмен, тапсырмалардың шешімін табуда неғұрлым тиімді жолдарын болжаумен және өз бетінше айқындаумен, өздігінен бағалаумен сипатталады. Ал *орташа деңгей* жоғары деңгейдің кейбір элементтерінің оқытушының көмегімен орындалатынымен сипатталады, мұнда оқытушы танымдық тапсырма беріп, оның шешілуін бақылауы немесе студентке шешу тәсілдерін көрсетуі тиіс. *Төменгі деңгейде* студентке белгілі бір әрекеттің үлгісі болғанда, оларды орындау тәсілдері туралы көмек болғанда ғана танымдық әрекетін ынталандыруға, белгілі тәсілдерге бағдарлануда көрініс табады[6].

Қоғам дамуы динамикасы мен сапасына тәуелді. Әлемдік білім кеңістігі – бұл әр түрлі деңгейдегі, әртүрлі типтегі білім беру жүйесін ұлттық біріктіру, біртұтас қалпын қалыптастыру. Шетелдік білім беру тәжірибесінің ерекшелігі: ізденуші, танып білуші, әрекеттенуші, бәсекеге түсуге қабілетті, шығармашылық қабілеті бар маман қалыптастыруда әдістемелік ұйымдастырушылық пен материалдық – техникалық жабдықталу, жаңа ақпараттық технологияны енгізу мен нығайту жоғары қойылғандығында. Қазақстан Республикасындағы әлемдік білім беру кеңістігіне ену оқу - тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, жаңа көзқарас, қарым – қатынас, өзгеше менталитет (діл) пайда болды, ғылымға сұраныс ұлғайды.

Болашақ мамандарды өте күрделі кәсіби міндеттерді шешу үшін өз бетінше ізденуге және жаңа білімді игеруге даярлау қажеті туындайды. Жоғары білім маманға өз бетінше және

жауапкершілік мәдениет, ғылым мен техника жетістіктерін дамыта және шығармашылықпен пайдалана отырып, зерттеу мен тәжірбиелік шешуге мүмкіндік беретін жүйеленген білім мен іс - әрекет дағдыларын игеру нәтижелелерінің жиынтығы болып табылады. Қай салада болса да кәсіби маман білім алуға құштар. Кәсіби біліктілікке ие болған болашақ маман иесі кез – келген өндіріс орындарынан жұмыс алады. Ал маманның бойындағы іскерлік, дағды, қабілет қасиеттері өте маңызды. Өз бетінше іздену қабілетті адамның білімге құмарлық, алғырлық, шығармашылық ойлау сияқты қасиеттерінің қалыптасуына үлкен ықпалын тигізеді.

«Ізденген жетер мұратқа» - дегендей, үнемі ізденіс үстінде жүріп, өзін-өзі дамытып, өзін-өзі жетілдірген болашақ маман білімнің биік шыңына жетіп - тек кәсіби шеберлігі жоғары адам ғана емес, рухани дамыған, шығармашыл, мәдениетті, білім құндылығын түсінетін, педагогикалық технологияларды меңгерген, ғылым мен техника жетістіктері негізінде кәсіби даярланған болары сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Bilim jáne Gylym!» атты тамыз конференциясындағы баяндамасы (16 тамыз 2019 жыл) // <https://sputniknews.kz/politics/20190816/11277156.html>.
2. Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2011.
3. Абдуллина Г.К. Жастарды кәсіпкерлікке белсендіру // Аймақтардың тұрақты дамуының мәселелері: Халықаралық ғылыми – практикалық конференциясының материалдары. – Семей, 2005, 437 – 440 б.
4. Нұғыманұлы И., Қайым Қ. Таным қызығудың психологиялық- педагогикалық негізі // Таптым-таптым. Эврика! № 1, 2005, 34-39 б.
5. Абуханова А. Танымдық белсенділікті қалыптастырудың педагогикалық ерекшеліктері. Қазақстан мектебі. № 2, 2007. 44-45б.
6. Климов, Е.А. Психология профессионального самоопределения: Учеб.пособие для студ.высш. пед. учеб. заведений /Евгений Александрович Климов. – М.: Издательский центр «Академия», 2005

ЖОО-НЫ СТУДЕНТІНІҢ КӘСІБИ ҚАЛЫПТАСУ НЕГІЗІ

АҚЫЛЖАНОВА К. Ж

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
2 курс, 7М01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы*

Ғылыми жетекші: Муканова К.К.

Педагогика ғылымдарының кандидаты

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы

Қазақстан Республикасының біртұтас әлемдік білім кеңістігіне енуге бетбұрыс жасауы болашақ маман иелері-студенттердің оқу-тәрбие үрдісінің демократиялық және ізгіліктік ұстанымдар негізінде тұлғаға бағытталып жүргізілуін талап етуде. Өзін-өзі тәрбиелеудің философиялық негізін А.Н.Нысанбаев, Г.Г.Соловьева; педагогикалық, этнопедагогикалық тұрғыдан К.Ж.Қожахметова; психологиялық негізі Кон, Х.Т.Шериязданова еңбектерінде қарастырылады.

Егеменді еліміздің болашағы бүгінгі студенттердің білікті де білімді, іскер де тәрбиелі, саналы да салауатты болып қалыптасуы жоғары мектептегі білім беру мен тәрбиелеудің сапалы ұйымдастырылуына, өзін-өзі тану, реттеу, тәрбиелеу, бағалау дағдыларының қалыптасу деңгейіне, өзіндік сана-сезімді қалыптастыру негізін білуіне байланысты болғандықтан, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі жетілдіруге қабілетті, кәсіби құзіретті тұлғаны қалыптастыру мәселесі алдыңғы орынға шығарылып отыр.

Жоғары мектеп студенттерге кәсіби білім беру, даярлау міндетін нәтижелі шешу үшін алдымен «студент», «студенттік қауымдастық», «студенттік кезең, шақ», «жастық шақ», «студенттік типология», «студент тұлғасы», «жеке тұлға», «студенттік ерекшелік», «өзін-өзі тәрбиелеу», «өзіндік сана» т.б. негізгі ұғымдарға тоқталайық. Студент (studens)- латын сөзі. Қазақ

тілінде ұқыпты, іждағатты түрде жұмыс істеуші, оқу-танымдық, ізденушілік әрекетпен шұғылданушы, білім алушы деген мағынаны білдіреді, жоғары оқу орнында білім алушы адам.

Студенттік шақ-екінші жастық, бірінші есею кезеңіне сәйкес келеді. Бұл адам өміріндегі ерекше орын алатын, дамуында мәнді роль атқаратын, жеке тұлғалық қасиеттері қалыптасатын, дербес ерекшеліктері мен мүмкіндіктері айрықша байқалатын кезең. Өйткені жоғары оқу орнына түскен соң жас өспірімдердің әлеуметтік статусы өзгереді. Мақсатты түрде терең, тиянақты білім алу, бәсекелестік жағдайында өзін көрсету, алға ұмтылу, дербес шешім қабылдау, бастама көтеру, табандылық, жауапкершілік, өзін-өзі ұстау сияқты қасиеттерді өз бойларында бекітеді. Әлеуметтік ортада адамдардың өзара қарым-қатынас жасау, қатынасу ережелерімен танысып, меңгереді. Студент- жоғары оқу орындарында кәсіби білім алу мақсатында білім беру жүйесінің ұйымдастыруымен біріктірілген ерекше әлеуметтік категория. Бұл ұғым XI-XII - ғасырда алғашқы университеттердің пайда болуымен қалыптасты.

Студенттік қауымдастықты «әлеуметтік-психологиялық категория» ретіндегі (Б.Г. Ананьев), «студенттің даму ерекшеліктері мен жеке тұлға типологиясын» (М.В.Буланова-Топоркова, С.И. Самыгин) зерттеулерінде кең көлемде қарастырады. Ғалымдар жинақталған бақылау нәтижелері, аталған проблема бойынша жасалған тәжірибе қорытындылары мен теориялық мәліметтерге сүйене отырып студентті белгілі бір әлеуметтік-психологиялық, психологиялық-педагогикалық позициясы бар оқу әрекетінің ерекше субъектісі ретінде сипаттайды.

Студентті жас ерекшеліне, жеке тұлғалық болмыс-бітіміне қарай төмендегідей үш негізде сипаттауға болады: біріншіден, психологиялық тұрғыдан; Ол психологиялық процестің, жағдайдың, тұлға қасиетінің (бағыт, темперамент, мінез, қабілет) бірлігін көрсетеді. Мұнда психологиялық қасиет негізгі роль атқарады, себебі психологиялық процестің өтуіне, психологиялық жағдайдың, психикалық пайымдаудың қалыптасуына әсер етеді. Екіншіден, әлеуметтік жағынан; Студент- бір белгілі әлеуметтік топ, ұлт өкілі ретінде түрлі қоғамдық қатынасқа түседі. Үшіншіден, биологиялық жағынан; Студенттің жоғары нерв жүйесінің қызметі, оның типі, анализаторларының құрылысы, шартсыз рефлекстерінің, инстинктерінің, физикалық күшінің, дене құрылысының, бет-бейнесінің, терісінің, көзінің, түрінің, бойының, т.б. ерекшеліктері қарастырады. Бұл негізінен тұқым қуалай берілген, туа біткен нышандары арқылы байқалады. Белгілі жағдайларда өмір сүру шарттарына байланысты өзгеруі мүмкін. Мұндай қырларын зерттеу студенттің білім сапасы мен мүмкіндіктерін, жас ерекшеліктері мен тұлғалық ерекшеліктерін ашуға көмектеседі. Егер студентке белгілі бір жас шамасындағы адам ретінде қарасақ, басқа кезеңдегі дамумен салыстырғанда бұл шақта оперативті есте сақтау, вербальды-логикалық мақсаттарды шешу жоғары деңгейде дамитындығы байқалады. Студенттік кезең-биологиялық, психологиялық, әлеуметтік дамуында адамның ең жоғарғы нәтижеге қол жеткізетін шағы. Студенттің жеке тұлғалық дамуын зерттеу барысында оның өзіндік ерекшелігі, психологиялық жағдайы мен қасиеті ескеріледі.

Студентті жеке тұлға ретінде қарастырсақ, 18-20 жас – физикалық, дене күшінің адамгершілік, эстетикалық сезімдерінің даму, адам мінезінің қалыптасу, орнығу кезеңі. Мамандық иесі ретінде кәсіби-еңбегінің негізін меңгертін, азаматтық болмыс-бейнесінің қалыптасатын, әлеуметтік рольдерді игеретін, әрі "экономикалық белсенділік" танытатын кезеңі. Демографтар "экономикалық белсенділік" кезеңі деп адамның дербес өндірістік қатынастарға түсуін, еңбек жолының басталуын, отбасы құруын атайды.

Құндылық бағыттар жүйесінің өзгеруі, кәсіби -мүмкіндіктерінің өсуіне орай студент қабілеті, интеллектісі белсенді қалыптасады. Бұл - спортта, көркем өнерде, техникалық, ғылыми жетістіктерге жететін кезеңі.

Студент тұлғасын зерттеуші ғалымдар: В.А.Попков, А.В.Коржуев, С.Д.Смирнов, оның ішкі дүниесі қарама-қайшылықты, өз бойында жоғары мәдениеттілікті, өзіндік сана-сезімді қалыптастыруда өзінің ерекшеліктерін түсінуде көп қиыншылықтарға кездесетіндігін атайды. Студенттік кезең В.Г.Ананьев, К.А.Абульханова-Славская, А.Г.Асмолов, А.А.Бодалев, А.В.Дмитриев, И.С.Кон, В.Т.Лисовский, Ю.Г.Фокин, т.б. ғалымдардың еңбектерінде талданған. Жастық шақ-өзін-өзі тану, өзіндік талдау жасау, өзін-өзі бағалау, өзгемен салыстыру кезеңі. Идеалдағы "Менді" нақты ақиқатпен салыстыру арқылы өзіндік бағалау жүзеге асырылады. Бірақ идеалды "Мен" әлі тексерілмеген сондықтан кездейсоқ болуы мүмкін, ал ақиқатты "Мен" тұлға тарапынан жан-жақты бағаланбауы мүмкін. Бұл объективті қарама-қайшылықтар жас адамның тұлғалық дамуында өзіне деген «жалған» қатынасты, ішкі сенімсіздігін туғызуы мүмкін, кейде ол ішкі агрессивтілік, бейбастақтық, түсінбеушілік сезімдерімен қатар жүреді. Эриксонның пікірі

бойынша, жастық шақ ұқсастық дағдарысы төңірегінде құрылады. Ол әлеуметтік және жеке-тұлғалық таңдау серияларынан, идентификациядан және өзін-өзі анықтаудан тұрады. Егер бозбала бұл міндеттерді шеше алмаса, онда адекватты емес ұқсастық қалыптасуы мүмкін.

Түрлі «Жеке тұлға» тұжырымдамаларын қарастырған уақытта Ресей, Қазақстан, шетел психологтарың көзқарастарына байыпты талдау жасалуы керек. Тұжырымдамаларға қысқаша шолу жасар алдында, ескерте кететін мәселеле, мазмұндық жағынан қарастырсақ, құрылымдық, кейін жүйелік-құрылымдық қатынастың басым келетінін байқаймыз. «Жеке тұлға» тұжырымдамасының арасында грузин психологиялық мектебінің өкілдері: Д.Н.Узнадзе, А.С.Прангишвили пікірлерінің өзгеше бір оқшау тұратынын айта кетпесе болмайды. А.Ф.Лазурский, В.Н. Мясищевтің, Б.Г.Ананьев, А.Г.Ковалев, С.Л.Рубинштейн, Л.С.Выгодский, А.Н:Платоновтардың жеке тұлға туралы тұжырымдамасының кең танымал болғандығы, әлеуметтік-психологиялық концепциялар арасынан В.А.Ядовтың диспозициялық тұжырымдамасы аталады. А.Г.Маклаков «Жеке тұлғаның психологиялық құрылымы» деген тақырыпты қарастыру барысында әрбір психолог-әдіскер ғалымның тұжырымдамадағы, оның жеке тұлға туралы көзқарасын талдай отырып, мәселені теориялық тұрғыдан түсіну маңызды орын алады деген қорытындыға келеді. Мысалы, В.Н.Мясищевтің жеке тұлға тұжырымдамасында кемі мынандай екі жағдай бөліп қарастырылады. Біріншіден, ғалым жеке тұлға құрылымы туралы ашық түрде мәселе көтерушілердің алдыңғы қатарында болғандығын және осы сұрақты көтеруінің, жеке тұлға қатынасы идеясының Ресей психологтарының көпшілігіне, әсіресе, Санкт-Петербургтік психологтар мектебі үшін, ерекше бір мәні болуында. А.Ф. Лазурскийдің жеке тұлғаның табиғаты мен құрылымына көзқарасы да ерекше көңіл бөлуді қажет етеді .

Студент тұлғасы, жеке тұлға ұғымдарын қарастыру философиялық, психологиялық, педагогикалық тұрғыдан қарастырылып «адам», «индивид», «жеке тұлға», «даралық иесі-дара тұлға» бірлікте талқыланғанда әрі бұл ұғымдардың мәнін толық ашқанда, құрылымдық талдау жасалғанда, қарастырудағы айырмашылықтардың себебін анықтағанда, бүгінгі күнгі тұлға психологиясының жағдайымен толық таныстырғанда ғана сапалы жүзеге асады. Әлі күнге психологияда «тұлға» ұғымының барлық ғалымдар мойындаған бір ауыздан қабылдаған анықтамасының жоқтығы мәселенің шешімін таппағандығын көрсетеді. Психологияда «тұлға» ұғымы кең және тар мағынада қарастырылады. Тұлға ұғымын кең мағынада қарастыруша ғалымдар жеке тұлға құрылымына ағзаның- организмнің дара биофизиологиялық сипатында қосады. Мысалы К.К.Платонов зерттеулерінде «Жеке тұлға құрылымы» төрт негізде: біріншіден, бағыттылығы; Ғалым жеке тұлғаның бағыттылығы арқылы қарым- қатынасының түрі мен моральдық бейнесі, адамгершілік қасиеті, сапасы бірлікте қарастырады. Екіншіден, әлеуметтік тәжірибесі білім алу, оқу, әлеуметтік қатынастарға түсу арқылы құралады; Үшіншіден, тұлға-дене бітімі, жеке-дара өзіндік ерекшеліктері, бітімі денесінің констукциясы, қадір-қасиеті, таным процестерінің, қабілетінің өзіндік сипаты; Төртіншіден, биологиялық шарттық, типтік сапаларының жыныстық, жас ерекшелік байланысы; Тұлғаны осы негізде қарастыру әрбір адамның кескін келбетінің, болмыс-бітімінің қайталанбайтындығын, өзіндік дербестігі сақталатындығын білдіреді. Тар мағынада адамзатқа тән бар белгісінің сақталуын бейнелейді.

Студент-ол материалдық және рухани өндірісте жоғары әлеуметтік және мамандық бойынша атқаратын рольдерін ұйымдастырылған түрде меңгерумен шұғылданатын, белгілі бағдарлама негізде мақсат-бағыттылы дайындалатын, өздеріне тән ерекше өмір салтымен, еңбегімен, тұрмысымен, мінез-құлық, психологиялық сипатымен, бағалық бағдарлау жүйесімен сипатталатын, жастардың құрамдас бөлігі, арнайы оқу-танымдық, ғылыми-зерттеу, кәсіби бағдарлық әрекет негізінде топтастырылған әлеуметтік топ

Адам санасы тұлғаның бойынан өмірлік мәселелерді шешуде, өзі және қоршаған орта туралы мәліметтерді қолдануда әрдайым көрініп отырады. Адамның жануарлар дүниесінің дамуынан жоғары тұруы оның санасында өзіндік сана-сезім компоненттері арқылы қалыптасады. Бұл қоғамдық өмірдің және екінші сигналдық жүйенің, сөйлеудің арқасында мүмкін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рогов М. Г. Системно-деятельностный подход исследованию ценностно-мотивационной сферы личности в процессе ее профессионализации.// Системные исследования в общей и прикладной психологии. Сборник научных трудов/институт управления, Москва. – 2000 г. с.32.

2. Жоғары оқу орнында студенттердің құзырлығын қалыптастыру мәселелері. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Хабаршысы. – Түркістан, 2009, №2 (67)– Б.265 - 270.

ВЛИЯНИЕ АРТ-ТЕРАПИИ НА ПОЗНАВАТЕЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ УЧАЩИХСЯ

Акашева А.О.

*Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей
магистрантка 2 курса, группа МПП-222, специальность «Педагогика и психология»*

Научный руководитель: **Беленко О.Г.**
кандидат психологических наук КазГЮИУ.

Арт-терапия относительно новое направление в современной педагогической практике, которое объединяет арт-терапию и обучение. Арт-терапия имеет мощный потенциал, актуализация которого позволяет кардинально менять дидактические подходы к процессу обучения, воспитания, развития личности, организации и реализации совместной интеллектуальной и эмоционально-художественной деятельности педагога и воспитанника. Использование средств арт-терапии дает возможность неформально реализовывать процесс интеграции научных и практических знаний, умений, навыков в разных видах деятельности (речевой, познавательной, двигательной, художественно-эстетической и т.д.) Как показывает опыт работы, использование арт-терапии с детьми повышает мотивацию, способно значительно оптимизировать развитие ребенка. Наблюдения показали, что совместная деятельность, включающая арт-педагогические технологии, дает больший воспитательный, развивающий и обучающий эффект [1].

Одной из задач применения арт-терапии в работе с детьми и подростками может являться развитие их познавательных и творческих способностей. Решение этой задачи способствует не только успешному обучению детей и подростков, но и формированию у них активной, созидательной позиции по отношению к себе и к миру, самостоятельности, способности к творческой деятельности.

Как самостоятельная область теоретических знаний и практической работы, арт-терапия стала формироваться на стыке науки и искусства в начале XX века. Её возникновение связывают с именем британца А. Хилла, который в 1938г. впервые применил термин «арт-терапия» при описании своей работы с больными туберкулёзом. С тех пор этот термин получил широкое распространение и стал активно использоваться медиками, психологами, художниками, социологами, педагогами [2].

В настоящее время термин «арт-терапия» применяется в научной литературе в двух смыслах:

- 1) метод коррекционного воздействия (лечения), основанный на использовании различных форм творческой деятельности (как специфического вида деятельности человека).
- 2) психотехнологии, связанные с использованием изобразительного творчества (визуальное искусство).

Арт-терапии является междисциплинарным подходом, соединяющим в себе различные области знания – психологию, педагогику, медицину и т.д. Есть преимущества, которые делают ее высококонкурентноспособной [3]:

- Во-первых, это то, что арт-терапевтическая среда психологически безопасна, безоценочна, свободна.
- Во-вторых, продукт творчества ребенка – дает возможность дать ретроспективную оценку, проследить динамику развития.
- В-третьих, арт-терапия создает возможности осознания собственной ценности.

Практически каждый ребенок может участвовать в арт-терапевтической работе, которая не требует от него каких-либо способностей к изобразительной деятельности или художественных навыков. Кроме того, продукты изобразительного творчества являются объективным свидетельством настроений и мыслей ребенка, что позволяет использовать их как диагностику. Арт - терапия позволяет познавать себя и окружающий мир. В большинстве случаев арт-терапевтическая работа вызывает у детей положительные эмоции, помогает преодолеть пассивность и безынициативность, сформировать более активную жизненную позицию. Побочным продуктом терапии искусством является удовлетворение, возникающее в результате выявления скрытых умений и их развития.

Техники арт-терапии применяются при достаточно широком спектре проблем. Значение арт-терапии возрастает, когда речь заходит о детях с ограниченными возможностями здоровья. Основными **задачами** при работе с детьми, являются следующие:

- развивать познавательно-речевую активность, через использование средств арт-терапии;
- использовать ресурсы сказкотерапии для развития для решения целого ряда задач: обучение, воспитание, развития личности, коррекции речи, поведения;
- расширить кругозор детей, прививать любовь к культурному наследию через музыку, живопись, поэзию;
- стимулировать креативность, оригинальность мышления;
- развивать уверенность в себе;
- гармонизировать эмоциональное состояние;
- способствовать развитию детского коллектива.

Виды арт-терапии[3]:

- Изотерапия
- Цветотерапия
- Песочная терапия
- Фототерапия
- Игротерапия
- Музыкалотерапия
- Вокалотерапия
- Сказкотерапия
- Танцевально-двигательная терапия.

Как показали исследования, проведение арт-терапии в школе, в том числе с детьми, имеющими проблемы в обучении, помогает им справляться со школьной программой. Более того, многосторонняя оценка эффектов применения арт-терапии в школах указывает на то, что задачи развития познавательных и художественных способностей учащихся могут в процессе арт-терапевтических занятий решаться одновременно с психокоррекционными и психотерапевтическими задачами.

Очевидно, что познавательная деятельность человека, особенно ребенка, связана с оперированием не только понятиями, но и представлениями. Так называемое образное, или «нелинейное» мышление предшествует мышлению посредством понятий («линейному» мышлению). В процессе онтогенеза первое постепенно вытесняется, а точнее, дополняется вторым, хотя «мышление посредством образов» сохраняет свою значимость на протяжении всей жизни человека. Некоторые виды деятельности, такие, в частности, как художественное творчество, дизайн, конструирование и т. д. опираются, в основном, на данный вид мыслительной деятельности. В случае недостаточного развития речевой функции, когда мышление понятиями затруднено, происходит компенсаторное развитие образного мышления, что позволяет, например, ребенку с речевыми нарушениями более-менее успешно решать познавательные задачи. Поэтому занятия изобразительной деятельностью, в том числе в рамках арт-терапии, могут являться важным элементом коррекционных и развивающих программ, ориентированных как на детей, которые обучаются в специальных, коррекционных школах, так и неуспевающих детей, которые обучаются в массовых школах.

Известно также, что образное мышление тесно связано с творческими способностями – способностями порождать новые идеи, отклоняться в мышлении от привычных схем и быстро решать проблемные ситуации. Участие в арт-терапевтических занятиях способствует развитию творческих способностей учащихся, что подтверждается целым рядом исследований. В то же время арт-терапия по-разному воздействует на различные составляющие или факторы креативности, включающие как определенные личностные характеристики, так и характеристики

познавательной сферы (так называемые когнитивные факторы креативности). Многое зависит от того, в какой форме проводятся занятия, какие именно арт-терапевтические приемы и методы при этом используются.

Особое значение арт-технологий для развития школьника заключается в том, что они позволяют прямо ставить перед детьми творческую задачу, давать ребенку задание придумать, сочинить, сделать что-то самостоятельно [4]. Ее привлекательность для психологов можно объяснить тем, что, в отличие от основных коррекционно-развивающих направлений, в которых используются в основном вербальные каналы коммуникации, арт-терапия использует «язык» визуальной и пластической экспрессии [5]. Это особенно актуально при работе с детьми и делает ее незаменимым инструментом для исследования, развития и гармонизации в тех случаях, когда ребенок не может выразить словами свое эмоциональное состояние. При выполнении творческих заданий у ребенка возникает необходимость самостоятельно комбинировать свои впечатления, создавать новые произведения, находить вариативные решения при выполнении старых заданий, широко использовать свой прошлый опыт.

Важно, что для занятий арт-терапией не требуется специальной подготовки. Взаимодействие с детьми при помощи арт-терапии проходит очень плодотворно и интересно. Используя арт-терапию в ходе непосредственно образовательной деятельности, педагоги стремятся, чтобы ребенок был активным участником педагогического процесса, а не пассивным слушателем.

Список использованной литературы

1. Алексеева М.Ю. "Практическое применение элементов арт-терапии в работе учителя". - М., 2003.
2. Аметова Л.А. "Формирование арт-терапевтической культуры младших школьников. Сам себе арт-терапевт". М., 2003.
3. "Арт-терапия". ред.-сост. А.И.Копытин. СПб., 2001.
4. Зинкевич-Евстигнеева Т.Д. "Путь к волшебству, Теория и практика арттерапии". СПб.: Златоуст, 2005.
5. Копытин А.И., Свистовская Е.Е. "Арт - терапия детей и подростков". М.: Когито - Центр, 2007.

ДІН ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАСТАРҒА ЫҚПАЛЫ

Атентаева Н.Г.

*«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
«Педагогика және психология» магистранты*

Ғылыми жеткші: Едігенова А.Ж.

*«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Психология кафедрасының доценті м.а., пед.ғ.к.*

Бүгінгі заманауи қоғамда дін аясындағы сұрақтар аса маңызды болып отыр, себебі көптеген деректерге сүйенсек діннің қоғамға, жалпы ортаға адамдарға ықпалы айқын байқалуда. Сонымен қатар, дін әлеуметтік, қоғамдық және рухани құбылыс. Осы жағынан алғанда бұл мәселе терең зерттеуді және талдап-саралауды қажет етеді.

Дін – халық мәдениетінің рухани негізі, баға жетпес құндылығы. Оның қоғамда алатын орны зор және ерекше, діні жоқ, яғни дінсіз қоғамды елестету мүмкін емес. Тарих қойнауына үңіліп, беттерін парақтасақ, қай ұлттың болмасын, қалыптасуы, даму қарқыны, көркею үдерісі жайында тілі, діні, мәдениеті, өнері, кәсібі мол ақпарат береді. Дін ұзақ жылдар бойы, ғасырлар бойы қалыптасып таралған.

Қазір дінді ғылыми тұрғыдан түсіндіріп, оны дәлелдеп көрсету, оның әлеуметке жағымды немесе жағымсыз ықпалы ғалымдардың еңбектерінде, зерттеулерінде орын алып отыр.

Соның бірі «Дін психологиясы» атты психология ғылымының жаңа бір саласы. Бұл ғылым дінді психологиялық тұрғыдан түсіндіруге тырысады.

Дін психологиясы - діни сананың ерекшеліктеріне, құрылымы мен функцияларына негіз болатын психологиялық және әлеуметтік-психологиялық факторларды зерттейтін психология ғылымының саласы.

Аталған ғылым дінді психологиялық тұрғыда зерттеуді мақсат етеді. Дін адамның жан дүниесіне көп ықпал ететін ерекшелікке ие. Діни өмір сүруді сезімдер, ойлар мен түсініктер, қалаулар мен идеалдар, әрекеттер, мерекетер, әлеуметтік қатынастар, моральдық және эстетикалық әрекеттер сияқты адамды зерделейтін барлық рухани құндылықтар шеңберінде қарастыруға болады. Адамның дінге бет бұруы оны жан дүниесіне бағыттап, біртіндеп өзіне икемдеуі және бүкіл әрекеттерінде діннің орын алуы жағынан дін психологиясы адамдық болмыстың барлық жағын қамтиды. Осыған қарағанда діни бейімділік пен қабілет, діни қатынастар мен қалаулар, діни сезім мен тәжірибелер, дін сенім мен жүріс-тұрыстар, дұға жасау мен ғибадат, тәубеге келу және құдай жолына түсу, діннен бет бұру және имансыздық дін психологиясының басты тақырыптарын құрайды [1].

Тұтас психикалық білім ретінде дүниетаным - күрделі де, көп аспектілі құрылым. Оның ұйытқысы – теоретикалық ойлау, жоғары интеллектуалды сезімдерді білдіру, саналы мақсатты ерік-жігердің дамыған қабілеттілігімен үйлесімді көзқарастар мен сенімдер. Көзқарастар – адамның идеясы, білімдер, теориялық тұжырымдар мен болжамдар ретінде қабылдауы. Олар табиғатпен қоғам құбылыстарын түсіндіріп, адамның мінез-құлық, іс-әрекет пен қатынастардың бағыт-бағдары қызметін атқарады.

Әрбір адамның дүниетанымдық көзқарастары ұзақ та күрделі интеллектуалды қызмет-әрекет нәтижесінде қалыптасады. Ал көзқарастар болса оның рухани мәдениетінің негізін құрап, оның «Мен» деген сезімінің мәнісін ашып, оның өмірлік ұстанымдарын, ар-ұятын анықтайды.

Шындығында, Мен-тұжырымдамасының қызметтері индивидтің қалыптасып дамуында да маңызды рөл атқарады, себебі адамның күнделікті сыртқы іс-әрекеттері ішкі әрекеттің бақылауымен жүргізіледі. Сондай-ақ адамның іс-әрекеті затқа ғана емес айналасындағы адамдарға да бағытталары сөзсіз. Бұл іс-әрекеттен күтілетін нәтижені ойдағысымен салыстыруға және алға қойған мақсатына жету үшін оны реттеп отыруына мүмкіндік береді. Демек, іс-әрекет адамның өмір жолын анықтайды. Бұл арада адамның өзіндік ұмтылысы мен талпынысының да рөлі бар. Өйткені ұмтылыс немесе талпыныс бұл адамның іс-әрекетті орындауға деген өз мүмкіндіктерін бағалай білуі.

Жеке тұлға - бұл белгілі бір іс-әрекет түрімен айналысатын, алдына қойған нақты мақсаты бар, өзіндік ой-пікірі, психологиялық ерекшеліктері бар қоғамның бір мүшесі. Тұлғаның күнделікті өміріне талдау жасау олардың неге талпынатынын, ол оған неге керек екенін, сонымен қатар оның бағыттылығын айқындауға көмектеседі: қажеттіліктері, қызығушылықтары, бейімділігі, сенімі, дүниетанымы, ұмтылысы. Біз бұл арада адамдағы бұрынғы «Мен» және жаңа «Мен» арасындағы күресті айтып отырмыз. Өйткені, біздің ойымызша әр адам өзіндегі ерекшеліктерді сезеді. Әр жас кезеңінде өзінің есейгенін, балалық кез кетіп, оның орнына жаңа қасиеттер пайда болғанын әркім-ақ пайымдайды [2].

Сенім – көзқарастардың сапа жағынан мейлінше жоғары күйі. Сенім білім сияқты объективті шындықтың субъективті көрінісі, адамдардың коллективті индивидуалдық тәжірибесін меңгергенінің нәтижесі. Сенім әлде бір «білетін» немесе «түсінетін» емес, ол – жеке тұлғаның ішкі ұстанымдарына айналған білім. Білімдер адам үшін қажетті білімдер болуы керек, яғни субъективті, жекелік мағыналарға ие болулары керек. Сенімге айналған білімдер мен идеялар дүние мен адамды өзгертіп, материалдық күшке айналады. Сенімді өмірде басшылыққа алу таным қуанышы мен ақиқат шындығының, сұлулыққа эстетикалық сүйсіну мен оған берілгендік, әлеуметтік оптимиз мен мақсаттылық сияқты интеллектуалды сезімдермен байланысты.

Қажымас ерік-жігер - дүниетанымның маңызды элементі. Сенім адамды іс-әрекетке итермелейді, ғылыми дүниетаным теориялық санамен шектеліп қана қоймай, тәжірибеде сана мен жігерді іс-әрекетпен біріктіреді. Дүниетаным элементі ретінде теориялық ойлау дегеніміз – адамды білімдердің, болмыстың құбылыстарын шығармашылық түрде түсініп-ұғыну, дүниетанымды мейлінше жетілдіру, ерік-жігерді сенімді іске асыруға бағыттаудың қабілетті.

Арман-мұрат өмірлік мақсаттар ретінде дүниетанымның ең маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Сананың мазмұны сенім сипатына ие болған жағдайда дүниетанымға айналады. Адамның дүниетанымы көбінесе оның тікелей өмірлік тәжірибесіне негізделеді. Оның мазмұны елеулі түрде адам өмірінің жағдайларына байланысты өзгереді. Әлеуметтік орта – адамды әлеуметтік өміріндегі қоршаған қоғамдық қатынастардың дамуының белгілі-бір сатысындағы нақты көрінісі. Әлеуметтік орта қоғамдық-экономикалық формация түрінде, қай тап пен ұлтқа

жататындығына, белгілі-бір топтардың ішкі таптық айырмашылықтарына, тұрмыстық және кәсібіне тәуелді.

Қоғамдық-экономикалық формация өзіндік тарихи, демографиялық, географиялық және ұлттық нақтылығында, өмір салтының белгілі-бір түрін, ойлау мен мінез-құлық амалдарын тудыратын әлеуметтік ортаны қалыптастырады. Сонымен, қоғамдық-экономикалық формация – әлеуметтік орта – өмір салты – жеке тұлға – дүниетаным ұйытқысы, жеке тұлғаның қалыптасуының негізгі жолы. Жеке тұлғаның дүниетанымы онда өмір үндестігі мен қарама-қайшылығы көрініс тапқан кезде ғана әсерлі және тиімді болып келеді [3].

Қазіргі жастарға батылдық, белсенділік тәрізді қасиеттер тән, бұл әрине жақсы. Бірақ, өкінішке орай, олардың көпшілігі әлемдік діндердің тарихын терең біле бермейді. Бұның себептерінің бірі қазіргі жастардың діни санасының дұрыс қалыптаспағанынан болып отыр. Бұл өз кезегінде теріс түсінік қалыптастыруы мүмкін.

Қазіргі таңда қоғамның тұрмыс-салты мен дүниетанымының жүйесі ретіндегі діннің рөлі айтарлықтай өсті. Діннің қоғамдық қатынастарға, қоғам санасының діни компонентін қалыптастыруға ықпал етуі күшейіп, кеңейе түсуде. Халықтың әртүрлі топтар өкілдерінің рухани, соның ішінде діни өмір салтына деген қызығушылығы артуда.

Әсіресе қазіргі жастардың мешіттерге баруы, дінге бет бұруы қуантады, дегенмен әлі де болса ойланатын жайттар жеткілікті. Жастардың қоғамдағы салмағы жоғары. Адамдар білім алу, мамандық таңдау және қоғамда әлеуметтену, негізгі араласатын ортасын құру, рухани қағидаттар мен бағдарын қалыптастыру секілді негізгі әлеуметтік және демографиялық өмірлік кезеңдерінен дәл осы жас кезінде өтеді.

Ойланатын жайт, әлеуметтік және азаматтық тұрғыдан есею шағында жастар жағымсыз ықпалдарға да даяр тұрады. Студент жастар - бұл білім алған соң ертеңгі күні экономикалық, әлеуметтік-саяси, мәдени, білім салаларда ұстанымға ие болады, сондықтан ол белгілі бір дәрежеде көптеген тоталитарлық және деструктивті дәстүрлі емес діни ұйымдардың басты нысанасы болады.

Біздің мемлекетіміз демократиялық, зайырлы мемлекет, яғни қай дінді қабылдауды адам таңдайды. Қазір әлемдік үш дін – Ислам, Христиан, Будда діндері бар. Сондықтан қазіргі қоғамдағы жас ұрпақ арасында жоғарыда аталған діндер туралы мәлімет беріп, ақпарат тарату, басты міндет болып табылады. Себебі, оңы мен солын, ақ пен қараны, жақсылық пен зұлымдықты енді ғана ажырата бастап, әлі толық қалыптасып үлгірмеген жас буынға дін туралы түсінік қалыптастыру арқылы оларды теріс жағдайлардан аман алып қалуға болады. Олай деуімізге негіз бар: діннің не екенін, мақсаты мен мұратының қандай екенін жете түсінбегендер түрлі жалған ағымдардың жетегінде кетіп жатыр.

Діни білім - мемлекеттік оқу орындарындағы дін туралы білім немесе дін қызметкерлерін дайындауға бағытталған ілімді білдіреді және ол мемлекеттік білім беру жүйесінде бұрыннан келе жатқан маңызды фактор.

Қазіргі жасарға діни сауатын ашып, діннің құндылықтары туралы ақпараттандыру басты міндет болуы қажет. Діни құндылықтар туралы мәселенің түрлі аспектілері бар. Ол әр адамның білімі мен мәдениетінің көрсеткіші болып табылатын ілім. Адамның қай дінге сенетіне немесе сенбейтіні маңызды емес, ол дін туралы білуі тиіс. Діни білім адамдарға қиын жағдайларда, қажет болуы мүмкін.

Өмір көрсеткендей, бүгінде рухани тұлға болуға жоғары талап қойылады. Жаппай автоматтандырылу және ғаламтор кең таралған жағдайда, кең ақпараттық мүмкіндіктер жағдайында жастарға кейде діни немесе басқа қажетті идеяны дұрыс таңдау кейде қиынға соғады.

Адамның бойындағы ең басты қасиет - ол таным және сенім. Таным кез-келген заттың, құбылыстың мәнін, сипатын, ерекшелігін білу және сезіну арқылы қалыптасады.

Қазіргі жастар – ақыл-ойы терең, барлық заманауи технологиялық құралдарды меңгеруге, кез-келген жаңалықтарды меңгеруге белсенді. Сондықтан, жастардың рухани-танымдық жан дүниесін байыту және тәрбиелеу үзіліссіз, жүйелі жүргізілгені дұрыс. Қоғамның діни өмірінің өзіндік ерекшеліктерін жастарға жеткізіп отыру қажет. Кез-келген мемлекеттің болашағы жастардың мәдени дамуы мен біліміне байланысты болады. Сондықтан, қоғамда тұтас халықпен, соның ішінде жастардың діни білімдерін үнемі арттырып, дұрыс бағыт-бағдар беру бүгінгі күннің негізгі мәселесі болып қала береді.

Дін – халық мәдениетінің рухани негізі, баға жетпес құндылығы. Оның қоғамда алатын орны зор және ерекше, діни жоқ, яғни дінсіз қоғамды елестету мүмкін емес. Тарих қойнауына үңіліп, беттерін парақтасақ, қай ұлттың болмасын, қалыптасуы, даму қарқыны, көркею үдерісі жайында

тілі, діні, мәдениеті, өнері, кәсібі мол ақпарат береді. Дін ұзақ жылдар бойы, ғасырлар бойы қалыптасып таралған.

Әдебиеттер:

1. Жарықбаев Қ.Б., Сангилбаев О.С. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2006.
2. Бернс Р. Развитие Я-концепции и воспитание. Перевод с английского//Общ ред В.Я.Пилиповского. – Москва:Прогресс, 1986.- 420 стр.
8. Педагогика. – Алматы: Нұрлы әлем. – 2003. – 368 бет.

ОҚУ ҚЫЗМЕТІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІН - ӨЗІ БЕЛСЕНДІРУ ҚАБІЛЕТІНІҢ КЕДЕРГІЛЕРІ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ

Алимжанова Г.Т.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, Семей қаласы
2 курс, «Педагогика және психология» мамандығы, МПП-221 топ*

Ғылыми жетекші: Акманова Ғ.Р.п.ғ.к.

Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, Семей қаласы

Қазіргі әлеуметтік қайта құру жағдайында қоғамдық және кәсіби қызметте адамның өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі танытуға белсенді шығармашылық көзқарасының рөлі артады. Адамның өмірінде жеке қасиеттер мен қабілеттердің даму деңгейі оның мақсаттарына жетуде шешуші болып табылатындығын түсінуі маңызды. Жеке дамудың алғашқы кезеңдерінде адам іс жүзінде өмірлік мақсаттарды таңдауда шектелмейді. Сонымен бірге ол өзінің даму жолын таңдауы керек. Бұл жолды таңдау күрделі мәселе болып көрінеді. Таңдаудағы қателік, оны өз мақсаттарына жету үшін күш салудан немесе күш салудан бас тарту адамның даму деңгейінің жеткіліксіздігіне, таланттарды, табиғатпен анықталған мүмкіндіктерді ашпауға әкелуі мүмкін. Әр адам өзінің жеке басын дамытуға тырысуы керек. Ең дұрысы, бұл жолды соңына дейін өту. Осы зерттеу аясында жеке тұлғаның өзін-өзі тану кезеңдерінің бірі-студенттердің өзін-өзі тануы туралы тоқталғымыз келеді. Бұл кезең жеке тұлғаның қалыптасуындағы ең маңыздыларының бірі болып көрінеді, өйткені ол үлкен білім алумен ғана байланысты емес, сонымен қатар кәсіби біліктілікті алу кезінде шешуші болып табылады. Көптеген адамдар үшін оқу жылдарында алған мамандық олардың болашақ өмірін анықтайды: мүдделер саласы, қарым-қатынас шеңбері, мансаптық өсу, өмірдегі жетістік. Орта арнайы немесе жоғары оқу орнында оқу кезінде өзін-өзі тану қабілеттерін белсенді дамытпайынша, студент өзінің кәсіби қасиеттерін аша алмайды. Сондықтан студенттердің оқу іс-әрекетінде өзін-өзі тану қабілеттерін дамыту үшін қандай факторлар мен кедергілер тиімді ықпал ететінін зерттеу қажет [1].

Қазіргі заманғы студенттерге кәсіби білім мен дағдылардың жеткілікті қоры ғана емес, сонымен қатар жеке өсудің ішкі әлеуетін дербес анықтай отырып, өз өмірінің стратегиясын құра білу, өзін-өзі ұйымдастыру дағдылары, оқу қабілеті, басымдықтарды белгілей білу, жедел және стратегиялық мақсаттар қою және оларға қол жеткізу қажет, бұл оқу іс-әрекетінде өзін-өзі тану қабілеттерін дамытуды болжайды. Осыған байланысты оқу орнының білім беру процесінде және әсіресе оқу қызметінде жеке тұлғаны дамытудың көптеген мәселелері қосымша зерттеуді қажет етеді. Олардың қатарына, автордың пікірінше, оқу іс-әрекетінің әртүрлі жағдайларында студенттің өзін-өзі тану мәселелері кіреді.

Студенттің оқу іс-әрекетінде өзін-өзі тану мәселесі өте көп өлшемді және анық емес: оның тұжырымдамалық негізі педагогика, философия, психология, физиологияның зерттеу өрістерінің қиылысында орналасқан. Осыған байланысты педагогтардың (Ю.К. Бабанский, Л.Г. Вяткин, Г.И. Железовская, В.П. Жуковский, В.А.Сластенин), және психологтар (Л.С. Выготский, Н.Ф.Гальперин, А.Н.Леонтьев, В.А.Петровский, С.Л.Рубинштейн, Н.Ф.Талызина, В.В. Давыдов, Д.Б. Эльконин, Л.М. Попов) еңбектері айқындаушы мәнге ие.

Студенттердің өзін-өзі тану қабілеттерін дамыту тиімділігінің факторларын, алғышарттарын, шарттары мен критерийлерін анықтау зерттеу әдісінің педагогикалық құндылығы туралы идея болды (В.И. Андреев; Г.П.Звенигородская, Н.Г.Григорьева, М.В. Клариннің жұмыстары Л. А. Казанцева); оқытудың интерактивті формаларының педагогикалық мәнін түсінуге өзін-өзі тануды дамыту құралы ретінде көмектесті [2]. Өзін-өзі тану аспектілеріне арналған көптеген зерттеулерді талдау, бір жағынан, бұл құбылыс жан-жақты қарастырылатындығын, ал екінші жағынан, идеялардың әркелкілігі, әсіресе өзін-өзі танудың құрамы мен құрылымына қатысты айқын көрінеді (Г.А.Абулханова-Славская, А.Г.Ананьев, А.Н.Леонтьев, А.Маслоу, К. Роджерс, С. Л. Рубинштейн, В. Франкл).

Қазіргі уақытта студент сияқты маңызды жас кезеңінде тұлғаның өзін-өзі өзектендіру мәселесі осы зерттеудің теориялық және қолданбалы маңыздылығына қарамастан жеткіліксіз дамыған. Сондықтан оқу іс-әрекетінде өзін-өзі тану қабілеттерін дамыту мәселесі теориялық түсіну мен эксперименттік зерттеу үшін ашық болып қала береді. Осы зерттеу аясында бірқатар қарама-қайшылықтар анықталды. Психологиялық-педагогикалық әдебиет пен практиканы талдау өзін-өзі белсендірудің маңыздылығы туралы көп айтылатындығын көрсетті, алайда нақты тәжірибеде ол өздігінен дамиды; даму мәселесі маңызды деп белгіленеді, бірақ өзін-өзі белсендіруге ықпал ететін бірқатар педагогикалық факторлар және оған кедергі келтіретін кедергілер, сондай-ақ өзін-өзі тану қабілеттерін ынталандыру үшін педагогикалық әдістердің репертуары әлі анықталған жоқ [3].

Студенттердің ішкі тұлғалық факторлары: жоғары зияткерлік деңгей; өзін-өзі танытуға ішкі ынталандыру; өзін-өзі дамытуға ұмтылу; қиындықтарды жеңе білу; шығармашылық міндеттерді шешу тәжірибесінің болуы; өзіне, адамдарға, әлемге оң көзқарас; ішкі үйлесімділік; өзін-өзі анықтауға ұмтылу; өз көзқарасының болуы; мінез-құлықтың жаңа стратегияларын үйрену қабілеті. Адамның айналасын қоршаған дүние үнемі өзгеріп отырғандықтан оның түрлі ерекшеліктері, танымдық қызығушылықтарын да дамып өзгеріп отырады. Танымдық іс-әрекеттер адам мақсаттарымен ұмтылыстарының негізі болатын, білімін қалыптастыратын, шығармашылық қызметінің тарихи үрдісі. Ой еңбегімен дене еңбегі арасында танымдық іс-әрекет шығармашылық қабілетін арттыруда жаңалық ашушы мен тудырушы болып табылады. Ал, таным – рухани өндірістің (ғылым, эстетика, діни, парасаттылық және т.б.) түрлі салаларындағы кәсіби мамандардың ерекше қызметі ретінде көрінеді. Таным – адамның табиғатқа белсенді түрде әсер етуінен, табиғат заттарын өңдеуден, зат қасиетін өндірісте пайдаланудан бағыт алады.

Танымдық қасиеттер – адамның тіл байлығының дамуынан, ойлау қызметінің артуынан байқалады. Егер студенттер өздерінің оқыту процесіндегі бағдарының мәнін, маңыздылығын ұғынып, оның ерекшеліктері мен заңдылықтарын, компоненттерін меңгеруге қажетті білім негіздерін игерсе, онда танымдық қызығушылық пен танымдық іс-әрекеттің маңызы артады. Аталған тұжырымдарға орай отандық психолог С.М.Жақуповтың «Танымдық іс-әрекет психологиясы» еңбегінде оқу-тәрбие процесінің тиімділік, дәстүрлік оқыту жүйесімен жаңаша оқыту үрдісінде танымдық іс-әрекеттің жолын ұсынды. Ғылыми еңбектерді сараптай келе танымдық іс-әрекеттің жүргізілу жолдарын қарастырған.

Сыртқы педагогикалық факторлар: оқу міндеттері мен тапсырмаларының біртіндеп күрделенуі; өздігінен білім алу мен өзін-өзі дамытуды ынталандыру; оқытушының жоғары шығармашылық әлеуеті; конференцияларға, семинарларға қатысу және т.б.; бәсекелестік.

Сыртқы әлеуметтік факторлар: мамандықтың танымалдылығын арттыру; жақсы жұмыс табуға кепілдік беру мүмкіндігі; дарынды және талантты адамдармен қарым-қатынас; бос уақыттың болуы; туыстар мен жақын достарды қолдау. Студенттердің оқу іс-әрекетінде өзін-өзі белсендіру қабілеттерін дамытуға ықпал ететін педагогикалық факторлардан басқа, теориялық талдау және эксперименттік тексеру процесінде бұл дамуды тежейтін педагогикалық кедергілер анықталды. Студенттердің оқу іс-әрекетінде өзін-өзі тану қабілеттерін дамытуға кедергі келтіретін маңызды кедергілер мыналар болып табылады:

Студенттердің ішкі жеке кедергілері: өмірде қызығушылықтың болмауы; жалқаулық; өзіне деген сенімділіктің болмауы; өзіне, адамдарға, әлемге теріс көзқарас; шығармашылық мәселелерді

шешуде тәжірибенің болмауы; оқу іс-әрекетінде ақпаратты алу және пайдалану мүмкін еместігі; ынтымақтастыққа қабілетсіздік; жаңа білім үшін жақындық; жаңа мінез-құлық тәжірибесі үшін жақындық; рөлдік мінез-құлықтың басым болуы [4].

Сыртқы педагогикалық кедергілер: оқытушының құзыреттілігінің жеткіліксіздігі; педагогикалық қолдаудың болмауы; ғылыми жетекшінің болмауы; оқытушы тарапынан қатаң бақылау; өзін-өзі өзектендіру үшін қолайлы жағдайлардың болмауы.

Педагогикалық факторлардың маңыздылығы мен студенттердің оқу іс-әрекетінде өзін-өзі тану қабілеттерін дамытудағы кедергілерді ескеру осы процестің тиімділігіне әсер етеді және тұтастай алғанда оқу қызметіне оң әсер етеді. Зерттеудің әдіснамалық және жалпы теориялық негізін: Л.С.Выготскийдің жеке тұлғаны дамытудың мәдени-тарихи тұжырымдамасы, даму, тәрбие, оқыту және психологиялық таным бірлігі теориясы құрады. Іс-әрекеттің психологиялық теориясы (А. Н. Леонтьев, С.Л.Рубинштейн, Д.Б.Эльконин); белсенді тұлға теориясы (Б.Г.Ананьев, К.А.Абульханова-Славская, Л.И.Анцыферова, А.Б.Брушлинский); білім беру ұйымына антропоцентрлік көзқарас (К.Д.Ушинский, А.Б.Мудрик, П.И.Пидкасистый, В.И.Слободчиков); тұлғаның кәсіби қалыптасуының теориясы мен практикасы (Е.А.Климов, Н.С.Пряжников, Е.С.Романова); өзін-өзі өзектендіру (А.Маслоу, В.И.Андреев, Б.С.Гершунский, Д.А.Леонтьев, Е.Е.Вахромов, Г.А.Цукерман), сондай-ақ диалогтық және ынтымақтастық принципі; педагогикалық процесс субъектілерінің өзін-өзі реттеу, өзін-өзі анықтау және өзін-өзі тану принципі құрайды.

Жеке және кәсіби өзін-өзі белсендіру қабілеті студенттің әлеуметтенуінің тиімділігі, жеке өсуі, өзіндік өмір стратегиясын құру және кәсіби қалыптасу негізі бар. Психологиялық білім ретінде өзін-өзі белсендіру қабілеті, ол үшін тұлға сезімтал, жоғары білім беру процесінде келесі педагогикалық жағдайларды жасау кезінде тиімді дамиды: студенттерді педагогикалық процесс аясында көп қырлы интерактивті өзара әрекеттесуге қосу, жеке және кәсіби өзін-өзі тануды белсендіреді; ЖОО-ның педагогикалық процесінде білім берудің, дамудың және өзін-өзі дамытудың жеке мағыналарын өзектендіру; студенттердің әртүрлі формаларында оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу қызметіне қосу арқылы өзіндік ізденіс белсенділігін жандандыру болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Педагогика Дидактика средней школы /Под ред. М.Н. Скаткина. – М., 1982. – 303 с.
2. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. – М., 1995. – 392 с.
3. Хуторской А.В. Современная дидактика: учебник для вузов. – СПб.: Питер, 2001. – 440 с.
4. Куписевич Ч. Основы общей дидактики. – М., 1987. – 390 с.
5. Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. – М.: Педагогика, 1981. – 420 с.
6. Ермекова Ж.К. и др. Развитие познавательного интереса учащихся к фундаментальным наукам. Элективный курс для студентов педагогических специальностей вузов. – Астана. Кокшетау, 2005 – 58 с.

ЖОО-НЫ СТУДЕНТІНІҢ КӘСІБИ СӘЙКЕСТІГІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗІ

АКЫЛЖАНОВА К. Ж

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
2 курс, 7М01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы*

Ғылыми жетекші: Муканова К.К.

*Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы*

Бүгінгі таңда қоғам алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Заманауи кезеңдерде ғылымдар жүйесінде, студенттердің болашақ кәсіби қызметке психологиялық және коммуникативтік дайындықты зерттеу өзекті мәселе болып келеді. Қоғам талаптарына орай еңбек сипаты мен мазмұнының аумақты, жылдам өзгеруіне байланысты кәсіби және мамандықтың қыр-сырына үңілуге психологиялық және коммуникативтік

дайындықты қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық өңдеулерін жүзеге асыру мәнді сұрақтардың бірі. Кәсіби қалыптастыру, соған байланысты іс-әрекетті саналы өзіндік реттеу мәселелерінде дәстүрлі және диагностикалық зерттеуді қолдану, психологиялық, педагогикалық, практикалық кеңес беруді, мамандыққа дайындауды, еңбек субъектісі ретінде болашаққа бағыт-бағдар беруді кеңінен қолдануды күшейтіп негіздейді.

Қазіргі уақытта жас мамандар, ЖОО түлектері, ғылыми-техникалық жұмыскерлер – зиялы қоғамның тобын сипаттайды. Олардың әрекеті материалдық құндылықтарды құруға, алдыңғы қатарлы технологияларды, ғылыми-техникалық прогрессті іргелі жылжытуға, өндірілген өнімнің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді. Олардың кәсібилілігінен елдегі технология мен ақпараттандырудың өсу жылдамдығының тәуелділігі артады. Сондықтан студенттердің ЖОО-да болашақ кәсіби қызметтегі психологиялық және коммуникативтік дайындығын зерттеу жұмысының мәселесі қазіргі таңда ең үлкен қызығушылықтарды тудыруда. Болашақ мамандардың жеке тұлғалық кәсібилігін және іс-әрекетін табысты қалыптастыру олардың еңбекке деген дайындығына негізделеді. Ғалымдармен кешенді психологиялық білім беру және кәсіби іс-әрекетке дайындықтың негізгі бөлігі психологиялық дайындық болып келеді. Кешенді психологиялық білім беру ретінде, сонымен қатар оның функционалды, операциялды және жеке тұлғалық компоненттерінің жиынтығы ретінде түсіндіріледі.

Білім беру парадигмаларының, жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайын өзгеруіне байланысты кәсіби қызмет елеулі күрделенеді, сонын арқасында тұлғаның ішкі психологиялық ресурстары өзгереді. Тұрақтылық, орнықтылық және кәсіби қызметтің сапалылығы маманның психологиялық және коммуникативтік дайындығының ерекшелігімен анықталады. Түрлі авторлармен психологиялық дайындық анықтамасына берілген баламаларына сай олардың құрылымы көрсетіледі, оны құру жолдары қалыптасады.

Егер анықтаушы құрамдас – кәсіби ойлау болса, онда психологиялық тұтастықтың қалыптасуы талдау тәсілдерін оқытудан тұрады (М. М. Кашапов). Кәсіби бағыттылық пен кәсіби қабілеттердің қалыптасуын психологиялық дайындық анықтайды (В. Г. Кузнецов, М. А. Паламарчук, С. Ф. Ступницкая).

Коммуникативтік дайындықтың қалыптасуының теориялық негіздері Д. Хаймз, А. Холлидей, Л. М. Митина, А. К. Михальскаяның еңбектерінде сипатталып кеткен. Түрлі ғылым облысындағы ғалымдар қарым-қатынас пен коммуникация мәселелерін зерттеумен айналысты: философияда (Г. Ф. Гегель, Н. О. Лосский, М. С. Каган және т.б.), психологияда (Л. С. Выготский, Б. Г. Ананьев, А. А. Бодалев, Л. И. Божович және т.б.), психолінгвистикада (А. А. Леонтьев, Н. И. Жинкин, Р. М. Фрумкина және т.б.), педагогикада (А. М. Баскаков, А. С. Макаренко, А. В. Мудрик, И. С. Кон және т.б.).

А. К. Маркованың пайымдауынша, кәсібилік өз құрамына психологиялық дайындық ұғымын енгізген жағдайда, ол бірнеше бағыттағы көпжелілі үрдіс болады. Онда оқыту және тәрбиелеу арқылы мотивациялық және операциялды орта қалыптасады. Осы жағдайда кәсіби қызметке психологиялық дайындық тұлғаның мотивациялық ортасының өзгеру динамикасы көмегімен сипатталады, ондағы кәсіби маңызды нұсқамасының дамуы, тұлғаның әлемді қабылдаудағы құндылықты-мағыналы құрылымы өзгеріске ұшырайды.

В. В. Согалаев, психологиялық дайындықтың құрылымына мотивациялық, бағыттаушы, эмоционалды-еріктік, тұлғалы-операциялды және бағалаушы-рефлексивті компоненттер енеді деп атап өткен.

Аталып өткен зерттеушілердің пікіріне сүйене отырып, студенттердің болашақ кәсіби қызметке психологиялық дайындығын зерттеуде мотивациялық компонентті негізге алу, студенттердің кәсіби бағдарында коммуникативтік негіздерін еске ала отырып даярлау біздің зерттеу жұмысымыздың негізін құрайды. Психологиялық тұрғыда студенттердің болашақ кәсіби қызметке психологиялық дайындығын мотивациялық компонент тұрғысынан ғылыми зерттеулердің, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдар мен бағдарламаларды зерделеу барысында студенттердің болашақ кәсіби қызметке психологиялық дайындығын зерттеу қажеттілігі мен бұл туралы арнайы теориялық зерттеудің болмауы. Сонымен қатар ЖОО-да болашақ мамандарды кәсіби даярлау барысында психологиялық дайындау әдістерінің қажеттігі мен бұл қажеттілікті жүзеге асыруға негіз болатын арнайы психологиялық-педагогикалық шарттардың болмауы арасында қайшылық бар екені байқалды.

П. Я. Гальперин мен Н. Ф. Талызинаның еңбектеріне сүйене отырып, біз психологиялық және педагогикалық пәндерді зерттей келе, студенттердің болашақ кәсіби қызметке коммуникативтік дайындығын қалыптастыруда келесі кезеңдерді белгіледік:

Бірінші кезең – когнитивтік-бағдарлаушы, коммуникативтік дайындықпен байланысты коммуникация облысында базалық білімдердің, шешендік өнердің негізін, полемиялық шеберлікті игеру.

Екінші кезең – әрекеттік, әр түрлі мамандық бойынша оқытылатын студенттердің коммуникативтік дайындығын қалыптастыруына қажетті жеке компоненттер мен операцияларды тудыруға бағытталған.

Үшінші кезең – шығармашылық, коммуникативтік дайындық немесе коммуникативтік сапалықты көрсету қажеттігінде туындайтын стандартты емес коммуникативтік жағдайларды шешумен байланысты.

А. Н. Леонтьев, Д. Б. Элькониннің еңбектерін талдай отыра, біз зерттеу жұмыстың міндетін әрбір маман иесінің проблемалық жағдайындағы бағыттың нәтижесі ретінде қарастырамыз, ал оның мақсаты коммуникативтік қатынастың негізіндегі адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас болып табылады. Студенттердің болашақ кәсіби қызметке коммуникативті дайындығының қалыптастыру кезеңдерін есепке ала отырып, біз алдында белгіленіп өткен кезеңдерінде пайдалынатын міндеттердің жиынтығын анықтайық. Бірінші кезеңде (коммуникативтік - бағдарлаушы) қарым-қатынас мотивациясының дамуы мен кәсіби коммуникация облысында базалық білімдерді игерумен байланысты, осында жұмыстың үлгісі бойынша жұмыс істеуді, жаттығуларды орындауды талап ететін қарапайым қадамдарды іске асыруға, репродуктивті міндеттерді қолдануға бағытталған.

Әрекеттік кезеңде студенттердің коммуникативті дайындығының қалыптасу үрдісінде оқытылған материалды бекіту негізінде алгоритмдік, көп функционалды тапсырмалар қолданылуы мүмкін.

Соңғы шығармашылық кезеңде болашақ мамандардың коммуникативтік дайындығын қалыптастыру белгілі бір шешімге келуде ситуациялық (шығармашылық - ізденушілік) сипаттағы міндеттерді шешу арқылы өтеді. Бұл жағдайда студенттің табандылығы, оқуға деген ынтасы анағұрлым басым келеді, ол өз кезегінде коммуникативті дайындықты қалыптастыруда стандартты емес коммуникативті жағдайында оңтайлы шешімге келуге мүмкін туғызады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рогов М. Г. Системно-деятельностный подход исследованию ценностно-мотивационной сферы личности в процессе ее профессионализации.// Системные исследования в общей и прикладной психологии. Сборник научных трудов/институт управления, Москва. – 2000 г. с.32.

2. Жоғары оқу орнында студенттердің құзырлығын қалыптастыру мәселелері. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Хабаршысы. – Түркістан, 2009, №2 (67)– Б.265 - 270.

3. Захарова Н. Психологические основы подготовки к профессиональной деятельности: Дис. док. пс. н. 19.00.01. Текст. / Л.Н.За

АУЫТҚУШЫЛЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ШЫҒУ СЕБЕПТЕРІ МЕН ФАКТОРЛАРЫ

Әбубәкір Мадлен Нұрланұлы

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
415 тобы, 4 курс, мамандық «педагогика және психология»*

Ғылыми жетекші: **Абдуллина Г.К.**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті педагогика және психология кафедрасының
аға оқытушысы қ. Семей, Қазақстан*

Ауытқушы мінез-құлық деп қоғамда қалыптасқан нысандарға сәйкес емес әлеуметтік мінез-құлықты айтамыз. «Ауытқушы» мінез-құлық термині «девианттық» терминімен (латын тілінде «deviatio» - ауытқу) немесе «деликвенттік» (латын тілінде «delinquens» - құқық бұзушы) сәйкес келеді. Қоғамда қалыптасқан нормалардан ауытқуға жол ашатын мінез-құлық девианттық мінез-құлық деп аталады[1]. Девианттық мінез-құлықтың түрлеріне қылмыскерлік, ішкілікке салыну, нашарлық, жезөкшелік, құмар ойындарына қызығушылық, психопатиялық бұзылу және т.б. жағымсыз қылықтарды жатқызуға болады.

Белгілі әлеуметтанушы И.Кон девианттық мінез-құлықты психикалық денсаулық, құқық, мәдениет немесе адами қалыптарының жалпы қабылданған қалыптардан ауытқыған іс-әрекет

жүйелері ретінде қарастырады. Қоғамда қалыптасқан тәртіп ережелері мен тәртіптерге бейімделе алмаудың әртүрлі себептері мен факторлары бар.

В.М.Астапова мен Ю.В.Микадзе ауытқушы мінез-құлықты екі үлкен категорияға бөліп жіктеген [2]. Біріншісі – бұл анық немесе жасырын психопатологиялық - барлығын білдіретін психикалық денсаулық қалыптарынан ауытқыған мінез-құлық. Екіншісі – бұл әлеуметтік мәдени және құқықтық қалыптарды бұзатын ассоциалды мінез-құлық. Мұндай әрекеттер аз болса, олар құқық бұзушылық, ал салмақты әрі жазаланса қылмыс деп атайды. Бұл жерде құқыққа қарсы және қылмыстық іс-әрекеттер туралы айтылып отыр.

Жасөспірімдер дамуындағы ауытқулардың себептерін, тәртіптерінің төмендеуі мен нашарлауын үш топқа бөліміз[3]. Бірінші топқа - күнделікті мектеп тәртібін бұзатын, оқығысы келмей мектептен қашақтап жүретін, кішігірімұрлықтар жасап, анда-санда темекі тартып, шарап ішетін оқушылар жатса, екінші топқа аталған ерекшеліктермен қатар қоғамдықорындарда бұзақылық жасап, қоғам мүліктерін тонайтын, үлкенге сый-көмек көрсетпейтін балаларды жатқызуға болады. Үшінші топқа - денсаулығы нашар, ақыл-ойы жасына сәйкес дамымаған, жүйке жүйесі әртүрлі ауруларға ұшыраған жасөспірімдер жатады. Сондықтан, «қиын» жасөспірімдердің пайда болу себептерін, жас және дербес ерекшеліктерін, пәндерге деген ынта-ықыластарын, қызығушылығы мен қабілеттіліктерін, мінез бітістерін, әлеуметтену барысындағы қарым-қатынастар мен ықпалдардың әсерлерін оқу-тәрбие үрдісінде және мектептен тыс жұмыстарында үнемі ескеріп отыру аса маңызды.

Балалар мен жеткіншектердің мінез-құлықтарындағы ауытқушылық деп оның өзіне назар аударатын және тәрбиеленушілердің сақтығын тудыратын ерекшеліктері мен оның көріністерін айтамыз[4]. Ауытқушылық мінез ерекшеліктері жалпы қабылданған қалыптардан, талаптардан ауытқуды ғана білдірмейді, сондай-ақ, болашақта жасалатын қателіктердің, адамгершілік, әлеуметтік, құқықтық нормалар мен заң талаптарының бұзылуы сияқты тұлғаның дамуына, оны қоршаған адамдарға және қоғамға әлеуметтік қауіп төндіреді.

Жасөспірімдік кезең – балалық шақтан ересектікке өткір өтетін, үнемі қиын, дағдарыстық қақтығыстармен сипатталатын адам онтогенезінің күрделі кезеңі. «Жасөспірім» сөзінің мағынасы ішкі дүниенің негізгі тенденциясының дамуын көрсетеді. Жасөспірімдік кезеңді «қоғамдық импринтинг» кезеңі деп те атайды, себебі: осы кезеңде барлық заттар мен құбылыстар адамдарға ерекше әсерлі болады және бұл жасөспірімнің есеюіне мүмкіндік береді.

Жеткіншектік кезеңнің негізгі ерекшелігі – дамудың барлық жақтарын қамтитын шұғыл әрі саналы өзгерістер. Жеткіншектік кезеңдегі өзгерістер әр балада әртүрлі уақытта өтеді: біреуінде кеш, біреуінде ерте. Жеткіншектік кезеңдегі психикалық дамудың негізгі факторы жетекші әрекет ретіндегі құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасы. Бұл кезеңде танымдық процесстер нәтижелі әрі қарқынды дамиды: қабылдаудың мақсатқа бағыттылығы, логикалық ес пен ырықты зейіннің тұрақтылығы қалыптасады.

Жасөспірімдік кезең өтпелі, сыни, қиын, өзгерілу, жыныстық жетілу деп сипатталады. Л.С.Выготский жетілудің үш көзқарасын қарастырады: *органикалық, жыныстық және әлеуметтік.* Француз этнографы, тарихшысы Ф.Ариес жасөспірімдік кезеңнің пайда болуын 19 ғасыр деп есептейді. 1924 жылы Э.Шпрангердің «Психология юношеского возраста» еңбегі де жасөспірімдік кезеңге арналған еңбектердің бірі болды. Э.Шпрангер жасөспірімдік кезеңнің мәдени-психологиялық тұжырымдамасын жасады. Э.Шпрангердің айтуынша, бұл кезеңде бала мәдениетті бойына сіңіреді және жаңа құрылымы - «Менінің» ашылуы, рефлексияның пайда болуы мен өзінің индивидуалдылығын анықталады.

Жасөспірімдік кезеңнің негізгі ерекшеліктері[2]:

- әлеуметтік статустың балалықтан айырмашылығы жоқ;
- психологиялық статус қарама - қайшы: оларда даму темпі мен деңгейде максималды диспропорция тән;
- «ересектік сезім» жаңа тартымдылық деңгейін анықтайды.

Ш.Бюлердің пікірінше, жасөспірімнің психикалық даму ерекшеліктерін пубертат позициясы арқылы түсіндірге болады. *Пубертат (лат. Puberts – есею, ер жету, бой жету) – физикалық даму мен жыныстық жетілу кезеңі.* Ш.Бюллер физикалық пубертаттан басқа, психикалық пубертаттылықты және оның үш даму фазасын ерекшелейді. *Бірінші – фаза психикалық пубертат кезеңінің нышаны ретінде көрінеді.* Оның симптомдары 11-12 жаста көрінеді. Жасөспірімдер бұл кезде төбелескіш, кішкентайлардың ойындары оларға қызықсыз, ал ересек жасөспірімдер түсініксіз болады. *Екінші – негативті фаза,* қыздарда 11-13 жасқа дейін, ұлдарда 14 жастан 16 жасқа дейін созылады. Оларға тым жоғары сезімталдық, ашшаңдық, тынышсыздық,

тез қозатын күй, өз-өзіне қанағаттанбаушылық тән. *Үшіншісі – позитивті фаза*, жасөспірім қоршаған ортаның позитивті аспектілерін қабылдауға қабілетті бола бастайды. Бұл кезеңнің ойдағыдай өтуіне шығармашылық, ғылым және махаббаттың орыны ерекше.

Жасөспірімдердің әлеуметтік есейуін дамыту, болашақ өмірге даярлау қоғамдық тұрғыдан өте қажет[5]. Бұл уақытты және жасөспірімнің ересектерге арналған нормалар мен талаптар жүйесінде өмір сүруін талап ететін күрделі үрдіс. Тұлғаның дербестенуіне қажетті әртүрлі міндеттер мен құқықтарды ұлғайтумен байланысты жағдайларда ғана жасөспірімдер ересектерге іс-әрекет етуге, ойлауға, алуан түрлі міндетті орындауға, адаммен қарым-қатынас жасауға үйрене алады. А.В.Мудрик жасөспірімдік кезеңінің ең басты жағдайы екіжақтылық пен қарама-қайшылық деген. Ст.Холл ең алғаш жасөспірімдердің мінезіндегі бірнеше негізгі қарама-қайшылықтарды амбиваленттілік (екі жақты, құбылмалы) пен парадоксальдылық (кенеттен, аяқасты) негізінде сипаттаған.

Қорыта айтқанда, мінез-құлқында ауытқушылығы бар жасөспірімдердің мінез-құлқы мен тұлғасын зерттеудің әлеуметтік маңызы бар, жағымды қасиеттерінің қалыптасуы мен даму деңгейі және мінез-құлқының тұрақтылығы үшін керекті коррекциялық жұмыстарды және шараларды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Жасөспірімдердің психикалық дамуын анықтауда қолданылатын әрбір зерттеу әдісінде міндетті түрде анық шешілетін тапсырманы, объектінің таңдалуын, мәселені қалыптастыру, қолданылатын ұғымды анықтап алу, сонымен қатар барлық қолданылатын әдістер жүйесін белгілеп алу қажет.

Қолданылған әдебиеттер

1. Змановская Е.В. Девиантология: (Психология отклоняющегося поведения): Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. - 2-е изд., испр. - М.: Издательский центр «Академия». 2004. - 288 с.
2. Психология детей с нарушениями и отклонениями психического развития / Сост. общая редакция В.М.Астапова, Ю.В.Микадзе. – СПб.: Питер, 2001. – 384 с.
3. Абдуллина Г.К. Ауытқушылық әрекет-қылық психодиагностикасы мен психокоррекциясы: оқулық құрал – Семей, 2017 – 154 бет.
4. Егоров А.Ю. Нейропсихология девиантного поведения. М.,СПб: Речь, 2006.
5. Қайырова Ж.А. Мінез-құлық ауытқушылығының себептері //Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика. - 2005. № 6. 46 – 52 б.

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫН СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ АЙМАҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бабаканова Р.Т.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, Семей қаласы, 2 курс, 7М01101
Педагогика және психология білім беру бағдарламасы*

Ғылыми жетекші: Сұлтанова Н.К.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті

Қазіргі психология – педагогика ғылымының қарастыратын сұрақтарының көптігіне қарамастан, жоғары оқу орны студенттерінің эмоционалдық аймағын зерттеу жолдарымен тәсілдері әлі де жете зерттелмеген мәселелердің қатарында қалып отыр. Оны шешу жоғары оқу орнында студенттердің эмоционалдық аймағын зерттеуді есепке алуды талап етеді. Біз психика мен мінез-құлық туралы эмоциялардың әсерін сипаттайтын теорияны қарастырдық. Егер студентті жеке тұлға ретінде қарастырсақ, онда 18-20 жас адамгершілік және эстетикалық сезімдердің белсенді даму кезеңі, мінезді қалыптастыру және тұрақтандыру, әсіресе, ересек адамның әлеуметтік рөлдерінің толық кешенін меңгеру маңызды: азаматтық, кәсіби-еңбек және т.б. осы кезеңмен "экономикалық белсенділіктің" басталуына байланысты, бұл демографиялық адамның дербес өндірістік қызметке қосылуын, еңбек өмірбаянының басталуын және өз отбасын құру туралы түсініктері қалыптасады. Эмоционалды тұрақтылыққа (В.В. Белоус, В.С. Мерлин, В.М. Русалов т.б.) белгілі бір күйдің тұрақтылығын білдіретін тұлға қасиеті деген анықтама береді. Көптеген зерттеушілер эмоционалды аймақтың дамуында эмоционалды жағдайлардың ролін, эмоционалды тұрақтылықты кеңінен қарастыруда (В.М. Русалов). Дегенмен,

эмоционалды сфераның тұрақтылығы ұғымына психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде бір жақты анықтама берілмейтіндігіне көзіміз жетті. Біз зерттеуімізде Л.М. Аболин, М.И. Дьяченко, О.А. Казакова, Е.В. Романина және т.б. (Аболин,1987:19) еңбектеріне сүйене отырып, жан-жақты талдау жасауды негізге алдық. Студентті белгілі - бір жастағы адам ретінде және тұлға ретінде үш жағынан сипаттауға болады: 1) психологиялық үдерістердің, тұлғаның жағдайы мен қасиеттерінің бірлігі болып табылатын психологиялық ерекшелігі [1]. Психологиялық жағынан ең бастысы – психикалық қасиеттер (бағыты, темперамент, мінезі, қабілеті), олардың психикалық процестерінің қарқынды дамуына психикалық жағдайлардың, білімдердің пайда болуына байланысты. Алайда, нақты студентті зерттей отырып, осы индивидтің ерекшеліктерін, оның психикалық процестері мен жағдайларын ескеру қажеттілігі; 2) студенттің белгілі бір әлеуметтік топқа, ұлтқа және т.б. қажеттілігінен туындайтын қоғамдық қарым-қатынастар, сапалар іске асырылатын әлеуметтік қатынастармен; 3) жоғары жүйке қызметінің түрін, талдағыштардың құрылымын, сөзсіз рефлексстерді, инстинктілерді, физикалық күштерді, дене бітімін, бойын, бет келбетін, терінің, көздің түсін және т.б. қамтитын биологиялық ерекшеліктері. Эмоционалды сапалар адамның кәсіби қызмет аймағын таңдауда және оның жеке стилін қалыптастыруға қатысып, адамның жалпы өмірлік әрекетінің сапасын бейнелейді. Жоғары оқу орнындағы оқыту формалары, әдістер, интеллектуалдық қызмет мазмұнын бекітетін аса жоғары талаптар студенттердің жүйке жүйесіне шамадан артық күш түсіріп, оқу нәтижесіне ықпалы етеді. Эмоционалды сфера организмнің өмірлік қызметінің белсенді формасын қамтамасыз ететін негізгі реттеу жүйесінің бірі. Эмоция қоршаған ортаның кез - келген ықпалын тез бағдарлайды. «Эмоция (франц. *emotion*, лат. *emoveo* – толғану) – адам мен жануарлардың сыртқы және ішкі тітіргендіргіштер әсеріне реакциясы, қоршаған ортамен қарым-қатынасы негізінде пайда болатын көңіл-күй. Эмоцияның жоғары түрі адамның іс-әрекетінің өнімді болуына мүмкіндік туғызады. Жағымсыз эмоция адамның іс-әрекетіне азды-көпті зиян келтіреді. Олар қорқыныш, қайғы, абыржу, налу, үмітсіздену, үрейлену т.б. С.Л. Рубинштейн өз теориясында эмоцияны қажеттіліктердің болуының субъективті формасы деп көрсетеді. Бұл дегеніміз - мотивация субъектіге эмоционалды құбылыс түрінде ашылады да оларға қарай іс-әрекетті бағыттайды. А.Н. Леонтьев эмоцияны іс-әрекет жүйесінде қарастырды. Ол: эмоциялар – өзіне іс-әрекетті бағындырмайды, қозғалыстың «механизмі» және «нәтижесі» болып табылады деп көрсетті. Эмоциялар ішкі сигналдар функциясын орындайды. Эмоция ерекшелігі, олар мотивтер арасындағы қатынасты бейнелейді. Аффектілер әрекет соңында пайда болып, әрі жағдайдың жалпы бағасын береді, ал эмоциялар болған немесе мүмкін болатын жағдайға бағалау және жеке қатынасты бейнелейді деген ойды білдіре отырып, «мотивтер сезілмеген уақытта да, олар өздерінің психикалық бейнеленуін ерекше формада – әрекеттің эмоционалды бояуы формасында табады» деген пікір айтады. В.К. Виллонас эмоциялардың функционалды жіктелуіне күш салды. Ол эмоциялардың екі негізгі түрлерін бөліп көрсетеді: жетекші және өндіргіш. Жетекші эмоциялар қажеттілік затының мәнін және мағынасын ашады. Осы жетекші эмоциялар іс-әрекет мотивімен, тікелей байланысады. Ал сезімдер – айқын сипаттағы заттық сипаттағы тұрақты эмоционалды бастан кешулер болып табылады және іс-әрекетке қатысады, бірақ жағдайға тәуелді болмайды. Айқын эмоциялар студенттік кезеңдерде өздерін танытып маңызды рөл атқарады (университетке қабылдау, мемлекеттік емтихандар, т.б.). Олар мақсатқа жету мотивациясын нығайтуға көмектесе алады. Белгілі бір эмоциялар тәжірибесі, оның көзқарасын қалпына келтіру үшін, жеке басын қалыптастыруға әсер етеді. Студенттердің эмоционалдық процестері үшін оқыту процесінде олардың жоғары қарқындылығы сипатталады, алуан түрлілігі, жедел қалыптасуы, ауысуы. Студенттердің кең спектрлі компоненттерінің эмоциялық саласында маңызды нәрсе олардың оқу нәтижелері үшін жауапкершілік болып табылады. Эмоционалды сала эмоционалдық уайым мен сезімнен тұрады. Кез - келген уайым кез - келген жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бағалау процесі болып табылады. Эмоция, сезім жастардың ішкі жан дүниесін байытып, оның қабылдауын ашық, мазмұнды етіп, қиындықтарды жеңуге деген белсенділігін туғызады. Эмоциялық қобалжулар студенттердің тұлғалық қалыптасуына, көзқарастарын қайта құруға, шындыққа қатынастарына ықпал етеді. Әсіресе, студенттердің эмоционалдық сферасында өз оқуының нәтижесіне деген жауапкершілік сезімі аса маңызды. Студент тұлғасы қалыптасуында іс-әрекет нәтижелілігінің төмендеуі өз кезегінде оның эмоционалды күйзелісі мен мазасыздануын күшейтеді, осылайша тұйық шеңбер пайда болады. Мазасызданудың жоғарғы деңгейі невротикалық сипаттағы түрліше функционалды бұзылуларға әкеп соғуы мүмкін. Біз мазасызданудың қолайсыздық

қауіпін алдын ала сезумен байланысты, эмоционалды дискомфортты бастан кешу екенін анықтадық. Қорқыныш – бала өміріне және сәттіліктеріне төніп тұрған қауіптің мидағы бейнесі. Мазасыздық – қорқынышты эмоционалды түрде сезіну.

Г.Г. Араkelов, Н.Е. Лысенко мазасыздану – бұл кез келген адамның тұрақты қасиеті, шектеулі уақыттағы адамның анықталған күйі ретінде суреттелетін көп мәнді психологиялық термин деп көрсетеді. Соңғы жылдардағы әдебиеттерге жасалған талдауларда мазасыздану түрліше көзқараста қарастырылған. Онда адамға әртүрлі стресстерден әсер етуден туындайтын, қиын өзара когнитивтік, аффективтік және құлықтық реакция нәтижесінен пайда болатын жоғары мазасыздану туралы тұжырымдалады.

К.Роджерс мазасызданудың бастауын сана деңгейінің астында жатқан құбылыстар бар, егер де олар жеке тұлға үшін қауіпті сипатта болса, онда оларды саналы тұрғыдан ұғынғанға дейінгі бейсана астында қабылдап қоюы мүмкін деп көрсетеді. Мазасыздану жалпы мағынасында қауіпті сезінумен байланысты жағымсыз эмоция. Мазасыздану құбылысына тән қауіпті алдын ала сезіну ерекшелігі, оның басқа эмоциялық құбылыстар арасындағы маңыздылығын көрсетеді.

Эмоционалдық сфера қобалжу және сезімнен тұрады. Кез - келген қобалжу бұл индивидтің қандай да бір қажеттілікке қанағаттану үрдісін бағалау. Адамның эмоционалдық қобалжуы эмоция және эмоционалдық күйге бөлінеді. Д.О. Хебб адамның эмоционалдық қозу мен практикалық әрекетінің табыстылығы деңгейінің арасындағы тәуелділікті эксперименталды жолмен анықтауға мүмкіндік алды. Іс-әрекет барысында студенттерде стресс жағдайы оқу және басқа да бағдарламаларды орындауға психологиялық дайындықпен, сапалар мен дағдыларды қалыптасуымен, олардың мінез-құлқын жоғары оқу орнының оқытушылары мен басшылары жағынан шебер басқарумен ескертіледі. Б.Г. Ананьев өмір сүру және еңбек жағдайларын ойлайтын адамға ғана емес, сезінетін адамға да есептелгенін жазады. Егер студенттің теріс эмоциялары (мазасыздық, уайымдану, қорқыныш, стресс) болса, онда табысқа жетуге бағытталған іс-әрекетте келесі ерекшеліктер бар:

1. Жоғары сезімтал индивидтер эмоционалды өткір, төмен жетілгендерден гөрі, сәтсіздік туралы хабарламаларға жауап береді.
2. Жоғары сапалы адамдар төмен жетілгендерден нашар, стресстік жағдайларда немесе тапсырманы шешуге бөлінген уақыт тапшылығы жағдайында жұмыс істейді.
3. Сәтсіздіктен қорқу – жоғары дәрежелі адамдардың тән ерекшелігі. Бұл қорқыныш олардың табысқа жету ұмтылысынан басым.
4. Табысқа жету мотивациясы төмен адамдарда басым. Әдетте, ол мүмкін сәтсіздік қауіптілігін арттырады.
5. Жоғары күшті адамдар үшін сәтсіздікке қарағанда табыс туралы хабар үлкен ынталандырушы күшке ие.
6. Нашар адамдар сәтсіздік туралы хабарды ынталандырады.
7. Жеке мазасыздық индивидті өзіне қауіп төндіретін көптеген объективті қауіпсіз жағдайларды қабылдауға және бағалауға бейімдейді [2].

Осылайша, адамның эмоционалдық саласы оның уайымдары мен сезімдерінің кең спектрін білдіреді. Ол ынталандырушы, реттеуші, ақпараттық тапшылықты жою сияқты бірқатар функцияларды орындайды, олардың ішінде негізгі бағалау болып табылады. Эмоциялық сала эмоционалдық күйзелістер мен сезімдерден тұрады. Студенттердің стресс жағдайы қызмет барысында оқу және басқа да бағдарламалар үшін психологиялық дайындық, қасиеттер мен дағдыларды қалыптастыру, университет оқытушылары мен басшыларының олардың мінез-құлықтарын шебер басқаруды ескертеді. Б.Г. Ананьев өмірі мен жұмыс жағдайлары адамның ойлауына емес, сезіміне көп есептелінген дейді. Ал бұл жағдайдың алдын алуда икемділік мәселесін қарастыра келе ол өмірдегі қандайда бір күйзелісте және стресстік жағдайда үлкен рөлді атқаратындығын атап кеткен адамдардың икемділікке үйрету арқылы көптеген мәселелерді дұрыс шешіп, оны жеңуге деген ынтаның болуын тұжырымдаған. Шынымен әрбір адам өз-өзімен психологиялық икемді болуына байланысты жұмыс істеуі оның эмоционалды жағдайын жақсартып түседі деген ой-пікір бұл зерттеумен танысу барысында қалыптасты. Фредриксон В.Л. 2001 жылы Оң эмоциялар туралы қалай? Соңғы жылдары оң эмоциялардың адаптивті, ресурс құраушы артықшылықтарын қолдау үшін зерттеулердің әсерлі көлемі жинақталған. Оң эмоциялар дағдарысты жеңуге көмектеседі жеке және әлеуметтік реурстарды жақсартады. Ж.В. Чиорджи 2002 жылы эмоция мәселесіне байланысты көптеген шетелдік әдебиеттерге біздің қарастырып отырған мәселелер бойынша талдау жасалып,

келесідей тұжырымдар сипатталды. Айналадағылардың эмоцияларын түсінудің жоғары дамыған қабілетінің болуы мен позитивтілікте. Жағымсыз эмоционалды жағдайларға жоғары сезімталдық депрессияға әкеп соқтыратын сенімдерді ұстанады. Демек, төмен эмоционалды сезімталдықта өз артықшылықтары бар екендігін тұжырымдаған. Ал адам стресске әр түрлі жауап қайтаруын және оның пайда болған жағдайдың жаңалығына байланысты болуына. К.Г. Коифман 2010 жылы адамның сезімтал болмауы, түрлі жағдайларға өз сезімін білдіртпеуі оның эмоционалды аймағының бұзылуымен байланысты болып келетіндігін тұжырымдаған. Депрессивті бұзылыстың өзі эмоционалды дисрегуляциямен байланысты бұл «түрлі эмоционалды ынталандыруларға стереотиптік және бейім емес А. Алдао 2012 жылы эмоцияларды реттеу бойынша әдебиеттің кеңейтілген шолуында эмоцияларды реттеу үдерістерінің динамикалық сипатын растады және адамға әсер ететін аспектілерін (демографиялық вариация, жеке тұлға), эмоцияларды тудыру үшін қолданылатын ынталандыруларды, эмоцияларды реттеу стратегияларын таңдау мен іске асыру тәсілдерін және бағаланатын нәтижелердің түрлерін қоса алғанда, нақты стратегиялардың тиімділігіне әсер ететін факторлардың шешімін атап өтті. Ол факторлар пайдалы және эмоцияларды реттеу құндылығындағы мәдени және әлеуметтік айырмашылықтардың дәлелдері [3]. И.Р. Галетзер - Левю 2012 жылы әртүрлі кол-ледж студенттерінің бейімделудегі қиындық-тарын қарастырған, бейімделе алмаушылықтың ортамен қарым-қатынасында болатын кедергі-лерді, бұнда адамның түрлі жағдайларға, стресс тудыратын мәселелерге икемді болуды атап кеткен [3]. Бұл қағида арқылы қандайда бір туындағын қиындықтан шығу бағытында адам санасы соған икемділік көрсетуі ондағы туындаған қиындықтарға жауап бере алатындығын көрсетіп отыр. Ж. Фюстос 2012 жылы ішкі сезімталдықты байланыстырған растаушы дәлелдер ұсынған, олар эмоциялардың жақсартылған реттелуі бар адамның күйі. Ж.Ж. Гросс 2012 жылы эмоцияларды реттеу бойынша зерттеулерінде бірінші кезекте жиілікті реттеуге, күйзеліске және эмоцияларды білдіруге бағытталған стратегиялардың үйлесімділігін сипаттаған. Эмоциялар реттелуін зерттеу стресс және оны жеңу тұрғысынан айтарлықтай қарастырылса, олардың туа біткен бейімделу немесе бейімсіз салдарлары тұрғысынан эмоцияларды реттелудің стратегиясын жіктеу үрдісі сақталады.

Әдебиеттерге терең талдау жасау арқылы жоғары қобалжу адамға түрліше стресстік ситуациялардың әсер етуінен аффективті, когнитивті және мінез-құлықтық реакциялардың нәтижесінде пайда болатындығын анықтадық. Бұл қобалжу түрі жоғары ситуативті мазасызданумен өзара әрекеттесе отырып, стресс пен дистрессстің күшеюіне әкеліп жеткізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Аболин Л.М. Психологические механизмы эмоциональной устойчивости человека. – Казань: Изд. Казан. Ун-та-1987. – С. 261.

Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды (Под рук. А.А.Бодалева и др.) В 2-х тт. - М, 1980, т 1.

Aldao, A., & Nolen-Hoeksema, S. One versus many: Capturing the use of multiple emotion regulation strategies in response to an emotion-eliciting stimulus//Cognition & Emotion. - 2012. - doi.10. - № 27. - P. 753-760.

ПСИХОЛОГИЯДА ЭМОЦИОНАЛДЫ ЖАҒДАЙДЫ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Бабаканова Р.Т.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, Семей қаласы, 2 курс, 7М01101
Педагогика және психология білім беру бағдарламасы*

Ғылыми жетекші: Сұлтанова Н.К.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті

Қазіргі заманда әлеуметтік экономикалық талаптарға бейімделудің қиындығы және адамзаттың өмірдің күрделі мәселелерін шешуге дайын еместігі түрлі күйде туатын психикалық күш жұмсауды күшейтеді. Тұлғаның эмоционалды сферасының ерекшеліктері көп жағдайда адамның өмірлік сферасына ықпал етеді. Жоғары оқу орнындағы оқыту формалары, әдістер, интеллектуалдық қызмет мазмұнын бекітетін аса жоғары талаптар студенттердің жүйке жүйесіне шамадан артық күш түсіріп, оқу нәтижесіне ықпалы етеді.

Қазіргі таңда студенттердің әртүрлі эмоциялық ерекшеліктерін зерттеу өзекті мәселе болып табылады. Өйткені эмоционалды даму студент тұлғасын толыққанды қалыптастыруға үлкен үлес қосады. Эмоционалды сфера өте күрделі мәселе болғандықтан, ол терең де арнайы кешенде зерттеуді талап етеді. Осыған байланысты объективті түрде туындап отырған қарама - қайшылықтарды бөліп көрсетуге болады:

-эмоционалды сфераны зерттеудің жоғары дәрежеде қалыптасқан жоғары оқу орны студенттерінің қажеттіліктерімен олардың эмоционалды тұрақтылық үрдісін қалыптастыруды қамтамасыз ететін зерттеу базасы жеткіліксіздігі арасында;

- жоғары оқу орындарында студенттердің эмоционалды сферасын зерттеу нәтижелерін бағалаудағы өлшемдер деңгейінің қалыптаспауы;

- жоғары оқу орындарында студенттердің эмоционалды сферасын зерттеулердің тиімділігін арттырудағы педагогикалық - психологиялық шарттардың жасалмауы.

Әдебиеттерге терең талдау жасау арқылы жоғары қобалжу адамға түрліше стресстік ситуациялардың әсер етуіне аффективті, когнитивті және мінез-құлықтық реакциялардың нәтижесінде пайда болатындығын анықтадық. Бұл қобалжу түрі жоғары ситуативті мазасызданумен өзара әрекеттесе отырып, стресс пен дистресстің күшеюіне әкеліп жеткізеді. Қобалжу жеке адамның қасиеті және оның қалпы ретінде ажыратылады. Қобалжу – жеке тұлға сипаты, оның эмоционалды аймағын сипаттайды. Қобалжу деңгейі стресске деген жеке сезімдікті білдіреді. Өте жоғары қобалжу психологиялық қолайсыздықтың субъективті байқалуы. Сонымен, қобалжу – көп мағыналы психологиялық термин, индивидтің нақты уақыт кезеңінде белгілі бір қалпын суреттейтін және оның эмоционалды аумағын сипаттайтын жеке адам сипаты, әрі тұрақты қасиеті. Өте жоғары деңгейдегі қобалжу психологиялық қолайсыздықтың субъективті байқалуы сияқты болуы мүмкін. Бұл жеке адамның белсенділігінің шарты ретіндегі пайдалы қобалжу. Ол қобалжу өзін-өзі қайта құруға, өзін немесе ситуацияны өзгертуге дайындық сигналы ретіндегі мазасыздану болып табылады. Эмоционалды процестердің (ішкі және сыртқы) теріс әсері, яғни эмоционалды тұрақтылық студенттің қиын жағдайлардағы қызме-тінің тиімділігі болып табылады. Студенттің белсенділігі эмоционалды стресс жоққа шығарылмайтын – қиын жағдайлардағы шиеленіс. Ол қалыпты емес жағдайда (емтихан) бағаланады: жауапкершіліктің артуы, үлкен психикалық стресс, шаршау. Мысалы, емтихан-дармен байланысты эмоционалды қалыпты зерттеу билетпен танысқан кезде оның қарқын-дылығының өсіп, содан кейін шарықтау шегіне жетіп, азаяды деп көрсетеді. Жарқын эмоционалды реакциялар жауап қарсаңында С.Л. Рубинштейн өз теориясында эмоцияны қажеттіліктердің болуының субъективті формасы деп көрсетеді. Бұл дегеніміз - мотивация субъектіге эмоционалды құбылыс түрінде ашылады да оларға қарай іс-әрекетті бағыттайды [2].

А.Н.Леонтьев эмоцияны іс-әрекет жүйесінде қарастырды. Ол: Эмоциялар - өзіне іс-әрекетті бағындырмайды, қозғалыстың «механизмі» және «нәтижесі» болып табылады деп көрсетті. Эмоциялар ішкі сигналдар функциясын орындайды. Эмоция ерекшелігі, олар мотивтер арасындағы қатынасты бейнелейді.

В.А.Петровский жеке адамның «эмоционалды дамуының» екі аспектісін бөліп көрсетеді [3]:

1. эмоционалды күрделілікке адамның тартылуы;

2. өзге адамдармен эмоционалды бірлікті орнатуы.

Эмоционалды құбылыстардың маңызды тобын тұлғаның эмоционалды сапалары, оның эмоционалды сферасының жалпы тенденциялары, эмоционалдылығы құрайды. Соныменен, эмоционалды сфера дегеніміз – адамдардың заттарға, құбылыстарға, басқа адамдарға деген қатынасының субъективті қобалжуы дегенді білдіреді. Студент тұлғасы қалыптасуында іс-әрекет нәтижелілігінің төмендеуі өз кезегінде оның эмоционалды күйзелісі мен мазасыздануын күшейтеді, осылайша тұйық шеңбер пайда болады. Мазасызданудың жоғарғы деңгейі невротикалық сипаттағы түрліше функционалды бұзылуларға әкеп соғуы мүмкін. Біз мазасызданудың қолайсыздық қаупін алдын-ала сезумен байланысты, эмоционалды дискомфортты бастан кешу екенін анықтадық. Мазасыздық – қорқынышты эмоционалды түрде сезіну. Эмоционалды сфера қобалжу және сезімнен тұрады [4]:. Кез - келген қобалжу бұл индивидтің қандай да бір қажеттілікке қанағаттану үрдісін бағалау. Адамның эмоционалды қобалжуы эмоция және эмоционалды күйге бөлінеді. Д.О.Хебб адамның эмоционалды қозумен практикалық әрекетінің табыстылығы деңгейінің арасындағы тәуелділікті эксперименталды жолмен анықтауға мүмкіндік алды. Әр адам үшін жұмыстағы тиімділікті қамтамасыз ететін эмоционалды қозу дәрежесі болады. Эмоционалды қозудың тиімді деңгейі көптеген

факторлардан, әсіресе орындалатын әрекеттің шартына, ерекшелігіне байланысты. Аса әлсіз эмоционалды қозу әрекетті қажетті мотивациямен қамтамасыз етпейді, ал күштісі оны бұзып, тәжірибеде басқаруды мүмкін емес етеді. Адамның эмоциясы, сезімі басқаларға деген қарым - қатынасы қаншалықты маңызды болса да, қарым қатынас кезінде эмоциялық көңіл-күйді көрсету емес, ақпаратты беру маңызды. Психологиялық күйді зерттеуші Н.Д.Левитов эмоциялық күйді барлық психикалық әрекеттер өтетін және қоршаған заттар мен құбылыстаға байланысты фон ретінде көрсетеді. Бұлар жеке адамның күйі мен даралық ерекшелігіне байланысты деп көрсетеді[6]. Ситуативті мазасыздану деңгейін төмендету үшін, ғалымдар музыкалық қозғалыс әдісін ұсынды. Бұл әдістеме бойынша, классикалық және халықтық музыкаларда қозғалысты понтомимикалық түрде қайта жаңғырту керек. Бұл эксперимент өзекті психологиялық қалыптың өзгеруін көрсетті: яғни, жалпы эмоционалды тонның артуы және ситуативті мазасыздану деңгейінің төмендеуі байқаған. Келесі бір әдістеме САН (өзін-өзі сезіну, белсенділік, көңіл-күй) деп аталады. С.Д.Спилбергердің жекелік және ситуативті мазасыздануға арналған сынағы, К.Изардтың эмоцияны жіктеу әдістемесі. Қазіргі уақытта жеке адамды зерттеуде оқиғалы биографиялық көзқарас кең тараған. Бұл көзқарас жеке адам өмірінің ерекшелігін, оның нақты биографиялық ерекшеліктерін ерекше көрсетуге бағытталған. Оқиғаларды бастан кешіру тәсілі жеке адамның психологиялық тағдырын анықтайтын болады. Бұл бағытта жұмыс жасағандар Б.Г. Ананьев, оның әріптестері және оқушылары болды. Олар жеке адамды өмірлік жолдың субъектісі ретінде қарау тәсілін жасады. Оқиға ұзақ уақытқа маңызды шешім қабылдайтын бұрылысты кезең. Іс-әрекет нәтижелерінің талдауы арқылы өткізілетін психодиагностикалық әдістерінің бірі болып – контент - талдау болып есептеледі. Бұл жерде алдын - ала белгіленген сызба бойынша сыналушының жазбаша жұмыстары, шығармалары, хаттары, мағыналы талдауға түседі. Контент - талдаудың міндеті - адамның жазбаша шығармашылығы ақылы психологиялық мінездемесін анықтау және оған баға беру. Жазбаша жұмыстардың сұрыптау әрекеттері материалдағы кейбір элементтердің жиі кездесетіндігінде, кейін олардың жиілігі есептеліп, психологиялық қорытынды жасалады. Қазіргі кезеңде контент - талдау аудио-бейне талдауда кеңінен қолданылады.

Эксперименттің психодиагностика әдістер ретіндегі ерекшелігі сыналушының кез - келген қасиетін бағалау үшін арнай психодиагностикалық эксперименттің өткізілуі болып табылады. Мұндай эксперимент әрекетіне сыналушының бойындағы зерттеуге алынған қасиеті айқын байқалуы үшін жасанды жағдай енгізіледі. Психодиагностикалық экспериментті ұйымдастырып өткізудің нәтижесінде зерттеуші сыналушы туралы арнайы эксперименттік жағдайдағы бақылау арқылы, қалаған мәліметтерін ала алады. Қолданылатын тесттік тапсырмалардың типіне байланысты әдістемелер келесі топтарға бөлінеді: сауалнамалы (мұнда сыналушыға арналған сұрақтар кіреді), бекітуші (сыналушы келісетін немесе келіспейтін ойлар қолданылады), өнімді (сыналушының белгілі бір шығармашылық жұмысы қолданылады: ауызша, бейнелі, т.б.); әрекеттік (сыналушы орындауға арналған кейбір әрекет жасайтын тапсырмалар алады); физиологиялық (психодиагностика ағзаның еріксіз физикалық реакцияларын талдау негізінде өткізіледі). Эмоцияның сапасын физиологиялық көрсеткіш бойынша диагностикалауға бола ма деген сұрақ ғалымдар арасында әлі зерттелуде. Бірқатар ғалымдар эмоционалды қобалжу сапасы көп жағдайда физиологиялық көрсеткіштердің реактивтілігі және интенсивтілігімен анықтала бермейді. П.В.Симонов «біздің жағымды, жағымсыз эмоциялардың физиологиялық механизімі туралы шынайы білімдеріміз көп жағдайда шектеулі болып қалады» дейді. Адамның қобалжуы және түйсінуі жөніндегі қарама қайшылықтар сезімдік шаршау үлгісінде беріледі. Кейбіреулер жұмысқа қабілеттілік және шаршау көрсеткіштерінің арасындағы айырмашылықтарға зейін аударады [7]. Ал басқа зерттеулерде өзіндік көңіл күйді бағалау әдістемесі бойынша адамның нейродинамикалық және темперамент ерекшелігіне байланыстылығын көрсетті. Адамның эмоционалды сферасын зерттеудің психологиялық әдістері негізінен *сауалнамаларға* негізделеді және адамның эмоционалды ерекшеліктерін анықтайды (ондағы эмоцияларды және эмоционалды тұрақтылыққа байланысты). А.Е.Ольшанникова зертханасында эмоционалдылықты зерттеудің төрт әдістемесі (сауалнамалар) құрастырылды: үшеу - жетекші эмоцияның модальдылығын анықтау үшін және біреуі-эмоцияның (экспрессивтілікті) көріну құралын анықтау үшін [7]. Бұл әдістемелердің диагностикалық күшіне сенімсіздік танытқан кейбір зерттеушілер қосымша эмоцияны хронологиялық тіркеу әдісін (эмоционалды күнделік) қолданды, сыналушыға бір ай бойы хронологиялық тәртіпте белгілі бір көрсеткіштер тәртібімен күнделікті өмірде көрінетін өзінің эмоциясын тіркеуді ұсынды. Сыналушы арнаулы бланкіге өзінің эмоционалды қобалжуын, белгісін, интенсивтілігін, іс- әрекет түрін жазып отырды. Эмоцияны бет әлпет экспрессиясы бойынша тануды анықтау үшін әдістеме құрастыруға алғашқы қадам жасаған Э.Боринг, Э.Тиченер

болды. Олар 1859 жылы неміс анатомы Т.Пидерит құрастырған схемалық суреттерді қолданды. Олар беттің жеке бөліктерінің бейнесін өзара ауыстырып және араластырып, мимикалық көрсетудің 360 сызбасын алды. Бірақ түрлі эмоцияларды тануда алынған дұрыс жауаптар 26 дан 57%ға дейін аса жоғары болмады. 1970 жылы Калифорния университетінде П.Экман және т.б қысқаша атауға ие болған әдіс FAST (Facial Affect Scoring Technique) құрастырды. Тест бет әлпет экспрессиясының әрбір алты эмоция үшін: ыза, қорқыныш, жек көру, таңдану, қуаныштың фотоэталондар атласын қамтиды.

В.А.Лабунская эмоционалдық күй экспрессиясының *вербальді фиксация белгілерінің әдісін* жасады. Бұл әдіс әлеуметтік перцепция аймағында психологтар кеңінен қолданатын сөздік портрет әдісінің нұсқасын бейнелейді. Зерттеуге қатысушыдан тапсырма орындауда басқа адамның әр түрлі ерекшеліктерін сипаттау талап етіледі. Сыналушының алдына алты эмоционалдық күйдің экспрессивті белгілерін сипаттау мақсаты қойылады: ыза, қорқыныш, жек көру, таңдану, қуаныш. Ол басқа адамның эмоционалдық күйін бағдарға алатын экспрессивті белгілерді атауы тиіс. В.А.Лабунская көрсеткендей экспрессивті мінез құлықты талдау белгілерді саналы табуда әрқашан мақсатты түрде жүзеге асырыла бермейді. Сондықтан экспрессивті мінез құлықты тану ерекшеліктерін нақтылау үшін эталондарды зерттеуге көзқарас моторлық, кинестетикалық, эмитация және экспрессияның графикалық бейнесінің көмегімен жүзеге асады. Дегенмен экспрессивті мінез құлықтың моторлық эмитациясы эталондар экстериозациясы әдісі ретінде шынай болғанмен, оған талдау жасау қиын. Сондықтан бұл жағдайда зерттеуші психикалық күйдің кинестетикалық эталондарын талдау мақсатында қозғалыс тілін аударуға мәжбүр болады.

Осы әдістің негізіне ерікті графикалық ассоциацияланған - пиктограмма әдісі жатады. Пиктограмма өзінің сыртқы сипаттамасы бойынша экспрессивті күй бейнесіне жақын (пиктограмма-бұл экспрессия бейнесі), және пиктограмма кенеттен іске қосылады және қалыптасады. Экспериментте сыналушыға сөздер тізбегі көрсетіледі маңызын және мағынасын олар графикалық түрде бейнелеуі тиіс: ыза, қорқыныш, жек көру, таңдану, қуаныш. Сөздер арасы 10 секунд интервалмен оқылады. Мысалы: «қуаныш» сөзіне күн бейнеленеді. Графикалық фиксация әдісінің өзіндік артықшылықтары бар, адам сөзбен жеткізуге қиындық туғызатын нәрселерді бейнелей алады. Сонымен қатар пиктограмманың кемшілігі тапсырманы табысты орындалуы адамның көркемдік қабілетіне көп жағдайда байланысты. Психологияда эмоционалдық күйді анықтауда қолданылатын психодиагностикалық әдістерді пайдаланудың өзіндік ерекшеліктерімен белгілі бір талаптар жүйесі бар. Аталған әдістер зерттеу әрекетінің қатаң жұмыс тәртібімен (ережеге қатаң ұстану, ынталандыру материалын ұсынудың анықталған тәсілдері, сыналушының әрекетіне зерттеушінің килікпеуі); Үлгімен (нәтижелерді юағалаудың өлшемдері мен басқа белгілер), сенімділік және валидтілік пен сипатталады. Стандартталған әдістер адамды басқалармен санды және сапалы түрді салыстыруға болатын диагностикалық ақпаратты өте қысқа мерзімде жинауға мүмкіндік береді.

Қазіргі психология - педагогика ғылымының қарастыратын сұрақтарының көптігіне қарамастан, жоғары оқу орны студенттерінің эмоционалдық сферасын зерттеу жолдарымен тәсілдері әлі де жете зерттелмеген мәселелердің қатарында қалып отыр. Оны шешу жоғары оқу орнында студенттердің эмоционалдық сферасын зерттеуді есепке алуды талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Аболин Л.М. Психологические механизмы эмоциональной устойчивости человека. Казань: Изд. Казан, ун-та, 1987. - 261 с.
- 2.Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. - СПб.:ПИТЕР,1999.- 54 с.
- 3.Петровский А.В. Личность. Деятельность. Коллектив. – М.: Политиздат, 1982. – 225 с.
- 4.Джакупов С.М Управление познавательной деятельностью студентов в процессе обучения. Алматы, 2002.- С. 17- 187
- 5.Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды (Под рук. А.А.Бодалева и др.) В 2-х тт. - М, 1980, т 1.
- 6.Левитов Н.Д. Фрустрация как один из видов психических состояний //Вопросы психологии. - 1992. -№ 6. - С.168-173.
- 7.Симонов П.В. Адаптивные функции эмоций // Физиология человека. - 1996. - № 2. - С.5-9.

ЖАСТАРДЫҢ НЕКЕГЕ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРГЕ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ

Бабиева А.Қ.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
МПП 127 тобы, 1 курс, мамандық «Педагогика және психология»*

*Ғылыми жетекші: аға оқытушы, магистр Еркінтаева Д.У
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы*

Егеменді ел болып, біртіндеп әлемдік дәрежеге ие бола бастаған осынау алғашқы қадамымызда ғасырлар бойы өмір сынынан өтіп келе жатқан халқымыздың қасиеті мен өнегесін, адал тілегін бүгінгі әрбір азаматқа үйрету, санасын ояту тәрбиеші – мұғалімдердің, ата – аналардың ең үлкен парызы болмақ. Соңғы жылдары жастарды отбасындатәрибелеу өте күрделеніп кетті. Оған көптеген қоғамдық, әлеуметтік – экономикалық, экологиялық, рухани жағдайлар себеп болуда. Ең бастысы, ұзақ жылдар бойына біздің елімізде жалпы қоғамдық өмір саласында әміршілдік – әкімшілдік принциптердің ықпалына адамдардың әлеуметтік тұрғыдан қорғансыздыққа ұшырауы, жалаң ұраншылдықтың салдарынан қоғамның әлеуметтік – экономикалық жағдайының тығырыққа тірелуі, тәрбие мәселесінде халықтардың өз тарихына, мәдениетіне, рухани байлығына, тіліне, дәстүріне мән берілмеуі орын алды. Сондықтан, ұлттық тәрбие мектеп табалдырығынан аттаған әрбір бүгінгі жасөспірімнің бітімінен, мінез – құлқынан, қасиет – сапасынан бастау алу керек. Жасөспірімдер – болашақтың адамы, жаңадан қалыптасып келе жатқан ел азаматы.

Мектептегі жоғарғы сынып оқушыларына отбасы құрылымы мен міндеттері, отбасы өміріндегі жағдайлар, жас отбасын құру мәселесіне теориялық тұрғыдан анықтама беру және өзіндік ерекшеліктері туралы айту керек. Жасөспірімдерді болашақ отау иелері ретінде, болашақ ата – ана ретінде қалыптастыратын салт – дәстүрлер, әдет – ғұрыптардың педагогикалық негіздерінің маңызын анықтау қажет. Біз мектепте сабақтарда және сабақтан тыс кезде ұйымдастырылатын жұмыстың түрлерінің, солардың ішінде ашық сабақтар, сайыстар, конференция, семинарлар, пікірталастар, байқаулар т.б. іс – шараларды ұйымдастыру әдістемесін ұсындық.

Әдістемелік және теориялық тұрғыдан жастарды отбасылық өмірге дайындауды келесі жағдайлар арқылы жүргізуді ұсынамыз:

1. Неке отбасы қатынастарының саласындағы мемлекеттік саясатты ашатын жалпы әлеуметтік аспект.
2. Сыпайылық, адамгершілік, инабаттылық сияқты қасиеттерді тәрбиелеудегі этикалық аспект.
3. Неке мен отбасы туралы негізгі заңдармен таныстыратын құқықтық аспект.
4. Жеке тұлға, индивидтің даму деңгейі туралы түсінік қалыптастыратын неке мен отбасы өмірінің психологиялық негіздерін үйрететін психологиялық аспект.
5. Еркек пен әйелдің ағзасының физиологиялық ерекшеліктері, жеке гигиена туралы білімдері кіретін физиологиялық – гигиеналық аспект.
6. Отбасы мен бала тәрбиелеудегі ата- ана ролін қалыптастыратын педагогикалық аспект.
7. Отбасылық өмірге қатынасын эстетикалық құндылық ретінде қарастыратын эстетикалық аспект.

Бұл ұсыныстар Қазақстан халқына қашанда тән болған, оларды жандандырып, жан-жақты қорғау қажет. Жұртшылық бұл туралы мұнда дұрыс шешім қабылдап, ол отбасы туралы заңда бейнеленуге тиіс. Салауатты тұрмыс құрып, сол арқылы балаларына үлгі көрсетіп отырған ата-аналарды айрықша атап көрсету қажет. Жас шамасына қарай жүргізілетін саясатта біз жастар мен жеткіншек ұрпаққа, сондай-ақ жас отбасыларға көңіл бөлуді күшейтуге тиіспіз,” — делінген атап көрсетті. Осыған байланысты Қазақстан қазір қоғамдық өмірдің барлық саласында батыл өзгерістерді бастан кешіріп отыр. Сондықтан да қоғамымыздың негізгі даму бағытын анықтау; ұлттық ерекшелігімізді жоғалтпай, әлемдік қауымдастықпен бірігуге мүмкіндік беретін тиімді жүйе құру өте маңызды. Біздің қоғамымыздың маңызды проблемаларының бірі — отбасы тұрақтылығын, отбасылық қатынасты нығайту, жастарды отбасы-некелік өмірге даярлауды жетілдіру. Некеге және отбасына қатысты рухани өмірдің жұтаңдығы, халықтық дәс- түрді естен

шығару осал некенің пайда болуына әкеліп соғады. Статистика республикамызда әрбір үшінші некенің бұзыла- тынын көрсетіп отыр. Олардың басым көпшілігін мүлдем жас некелер, жаңадан қосылған отбасылар құрайды. Тарихқа көз салсақ, ежелгі қазақ елінде отбасылардың ажырасуы өте сирек болған. Себебі, халық некеге орнықты, мәңгілік институт ретінде қарады. Мұндай жағдай жұбайлардың төзімділігін, бірін- бірі сынап мінеудің аз болуын және тұтастай отбасының тұрақтылығын қамтамасыз етті.

Отбасылық тәрбиенің жалпы теориялық, педагогикалық, психологиялық негізін жасауда көп үлес қосқандар: А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, К. Д. Ушинский, А. С. Макаренко, В. А. Сухомлинский. 6 Бізге маңызды қызығушылық көрсеткен этнопедагогтар: Қ. Б. Жарықбаев, С. А. Ұзақбаева, С. Қалиев, К. Қожахметова, Қ. Бөлесев, І. Халитова, Ж. Наурызбаев, Ә. Табылдиев, С. Ғаббасов, т.б. еңбектері. Олар халықтық педагогиканың мәселелерін жан-жақты зерттеп, педагогиканың этнографиямен және социологиямен ынтымақтастығының кеңеюіне үлкен үлес қосты. Жоғарғы сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлауда қазақ халқының отбасылық ерекшеліктері бізге маңызды теориялық, этнографиялық, этносociологиялық зерттеу материалдары болып табылады. Қазақи отбасы туралы бұл материалдар Х. А. Арғынбаев, А. Т. Төлеубаев, Д. Х. Кармышев, И. Сәбитовтың еңбектерінде қарастырылған. Отбасылық өмірдің ерекшеліктері, некелік қатынас мәселелері туралы білімдер мен көзқарастар Г. Исаева, Б. Қожабекова, А. Жүнісов, Ж. Байжанова, И. Қарақұлов, Г. Мейірханованың еңбектерінде ерекше аталып көрсетілген. Бірақ, соңғы қызмет оның еңбегінде тек аталған, ал оның талдауы берілмеген. Х. А. Арғынбаев “Қазақ халқындағы семья мен неке” еңбегінде отбасы мен неке тағдыры қандай болмасын, қоғамдық 15 құрылыспен, ондағы өндірістік қатынаспен тығыз байланысты болады да, әр қоғамдық формациядағы әлеуметтік өзгерістер отбасы мен неке сипатына да әсер етіп, өзгертіп, жанартып отырады дейді. Бұл отбасы мен неке мәселесінің, оның даму тарихының үлкен қоғамдық проблема екендігін айқындай түседі. Оны зерттеу ісі ғылым алдындағы аса жауапты, өте қажетті, әлеуметтік мәні бар үлкен мәселенің бірі болып есептеледі. Ж. Қоянбаевтың “Семья және балалар мен жеткіншектер тәрбиесі” атты еңбегінде отбасы, оның құқықтық және адамгершілік негіздері, отбасы тәрбиесі, оның ерекшеліктері, отбасы тәрбиесі процесінде кездесетін қателіктер, оларды болдырмаудың жолдары, жастарды отбасы-некелік өмірге даярлау мәселелері баяндалады. Сонымен қатар, отбасылық тәрбиені жетілдірудің тағы да бір басты шарты — ата-аналарды оқыту жүйесін өрістету, мәдени дәрежесін көтеру, осыған орай ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім берудің негізгі формалары мен мазмұнына үлкен мән берілді. Р. М. Қоянбаев: “Халық педагогикасында жастарды некелік үйелмендік өмірге дайындау ана мен әкенің басты міндеттерінің бірі болады. Ерлі-зайыптының бірлігі, ынтымақтастығы мен сүйіспеншілігі, бір-біріне жылы қамқорлығы, олардың өзара адамгершілік қарым-қатынастарын байытты. Мұндай үйелмен балаларға өнеге көрсететін, қуанышқа бөлейтін ұстамды, берік, баянды, бақытты әлеуметтік жанұясына айналды. Қазіргі кезеңнің өзінде де балаларды болашақ үйелмендік өмірге даярлау — ана мен әкенің тікелей борышы. Жастарды некелік-үйелмендік өмірге даярлау кезеңінде жыныстық тәрбие үйелменде адамгершілік тәрбиесі жүйесінде іске асырылады”, — деп жазады. Отбасында адам өмірге келеді, тәй-тәйлап басады, бірінші қуанышы мен қиындығын кездестіреді, өседі, өнеді, одан үлкен өмірге аттанады. Осы жерде көптеген сұрақтар туындайды. Олар:

1. Отбасы деген не?
2. Оның мәні неде?
3. Қоғамда қандай рөл атқарады?
4. Әр адамға не береді?
5. Осы сұрақтарды жан-жақты қарастырып, шешу кезінде көптеген ойшылдар,

ғалымдар атсалысқан. Мысалы: ежелгі грек ойшылы Платон «Адамдар отбасын құру үшін болашақ өмірдегі серігінің қандай отбасынан шыққанын, оның әке-шешесі мен ата-бабаларын жақсы білуі қажет» деген екен. Ал, Аристотель болса, «отбасы - адамдардың қарым-қатынастарының ең бірінші түрі және ол мемлекеттің бірінші кішігірім бөлігі» деп санаған.

Отбасындағы тәрбие мәселесін көптеген әлеуметтану, философия, психология, педагогика, демография, құқық, әдептану, тарих, т.б. ғылымдардың қарастыруына байланысты көптеген анықтамаларды кезіктіруге болады. Бұл да дұрыс шығар, өйткені, барлық ғылымдарды бірдей қанағаттандыратын бір анықтама табу өте қиын. Олай болса, отбасының бірнеше анықтамаларына тоқталайық. Жоғарыда айтқандай, отбасы-жанұя-семья-үйелмен-бәрі бір ұғымды білдіреді. Сондықтан кейбір жерде отбасы, кейбір жерде жанұя деп ала береміз. Философиялық тұрғыда

«отбасы» - қоғамның ажырамас құрамды, өмірде зор мәні бар кішігірім ұйымы деп санаса, әлеуметтану ғымында отбасы - некеде және қандас туыстар негізінде құрылған кішігірім топ деп берілген. Оның мүшелері бір-бірімен тұрмыстық, моральдық жауапкершілік, өзара жәрдем көрсету қарым-қатынаста болып, әлеуметтік құрылыс ретінде қоғамның экономикалық базисінің дамуына байланысты өзгертіп, жекелей дербестікте болады деп көрсетеді. Жастарды отбасы өміріне дайындаудың психологиялық аспектісіне келмес бұрын «Отбасы дегеніміз не?» деген сұраққа жауап берейік. Аристотельдің айтуы бойынша, «Отбасы – адамдар қарым-қатынасының алғашқы түрі, ол мемлекеттің алғашқы ұяшығы». Сондықтан да, мемлекетте отбасының орны ерекше және оны елге терең түсіндіру қажет. Отбасының өкесі де осыған өмірлік іс-әрекетінің сферасы, оның мүшелерінің арнайы қажеттіліктерін қанағаттандырумен тікелей байланысты. Жалпы, отбасы түсінігінің мән-мағынасы өте кең болып келеді. Отбасы – дегеніміз не? Деген сұрақ қойылғанда, бәрімізге ата-ана мен балашаға туралы ойлар келеді. Яғни, отбасы тек осы мүшелермен ассоциацияланады.

Қазіргі жастарға, отбасы, неке туралы түсінік жие айта отыру керек. Өйткені қазіргі таңда, осының салдарынан ажырасу көбейіп келеді. Сонымен қатар, Батыстың азаматтық некесі де осыған әсер етеді. Осы себептен жастарды отбасы өміріне дайындаудың психологиялық маңызы өте зор.

Ер адаммен әйелдің бас қосып, шаңырақ құруы – отбасының салт – дәстүрлік негізін қалап, оны жүйелеп, ұрпақтан – ұрпаққа аманат етіп қалдырған. Сол бойынша үйдегі адамдардың өзіндік орны мен атқаратын қызметі, отбасы үшін жауапкершілігі бар. Егерде ол орындалмайтын немесе бұзылатын болса, отбасының берекесі кетеді, оны күйреуге әкеліп соқтырады. Ал мұны болдырмаудың сара жолы – жұптық жарасым, өзара түсіністік пен сыйластық.

Неке – отбасы қатынастарына дайындық дегеніміз – күрделі, ұзақ көп қырлы процесс. Қазіргі күні отбасылық өмірге дайындауды ұйымдастырудың түрлі нысандары бар: оқушыларға арналған «Отбасылық өмірдің этикасы мен психологиясы» курсы, отбасы университеттері, жас жұбайлар клубы, лекция циклдері, таныстыру қызметі және т.б. олар неке – отбасы қатынастарының қазіргі практикасына бағытталмаған. Отбасын құру жөніндегі студенттермен жүргізілетін жұмыс әлеуметтік педагог пен әлеуметтік жұмыскердің қызмет саласы болып табылады, ол жоғары оқу орнының біртұтас педагогикалық процесі жайдайында студенттермен қолайлы нысандар мен әдістерді таба білуі керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Педагогика.—Алматы: Аналілі, 1992.— 106 б.
2. Аймауытов Ж. Психология.— Алматы: Санат, 1995.— 312 б.
3. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі.— Алматы: Санат, 1995.— 352 б.
4. Ұзақбаева С.А. Тамырытереңтәрбие.— Алматы: Білім, 1995.— 232 б.
5. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының тарихы.— Алматы: Білім, 1999.— 153 б.
6. Қожахметова К. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика.— Алматы: РБК, 1998.— 317 с.

ПДТ БАР БАЛАЛАРҒА ЕРТЕГІТЕРАПИЯСЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бақтыбекова Б.Б.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
3 курс, 6В010300 – Педагогика және психология мамандығы

Ғылыми жетекші: **Оралова Ә.Ш.**

Педагогикалық ғылымдар магистрі, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

«Бала тәрбиесі – бұл ата-аналардың ерекше азаматтық борышы» бала тәрбиесі қашанда маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Қоғамдағы материалдық қажеттіліктерге байланысты ата – аналар балаларына қарауға мұршалары жоқ. Балаларға рухани құндылықтарды беруге уақыт аздығынан тек материалдық құндықтармен ғана қамтамасыз етіп отыр. Қазіргі таңда бұрынғыдай ертегі оқып беретін әжелеріміз барма? Сол ертегіні құштарлықпен, қызығушылықпен, шыдамдылықпен тыңдайтын бала аз секілді. Қазіргі кезде балаларға отырып ертегі тыңдағаннан гөрі ғаламторға кіріп мультфильм көрген анағұрлым ыңғайлы. Бірақ бұл ғаламтордың және

мультфильмдердің бала психологиясына қаншалықты әсер етіп жатқанын уайымдап жатқан ата – ана барма? Бұрынғы қазақ ертегілері қайда қалды?

Ертегімен терапия жүргізу – адамзат дамуындағы тәрбиелік психологияның ең бір көне әдістерінің бірі және қазіргі заманғы ғылым тәжірибиесіндегі жаңа, жас әдістердің бірі болып табылады. Ертегі терапиясы тәрбие арқылы баланың көзқарасын бағдарлау және ішкі әлемінен хабардар болу тәсілдері. Ер Төстік ертегісінде балақайларымыз достықтың үлкен үлгісін көреді. Оған көмек қолын созған Көлтауысар мен Желаяқ секілді алыптардың еңбегі тек достықты ғана насихаттамайды, ерекше болмыстары арқылы баланың тапқырлық деңгейін де жоғарылатады. Ер Төстік бала жер бетінде көптеген патшалықтарды көрсе, жерастында да көптеген патшалықтардың қонағы болды. Бұл бала психологиясына Отан ұғымын сіңіреді, белгілі бір мемлекеттің заңнамаларына бағыну мәселесін ұғындырады.

Е.В.Чехтың пікірі бойынша ертегі терапиясының бірнеше түрін белгілеуге болады: ертегіні айту, ертегіні сурет арқылы салу, ертегі терапиялық диагностика, ертегі құрау, қуыршақ жасау, ертегіні қою және тағы басқа.

Ертегі терапиясының дамуына, эмоциясын реттеуде маңызды екендігін З.Фрейд, Э.Эриксон, Э.Фромм, А.Маслоу, Э.Гидденс, М.Вебер, Г.Зиммель, К.Роджерс, В.И.Лубовский, Н.М.Назарова, В.В.Егорычев, В.Г.Петрова, М.Н.Перова, Е.А.Стребелевой, Е.Васина, А.Барыбина, Т.Д.Зинченков, қазақстандық ғалымдар С.М.Жақыпов, Ә.Алдамұратов, Х.Т.Шерьяданова, А.Құдиярова, т.б. ғалымдар өз еңбектерінде қарастырған.

Ертегі терапиясы – психотерапияның құрамдас бөлігі. Баланың ертегі сюжетіне әсерленуі, кейіпкердің қиыншылықтарына алаңдауы оның келешекте өз алдында пайда болатын кедергілерден қиналмай өтуіне іштей дайындығын туындатады. Практикалық психологияның ертегілік терапия бағыты – баланың жақсылық пен жамандықты айыруына, мінез-құлықтық стереотиптерді тануына көмектесіп, адамдардың өмірде алдынан шығатын сан түрлі қиыншылықты ең соңында жеңе аларына деген сенімін нығайтады [1].

Ертегі терапиясы тек ата-ана үшін емес, ұстаз үшін де топпен жұмыс жүргізу барысында өте тапқыр әдіс болмақ. Адам баласында нашар деп бағаланатын көптеген мінездер бар. Соның бірі – жалқаулық. Жалқаулықты қаралайтын ертегілер мол болғанымен, дені баянға құрылады. Ертегіні тыңдау бір басқа да, оны сомдаудың жөні бір басқа. Жалқаудың рөлін ойнаушы бала өзі қайталап отырған болмыстың шын мәнінде кім екенін түбегейлі ұғынады да, ондай одағай әрекеттерді қайталамауға тырысады.

Т.Д.Зинкевич-Евстигнеева ертегі терапиясын төмендегідей түсіндіреді:

- емдеу (психотерапиялық болып табылатын баланың ішкі білімін ашу);
- мағына іздеу үдерісі (әлем туралы білімнің мағынасын ашу);
- шынайы өмірдегі және ертегідегі оқиғалар мен тәртіптердің арасындағы байланыстың білімі;
- мәселелік оқиғаларды объективтілеу;
- баланы тәрбиелеу және оған білім беру [2].

Ертегі терапияның бір ұтымдылығы – бала тілімен жеткізілуінде, баланың ой ауқымына тән оқиғалар дәрежесінде ситуация құруында. Бала ертегі тыңдау арқылы өзін-өзі емдеп, түрлі шығармашылық қабілетінің ашылуына мүмкіндік алады. Барлық ертегілерде басты кейіпкердің еркін өмірге қол жеткізуі, Отанының тәуелсіз дамуы басты мұрат ретінде бағаланса, ертегі арқылы балақайлар өздік кеңістік пен еркіндік ұғымын түйсінеді.

Ертегі терапиясының жетекші идеялары болып:

- өміріндегі мүмкіндіктері мен өмірінің құндылығын, өзіндік потенциалдарын сезіну;
- оқиға мен амалдардың себеп-салдарын түсіну;
- қоршаған ортаны түйсінудің әртүрлі стильдерін танып-білу;
- қоршаған ортамен өзара жасанды әрекеттету;
- үндестік пен күшті сезіну [3].

Ертегінің әсер ету дидактикалық, психокоррекциялық, көркемдік, психотерапиялық, медиативті түрде жүзеге асады.

Әрбір жағдайда, әрбір кеңес беру кезіне сәйкес келетін ертегілер таңдалып алынады немесе арнайы құрастырылады. Бұл ертегі терапевтерінің оқыту тақырыбы болады. Әртүрлі образдағы ертегілер клиентке әртүрде ұсынылады: ертегіні талдау, ертегіні айтып беру, шығарма, қуыршақ дайындау, драматизация, сурет салу, ойындар, медитация және т.б.

Ертегі терапиясы арқылы балаға мынадай қасиеттерді сіңіруге болады:

- Баланың шығармашылығы дамиды;
- Ойлау қабілеті дамиды;

- Баланың бойында тапқырлық дамиды;
- Өз ойын жеткізе білу;
- Рөлге ене білу;
- Сөйлеу мәдениеті және т.б. қасиеттері дамиды.

Қазіргі таңдағы көптеген зерттеулердің нәтижелеріне сүйенер болсақ, ертегі терапиясы емдік мақсаттағы терапия екенін түсіндіріп, дәлелдеп отыр. Оларға қысқаша тоқталып кетер болсақ:

- 1) Әлеуметтік ортада туындап отыратын көңіл-күйдегі агрессивті сезімдерден босаңсу. Сурет салу, живопись, түрлі-түсті краскармен глинаны пайдалана отырып мүсіндер жасау – адам бойындағы психикалық қысымдардан босаңсуына пайдасын тигізетін ең бір зиянсыз әдіс.
- 2) Психотерапияны жүргізудің вербальды түріне қарағанда, көптеген бейнелердің көмегімен ішкі уайымдаулар мен санасыз түрде кикілжіңге түсу себептерін сыртқа шығару оңайырақ болады. Яғни, терапияның тиімді әрі пайдалы жақтары осыдан байқалады. Сонымен қатар терапия барысын алға, жағымды жағынан ілгерілеуін тездетеді.
- 3) Терапия жүргізу процесінде диагностикалық жұмыстармен интерпретация жасаудың негізгі мүмкіндіктерін нақты беріп отырады. Клиенттің жасап шығарған шығармашылық туындыларының шындықтағы бар нәрсе екенін ол өзі жоққа шығара алмайды. Клиенттің шығармашылық жұмысының стилі мен мазмұны ол жөнінде терапевтке көптеген ақпарат беріп отырады. Сонымен қатар туындының авторы терапевтпен бірге интерпретация жасауда көптеген өзіндік үлесін қосады.
- 4) Көптеген арыла алмай жүрген ойлар мен қиын ауыр сезімдермен жұмыс жүргізуге болады. Кейбір уақыттарда үдемелі сезімдер мен қандай да бір наным-сенімдердің себептерін анықтаудың, оны түсіндіре алудың бірден-бір жолы – осы вербальды емес әдіс арқылы қарым-қатынас жасау болып табылады.
- 5) Терапиялық өзара қарым-қатынасты нығайтуға көмегін тигізеді. Топ мүшелерінің шығармашылық жұмыстарындағы кейбір элементтерінің ұқсас келуі өзара жағымды сезімдер мен бір-біріне деген эмпатияның қалыптасуын тездетеді.
- 6) Іштей өзін-өзі реттей алушылық пен өзін-өзі бақылай алу сезімінің пайда болуына әсерін тигізеді.
- 7) Өз сезімдеріне зейін қоя отырып, көңіл бөлуін дамытады және нығайтады [4].

Балалар ертегіге ене отырып, нақты жағдайда шығармашылық конструктивті өзгерістің жаңа мүмкіндіктерін ашады және өзіне күш жинап, өздеріне жаңа ресурс аша отырып, өз өміріндегі оқиғаларға ауысады, басқаша ойлай бастайды, басқа қырынан қарай бастайды және оның конструктивті әлеуметтік моделіне кіріседі.

Ертегі терапиясының когнитивті және шығармашылық аспектілері ерекше маңызды. Ертегіге талдау жасау (когнитивті талдау) рухани құндылықтарға жанасуды, күнделікті жағдайларға қатысты көзқарасты өзгертеді немесе едәуір байытады. Қиялдың шығармашылық энергиясын – шығарма, сурет салу, қуыршақтар дайындау, ертегіні драматизациялау (шығармашылық аспектілер) арқылы шығаруға мүмкіндік береді. Барлық осы күштер өз өмірін конструктивті өзгертуге көмегін тигізеді.

Көптеген зерттеу жұмыстары көрсеткендей - ертегідегі теңестірулер, яғни, метафора, адамның бейсаналы күйіне тікелей әсерін тигізеді. Ескеретін жағдай, метафора әсері терең әрі тұрақты деңгейде жүреді. Метафоралық ғажайып әсерлер жеке тұлғаның өзіндік, жекелік ресурстарын белсендіре түседі. Көптеген образдар, метафора тілдері қоршаған ортамен өзара қарым-қатынас орнатудың жаңа мүмкіндіктерін ашады, адам санасын оятып, белсендіреді.

Ертегі терапиясын адамның рухани жан дүниесіне үйлесе отырып тәрбиелейді. Көптеген адамдар ертегі терапиясын балалармен ғана жүргізу керек деп айтады. Соның ішінде мектеп жасына дейінгі балалармен. Бірақта, психологиялық қызмет барысында ертегі терапиясын қолданғанда адамның жасы мүлдем шектелмейді.

«Жан тұрмысы өркендеу үшін, яғни ойы, ақылы кеңейіп, құлқы түзеліп, тілі баю үшін жас балаға ертегі тым қымбат нәрсе», - деп М.Жұмабаев айтып кеткендей, ертегінің бала тәрбиесінде алар орны ерекше. Болашақта логикасы, шығармашылығы дамыған, еліміздің іргесін берік қалайтын жастар тәрбиелегіміз келсе, ертегіге ерекше көңіл бөлейік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Зинкевич-Евстигнеева Т. Основы сказкотерапии - М.: 2005. - 80 с.

2. Соколов Д. Сказки и сказкотерапия - М., 2001. - с 12 - 35.
3. Зинкевич-Евстигнеева Т.Д. Путешествие в страну сказок, практическое пособие М., 2004. - С 12 - 59.
4. Сертакова, Н. М. Методика сказкотерапии в социально-педагогической работе с детьми дошкольного возраста / Н.М. Сертакова. - М.: Детство-Пресс, 2014. - 224 с.

ФОРМИРОВАНИЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ГОТОВНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В СИСТЕМЕ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Балгачева Г.А.

*Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей
группа МПП-222, 2 курса специальности «Педагогика и психология»*

Научный руководитель: **Аюпова Г.Т.**

Доктор PhD, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

Современные психологические (Вачкова И.В., М.М.Семаго, Н.Я. Семаго, С.Н. Сорокоумовой.) и педагогические (Н.Н. Малофеева, Е.А. Екжановой, Е.А. Стребелевой, И.И. Мамайчук) исследования констатируют тот факт, что в настоящее время из-за влияния многочисленных факторов, таких как биогенные, социогенные и психогенные все чаще встречаются дети с различными отклонениями в развитии и поведении [1].

В традиционной системе образования дети с особенностями развития получают образование в специальных (коррекционных) учебных заведениях, на дому или в специальных школах-интернатах.

Одной из основных проблем инклюзивного образования является недостаточная подготовленность и нехватка специалистов, в частности, практических психологов и педагогов.

Их роль в инклюзивном образовании значительна т.к. от них зависит обеспечение целостной системы поддержки объединяющей всех субъектов образовательного пространства, делающей акцент на возможностях, а не на ограничениях детей.

Однако многие школьные психологи не готовы к работе с детьми с различными отклонениями. Более того, в вузах проблема подготовки педагогов-психологов к работе с детьми с проблемами в развитии в системе инклюзивного образования недостаточно разработана.

Следует отметить, что отсутствие системного подхода к проблеме готовности будущих педагогов-психологов к работе в инклюзивных образовательных учреждениях в условиях университетов приводит к дефициту необходимых компетенций, у будущих профессионалов не формируется целостного представления о содержании работы с такими детьми.

Проблема психологической готовности субъекта к профессиональной деятельности приобрела особую актуальность в настоящее время «в связи с потребностью общества в эффективном, успешном, динамичном, саморазвивающемся, самосовершенствующемся специалисте». Если раньше основным требованием к выпускнику вуза было наличие профессиональных знаний, умений и навыков, то сейчас речь идет о психологической готовности к профессиональной деятельности, чему посвящено множество последних исследований российских ученых (Дельгас И.А., Жуков Г.Н., Ильязова, М.Д., Лежнина, Л.В, Мороз А. Г., Тарновская, А.С.) [2]

В психологической науке результаты развития личности в разных направлениях (профессиональной, спортивной и т.д.) отождествляются с понятием «готовность», выступающей самостоятельной характеристикой изменяющегося человека в меняющихся условиях и имеющей, свои содержание и стадии развития.

К.К. Платонов данное понятие рассматривает как особое психическое состояние, обеспечивающее высокую дееспособность, или как «психическое состояние, занимающее промежуточное положение между психическими процессами и свойствами личности, образуя функциональный уровень, на фоне которого развиваются процессы, необходимые для обеспечения результативности профессиональной деятельности».

По мнению М.И. Дьяченко и Л.А. Кандыбович, готовность - это настрой личности на определенное поведение, установка на активные действия, приспособление личности для

успешных действий в данный момент, обусловленные мотивами и психическими особенностями личности.

Как видно из вышеприведенных и других нам известных определений понятия «готовность» различные исследователи раскрывают отдельные признаки рассматриваемого понятия. В данных определениях присутствуют такие характеристики, как «настрой», «установка», «приспособление», «психическое состояние», «свойство, качество», «склонность» и т.д., которые высвечивают различные стороны и характеристики понятия «готовность». Подобная разрозненность в научных представлениях затрудняет понимание сущности этого понятия.

В психологической литературе уделяется внимание конкретным формам готовности:

- установке (Д.Н. Узнадзе и др.);
- готовности личности к трудовой деятельности (Н.Д. Левитов, К.К. Платонов, Л.А. Кандыбович и др.);
- предстартовому состоянию в спорте (Алаторцев В.А., Ф. Генов);
- состоянию бдительности оператора (Л.С. Нерсесян и др.). [3]

Анализ существующих подходов показывает, что чаще всего готовность исследуется как определенное состояние сознания, психики, функциональных систем в ситуации ответственных действий или подготовки к ним.

Готовность изучалась и как определенный уровень развития личности. Понятие готовности к высокопродуктивной деятельности в определенной области труда, общественной жизни Б.Г. Ананьев определяет, как проявление способностей. В.А. Крутецкий предлагает называть готовностью к деятельности весь синтез свойств личности, как значительно более широкое понятие, чем способности.

Список литературы:

1. Мамайчук И.И., Ильина, М.Н. Помощь психолога ребенку с задержкой психического развития. Научно-практическое руководство СПб., 2006. - 352 с.
2. Деркач А.А. Акмеология: учебное пособие. М.: Изд-во РАГС, 2004.
3. Диагностика уровня эмпатических способностей В.В.Бойко / Практическая психодиагностика. Методики и тесты. Учебное пособие. Ред. и сост. Райгородский Д.Я. - Самара, 2001. С.486-490.

ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ СЛУЖБА В ОРГАНАХ ВНУТРЕННИХ ДЕЛ

Балуева Ю.Н.

*Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей
группа МПП-222, 2 курса специальности «Педагогика и психология»*

Научный руководитель: **Аюпова Г.Т.**

Доктор PhD, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

Создание психологической службы в органах внутренних дел обусловлено объективными закономерностями развития современного общества, повышением требований к уровню подготовки и профессиональным качествам личного состава.

Психологическая служба в органах внутренних дел представляет собой централизованно управляемую систему специальных структурных подразделений и должностей специалистов (практических психологов), осуществляющих целенаправленную работу по психологическому обеспечению оперативно-служебной деятельности органов внутренних дел.

Основные элементы, обеспечивающие успешность функционирования психологической службы:

- цель психологической службы;
- задачи и направления деятельности;
- психологические методы и средства деятельности и инструментарий их реализации;
- организационная структура психологической службы;
- нормативно-правовое регулирование деятельности;

- подготовка кадров;
- материально-техническое и финансовое оснащение.

Цель психологической службы — использование достижений психологической науки в практической деятельности органов внутренних дел для повышения ее эффективности, интеллектуализация и гуманизация деятельности органов внутренних дел.[1]

Основными задачами психологической службы в органах внутренних дел являются:

- повышение психологической надежности сотрудников и более полное использование их психологического потенциала;
- оказание психологической помощи сотрудникам в решении оперативно-служебных задач.

В соответствии с этим психологическая служба должна осуществлять два главных **направления деятельности**:

- психологическое обеспечение работы с сотрудниками органов внутренних дел;
- психологическое обеспечение оперативно-служебных задач.

Первое направление деятельности психологической службы - психологическое обеспечение работы с сотрудниками органов внутренних дел предполагает:

- профессиональную ориентацию и профессионально-психологический отбор кадров;
- оказание психологической помощи в расстановке кадров и профессиональной адаптации молодых сотрудников;
- психологическое обеспечение работы с резервом кадров на выдвижение и участие в аттестации сотрудников;
- повышение психологической компетентности и развитие личности сотрудников (профессионально-психологическая подготовка личного состава);
- диагностику морально-психологического климата в коллективе и профилактику деструктивных явлений;
- управленческое консультирование;
- психологическое консультирование сотрудников и членов их семей.

Профессиональная ориентация — это система психолого-педагогических, организационных и других мер, направленных на оптимизацию процесса трудоустройства молодежи в соответствии с желаниями, склонностями, сформировавшимися способностями и с учетом потребности в конкретных специалистах. Участие психолога в профессионально-ориентационной работе на этапе отбора кандидатов на службу заключается в корректировке их представления о будущей деятельности, проведении квалифицированного консультирования по вопросу выбора специальности, в необходимых случаях - убеждение кандидата в том, что его личные качества не соответствуют квалификационным требованиям, предъявляемым к будущему специалисту.[2]

Профессионально-психологический отбор кадров является центральным этапом психологического обеспечения работы с кадрами. Он включает совокупность специальных процедур изучения и вероятностной оценки пригодности кандидатов на службу в органы внутренних дел к овладению специальностью, достижению требуемого уровня мастерства и успешному выполнению профессиональных обязанностей в типовых и специфических затрудненных условиях.

Окончательное заключение о приеме на службу и **расстановка кадров** осуществляются непосредственно в территориальных подразделениях. Практический психолог на этой стадии

выступает в роли эксперта и консультанта. Он сопоставляет, с одной стороны, психологические сведения о личности кандидата, полученные при непосредственном его изучении и поступившие из центра психодиагностики, а с другой стороны — требования, которые предъявляются к конкретной должности (профессиограмма или модель специалиста). Заключение психолога носит рекомендательный характер.[3]

Важный аспект деятельности практического психолога – участие в управлении *профессиональной адаптацией молодых сотрудников*. Эта деятельность осуществляется в тесном взаимодействии с институтом наставничества, который является важной формой обеспечения профессионального становления молодых сотрудников и средством психологической помощи в адаптации к коллективу. Поэтому одной из задач практического психолога является консультирование руководителя подразделения с целью подбора наставников, психологически совместимых с принятыми на службу сотрудниками, а также последующее консультирование наставников и повышение их психологической компетентности. В задачу психолога входит анализ факторов, влияющих на процесс профессиональной адаптации, и разработка мероприятий по их оптимизации. Для успешной адаптации молодых сотрудников проводится работа и с коллективами, в которых они трудятся.[4]

Зачисление сотрудников в резерв кадров на выдвижение традиционно осуществляется на основе реальных показателей служебной деятельности, наличия соответствующего образования и возрастной перспективы.

Участие психолога в аттестации сотрудников. Аттестация сотрудников с точки зрения психологии — это оценка их деловых, профессиональных и личностных качеств. На психолога возлагается обязанность проведения углубленного изучения личности и представление данных материалов на аттестационную комиссию или учет их непосредственно при подготовке текста аттестации. Психолог должен стимулировать дальнейший личностный рост аттестуемых, оказывать им психологическую помощь.[5]

- психофизикалық дамудың кешенді бұзылулары бар, күрделі ақаулар деп аталатын балалар (зағип, саңырау немесе ақыл-есі кем балалар);
- мінез-құлқы мен қарым-қатынасы бұзылған балалар (гиперактивті, агрессивті; мазасыз және т. б.)

Аномальды балалармен жүргізілетін педагогикалық - психологиялық шаралар.

1. Аномальды балалармен түзету-дамыту бағыты бойынша жұмыс.

Аномальды балалармен жүргізілетін диагностиканың қорытындысы түзету-дамыту жұмысы бойынша мынадай бағыттарды айқындап берді:

- сенсорлық және сенсомоторлық дамуын қалыптастыру;
 - кеңістік-уақыт түсініктерін қалыптастыру;
 - пішін мен көлем, түсті қабылдауын қалыптастыру;
 - салыстыру, талдау, жинақтау, қорытындылау, жалпы ойлау операцияларын қалыптастыру;
 - зейіннің тұрақтылығын, зейін шоғырлануын дамыту;
 - көру, есту арқылы есте сақтауын дамыту;
 - психомоторлық дамуды жүзеге асыру мен сөйлеу тілін, сөздік қорын арттыру болып табылады.
- Түзете – дамыту бағдарламасы баланың танымдық қабілеттерін дамытуға, баланың дамуындағы бос орынды толтыруға бағытталады. Яғни, бағдарламаны жүзеге асыру үшін баланың жеке жас ерекшеліктері, қабылдау деңгейі ескеріліп, әр тақырыпқа тапсырмалар тізбегі даярланады. Баламен жеке жұмыс сабақтан тыс уақыттарда өтеді.

2. Аномальды балалармен әлеуметтік-бейімдеу бағыты бойынша жұмыс.

- баланың әлеуметтенуіне, қоршаған ортаға бейімделуіне жағдай жасау;
- баланы шығармашылыққа тарту;
 - баланы мектепішілік, мектеп аралық мереке, ісшараларға қатыстыру;
 - баланы әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлауға үйрету;
 - мектепте өзін еркін сезінуге, өзін-өзі басқара білуге, өзі өмір сүретін ортаны толық бағдарлай білуге үйрету.

Сонымен қатар баланы психологиялық-педагогикалық қолдауда әлеуметтік-бейімдеу бағыты оқушылардың, қоғамның толеранттылығын қалыптастыруды жүзеге асырады.

3. Кеңес беру мен ағартушылық бағыт бойынша жұмыс

- ұстаздармен жеке жұмыс жүргізу;
- баланың жас, жеке, типтік ерекшеліктерін ескере отырып ата-аналарға, ұстаздарға бірқатар ұсыныстарды даярлау;
- оқушылардың жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып мұғалімнің оқу жоспарына түзету жұмыстарын енгізу;
- эксперименталды топта жұмыс істейтін педагогпен жеке кеңес жүргізу;
- әлеуметтік қызметкерлермен жұмыс;
- ата-аналармен жұмыс:
- баламен жүргізілген жұмыстың жалпы қорытындысымен ата-аналарды таныстыру;
- ата-аналарға баланың тәрбиесіндегі қиыншылықтары туралы нақты ұсыныстар даярлау;
- ата-аналарға баланың психофизикалық мүмкіндіктеріне сай баланы оқыту мен оны дамытудың маңыздылығын түсіндіру;
- ППҚ қызмет мамандарымен тығыз қарым-қатынаста болу.

4. Мүмкіндігі шектеулі балалармен әдістемелік-ұйымдастырушылық бағыттағы жұмыстар

Бұл бағыттағы жұмыс консилиумға дайындық, ісшараларға дайындық, баланың жеке құжаттарын толтыруды қамтамасыз етеді. Мындай міндеттерді жүзеге асырады:

- ұстаздар мен ата-аналарға арналған әдістемелік құралдарды жасау;
 - оқушыға портфолио құрастыру;
- Әдіснамалық құралдар мүмкіндігі шектеулі балалардың білім деңгейіне сай құрастырылып жасалады[2].

Қазіргі уақытта дефектология ғылымы мен практикасының алдында бірқатар ұйымдастырушылық және ғылыми проблемалар тұр, оларды шешу коррекциялық білім беру процесін жетілдіруді сапалы және сандық түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

1. Балалардың даму кемістігінің жеке құрылымын неғұрлым ерте анықтау және түзеу арқылы оқыту мен тәрбиелеуді бастау, сондай-ақ арнайы (қосалқы) білім беру мекемелеріне балаларды іріктеу сапасын арттыру мақсатында тұрақты жұмыс істейтін штаттық психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия-консультациялар құру;
 2. Дефектологиялық жалпы оқыту және педагогикалық шеберлікті арттыру есебінен мүмкіндігі шектеулі балаларға түзету білім беру процесін жаппай қарқындатуды жүзеге асыру;
 3. Дамуында ауытқулары бар балалардың жекелеген санаттарындағы дидактикалық процеске даралау элементтері бар сараланған тәсілді ұйымдастыру;
 4. Балаларды арнайы білім беру түзету мектебінде оқуға сәтті дайындау үшін емдеу-сауықтыру және психологиялық-педагогикалық жұмыстарды оңтайлы үйлестіру мақсатында мектеп жасына дейінгі балалар емделетін кейбір мамандандырылған балалар медициналық мекемелерінде түзету оқу-тәрбие жұмысын тарату;
 5. Психофизикалық дамуы бұзылған барлық балаларға барынша білім алуға мүмкіндік беру. Аномальды балаларды арнайы (түзету) мектептермен жеткіліксіз (толық емес) қамту байқалады;
 6. Арнайы түзету мектепке дейінгі және мектеп мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту;
 7. Сенсорлық және қимыл-қозғалыс бұзылыстары бар балаларға арналған техникалық оқыту құралдарының шағын серияларын әзірлеу және дайындау үшін көпмақсатты тәжірибелік-эксперименттік өндіріс құру;
 8. Онтогенез ақауларымен байланысты әлеуметтік мәселелерді әзірлеу, бұл дамудың ауытқуларының себептерін ашуға, ақаулардың алдын алуға, елдің әртүрлі аймақтарында мүмкіндігі шектеулі балалардың таралуын ескере отырып, арнайы мекемелер желісін ұйымдастыруды жоспарлауға ықпал етеді;
 9. Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды әлеуметтік-мәдени қолдау желісін кеңейту, ата-аналарды дефектологиялық оқыту, атипті емес баланың отбасымен білім беру мекемелері жұмысының инновациялық нысандарын енгізу.
- Нақтыланған тұжырымдамалық аппарат түзету білімінің заманауи моделін одан әрі құруға мүмкіндік береді[3].

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, Қазақстанда және бүкіл әлемде, психикалық, физикалық, педагогикалық және әлеуметтік дамуында кемшіліктері бар балалар санының күннен-күнге өсуі байқалады деген ой түйіндедік. Балалардың дамуындағы ауытқулардың пайда болуына ықпал ететін себептердің ішінде экологиялық жағдайдың нашарлауы, әйелдердің жүктілік ағымы мен босану барысының қолайсыз өтуі, ата-аналар мен балалардың тұқым қуалайтын және жүре пайда болған соматикалық аурулары, отбасыларда салауатты өмір салты мәдениетінің болмауы, балалар мен жасөспірімдер ортасында әр түрлі этиологиядағы травмалардың жоғарылауы, білікті емес медициналық көмек көрсету және тағы басқалар болып табылады.

Қорыта келе, аномальды балаларды оқыту мен тәрбиелеуде олардың айналасындағы адамдар үлкен рөл атқарады: **мұғалімдер, тәрбиешілер, ата-аналар**. Мұндай балалар үшін құрдастарымен қарым-қатынас, оларды тануға деген ұмтылыстың маңызы бар. Егер бұл қажеттілік қанағаттандырылмаса, аномалды балалар жабық, агрессивті болады, үнемі сәтсіздікке жолығады. Сондықтан мұндай балаларды әлеуметтендіру, қарым-қатынас дағдыларын құрастыру, бос уақытын және демалысын оңтайлы қалыптастыру үшін қолдау көрсету топтарына, қарым-қатынас клубтарына тарту қажет.

Ата-аналардың, тәрбиеші-педагогтардың аномалды балаларды тәрбиелеу және оқыту барысындағы ерекшеліктерді ескере отырып, мынандай ұсыныстарды ұсынамыз:

- Балалардың психикалық, физикалық, интеллектуалдық дамуындағы мүмкін болатын ауытқуларды анықтау үшін ертерек медициналық, неврологиялық және әлеуметтік – психологиялық тексеру жүргізіңіз.
- Арнайы білім беру мен тәрбиелеу жүйесін қолдау және дамыту, оларға жергілікті және өңірлік деңгейлерде қажетті психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету.
- Әлеуметтік-педагогикалық қызметтің әртүрлі бағыттары бойынша аномалды балаларға білікті көмек көрсету мақсатында мамандарды: мұғалімдерді, тәрбиешілерді, педагог - дефектологтарды, сурдо және тифлопедагогтарды, логопедтерді, әлеуметтік педагогтарды, ЛФК мамандарын кәсіптік даярлауды жүзеге асыру.

- Аномалды балалармен элеуметтік-педагогикалық жұмыс технологияларын мақсатты және тиімді қолдану.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Социальная педагогика. Учебное пособие / под ред. Никитина.- М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС. 2018.
2. Учебник клинической психологии, 2-ое изд., под ред. Б.Д. Карвасарского, Питер, 2006
3. Ладислав Пожар, Психология аномальных детей и подростков, Москва-Воронеж, 1996

ӘСКЕРИ КАФЕДРАДА ОҚИТЫН СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ САПАЛАРЫН ДАМУ

Дәулетова Д.Ш.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
2 курс, 7М01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы*

Ғылыми жетекші: Султанова Н.К.

*Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы*

Көшбасшыны қандай да бір мақсатқа жету үшін адамдарды біріктіре алатын тұлға ретінде анықтауға болады. «Көшбасшы» түсінігі «мақсат» ұғымымен бірге мағынаға ие болады. Шынымен де, ешқандай мақсаты жоқ көшбасшы болу қисынсыз көрінеді. Бірақ мақсаты болып және оған өз бетімен жалғыздықта жету көшбасшы болуға жеткіліксіз. Көшбасшымен кем дегенде бір жолын қуушы немесе шәкірттің болуы ажырамас қасиеті болып табылады. Көшбасшы ролі артынан адамды ертіп жол сілтеп, нақты бір мәселені бірыңғай жүйеде шеше алатын қабілетке ие болу болып табылады. Көшбасшылық – бұл көшбасшының жеке сапалары мен топтың дәл қазіргі ситуациясы және өзгеге әсер етуге тырысатын сапаларымен тәуелді байланысы.

Сонымен, әскери қызметтің ерекшелігімен көшбасшы түсінігін былай түсіндіреміз – нақты қызметтік-жауынгерлік тапсырмаларға жету жолында адамдарды біріктіре алатын тұлға [1].

Тұлға категориясы өзіне әр түрлі компоненттерді біріктіреді, олардың ішінен біз «қабілеттер», «сапаларды» ерекше атап өтеміз. Психологияда «қабілет» түсінігі – белгілі бір қызметтегі сәтті орындалатын субъективті шарттар болып табылатын тұлғаның индивидуалды құрылымы. Қабілеттер индивидтің білімі, икемі, шеберлігіне қатысы жоқ. Ол белгілі бір қызметті игеру мен тез, терең, берік, орнықты ие болуынан байқалады және оның пайда болуына себепші болатын ішкі психикалық реттеуші болып табылады. Б.М.Теплов қабілеттің туғаннан дамитын нышандардың нәтижесі деп түсіндіреді. «Сапа» - бір заттың екіншісінен ажырата алатын ерекшеліктер мен құрылымдар, маңызды белгілердің жиынтығы болып табылатын философиялық категория. Заттың сапасы немесе көрінісі бөлек құрылым ретінде түсіндірілмейді. Ол затты тұтас, жалпы және одан бөлінбейтін деп қарастырылады [2]. Біздің зерттеуіміз бойынша, әскери кафедрада оқитын студенттер тұлғасының көшбасшылық сапаларды иемденуші деп қарастырғанымыз жөн.

Жоғарыдағылардың ішінен көшбасшы болашақ офицерлердің біртұтас тұлғалық құрылымы ретінде біз «көшбасшылық сапа» түсінігін алдық: көшбасшылық сапалар – қызметтік-жауынгерлік тапсырмаларды орындау бырысында нақты мақсаттарға жету үшін адамдарды біріктіре алатын қабілетке ие тұлғаның ерекшеліктері мен құрылымдарының маңызды белгілерінің жиынтығы.

Болашақ офицерлердің көшбасшылық сапаларының құрылымын қарастыратын зерттеулерге тоқталсақ.

А.А.Урбановичтің болашақ офицерлердің көшбасшылық сапаларының белгілерінің жиынтығы деп келесі мінездемелерді көрсетті:

- Әскери ұжымның жалпы қажеттіліктері мен мәселелерін қабылдау қабілеті және сол мәселе мен қажеттіліктерді шешуде қанағаттандыратындай жұмыс жүргізу;
- Бірлескен қызметте ұйымдастырушылыққа қабілетті болу: бағынушылары алдында тапсырмаларды беру; нақты тапсырмаларды орындауда шешім қабылдауда өзіне жауапкершілікті алады; ұжымның әрбір мүшесінің мүмкіндіктері мен қызығушылықтарын

ескере отырып бірлесе жұмыс жасауды жоспарлай алу; өзге адамдарға қызықты және тартымды жұмысты ұйымдастыра алуға қабілетінің болуы;

- Алғырлық пен кішіпейілділік: ол адамдарды тыңдауға және естуге уақыт табады; көшбасшы жұмысқа қатысты адамның қызығушылығы неден тұратынын біледі және оларды қорғай алады; адамның қиындықтарын (мәселелерін) түсінуге қабілетті;
- Өкілдікке бейімділік: «жоғарғы» биліктің үкімін күтпей, ұжымға қажетті сұрақтарды басшылық алдында қоя алады;
- Эмоционалды-психологиялық ықпал: көшбасшы қызметке адамдарға және командаға тура бұйрық бермей қызықтыра алады: сендіре алады, мадақтап, ынталандыруға бейім; ол формальды емес беделге ие;
- Оптимизм: көшбасшы адамдардың алдында тұрған біршама мәселелердің шешілетініне сенімді; оптимизм арқылы ол адамдағы ішкі өзінің сенімді күшін береді [3].

Р.Л.Кричевский көшбасшының келесі сапаларын бөліп көрсетті:

- Жоғарғы кәсібилік;
- Жауапкершілік пен сенімділік;
- Өзіне сенімділік, бағынушыларына әсер етуге қабілетті болу, яғни бағынушыларының эмоционалды икемделуін жасауға қабілеттілік;
- Өз бетімен әрекет ету – шешім қабылдауға қабілеттілік және өз пікірінде тұра алу [4];

А.Н.Ашихмин көшбасшылық сапаларының экстремалды жағдайда, физикалық күш және жүйке-психикалық шиеленіс кезінде көрінетін түрлерін өз зерттеулерінде қарастырды. Ол мына көрінетін сапаларды бақылады: тұлғааралық коммуникацияға қабілеттілік, өз күшіне сенімділік, ынта-жігерлілік, қойылған тапсырманы шешуде табандылық, курстастарды басқаруға және артынан ертуге ынта-ықылас, жүктелген тапсырмаға жауапкершілік сезімі, адалдық, әділдік, батылдық [5].

Әскери ұжымдағы көшбасшылық процессін В.П.Каширин ауқымды зерттеген. Ол көшбасшы топқа беруге қабілетті ғана емес, сонымен қоса оны істей алатын және соны қалайтын адамды көшбасшы болады деп қарастырды. «Көшбасшы болу үшін адам оны қалауы керек, әлеуметтік топта өз роліне талпынуы, яғни топта өзгелер оны көшбасшы екенін мойындайтындай өз ролін белсенді атқаруы тиіс».

Л.И.Уманский, М.С.Балунов көшбасшының жалпы және спецификалық сапаларын келтіреді:

- Құзіреттілік – адам көшбасшы ретінде сол істе білімділігін көрсетуі;
- Белсенділік – қайсар, табанды әрекет етуге бейімділік;
- Жігерлілік - шығармашылық белсенділіктің көрінісі, идея, ұсыныстар білдіру;
- Көпшілдік – өзгелерге ашықтық таныту, қарым-қатынасқа дайындық;
- Аңғарғыштық, зеректік – мәселенің байыбын, түп негізін, пайда болуын, себебін анықтап алу;
- Табандылық – бастаған істі аяғына дейін жеткізу;
- Өзін басқара алу – қиын ситуацияларды өз сезімдерін, жүріс-тұрысын бақылай алу;
- Жұмысқа қабілеттілік – үздіксіз жұмыс жүргізе білу;
- Бақылағыштық – маңызды нәрселерді, детальдарды көре білу;
- Ұйымдастырушылық – өз әрекетін жоспарлай алу, ретімен, тиянақтылық таныту.

Көшбасшының спецификалық сапалары:

- Ұйымдастырушылық зеректігі – өзге адамды түсіну қабілеті, оның ішкі жан-дүниесіне кіріп, индивидуалды ерекшеліктер, көңіл-күйіне қарамастан әрбіреуіне орын таба білу;
- Психологиялық белсенді ықпал ету қабілеті – пайда болған ситуацияда адамдардың индивидуалды сапаларына қарамастан әр түрлі ықпал ете білу;
- Ұйымдастырушылық жұмыстарға бейімділік, көшбасшылық позициядан өзіне жауапкершілікті алу.

Э.И.Лукьянчиков командирдің қызметін қамтамасыз ететін офицердің тұлғалық құрылымының сапаларын үш топқа бөледі: әскери білікті маманның сапалары, өз бағынушыларының алдында жетекші мен ұйымдастырушының сапалары, бағынушыларын тәрбиелей алатын әскери педагогтың сапалары. Осы топтардың әрқайсысына әдеттегі көшбасшының жан-жақты сипаттайтын нақты сапалар кіреді. Бұл ретте сапалардың бір бөлігі тұлғаның туғаннан пайда болған құрылымдары мен психикалық ерекшеліктерін көрсетеді, ал келесі бөлігі тұлғаның өмірлік тәжірибесінде, қоғамдық ортада және болашақ офицерлерді тәрбиелеу мен оқытуда пайда болған білім, білік, дағдылары болып табылады [6].

Н.Н.Маслянов командирдің дайындығының негізінде өзін-өзі тәрбиелеу мен өздігінен білім алуы көреді, ал басқарушылық қызметтің кепілі деп терең білім, оны тәжірибе жүзінде қолдана алу деп есептейді. Оның ойынша, басқару функциясының сәтті орындалуы екі блоктан тұратын сапалар құрайды: тұлғалық-құндылықтық және кәсіби-мәнді. Біріншісіне патриотизм, мінездің қаттылығы, жігерлілік, батылдық, ержүректік және басқа да моральдық-ұнамды сапалар жатады. Екіншісіне Н.Н.Маслянов адамдарды біртұтас етіп біріктіретін әскери адамның икемі, тактикалық және стратегиялық ойлауын жатқызады. Болашақ офицерлер адамды артынан бұйрық күшімен емес, командир әрекетінің дұрыстығын сендіру күші арқылы ертуі қажет.

Әскери кафедра студенттерінің көшбасшылық сапаларын зерттеуде көшбасшы түсінігін теориялық жағынан, қызметтік-жауынгерлік қызметте нақты мақсатқа жетудегі тұлға ретінде қарастырылады. Көшбасшыны қандай да бір мақсатқа жету үшін адамдарды біріктіре алатын тұлға ретінде анықтауға болады. «Көшбасшы» түсінігі «мақсат» ұғымымен бірге мағынаға ие болады. Көшбасшылық – бұл топта мақсатқа жетуде күш жұмсауға бағыттап жеке тұлғаға, сондай-ақ топқа әсер ету қабілеті. Көшбасшылық – топтағы адам жүріс-тұрысының жеке беделіне әсер ететін топтағы табиғи әлеуметтік-психологиялық процесс.

Көшбасшының категориясына сүйене отырып, келесідей түрлерін бөліп көрсетуге болады: тартымды-беделді, манипулятор, бақылаушы көшбасшы, көшбасшы – ұйымдастырушы, көшбасшы-жаратушы, көшбасшы-балуан, көшбасшы – жұбатушы, көшбасшы – дипломат.

Болашақ офицердің кәсіби және психологиялық сапаларын сипаттап, қызметтік-жауынгерлік қызметтің, кәсіби қызметтің ерекшеліктеріне сүйене келе, болашақ офицердің көшбасшылық сапаларының үш компонентті құрылымын бөліп көрсетуге болады: мотивациялы-мақсатты, ұйымдастыру-еріктік, субъектті-әрекеттік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Дьячук, И.А. Влияние лидерских качеств на межличностные коммуникации курсантов: социальный аспект [Текст]: дис. ... канд. социолог. наук / И.А. Дьячук. - Ростов-на-Дону, 2001. - 181 с.
- 2 Теплов, Б.М. Ум полководца / Б.М. Теплов. – Избранные труды В 2-х т. Т. I. — М.: Педагогика, 1985.—328 с.
- 3 Урбанович, А.А. Психология управления [Текст]: Учебное пособие / А.А. Урбанович. – Мн.: Харвест, 2003 – 640с.
- 4 Кричевский, Р.Л. Если Вы – руководитель. Элементы психологии менеджмента в повседневной работе [Текст]. – 2-е изд., доп. и перераб. / Р.Л.Кричевский. – М.: Дело, 1996. – 381 с.
- 5 Ашихмин, А.Н. Развитие профессиональных лидерских качеств у курсантов вузов МВД России средствами физической подготовки и спорта [Текст]: дис. ... канд. пед. наук / А.Н. Ашихмин. – СПб., 2006. – 150б.
- 6 Лукьянчиков, Э.Е. Становление лидерских качеств личности в системе высшего военно-профессионального образования [Текст]: дис. канд. пед. наук / Э.Е. Лукьянчиков. – Орел, 2003. – 216 с. – СПб.: Глаголь, 1995.

СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ДАМУЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Дутбаева А.Ж.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, Семей қаласы
МПП 221, 2 курс, мамандық «Педагогика және психология»*

Ғылыми жетекші: Джумажанова Г.К.

п.ғ.к., Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, Семей қаласы

Бүгінгі қазақстандық мектептерге қоғамның қарқынды дамуына ілесе алатын, заман талабына сай ойлайтын, ғылыми-әдістемелік білімі жеткілікті, педагогика мен психологияны терең меңгерген ізденімпаз мұғалім қажет. Бұл мұғалімнің кәсіби шеберлігінен көрінеді. Басқаша айтқанда, білім беру үдерісі мұғалімнің дайындық деңгейі мен мамандық сапасына үлкен талап қояды. Ол мұғалімнің өзін-өзі дамытуына, өзіндік білім алуына және өздігінен шығармашылық

түрде қызметтерін іске асыруға мүмкіндік береді. Мұғалім – бүгінгі оқушы – ертеңгі қоғамның, елдің тірегінің өмірге дайындаушы.

Кәсіби мұғалім - құзырлығы жоғары, әлеуметтік тұрғыдан жетілген, әдіс-тәсілдерді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өзін-өзі кәсіби жетілдіруге ұмтылған маман. Мұғалім, Педагог мамандығы, зиялылар ішіндегі көп топтасқан мамандықтардың ірі тобына жатады. Білім беру жүйесінде педагогтар мемлекеттік қызметкерлер болып табылады. Педагог өз мамандығының сапасын, біліктілігін арттыруды психологиялық тұрғыдан қамтамасыз етуі үлкен роль атқарады. Педагогтың іс-әрекеті көбінде оның кәсіби шеберлігінің кеңістігіне қатысты, педагогикалық қарым-қатынас механизмдеріне, оқушылардың (студенттердің) психологиялық ерекшеліктерінің табиғатына да байланысты. Педагогикалық іс-әрекеттің дамуының жоғары деңгейі мынада – педагог өзін-өзі дамыту механизмдерін қалыптастыруға мақсат қояды және оқушыларға (студенттерге) өз қабілет-қарымы бойынша даму бағыттарын ұштайды, кәсіби дамуды көздейді.

Кәсіби даму - (лат. profiteor – өз ісімді хабарлаймын) – еңбек әлемінде, соның ішінде жекеленген кәсіби ролдердің, кәсіби мотивацияның, кәсіби білімдер мен дағдылардың әртүрлі аспектілерін игеруге бағытталған адамның онтогенезде болып жатқан әлеуметтену үрдісі. Кәсіби дамудың негізгі қозғаушы күші әлеуметтік топтар мен институттарға идентификациялану негізінде әлеуметтік контекстке интеграциялануға тұлғаның талпынысы болып табылады.

Кәсіби даму – нәтижесінде адамның өзінің барлық өмірінің барысында өз кәсіби дағдылары мен іскерліктерінің деңгейін және сапасын сақтауға мүмкіндік алатын үрдіс. Бір рет қана кәсіби маман болу мүмкін емес. Кәсіби маман болып қалу үшін, тұлғаның үнемі кәсіби дамуы қажет.

Кәсіби даму міндеттілік немесе жалған емес, ойлаудың, пайдалы әдеттің негізі болуы керек. Қоғамдық қызығушылықтардың көзқарасы бойынша, адамның кәсіби дамуы тек кәсіби әдеп кодексінің бір пункті: өзімен жұмыстанбайтын адам, кәсіби маман деп танылмайды деп те қарауға болады.

Кәсіби даму адамнан саналы, бағытталған, белсенді оқуды талап етеді. Мұндай оқу басқа формалардан анық ерекшеленеді. Әрбір адам өзінің қандай бағытта дамуы керек, ақпараттарды қандай әдістермен алатынын, қандай жолмен меңгеретінін өзі шешеді.

Қазіргі уақытта білім беру саласында өзгерістер көп, сол өзгерістерге лайық педагог болу үшін қойылатын талаптар да күрделене түсуде. Бұл адамның шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту қажет дегенге әкеледі. Оған білім беруді гуманизациялау сай келеді.

Білім берудегі гуманизация да тұлғаның ақыл – ой, эмоциональдық, еріктік және адамгершілік әлеуетін байыту, өзін – өзі көрсету, өзін – өзі дамыту шекарасын кеңейту және өзіндік қалыптасу үшін ақиқат жағдайлар туғызуды талап етеді. Мұны білім берудің гуманистік мақсаты деп санаған философ Э.В. Ильенков еді. Аталған гуманистік мақсат әр адамның жеке дамуының адамдық мәдениетінің шегін, танылған және танылмаған, жасалған және жасалмаған аймағын анықтауға мүмкіндік береді. Адамды мәдениеттің жаңа деңгейін меңгеруге көшіру, оның әлемге, басқа адамдарға және өзіне деген қатынасын өзгерту, өз іс – әрекеттері және оның әкелер жағдайына деген жауапкершілігін арттыру – білім беруді гуманизациялаудың басты нәтижесі[1].

Болашақ маман – мұғалімдерді дайындау соңғы уақытта педагог тұлғасының кәсіби қалыптасуына әсер ететін тиімді факторларды іздеуге бағытталған өзгерістерді талап етуде. Жоғары педагогикалық оқу орнын бітірген түлек жоғары білім ала отырып, үнемі білім беру мекемесі қоятын міндеттерді орындай алмай жатады. Осыдан кедергілер туындайды да, педагогикалық кәсіби өшу орын алып кетуі әбден мүмкін. Сол себепті жас маманға ұжым тарапынан психологиялық қолдау көрсетіліп, әдістемелік жұмыстарға тарту кеңінен жүзеге асқаны жөн.

Қазіргі мектепке, соның ішінде зияткерлік мектепке оқыту мен білім берудің міндеттерін сәтті шеше алатын, оқушы тұлғасын дамытуда қажетті нәтижеге жете алатын мұғалім керек. Әр кәсіби маман жоғары өзін – өзі жетілдіруге, өзінің тұлғалық және кәсіби даму болашағын саналы сезінуге, кәсіби оқу мен педагогикалық шығармашылыққа дайын, білім берудің гуманизациялау қағидасын жүзеге асыратын, толеранттылық танытатын, психологиялық сауатты және құзыретті болуы тиіс[2].

Педагогтың кәсіби дамуының психологиялық теориясының басты идеясы мынадай негізгі жағдайларда қалыптасады: егер оқу – танымдық үрдіс орын алса, онда оның даму үрдісі де орын алады. Сондықтан білім мен түрткілер тұлғаның кәсіби дамуының негізі болады. Әр тұлға өзінің білімін жетілдіріп, түрлі түрткілерден қуаттанып, әрекетке көшетіні анық дүние. Кәсіби тұрғыдан

үнемі дамып отырған педагог психологиясы айқын сезіліп, жұмыстануға, өзгені де дамытуға оң ықпалын тигізери сөзсіз.

Психологиялық қызмет мамандары білім беру мекемелерінде оқуды жеңіл және тиімді етіп, жағымды эмоция қалдыруда үлесін тигізеді: өзін – өзі реттеу тәсілдерін үйретеді, хабарлама жасауға, реферат жазуға, конференцияларға қатысуға сөйлеу дағдыларын жетілдіруге тренингтер өткізеді, мазасызданудың, үрейдің, стресстің алдын алу шараларын ұйымдастырады. Психологиялық дайындықтан өткен адам өзін еркін және сенімді ұстап, ерекше ықыласпен, талпыныспен жұмыстанады [2].

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Елканов С. Б. Основы профессионального самовоспитания будущего учителя. - М., 2006.
2. Кан-Калик В.А.. Педагогическое творчество. - М., 2000.
3. Мищенко А.И. Введение в педагогическую профессию. - Новосибирск, 2007
4. Основы педагогического мастерства / Под ред. И. А. Зязюна. - М., 2006.
5. Профессиональная культура учителя / Под ред. В. А. Сластенина. - М., 2003.

БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ДЕЗАДАПТАЦИЯЛЫҚ СЕБЕПТЕРІ

Доскина А.А.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, Семей қаласы
ПП-901С тобы, 2 курс, мамандық «Педагогика және психология»*

Ғылыми жетекші: **Абдуллина Г.К.**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті педагогика және психология кафедрасының
аға оқытушысы қ. Семей, Қазақстан*

Тәуелсіз еліміздің қазіргі барлық саласындағы экономикалық және әлеуметтік қарым-қатынастардың өзгерістері мен ерекшеліктері жағдайларына жасөспірімдердің бейімделуіне, мінез-құлықтарының қалыптасуына, тұлға ретінде қалыптасып дамуына тигізетін тиімді жолдарын көрсету, анықтау өзекті проблемалардың бірі. Білім мекемелерінің алдына оқушыларға берілетін білім мен тәрбие сапасын көтеру және жақсарту міндеттері қойылды. Соңғы уақытта заман ағымына байланысты білім мазмұнында көптеген түбегейлі өзгерістер болуда.

Балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік ортаға, қоғамға, жаңа құрбы-құрдастарына бейімделе алмауын «дезадаптация» деп атайды. Бейімделе алмаудың себебінен мінез-құлық ауытқушылықтары қалыптасады. Қоғам мен әлеуметтік ортада қабылданған тәртіп ережелері мен нормаларына сай келмейтін жағымсыз, жат, оғаш мінез-құлықтары мен іс-әрекеттері мен қылықтары байқалады. Осындай мінез-құлық ауытқушылығын сипаттау үшін психология ғылымында (девиантты, деликвентті, дизонтогенезді, агрессивті, аутодеструктивті және аддиктивті) арнайы терминдер қолданылады. Жасөспірімдердің қоғамға қарсы жағымсыз қылық-әрекеттері: өтірік айту, ұрлық жасау, өзін-өзі ұстай алмау, ызқорлық, оқшаулану, стресстер мен қорқыныш-үрейлері, әртүрлі невроздық көріністері психологтардың зерттеу мәліметтері бойынша қоғамда қалыптасқан нормалардан ауытқуға себепші *деликвенттілік, девианттылық, дизонтогенездік, агрессивті, аутодеструктивті және аддиктивті мінез-құлықтар*. [1].

Балалардың мінез-құлық ауытқуларын сипаттауда педагогикалық-психологиялық әдебиетте «девианттық мінез-құлық» термині қолданылады (*латын тілінен аударғанда «deviatio» - ауытқушылық*). Девианттық мінез-құлық – қалыптан ауытқушылық және адамның қоғам мен әлеуметтік топта қабылданған өзін-өзі ұстау нормалары мен ережелеріне сай келмейтін іс-әрекеттері мен қылықтары. Девианттық мінез құлықтың мәнін түсінуде негізгі екі ұғымды қарастырамыз-«қалып (норма)» және «қылық». Әлеуметтік қалып-нақтылы қоғамда тарихи түрде қалыптасқан жеке тұлғаның, әлеуметтік топтың немесе ұйымның мінез-құлық ережелерінің мөлшері, этикет, мораль, заңдық нормалар. Басқа да құндылықтар тәрізді, әлеуметтік нормалар тұлғаның бағалау және бағыт ұстау функцияларын орындайды, мінез-құлықты реттейді және бақылап отырады. Норма-идея, идеалдар сияқты бағыттапқана қоймай, белгілі бір ереже-міндеттерді жүктейді.

Девиантты мінез-құлық (лат.deviatio - ауытқу) жалпыға ортақ ережелерден ауытқитын әлеуметтік іс-әрекет, осы ережелерді бұзатын адамдар мен әлеуметтік топтардың қылықтары;

қабылданған құқықтық немесе моральдық нормаларды бұзған адамның мінез-құлқы.^[1] Д.К.Казымбетова айтқандай, «Девиантты немесе ауытқушы мінез-құлқы психологтарда және басқа да ғылымдар да әлі де зерттеулерді қажет ететін өзекті мәселенің бірі»[2].

Психологияда «қылық»- адамның рухани-адамгершілік тұрғыдан қалыптасуы және сол тұрғыда оның өзге адамдарға, өзіне, қоғамға және қоршаған табиғатқа деген қарым-қатынасын айқындауы деп қарастырылады. Қылықтың адамгершілік көзқарас тұрғысынан бағаланатын жағымды және этикалық, моральдық нормаларды бұзумен сипатталатын жағымсыз (аморальды) жақтары бар. Заң тұрғысынан алып қарағанда, норма ережелерін бұзушылық –бұл мемлекеттік немесе қоғамдық тәртіпті бұзу, азаматтардың құқығы мен жеке меншігіне қол сұғушылық болып есептеледі.

Отбасы тәрбиесіне қатысты тәлім – тәрбиелік идеялар қазақтың халық педагогикасында Қорқыт ата кітабында, Әбу насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашғари, Ахмет Иассауи еңбектерінде, қазақ ақын-жыраулары Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы т.б. мұраларынан да елеулі орын алған.

Мінез – құлықтағы қиындық және қиын балалар ұғымы 1920-1930 жылдары пайда бола бастады. Ұғым бастапқыда ғылымда емес, күнделікті өмірде қолданып жүрді. Біраз уақытқа ұмытылып, XX ғасырдың 50-60 жылдарында қайтадан қолданысқа енді. Алғашқылардың бірі болып бұл салада зерттеу жүргізгендердің бірі - П.П. Бельский. Проблеманы алғаш болып көтерген белгілі Ресей педагогы П.П. Блонский. Ғалым қиын балалардың жеке басылық ерекшеліктерінің өмір жағдайларымен, тәрбиемен өзара әрекеттестігін есепке алып, кешенді түрде зерттеулер жүргізіп, оны тәжірибеде қолдану жолдарын анықтады.

Мектептегі кезеңнің өзін бастауыш, орта және жоғары сынып деп үш буынға бөлеміз. Оқушының әрбір жас кезеңінде өзіндік физикалық және психикалық ерекшеліктері болады. Бала мінез– құлқында ауытқулардың да орын алуы мүмкін. Ең бірінші бастауыш кезеңдегі адаптация қалай жүретінін білейік. Мектепте оқудың басталуы бала өміріндегі физикалық қана емес, әлеуметтік психологиялық тұрғыдағы да қиын және жауапты кезең болып табылады. Бұл адамның жаңа өмір жағдайын немесе іс-әрекеті емес, бұл – жаңа байланыстар, жаңа қарым – қатынастар, жаңа жауапкершіліктер. Баланың бар өмірі өзгереді, барлығы оқуға мектепте, мектептегі істерге және әрекеттерге бағынады. Бұл өті шиеленісті кезең, өйткені мектеп алғашқы күннен бастап оқушыларды алдына тұтас міндеттер, интеллектуалдық және физикалық күшті қажетсінетін талаптар қояды. Баланың мектепке бейімделуі бірден жүзеге аспайды. Жаңа жағдайға және жаңа іс – әрекетке организмнің қиын бейімделуі бала организмі «төлейтін» жоғары «баға». Көптеген балалар балабақшадан соң мектепке дайын болып келеді. Жаңалықтардың қажеттігі, өзіндік «мен енді оқушымын» мәртебесінің маңызы, бала алдынла тұрған міндеттерді орындауға, дайындығын, өз мінез – құлқына, құрдастарымен қарым – қатынасына, жаңа күн тәртібіне бағынуға, сабақтардың ретіне және т.б. мұғалім талаптарын қабылдамауына мүмкіндік туғызады.

Оқу іс – әрекеті ұжымдық сипатқа ие. Көптеген балалар тез танысады, жаңа ұжымға бейімделеді, бірлесе жасайтын жұмыста бақталастық, сайысқа түсу болып тұрады. Жалпы бастауыш оқушысы үшін мұғалімнің беделді ата - ана беделінен де жоғары тұрады. Жалпы бастауыш оқушысы үшін мұғалімнің беделді ата – ана беделінен де жоғары тұрады. Мұғалім тек ересек емес, ол –беделді тәрбиеші. Балалардың арасында мектепке дайын емес алты жасар оқушылар мұғалім мен оқушы қарым – қатынасындағы шарттылықты түсінбеуі мүмкін. Мұндай бала мұғалімнің ескертуіне мән бермей, жауап бермеуі мүмкін. Мұндай ерке балаларға жазалау, бұйыру нәтиже бермейді. Тек сабырлық танытып, баламен оңаша «ересектерше» сөйлесу керек. Бала үстінен шағым айтпай, ата – ананы да тартуға болады. Белгілі бір уақыттан соң бәрі орнына келеді [3].

Бастауыш сыныпта балалар мұғалімнің, ата – аналардың және басқа ересектердің пікіріне бағынады, ал жеткіншектік кезеңнен бастап ересектік сезім қалыптасып, жаңа талаптар пайда болады. Өзіндік баға, қарқынды физикалық даму және биологиялық жетілу жүргізіледі.

Жеткіншектердің «қиындығы». Қазақтың өрнекті ғалымдардың бірі М.Мұқанов жеткіншек жасындағыларды былай сипаттайды: «балалық шақтан өткен, бірақ ересектікке әлі жетпеген 11 - 12 жас пен 14 - 15 жас аралығын қамтитын балаларды халық психологиясында «жетіліп келе жатқан», яғни «жеткіншек» деп атайды. Олар істі игеру жағына әлі «бала», ал талап қою жағынан – ересек. Өз мүмкіндігін ажырата алмастан, «бәрін өзім істей аламын», «сендер мені әлі бала деп ойлайсындар» деп үлкендерге наразылық білдіреді, шамасы келмейтін істерге ұмтылады. Бұл кезеңге «қиын жас», «өзгермелік», «құбылмалы шақ», «акселерация», «өтпелі кезең» ұғымдары жиірек таңылады. Жеткіншектердің ересектер талабына оңайлықпен көнбейтіндігінің себептері:

1. Олардың оқудан басқа айналысатын шаруа болмағандықтан;
2. Смартфон, теледидар, т.б.
3. Өзінен үлкен балалармен танысып, солардың жарамсыз әрекеттерін үлгі ретінде санайтындары.

Жеткіншектік кезеңге тән ерекшеліктердің бірі дамудың бір сатысынан екінші сатысына өтуіне байланысты дағдарысқа ұшырауы. Психикалық дамуында жаңа құрылымдар пайда болуанан бала қиналысқа түседі, уайым шегеді. Жеке басындағы жеке толқыныстары олардың үйреншіктік істерге қатынасын өзгертеді. Нәтижесінде, мұғалімдер шағымданатындай тәрбиеге көнбеуге айналады. Жеткіншектер мінез-құлқына әлеуметтік факторлармен бірге биологиялық факторлар да елеулі әсер етеді, мәселен, олардың дене құрылысы онша үйлеспейді. Денесін тік ұстамай бір жағына еңкейіп, не қисайып тұруы, бүкшііп жүруі дене мүшелерінің біркелкі дамымауынан әрі ұялғандықтан болады.

Жалпы жеткіншектер «қиындығының» мынандай себептері анықталған:

1. қарым-қатынастар саласының, ең бастысы, өзіне деген қатынасының бұзылуы;
2. танымдық саласының бұзылуы; танымдық үрдістердің даму деңгейінің төмендегі және тежелуі, танымдық қажеттіліктердің дамымай қалуы;
3. мінез-құлқы дамуындағы ауытқулар немесе патологиялық дамуы (ауытқуы).

Жеткіншектердің қиындығының себебі педагогикалық назардан тыс қалуына да байланысты [4]. Бүгінгі таңда халық ағарту саласындағы әлеуметтік-психологиялық қызметтің басты мақсаты назардан тыс қалған балалармен жұмыс болып отыр. Бірақ осы игілікті шара жолында ұстаздар, психологтар мен ата – аналар, балалардың өздері белсенділік танытса нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

Қорыта келе, мектеп қабырғасында дәріс алып жүрген оқушының бір күнінің жартысынан астамы білім ұясында өтеді десек, егер баланың болашағы ойландыратын ата– ана болса ұстаздар қауымына жиі соғып, өз баласының білімі мен, тәрбиесімен ой бөліседі, сабаққа енеді. Жалпы ата – ана «алтын» уақытын бөліп баланың сабағына қатысса, біріншіден, мұғалімнің сабақ беру деңгейін, екіншіден, өз баласының сабақтағы тәртібін, зейінін қадағалар еді. Ата-анасының сабағына қатысқанына оқушының да мерейі өсіп, көңілі көтеріледі. Және де баланың дезадаптациясы жеңіл формада өтеді [5].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Ж.Жарықбаев. Психология.- Алматы, 2002.
2. Сәбет Бап - Баба. Жантану негіздері. – Алматы, 2001.
3. Н.М.Итбаев. Жалпы психология: Лекциялар курсы.- Ақмола, 1992.
4. Ә.Алдамұратов. Қызықты психология. – Алматы, 1992.
5. Рубенштейн С.А. Основы общей психологии.- Москва, 1989.

АДДИКТИВТІ (ТӘУЕЛДІ) МІНЕЗ-ҚЫЛЫҚТАРДЫҢ ШЫҒУ СЕБЕПТЕРІ

Ералы Г.Ә.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
315 тобы, 3курс, мамандық «Педагогика және психология»*

Ғылыми жетекші: Абдуллина Г.К.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті оқытушысы, Семей қаласы

Аддиктология - аддиктивті бұзылыстарды, аддиктивті мінез-құлықты зерттейтін ғылым. Психологияда тәуелді мінез-құлық - бұл адамның белгілі бір заттар, әрекеттер немесе заттар арқылы психологиялық жайлылықты табуға тырысуынан туындаған девиантты мінез-құлықтың бір түрі. Өлсіз адам тәуелді (тәуелді) мінез-құлықты таңдайды, өйткені ол оған жарқын әсер қалдырады және оң эмоцияларды қайта-қайта сезінуге мүмкіндік береді. [3]- Лишецкий К. С., Литягина Е. В. «тәуелділік психологиясы».

Соңғы бірнеше жылда жасөспірімдер арасында тәуелділік мінез-құлқының көрінісі жиілеп кетті. Бұл құбылыс ұлттық ауқымдағы проблемаға айналды. Ұзақ уақыт бойы "тәуелділік" ұғымы адам ағзасын ғана емес, жеке басын да бұзатын кез-келген жаман (алкоголизм, нашақорлық және темекі шегу, яғни психоактивті заттарды қабылдау) әдетпен байланысты болды. Психоактивті заттарды қабылдай отырып, адам өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыру елесін жасайды және кем дегенде қысқа уақыт ішінде өзін бақытты сезінеді. Бұл заттар адам санасының ішкі бос орнын толтырып тұрғандай болып, уақыт өте келе адамның бүкіл өмірін бағындыра бастайды. Туындаған барлық проблемаларды ушықтыратын және сол тәуелді мінез-құлықты қалыптастыратын іс-әрекеттің көмегімен проблемалардан қашуға тырысады.

Жасөспірімдердің түрлі психологиялық тәуелділіктері олардың өз бос уақыттарын дұрыс ұйымдастыра білмеуден, ата-ана назарының аздығынан және т.б. туындайды. Бірқатар зерттеулерге сәйкес, тәуелділіктің әсерінен 11 жастан 17 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жиі кездеседі. Жасөспірімдердің 85% - ы кем дегенде бір рет түрлі мас заттарды қолданған. [1]- С. В. Березин, К. С. Лисецкий, Е. А. Назаров, «Есірткі тәуелділігі мен тәуелділіктің психологиясы».

Аддиктивті мінез-құлық адамның бейімделу қабілетін төмендетеді, өйткені сыртқы құрал мәжбүрлі түрде әрекет етеді және жеке адамнан толық мойынсұнуды талап етеді. Азғырулар мен тәуелділіктерге қарсы тұру үшін адамның күші жоқ. Бірте-бірте шындыққа балама адамға көбірек тәуелді болады, ол барлық бос уақытын ауыр тәуелділікке жұмсайды. Рухани жағынан ол нашарлайды. Адам шындықпен байланысын жоғалтады және өзін басқара алмайды.

Аддиктивті мінез-құлықтың негізгі психологиялық сипаттамалары қандай?

Аддиктивті мінез-құлық белгілері:

- тұлғаның психологиялық тұрақсыздығы;
- шындықты Үстірт қабылдау;
- тұлғаның әлсіз бейімделу әлеуеті;
- психологиялық ыңғайсыздық;
- кінә сезімі;
- үмітсіздік және өзін-өзі бағалаудың төмендігі;
- агрессивтілік;
- тәуелділіктің бірдей түрі бар адамдармен қарым-қатынастың пайда болуы;
- стереотиптік мінез-құлық және ойлау үлгісі;
- жауапкершілікті алудан аулақ болу;
- инфантильділік;

Аддиктивті мінез-құлықтың шығуында отбасының негізгі орын алатындығы жайлы А.Фрейд, Д.Винникота, М.Балинта, М.Кляйн, Б.Спока, М.Маллер, Р.Спиц және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде бала дамуына кері әсер ететін анасының баласын түсінбеуі мен қажеттіліктерін қанағаттандыра алмауы сияқты себептері көрсетілген. Отбасы үшін ең бір елеулі мәселе ата-ананың эмоционалды ауытқушылықтары, олар алекситимиямен немесе ата-ананың сезімін сөзімен жеткізе алмауы. Бала оны тек «жұқтырмайды», ол ата-анасынан өзінің сезімін жасыруды үйренеді, оны жоқ деп есептейді. Әр жастағылардың арасындағы шекараның болмауы, отбасы мүшелерінің бір-біріне тәуелділігі, гиперстимуляция-тағы бір негативті фактор. [2]- Захаров Н. П. «шекаралық бұзылулар мен тәуелділік жағдайларының психотерапиясы».

Отбасы тәуелді мінез-құлқының қалыптасуына ғана емес, соны ұстап тұруына да рөлін көрсетеді. Сонымен қатар бір отбасындағы балалар әртүрлі мінез-құлықтарды көрсете алады. Егер ата-анасы алкогольді қолданатын болса, балада ондай тәуелділік болмауы мүмкін. Яғни индивидуалды тұлға ерекшеліктері де ерекше орын алады. Тәуелділік мінез-құлқы индивидуалды жыныстық айырмашылықтарына да қарай болады. Мысалы, тамақтану аддикциясы әйелдерде, ал гэмблинг ер адамдарда көбіне кездеседі. Тәрбиесі қиын балаларды тудыратын себептердің бірі – балаларын оқытуда, тәрбиелеуде ата – аналардың жауапкершілік сезімінің жоқтығы бала мінезінде мейірімсіздікті, яғни қатыгездікті, дөректілікті, өзімшілдікті туғызады.

Екінші себеп – бұл үйдегі сәтсіздік, маскүнемдік, ұрыс – төбелес, ұрлық, ата – аналарының және басқа отбасы мүшелерінің жеңілтек мінез – құлқы, ал бәрінен жаманы – ажырасу, неке бұзу. Егер әке маскүнем болса, мектеп жасына дейінгі балалар жүйке ауруынан, жиі қояншық ұстамадан (эпилепсия) азап шегеді, олардың ақыл – ойы баяу дамиды. Мұндай балалар енжар, тынымсыз, ашушаң келеді. Әрбір ата – ана азғындыққа түспеу үшін күш қабілетін пайдаланып, балаларға мейірімді өнеге мән әсер етуі керек.

Қазіргі кезде тәуелділіктің мынандай түрлері тараған: психоактивті заттар; алкоголь; тамаққа тәуелділік; әртүрлі ойындар; жыныстық қатынастар, діни ошақтар және т.б.

Алкоголизм – токсикоманияның бір түрі, алкогольге тәуелділікпен байланысты психикалық және физикалық тәуелділік түрі. Алкоголизм ішілген ішімдіктің санын бақылай алмаумен сипатталатын, алкогольге толеранттылықтың, абстинентті синдроммен, ағзалардың токсикалық зақымдалуымен, естің төмендеуімен сипатталатын ауру. [5]- «Психология және тәуелді мінез-құлықты емдеу»

Токсикомания – бұл клей, лактар және басқа да тұрмыстық химиялық препараттары секілді денсаулыққа улы, зиян, уытты заттар мен кейбір медикаменттерді мөлшерден тыс пайдалану. Оларды пайдаланған кезде бастапқыда әлсіз масаңсу (эйфория) туындайды, содан соң есінің шатасуы, бейімделудің жоғалуы, құсу пайда болады. Кейбір заттар сандырақ, алдамшы қабылдау, иллюзия, өзінің мүмкіндіктерінің шексіздік сезімін, ойлау қабілетінің бұзылуын, өзін-өзі бақылаудың жоғалуын шақыруы мүмкін. Дозаларының жоғарылауы тырыспалар мен өлімге әкеліп соқтырады. Еріткіш топтары заттарын қабылдауды доғару, көбінесе депрессия мен ашуланшақтықты шақырады. Уақыт өте келе оларда жұмыс істеу қабілеті төмендеп, есте сақтауы бәсеңдейді, содан соң себепсіз қорқыныштар, күдіктілік, ұйқының бұзылуы туындайды. Нашәқорлардың тері жабындылары өзгеріске ұшырайды: сұр, боз, әжімді бола бастайды, тістері бұзылады, асқазан-ішек жолдары, жүрек қан-тамыр жүйесі, бауыр өзгерістерге ұшырайды, бала туу функциясы бұзылады, ұрпақтары зардап шегеді.

Интернетке тәуелділік - виртуалды әлемнің шексіз мүмкіндіктеріне қол жеткізудің басқа химиялық емес түрлерінен сапалы түрде ерекшеленетін жаңа тәуелділік.

Интернеттің тартымды құрылымын әлеуетті тәуелді агент ретінде құратын бірқатар фактілерді бөліп көрсетуге болады. **Оларға мыналар жатады:**

- Көптеген әлеуметтік интеграциялардың мүмкіндігі;
- Кері байланыс орнатумен қиял мен қалауды виртуалды жүзеге асыру;
- Ақпаратқа, ойын-сауықтың әртүрлі түрлеріне шексіз қол жеткізу;

Интернетке тәуелділіктің патологиялық белгілері ерекше және тәуелді мінез – құлықтың басқа түрлеріне тән.

Азық-түлікке тәуелділік тамақ аштықты қанағаттандыру құралы ретінде қолданылмаған кезде, тамақтанудан ләззат алу компоненті басым бола бастаған кезде және тамақтану процесі бір нәрседен алшақтаудың тәсілі болған кезде ғана болады. Осылайша, бір жағынан қиындықтардан аулақ болу, екінші жағынан жағымды дәм сезімдеріне бекіту. Бұл құбылысты талдау тағы бір нәрсені атап өтуге мүмкіндік береді: бос уақытты өткізуге немесе психикалық бос орынды толтыруға, ішкі ыңғайсыздықты азайтуға ештеңе болмаған жағдайда, ол химиялық механизмге тез қосылады. Тамақ болмаған кезде, аштық болмаса да, тәбетті ынталандыратын заттар шығарылады. Осылайша, жейтін тамақ мөлшері артып, тамақтану жиілігі артады, бұл салмақтың өсуіне, тамырлы бұзылуларға әкеледі. Бұл проблема әсіресе өмір сүру деңгейі жоғары елдерде өзекті, сонымен бірге қоғамда стресстің жоғары деңгейі байқалады. Мамандықтың ерекшеліктеріне байланысты (бар, мейрамхана, асхана) тағамға тәуелділіктің дамуы және тағамның қол жетімділігі жағдайында. [4]- Лебедько В., Баранник О. «Адамның тәуелділік механизмдері және олардан босату стратегиялары».

Аддиктивті мінез-құлықтың әртүрлі түрлері олардың дамуында келесі кезеңдерден өтеді:

- ❖ **Бірінші сынақ кезеңі.** Тәуелді мінез-құлықтың себептерінің бірі-адамның допаминді мидың өндіруіне байланысты оны эйфория күйіне келтіретін затпен немесе әрекетпен танысуы. Бұл кезеңде тәуелділік адамға және оның қызмет салаларына патологиялық әсер етпейді.
- ❖ **Тәуелді ырғақ кезеңі.** Бұл кезеңдегі нашәқор әлі де саналы түрде ойлайды. Ол тәуелділіктің қауіптілігін түсінеді, тартыншақтайды, бірақ зиянды әрекеттердің пайдасына таңдау жасайды. Эмоционалды көтерілуді сезінгісі келгендіктен, адам өзінің сүйікті іс-әрекеттерін бірнеше рет қайталайды. Бұл өмірдің әдеттегі ырғағының өзгеруіне әкеледі. Бұл кезеңде тәуелділік әлі де қайтымды, бірақ адамның мінез-құлқын қалыпқа келтіру үшін психиатрдың кеңесі қажет болуы мүмкін.
- ❖ **Іс жүзінде тәуелді мінез-құлық.** Психологияда бұл кезең тәуелділіктің өз проблемасын жоққа шығару анықтамасын алды. Адам өзін бұл тәуелді мінез — құлық оның шынайы табиғи қажеттілігі екендігіне сендіреді. Тәуелділікке тәуелділік өмірлік мәселелерді

шешудің жалғыз мүмкін әдісі ретінде көрінеді. Мысалы, ол кез-келген уақытта, егер қаласа, тәуелді мінез-құлықты қалдыра алады дейді.

- ❖ **Толық невротизация және адамның тәуелді мінез-құлқына бағынуы.** Негізгі жеке құрылым жойылды. Ми тіндерінің құрылымында қайтымсыз өзгерістер болады, дененің барлық жүйелерінің жұмысы бұзылады. Нашақор шындыққа балама ретінде таңдаған зат, әрекет немесе зат бұдан былай жағымды эмоциялар әкелмейді. Адамда бейәлеуметтік белгілер пайда болады, құқық бұзушылыққа және жақындарын қатыгездікке бейім.
- ❖ **Тұлғаның тозуы.** Психологиялық өзек пен адамның биологиялық мәні бұзылады. Бұл кезеңде тәуелділік пен тәуелділік мінез-құлық психикалық бұзылуларға және физиологиялық ауруларға айналады. Осы кезеңде қалыпты өмірге оралу мүмкін емес. Көбінесе бұл кезең тәуелді адамның өлімімен аяқталады.

Қорыта келе, адамның тәуелді мінез-құлқы қазіргі әлемнің өзекті мәселесі болып табылады. Бір нәрсеге патологиялық құмарлық бүгінде әрбір екінші азаматқа таныс. Жас ерекшеліктеріне байланысты жасөспірім тәуелділіктің қалыптасуының сезімтал кезеңі болып саналады. Дәл осы онтогенез кезеңінде ұлдар мен қыздар ата-аналарының өміріне сезімтал және қамқор қатысуын қажет етеді. Балалар мен ата – аналар арасындағы сенімді қарым-қатынасты қалыптастыру-ең тиімді алдын алу шарасы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Есірткі тәуелділігі мен тәуелділіктің психологиясы. Монография. / С. В. Березин, К. С. Лисецкий, Е. А. Назаров – М.: МПА, 2001. – 191 бет.
2. Захаров Н. П. шекаралық бұзылулар мен тәуелділік жағдайларының психотерапиясы / н. П. Захаров – М.: "ДеЛи-баспа", 2004. – 288 бет.
3. Лишецкий К. С., Литягина Е. В. тәуелділік психологиясы / К. С. Лисецкий, Е. В. Литягина – М.: "Универс – групп", 2003. – 352 бет.
4. Лебедько В., Баранник О. адамның тәуелділік механизмдері және олардан босату стратегиялары / В. Лебедько, О. Баранник – М.: ММУ, 2005. – 56 бет.
5. Психология және тәуелді мінез-құлықты емдеу / ред. с. Даулинг-М.: сынып, 2000. – 240 бет.

ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ ТҮЛҒААРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

ЕСЕНТАЕВА А.К

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
2 курс, 7М01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы*

Ғылыми жетекші: Султанова Н.К.

*Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы*

Студенттік шақта адам өзінің өмірлік жолын іздестіруде болады. Студенттің жоғары оқу орнындағы білім алу барысында кәсіби өзін – өзі анықтау кезеңі басталады, ол маман иесі болған кезде қандай әрекеттермен айналысатыны туралы ойланып, өзіндік жоспарларын құрып, оны іске асыру жолдарын қарастыра бастайды.

Дегенмен де жас адам үшін болашақ кәсіби мамандығы үшін ойланумен қатар, өзінің жалпы жеке өмірі туралы да ойлана бастайды. Яғни, жоғары оқу орнында білім алу барысында оның тұлғалық қасиеттері тұрақтанып, өмірлік қағидалары нақтыланады, өзінің тәртібін қалыптастырады. Бұл жерде студенттік ұжым маңызды роль атқарады.

Жоғары оқу орнында оқытушы әр түрлі студенттермен, әр түрлі студент топтарымен араласады, бірлесіп әрекет етеді. Сондықтан оқытушы үшін тұлғааралық қарым-қатынастың теориясын білу маңызды. Тұлғааралық қарым-қатынастың заңдылықтары мен феноменін терең меңгерсе тұлғаны жан-жақты дамытуды іске асыра алады.

Философиялық әдебиеттерде тұлғааралық қарым-қатынас мәселесі әрекет, қарым-қатынас категорияларымен тығыз байланыста және маңызды орынға ие. Бұл түсініктерді бірлікте қарастырғанмен де олардың сипаты, мағынасы әр түрлі түсіндіріледі.

«Қатынас» ұғымын философтар субъект – объект, субъект – субъект арасындағы байланыс ретінде қарастырады. Бірақта бұл қатынастарға жалпы байланыс модальдық қатынас (жағымды, жағымсыз, нейтральды) және тұрақтылық тән. Ал, субъект – объект және субъект – субъект қатынасындағы негізгі айырмашылық бір бағыттылық. Субъект – субъект қатынасына екі жақтың белсенділігімен түсіндірілетін өзара тұрақтылық пен өзгермелілік тән. Тұлғааралық қарым-қатынастағы өзара түсіністік және өзгермелілік сияқты қасиеттер кездесетін болғандықтан оның негізгі қасиеттерін дамумен қатар қарастыру қажет. «Қарым-қатынас», «тұлғааралық қарым-қатынас» бүгінгі күннің ғана мәселесі емес, ол сонау ерте заманнан бастау алған.

Ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, М.С. Коган адамдардың тәжірибелік әрекеті ұжыммен бірігіп орындауды қажет етеді, әр уақытта «материалдық, заттық, энергетикалық өзара әрекеті» талап етеді деп көрсетті; сонымен қатар, «тиімді әсер ету білігі ..., адамның алға қойылған міндетінің дұрыс тиімді шешімін таба білуді қажет етеді. Бұдан мынадай қорытынды жасауға болады: «тек қана педагогика адамға ұжымда дұрыс және тиімді өзара әрекет етуді үйрете алады».

Ғалымдар субъектаралық қатынасты қарымқатынастың бір түрі дей отырып, олардың арасында тікелей өзара байланыс барын айтады. Адам қарым-қатынасының әрекеттілігі субъектінің басқа субъектіге бағытталуынан көрінеді.

Л.П. Буева қатынас, қарым-қатынас, ісәрекет категорияларының арасындағы өзара байланысқа басқа тұрғыда қарастырады. Ол қарым-қатынасты қатынас категориясынан басқаша қарастырады. Бұл категориялар өзара байланысты екенін айта келе, қарым-қатынас байланыстың ерекше формасы, бұл үдерісте қатынас көрінеді, нақтыланады деген анықтама береді. Сонымен қатар, адамдар арасындағы объективті қатынас әрекет үдерісінде қарым-қатынастың субъективтік сипатымен анықталады.

“Қарым-қатынас” ұғымының көп анықтамаларының арасында біз оны – “коммуникативті іс-әрекет” ұғымымен синоним деп қарастыратын (А.Н.Леоньев, М.И.Лисина, Х.Т.Шеръзданова, Т.И.Суркова, Д.А.Исмаилова, Ж.А.Абишева және т.б.) позицияларына жүгініп, М.И.Лисинаның анықтамасын арқау етеміз. Сонымен қарым-қатынас деп – екі (немесе одан да көп) адамның қатынастарын жасап, реттеуі мен ортақ нәтиже алуды мақсат етіп, келісім мен бірлестікке бағытталған өзара әрекеттерін атаймыз. А.Н.Леоньев іс-әрекеттің қай түрін болмасын қарым-қатынаспен қабаттас болады деп түсіндіреді. Ол іс-әрекетті қарым-қатынастың қажетті шарты ретінде қарастырады. А.Н.Леоньевтің қарымқатынасты іс-әрекеттің өзгеше түрі деп талдау концепциясы, Б.Г.Ананьевтің, А.А.Бодалевтің коммуникативтік әрекет жайлы ілімдері зерттеулеріміздің әдіснамалық негізі болды.

Ал қазақстандық ғалым – психолог С.М.Жақыпов бүтіндей оқу – тәрбие үрдісінің тиімділігін анықтайтын факторлардың бірі және оқытушы мен оқушының арасындағы өзара әрекеттестік деп бірлескен диалогтық танымдық іс-әрекетті тиімділік критеріі деп көрсетеді. Мұнда өзара әрекеттестік, қарым-қатынас мәселесі шешілгенде танымдық ісәрекетті қалыптастыру үрдісіне жетекшілік жасау мүмкіндігі пайда болатындығы дәлелденеді. Қарым-қатынас адам өмірінде өзара қатынастың формасы ретінде маңызды роль атқарады: «қарым-қатынаста индивидтің рационалды, эмоционалды және еріктік өзара әсерлері мен өзара әрекеттері іске асырылады, қауымның көңіл-күй, ойлары, көзқарастары қалыптасады, өзара түсіністік пайда болады, үлгі-өнегені меңгереді, өзін – өзі ұстау стилі қалыптасады, ауызбіршілік, ынтымақтастық болады». Сонымен қатар, автор, әр түрлі әрекет үдерісіндегі қарым-қатынаста адамның дамитындығын, оның ішінде еңбек әрекетінде даму үздіксіз жүретінін айтып өтті.

Дегенменде, Л.П. Буева қарым-қатынастағы қарама– қайшылық кездесетінін атаған, себебі қарым-қатынас үдерісінде жағымды және жағымсыз өзара әсер болады, әр уақытта қажетті бағытта бола бермейтіндігін көрсеткен. Осыған байланысты жастар ұжымы арасындағы өзара қатынас педагогикалық көмекті қажет ететін, өте күрделі, қажетті мәселелердің бірі. Зерттеушінің ойынша педагогтың мақсаты мынада: «адамдар арасында қатынастың эмоционалды – адамгершілік негізін түсінуге көмектесіп, адамгершілік қағидаларға сай өзіндік қарым-қатынас жасауға үйретуге негіз болады».

Л.П. Буева тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастырудың негізгі жолы ретінде оқу ұжымын көрсеткен, «оқу және тәрбие әрекетіне, олардың ұжымдық формасының дамуына мінез – құлық арқылы әсер етуге болады» – деп есептейді.

Ұжымда тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастыру ұжым арқылы іске асырылады, яғни, қоршаған шынайы өмір туралы берілетін ақпаратты

мақсатты бағдарлау арқылы. Бұл жағдайда ғалым өнердің тәрбиелік ролін қолдануды ұсынады: «шынайы өмірдегі адамдар туралы ақпаратты да, әдебиеттердегі кейіпкерлер секілді жеткізу».

Осылайша ұжымдағы тұлғааралық қарымқатынасты жалпы қағидаларға сай қалыптастыру қарым-қатынастың мазмұнын байытады, сондай ақ адамдар арасындағы рухани байланыстың пайда болуы ұжымның жан – жақтылығы және әртүрлілігі деуге болады.

Психология ғылымында тұлғааралық қарымқатынас мәселесі ХХ ғасырдың басында пайда болады. Осы бағыттағы зертеу жұмыстарының ішінде 1920 – 1930 жылдар аралығындағы В.М. Бехтеревтің рефлексологиялық тұжырымдамасы тұлғааралық қарым-қатынас мәселесіне үлкен әсерін тигізді.

Өзара қарым-қатынас мәселесін басқа тұрғыдан қарауды ұсынғандардың алғашқысы С.Л. Рубинштейн болды. Ол былай деп жазды: «Басқа адамға деген қарым-қатынас адам өміріндегі негізгі ұлпалардан (ткань) тұрады, оның жүрегі. Адам жүрегі басқа адамдарға адамдық қасиеттерден құралған; яғни, қандай адамдармен қарым-қатынасқа түсуге ұмтылатындығы, қандай қатынас жасағысы келетіндігіне байланысты өз қатынасын реттей алады. адам өміріне жасалған психологиялық талдаудан басқа адамдарға қатынасын ашуға бағытталғандығын көруге болады». Осылайша ғалым айналасындағылармен қатынас тұлға құрылымында маңызды орынға ие, ал ғылымда тұлға мәселесін қоғам тұрғысынан шешу қалыптасқан деп тұжырымдайды.

Тұлғааралық қарым-қатынас мәселесіне Л.С. Выготскийдің қосқан үлесін атап өтуге болады. Оның жоғары психикалық функция (о высших психических функциях) туралы ілімінде адам психикасының әлеуметтік шарттылығы туралы идея берілген. Ғалым зерттеу нәтижелерінде индивидтің жоғары психикалық функциясының мәнін түсіну үшін өмірдің қоғамдық жағдайларын меңгеруге көңіл бөлу қажет деген тұжырым жасады.

Адам тұлғасын қоғамда қалыптастыру туралы Л.С. Выготскийдің ілімін жалғастырған Л.И. Божович болды. Ол былай деген: «если процесс социализации происходит стихийно, неуправляемо, то нет никакой гарантии, что он будет направлен на усвоение лучших, а не худших образцов. Отсюда ясно, что социализация ребенка ... должна осуществляться под контролем воспитания».

Б.Г. Ананьев, А.А. Бодалев, Л.И. Божович, В.Н. Мясищев және басқалардың зерттеулерінде басқа адамдарға деген қатынасының даму негізінде басқаларға деген де қарым-қатынасы да қалыптаса бастайды, мысалы, еңбекке, өзіне деген қатынасы.

Бізде педагогикалық-психологиялық еңбектерді зерделеу барысында Я.Л. Коломинскийдің еңбектерінен тұлғааралық қарым-қатынастың мәнін, қалыптасу жолдарын сипаттағанын көре аламыз. Ол тұлғааралық қарым-қатынасқа анықтама берерде В.Н. Мясищевтің теориялық тұжырымдарына сүйенгеніне отырып мынадай анықтама берген: «адамдардың бір – бірінің арасындағы қатынаста интеллектуалды, эмоционалды, көрнекі – бейнелі қасиеттерді көрсететін тұлғалық – маңызды ішкі күй».

Ұжымдағы тұлғааралық қарым-қатынастың дамуы мен қалыптасуына негіз болатын адамның қарым-қатынасты қажетсінуі деп көрсетеді. адамның ұжымдағы қарым-қатынасының қажеттілігінің бірі адамның өзіне жақын дос іздеуіндегі белсенділігін атайды. Сонымен қатар тұлғаның жасы өскен сайын ұжыммен қарымқатынастағы тұрақтылық пен маңыздылығы арта түседі. Бұл алынған фактілерге сүйене отырып тұлғааралық қарым-қатынасты студенттік ұжымда зерттеу тиімді деген тұжырым жасауға болады.

Я.Л. Коломинский ұжым арасында іскерлік және даралық қатынастарды бөліп көрсетті. Ол ұжымда бір мезгілде туындағанменде бірдей дәрежеде дамымайтынын атап айтты. Ғалым іскерлік қатынастың мәнін аша отырып, бірлескен әрекетте пайда болатынын, оның ішінде педагогтар арасында қалыптасатынын көрсетті. Іскерлік қатынаста адам эмоциясы көп көрінбегенмен де кейбір жағдайларда тұлғаның даралық ерекшеліктеріне сай байқалуы мүмкін. Зерттеушінің пікіріне сай тұлғалық қатынас қызығушылықтар, қажеттіліктер, талпыныс, ұмтылыс негізінде қалыптасады. Тұлғалық қатынаста уақыт маңызды фактор болып табылады. Уақыт өткен сайын қатынас дамиды және өзгереді, оған өсу, өзгеру тән. Ғалымның айтуынша өзара қарым-қатынас белгілі бір уақыт кезеңінде адам өмірінде нақты орын алатын динамикалық жүйе. Тұлға бойында тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастыра отырып, оның ұжымда жағымды қарым-қатынас орнатуына негіз болады. Мысалы, ұжымда тұлғаның бойындағы маңызды қасиеттерді мадақтап көрсете отырып, оның мәртебесін көтеруге болатындығын атап өтті.

Ұжымдағы тұлғааралық қарым-қатынасты қарастыра отырып, жолдастық қарым-қатынас бірлескен іс-әрекет барысында пайда болады және өзара көмек, өзара бірлесу негізінде көрінетіндігін атады. Бұндай қарым-қатынаста өзара симпатия болуы да мүмкін, бірақта оның пайда болуы міндетті емес.

Ұжымда тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастыруды зерттеудегі басқа бағыт Г.М. Андреева, А.И. Донцов, А.В. Петровский және т.б. зерттеулерінде көрініс тапты. Бұл авторлардың пікірінше бірлескен іс-әрекет ұжымда тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастырудың негізі болып табылады.

Авторлар ұжымда тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастырудағы педагогикалық жұмыстың маңыздылығын былайша түсіндіреді, кез – келген ұжым тұлға бойында тұлғалық қасиеттерді қалыптасуына негіз болып, тәрбиелік қызмет атқарады. Ұжым – тұлғаның әлеуметтік тәжірибесін жинақтайтын негізгі базасы деп санайды.

ЖОО-ғы оқу үдерісінде студент білім алумен қатар кәсіби маңызды қасиеттерге де ие бола бастайды. Студенттік кезеңде айналасындағылармен, өндірістік ұжымдағылармен өзін адекватты сезініп, кәсіби және жеке өмірінде өзін көрсетуде дұрыс қарым-қатынас жасауға дағдыланады.

Ұжымда тұлғааралық қарым-қатынастың қалыптасуына кедергі келтіретін төмендегідей объективті себептерді атап көрсетті: ұжымның дамуы: ұжым мүшелерінің өзін – өзі танытудағы жаңа негізі және т.б. ұжым құрамының өзгеруі; педагогтың қатесі: ұжымдағы либералдық стильдің басым болуы немесе ұжымда авторитарлық.

Қорыта келгенде, қарым-қатынас – жалпы адам өмір сүруінің негізгі жағдайы. Адам қалыпты өмір сүру үшін, өзінің психикалық қасиеттерін дамыту үшін, жеке тұлғалық ерекшеліктерін жетілдіру үшін, сондай – ақ білім менгеріп тәжірибе жинақтау үшін адамдармен қарым-қатынас жасайды. Қарым-қатынас арқасында ғана адам өзінің кім екенін танып, өзін өзгелерден ажырата алады, өзін басқалармен салыстыру арқылы басқа адамдағы қасиеттерді менгереді. Қоғамнан тыс адам өмір сүре алмайды. Адам психикасының дамуындағы қарым-қатынастың ролі ерекше. Сондықтан адам өзгелермен қатынасқа түсу арқылы ғана қалыпты өмір сүре алады. Сол себепті де студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру маңызды. Қарым-қатынас мәдениеті жоғары деңгейде дамыған студент ертеңгі күнгі білікті, іскер маман.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 1 Базарбаева К.К. Психологиялық тренинг және оны ұйымдастыру жолдары . Астана, 2010ж – 22 – 23 б. 2 Лисина М.И. Проблемы онтогенеза общения. Москва, Педагогика 1986. -С.26 – 27
2. 3 Әл – Фараби әлеуметтік – этикалық трактаттар – Алматы: “Ғылым”, 1974ж – 343 б. 4 Баласағұн Ж. Құтты білік – Алматы: “Жазушы”, 1986ж –178 б.
3. 5 Бес ғасыр жырлайды – Алматы: “Жазушы”, 1989ж, 1,2 том. – 382 б. 6 Адамтану. Н.Күнұжаев – Алматы: “Ғылым” 2002ж, 56 б.
4. 7 Ұстаздық еткен жалықпас. Психологиялық очерктері. Ұ.Жарықбаев Алматы: “Рауан”1995ж,46 б. 8 Психология здоровья . Под ред. Г.С. Никифорова. – СПб., 1998. -158 с.
5. 9 Холмогорова А.Б., Гаранян Н.Г. Культура, эмоции и психическое здоровье . Вопросы психологии. – 1999. – №2. – С.61-74.
6. 10 Қазақ психологиясының тарихы Қ.Жарықбаев – Алматы “Қазақстан” 1996ж – 112б.

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘЖІРИБЕСІН ТАЛДАУ

Табылдиева З.А.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, Семей қаласы, 2 курс, 7М01101
Педагогика және психология білім беру бағдарламасы*

Ғылыми жетекші: Султанова Н.К.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті

Студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ) – студент білімінің тереңдігі, дағдылары мен біліктілігіне, білім меңгеруіне ықпал ететін оқу процесінің ең негізгі элементтерінің бірі. СӨЖ орындау арқылы студент оқу процесінің белсенді мүшесі бола отырып, өз ойын еркін, сондай-ақ, нақты дәлелдермен жеткізе алатын дағдыларды үйренеді және меңгереді. Өзіндік жұмыс мәселелерін зерттеуде жоғары мектеп педагогикасы алдында бірнеше маңызды міндеттер тұр. Мұның басты себебі, біріншіден, өзіндік жұмыс студенттердің көп аспектілі тұлғалық білім беру құралы ретінде қарастырылмайды; екіншіден, бұл мәселе бойынша зерттеулерде орта және жоғары мектеп арасындағы сабақтастық ескерілмейді. Сондай-ақ, бұл сала бойынша арнайы зерттеулердің жеткіліксіздігі байқалады. Жоғары мектептегі оқу процесінің теориясы мен практикасында болашақ педагог-психологтардың өзіндік іс-әрекетін қалыптастыру мәселесіне жеткілікті мән берілмеген.[1] Оқытушы оқыған кез келген дәріс тақырыбы студентке түсінікті бола бермейді. Оның себептерінің бірі – студенттің басты қызығушылық объектісі – мамандық алу. Ал, оқылған дәріс оның болашақ мамандығымен байланыссыз болса, оны игеруге құлқы болмайды. Онымен қоса, оқу процесінің бастапқы кезеңдерінде, студенттерде қойылған проблеманы шешуге қажетті өзіндік жұмыс істеу дағдылары әлі толық қалыптаспайды. Сондықтан, оқу процесінің алғашқы кезеңдерінде оқытушы тек проблема қою ғана емес, оны шешу жолдарына студенттерді баулуы тиіс. Бұл орайда, СӨЖ реферат, баяндама, шығармашылық жұмыс, бақылау жұмысы, ғылыми мақала түрінде дайындауға ықпал етуі қажет. Көптеген психологтар мен педагогтардың зерттеулерінде ЖОО студенттері оқу процесіне бейімделу жағдайында өзіндік жұмыстарды орындауда, оның сан алуан түрлері мен формалары бойынша біршама қиыншылықтарға кездеседі. Соның салдарынан, оқып-үйренушілер оқу-тәрбие жұмыстарына, өзіндік жұмыстарға енjarлық танытып, оқу үлгерімдерінің төмен болуы орын алады.

Білім – қоғамның дамуы мен болашақтағы жағдайын анықтаушы болып табылады. Кез келген елдің экономикалық және саяси тәуелсіздік жағдайы халықтың жалпы білімі мен кәсіптік деңгейіне байланысты. Ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біздің болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет. Қазіргі білім – азаматтық қоғамдағы әлеуметтік талаптарға бағытталған күрделі де жан-жақты қоғамдық құбылыс, оқыту және тәрбиелеу түріндегі педагогикалық әрекеттің тұтас жүйесі.

Кез - келген кәсіптегі маманды қалыптастыруда мамандыққа сай білім алу қаншалықты өткір мәселе болса, сонымен қатар “жеке маман тұлғаны” өзіндік дамытуда оны шығармашылықпен терең іргетасын дайындау соншалықты алғышарт. Білім жүйесінің мазмұны өмірдің түрлі жағдайларында әрекет ете алатын «тұлғаны» дайындау. Осы мақсатта оқу жоспарын оқушыларға азаматтық білім беруге бағыттау керек. Бірінші кезекте әлемдегі болып жатқан өзгерістерге байланысты білім жүйесін ұлттық модульде құру және ол үшін өркениетті елдерде берілетін біліммен ортақ көзқарастарын табуға ұмтылу қажет.

Қазіргі қоғамдық сұраныс – өз ісіне мығым, жұртшылықпен араласуда жеке басындағы барлық шынайы жағымды қасиеттерін байқата алатын бүгінгі студент, ертеңгі маманды тәрбиелеуді талап етеді. Адамның қоғамдық мәні – өмір сүрген ортасы, әлеуметтік жағдайы, білімі, санасының жоғары немесе төмен болуы оның жеке адамға тән қасиеттерінің қалыптасуының шарты. Ал, әлеуметтендіру тәрбие берумен тікелей байланысты. Тәрбиенің түрлері де әр алуан: жас бала өмірге келгеннен бастап, қартайып өмірінің соңына дейін тәрбиеден өтеді. Тәрбие екі жақты: жас өспірімдерге тәрбие беру, ересек адамдарға тәрбие беру, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар.[2]

Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың маңызы өте зор. Өйткені, сол арқылы студенттердің іс-әрекетінің дербестігі артады. Студенттің өзіндік жұмысы- кез-келген пәнді оқуға өзіндік жұмыстың орындалу әдістерінің қалыптасуына бағытталғанымен, бұл жұмыс- студенттің ғылыми, оқу кәсіби қызметін қалыптастырып, мәселелерді өзіндік шешуіне оптималды шешімдерді қабылдауға, дағдарыстық жағдайлардан шығуға арналған. Жоғарғы мектептің орта мектептен ең басты айырмашылығы- оқыту жұмысының әдісі және оқушылардың жеке деңгейі болып табылады. Сонымен қатар, студенттердің өзіндік жұмыстарының тәрбиелік мағынасы өте зор. Өйткені, бұл жұмыс студенттің білім алуындағы жеке жұмысын ғана емес, қазіргі заманғы жоғарғы кәсіби маманды тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді. Студенттің өзіндік жұмысын белсендірудің тәсілдері ұйымдастырушылық және әдістемелік болып бөлінеді. Әдістемелік жағынан белсендіру қолданылған әдіс-тәсілдерге, студенттің өзіндік жұмысының

формалары мен ұйымдастыру құралдарына байланысты. Өзінідік жұмысты оқытушының дұрыс басқара білу және студенттердің дербестік әрекетінің дәрежесі артып отыруы- осы жұмыстың белгілері болып табылады.

Жоғары оқу орындарында студенттердің өздік жұмыстарының қарапайым және қолайлы түрі – коллоквиумдар болып саналады, ол белгілі бір тақырыптағы баяндама немесе деректі мәселені талқыға салатын ғылыми жиналыс түрінде ұйымдастырылуы мүмкін. Бұған мұғалімдердің де шығармашылық әдіс-амалдары қажет. Мысалы, студенттердің жазған «мазмұндамасын», жасаған «семестрлік, курстық жұмыстарын» әдеттегідей қабылдай салмай, әртүрлі ғылыми пікірталас ұйымдастыру арқылы қабылдаған әлдеқайда тиімді. Тәжірибе көрсеткендей, бір курстық жобаны 2-3 студент орындаса жобаның практикалық сапасын арттыруға болатындығы көрінеді, яғни, бұл топтастырған тәсіл өз бетімен жұмыс істеуге, өзара көмек көрсетуге, шығармашылығын және жауапкершілігін арттыруға себебін тигізетіндігі анық. Өйткені жобалау кезінде студенттер таңдау еркіндігін алады. Білімгерлердің өздік жұмыстарын қадағалаудың тәсілдері де үлкен нәтиже береді [3].

Өзін бағалай және қадағалай білуді, өзіне баға беруді қалыптастыру – студенттің қызығушылық көзқарасын және белсенділігін арттыратын сенімді тәсіл. Әр пәнге арналған өзіндік жұмыстар студенттердің өз күштеріне сенімділігін және жауапкершілігін арттырып, өзіндік баға беру қабілетін қалыптастырады. Өзіндік жұмыстың нәтижесін көру үшін ұйымдастыру-әдістемелік шараларының анық жоспарланған жүйесі болуы тиіс. Өзіндік жұмыстың керекті нәтижесін алу үшін қойылатын негізгі шарт – студенттерді оқу-әдістемелік және анықтама-нормативтік материалдармен толық қамтамасыз ету қажет.

Жоғарғы оқу орнына түскен кешегі талапкерлер студент болған соң, жоғарғы оқу орны шарттарына орай бейімделу кезеңінен өтеді. Бұл кезең өзінде жаңа әлеуметтік орта мен жоғары оқу орындарындағы оқу және ғылыми ізденістер, болашақ кәсіби қызмет шарттарына дағдылану жағдайларын қамтиды. Бірінші курс студенттерінің көпшілігі кітап, лекция конспектілерімен жұмыс істеу, өз еңбегін дұрыс ұйымдастыру, пәндердің күрделілігін есепке ала отырып аудиториядан тыс орындалатын жұмыстарға берілетін уақытты тиімді пайдалана алмайды. Осыған орай оқытушылардың басты мақсаты – бірінші курс студенттерін жаңа жағдай шарттарына бағдарлануға тәрбиелеу, оларды оқу және оқудан тыс уақыттарын тиімді пайдалануға үйрету, болашақ ісінің кәсіби шеберлігіне деген қызығушылық сезімін ояту. Сонымен қатар ұйымдастырушының әдеттері мен іскерлігін дамытудың қалыптасуына, кәсіби білімді меңгеру мен түрлі оқу тапсырмаларын өз бетінше орындауға ықпал ету. Кез - келген курс студенттері өзінің жас ерекшелік және дара ерекшелік қасиеттерінің дамуын бастан кешірді. Осы ерекшеліктерді көп ғұламалар зерттеген. Ақтуальды даму өрісі адамның игеріп үлгерген және соның негізінде танымдық және басқа да мәселелерді өзі дербес шеше алатын әдіскерлік пен дағдылар жүйесіне әсер етеді. Ақтуальды дамудың деңгейі іргелес өрісті, яғни оқу процесінде баланың өзі немесе үлкендердің көмегімен игере алатын іскерлік өрісін белгілейді. Іргелес даму өрісі дегеніміз – баланың ертеңгі күні. Арнайы ұйымдастырылған мақсатты педагогикалық процесс жағдайларында мұның өзі әлдеқайда ертерек әрі тиімдірек өтеді. Егер сыртқы жағдайлар ішкі күштердің кез келгенінің дамуына қолайлы жағдай жасамаса, онда соңғыларының мүлдем ашылмай қалуы да мүмкін немесе қызмет етудің бұрмаланған формаларын қабылдауы ықтимал.

Педагогикалық білім студент дамуының кешегі күніне емес, оның ертеңгі күніне бағдарлануы тиіс. Тек сонда ғана ол оқыту процесінде іргелес даму өрісінде жатқан даму процестерін өмірге келтіре алады. Студент мәселені шешуге ынталанып, нақты, бірақ өзінің әлі жететін қиындықтарды қайткенмен де жеңуге құштарлана түседі. Сондықтан жалпы оқу процесін өзін ықтиярсыз мәжбүрлеу емес, еліктеу, сабақ білмеуден білуге жетелейтін жеңіс жолы ретінде басынан кешіреді. Еліміздің болашақ мамандары қоғам талабына сай жан-жақты қарулануы үшін төмендегі міндеттерді әрбір оқытушы орындауы қажет:

1. Әрбір ұстаздың өз пәнінің білікті, білімді шебер маманы екенін көрсете білу.
2. Студенттің ақтуальды және іргелес даму деңгейін дәл анықтауға бағыт беріп, келешекпен байланысты сенімді қалыптастыру.
3. Студенттің әрбір пәннің мамандыққа қатысты мәселелерін ынтымақтастықпен шешу қабілеттерін дамыту.
4. Студенттің кәсіби білікті, білімді шебер тұлға қасиеттерін санасына құйып дүниетанымын кеңейту.

Әр ғылымның барлық саласында болмысы білім мазмұны мен көлемі қауырт өсіп отырған қазіргі ғылыми-техникалық процесс кезінде бұл міндеттердің жүзеге асуы оқыту үрдісінде

студенттердің өзіндік оқу жұмыстарын оңтайлы ұйымдастырудың тиімді әдістері мен тәсілдерін, оқыту түрлерін, нысандарын іздестіру өзекті сипатқа ие болады. Себебі, студенттердің өзіндік жұмыстарын арнайы ұйымдастыру оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты болып табылады. [4]

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Асанов Н. Өзіндік жұмыстардың ерекшеліктері. Алматы, 2013. 125-126 б.
2. Р.Б.Исмаилова Студенттермен жүргізілетін өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың ерекшеліктері. // Бастауыш мектеп- №5,6-2012, Б.36-37 б.
3. Кулекеев Ж.А., Пивень Г.Г., Нургужин М.Р., Каланова Ш.М., Падиарова И.П. Системы менеджмента качества организаций высшего профессионального образования. Теория и практика. – Караганда: Издательство КарГТУ, 2014. – 356 с.
4. Галиев Т. Системный подход к интенсификации учебного процесса. – Алматы: Ғылым, №2. – 303 с.

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Тлеубергенов Қ.М.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, Семей қаласы, 2 курс, 7М01101
Педагогика және психология білім беру бағдарламасы*

Ғылыми жетекші: **Джумажанова Г.К.**

Психология ғылымдарының кандидаты, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Жоғарғы оқу орындарында студенттердің жеке тұлғасын қалыптастыру, оның рухани әлемін әрдайым байыту, оқуға деген ынта-жігерін арттыру, қоғамдық өмірдегі барлық салалардағы өзгерістер адамның интеллектуалдық күш – жігерін, саналы әрекеті мен ізденімпаздығын, танымдық ой-өрісінің белсенділігі мен іс-әрекетін шығармашылық сипатта жүзеге асыруды талап етеді.

Қазіргі таңда сай өзіндік іс-әрекетін жаңа жағдайға байланысты оңтайлы ұйымдастыра білуі тиіс.

Студенттің өзіндік жұмысы - болашақ мамандарды даярлаудың және білім сапасын арттырады. Осыған орай жоғары оқу орындарында әр білім алушыдан ой еңбегінің ұтымды әдістерін білуі, яғни аз уақыт кетіріп қажетті ақпаратты іздеп және меңгеруді, фактілер, теорияны, тұжырымдамаларды жүйелеп және жіктей білуді, өз көзқарасын нақты айтып және дәлелдей білуді үйренуі талап етіледі.

Студенттің өзіндік жұмысы – бұл студенттің дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызғушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған студенттің оқу әрекетінің ерекше түрі [1].

Өзіндік жұмыс студенттердің шығармашылық қабілеті мен біліктерін дамытуда олардың барысында тиімді, әрі өнімді еңбек етуіне мол мүмкіндіктер жасайды. Өзіндік жұмысты оңтайлы ұйымдастыру елеулі практикалық міндет және маңызды ғылыми проблема болып табылады.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыру мәселесіне көптеген зерттеулер арналған. Олар педагогикалық әдебиеттерде алғаш өзіндік жұмыс мәселелерін В.К.Буряк, Е.Я.Голант, Б.П.Есипов, Р.Г. Лемберг, Р.М. Микельсон, И.И. Пидкасистый, Е.С.Саблик, М.Н. Скаткин еңбектерінде зерттелініп, оқу үрдісінде білім алушылардың өзіндік жұмысын жүйелі түрде қолдану негіздері қарастырылды.

Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың мәнін дидактикалық тұрғыда қарастырғандар: А.Е.Абылқасымова, Н.А.Адельбаева, С.И.Архангельский, М.В.Буланова-Топоркова, М.Г.Гарунов, И.И. Кобыляцкий, Р.Н. Низамов еңбектері арналған.

Өзіндік жұмысқа берілетін анықтамалардың әртүрлігіне қарамастан, оларды бірнеше шағын топқа бөлуімізге болады.

И.Т.Протасовтың ойынша, өзіндік жұмыс біліктілік пен іскерлік жиынтығы.

Г.Н.Кулагина өзіндік жұмысты студенттің іс-әрекет құралы белсенділігі мен өз бетімен білім алуға дайындығы деп түсінеді.

Г.Н.Дари өзіндік жұмыстың мәнін былайша айтады. Бұл жұмысты студент өз бетімен орындайды, ол өзінің біліміне, іскерлігі мен сеніміне, өмірлік тәжірибесі, дүниетанымына сүйене отырып атқарады [2].

Жоғарғы оқу орындарында жүріп жатқан түбегейлі өзгерістерге байланысты СӨЖ-дің маңызы артқанын, ондағы оқытушының орнын, кредиттік оқыту жүйесінде оны ұйымдастырудың кейбір ерекшеліктері мен мәселелерін отандық зерттеушілер С.Е. Калдыкозова, А.Головчун және ресейлік зерттеушілер Е.Галицких, Ю.Попов пен В.Оробинский, И.Г. Ковалевский, Г.Ларионова еңбектерінде қарастырылады.

Педагогика-психология ғылымында, өздігінен білім алу, студенттердің ақыл-ойының дамуының жоғарғы көрсеткіші деп қарастырылады.

Өзіндік жұмыстары әр түрлі әдістер арқылы іске асырылады, мысалы: жаттығу, кітаппен жұмыс істеу, бақылау, есеп шығару, эксперимент жүргізу т.б.

Студенттердің өздігінен орындайтын жұмыстарының бір жаттығулар мен тапсырмалар болып табылады. Сондықтан жоғарғы оқу орындарында әрбір курста оқытушылардың басшылығымен студенттер жаттығуларды өз бетімен жұмыс істеуге ұмтылады.

Студенттердің өзіндік жұмысы болашақ маманның шығармашылық ойлауын, танымдық қызығушылығын және арнайы білім алуын қамтамасыз ететіндіктен жаттығулардың маңызы зор.

Р.С.Немов төмендегідей қорытынды жасаған: «Білік дағдылардың барлық түрлерін қалыптастыруда жаттығулардың маңызы зор. Олардың негізінде дағдылар автоматтандырылып, біліктілер жетіледі. Ал күнделікті, жүйелі жаттығуларсыз, білік, дағдылар өз қасиеттерін жоғалтады»[3].

Өз бетімен жұмыстың маңыздысы - студенттің өз беттерімен орындай алуларына, оқуға белсенділігінің артуына, шығармашылығын қалыптастыруға ықпалы мол. Өз бетімен жұмыс жасау барысында студент Р.Сүлейменов[3] өздігінен істейтін жұмыстарды әрекет сипатына қарай жаттығу, зерттеу шығармашылық жұмыстар деп топтастырады. «Шығармашылық еңбекте студенттің іскерлік қабілеті, білім көлемі, білім молдығынан туатын толық дербестігі айқын көрінуі тиіс». Шығармашылық жұмыстар студенттердің дүниетанымына, ізденімдік қабілетінің дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Онымен қатар өздігінен ой қорытып, шешім шығаруға, дұрыс сөйлеп, сауатты жазуға, тіл байлығын арттыруға жәрдемдеседі.

Сонымен, өзіндік жұмыс студенттердің шығармашылық әрекеті мен ынтасын дамытуда зор әсер білдіреді, қайсарлық, табандылық, батылдыққа тәрбиелеуде және қалыптастыруда көздеген мақсатқа жетуге және жеке тұлғаны сапалық қасиеттерін жетілдіруге зор мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Асанов Н. Өзіндік жұмыстардың ерекшеліктері. Алматы, 2004
2. Р.Б.Исмаилова Студенттермен жүргізілетін өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың ерекшеліктері. // Бастауыш мектеп- №5,6-2012, Б.36-37.
3. Абдукаримова У. Самостоятельная работа студентов. Алматы, 1999

ЕРЕКШЕ ҚАЗЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТКЕ БЕЙІМДЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тыныбекова Д.Ш.

*қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
г- 409 тобы, 4 курс, «психология»*

Ғылыми жетекші: Абдуллина Г.К.

қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті оқытушысы, Семей қаласы

Әлеуметтену - жеке тұлғаның қалыптасуын сипаттайтын процестер арасындағы ең кең ұғым болып табылады. Бұл тұлғаның әлеуметтік өмірдің дайын формалары мен әдістерін, материалдық және рухани мәдениетпен өзара әрекеттесу жолдарын, қоғамға бейімделуді ғана емес, сонымен бірге өзіндік әлеуметтік тәжірибені, құндылық бағдарларын және өмір салтын дамытуды саналы түрде игеруін қамтиды.

Балалық шақта тұлғаның «пісіп-жетілу» процесі жүреді, өзгермелі әлеуметтік ортаға бейімделе алатын және өзінің "Менін" басқа адамдардан ажырата алатын адамның жетілуі жүреді. Әлеуметтік даму әлеуметтену және индивидуализация процестерін біріктіреді, баланы тек объективті әлемге ғана емес, сонымен бірге ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас арқылы коммуникацияның әлеуметтік кеңістігіне кіргізеді. Бұл тұрғыда баланың дамуының алғашқы кезеңдері, әлеуметтік қатынастардың, қоғаммен

қарым-қатынастың негізі қалануы өте маңызды. Мамандар ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасаудағы ең қиын проблема - олардың әлеуметтенуі болып екендігіне назар аударады. *Ерекше қажеттіліктері бар бала* құрдастарын әрекеттесу объектісі ретінде танымайды, мінез-құлық нормаларын үйренуде өзіндік қиындықтармен игереді, айналасындағы адамдармен өзара әрекеттесуге деген қажеттілікте белсенділік танытпайды.

Көптеген ғалымдар мен практиктер ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселесін сәтті шешу үшін олардың әлеуметтік бейімделуін интеграция жағдайында жүргізу керек деген пікірде. Баланы әлеуметтендіру ұзақ және өте күрделі процесс. Бір жағынан, кез-келген қоғам, ең алдымен, әр баланың әлеуметтік және моральдық құндылықтар жүйесін, мұраттарын, мінез-құлық нормалары мен ережелерін қабылдап, игеріп, осы қоғамда өмір сүріп, оның толық мүшесі болуына мүдделі. Екінші жағынан, баланың жеке басының қалыптасуына қоршаған өмірде болып жатқан әртүрлі стихиялық, стихиялық процестер үлкен әсер етеді.

Баланың әлеуметтенуі - ұзақ және өте күрделі процесс. Бір жағынан, кез-келген қоғам әр баланың әлеуметтік және моральдық құндылықтар жүйесін, мінез-құлық нормалары мен ережелерін қабылдап, игеріп, осы қоғамда өмір сүріп, оның толық мүшесі болуына мүдделі. Екінші жағынан, баланың жеке басының қалыптасуына қоршаған өмірде болып жатқан әртүрлі стихиялық, өзгермелі процестер әсер етеді.

Әлеуметтік даму бірнеше жолмен жүзеге асырылуы мүмкін. Олардың бірі-адамның әлеуметтік шындықпен және сыртқы әлеммен стихиялық өзара әрекеттесуі және адамды әлеуметтік мәдениетке мақсатты түрде енгізу процесі. Мектеп кезеңі баланың әлеуметтік қатынастар әлеміне енуі және әлеуметтену процесі үшін өте маңызды. Әлеуметтік тәжірибені бала қарым-қатынаста алады және оған қоршаған орта беретін әртүрлі әлеуметтік қатынастар әсер етеді. Бала сөйлеуді, жаңа білім мен дағдыларды игереді, өзінің сенімдерін, рухани құндылықтары мен қажеттіліктерін қалыптастырады, мінезді қалыптастырады. Балалардың әлеуметтену процесінде келесі ерекшеліктер байқалады:

1. Балалардың өзін-өзі басқаруға қабілетті ересектерден айырмашылығы, балалар қоғамға кіру процесінде эмоционалды және құндылық қатынастары деңгейінде бекітілген негізгі құндылық бағдарларын түзетеді.
2. Ересектер әлеуметтік нормаларды бағалай алады, оларға сыни көзқараспен қарайды; балалар оларды мінез-құлықтың белгіленген реттеушілері ретінде қабылдайды.
3. Балалардың әлеуметтенуі ересектерге бағынуға, белгілі бір ережелер мен талаптарды орындауға негізделген.
4. Ересектердің әлеуметтенуі белгілі бір дағдыларды игеруге бағытталған; балаларда мінез-құлықты ынталандыру жетекші рөл атқарады

Баланы әлеуметтендірудің бұл ерекшеліктері іс- әрекеттің арнайы ұйымдастырылуын талап етеді - баланы тәрбиелеу, білім беру және дамыту процестерінде әлеуметтік қалыптасуын жан-жақты қолдау. Осылайша, балаларды әлеуметтендіру процесі әлеуметтік шындықпен танысудың бағытын, динамикасын және сипатын анықтайтын бірқатар факторлардың, қозғаушы күштер мен механизмдердің әсерімен жүреді. Оларды бақылап, есепке алу білім беру процесін тиімді басқаруға, сондай-ақ баланың әлеуметтік даму траекториясын болжауға мүмкіндік береді.

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды толыққанды әлеуметтендіру шарттарының бірі - отбасындағы қолайлы климат. Отбасы балалардың физикалық, эмоционалды, ақыл-ой дамуында жетекші рөл атқарады. Бала әлеуметтік нормаларды отбасында меңгереді. Тек отбасында іргелі құндылық бағдарлары қалыптасады, өмір салты, ұмтылыстары, болашаққа деген жоспарлары және оларға қол жеткізу жолдары игеріледі. Мұнда бала өзіне-өзі қызмет көрсетуге дағдыланған кезде еңбек дағдыларымен танысады, үй шаруашылығында үлкендерге көмек көрсетеді. Осылайша, бала ата-анасының, туыстарының және басқа адамдардың жұмысын құрметтеуге үйренеді.

Баланың әлеуметтік дамуы іс-әрекет барысында жүзеге асырылады. Онда өсіп келе жатқан адам өзін-өзі түсінуден, өзін-өзі танудан өзін-өзі анықтауға, әлеуметтік жауапты мінез-құлыққа және өзін-өзі жүзеге асыруға үйренеді. Балаға өзін тұлға ретінде толық сезінуге мүмкіндік беретін ойын әрекеті жүзеге асады. Ойынның арқасында баланың жеке тұлғасы дамиды: мотивациялық-қажеттілік саласы дамиды, танымдық және эмоционалды эгоцентризм деңгейі төмендейді, мінез-құлықтың озбырлығы жетіледі, ақыл-ой әрекеттері және жылдамдығы дамиды.

Ерекше қажеттіліктері бар баланың жеке тұлғасын әлеуметтендіру процесі мұндай балалардың қоғамда өмір сүруге қажетті белгілі бір құндылықтар мен жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын игеруі қоғамға адаптация жағдайында тиімді болады. Баланың жеке басын неғұрлым толық және сәтті әлеуметтендіру үшін оны тәрбиелеу және дамыту процесінде отбасының

микрофактор ретіндегі рөлін айқындау қажет. Әлеуметтенудің негізгі міндеттері — қоғамдағы өмір үшін қажетті құндылықтар мен жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын, коммуникативті және әлеуметтік құзіреттілікті қалыптастыру. Осылайша, біз әлеуметтік-психологиялық іс-әрекеттің баланың дамуындағы әлеуметтік жағдайды психологиялық, білім беру, тәрбиелеу, оқыту, дамытушылық жағдайға ауыстыру технологиясы ретінде жүзеге асыру керек деген қорытындыға келеміз. Әлеуметтік тәрбие процесінің негізі балаларды әлеуметтік әлеммен таныстыру болып табылады. Оқушы баланың жас ерекшеліктерін ескеру маңызды, өйткені бұл критерийлер өзіндік табиғаты бойынша әлеуметтік сипатта және олардың дамуы әлеуметтену процесінде қамтамасыз етіледі. Бұл процеске қол жеткізудің толықтығы дамудың мотивациялық, танымдық және белсенді-практикалық компоненттерінің бірігуі нәтижесінде мүмкін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Борякова Н. Ю. Клиническая и психолого-педагогическая характеристика детей с задержкой психического развития // Коррекционная педагогика. 2003. — № 2
2. Голованова Н. Ф. Социализация и воспитание ребенка. Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. — СПб.: Речь, 2004. — 272 с.
3. Интеграция детей с особыми нуждами. Материалы областной научно-практической конференции. — Самара: ГП «Перспектива», 2003. — 236 с.

СНИЖЕНИЕ УРОВНЯ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ВЫГОРАНИЯ И ПОВЫШЕНИЕ СТРЕССОУСТОЙЧИВОСТИ МЕТОДАМИ ТЕРАПИИ

Тануев А. А.

*Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей
группа МПП-222, 2 курса специальности «Педагогика и психология»*

Научный руководитель: Аюпова Г.Т.

Доктор PhD, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

Актуальность исследования профилактики профессиональной деформации педагога обусловлена модернизацией системы современного образования, которая выдвигает особые требования к личности преподавателя, как человека, формирующего молодое поколение.

В процессе профессиональной деятельности педагог не только совершенствует знания, умения, навыки, позволяющие успешно выполнять профессиональные обязанности, но также становится уязвим к воздействию негативных факторов, приводящих к деструктивным изменениям его личности (профессиональной деформации).

Поскольку следствиями профессиональной деформации является снижение эффективности трудовой деятельности и качества жизни субъекта труда, работа, направленная на изучение ее причин, разработку методов и программ ее профилактики и коррекции является актуальной и востребованной как с экономической, так и с психологической точек зрения.

Грамотный подход к глубокому изучению проблемы профессиональной деформации и ее профилактики может дать свои плоды по улучшению качества личной и профессиональной жизни педагога, в том числе преподавателя высшей школы.

Исследованиями педагогической деятельности в контексте влияния профессии на личность специалиста занимались Б.Г. Ананьев, А.Я. Анцупов, Г.В. Суходольский, Э.Э. Сыманюк, И.В. Сыромятников и др. [1]

Профессиональная деформация - это результат постоянного воздействия внешних и внутренних факторов профессиональной деятельности, специфически профессиональный тип личности, проявляющийся на ценностно-смысловом, мотивационном, когнитивном, динамическом, эмоциональном, регулятивном, продуктивном уровнях. Она приводит к нарушению целостности, утрате адаптивности, устойчивости, когнитивным искажениям в восприятии информации, резком снижении продуктивности профессиональной деятельности. [2]

Проблема психологических ресурсов и функциональных резервов психики является одним из основных направлений исследований в контексте изучения механизмов регуляции психологического стресса. Она достаточно подробно описана в работах по психологии спорта и

физиологии, однако проблема изучения психологических ресурсов как фактора регуляции психологического стресса в контексте изучения стресса в профессиональной деятельности еще не получила должной разработки. Исследования резервов человеческой психики проводились в основном, на моделях поведенческой активности и в целях регуляции психических состояний [3].

Проблемой психологических ресурсов и функциональных резервов психики в контексте изучения механизмов регуляции психологического стресса занимались Н. Е. Водопьянова, Г. Селье, Е. С. Старченкова, С. Хобфолл и другие: Авторы определяют психологические ресурсы как внутренние и внешние переменные, способствующие устойчивости психики и поведения человека в стрессогенных ситуациях, как эмоциональные, мотивационно-волевые, когнитивные и поведенческие конструкты, которые человек актуализирует с целью адаптации, к стрессовым ситуациям, как средства, используемые для преобразования взаимодействия со стрессовыми ситуациями. О.Хобфолл рассматривает потерю ресурсов как самый первый механизм, приводящий к стрессовым реакциям. Личностные ресурсы могут быть заблокированы стрессом, поэтому необходима активизация других доступных ресурсов [4].

В настоящее время проблема поведенческих и когнитивных ресурсов представляет большой интерес для изучения. Поведенческими ресурсами преодоления являются проактивные и социальные модели поведения — поиск социальной поддержки, готовность к принятию помощи, социальная смелость и активность вступления в контакты, ассертивное поведение. Имеющиеся у человека эмоциональные, когнитивные и поведенческие возможности используются как ресурсы для адаптации к экстремальным ситуациям или жизненным событиям. В качестве адаптационных ресурсов личности понимается совокупность внутренних и внешних переменных, способствующих психологической устойчивости человека в критических ситуациях, и совокупности средств, которыми обладает субъект для обеспечения эффективной деятельности в процессе адаптации (переживания, мысли, привычки, стиль поведения и т.д.).

К адаптационным ресурсам относится также нервно-психическая устойчивость и высокая нормативность поведения. Моральная нормативность формируется под влиянием эмоциональных, моральных, социальных переживаний, рационального осмысления ситуаций и событий, определяет уровень эмоциональной устойчивости и является действенным фактором успешной адаптации.[5]

Психологические защиты являются своеобразным резервом для восполнения и сохранения ресурсных запасов в ситуации дефицита ресурсов, когда они истощены, либо когда человек длительное время находится в негативных отношениях с окружающими. Ключевым ресурсом может выступать копинг или стратегии преодоления препятствий как совокупность когнитивных и поведенческих усилий человека, направленных на ослабление и стабилизацию стрессовой-ситуации как фактор поддержки психосоциальной адаптации в период стресса.

Снижение и преодоление стресса оценивается по следующим показателям: эффективность затрат энергии и ресурсов, успешность в достижении желаемой цели противодействия стрессу и восстановления функционального баланса организма и психики, личное развитие в виде повышения способностей, самоуважения и благополучия. Успешное преодоление стресса способствует получению кратковременных и долгосрочных выгод и преимуществ в результате активизации ресурсов.[6]

Сохранение или повышение стрессоустойчивости связано с поиском ресурсов, помогающих человеку в преодолении стрессовых ситуаций. Под такими ресурсами мы понимаем психологический потенциал, который имеется у каждого человека: адаптационные возможности, адекватные копинг-стратегии и защитные механизмы. При условии разумного избегания рисков и постоянного накопления; консолидации и развития собственных психологических ресурсов, человек способен значительно снизить вероятность развития стресса и его негативных последствий.

Список литературы:

1. Водопьянова Н. Е. Психодиагностика стресса. — СПб.: Питер, 2009.
2. Дикая Л.Г. Психофизиология профессиональной деятельности Психофизиология: учебник для вузов; под ред. Ю.И. Александрова. - СПб.: Питер, 2001.
3. Марищук В.Л. Поведение и саморегуляция человека в условиях стресса — СПб.: Издательский дом «Сентябрь», 2001.

4. Лазарус Р. Теория стресса и психофизиологические исследования Эмоциональный стресс: труды международного симпозиума; пер. с англ. — Л.: Медицина, 1970.
5. Старченкова Е.С. Психологические факторы профессионального выгорания: Автореф. дисс. канд. псих. наук. - СПб., 2002.
6. Селье Г. Стресс без дистресса. — М.: Прогресс, 2008.

ЖАҒАНДАНУ ӨРКЕНИЕТІМЕН ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ БӘСЕКЕЛЕСТІК ЖАҒДАЙЫНА БЕЙІМДЕЛУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Толыбек Қ.Ә.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы,
ПП-901 тобы, 2курс, мамандық «Педагогика-психология»*

Ғылыми жетекшісі: **Ризина П.Ә.**

*Педагогика- психология ғылымдарының магистрі, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң
университетінің аға оқытушысы, Семей қаласы*

Жаһандану дегеніміз не? Ең алдымен осы сөзге толықтай түсінік беріп өткен жөн деп санаймын. Жаһандану- бұл өсіп келе жатқан өзара тәуелділікті мойындау, оның басты салдары ретінде жалпығаламшарлық оқиғалардың жаңа қатысушылары бірдей негізде тек өзара ғана емес, сондай-ақ халықаралық қатынастардың дәстүрлі түрде әрекет етуші тұлғалары болып табылатын мемлекеттердің өздерімен өзара әрекеттесуші жаһандық фирмалар, діни топтар, трансұлтшылдық басқарушы құрылымдар (желілер) әрекеттерінің ықпалымен ұлттық мемлекеттік егемендікті бұзу, жою болып табылады .

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының маңызды бағыттарын айқындап берді.

Себебі, ұлттың рухани жаңғыру жолындағы құндылықтары мен мүдделері көрсетіліп отыр. Елбасы «рухани жаңғыру» мақаласында сананы жаңғыртудың негізгі алты бағытын белгіледі. Олар бәсекеге қабілеттілік; прагматизм; ұлттық бірегейлікті сақтау;білімнің салтанат құруы; Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы және сананың ашықтығы.Осыған орай, біз бірінші бағыт –бәсекеге қабілеттіліктің өзекті мәселелеріне тоқтала кетейік.Жаһандану заманы бәсекелестіктің жоғары сатыларының бірі болып табылатыны бәрімізге белгілі. Бұл сатыда бәсекелестіктің шешуші шайқастары болуы тиіс. Сондықтан, қай саланы алатын болсақ та біздің балаларымыздың және ұрпақтарымыздың алдында өте қатал, қатты бәсеке тұратын болады.

Мамандарымыздың бәсекелестікке икемді болмауын емесе еліміздегі тіл саясатына мәнбермеуі, әсіресе мемлекеттік тілді үйренбеуі оларды көп нәрседен құрқалдырып, «жаһандану көшінің» құрбандығыетуі мүмкін.

Осыны біздің қазіргі жастарымыз,

мамандарымыз және замандастырымыз жақсы білуі тиіс.

Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен анықталады.

Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен анықталады.

Елбасының "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру"

бағдарламалық мақаласында осылай делінген. Әрбір қазақстандық XXI

ғасырғалайықтық қасиеттерге ие болуы керек. Олардың қатарында компьютерлік сауаттылық,

шет тілдерін білу, мәдени ашықтық бар.

Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың өзгелерден ұтымды дүниесіне алуы.

Бұл материалдың көнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет,

зияткерлік көнім емес сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Қазіргі таңда жеке адам ғана емес,

тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілеті арттырсаған атабысқа жетуге мүмкіндік алады. Ал

барлығының бастауы білімде.

Қазіргі заманғы мектептен ақтық педагогикалық қызметті еске асыруға болатын орасан зор педагогикалы

қтәжірибе жинақталған, бірақ олардың бәрі бірдей қолданыла бермейді, өйткені көптеген мұғалімдер

мен басшыларда ол тәжірибені зерттеу және қолдану қажеттілігі қалыптаспаған,

сол сияқты ол тәжірибелерді талдау мен талдаудың дағдысы мен іскерлігі жетісе бермейді.

Мұғалімдер нақты іс-әрекетінде өзінің, сол сияқты әріптесінің де

педагогикалық тәжірибесін еталдау жасаудың қажеттілігіне мән бермейді. Осы бағытта мұғалімдердің инновациялық білім прогресіне бәт бұруы көзделуде. Жалпы инновациялық білім прогресінің негізіне педагогиканың екі маңызды проблемасы жатыр:

- педагогикалық тәжірибені оқыту проблемасы;

- психологиялық – педагогикалық ғылым жетістіктерінің практикасына дейін жеткізудің проблемасы.

Білімдегі инновациялық процестің нәтижесі теория мен практиканың тоғысында пайдаланылатын – теориялықта, практикалықта жаңалықтарды пайдалану болып табылады.

Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өзбетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Инновациялық технологияны пайдалану — өмір талабы.

Қазіргі пәноқытушыларының негізгі міндеті — білім берудің нәтижесіне бағыттау, яғни инновациялық жаңа технологияны меңгеру екені баршамамызға мәлім.

Оқу үдерісіне қоғамның жаңа қажеттіліктеріне сәйкес инновациялық тәсілдерді енгізу, оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісін талап етеді. Осыған орай кез-келген оқытушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылық қатар биелеуді жүзеге асыратын заманауи инновациялық технологияны меңгеру ең тым ылу керек.

Себебі мемлекеттік білім стандартына сәйкес оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды, білім алушылардың білімін қадағалаудың инновациялық бақылау-өлшеу құралдарын енгізуді жүктейді. Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясы –

оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытып, тәрбиелей білетін, заманағымына ілесе алатын білікті, жан-жақты жекетілген қалыптастыруды мақсат етеді.

Оқытушылардың кәсіби білім сапасына рттырумен бірге өз қабілетіне қарап, өзін-өзі дамыта отырып, өзіне сын көзбен қарауға мүмкіндік береді. Танымдық белсенділігін арттырып,

шығармашылық қабілетін дамытады. Оқытудың жаңа технологияларын енгізу,

білім беруді ақпараттандыру, дамыту міндеттерін көздейді. Оқытушының жекетілген зерттеуіне, оны толықтанып, білуге және оқытудың мақсатына жетуге тиімді, әрі нақты жол ашады.

Білім беру жүйесі алдында тұрған талаптарды жүзеге асыру жолындағалымдар мен педагогтар танымдық - әрекетті дамыту әдістерін іздестіруде. И. П. Павлов «... жақсы әдіспен талантты емес адам көпнәрсеге жасайды, ал нашар әдіспен ұлы адамның өзі де текке жұмыс істейді» - деген болатын.

Міне, сондықтан жекетілген оқыту мен дамытудағы белгілі әдістердің рөлін бағалай отырып, қоғамдамуының әркезеңінде адамақыл - ойының «терең қайнарына бойлай алатын» әдістерді пайдалану жолындағы ізденістер мен ұсыныстар бүгінгі таңда өзекті деп санау қажеттігінайту керек.

Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесіндегі ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне көшу арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Қазіргі заман талабына сай пәноқытушысығана болу аз, оқытушы - ұстаз, инноватор, иннотехник болуы тиіс.

Мұғалім иннотехник дәрежесіне көтерілу үшін инновациялық технологияларды меңгеру керек, содан кейін пән бойынша қандай тақырыпқа пайдалану керектігін етіміз зерттеу жүреді.

Яғни әрбір инновациялық технологияларды меңгереді, содан кейін меңгерген технологияларды пробациядан (сабақ барысында оқудан) өткізеді, мұғалім еталдау жасай отырып, тақырыпқа сай технологияны таңдайды.

Оқытушы білім алушының табиғи дарын, қабілетінашу жас ерекшелігіне сәйкес отырып, технология элементтерін тиімді пайдалана алу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә. Назарбаев, Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы Астана қ., 2012 ж
2. Қабдықайыров Қ., Инновациялық технологияларды диагностикалау.-А., 2015
3. Психологияны оқытудың белсенді әдістері: оқу құралы/Бапаева М.Қ., Ауталипова Ұ.И., Бапаева С.Т.-Алматы: «Отан» баспасы, 2016.-188 б.

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тұрсынғалиқызы Махаббат

Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, Семей қаласы, 2 курс, 7М01101

Ғылыми жетекші: **Сұлтанова Н.К.**

Педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті

2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық - заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», - деп атап көрсетті. [1]

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілетті, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Білім сапасына деген сұраныстың артуы, нәтижеге бағытталған білім беру жүйесіне көшуге деген талпыныс болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығына да үлкен жауапкершілікпен қарауды қажет етеді. Қазіргі таңда білікті маман даярлаушы білім жүйесінде бәсекеге қабілетті маман қалыптастыру үшін, алдымен маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру керек деген әр түрлі пікірлер жиі айтылуда. Құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ кәсіби маманның - қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ [2]. Құзіреттілік – қызмет атқарушының жеке мүмкіншілігі, оның квалификациясы (білімі мен тәжірибесі), шешім қабылдай алуы немесе белгілі бір білім мен дағдыларына сәйкес шешім қабылдауы. Құзіреттілік – жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген икемділігінің белсенділігінен көрінеді.

Педагогика ғылымында В.А.Кан-Калик, Н.Д.Хмель, Н.Н.Хан, А.Қ.Рысбаев, С.Т.Мұхамбетжанова және т.б. зерттеулерінде болашақ педагог мамандарды даярлау сапасын арттыру мен кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жөніндегі тұжырымдардың маңызы зор.[3] Маманның кәсіби құзіреттілік мәселесі күрделі де көп қырлы. Бұл ғылыми педагогикада, психологияда, әлеуметтануда, кәсіби білім берудің теориясы мен әдістерінде, гуманитарлық ғылымда әр қырынан қарастырылып жүр. Мәселе кешенді түрде зерттелуде.

Жалпы алғанда, «құзыреттілік» ұғымы жайлы ғалым К.Құдайбергенова «Құзыреттілік ұғымы - соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзыреттіліктің латын тілінен аудармасы «competens» белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді.[4] Бұл жайлы Б.Тұрғынбаева «...өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар деп атаймыз» деп анықтаса, Ресей ғалымы Н. Кузьминаның көзқарасы бойынша, «Құзырлылық дегеніміз – педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлылығы». Ал, Ш.Таубаева: «Құзыреттілік–ол тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті» -деп қарастырады.

«Құзыреттілік» ұғымы бүгінгі күні оқыту үрдісінде білімді қолданудың ақырғы нәтижесі ретінде қарастырылуда. Оқыту үрдісінде «құзыреттілік» ұғымы студенттердің білімі мен тәжірибесін, дағдылары мен біліктерін белгілі бір мәселені шешуде қолдануы болып табылады.

Қорыта келе, қандай да болмасын маман даярлау мәселесінің нәтижелілігі теориялық біліммен практикалық іскерліктің қабысуынан келіп туындайтыны белгілі. Жоғары оқу орындарында қазіргі қалыптасқан оқу жағдайында біз дәстүрлі емес әдіс-тәсілдердің маңыздылығын ескере отырып, көп жағдайларда бүгінгі күні әлі де болса мәнін жоймаған оқу

үдерісінде пайдаланып жүрген оқытуды ұйымдастырудың теориялық моделі арқылы болашақ педагог мамандарының кәсіби-тұлғалық құзыреттілігін дамыту жолдарын алға тарттық.

Осы жоғарыда айтылған тұжырымдарға сүйене отырып, біз болашақ педагог мамандарының кәсіби ұйымдастыру-басқарушылық және кәсіби құзіреттілігіне қойылатын талаптарды айқындадық. Ұйымдастыру-басқарушылық құзыреттілік талаптарына сай болашақ педагог мамандар педагогика саласындағы менеджмент және маркетинг негіздерін меңгеруі қажет. Ал, кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптарға сәйкес бітіруші педагогика ғылымының тарихы және теориясы саласында ғылыми-ізденіс жұмыстарымен айналысуға бейім болуы шарт; сонымен бірге, бүгінгі педагогика және психология саласындағы талдау тәсілдерін, педагогика және психология мәселелері төңірегіндегі кәсіби талқылаулар мен пікір-таластарға қатысып өз белсенділігін, кәсіби біліктілігін, іскерлігін, кәсіпкерлік қабілеті мен шығармашылығын көрсете білуі тиіс. Қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық, кәсіби жағдайлардың өзгерісіне бейімделе білуі заманауи білім беру талаптарын меңгеруі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 14 желтоқсан, 2012ж.
2. А.Б.Құндақова. Жоғары білім беру жүйесінде болашақ маманның кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру мәселелері:мақала //Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті,- Алматы , 2012. -25б.
3. Жаксыбаева А. Ж. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби және тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру // Молодой ученый. — 2014. — №1.2. — С. 55-57
4. Құдайбергенова К.С. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері: монография. — Алматы, 2012. — 144 б.
5. Ш.Х.Құрманалина,Б.Ж.Мұқанова. Педагогика. -Алматы., 2007
6. Сенкибаева А.Т. Мұғалімнің кәсіби құзырлылығын дамыту.//Білім берудегі менеджмент, №4.2009

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ МАМАНДАРДЫҢ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУГЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ЖОЛДАРЫ

ТҰРСЫНҒАЛИҚЫЗЫ МӨЛДІР

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
2 курс, 7М01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы*

Ғылыми жетекші: Султанова Н.К.

*Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы*

Жоғарыда атап өткендей инклюзивтік білім беру әлеуметтік-педагогикалық сипатқа ие екенін ескердік, себебі қоғамда толыққанды әлеуметтену және сапалы білім алу үшін физикалық, психикалық, эмоциялық және зияткерлік мүмкіндіктерге қарамастан барлық оқушылар үшін кедергісіз орта құруға бағытталған. Осыған байланысты екінші тарауда инклюзивтік білім берудің әлеуметтік-педагогикалық мәнін қарастырамыз.

Инклюзивтік білім беру жағдайында болашақ педагог-психолог мамандардың қызметінің ерекшеліктерін ашу мақсатында «педагогикалық қызмет» сияқты өзара байланысты түсініктердің мазмұнын қарастыру қажет.

Ұрпақтан ұрпаққа рухани-тәжірибелік дағдыны беруге бағытталған қызмет ретінде түсіндіретін негізгі түсінік «педагогикалық қызмет» болып табылады.

С.М. Вишняковтың кәсіби білім беру сөздігінде педагогикалық қызмет оқыту бағдарламасымен немесе бірқатар бағдарламалармен, сондай-ақ өзге де білім беру міндеттерімен және олардың әлеуметтік (экономикалық, саяси, адамгершілік, эстетикалық) мақсаттарымен қарастырылған нәтижелерге жету үшін білім беру мекемелерінде арнайы даярланған мамандармен жүзеге асырылатын қызмет ретінде анықтайды.

Кәсіби педагогикалық қызмет кәсіби педагогтармен, яғни мұғалімдермен, мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиелеушілерімен, кәсіби оқу орындарының оқытушыларымен, қосымша білім беретін қызметкерлермен әртүрлі білім беру мекемелерінде жүзеге асады. Педагогикалық қызмет білім беру мекемелерінде мемлекеттік стандарт және заңнамалық құжаттардың аясында жүзеге асырылады.

Педагогикалық қызмет белгілі білім беру кезеңінде (балабақша-мектеп-колледж-жоғары оқу орны-жоғары оқу орнынан кейінгі білім) балаларды, жасөспірімдерді, ересектерді оқытуға, тәрбие беруге және дамытуға бағытталған мақсатты үздіксіз сипатқа ие.

Әлеуметтік саясат мәселелері бойынша балалардың және отбасылардың мүддесін, оның құқықтық негіздерін (И. Амоако-Аддо, М. Болстад, М. Весгаард, С. Стьерно және т.б.), әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың теориясын және тәжірибесін (Л. Берри, М. Готтесманн, Т.Гринде, К.Кеннан, В.Лоренц, Г.Майер, П. Марш, Дж. Триселиотис, Г.Хаген, С.Шлетте және т.б.), муниципалдық мекемелердің әлеуметтік-педагогикалық қызметін (Ф. Кьелберг, Э. Пейдж, Л. Шарп және т.б.), отбасымен әлеуметтік жұмыстарды, осы аймақтағы мамандарды даярлауды (Л. Белл, Б. Саймоне, К. Морган, О. Тутведт, Л. Шульман, Л. Янг және т.б.) қорғауға бағытталған шетелдік әдебиеттердің талдауы заманауи индустриялық қоғам жағдайында, оның мақсаттары, міндеттері және мазмұнында әлеуметтік-педагогикалық қызмет мазмұнын түсінуге ықпалын тигізді.

Сонымен қатар, педагогика мәселелерімен отандық зерттеушілер де айналысқан, оның ішінде Г.М. Кертасова, Ж.Х. Кендирбекова, А.Н. Тесленко, Р.И. Бурганова және т.б.

Инклюзивтік білім беру жағдайында әлеуметтік-педагогикалық қызмет мәселелерімен З.А. Мовкебаева, Р.А. Сулейменова, А.М. Ерсарина, Ф.Н. Жумабекова, Б.С. Байменова, С.С. Жубакова, А.Ж. Салиева және т.б. айналысады.

Г.М. Коджаспиров басылымының педагогикалық сөздігінде келесі анықтама беріледі: «әлеуметтік-педагогикалық қызмет – баланың психологиялық жағдайына, өзіне көмек беруді ұйымдастыруға оған қол ұшын созу және баланы (жасөспірімнің) әлеуметтік қорғауға, отбасында, мектепте, қоғамда қалыпты қарым-қатынастарды орнатуға, оны оқытуды ұйымдастыруға, құқығын қалпына келтіруге және бейімдеуге бағытталған педагогикалық қызмет». Аталған автор әлеуметтік-педагогикалық қызметті баланы әлеуметтік қорғаумен байланысқан педагогикалық қызмет түрінің бірі деп қарастырады.

М.А. Галагузованың «Әлеуметтік педагогика» оқу құралында әлеуметтік-педагогикалық қызметті «... білім беру-тәрбиелеу құралдарын қамтамасыз ету, жеке тұлғаға білім беру және оның адами әлеуметтік тәжірибенің меңгеруі, әлеуметтік қызмет студі, әлеуметтік бағдарлауды қалыпқа келтіруі немесе ие болуы» ретінде анықтайды. М.А. Галагузова әлеуметтік-педагогикалық қызмет негізін адаммен адамның қарым-қатынасы құрайды деп есептейді. «Бұл дүниетанымы, тәрбие жүйесі, менталитеті, жүріс-тұрысы және т.б. әртүрлі адамдардың кездесуі».

М.А. Беляева әлеуметтік-педагогикалық қызметті «бейімделу» және «өзін-өзі таныту» түсініктері арқылы анықтама берді. Ол «әлеуметтік-қызмет- бұл әлеуметтік мәдени бейімделуіндегі және өзін-өзі іске асырудағы тұлғаның қажеттіліктерін барынша тиімді қанағаттандыруға жағдай жасаумен байланысты қоғамдық қызмет түрі» деп жазады. Автор «әлеуметтік-педагогикалық қызметтің мазмұны гуманистік ортанның және тұлғаның әлеуметтік мәдени дамуындағы мүддесінде әлеуметтік орта мен жеке тұлғаның өзара қарым-қатынасында қарама-қайшылықтарды шешу негізінде тұлғаның әлеуметтену және мәдениеттену үдерісінде дәл осы оңтайландыру тәсілінен тұрады деп есептейді».

Әлеуметтік-педагогикалық қызмет әлеуметтік әртүрлі білім беретін мекемелерде педагогтармен, мұғалімдермен және сынып жетекшілерімен жүзеге асырылуы мүмкін, сонымен қатар бала бар жерде барлық басқа ұйымдарда әлеуметтік педагогтармен жүзеге асырылады.

Әлеуметтік-педагогикалық қызмет қоғамда әлеуметтену және бейімделу барысында туындаған нақты баланың әлеуметтік мәселелерін шешуге жеке бағыт болып табылады. Сонымен қатар баланың мәселесі шешілетін мерзім аралығында уақыт шектеулі болғандықтан әлеуметтік-педагогикалық қызмет жергілікті сипаттамаға ие.

Әлеуметтік-педагогикалық қызмет педагогикалық қызметтің бір түрі болғанына қарамастан оларды ұйымдастыруда, бағытында және мазмұнында сүбелі айырмашылықтар бар.

М.А. Галагузованың көзқарасы бойынша педагогикалық қызмет нормативтік-бағдарламалық сипатқа ие, ал әлеуметтік-педагогикалық қызмет әрқашан атаулы болып табылады, яғни нақты балаға және оның жеке мәселелерін шешуге бағытталады.

Бұдан әрі ол «...егер педагогикалық қызмет үздіксіз сипаттамаға ие болса, ал әлеуметтік-педагогикалық бірқатар жағдайларда мәселелердің шешілетін уақыты ішінде уақытша аралықпен шектеулі. Педагог кәсіби қызметі ережеге сәйкес білім беру жүйесінің мекемелерінде жүзеге асырылады, ал әлеуметтік-педагогикалық қызметтің қолданылуы айтарлықтай кеңірек аяға ие.

М.А. Беляева осы түсініктерге қызмет мәні арқылы айырмашылық табады. Ол «педагогикалық қызметтің мәні әрбір адам болып табылса, ал әлеуметтік-педагогикалық қызметтің мәні өзінің әлеуметтік ортасы, яғни басқа адамдармен, әлеуметтік институттармен, құндылықтар жүйесімен өзара әрекеттесу мәселелерінің жағдайына тап болған (немес тап болу қаупі бар) адам болып табылатынын ескереді. Оның мәні оларды іске асыру үшін тұлғаның қажеттіліктері және тұлғаның мүмкіндіктері арасында немесе ортаға сәйкес болу үшін ортаның талаптары және тұлғаның мүмкіндіктері арасында өз негізінің сәйкессіздігіне ие қарама-қайшылықтардың бар болуынан құралады.

Біздің көзқарасымыз бойынша М.А. Галагузованың ұсынған педагогикалық қызмет және әлеуметтік-педагогикалық қызметтің салыстырмалы кестесі өте қызықты болып табылады.

Кесте 2- Салыстырылатын кәсіби қызметтер түрлерінің айырмашылығы

Кәсіби қызмет түрі	Педагогикалық қызмет	Әлеуметтік-педагогикалық қызмет
Қызметтің мақсаты	Әлеуметтік мәдени тәжірибені беру	Баланы әлеуметтендірудегі көмек
Қызмет нысаны	Барлық балалар	Әлеуметтену мәселелері бар бала
Қызмет сипаттамасы	Бағдарламалық-нормативтік, үздіксіз	Атаулы, жергілікті
Қызмет жүзеге асатын мекеме	Білім беретін мекемелер	Білім беретін мекемелер, әлеуметтік-педагогикалық мекемелер

Сонымен қатар «әлеуметтік-педагогикалық қызмет» түсінігі «әлеуметтік жұмыс» түсінігімен өзара байланысты, себебі оларды мақсатты бағыт біріктіреді, яғни адамға әлеуметтік көмек беру. М.А. Беляева ескергендей олардың айырмашылығы «субстанциялық компоненттерден және олардың басымдылығының жиынтығынан» тұрады. Әлеуметтік жұмыстың субстанциялық компоненттер жиынтығының мазмұны әлеуметтік-педагогикалық қызметтен қарағанда кең.

Осыдан кейін М.А. Беляева әлеуметтік-педагогикалық қызметтің субстанциялық компоненттік аспектісі көмек құралдарының негізінде белгіленген үш көмек түрімен көрсетілуі мүмкін, яғни педагогикалық (негізгі көмек құралдары құндылықтар, білім, икемділік, дағдылар болып табылатын оқыту және тәрбиелеу кешені ретінде), психологиялық, делдалдық, яғни әлеуметтік қызметкер ретінде жоғарыда аталғандардан басқа міндетті компонент материалдық көмек болып табылатынын жазады.

Әлеуметтік-педагогикалық қызметтің әлеуметтік жұмыстан айырмашылығы дәл осы материалдық көмек көрсетуді болжаудан және делдалдыққа бағытталудан емес, ал бар мәселерді шешуге немесе олардың алдын алу үшін тұлғаның дамуында көмек болып көрсетіледі.

Осылайша, әлеуметтік-педагогикалық қызмет - бұл қоғамдағы баланың ойдағыдай әлеуметтенуі және бейімделуі үшін кедергісіз әлеуметтік орта құруға, сондай-ақ өзін-өзі танытуда оған әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсетуге бағытталған, арнайы ұйымдастырылған мақсатты қызмет.

Инклюзивті білім беру жағдайындағы әлеуметтік-педагогикалық қызметті ұйымдастыру әлеуметтік педагогтың, сондай-ақ мұғалім қызметінің маңызды бағыттарының бірі болады.

Инклюзивті білім беру жағдайында әлеуметтік-педагогикалық қызметтің мақсаты тұлғаның өзін-өзі танытуына мүмкіндік беретін социумдағы әлеуметтену мен бейімделудегі баланың физикалық, психикалық, зияткерлік, эмоциялық мүмкіндіктеріне қарамастан, оған әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету және кедергісіз әлеуметтік орта құру болып табылады.

Инклюзивті білім беру жағдайындағы әлеуметтік-педагогикалық қызметтің негізгі міндеттері:

- оқушылардың физикалық, психикалық, адамгершілік, әлеуметтік денсаулығын сақтауға және нығайтуға жағдай құру;
- оқушылардың өмірдегі орнын өзі белгілеудегі мақсаты, әлеуметтік маңызды бағдары, жалпы адами құндылықтары негізінде рухани адамгершілік қасиетін дамыту;

- баланың әлеуметтенуі мен бейімделуіне шағын социумның жағымсыз әсерлерінің алдын алу және жою;
- баланың жеке өзін-өзі танытуында оның физикалық, психикалық, зияткерлік, эмоциялық мүмкіндіктеріне қарамастан, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін шағын социумда қолайлы жағдай құру;
- баланың әлеуметтік бейімделуі мен өзін-өзі тануын оңтайландыруға бағытталған сақтандыру, оналту, түзету және дамыту шараларының жүйесін іске асыру.

Инклюзивті білім беру жағдайындағы әлеуметтік-педагогикалық қызмет мазмұнының ерекшеліктері инклюзияны жүзеге асыратын білім беру мекемелерінің келесі ерекше компоненттерімен байланысты:

1. Инклюзивті білім беру мекемелері контингентінің ерекшеліктері;
2. Педагогикалық үдерісті ұйымдастыру ерекшеліктері;
3. Балаға, отбасыға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;
4. Инклюзивті білім беру мекемелерін басқару ерекшеліктері.

Жоғарыда аталып өткендей, инклюзивті білім беру мекемелерінде ерекше білім беруді қажет ететін балалар дені сау балалармен бірдей оқытылады. Әлеуметтік-педагогикалық қызметтің ерекшелігі тек әлеуметтік жағдайы, қалыптасқан құндылықты орта деңгейі, тәрбиелеу әсеріне төзімділік дәрежесі емес, дені сау балалардағыдай психикалық, зияткерлік, эмоциялық мүмкіндіктерімен, сондай-ақ дамуындағы әр түрлі кемшіліктерімен ерекшеленетін балалармен өзара әрекет ету болып табылады.

Инклюзивті білім беру жағдайындағы әлеуметтік-педагогикалық қызметтің мәні білім беру мекемелерінде қалыптасатын барлық әлеуметтік қатынастар емес, тұтас алғанда қолайлы ортаны бұзуға, шыдамсыздық пен күйзелістің ушығуына, үйлесімсіздік пен даулы жағдайлардың туындауына әкеліп соғатын мәселелі қарым-қатынастарда көрінеді.

Осыған байланысты педагогтардың басты міндеті баланың социумдағы өзін-өзі дамытуына, танытуына және бейімделуіне бағытталған психикалық, психикалық, зияткерлік мүмкіндіктеріне қарамастан барлық балалар үшін гуманистік, толеранттық білім беру ортасын құру болып табылады. Сонымен қатар, әрбір баланы, атап айтқанда дамуында кемшілігі бар баланы әлеуметтік өзара әрекет ету үдерісіне қосу және әлеуметтік қарым-қатынастардың субъектісі ретінде олардың дамуына жағдай жасау маңызды. Бұл үшін педагогтарға баланың жеке өзімен, оның отбасымен, әлеуметтік институттармен, медицина қазметкерлерімен және т.б. әлеуметтік-педагогикалық жұмысты жүзеге асыру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. Ел президентінің қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. -2012. 28- қаңтар. - 10-15 б.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы /ҚР Президентінің 2010ж.07.12. №1118 Жарлығымен бекітілген.
3. Мовкебаева З.А. Организация инклюзивного образования в школах // Справочник руководителя образовательного учреждения. – № 5(65), 2012. - С57- 62.
4. Мовкебаева З.А. Инклюзивті балабақшаны қалай ұйымдастыру керек //Мектепке дейінгі ұйым. – № 10 (10). – 2012. – Б. 6-13.
5. Мовкебаева З.А. Инклюзивное образование: объективная необходимость и реальные возможности //Педагогика и психология. – № 3. – 2011. – С. 34-38.
6. Сулейменова Р.А. Методологические подходы к развитию инклюзивного образования Республики Казахстан// Открытая школа. – №7. – сентябрь, 2012.

К ВОПРОСУ ОБ ОСНОВНЫХ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ПОНЯТИЯХ

Тулеуов Д.

Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей

Научный руководитель: **Исмаилова Г.М.**
Старший преподаватель, магистр педагогических наук
Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей

Айдарбеков К.А.
Кандидат психологических наук, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей

Основные педагогические понятия, выражающие научные обобщения, принято называть педагогическими категориями. Это наиболее общие и емкие понятия, отражающие сущность науки, ее устоявшиеся и типичные свойства. В любой науке категории выполняют ведущую роль, они пронизывают все научное знание и как бы связывают его в целостную систему. Подумав немного, можно назвать категории из любой науки, неважно естественной или социально-гуманитарной. Например, в физике это масса, сила, а в экономике основными категориями является деньги, стоимость и т.д. К основным педагогическим категориям относятся образование, обучение, воспитание. Рассмотрим их последовательно, строя материал таким образом, чтобы, описав многообразие подходов и взглядов многочисленных авторов показать сложность проблемы и, может быть, ее практическую неразрешимость, если встать на агностическую позицию (т.е. отрицать в принципе познаваемость реального мира) [1].

Поначалу зададимся вопросом: что имеют в виду люди (для которых русский язык — родной), произнося слово «образование»? Когда про одного человека говорят, что он получил (или имеет) хорошее образование, а про другого — что у него вовсе нет никакого образования, то под образованием подразумевают некий объект, достояние человека, которое он может каким-то образом приобрести и в дальнейшем иметь в своем распоряжении. В то же время про образование можно сказать, что оно происходит, разворачивается, так что это понятие обозначает одновременно и процесс создания объекта, о котором говорилось выше. (В русском языке многие отглагольные существительные такого вида — например, «излучение» — обозначают одновременно процесс и его результат: «происходит излучение света» и «прибор показывает наличие рентгеновского излучения»)

«Образование» по словарю В.И. Даля происходит от глаголов «образовать, образовывать», которые в свою очередь восходят к глаголу «образить». Этот глагол имеет довольно много значений: давал, вид, образ; обтесывать, слагать нечто целое, отдельное; устраивать, учреждать, основывать, создавать; улучшать духовно, просвещать.

Образование (ума и нрава, по Далю), таким образом, есть целостный процесс придания душевного, умственного и духовного облика растущему человеку. Чтобы определиться в этой проблеме, обратимся к трактовке понятия образования, принятого как категория в классической дидактике (хотя и там по заявлениям специалистов нет единого мнения на этот счет).

Известно, что слово образование как устоявшийся педагогический термин ввел еще основоположник теории обучения Иоганн Генрих Песталоцци в 1780 г. В русском языке в том же значении применил Н.И.Новиков.

Со второй половины 19-го века понятие образование рассматривалось в широком смысле как результат всех педагогических влияний на развивающиеся души. В научно-педагогической среде постепенно складывается мнение, что образование-это не только состояние (образованность), но и совокупность педагогической работы, посредством которой достигается образование.

До периода 50-х годов образование в советской педагогике рассматривалось как совокупность знаний, умений и навыков, необходимых для практической деятельности, а в 60-х уже как процесс и результат этой деятельности.

Такая же содержательная трактовка этого понятия принята 20-й генеральной конференцией Юнеско в 1978г., где записано, что это процесс и результат совершенствования способностей и поведения личности при которой она достигает зрелости и индивидуального роста.

Таким образом, к настоящему времени в среде научно-педагогической и законодательской общественности утвердилась формулировка, включающая в себя два ключевых слова- процесс и результат.

Получение образования- достижение и подтверждение образовательного ценза, которое удостоверяется соответствующими документами». Следует отметить, что с научно-педагогической, а не с правовой точки зрения более предпочтительной является формулировка, разработанная в НИИ Высшего образования Ю.Г. Фокиным. «Образование-это система обучения, социализации и развития, направленная на усвоение индивидом системы элементов объективного опыта человечества, необходимого для успешного осуществления им деятельности в избранной сфере общественной практики и признаваемая обществом в качестве определенного уровня развития индивида». При этом автор под социализацией понимает качественное и количественное изменение системы ценностей, социально значимых убеждений и установок, ценностных ориентаций, идеалов, моральных качеств личности, необходимых для достижения успеха в определенном обществе (социуме).

Современная педагогическая наука рассматривает категорию образование как своеобразную систему, элементами которой являются ценность, система, процесс, результат. В классической дидактике обучения об этом факте говорится другими словами, а именно: категория образования имеет четыре аспекта: образование как ценность, как система, как процесс, образование как результат [2].

Ценностная характеристика предусматривает рассмотрение трех взаимосвязанных блоков: образование как ценность государственная, общественная, личностная. Образование как процесс движения к заданной цели обучения характеризуется субъектно-объектными действиями преподавателей и обучающихся.

Образование, наконец, может рассматриваться, как результат государственного, общественного и личностного присвоения всех технологии ценностей, которые возникли в процессе образовательной деятельности, которые значимы для экономического, морального, интеллектуального состояния всех потребителей продукции образовательной сферы. Ценность образования может носить характер государственный, общественный, личностный.

Результат образования полиструктурен и включает в себя такие понятия как грамотность, образованность, профессиональная компетенция, менталитет [3].

В современном понимании грамотность – это уже не просто умение читать, писать и считать. Грамотный человек – это, прежде всего, человек, подготовленный к дальнейшему обогащению и развитию своего образовательного потенциала. Она обеспечивает человеку определенные стартовые возможности. Образованность – это грамотность, доведенная до общественно и личностно необходимого максимума.

Категория «профессиональная компетенция» определяется, главным образом, уровнем собственно профессионального образования, опытом и индивидуальными способностями человека, его мотивированным стремлением к непрерывному самообразованию и самосовершенствованию, творческим и ответственным отношением к делу. Менталитет – высшая ценность образования и его иерархически высшая цель – формирование менталитета личности и социума. Это те глубинные, «корневые», духовно-нравственные, культурные ценности и мировоззренческие основания индивидуального и общественного поведения.

Другие эксперты при формировании понятия образование выделяют иное количество аспектов термина [4]. Провели специальное исследование и сформировали целых восемь аспектов, опираясь на словарные значения, практику рассмотрения термина в различных областях.

В зависимости от контекста употребления термин "образование" трактуется как:

1) общественное явление, атрибут и вечный спутник человечества на всем его историческом пути;

2) значимая ценность (социальная и индивидуальная; вспомним, как родители нередко говорят детям: "Я дал тебе жизнь и образование, теперь ...");

3) функция общества и государства по отношению к своим гражданам и одновременно функция граждан по отношению к своему собственному развитию (выделенное, к сожалению, недооценивается и школой, и родителями, и самими школьниками), обществу и государству (поскольку образование некоторого уровня является обязательным);

4) сложная иерархическая система, включающая дошкольное, школьное, внешкольное (дополнительное), начальное профессиональное, среднее специальное, высшее, магистратура, бакалавриат, ученая степень кандидата или доктора наук и т.д.;

5) сфера социальной жизнедеятельности, включающая в себя не только образование, но и родственные отрасли — здравоохранение, культуру, социальную защиту и др.;

- 6) деятельность, предполагающая взаимодействие педагогов и тех, кто получает образование;
- 7) процесс;
- 8) результаты образовательного процесса [5].

При всей многоликости приведенные аспекты значения термина "образование" имеют и нечто общее — все они так или иначе связаны со становлением личности человека, с передачей и освоением социального и культурного опыта, с передачей культурных ценностей.

Литература

1. Сейтенова С.С., Мухангалиева Ш.А. Развитие исследовательской компетентности, как критерий успешности будущего педагога // Международный журнал экспериментального образования. – 2013. – № 8. – С. 56-59.
2. Мағауова А.С., Салханова Ж.Х. Формирование профессиональных компетенций у будущих педагогов-психологов // Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Психология». - №1(54)- 2018.- С.15.
3. Жайтапова А.А., Рудик Г.А., Белошниченко Е.В, Сатывалдиева А.С. Педагогика 21-го века на пороге школы / информационно-методический дайджест/ Алматы – РИПКСО, 2009.-304 с.
4. Сеничкина А.В. Реализация принципа преемственности в развитии диагностической компетентности субъекта непрерывного образования: Автореф... к.п.н.- Вологда, 2006. - 20 с.
5. Таубаева Ш.Т. Компетентностный подход в структуре методологического знания педагогики. - Алматы. Қазақ университеті. 2009.- 90 с.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰҒЫМДАРЫ

ТЫҒЫМБАЕВ Т.А

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
2 курс, 7М01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы*

Ғылыми жетекші: Султанова Н.К.

*Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы*

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Білім – Ғылым – Инновация» сынды талапшыл үштаған билік құратын жаңа постиндустрия кеңістігіне қадам басып келе жатқандығымызға, бүгінгі жастарға өте терең білімнің құзыреттілікпен байланысы қажеттілігін ерекше маңыз бере отырып, атап көрсетті. Қоғамда өмір сүруге қабілетті болуға дайындауда басшылыққа алынатын «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты құжатта жастарға білім беру сапасын арттыруға әлеуетті серпін береді.

Мұндай серпін және білім сапасы өздігінен келмейді, ол оқушылардың, студенттердің күн сайынғы табанды еңбегінің, білімді өз бетінше белсенді ізденіп алуының ықыласы мен ынтасының, ата-ана мен ұстаздардың қамқорлықтарына құрмет сезімімен қараудың жемісі.

Бұл тармақшада осы маңызды мәселелерді қарастырған ғалымдар еңбектері мен мемлекеттік деңгейдегі нормативті –құқықтық құжаттарға талдау жасау, сонымен бірге Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жолдауларын басшылыққа алу нәтижесінде студенттердің толеранттылығын қалыптастырудағы («интеграция», «толеранттылық», «интолеранттылық») ұғымдарының мәні, олардың өзара байланысы ашып көрсетілді.

Қазіргі кезде интеграция және жаһандану мәселелері жаңа әлеуметтік қарым-қатынас толеранттылыққа көшуді міндеттеп отыр. Осыған сәйкес, интеграция негізінде студенттердің толеранттылығын қалыптастырудағы «интеграция», «толеранттылық», «интолеранттылық» ұғымдарының мәндік сипаттамасын ашуға тырыстық.

Интеграция ұғымы соңғы кездері қоғамда болып жатқан әлеуметтік -экономикалық өзгерістерге байланысты өте жиі қолданғандығын байқауға болады. Бірақ, оның түсінігі әртүрлі сипатта болғандықтан, бұл терминді этимологиялық жағынан қарастыруды жөн көрдік.

Жалпы мағынада, «интеграция» деген ұғымның шығу төркіні латын сөзі «integer» - бүтін және бөлінбейтін, байланысқан, біріккен деген ұғымды, ал, қазақша мағынасы қайта құру,

толықтыру дегенді білдірсе, «integrer» сөзі «бүтін» деген мағынаны білдіреді. Соңғысы екі мағынада қолданылады бөліктерді бүтінге біріктіру, бір типтес қоғамдық мемлекеттердің ұлттық шаруашылықтарын біріктіру, бір-біріне ыңғайластыру үдерісі. Бұдан интеграция ұғымы барлық салаға қатысты екендігін білеміз.

Ғалым М.Г.Чепиков интеграция ұғымына біршама толық мынадай анықтама береді: «Интеграция – бұл бір ғылыми теорияны екінші біреуінде қайталау емес, олардың (ғылымдардың салыстырмалы дербестігін сақтай отырып) күшейе түскен өзара әсерлесуі мен өзара енісуі». Ол басқа да авторлар сияқты «синтез» бен «интеграция» ұғымдарын айырып бермейді және бұл ұғымдар арасындағы маңызды айырмашылықты қарастырмайды. Мысалы, ол: «Интеграция және синтез ғылымдардың әртүрлі элементтерінің өзара енісуі, бірігуі, білімдердің біртұтас бірігуі».

«Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясында» интеграция (лат. «inegratio») - қалпына келтіру, толықтыру) экономикалық субъектілерді біріктіру, олардың арасындағы байланыстарды дамытып, өзара ынтымақтастықты іс-қимылын тереңдету деп анықтама берілген.

Шетелдік сөздер сөздігінде «интеграция кез-келген бөліктердің тұтасқа бірігуі» деп түсіндіріледі [2]. Сонымен қатар, интеграция ғылымның белгілі бір саласына байланысты болады деп айтылады.

Енді, ғылыми философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде «интеграция» ұғымына берілген анықтамаларға назар аударайық.

Қазіргі кезде бұл түсінікке көптеген анықтамалар берілуде. «Үлкен кеңес энциклопедиясында» интеграция түсінігі теориялық жүйе шеңберінде қарастырылады. Нақтырақ айтқанда, «теориялық жүйе түсінігі, жекелеме дифференциалды бөлшектердің бірігуімен байланысты жағдайды білдіретін, сондай-ақ, сол жағдайға әкелетін үдеріс...».

«Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясында» интеграция (лат. «inegratio») - қалпына келтіру, толықтыру) экономикалық субъектілерді біріктіру, олардың арасындағы байланыстарды дамытып, өзара ынтымақтастықты іс-қимылын тереңдету деп анықтама берілген [4].

Шетелдік сөздер сөздігінде «интеграция кез-келген бөліктердің тұтасқа бірігуі» деп түсіндіріледі [2]. Сонымен қатар, интеграция ғылымның белгілі бір саласына байланысты болады деп айтылады.

Ғалым-педагог А.А.Бейсенбаева мен оның шәкірттері Г.Мендіғалиева, Г.К.Шолпанқұлова өз еңбектерінде интеграцияны «ғылым мен практиканың кірігуі» ретінде қарастырады [4]. Олардың пайымдауынша, ғылым мен практиканың интеграциясын генетикалық қағида деңгейінде пайдалану сапалы жаңа жоғары жүйе ретіндегі интегралды білімдік кеңістікті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ғылымдар интеграциясының ерекшеліктерін талдау оқыту үдерісінде айқын көрініс табатын жалпы тенденцияларды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Олар ғылымдардың дамуын барлық аспекті де сипаттайды: білім жүйесінде, жаңа, шекаралық ғылымдардың пайда болуы, зерттеудің кешенді бағыт алуы; іс-әрекеттер жүйесінде, ғылымаралық синтез тәсілдерін қалыптастыра отырып, әдістерді ғылымның бір түрінен екіншісіне көшіруді күшейту; ғылымның қоғамдық сананың басқа формаларымен қатынас жүйесінде, ғылымның аралас саласының техникалық маңызын арттыру; ғылымды ұйымдастыру жүйесінде, әр түрлі ғылым өкілдерінің ынтымақтастығын, ұжымдық шығармашылығын, кешенді зерттеушілігін дамыту.

Ал бұл педагогикалық теория мен практика арасында сапалы байланыс құру үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл тұста, интеграция – интеграцияланатын құбылыстар мен үдерістердің әрекет етуін өзгертетін және сапалы жаңа аспектілердің қалыптасуын туғызатын әр текті және тәуелсіз құбылыстар мен үдерістердің арасындағы байланыстар мен өзара байланыстардың пайда болуымен сипатталатын тұтастықтың қалыптасу үдерісі ретінде түсіндіріледі.

Философиялық тұрғыдан интеграция – «даму үдерісінің әр текті бөліктері мен элементтерді тұтасқа біріктірумен байланысты жағы» болып табылады.

Олай болса, оқыту үдерісінде интеграция негізінде студенттердің толеранттылығын қалыптастыру мүмкіндігі де туындайтыны ықтимал.

Демек, осындай анықталу жағдайында интеграция негізінде студенттердің толеранттылығын қалыптастыруға нақты мүмкіндік туындайды.

Толеранттылық рухани, адами, идеялық, діни көзқарастар менің ұстанымдарыма жат болса да, қабылдаймын деген және адамдар арасында өзара сыйластықты, мейірбандықты білдіреді. Сондықтан, толеранттылық екі жақты ұғым: мемлекеттер, діндер, этностар, жеке адамдардың бір-біріне шапағат жасай білуі.

Білім беру жүйесінде «менталитет» және «толеранттылық» категориялары бір-бірімен байланысты. Өйткені, ол адам мен социумның менталдық қасиеттерін белсенді әрі мақсатты қалыптастырады.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде соңғы кезге дейін «толеранттылық» термині көп кездескен жоқ. Сондықтан да, біз ең алдымен бұл сөздің этимологиясына назар аудардық. Толеранттылық түсінігі латынның шыдау, төзу, көндігу түсініктерін беретін «tolero» етістігінен шығады.

Қазіргі шетел сөздерінің сөздігінде толеранттылық «tolerantia» деген латын терминінен алынған ұғым, біріншіден, ағзаның кез-келген бір улы заттың қолайсыз жағдайына төзімділігі, екіншіден, біреуге, бір нәрсеге деген шыдамдылық, жұмсақтық деп көрсетілген [3].

Сондай ақ «толеранттылық» (лат. «tolerantia» - шыдам, төзім) терминіне шет тілдері сөздігінде екі мағынада түсініктеме беріледі: бір нәрсеге, біреуге төзімділік, төзу, шыдау; биологиялық, медициналық тұрғыда – иммундық реакцияның жартылай немесе толықтай болмауы, яғни организмнің ауруға қарсы тұратын антиденелер шығару қабілетінің болмауы.

Ал педагогикалық сөздіктерде бұл ұғымға «қайсыбір жағымсыз факторға жауап әрекеттің болмауы не бәсеңсуі; оның әсеріне сезгіштіктің төмендеуінің нәтижесі» деген анықтама беріледі.

Толерант ұғымына байланысты нақты бір өзгермейтін анықтама беру қиындық тудырады. Дегенмен, бұл жайында Бетти Реардан толеранттылықтың маңыздылығын айта келе, басқа тілдердегі анықтамаларын ұсынады:

- қытай тілінде «Kuang» - рұқсат беру, қабыл ету, басқаларына қарсы жомарттық таныту.

- Француз тілінде «Tolerance» - басқалардың өзінен басқаша түсініктерін және іс - әрекеттерін қабыл ету [3].

Қазіргі уақытта Қазақстан елінің құрамына 130-ден астам ұлттар мен ұлыстар кіреді, олар бірнеше діни-конфессионалдық бірлестіктерге біріккен. Осындай әртектілік жағдайында әлемді алаңдатып отырған ұлтаралық, дінаралық қақтығыстарға ұшырамай, халықтардың бейбіт қатар өмір сүруіне мүмкіндік беретін күш қандай? Ғылымда «толеранттылық» атауымен белгілі ұғым, міне, осы жерде маңыздылыққа ие болады.

Жалпы алғанда, толеранттылықтың негізі – өзінің «басқаға, бөтенге» қатынасын бақылау болып табылады. Бұл күнделікті кездесетін, тұрмыстық деңгейден бастап, кәсіби қарым-қатынас жасауға дейінгі аралықты қамтитын мәселе болып саналады.

«Толеранттылық» терминін саралау барысында ғалымдар арасында елеулі қайшылықтар туындайды. Біраз жағдайда оны тікелей «төзімділік» сөзімен байланыстырады, қазақ тілінде «төзім» сөзі «шыдам», «сабыр», «тағат» мағынасында да қолданылады. Яғни, «төзімді болу» - басқаға, оның ісіне, құбылыстарға шексіз төзу, шыдауды білдіреді.

Сонымен, толеранттылық бұл жекелік, қоғамдық сипаттама, ол арқылы дүниежүзі мен әлеуметтік орта көп жақты екендігі ұғынылады, осыдан келіп, бұл дүниеге көзқарастар да әртүрлі болады және өз пікіріне, көзқарастарына, қылығына сай келмейтіндерге төзімділік, шыдамдылық таныту. Бұл ұғым жоғарыда айтылғандай, ғұлама қазақ ойшылдарының еңбектерінде тікелей мағынада көрсетілмегенімен, гуманизм, мәдени сабақтастық идеялары арқылы көрінеді.

Толеранттылыққа қарсы “интолеранттылық” деген ұғым да бар. Оны төзімсіздік, ымырасыздық, шыдамсыздық, тағатсыздық, кейістілік, менмендік, бірбеткейлік, оспадарлық, парықсыздық деп адам, әлеуметтік топтар, мемлекеттерге байланысты айтуға болады. Интолеранттылық болып жатқан жағдайларға, қақтығысты жағдайларға деген қатынастағы шыдамсыздық білдіру, мазасыздану, өзіндік бақылауынан шығарып алу.

Интолеранттылықтың екі түрін бөліп көрсетуге болады: жағдайлық және тұлғалық. Жағдайлық интолеранттылық - әр шиеленісті жағдайларға байланысты тұлға бойындағы шыдамсыздық, агрессивтілік болса, тұлғалық интолеранттылық - тұлғаның басқа адамның пікірін тыңдағысы, қабылдағысы келмеуі, кез-келген жағдайға агрессивтілік таныту мазасыздығы. Адамдар негізінен кіретін көптеген ұлттар мен ұлыстардың өкілдері болып табылады. Мұның сыртында олардың діни, саяси және әлеуметтік ерекшеліктерімен дараланады.

Бүгінгі күнде педагогикалық қоғамдастықтың ең өзекті мәселесінің бірі - ол болашақ мамандармен оқу үдерісінде осындай тірек ұғымдардың байланыстарын жан-жақты білім ретінде ғана емес, іс жүзінде интеграция негізінде оқыту үдерісінде жүзеге асыру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан Халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2012.

2 Дробижева Л.М. Толерантность и рост этнического самосознания: пределы совместимости. Толерантность и согласие. - М.: ИЭА РАН, 1997.

3 Солдатова Г.У., Шайгерова Л.А., Шарова О.Д. Жить в мире с собой и другими (тренинг толерантности для подростков). - М.: Генезис, 2000.

4 Бейсенбаева А.А., Мұханбетжанова Ә. Білімнің интеграциясы мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері: оқу құралы. - Алматы, 2000.

ПСИХОЛОГ – КЕҢЕСШІЛЕРДІҢ БОЛАШАҚ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТКЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАТИВТІК ДАЙЫНДЫҒЫН ЗЕРТТЕУ

Тұрсынғалиқызы Махаббат

Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, Семей қаласы, 2 курс, 7М01101

Педагогика және психология білім беру бағдарламасы

Ғылыми жетекші: Сұлтанова Н.К.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті

Бүгінгі таңда қоғам алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Заманауи кезеңдерде ғылымдар жүйесінде, психолог – кеңесшілердің болашақ кәсіби қызметке психологиялық және коммуникативтік дайындықты зерттеу өзекті мәселе болып келеді. Қоғам талаптарына орай еңбек сипаты мен мазмұнының аумақты, жылдам өзгеруіне байланысты кәсіби және мамандықтың қыр-сырына үңілуге психологиялық және коммуникативтік дайындықты қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық өңдеулерін жүзеге асыру мәнді сұрақтардың бірі. Кәсіби қалыптастыру, соған байланысты іс-әрекетті саналы өзіндік реттеу мәселелерінде дәстүрлі және диагностикалық зерттеуді қолдану, психологиялық, педагогикалық, практикалық кеңес беруді, мамандыққа дайындауды, еңбек субъектісі ретінде болашаққа бағыт-бағдар беруді кеңінен қолдануды күшейтіп негіздейді.

Қазіргі уақытта жас мамандар, ЖОО түлектері, ғылыми-техникалық жұмыскерлер – зиялы қоғамның тобын сипаттайды. Олардың әрекеті материалдық құндылықтарды құруға, алдыңғы қатарлы технологияларды, ғылыми-техникалық прогрессті іргелі жылжытуға, өндірілген өнімнің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді. Олардың кәсібилілігінен елдегі технология мен ақпараттандырудың өсу жылдамдығының тәуелділігі артады. Сондықтан психолог – кеңесшілердің ЖОО-да болашақ кәсіби қызметтегі психологиялық және коммуникативтік дайындығын зерттеу жұмысының мәселесі қазіргі таңда ең үлкен қызығушылықтарды тудыруда. Болашақ мамандардың жеке тұлғалық кәсібилігін және іс-әрекетін табысты қалыптастыру олардың еңбекке деген дайындығына негізделеді. Ғалымдармен кешенді психологиялық білім беру және кәсіби іс-әрекетке дайындықтың негізгі бөлігі психологиялық дайындық болып келеді. Кешенді психологиялық білім беру ретінде, сонымен қатар оның функционалды, операционалды және жеке тұлғалық компоненттерінің жиынтығы ретінде түсіндіріледі.

Білім беру парадигмаларының, жаңа элеуметтік-экономикалық жағдайын өзгеруіне байланысты кәсіби қызмет елеулі күрделенеді, сонын арқасында тұлғаның ішкі психологиялық ресурстары өзгереді. Тұрақтылық, орнықтылық және кәсіби қызметтің сапалылығы маманның психологиялық және коммуникативтік дайындығының ерекшелігімен анықталады. Түрлі авторлармен психологиялық дайындық анықтамасына берілген баламаларына сай олардың құрылымы көрсетіледі, оны құру жолдары қалыптасады.

Егер анықтаушы құрамдас – кәсіби ойлау болса, онда психологиялық тұтастықтың қалыптасуы талдау тәсілдерін оқытудан тұрады (М. М. Кашапов). Кәсіби бағыттылық пен кәсіби қабілеттердің қалыптасуын психологиялық дайындық анықтайды (В. Г Кузнецов, М. А. Паламарчук, С. Ф. Ступницкая).

Коммуникативтік дайындықтың қалыптасуының теориялық негіздері Д. Хаймз, А. Холлидей, Л. М. Митина, А. К. Михальскаяның еңбектерінде сипатталып кеткен. Түрлі ғылым облысындағы ғалымдар қарым-қатынас пен коммуникация мәселелерін зерттеумен айналысты:

философияда (Г. Ф. Гегель, Н. О. Лосский, М. С. Каган және т.б.), психологияда (Л. С. Выготский, Б. Г. Ананьев, А. А. Бодалев, Л. И. Божович және т.б.), психолінгвистикада (А. А. Леонтьев, Н. И. Жинкин, Р. М. Фрумкина және т.б.), педагогикада (А. М. Баскаков, А. С. Макаренко, А. В. Мудрик, И. С. Кон және т.б.).

А. К. Маркованың пайымдауынша, кәсібилік өз құрамына психологиялық дайындық ұғымын енгізген жағдайда, ол бірнеше бағыттағы көпжелілі үрдіс болады. Онда оқыту және тәрбиелеу арқылы мотивациялық және операциялды орта қалыптасады. Осы жағдайда кәсіби қызметке психологиялық дайындық тұлғаның мотивациялық ортасының өзгеру динамикасы көмегімен сипатталады, ондағы кәсіби маңызды нұсқамасының дамуы, тұлғаның әлемді қабылдаудағы құндылықты-мағыналы құрылымы өзгеріске ұшырайды [1, 12]. В. В. Согалаев, психологиялық дайындықтың құрылымына мотивациялық, бағыттаушы, эмоционалды-еріктік, тұлғалы-операционалды және бағалаушы-рефлексивті компоненттер енеді деп атап өткен [1, 14].

Аталып өткен зерттеушілердің пікіріне сүйене отырып, студенттердің болашақ кәсіби қызметке психологиялық дайындығын зерттеуде мотивациялық компонентті негізге алу, психолог – кеңесшілердің кәсіби бағдарында коммуникативтік негіздерін еске ала отырып даярлау біздің зерттеу жұмысымыздың негізін құрайды. Психологиялық тұрғыда психолог – кеңесшілердің болашақ кәсіби қызметке психологиялық дайындығын мотивациялық компонент тұрғысынан ғылыми зерттеулердің, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдар мен бағдарламаларды зерделеу барысында психолог – кеңесшілердің болашақ кәсіби қызметке психологиялық дайындығын зерттеу қажеттілігі мен бұл туралы арнайы теориялық зерттеудің болмауы. Сонымен қатар ЖОО-да болашақ мамандарды кәсіби даярлау барысында психологиялық дайындау әдістерінің қажеттігі мен бұл қажеттілікті жүзеге асыруға негіз болатын арнайы психологиялық-педагогикалық шарттардың болмауы арасында қайшылық бар екені байқалды.

П.Я. Гальперин мен Н.Ф.Талызинаның еңбектеріне сүйене отырып, біз психологиялық және педагогикалық пәндерді зерттей келе, студенттердің болашақ кәсіби қызметке коммуникативтік дайындығын қалыптастыруда келесі кезеңдерді белгіледік:

Бірінші кезең – когнитивтік-бағдарлаушы, коммуникативтік дайындықпен байланысты коммуникация облысында базалық білімдердің, шешендік өнердің негізін, полемиялық шеберлікті игеру.

Екінші кезең – әрекеттік, әр түрлі мамандық бойынша оқытылатын студенттердің коммуникативтік дайындығын қалыптастыруына қажетті жеке компоненттер мен операцияларды тудыруға бағытталған.

Үшінші кезең – шығармашылық, коммуникативтік дайындық немесе коммуникативтік сапалықты көрсету қажеттігінде туындайтын стандартты емес коммуникативтік жағдайларды шешумен байланысты.

Соңғы шығармашылық кезеңде болашақ мамандардың коммуникативтік дайындығын қалыптастыру белгілі бір шешімге келуде ситуациялық (шығармашылық - ізденушілік) сипаттағы міндеттерді шешу арқылы өтеді. Бұл жағдайда студенттің табандылығы, оқуға деген ынтасы анағұрлым басым келеді, ол өз кезегінде коммуникативті дайындықты қалыптастыруда стандартты емес коммуникативті жағдайында оңтайлы шешімге келуге мүмкін туғызады.

Психолог – кеңесшілердің болашақ кәсіби қызметке коммуникативтік дайындығы жайлы сөз қозғағанда коммуникативтік құзыреттілік міндетті түрде атап өтіледі. Жалпы алғанда коммуникативтік құзыреттілік:

- нақты өмір жағдайында өзінің міндеттерін шешу үшін қазақ және басқа тілдерде ауызша және жазбаша коммуникациялардың түрлі құралдарын қолдануға;
- коммуникативтік міндеттерді шешуге сәйкес келетін стильдер мен жанрларды таңдауға және қолдануға;
- әдептілік ережелеріне сәйкес өзіндік пікірін білдіруге;
- нәтижелі өзара іс-әрекетті, түрлі көзқарас және әртүрлі бағыттағы адамдармен сұхбат жүргізе отырып, шиелініскен ахуалдарды шешуді жүзеге асыруға;
- жалпы нәтижеге қол жеткізу үшін түрлі көзқарастағы адамдар тобымен қатынас (коммуникация) жасауға мүмкіндік береді. Коммуникативтік құзырлықты қалыптастыру мәселесін ғылыми зерттеу жеткіліксіздігіне байланысты:
- іскерлік және мәдениаралық коммуникативтік байланыс машықтарын жеткілікті игерген, бәсекеге қабілетті мамандардың кәсіби қажеттіліктері мен сапалы кәсіби қатынас пен байланысқа болашақ мамандарды дайындау деңгейі арасында;

- болашақ мамандардың білім алуын белсендендіруге, қарқындатуға бағытталған талаптар мен болашақ мұғалімдерге шетел тілін үйретудің дәстүрлі әдістемелері арасында;
 - болашақ психолог – кеңесшілердің коммуникативтік құзырлы деңгейіне бағытталған мемлекеттік стандарт талаптары мен болашақ мұғалімдерге шетел тілін оқыту үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету деңгейі арасында қарама-қайшылықтар айқындалады.
- Білімнің мазмұнын, оның таңдауын және құрылымының негізін ашатын ең маңызды түсініктер «болашақ маман моделі», «жоғары білімді маманның квалификациялы қасиеттері» сияқты түсініктер болып табылады. Сондықтан, квалификациялы қасиеттерді қалыптастырудың ғылыми негізі ретінде маманның моделін ашу, көптеген жерде оқу үдерісінің ұйымдастырылуы мен мазмұнын анықтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рогов М. Г. Системно-деятельностный подход исследованию ценностно-мотивационной сферы личности в процессе ее профессионализации. // Системные исследования в общей и прикладной психологии. Сборник научных трудов/институт управления, Москва. – 2000 г. с.32.
2. Жоғары оқу орнында студенттердің құзырлығын қалыптастыру мәселелері. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Хабаршысы. – Түркістан, 2009, №2 (67)– Б.265 - 270.
3. Захарова Н. Психологические основы подготовки к профессиональной деятельности: Дис. док. пс. н. 19.00.01. Текст. / Л.Н.Захарова - Н.Новгород, 1997. - 463 с.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

Тлеубергенов Қ.М.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, Семей қаласы, 2 курс, 7М01101
Педагогика және психология білім беру бағдарламасы*

Ғылыми жетекші: Джумажанова Г.К.

Психология ғылымдарының кандидаты, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Жаһандық талаптарға сай әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың байланысы нәтижесінде психологиялық-педагогикалық білім мен ғылымның осы бағытта дамуы өркениетті құндылықтарды сақтауға, ізгілікті қоғам құруға әсер етеді. Интеллектуалды қоғам қалыптастыру еліміздегі білім мен ғылым дамуына, «ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасының» әлеуметтік-экономикалық тиімділіктерді қамтамасыз етуге бағытталған шаралардың, «Интеллектуалды ұлт-2020» бағдарламасының білім беру мен ғылыми әлеуетті арттыруға арналған кешенді жобасының орындалуына қажетті гуманитарлық ілім мен құндылықтарға негізделген әдістерді зерттеумен, орындалу құралдарын әзірлеу мен коммуникациялық стратегияларды ұсынумен айқындалуда. Елімізде ұлттың интеллектуалды әлеуетін арттыруға бағытталған мемлекеттік шаралардың іске асырылуы мәселені күн тәртібіне қойып отырғанының дәлелі. «Интеллектуалды ұлт – 2020» Ұлттық жобасының басты мақсаты елдің интеллектуалды әлеуетін арттыру [1]. Студенттер – жастардың неғұрлым белсенді, болашаққа бағдарланатын бөлігі. Сондықтан, жоғары кәсіптік білім жүйесіне бірқатар мемлекеттік құжаттарда белгіленген ерекше талаптар қойылады. Мысалы, ҚР Тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Бұл үшін біз не істеуіміз керек? Біріншіден, Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалармен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды», - деп әр жыл сайын сауаттылығы жоғары бәсекеге қабілетті, белсенді, яғни лидерлер қалыптастыру міндетін қойып отырғандығын байқаймыз [2]. ХХІ ғасырда «мобильді ресурстар» стратегиясы орнықты, оған бірінші болып интеллект жатады. Қазіргі заманғы геополитикалық тенденциялар да осыған дәлел. Жастардың интеллектуалдық әлеуетін дамыту мәселесі әлеуметтік маңызы бар екені анықталды. Интеллектуалдық әлеуеттің тұқым 25 қуалаушылыққа тәуелділігі немесе тәрбие мен оқытуға байланысты екендігі қашан да көкейкесті болатын. Философиялық, педагогикалық және

психологиялық еңбектерді талдай келе, алдымен зерттеуде негізгі тірек ұғымы «интеллект» түсінігін әр түрлі тұрғыдан жан-жақты қарастыруды басшылыққа алдық. «Интеллект» ұғымы (латын тілінен «intellectus» - таным, ұғыну), ойлау қабілеті, рационалды таным деген мағына береді, көне грек ұғымындағы нус («ақыл») сөзінен туындаған. Кейін ұғыну, пайымдау, белгілі бір нәрсеге жету қабілеттері сөзіне синоним болды [3]. Әр заманның озық тұлғалары интеллект ұғымының мән-мағынасына өз үлестерін қосып отырған. Әл-Фараби ғылым мен философияны меңгеру үшін «қатты әдіс» пен «жұмсақ әдісті» үйлестіру керектігіне баса назар аударып, олардың жүйесі тұлғаның интеллектіні қалыптастырудың, дамытудың құралы болатынын атап көрсетеді [4]. Халқымыздың кемеңгері Абай – шығармалары мен ғақлиялық сөздері арқылы ғылымға, ақыл-парасатқа, өнер-білімге шақырған ойшыл [5]. Олардың ғылыми пікірлері, еңбектері кейінгі ұлы ғұлама-ойшылдар, арыстарымыздың еңбектерінде өз жалғасын тауып, ұлттық мектептерді қалыптастыруда және оның дамуына әдіснамалық негіз болды. Аристотельдің ілімдерінде бұл ұғым – зерделі жеке бастама деп танылған [6]. Интеллектіге қатысты ғылыми түсініктердің қалыптасуы мен дамуы аса көлемді тарихи кезеңді қамтиды (Сократ, Аристотель, Платон, Т. Гоббс, Б. Спиноза, П. Гольбах, И. Кант, Г. Гегель, Ж. Пиаже, Р. Стернберг, Ч. Спирмен, Л. Терстоун, Дж. Гилфорд, Х. Гарднер, Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн және т.б.). Алайда, интеллектіні зерттеуге арналған еңбектердің шексіздігіне қарамастан, оның негізгі ұғымдары, әдіснамасы және тәжірибедегі көріністеріне қатысты дау-дамайлар әлі де жалғасуда. Зер салу, интеллект мәселесіне мәдени-тарихи амал позициясы бойынша Л.С. Выготский, П.Я. Гальперин және т.б. зерттеулерінде көрініс береді. Л.С. Выготскийдің тұжырымына сүйенсек, интеллект логикалық, аналитикалық және рационалистік бастауымен теңестіріледі, ал оның дамуы балалық шақ негізінде зерттеледі. П.Я. Гальпериннің ақыл-ой әрекеттерін кезеңмен дамыту теориясының негізі – интериоризация. Осы теорияға сәйкес, ақыл-ой әрекеттері мен ұғымдарды қалыптастыру кезең-кезеңмен (мотивациялық, бағдарлаушы, материалдық, сыртқы сөйлеу, ішкі сөйлеу, ауызша сөйлеу, әрекеттерді түгелдей ойша жоспарлау кезеңдері) жүреді. Интеллект екі басты ғылыми бағыттар аясында зерттелді: тестологиялық және экспериментті-психологиялық. Тестологияда (Г. Айзенк т.б.) [7] интеллект белгілі танымдық қызметтердің қалыптасу көрсеткіштерінен (вербалды және вербалды емес) және белгілі білім мен дағдыларды игеруінен көрінетін дамудың межелеген деңгейіне жетуі ретінде қарастырылған. Тестологиялық зерттеулердің пәні интеллектуалды іс-әрекеттердің деңгейлік көріністері, әсіресе интеллектінің академиялық үлгерімге сәйкес деңгейлік 26 қасиеттері болды. Экспериментті-психологиялық бағыт интеллект белсенділіктің механизмдерін анықтауға бағдарланған. Соңғы жылдары интеллектінің неотестологиялық теориялары кеңінен тарады [8]. Бұл сынды теорияларға интеллектінің IQ-тұжырымдамасын қабылдау тән. Кеңес ғылымында интеллектіні логикалық, аналитикалық және рационалды бастамалар ретінде түсіндіріледі, ал интеллектінің даму барысы көбіне балалық шаққа қатысты зерттеледі (Л.А. Венгер, Л.С. Выготский). В.Н. Дружинин [9] еңбектері креативтілік, білім алу және интеллект түсініктерінің байланысына арналған. Интеллектінің дамуы дегеніміз адамның ойлауының сапалы ілгері басуы, бір интеллект даму деңгейінен келесі деңгейге өтуі. Жас ерекшелігіне қатысты интеллектінің дамуы туралы сөз қозғағанда, зерттеушілер (Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн) бала интеллектінің дамуындағы сапалы деңгейлерді бейнелейтін ретті үш генетикалық қадамды ажыратады: көрнекі-әрекеттік, көрнекі-бейнелік және сөз-логикалық ойлау. Соңғы уақытта, адам өмірінің соңына дейін дамуды жалғастыруға мүмкіндік беретін эволюциялыинновациялық жинақты меңзейтін, «шексіз даму» тұжырымдамасы етек алуда. Ф.Н. Ильясовтың пікірінше, интеллект өздік оқу барысында нақты міндеттерді шешуде жүйенің бағдарламасын құру «қабілеттілігі». Интеллектінің генезисін зерттеулердің қатарында өзара бір-бірін толықтыратын басты екі амалды ажыратуға болады. Біріншісі, Ж. Пиаже зерттеулерінде интеллект (субъектінің қоршаған ортамен теңестірудің оперативті тетігі) дамуының ауқымды табиғи әлеуеті болатындығын көрсетеді. Интеллектінің даму көзі – интеллектінің өзі, сонымен қатар, субъект өз алдына мәселелерді қояды, жеңуді талап ететін кедергілерді, қиындықтарды туындататын болғандықтан, субъектінің өмірі де даму көзі екені анықталды. Қайшылықтарды шешу, олардан шығу, түрлі деңгейлі интеллектуалды операцияларын, заттық шындықтың қызметтік тетігі ассимиляцияны қалыптастыруға мүмкіндік береді. Екінші амал бойынша Л.С. Выготский, Дж. Брунер, т.б. еңбектерінде интеллектіні даму адамның жалпы әлеуметтенуі ретінде қарастырылады. Б.Г. Ананьев адамның дамуындағы әлеуеттердің жалпы жиынтығының ішінде зиятқа ерекше мән береді және оны тұлғаның психофизиологиялық үрдістерін, қалпын және қасиеттерін қамтитын танымдық күштердің көпдеңгейлі ұйымы ретінде қарастырады. Бұл ұйым адамның нейродинамикалық, вегетативтік сипаттамаларымен тығыз байланысты. Олар зияттың

эртүрлі эквиваленттері болып табылады және ақыл-ой қабілеттілігінің өлшемін, зияткерлік қуаттылықтың құнын, оның адам денсаулығына пайдасы мен зиянының дәрежесін анықтайды. Осылайша, талданған психологиялық зерттеулер мынадай қорытынды жасауға негіз болды: интеллект тұлғаның туа біткен қабілеттерімен негізделеді. А.И. Савенковтың пікірінше, тұлға әлеуеті дегеніміз адамның интеллектуалды-шығармашылық және уәжді мінездерінің, қасиеттерінің кешенді жиынтығы.

«Әлеует» термині адамның дамуына қатысты 80-ші жылдары «адами фактор» ұғымы идеологияға берік сіңген кезде қоғамдық ғылымдар саласында кең қолданысқа ие болды.

Осыған байланысты студенттік шақта әлеуметтік интеллектінің пайда болатынын атап кету керек. «Әлеуметтік интеллект» ұғымын ғылыми айналымға 1920 жылы Э. Торндайк енгізді, ол оны «тұлғааралық қарым-қатынастардағы болжағыштық» деп түсіндірді [147]. Жеке тұлғаның интеллектуалды әлеуеті оның интеллектуалды, кәсіби және шығармашылық мүмкіндіктерін дамытудың белгілі бір деңгейінің кешенді сипатын ескере отырып, жоғары оқу орындарының аясында жүзеге асырылатын студенттердің интеллектуалды дамуы білімалушылардың логикалық, дерексіз және шығармашылық ой-өрісін жақсартуға тиіс, студенттер эртүрлі мәселелерді шешу үшін тәжірибе жүзінде алынған білімдер мен дағдыларды тиімді қолдана алады. Жоғары мектеп студенттерінің интеллектуалды әлеуетін дамытуға арналған арнайы зерттеулерде алған ғылыми білімді практикада қолдану қабілеті нарықтық ортадағы жағдайда бәсекеге қабілетті ЖОО түлектерінің кәсіби қызметке табысты бейімделуінің кепілі екені ескеріледі. Студенттердің интеллектуалды даму үдерісі білімалушыларды ғылымизерттеу әрекетіне тартудың ықтимал жолдарының бірі ретінде қарастырылуы мүмкін, бұл олардың кәсіби және жеке қалыптасуының ажырамас бөлігі болып табылады. Заманауи тез дамып келе жатқан қоғамның жағдайында жоғары білім беру жүйесі студенттерді жан-жақты дамытуға бағытталуы керек. Қазіргі заманғы ЖОО-ның басты білім беру мақсаты – студенттің негізгі өмірлік мақсаттарының айқын жобалануы үшін қажетті дағдыларын қалыптастыру, оның дербестігін және қабылдаған шешімдерге жауапкершілікпен қарау қабілетін арттыру. Іс-әрекет құрылымының маңызды элементі нәтижеге қол жеткізу. Өздік білім алу бойынша іс-әрекеттің мұндай нәтижесі заманауи экономикаға қажетті, заманауи білім беру іс-әрекетінің өнімінен айтарлықтай ерекшеленетін мобильді маман болуы тиіс. Қазіргі адамның интеллектуалды әлеуетін арттыру күрделі құрылымы, бірқатар ерекшеліктері мен қалыптасу жолдарының алуан түрлілігі бар. Білім беру әлеуметтік кіші жүйе ретінде заманауи ғылымды қажетсінетін өндірістің талаптарына сәйкес реформалауды бастан өткеріп қана қоймай, өндірістің адами факторына, оның ұтқырлығына, креативтілігіне және дербестігіне қойылатын талаптар едәуір артады. Қоғамның адамгершілік және өнегелік идеалдары тұлғаның интеллектуалды даму деңгейін үйлесімді толықтыратыны жан-жақты талданды. Студенттің оқыту үдерісінің қатарына тәрбиелік, дүниетанымдық, мәдениеттанымдық, аксиологиялық, әдіснамалық, танымдық іс-әрекеттер енеді. Педагогикалық-психологиялық мәні бар бұл іс-әрекеттер студентті әлеуметтендірудің, оның интеллектуалды әлеуетін дамытатын, байытатын мақсатты бағытталған үрдістерді құрайтыны байқалды. Интеллектуалды әлеует тек мінез-құлық қасиеттері аясында ғана емес, сондай-ақ терең тұлғалық деңгейде дамуы үшін даму үрдісі арнайы дайындалған ортада, яғни ЖОО-ның оқу-тәрбиелік үдерісі талаптарына сай 35 жүргізілуі – бүгінгі білім саясатының басымдығы. Студенттердің интеллектуалды әлеуетінің жалпы мазмұны атқарып отырған міндетіне тән кәсіби іс-әрекетімен тығыз байланысты, сондықтан түрлі іс-әрекетке жіктелсе де, жалпы қызметтік сипат ерекшелігін, яғни өнегелі қоғамдағы оқу-тәрбие ісінің интеллектімен туындайтынын ескеру қажет [10].

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сұлтанбаева Г.С. Интеллектуалды әлеуеттен – интеллектуалды ұлтқа: монография. – Алматы, 2012. – 216 б. 116 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Интеллектуалды ұлт – 2020» // <https://pdf.egemen.kz/pdfs/2016/12/24122016.30.01.2008>.
2. Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауы «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан. – 2013, ақпан – 28.
3. Губский Е.Ф., Кораблёва Г.В., Лутченко В.А. Философский энциклопедический словарь. – М.: ИНФРА-М, 1999. – 576 с.
4. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: «Ғылым», 1975. – 399 б.
5. Құнанбаев А. Шығармаларының 2 томдық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995. – 335 б. 121 Аристотель. Сочинения. – М.:Изд-во Мысль, 1976. – Т. 1. – 550 с.

6. Eysenck H.J. Dimensions of personality: The biosocial approach to personality // In book: Explorations in temperament: International perspectives on theory and measurement / ed. by J. Strelau, A. Angleitner. – New York: Plenum, 1990. – P. 87-103.
7. Айзенк Х. Структура личности. – СПб.; М.: КСП, 1999. – 464 с.
8. Handbook of creativity / ed. by R. Sternberg. – Cambridge: Cambridge Univ. Press, 1999. – 297 p.
9. Дружинин В.Н. Психологическая диагностика способностей: Теоретические основы. – Саратов, 1990. – 287 с.
10. Пиаже Ж. О природе реактивности // Вестник МГУ. – 1996. – №3. – С. 8-17. 128 Bruner J.S. The Culture of Educ

ЛИЧНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННЫЕ ТРЕНИНГИ КАК МЕТОД КОРРЕКЦИИ САМООТНОШЕНИЯ

Кайрбеков Ш. Т.

*Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей
группа МПП-222, 2 курса специальности «Педагогика и психология»*

Научный руководитель: Аюпова Г.Т.

Доктор PhD, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

Современное общество требует от социальной психологии не только и не столько решения диагностических задач, констатации определенных психологических состояний, отношений и т.п., - сколько вмешательства в общественную жизнь с целью оптимизации, коррекции и развития межличностных отношений.

Групповые формы психологической работы, методы группового психологического воздействия, активного психологического вмешательства стали знаменем нашего времени последние годы в силу экономичности и в силу своей эффективности.

Личностно-ориентированные коррекционные группы, начиная с психодраматических групп Дж. Морено, с групп К.Левина, с недирективных психокоррекционных групп К.Роджерса (50-е годы), - направлены на усиление и развитие индивидуального человеческого потенциала, на усиление свободы выражения личности, ослабление психологических «защит», развитие способности принятия себя и других, повышение выносливости к неудачам и жизненным трудностям, на создание условий и стимулирование в групповом пространстве открытия новых путей для решения проблемных ситуаций членами групп. [1]

В постепенно формирующейся атмосфере поддержки, доверия, открытости, спонтанности участники групп расширяют зоны собственного психологического видения, совершенствуют коммуникативные навыки, открыто исследуют свои трудности, апробируют новый опыт в группе.

Личностно-развивающие цели коррекционных, терапевтических групп свидетельствуют о бесспорной актуальности ведения и развития такого рода групповой коррекционной работы для самых разных возрастных групп здоровых людей, для любого общества, особенно в кризисные периоды, в периоды испытаний, - что особенно актуально в настоящее время для нашей страны.

Личностно-ориентированные коррекционные группы показаны любому здоровому человеку, испытывающему какие-либо психологические трудности: учебные, профессиональные, в личных отношениях; - это может быть повышенная тревожность или депрессия, сильное неприятие себя, ощущение враждебности от других людей, потеря любви значимого человека или физическая потеря значимого, близкого человека, хронические внутренние конфликты и т.п.

Особенно высока значимость личностно-ориентированных коррекционных групп для представителей коммуникативных профессий: руководителей, менеджеров, референтов, врачей и т.п. Для них работа над собой, усиление адекватности, позитивности самовосприятия является важной частью их профессиональной успешности.

Результат групповых форм психокоррекции - это прежде всего позитивное изменение отношения к себе и к другим. Члены таких групп психологически чувствуют себя более комфортно, приобретают уверенность, что смогут совладать со своими жизненными проблемами. Повышается точность восприятия Я-концепции другого человека, повышается восприимчивость и внимание к другим людям. Всякий человек независимо от профессии - при условии позитивного

самовосприятия чувствует себя более удовлетворенным, повышается его уверенность в себе, продуктивность и эффективность его работы.

Я-концепция - это набор установок, как сознательных, так и бессознательных, направленных на самого себя, это внутренний механизм, который формируется через рефлексию и интериоризацию оценочных воздействий других людей, социальных реакций на данного индивида, через интернализацию ценностей и представлений других людей.[2]

Центральным компонентом Я-концепции является аффективная оценочная составляющая или самоотношение. Оно определяет картину представления о себе и поведенческие проявления. Позитивное самоотношение как следствие формирует позитивную Я-концепцию самоотношение определяет самовосприятие, представление о себе, фильтруя перцептивные признаки и приписывая им веса.

Именно самоотношение и как следствие системы самовосприятий, представлений о себе, - то есть Я-концепция имеет значение для личности, обуславливает довольно устойчивые схемы поведения, построения отношений со значимыми людьми, является детерминантой ответных реакций на окружающих, детерминантой значений, приписываемых окружением, определяет интерпретацию опыта, является источником ожиданий человека на себя и других. [3]

У человека существует устойчивая тенденция строить на основе собственных представлений о себе не только свое поведение, но и интерпретацию индивидуального опыта.

Самоотношение и как следствие Я- концепция определяет характер восприятия человеком любой ситуации. Проходя через "фильтр" Я-концепции ситуация осмысливается, получает значение, соответствующее представлению человека о себе определяет:

- как будет действовать индивид в конкретной ситуации;
- как он будет интерпретировать действия других;
- ожидания индивида, то есть его представления о том, что "должно" произойти (механизм "самореализующегося пророчества"). [4]

Самоотношение влияет на степень согласованности содержания Я- реального, Я- идеального и Я - глазами других. Повышение позитивности самоотношения, чувства собственного достоинства под воздействием поддержки других может приводить к большей конгруэнтности, сближению этих трех структур, что является позитивной здоровой динамикой Я-концепции и ведет к формированию новых паттернов поведения. Личная устойчивость основывается на разумном удовлетворении собой. Степень принятия себя зависит от любви и уважения со стороны значимых других

Список литературы:

1. Маслоу А. Дальние пределы человеческой психики. СПб., 1997, 430 с.
2. Новиков В.В. Социальная психология: феномен и наука. М., 1998, 464 с.
3. Психогимнастика в тренинге. Под ред. Н.Ю.Хрящевой. СПб. 1999, 211 с.
4. Психогимнастика в тренинге. Под ред. Н.Ю.Хрящевой. СПб. 1999, 211 с.

МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ АНОМАЛИЯСЫНЫҢ ШЫҒУ СЕБЕПТЕРІ МЕН КӨРІНІСТЕРІ

Канафина Жанаргуль Серикжановна

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің магистранты қ. Семей, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Абдуллина Г.К.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы қ. Семей, Қазақстан

Бүгінгі таңдағы қоғамдағы ірі өзгерістер мен күрделене түскен экономикалық жағдайлар жас ұрпақ психологиясына айрықша әсер етіп қана қоймай, күн сайын күшейе түскен бұл қолайсыз факторлар мектептегі оқу тәрбие үрдістерін жақсартудың баламалы жолдарын іздестіруді талап етеді.

Көптеген ғылымдар саласында «қалыпты» және «аномалды» құбылыстар деген ұғымдар бар. Сөздің тура мағынасында «қалыпты» және «аномальды» мінез-құлық түсініктерінің анықтамасы қиындай түсуде. Бірақ ғылымда және үйреншікті өмірде бұл түсініктер барлық жерде қолданылады. Қалыпты мінез-құлық көптеген адамдарға тән, нормативті-қабылданған мінез-құлық деп

түсіндіреді. Осыған ұқсас, қалыптан тыс мінез-құлықты: нормативті-қабылданбаған, стандартқа сай емес немесе аномалиялық деп бөлуге болады.

Қазіргі уақытта мінез-құлықтың бұзылуы жан-жақты зерттеліп, жаңа сипаттағы әлеуметтік - психологиялық, клиникалық - медициналық, қылмыстық - криминологиялық тұрғыларда қарастырылуда[1]. Жеке адамның әлеуметтенуі барысындағы ауытқулардың көптеген факторларға байланысты екендігін отандық және шетел психологтары зерттеп, генетикалық (тұқымқуалаушылық), физиологиялық (туу кезіндегі асқынулар), әлеуметтік (ата-аналарының, үлкендердің жағымсыз мінез-құлық формаларын меңгеру) жағдайларға байланысты туындаған бірнеше себептердің психикаға әсерін анықтаған.

Адамның мінезі бүкіл өмір бойы іс - әрекеттері мен қылықтарына, өзін-өзі тәрбиелеуіне байланысты қалыптасып, дамып отыратын психологиялық даралық қасиет. Мінез бұл тек өкілінің өмірлік жоспарымен шарттасқан тұрақты да жалпыланған әрекет қылықтарының жүйесі. Мінез тек өкілі психикасы ерекшеліктерінің бекіген бағдарлы әрекеттік болмысы. Мінезді әрбір адамның әлеуметтік ортақ және даралықты жеке өзіне тән сапа қасиеттері бекиді, оның әлеуметтенуі мен тәрбиесінен қалаған сапалар көрініс береді.

Оқушылардың бойында мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу мәселесі педагогика ғылымының көрнекті өкілдері: Я.А.Коменский, К.Д.Ушинский, А.С.Макаренко, Н.К.Крупская, С.Т.Шацкий, В.А.Сухомлинский және т.б. еңбектерінде де ерекше орын алады. Қазақтың ағартушы-педагогтары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А.Құнанбаев, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, Ж. Аймауытов және т.б. жас ұрпақ бойында мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу мәселесіне көп көңіл бөлген.

Ал мінез-құлықтың аномалиясының психологиялық негіздерін зерттеген ғалымдар: Л.К.Керимов [2], К.Ү.Бикенов[3], З.Ж.Жаназарова, Ж.А.Нұрбекова, Н.Ахметжанова[4], Л.А.Григорович[5], А.Ю.Егоров[6], Е.Синичкина[7], Л.Кругляк [8] және т.б.

Мінез-құлықта аномалиясының пайда болуына әсер ететін білім беруімен байланысты әртүрлі факторлардың келесідей түрлерін бөліп көрсетуге болады:

- *Ассоциальды мінез - құлық* психобиологиялық деңгей негізінде әсер етуші индивидуалды әлеуметтік жағдайының бейімделуін қиындатады;
- *Жанұялық және мектептегі тәрбиенің кемшілігінің әсерінен* көрінетін психологиялық – педагогикалық фактор;
- Оқу–тәрбие ұжымында, көшеде, жеткіншектің жанұясының адамдарымен біріккен іс-әрекетіндегі ағымсыз ерекшеліктерін ашушы *әлеуметтік психологиялық фактор*;
- Индивидтің белсенді қарым–қатынас орнатуға *өзі таңдаған қоғам ортасы*, нормаларға және өзін қоршаған құндылықтарға, педагогикалық әсері мол жанұя, мектеп, қоғам. Сондай–ақ өзінің мінез–құлқын өзі реттеуші қабілетінің тұлғалық бағасының бағытын көрсетуші жеке тұлға факторы;
- *Әлеуметтік экономикалық және әлеуметтік шарттардың* қоғамдағы алатын орнын анықтаушы әлеуметтік фактор.

Тәрбиесі қиын балалардың тудыратын себептердің бірі үйелмен тәрбиесіндегі кемшілік, яғни балаларын оқытуда, тәрбиелеуде ата – аналардың жауапкершілік сезімінің жоқтығы бала мінезінде мейірімсіздікті, яғни қатыгездікті, дөрекілікті, өзіншілдікті туғызады.

Екінші себеп – бұл үйелмендегі сәтсіздік, маскүнемділік, ұрыс – төбелес, ұрлық, ата – аналардың және басқа үйелемен мүшелерінің жеңілтек мінез – құлқы, ал бәрінен жаманы – ажырасу, неке бұзу. Әрбір ата – ана ішкілікке, азғындыққа түспеу үшін күш қабілетін пайдаланып, балаларға мейірімді өнеге мен әсер етуі керек.

Үшінші себеп – ұл балаға үнемі жеткіліксіз көңіл аударылады. Кейбір үйелмен баланың ішкі дүниесін, тілектерін, ойларын, қайғысын қоршаған ортаға қатынасын жете біле бермейді. Тату үйелменде ата – аналар балалардың күнделікті өмірімен, іс - әрекетіне басшылық жасайды. Балалардың өздерінің қуанышын, қайғыларын, ойларын, уайымдарын бөлісуге үйретеді, саяси мәселелерді, жаңа фильмдер мен кітаптарды бірлесе отырып талдайды, өздерінің сүйікті әндерін орындайды.

Төртінші себеп сынып жетекшілерінің тәрбие жұмыстарындағы олқылықтары мен кемшіліктері. Тәрбиесі қиын балалар жөнінде сынып жетекшілерінің іс - әрекеті көпшілік жағдайда кейбір жұмыстармен ғана шектеледі. Мұндай жалпы және қарапайым жұмыстар бойынша тәрбиесі қиын балаларды жан – жақты білу мүмкін емес.

В.Г.Степанов, В.А.Крутецкий мінез – құлықтағы қиындық мәселесін қарастыра келе, оқушыларды екі қатарға бөледі.

Бірінші қатарға адамшершілік дамуында және мінез – құлқында, шамамен алғанда өте үлкен емес ауытқушылықтары бар оқушыларды жатқызады, олар – тәртіпсіз, жалқау, қыңыр, дөрекі, өтірікші балалар. Тәртіптілікті - өзіне және басқаларға деген жоғарғы талап қоюшылық, киіміндегі тазалық және жинақтылық сияқты және т.б. көрсеткіштерден айқындалады. Тәртіпті емес мінез – құлықты осыған қарама – қарсы көрсеткіштерден: жұмыстан жалтарып кетуге тырысу, берілген тапсырманы орындамау, адал еместік, өзінің жеке қызығушылықтарын достарының арасында жүзеге асыруға тырысу, үнемі тәртіпті бұзуынан және т.б. байқалады.

Екінші қатарға жеке акцентуациясына және мінез – құлқында қиындығы бар балаларды жатқызады. Мінез акцентуациясы – бұл жеке бітімдегі аса күшейтілген мөлшердің ең ақырғы түрі. Сондықтан психогендік ықпалдарға жататын белгілі қатардың кейбір осалдығы білінеді. Жеткішек жастағы балаларға жүргізілген жеке құрылымдағы зерттеулер бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың жеке ерекшеліктерін талдауы үшін негізгі қызмет атқарады.

Белгілі ғалымдар Б.Г. Ананьев[9], Л.И. Божович[10] зерттеулерінде мұғалім мен бала арасындағы қарым-қатынас, баланың ата-анасына және құрбыларына қарым-қатынасын анықтап, эксперименттік түрде зерттеп көрсеткен. Жалпы ғалымдардың зерттеулеріне сүйенетін болсақ, бала мінез-құлқының қиындығы 6-8 сыныптарда әсіресе ұл балаларда басымырақ байқалады деген.

Мінез-құлқында аномалиясы бар оқушыларды әдетте екі топқа бөліп қарастырады:

1. Тән кемтарлығы және жан жарақаты бар оқушылар;
2. Отбасында, мектепте тәрбиелеуден шет қалған, жеке басын қалыптастыруда сыртқы кері факторлардың, әлеуметтік жағдайдың әсері болған және өтпелі кезеңнің күрделілігінен мінезі дұрыс қалыптаспаған оқушылар.

Мінез-құлқында аномалиясы бар балалар деп өзіне назар аудартатын және тәрбиешілердің сақтығын тудыратын ерекшеліктері мен оның көріністерін айтамыз. Демек, жеткіншектердің мінез-құлқына қандай да бір бағыт, мазмұн, мән берсек, біз онымен баланың адами және басқа да қасиеттері мен сапаларының негізінде жатқан үрдістер мен тетіктердің дамуына еркін әрі мақсатқа бағытталған ықпал етеміз.

Мінез-құлық аномалиясы бірте-бірте қалыптасады және мінез-құлық аномалиясының қалыптасуының негізгі шарттары мыналар:

- әлеуметтік норма мен тұлғаның арасындағы қарама-қайшылықтың тууы;
- балаға қарсы әлеуметтік талап қоюдың, келіспеушіліктің болуы;
- заңға қарсы қимылдың болуы (ұсақ бұзақылық, өтірік айту, ұрлық жасау және т.б.);
- заңға қарсы қимылдық пікір айту;
- асоциалды мінез-құлық тәжірибесінің жинақталуы (зорлық, бұзақылық, зорлық-зомбылық);
- асоциалды мінез-құлықты топқа қосылу;
- заңды бұзу;
- қылмыс жасау.

Тұлғаның қалыптасуы ата-анасының біреуінің шамадан тыс көңіл бөлуі және тәрбиелеу процесінің болуы. Бұл негативті факторлардың отбасына әсері, баланың үйіне, отбасына, ата-анасына деген қарсы қатынасын көрсетті. Олардың үйден кетуіне және көп уақытын үйде өткізбеуіне себепші болады. Бұл шартта «көше балалары» категориясы қалыптасады. Бұған қатысушылар: үйдегі агрессивті жағдай, балаға деген қатыгездік, оның бала тәрбиелеуді апасы мен атасына баланың қолдауынсыз беру, тәрбиенің жетіспеушілігі, баладағы дұрыс қызығушылықтар мен әуестіктердің болмауы.

Қоғамдағы жасөспірімдердің қазіргі таңдағы мінез-құлықтарындағы ауытқушылықтар немесе дағдарыстар білім беру мен тәрбиеге және үлкендермен, жора жолдастарымен қарым-қатынас жасау барысында аса көзге түсіп, маңызды проблема. Осы орайда жасөспірімнің психологиялық проблемаларын зерттеу әлеуметтік-экономикалық және мәдени дағдарыспен бірегей көтеріліп өзекті мәселелердің біріне айналды.

Әдебиеттер:

1. Абдуллина Г.К. Ауытқушылық әрекет-қылық психодиагностикасы мен психокоррекциясы: оқулық құрал – Семей, 2017 – 154бет.
2. Керимов Л.К. Қиын оқушылар және оларды қайта тәрбиелеу мәселелері А., 1991.
3. Бикенов К.Ү., Жаназарова З.Ж., Нұрбекова Ж.А. Отбасымен әлеуметтік жұмыс: Оқу құралы.- Алматы.- 2003.

4. Ахметжанова Н. «Мінез-құлқы қиын балалар», Ұлағат, 2001ж. №1.
5. Григорович Л. А. Проблема нравственного развития подростка / Л.А. Григорович. - М.: НОУ ВПО Московский психолого-социальный университет, 2014. - 248 с.
6. Егоров, А. Ю. Расстройство поведения у подростков. Клинико-психологические аспекты / А.Ю. Егоров, С.А. Игумнов. - М.: Речь, 2011. – 448
7. Синичкина, Елена Практическая психология для подростков, или Как научиться любить себя и других: моногр. / Елена Синичкина. - М.: АСТ-Пресс, 2013.
8. Кругляк, Лев Свобода от зависимости (комплект из 2 книг) / Лев Кругляк. - М.: ИГ Весь, ИГ "Весь", 2014. - 896 с.
9. Ананьев В.А. Введение в психологию здоровья. – СПб, 2008.
10. Божович Л.И. Психологические закономерности формирования личности // Вопросы психологии 1976. - № 6. — С.34-44.

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қайнарова А.Р.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті
221тобы, 2курс, мамандық
«Педагогика және психология»*

Ғылыми жетекші: **Жапарова Г.С.**

Педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Эмоция бұл сезім арқылы ынталандырып, ұймдастыратын және қабылдауды бағыттайтын, адамның ойлауы мен іс-әрекеті. Эмоция ынталандырады. Ол энергияны жұмылдырады және бұл энергия кейбір жағдайларда субъект әрекет жасау үрдісі ретінде сезіледі. Эмоция индивидтің ойлауы мен физикалық белсенділігін басқарады, оны белгілі бір арнаға бағыттайды. Егер сіз ашуланған болсаңыз, оны ашық көрсете аласыз, ал сіз қорқып тұрсаңыз онда агрессияңыздың көрініс бермейтіні белгілі. [1]

"Эмоциялар" ұғымының әр түрлі авторларының көзқарастарын талдайды. У. Джеймс эмоциялар адамның дене өзгерістерінде көрініс тапқан толқушы оқиғаны қабылдауға реакциясы деп санайды. Ғалымның пікірінше, нысан сезім органына әсер еткенде жүйке импульстері тиісті арналар арқылы бірден тарайды және бұлшық ет, тері, қан тамырларының жағдайын өзгертеді. Ми қабығының көптеген ерекше бөліктерінде қабылданатын бұл өзгерістер адам санасына әсер етіп оны жай ғана қабылданатын объектіден эмоциялық күйзеліске ұшырайтын объектіге айналдырады. [2]

Өзінің алғашқы жұмыстарында З Фрейд "аффект, немесе эмоция – психикалық өмірдің жалғыз мықты күші" деп жазады. Өзінің кейінгі еңбектерінде ол " аффект туралы интрапсихиялық факторлар туралы айтады.» [3].

Эмоционалды интеллект концепциясына байланысты Дж. Мейера, П. Сэловея, Д. Карузо, эмоционалды интеллект - бұл өз эмоциялары мен басқалардың эмоцияларын сезінуге және түсінуге мүмкіндік беретін ментальдық қабілеттер тобы деген [4].

А. Н. Леонтьевтің пікірінше, эмоциялар ішкі сигналдардың рөлін атқарады. Олар ішкі сигнал болуына сыртқы объектілер туралы ақпаратты өздігінен алуында есем, бұл субъектінің әс-әрекеті ағымында болып жатқан объективті жағдайлар мен оның байланысы. Эмоцияның ерекшелігі ол ынта мен шындықтың арасындағы байланысты көрсетіп мотивациялық іс-әрекетке жауап береді. Бағытталған субъективті сигналдардың рөлін адам эмоциясында туындаған қорқыныш, қанағаттанбау, жайсыздық т.б. жағдайлар атқарады. [5]

Л. С. Выготскийге қарағанда С. Л. Рубинштейн "аффект пен интеллект" бірлігі идеясының жақтаушысы ретінде өзін ғана емес, ол көбінесе ЭИ идеясын алдын ала болжайды: "шын мәнінде эмоциялар мен интеллект жеке өмірдің бірлігі туралы ғана емес, эмоциялық немесе аффективті, және эмоциялардың ішіндегі интеллект мәселесінің біртұтастығы туралы айту керек". А. Н. Леонтьев оқу іс-әрекетінің "жеке" мағынасы туралы айтқан кезде эмоциялар мен интеллект байланысын атап өтті. Мағынасы дәлелдермен анықталады, А. Н. Леонтьев жаңа мағыналарды қалыптастырып, интеллект саласындағы жаңа мүмкіндіктерді де ашатынын көрсетеді [6]

Эмоцияның мұндай күрделі үдірістерін танып оны реттеуде психологтың қызметі ерекше рөлді атқарады. Себебі психолог қызметінде ол ең алдымен өзгеге көмек бермес бұрын өз эмоцияларымен жұмыс атқара білу дағдылары қалыптасуы қажет. Әрине отандық және шетелдік еңбектерде эмоция мәселесіне байланысты көптеген теориялар мен ғылыми зерттеулер кеңінен тараған және қазіргі уақыттың өзінде бұның көптеген бағыттары мен зерттеулері өз көрнісін беріп отыр. Бұл жерде біздің зерттеуімізде орын алып отырған мәселенің бірі ол болашақ психологтардың эмоциясын зерттеу. Бұр арада біздің зерттеу жұмысымыз болашақ психологтардың эмоционалды интеллектілерін зерттеумен байланысқан.

Қазіргі қоғамдағы психолог маманның рөлін анықтау үшін осындай маманның орындай білетін мәселелер спектрін ұсыну маңызды. Қазіргі уақытта психологтың кәсіби қызметінің үш түрі бар: психолог-оқытушы, психолог-зерттеуші, психолог-практик.

Психолог-оқытушының кәсіби қызметінің негізгі саласы – білім беру, дәлірек айтқанда – студенттерді психологиялық білім негіздеріне оқыту, олар тек өз бетінше білім беріп қана қоймай, студенттің өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі белсендірудің қозғаушы күші бола алады.

Психолог-зерттеушінің кәсіби қызметінің негізгі саласы-психологияның таңдаған салаларының бірінде ғылыми-зерттеу жұмысы. Психологтың жоғары кәсіби қызығушылығы-тәжірибе қоғам өмірінің түрлі салаларында-денсаулық сақтауда, білім беруде, құқықтануда, өнеркәсіпте, бизнесте, саясатта, саудада, жарнамада, өнерде, әлеуметтік салада және т. б. іске асырылуы мүмкін.[7]

Профессиографиялық тәсіл шеңберінде психологтың жеке тұлғасына және қызметіне қойылатын талаптар әзірленді, оларды қалыптастыру мен дамытуға ЖОО-ның білім беру үдерісі бағдарлануы тиіс.

Мәселе зейін аударудың жоғары деңгейі мен орнықтылығы (ұзақ уақыт бойы басқа объектілерге назар аудармай, бір пәнге көңіл аудару қабілеті); зейін аударудың және бөлудің жоғары деңгейі туралы (бір пәннен екінші пәнге зейін аудару, сондай-ақ зейін аударудың ортасында бір мезгілде бірнеше затты ұстап тұру немесе бір мезгілде бірнеше іс-әрекет жасау қабілеті); бейнелі және ауызша-логикалық жадының жақсы дамуы; бейнелі ойлаудың жоғары деңгейі; логикалық ойлау; мнемикалық қабілеттердің жақсы дамуы; коммуникация; тындау қабілеті; вербалды қабілеті; өзін-өзі бақылау қабілеті туралы болып отыр. Бұл Е.С.Романованың тұжырымы аясында қарастырылған талдаулар. Дегенмен болашақ психологқа осымен қатар өзінің эмоционалды жағдайын негізге алу маңызды екендігін ескеру қажет. [8]

Біз жауапкершілік, әдептілік, коммуникабельділік, креативтілік, төзімділік сияқты кәсіби маңызды қасиеттермен қатар психологқа эмоционалды ұстамды, яғни жағдаяттық талаптарға сәйкес іс-әрекет бағдарламасын өзгертуге дайын болу; күтпеген өзгерістерге бейімделе білу қабілетін көрсету қажет деп есептейміз.

Қазіргі кезде болашақ психологтарға терең теориялық білім беру барысында олардың эмоционалды интеллектілерін дамытатын жұмыс бағыттарына ерекше назар аудару қажет. Себебі өзінің мамандығын толық меңгерумен қатар ондағы кездесетін қиындықтарға эмоционалды жағынан ұстамды болып келу әрбір маманның өзіндік білімі мен көзқарасына байланысты. Психологиялық қызметте эмпатияның көрінуі әр психологтың өз кәсіби іс-әрекетіндегі алғашқы жетістіктері болуы оның өз қызметіне деген ұстанымымен толықтай мұндағы туындайтын түрлі мәселелерге эмоционалды тұрғыда төзе білуі болып табылады. Әрине студент ЖОО-да бірнеше модульдерден тұратын оқу бағдарламасынан өтіп қажетті құзыреттіліктерін қалыптастырады, дегенмен кәсіби іс-тәжірибе кезінде оның пайдалы болуы әрбір жеке тұлғаның өзінің темпераменті мен өмірлік ұстанымына, мотивіне байланысты болып келеді. Осы орайда эмоционалды интеллект психолог маманның кәсіби дамуы мен өзін-өзі бағалауында негізгі орынды алады. Осы жерде отандық ғалымдардың ой-пікіріне тоқталғым келеді. Отандық және шетелдік ғалымдардың жеке тұлғаға байланысты психологиялық концепциялары (Б.Г. Ананьев, А.Г. Ковалев, А. Маслоу, Г. Олпорт, К.К. Платонов, С.Л. Рубинштейн және т.б.) психологтың эмоциялық сферасын адам өмірінің тиімділігін анықтайтын және әсер ететін маңызды құрылымдық-мазмұндық элемент ретінде бөліп көрсетуге мүмкіндік берді.

С. Л. Рубинштейнмен болашақ психологтардың эмоционалды интеллектілерін қарастыруда олардың эмоционалды икемділік құрылымын негізге алған, қандай да бір объектіге бағытталмаған субъектінің дифференциалды емес эмоциялық жай-күйі ретінде көрсетілген жеке тұлғаның эмоционалды аясының үш негізгі құрамдас бөлігін атап кеткен: интеллектуалды, моральдық, эстетикалық сезімдер. Адамның өмірге жалпы қатынасын сипаттайтын деңгей (мысалы, әзіл сезімі, қайғылы, күлкілі сезім болуы мүмкін).

Бұл ғылыми-теориялар негізінде келесі түйінге келдік эмоциялық интеллект психологтың кәсіби қызметінде клиентке әсер ететін құрал ретінде қажет, ол сондай-ақ психологтың психологиялық денсаулығын сақтауға ықпал етеді. Эмоциялар функцияларының бірі-бейімделу.

Өз эмоцияларын басқара білу өзінің айқын эмоциялары мен импульстерін бақылауға көмектеседі, күрделі жағдайда ақыл-ойдың сақталуына ықпал етеді; бұл қабілет белгісіздік ахуалына төзімділік деңгейін арттырады және өз-өзіне деген сенімді арттырады [9].

Пайдаланған әдебиеттер

1. Изард К.Э. Психология эмоций / Перев.с англ. – СПб: Издательство «Питер», 1999 – 464 с.:ил. (Серия «Мастера психологии»).
2. Педагогика профессионального образования : учеб, пособие для студ. высш. учеб, заведений /Е. П. Белозерцев, А. Д. Гонеев, Г. Пашков; под ред. В. А. Сластенина. - 2-е изд., стер. - М.: Академия, 2006. - 368 с
3. Фрейд, З. Психопатология повседневной жизни /З. Фрейд. - М., 1925.
4. Алексеева Е.Е. Типологические особенности студентов психологических и педагогических специальностей // Вестник Санкт-Петербургского университета МВД России. - 2009, № 4, С. 207-212.
5. Леонтьев, А. Н. Психология образа [Текст] / А. Н. Леонтьев // Вести. Моек, ун-та. - Сер. 14 : Психология. - 1979. - № 2. - С. 3-13
6. Леонтьев, А.Н. Проблема деятельности в психологии / А. Н. Леонтьев // Вопросы философии. – 1972. – № 9. – С. 95–108.
7. Карандашев В.Н. Психология. Введение в профессию. М., 2003
8. Романова Е.С. 99 популярных профессий: психологический анализ и профессиограммы.СПб., 2003.
9. Параскевова К.Г. Особенности личности помогающих специалистов с разным уровнем эмоционального интеллекта / К.Г. Параскевова // Вестник Одесского национального университета. – 2012. - № 8(20). С. 425-432.
10. Кобзарь А. И. Прикладная математическая статистика. — М.: Физматлит, 2006. — 466—468 с.

ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: БАЛАЛАР МЕН ЕРЕСЕКТЕРДЕ ДАМУЫ

Кайнарова Айнур Рыспековна

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
МПП 221 тобы, 2 курс, «Педагогика және психология» мамандығы*

Ғылыми жетекші: PhДдоктор Аюпова Г.Т.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы

XXI ғасырдың басында эмоционалды интеллект тұжырымдамасын әзірлеуге келесідей ғалымдар ат салысты: Питер Саловей, Джон Майер, Ховард Гарднер, Константин Васили Петридис, Майер Саловей.

Эмоциялық интеллект – психология ғылымында қарқынды зерттеу объектісіне айналған өзекті тақырыптардың бірі болып отыр.

Эмоционалды интеллект (EQ) – бұл өзіңіздің сезімдеріңіз бен эмоцияларыңызды, басқа адамдардың сезімдері мен эмоцияларын түсіну және өз эмоцияларыңыз бен сезімдеріңізді, басқа адамдардың сезімдерін басқару арқылы өзіңіздің және басқалардың мінез-құлқына тиімді әсер ету қабілеті.

Эмоционалды интеллектіңің дамытудың керемет мүмкіндіктердің бірі ол - жағымсыз эмоцияларды азайту. Дұрыс дамыған эмоционалды интеллект теріс эмоциялардың себептерін тез арада шешуге мүмкіндік береді, содан кейін жағдайды байыпты бағалауға және ұзақ уақыт бойы сынаудың орнына оған ақылмен жауап беруге мүмкіндік береді.

Табысты адамдардың көпшілігінде дамыған эмоционалды интеллект бар. Мұның бірнеше себептері бар. Біріншіден, эмоционалды интеллекттің дамуы көптеген қорқыныш пен күмәндерден арылуға, өз мақсаттарына жету үшін адамдармен қарым-қатынас жасауға және дамуға мүмкіндік

береді. Екіншіден, эмоционалды интеллект басқа адамдардың мотивтерін «оларды кітап ретінде оқуға» мүмкіндік береді. Бұл дегеніміз-дұрыс адамдарды табу және олармен тиімді қарым-қатынас жасау. Үшіншіден, IQ-ге қарағанда эмоционалды интеллекттің өмір бойы дамытуға және арттыруға болады.

Біздің өмірімізде көптеген қарама-қайшылықты талаптар, алаңдаушылықтар мен міндеттемелер бар, біз көбінесе өзімізді шамадан тыс сезінеміз, депрессияға ұшыраймыз, өз-өзіне күмәнданбаймыз және тартынбаймыз, басқаларды түсінбейміз немесе басқаларды түсіне алмаймыз.

Өз сезімдеріңізді түсініп, оларды эмоционалды интеллект арқылы басқара отырып, сіз өзіңіздің жағдайыңыз бен тілектеріңізді басқа адамдардың сезімдері мен мінез-құлқына құрметпен қарай аласыз.

Эмоциялар біздің ойлауымызда және өзімізді қалай ұстауымызда маңызды рөл атқарады. Олар адамдарды қорғауға көмектеседі және қауіп-қатерлерге жауап беруге шақыру арқылы олардың физикалық қауіпсіздігін сақтайды. Қорқыныш, ашуланшақтық және жиіркеніш секілді сезімдер негізгі эмоциялар не болып жатқанын ойлауды күтпейді. Қиын жағдайларда олар тым баяу ойлаудан озып, қауіп туралы бірден ескертеді және тез әрекет етуді талап етеді.

Басқа эмоциялар мысалы, әлеуметтік - адамдарға өз шеңберлерінде бірге өмір сүруге мүмкіндік береді. Кінә, ұят, ризашылық және махаббат сияқты эмоциялар отбасыларды, достарды, көршілер мен қауымдастықтарды біріктіретін қатынастар мен байланыстарды қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, эмоциялар бізге әрқашан саналы ойлаудың жемісі бола бермейтін идеялар мен ойларды қалыптастыруға және білдіруге мүмкіндік береді. Мысалы, ашулану экспрессивті кенеп жасауға итермелеуі мүмкін, ал құмарлық пен қайғы – әдемі, әсерлі өлеңдерге, әндер мен музыкаға шабыттандырады. Кескіндеме, музыка және әдебиет эмоцияны тудырады және шабыттандырады, бұл өнер мен оның жанкүйерлері арасында эмоционалды байланыс жасайды.

Осылайша, барлық эмоциялардың оң мағынасы бар; олар біздің қауіпсіздігімізге ықпал етеді, басқа адамдармен қарым-қатынасты қамтамасыз етеді және шығармашылыққа шабыттандырады. Бір жағынан, эмоциялар біздің ойлау мен мінез – құлқымызды тарылтады, ал екінші жағынан ойлау мен тәжірибені терендетіп, кеңейте алады.

Эмоциялық интеллектісі жоғары адамдар:

- қиын жағдайларды оңай шеше біледі
- өз ойын нақты білдіре алады
- қоршаған ортаға силы
- басқа адамдарға әсер ете алады
- нақты нәтиже жетуі үшін өз ойын дұрыс бағыттап алады
- келіссөздер жүргізгенде өзінің эмоциясына мықты
- келіссөздер жүргізгенде басқа адамдарды басқара алады
- жетістікке жету үшін өзін-өзі дамытады
- қиын жағдайларда да позитивті бола алатын адамдар

Эмоциялық интеллектісі төмен адамдар:

- командамен байланыс жасай алмайды
- пассивті, агрессивті мінез-құлық көрсетеді
- басқа адамдарды сөгеді
- сәтсіздіктер кезінде үнемі ақталады
- өз ойын, өз көзқарасын білдіре алмайды

И.Н. Андрееваның пікірінше, «эмоциялық интеллекттің дамыту – аса өзекті мәселе, себебі эмоцияның бейімделуші табиғаты индивидтің белсенді өмір сүруіне мүмкіндік жасап, тұлғаның белгілі бір ортаға бейімделу қабілетін және оның қоғаммен үйлесімді қатынасын арттырады. Эмоциялық интеллект – эмоциялық ақпаратты талдауға, өңдеуге және қолдануға интеллектуалды қабілеттердің жүйелі көрінуі болып табылады. Эмоция тұлғалық құрылымдармен, тұлғалық иденттілікпен тығыз байланысты, адамның негізгі мотивациялық жүйесін бейнелейді. Сондықтан, эмоциялық интеллекттің дамыту тұлғаның үйлесімді, тұлғалық дамуына зор ықпалын тигізеді».

Эмоциялық интеллект – өзінің және өзге адамдардың эмоциясын түсіну, сондай-ақ өзгермелі қоршаған орта және өзгермелі талаптарға эмоциялық бейімделу қабілетінен тұрады. Эмоциялық интеллект деңгейі жоғары адамдар өзге адамдардың эмоциясы мен сезімдерін едәуір жақсы түсінеді, өзінің эмоциялық өрісін басқара біледі, сондықтан олардың қоғамдағы мінез-құлқы анағұрлым лайықты, икемді болып келеді әрі айналадағылармен өзара қарым-қатынаста өз мақсаттарына оңай қол жеткізеді.

Ресейлік психологияда «эмоциялық интеллект» терминіне О.К. Тихомировтың зерттеу нысанына алған «эмоциялық ойлау» ұғымын ұқсас деп санауға болады. О.К. Тихомиров эмоциялық ойлау ерекшелігін сипаттай келе, эмоциялық күйлердің міндеттерді шешу үрдісіне қатысатындығын тұжырымдаған. Ғалымның анықтауынша, ақыл-ой іс-әрекетімен барлық эмоциялық құбылыстар – аффект, эмоция, сезімдер байланысты. Эмоцияның ойлау үрдісімен өзара байланысы – барлық эмоциялық күйлердің ойлау үрдісінде басқарушы, эвристикалық қызмет атқаратынынан көрінеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Кузовкин В.В., Баранникова С.А. Концептуализация понятия «эмоциональный интеллект» в психологической науке //Психология и школа. № 2 / 2014.
2. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. – М.: АСТ: АСТ Москва: Хранитель, 2008. с.
3. Манойлова М.А. Развитие эмоционального интеллекта будущих педагогов (Монография). – Псков: ПГПИ, 2004.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ МӘНІ

Канашева А.М.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, Семей қаласы
МПП 221, 2 курс, мамандық «Педагогика және психология»*

Ғылыми жетекші: **Аюпова Г.Т.**

PhD доктор, Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, Семей қаласы

Педагогикалық іс-әрекет, мұғалімдер мен психологтар атап өткендей, бірлескен іс-әрекет болып табылады, сонымен қатар "бұл қарым-қатынас заңдарына сәйкес құрылған іс-әрекет" (Н.В. Кузьмина). Қарым-қатынас-бұл мұғалімнің, тәрбиешінің, сынып жетекшісінің жұмысының негізі, ажырамас элементі. Сабақ, үйірмедегі, спортзалдағы, шеберханадағы сабақтар, мереке, жорық, емтихан, ата — аналар жиналысы, педагогикалық кеңес-бұл ең алдымен қарым-қатынас, оқушылармен, әріптестермен, әкімшілікпен, ата-аналармен қарым-қатынас[1].

Біздің басты назарымызда—кәсіби қарым-қатынас педагог-тәрбиеленуші.

Жаңадан келген мұғалімдер табысты жұмыс істеу үшін тек пәндік және психологиялық-педагогикалық білім ғана емес, қарым-қатынас жасау қабілеті де қажет екенін бірден байқайды.

Сіз сөйлесуге дайынсыз ба? Көптеген бұл мәселе покажется біртүрлі болды: біз үнемі қарым-қатынас, өмір қарым-қатынас немесіміз. Бірақ жауап беруге асықпаңыз. Бұл кәсіби және педагогикалық қарым-қатынасқа дайындық туралы, ол мыналарды қамтиды: а) қарым-қатынас педагогикасының негіздерін білу; б) қарым-қатынасты ұйымдастыру және оны және өзінің психикалық жағдайын басқару дағдыларын меңгеру; в) мұғалімнің белгілі бір адамгершілік-жеке қасиеттерін қалыптастыру.

Қарастырайық бөлінген ережелері.

Педагогикалық қарым-қатынастың мәні мен ерекшеліктері педагогтар мен психологтардың А.А.Бодалев, А.А. Леонтьев, Н.В. Кузьмина, В.А. Кан-калик, Я.Л. Коломинский, И. А. Зимний, А.А. Реан еңбектерінде ашылады[4]. Осы ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, осы тараудың мазмұны құрылады.

Педагогикалық қарым-қатынас-бұл қарым-қатынастың ерекше түрі, ол "кәсіби категория". Ол әрқашан оқыту, дамыта және проблемалық. Қарым-қатынас қарым-қатынас тараптарының жеке тұлғаларын, олардың қарым-қатынастарын дамытуға бағытталған. Педагогикалық қарым-қатынас-бұл динамикалық процесс: оқушылардың жасына қарай мұғалімнің де, балалардың да қарым-қатынасы өзгереді.

В.А. Кан-Каликтің айтуынша, мұғалімдер мен студенттердің қарым — қатынасы-бұл оқушылардың қарым-қатынасына педагогикалық әсер етудің өзіндік арнасы, яғни мұғалім өз іс-әрекетімен, мінез-құлқымен оқушылар үшін қарым-қатынас стандартын орнатады.

Педагогикалық қарым-қатынас мұғалімнің тұлғасы арқылы жүзеге асырылатындығын ерекше атап өтеміз. Бұл қарым-қатынаста мұғалімнің көзқарастары, оның пікірлері, әлемге, адамдарға, өзіне деген көзқарасы көрінеді.

Зерттеушілер, соңғы жылдары және тәжірибешілер педагогикалық қарым-қатынас мәселесінің өте өзекті екендігіне назар аударады.

Неліктен бұл проблема кәсіби және педагогикалық іс-әрекеттің басты бағыты, оның негізі болып табылады?

Ең алдымен, қарым — қатынас оқу міндеттерін шешудің маңызды құралы болғандықтан.

Оқушылармен қарым-қатынас жасай отырып, мұғалім олардың жеке және жеке ерекшеліктерін зерттейді, құндылық бағдарлары, тұлғааралық қатынастар, белгілі бір әрекеттер мен әрекеттердің себептері туралы ақпарат алады.

Қарым-қатынас мұғалім мен тәрбиешілердің бірлескен қызметін реттейді, олардың өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді, педагогикалық процестің тиімділігіне ықпал етеді.

Тәжірибе оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологиялары білім беру мекемесінде тек педагогикалық ойластырылған қарым-қатынаста "жұмыс істейтінін" растады.

Педагогикалық іс-әрекетте қарым-қатынас оқушылардың белсенді позициясын, шығармашылығын, бастамасын қалыптастыруға, білім мен дағдыларды игеру нәтижесіне айтарлықтай әсер етеді.

Мұғалім Г. И. Шукина дәлелдегендей, қарым-қатынас оқушылардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыруға және нығайтуға айтарлықтай әсер етеді. Оқушыға деген сенім, оның танымдық мүмкіндіктерін тану, өз бетінше іздеуді қолдау, "сәттілік жағдайларын" құру, ізгілік қызығушылыққа ынталандырушы әсер етеді.

Ғалымдар атап өткендей, іс жүзінде мұғалімдер қарым-қатынас қолайлы ортаны қамтамасыз етеді, оқу және оқудан тыс іс-шараларға қолайлы жағдай жасайды, тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелейді, мұғалімге де, оқушыларға да өзін-өзі тануға, бекітуге мүмкіндік береді.

ЖОО студенттері мен оқушылары бұл сұраққа былай жауап берді:

"Педагогикалық қарым — қатынас — бұл мұғалімнің оқушылармен және олардың ата — аналарымен қызықты байланысы"; "педагогикалық қарым — қатынас — бұл мектептегі өмір"; "қарым — қатынас — бұл мұғалімдер түсінген кезде"; "педагогикалық қарым — қатынас-бұл жақсы қарым-қатынас"; "қарым-қатынас-бұл ынтымақтастық"; "қарым-қатынас-бұл сүйікті мұғаліммен, достарымен кездесу"; "педагогикалық қарым-қатынас-бұл әрқашан білім, әсер алмасу"; "қарым-қатынас-бұл жақсылықтың бірлескен тәжірибесі және онша емес".

Жоғарыда келтірілген мәлідемелер мазмұнды; олар құбылыстың мәнін ашатын негізгі ережелерді қамтиды деп айта аламыз.

Енді біз В.А.Кан-калик пен Н.Д. Никандров берген тұжырымдаманың анықтамасын береміз: "кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас арқылы біз мұғалім мен тәрбиенің өзара әрекеттесу жүйесін түсінеміз, оның мазмұны ақпарат алмасу, тұлғаны тану, тәрбиелік әсер ету болып табылады" [2].

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мәмбетов Мұталхан. Педагогикалық қарым – қатынас мәдениеті, // Қазақстан мектебі №8.
2. Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении. М., 1987.
3. Омарова Р.С. Жоғары оқу орындарында студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. Автореферат: п.ғ.к. Алматы. 2002 ж. 26б.
4. Есенғұлова М.Н. Студенттердің қарым – қатынас мәдениетін қалыптастыруда халықтық педагогика идеяларын пайдаланудың педагогикалық шарттары. Пед. ғыл.кан. ...дисс. Түркістан 2007 ж. 57б..
5. Леонтьев А.А. Педагогическое общение. М., 1996.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН АНЫҚТАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Кенжеғалиева А.Р.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, Семей қаласы
МПП 221, 2 курс, мамандық «Педагогика және психология»*

Ғылыми жетекші: **Акманова Г.Р.**

п.ғ.к., аға оқытушы, Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, Семей қаласы

Мотивация – бұл жеке тұлғаны немесе топты ішкі немесе сыртқы әсерлер ықпалнан өз қажеттіліктерін қанағаттандыру және ұйымның мақсатына жету процесі.

Студент оқу іс-әрекетінде мотивацияның қалыптасуы алдымен студенттің ішкі мотивтеріне негізделеді, ал кейін сыртқы тұлға ретіндегі парызы, міндеті, қызығушылығы, қажеттілік мотивтеріне негізделеді. Студенттің оқу мотивациясын зерттеуде, студенттің оқу мотивациясына «студенттің болашаққа талпыныс ерекшелігі (өмірге қажетті маман иесі болу, әлеуметтік мәнді дәрежеге жету, өз іс-әрекетінің нәтижесін жоғарылатуға бағыттылық және т.б.)» ерекше әсер ететіні айқындалған. Студенттің меңгерген біліміне қанағаттануы жалпы өзінің қажеттіліктеріне сәйкес анықталады. Дәл осы студенттің жеке қажеттіліктері студенттің оқуға қызығушылықтары мен мотивтерін айқындап, студенттің әлеуметтік белсенділігін ұлғайтады.

С.И. Самыгинның пікірінше жоғары мектеп студент өмірі үшін маңызды оның кәсібіне қатынасын қалыптасуында, сәйкесінше сол кәсібіне қажетті білімді меңгеруінде аса маңызды міндетті шешеді. Сондықтан да, кафедра қызметкерлері оқуға түсуге бет алған жас түлектің оқуға түсу мотивтері, жалпы білім деңгейін, дербес жұмыс жасай алу шеберлігі мен дағдылар деңгейін, қызығушылықтарын, мінез-құлық ерекшеліктері мен денсаулық жағдайы жайлы жалпы сипаттамаға ие болғаны дұрыс.

Оқу үрдісінде студенттің дербестілігі мен қабілеттерін көрсетуі үшін, оқу іс-әрекетіне қызығушылығын ояту үшін арнайы жағдайларды жасау керек. Педагог өз пәнінде белсенді оқыту әдістерін қаншалықты көп қолданса, студенттердің де пәнді оқуға қызығушылықтары соншалықты артады. Студенттің пәнді оқуға қызығушылығын арттырудың негізгі амалдары – студенттен белсенді танымдық іс-әрекетті талап ететін сұрақтар мен тапсырмаларды беру. Студентке тапсырмалар тізбегін беру кезінде педагог студенттің ықтимал мүмкіндіктерін ескеруі қажет.

Студентке берілген тапсырмалар мәселелік тұрғыда берілсе және студенттің өзінде бар білімі ол мәселені шешуге жетпейтін болса, онда студентте сол мәселені шешуге байланысты және жалпы жаңа білімді меңгеруге қажеттілік туындайды. Аталған қажеттілік негізінде оқуға деген мотив мен қызығушылық қалыптасады. Үнемі белсенді іс-әрекетті қажет ететін жұмыс, студент үшін қызығушылықты тудыратыны сөзсіз. Ал керісінше белсенділік пен интеллектуалды жұмысты қажет етпейтін іс-әрекет, студент үшін ешқандай қызығушылық оятпайды. Оқу үрдісінде қиындықтарды жеңу, мәселелік жағдайларды шешу оқу үрдісіне қызығушылықты тудырады, қалыптастырады, арттырады. Дегенмен оқу үрдісіндегі қиындықтар мен мәселелік жағдайларды студент шеше алу мүмкіндігі болған жағдайда ғана қызығушылық туындайды, ал керісінше мәсілілік тапсырмаларды шешуде студенттің ықтимал мүмкіндігі жетпейтін болса, онда студенттің оқу үрдісіне деген қызығушылығы күрт төмендейді.

Оқу материалдары, оқыту әдістері мен амалдары түрлі және қызықты болуы керек. Студент бір объектіні зерттеу барысында сол объектіні жан-жақты тануы керек. Студенттің объектіні оқып тануға деген қызығушылығын арттырудың тағы бір тәсілі оқу материалдарының жаңалығы және жаңа материалдардың эмоционалды бейнеленуі. Студент жаңа объектіні зерттеуде өзінде бұрыннан бар білімге сүйенуі тиіс [1].

С.М. Бондаренко тарапынан құрастырылған жоғарыда айтылып өткен студенттің оқуға қызығушылығын ояту теориялары білім беру үрдісінде студенттің оқуға қызығушылықтарын қалыптастыруға бағытталған арнайы бағдарлама ретінде қолданылуы мүмкін [2].

Қызығушылықтың нәтижелік, танымдық, процесуалдық, оқу танымдық және т.б. түрлері мотивациялық бағыттылық пен сәйкестелуі мүмкін (Е.И. Савонько, Н.М. Симонова). Б.И. Додоновтің зерттеулерін жалғастырушы бұл ғалымдар жоғары оқу орнында шет тіліні оқудың төрт мотивациялық бағытын (үрдіске, нәтижеге, педагог бағалауына және келіспеушіліктен қашу) анықтаған. Ғалымдардың пікірінше аталған мотивацияның үрдіске, нәтижеге бағыттылық компоненттері бір бірімен тығыз байланыста болып ЖОО-ның түріне, типінен тәуелсіз қалыптасады, ал мотивацияның педагог бағалауына және келіспеушіліктен қашуға бағыттылық компоненттері ЖОО-ның түріне, типіне және т.б. байланысты немесе тәуелді қалыптасады [2]. Мотивациялық құрылымда ең негізгісі ішкі факторлар болып есептеледі: мотивациялық бағыттылықтың басымдық етуі.

Мотивтер құрылымын өзгертуге әсер ететін тағы бір амал студентті шығармашылық іс-әрекет жасауға мүмкіндік беретін бағалау мен бақылау үрдісін уақытша ығыстру (Е.И. Савонько, Н.М. Симонова). Авторлар: а) басымдық ететін мотивтер іс-әрекет нәтижесінде көрініс табатынын; ә) іс-әрекеттің нәтижесіне әсер ететін мотивтер жеке мәнділік сипатқа ие; в) тұлғалық мәнділіктің психологиялық мазмұны мотивациялық құрылымның типіне байланысты.

Зерттеушілер мотивтер құрылымының типтері мен іс-әрекет нәтижесінің ерекшеліктері, тұлғаның субъективті сипаты арасындағы байланысты анықтайды деп қорытады.

Аталған мәселе бойынша ғылыми әдебиеттерде көрсетілген зерттеушілердің жұмысында студенттің ішкі мотив құрылымына түрлі факторлар әсер ететіні анықталды. Ондай факторларға бағалау мен уқыттық шектеулерді ығыстыру, қарым-қатынастың демократиялық стилі, студенттің жағдайды таңдау мүмкіндігі, мотивтердің тұлғалық мәнділігі, жұмыс түрі (нәтижелік, шығармашылық жұмыс) жатады. Мәселелік жағдайды шығармашылық түрде шешу мотивтер құрылымының компоненттерін бір ізділікте жүргізілуі мен тұрақтылығына оңәсер етеді. Жоғарыда келтірілген теориялар оқу мотивациясының күрделі психологиялық феномен екенін дәлелдеп оқу үрдісінде оқу мотивациясын басқару, бақылау үшін тұлғаның психологиялық, жас және дербес ерекшелігін ескеру қажеттілігін дәлелдейді.

Сонымен оқу мотивациясы күрделі құрылымға яғни ішкі құрылым (үрдіске бағытталады, нәтижеге бағытталады), сыртқы құрылым (мақтау қағаздары мен келіспеушіліктен қашу) сипатталатын жалпы мотивацияның күрделі түріне жатады.

Мотивация субъект белсенділігінің ішкі және сыртқы қозғаушы күші ретінде сипатталып, студент тұлғасының құрылымында маңызды орынды алады.

О.В. Виштак көптеген зерттеушілердің пікірлеріне сүйене, өз ойын: «жас жеткіншіктердің жоғарғы оқу орнын таңдауы — олардың кәсіби анықталуы, белгілі бір өмір сүру тәсілін таңдауы мен болашақ тағдырларын анықтауда ерекше әсерін тигізетін маңызды кезең» деп қорытқан. Ғалымдардың пікірінше, талапкерлердің жоғары оқу орындарына түсуіне түрлі мотивтер негіз, солардың бірі соңғы уақыттағы елімізде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерді атауға болады. Дегенмен қоғамдық өзгерістерден тәуелсіз тұрақты көрініс табатын мотивтерді де атап өтуге болады.

Зерттеуші Е.П. Ильин [3] пікірінше, жоғарғы оқу орнына түсудің негізгі мотивтеріне: түлектің, студент жастардың ортасында болу қалауы; қоғамға қажетті маман болғысы келуі; кәсіп немесе талапкер таңдаған мамандықтың оның жеке қызығушылықтарына сәйкес келуі.

Өмірдің әлеуметтік шарттары ЖОО-на түсу мотивтеріне үлкен әсерін тигізеді. Оны С.Б. Бобровскийдің зерттеулерінен яғни, біздің мемлекетіміздің капитализм кезеңіне өту уақытынан көреміз. Бұрынғы өмір сүрудің құндылық бағдарын жоғалту, білім беру жүйесі мен әскери саланың нашар жағдайы ЖОО түсудің жаңа мотивтерін көрсетеді. С.Б. Бобровскийдің сауалнамасына қатысқан студенттерінің 48% ғана мамандықтарының теориясын меңгеруді қалайтындарын атап көрсетті, сол пайыздың жартысы ғана балалармен жұмыс және қарым-қатынасты ұнататындарын айтқан болатын. Сауалнамаға қатысқан студенттердің қалған бөлігі жоғарғы оқу орнына оларға белгілі бір пән ұнағаны үшін немесе интеллектуалдық білімін көтеру үшін келгендерін атап көрсеткен.

Сауалнама қатысушы екінші топтағы 63% құрайтын студенттер ЖОО түсе тұра, педагогикалық білімді алғысы келмейтінін және оны болашақта өз мамандығы бойыншы жұмыс жасамайтынына сенімді болғанымен байланыстырған. Жоғарыда атаған студенттердің педагогикалық оқу орнына түсуіне келесі мотивтер әсер еткені белгілі болған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Джакупов С.М. Мотивационное обеспечение учебной деятельности студентов в условиях дистанционного образования // Вестн. КазНУ. — Серия психологии и социологии. — 2003. — № 2 (11). — С. 17–23.
2. Мартынова Т.Н. Особенности системы ценностных ориентаций студентов с различной мотивацией выбора исследования / Т.Н. Мартынова // Социс. — 2004. — №3. — С. 27–31.
3. Ждан А.Н. Психологическая теория деятельности А.Н. Леонтьева и гуманизация образования // Традиции и перспективы деятельного подхода в психологии: школа Леонтьева А.Н. — М.: Смысл, 1999. — С. 350-364.
4. Асеев В.Г. Проблема мотивации и личности // Теоретические проблемы психологии личности. М., 1974. — С.122-130.
5. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. — М.: Политиздат, 1975. — 386 с.

Қожахметова А.Н.

*«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
«Педагогика және психология» магистранты*

Ғылыми жеткіші: Едігенова А.Ж.

*«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Психология кафедрасының доценті м.а., пед.ғ.к.*

Әлеуметтендіру институттары – бұл адамдардың ынтымақтастық іс- әрекетін ұйымдастырудың тарихи қалыптасқан тұрақты түрі. Нақтырақ айтсақ, әлеуметтік институт - бұл нақты бір әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған орта.

Жалпы «әлеуметтік институт» термині әртүрлі жағдайларда қолданылады. Мәселен, отбасы институты, денсаулық институты, педагогикалық білімдер институты және т.б.

Сонымен, тұлғаға норма мен құндылықтар жүйесін меңгертетін және әлеуметтік тәжірибелерді өзінше тарататын нақты топтарды әлеуметтендіру институттары деп атауға болады.

Әлеуметтік институттарда оның мүшелерінің бірігіп жұмыс істеудегі келісімдері, олардың өзара әрекеттерін бақылау және реттеу нақты айқындалады. Әлеуметтік институттарға тән белгі, ол оған қатысушылардың әрқайсысының нақты атқаратын міндеттерінің, өкілеттілігінің, келісімдерінің және осы әрекеттерді қатаң бақылау және реттеудің айқындалуы болмақ. Осының арқасында қоғамда әлеуметтік тұрақтылық байқалады. Әлеуметтік институттардың пайда болуының аса қажетті шарттарының бірі әлеуметтік қажеттілік екені сөзсіз. Институттар қандай да болмасын әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында адамдардың бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыруды көздейді. Яғни, білім беру ұйымдары мен отбасы балалар тәрбиесі, олардың тұлғасын қалыптастыру, адамдар арасындағы қатынастар тәрізді әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандырады [1].

Демек, әлеуметтік институттар қандай да бір тұлғалардың әлеуметтік байланыстары, өзара әрекеттері мен қатынастары негізінде құралады. Отбасында олар: оның мүшелері, ата- аналар, балалары, туған-туысқандары және т.б. Әлеуметтендіру түсінігіне келер болсақ, бұл тұлғаның отбасында, қоғамда барлығына ортақ қабылданған әлеуметтік тәжірибелерді, білімді, мінез-құлық нормаларын, құндылықтарды, ережелер мен байлықтарды меңгеру үрдісі және нәтижесі. Әрине, мұның қарым-қатынас және іс-әрекет үрдісінде жүзеге асатыны түсінікті жайт. Соның негізінде адам біртіндеп қоғамның талаптарына бейімделеді, сондай-ақ әркім өмір ағымында орындайтын көптеген әлеуметтік рөлдерді меңгереді.

Сонымен, әлеуметтену адамның өзі өмір сүретін қоғамдағы мәдени құндылықтарды, әлеуметтік нормаларды, қағидаларды, мінез-құлық үлгілерін меңгеруі және оны белсенді түрде қайта жаңғыртуы [2].

Отбасының тұлғаның әлеуметтену процесіндегі аса маңызды факторлардың бірі екендігі психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде анықталған.

Отбасы - шағын әлеуметтік топ, оның мүшелері неке, туған-туысқандық, өзара жауапкершілік арқылы бір-бірімен байланысты. Ол бірқатар функцияларды атқарады. Отбасының, баланың жеке басының қалыптасуына, әсіресе бала өмірінің алғашқы бес жылында аса үлкен мүмкіндіктері бар екенін үнемі есте ұстаған абзал. Бұл кезеңді ғылымда сензитивті деп атайды, өйткені онда баланың психикалық процестері, эмоциясы, мінезі, еркі қалыптасады. Сондықтан отбасының бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуындағы жауапкершілігі жоғары болмақ. Әрине, отбасының тәрбиелеу және басқа да функцияларына бірқатар факторлар әсер етеді, мәселен, отбасының әлеуметтік және материалдық жағдайы, ата-ананың білімі, кәсібі, әлеуметтік жетілуі, отбасындағы эмоциялық – адамгершілік атмосфера, әсіресе олардың дүниеге көзқарастары. Демек, отбасы алғашқы тәрбиеші рөлін атқарады, өйткені бала өзінің жеке тұлғасының қалыптасуының алғашқы және ең маңызды жылдарын ата-аналарымен өте тығыз және тікелей байланыста өткізеді. Отбасы тұрмыстық қатынастарды қалыптастырады және соның барысында тарихи өзгеріп отырады, сонымен қатар онда адамның жеке басының қасиеттері қалыптасады. Қоғаммен, бүкіл қоғамдық қатынастардың жүйесімен тығыз байланыста болғанымен, отбасы-қоғамдық өмірмен салыстыра қарағанда адамдардың биологиялық жағынан ең жақын, өз алдына дербес те сырлас тобы болып саналады. Отбасы өмірі материалдық және рухани үдерістермен сипатталады. Отбасы - өмірге адам әкелу, оның қажеттілігін өтеу, өмірге жан-жақты даярлау, яғни әлеуметтендіру, сол сияқты тәрбиенің барлық түріне бағыт берумен айналысатын әлеуметтік институт. Бұл

адамдардың әлеуметтік-педагогикалық тәрбие тобы, әрбір мүшенің өзін-өзі сақтау, ұрпақты жалғастыру және өзін-өзі сыйлау қажеттігінен туындайды.

Осыдан отбасының негізгі міндеттері айқындалады: баланың өсіп, дамуына толық жағдайлар жасау; балаға әлеуметтік-экономикалық және психологиялық қорғаушы болу; баланың адамгершілігін дамытуға мүмкіндігін жасау. Тұлғаның әлеуметтенуі барысында өсіп келе жатқан адамға қайырымдылық және мейірімділік көрсету; балаларды отбасы өміріне араластыру, ақылшы ретінде қарау; балалармен ашық және сенімділік қарым-қатынас жүргізу; талап қоюда жүйелік сақтау; өзінің баласына шамасына қарай көмек жасау, сұрақтарға жауап беруге дайын болу тәрізді отбасылық тәрбиенің негізгі принциптерін ескерудің аталмыш процесс нәтижесінің сапалы болуына ықпал жасары даусыз [3;4].

Қазіргі заманауи отбасы тәрбиесі гуманистік педагогика принциптеріне негізделеді. Ол принциптердің бастылары: креативтік (еркіндік) - бала қабілетінің кедергісіз өз бетінше дамуы; гуманизм - тұлға болмысын тану әрі оның беделін мойындап, ең жоғары құндылық ретінде бағалау; демократизм - ересектер мен балалар арасындағы рухани қатынастар теңдігін қалыптастыру; азаматтық - қоғам мен мемлекеттік жүйеде тұлғаның өз «Менін» танып, қастерлей білуі; ретроспективтік - халықтық педагогика дәстүрлер негізінде жүргізілетін тәрбиеге арқа сүйеу; жалпы адамзаттық адамгершілік-инабаттылық қалыптар мен құндылықтар басымдылығын ардақтай білу.

Сонымен, отбасындағы балалар тәрбиесіне тереңнен қарасак, бұл ата-аналардың арнайы педагогикалық іс-әрекеті, онда отбасының баланы әлеуметтендіру функциясы жүзеге асырылады.

Әлбетте, отбасының әлеуметтік институт ретіндегі қызметінде ата-аналардың жалпы ұстаған бағыты мен педагогикалық мәдениетінің, тәрбие түрінің, тәрбие бағдарламасының болуының, қарым-қатынас құралдары мен әдістерін қолдана білудің, баламен өзара әрекеттесудің алар орны ерекше екендігін айту керек. Ата-аналардың педагогикалық бағытына олардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігі, балаға деген қамқорлығы, сүйіспеншілігі, дер кезінде оған көмек көрсету мен қолдау жасай білуі жатады.

Отбасының әлеуметтік институт ретінде рөлін атқаруында тәрбие әдістерінің де айтарлықтай маңызы бар. Негізгі әдістерге үлгі, өнеге, әңгімелесу, баланы әр түрлі істерді орындауда қолдау, мәселені бірігіп шешу, баланы отбасында әр түрлі іс-әрекеттерге тарту жатады. Ерте балалық шақта балалардың еліктегіш келетінін де ұмытпаған жөн. Ата-аналардың басты міндеті – баланың күнделікті өмірін дұрыс ұйымдастыру: арнайы бөлмемен қамтамасыз ету, күн тәртібін орындау, уақытын ұйымдастыру, бірге кітап оқу, спортпен айналысу, мәдени орындарға бару [5]. Өз кезегінде осылардың барлығы балалар мен ата-аналарды жақындастырады, тәрбиенің нәтижелелігін арттырады. Ата-аналардың бала жасына сәйкес қарым-қатынасы да өзгеруі керек, соған сәйкес әсер ету әдістері де өзгереді.

Бала есейе келе әлеуметтік рөлдерді меңгере бастайды, ол бұрынғыдай емес құрбы-құрдастарына көп орын бере бастайды. Ата-аналарға өз баласын түсініп, қиын жағдайларда оны қолдай білуі керек. Бала жақсы адам болып өсуі үшін ол күн сайын дерлік отбасы мүшелері арасындағы ең жарасты, ең әділетті қарым-қатынастардың куәсі болуы керек. Ол ата-анасының өзіне қандай қамқоршы екенін көріп отырумен қатар, ата-аналарының да өзара бірін-бірі осылай қастерлейтінін аңғартады. Отбасының тірлігі мен ынтымақтастығы оның құрамындағы адамдардың бірігей адамгершілік талаптарын, өзара көмек қарым-қатынасын, ерлі-зайыптылық және ата-аналық сезімін терең түсіне білулерінен көрінеді.

Бала әрқашан да ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді, ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды, ол үшін ата-ана игілік жасаушы, үлгі-өнеге көрсетуші және ақыл-кеңес айтушы болып танылады. Міне, бұлар баланың әлеуметтенуіне ықпал жасайтын маңызды жайттар.

Жалпы отбасының қалыптасу, даму деңгейлері, ондағы мүшелердің құрылымына, мінездеріне қарым-қатынас стильдеріне және отбасылық бірлікті қамтамасыздандыру мен функцияларын орындауға даярлығына тікелей байланысты. Отбасы типтеріне нақты жіктеме жоқ, дегенмен көбінекей қазіргі әдебиеттердегі төмендегі негізде жүйелеуге болады.

Бала санына байланысты (баласыз, бір балалы, аз балалы (2-3 бала), көп балалы (3 - тен көп бала); отбасы құрамына байланысты (бір ұрпақты (тек қана ерлі зайыптылар), екі ұрпақтылар (ата-аналар және балалар), ұрпақ аралық (әжесі, әке-шешесі, баласы)); құрылымына байланысты (толық, толық емес, некесіз); Отбасындағы қатынасқа байланысты (сәтті, сәтсіз, ажырасқан т.б.) [1].

Отбасының негізгі атқаратын қызметтерін айтатын болсақ: репродуктивті - ұрпақ жалғастыру, оларды өсіру және тәрбиелеу қажеттігі; шаруашылық – экономикалық - орта

шаруашылық және қаржы пайдалану, еңбекке жарамсыздарға қамқорлық және оларды материалдық қамсыздандыру; тәрбиелеу - отбасы, оның әрбір мүшесінің тұлғалық қалыптасуына жағдайлар жасау; отбасы ұжымының өз мүшелеріне жеке дара ықпал жасауы, өмірлік тәжірибе, инабаттылық тәртіптерімен адамгершілік құндылықтарға баулу; коммуникативті - қарым-қатынас құру отбасы ішіндегі қатынас, отбасының басқа адамдармен, отбасылармен әлеуметтік топтармен байланысын ұйымдастыру; бос уақытты ұйымдастыру - бос уақыттарындағы демалыс іс-әрекеттерін ұйымдастыру; отбасы мүшелерінің күш-қуатын, денсаулығын қайта тіктеу шараларын қамтамасыз ету.

Сонымен, отбасы қоғамның дамуында маңызды рөл атқарады және онда адам дүниеге келіп, ұрпақ жалғасады, бастапқы әлеуметтену процесі жүзеге асады, балалар азаматтық кәмілетке толғанша тәрбиеленеді. Сондай-ақ тұрмысты ұйымдастырудың ұйытқысы, ошағы және маңызды тұтынушылық бірлік, әрі негізгі әлеуметтік саясат объектілерінің бірі болып табылады. Отбасының негізін еркек пен әйел арасындағы некелік одақ құрайды. Алайда, отбасы тек еркек пен әйел арасындағы қатынастардан ғана емес, сонымен қатар адамдардың ұрпақтарын байланыстыратын ата-ана мен балалардың қатынастарынан да тұрады. Мұның өзі отбасына аса маңызды әлеуметтік сипат береді. Оның мәні, міндеті мен құрылымы өз мүшелерінің атқаратын рөлі деген ұғымдар арқылы көрініс табады, отбасының міндеттері, бір жағынан оның қоғаммен, екінші жағынан отбасымен жеке адамның өзара бірлескен іс-қимылын көрсетеді.

Қорыта келе, отбасылық өмір салты тұлғаның қалыптасуына үлкен із қалдырады. Психологтар мен педагогтардың пайымдауында, отбасылық өмір атмосферасы ұғымына отбасы мүшелерінің қарым-қатынасы, ақпараттармен алмасу, өзара қабылдау және түсіну, ата-анамен балалардың және балалардың өзара біріккен іс-әрекеттерінің әртүрлі формалары, бос уақыттарын өткізу және т.б. жатады.

Әдебиеттер:

1. Әтемова Қ.Т. Әлеуметтік педагогика. – Алматы, 2012. – 272 бет.
2. Педагогика: Қазақша және орысша түсіндірме терминологиялық сөздік// Ғыл. жетекш. Жасаған және жалпы ред. басқарған проф. Ш.К.Беркімбаева, проф., А.Қ.Құсайынов. – Алматы, 2007.- 248 бет.
3. Едігенова А.Ж. Отбасы қатынасының этикасы. Ата-аналарға арналған әдістемелік құрал – Семей, 2007– 36 б.
4. Клайн В. Как подготовить ребенка к жизни. - Москва, 1991.
5. Педагогика. Дәріс курсы. – Алматы:»Нұрлы әлем», 2003. – 368 бет.

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Кабдиева Г.В

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
2 курс, 7М01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы*

Ғылыми жетекші: Султанова Н.К.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

Елдің экономикалық қуаттылығын дамытуда бәсекеге қабілетті кәсіби мамандар даярлау міндеттерін жүзеге асыратын бірден-бір күш жоғары оқу орындары болып табылады. Осыған байланысты бәсекеге қабілетті маман даярлауда кәсіби құзіреттілікті жетілдіру мәселесі де өзектілігімен ерекшеленеді.

Отандық ғалым, профессор Б.А.Тұрғынбаева кәсіби құзіреттілікті «...өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар» деп анықтаған [1], ал, Б.С.Гершунскийдің пайымдауынша «кәсіби педагогиканың бұл ерекшелігінде әрбір адам бірте-бірте баспалдақпен көтеріліп, тұлға ретінде қалыптасады. Бұл баспалдақтың мынадай табалдырықтары бар: жалпы және функционалдық сауаттылық – кәсіби құзырлылық – мәдениет – менталитет» [2].

В.В.Краевский бойынша, «құзыреттілік» және «құзыр» ұғымдары абстрактілік пен нақтылық диалектикалық категорияларының арақатынасы, яғни құзыр – бұл жүзеге асырылған құзыреттілік, яғни іс-әрекеттегі құзырлығы. Бұл құзыреттіліктер: негізгі немесе тұғырлық және

кәсіби болып екіге бөлінеді. Білім беруде тұлғаның негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға және дамытуға бағытталуы оны ұйымдастырудағы құзыреттілік бағытын анықтап отыр және ол қазіргі білім беру жүйесінің әдіснамасында нақты білімділік процессуал негізі ретінде танылуда [3].

Жоғарыдағы концепциялардың негізгі тұжырымы осы «тұжырымдаға» негіз болды деген қорытынды жасауға болады.

И.В.Роберт білім саласының қазіргі жағдайын саралай келіп, қоғамдық сұранысқа сәйкес жоғары оқу орнын бітірген мамандардың кәсіби дайындығында төмендегідей бірқатар тенденцияларды бөліп көрсеткен:

- жеке тұлғаның кәсіби әлеуеті және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндігін өзінің тұлғалық сапаларын жүзеге асыруға, жалпы адамзаттық құндылықтарды, болашақ мамандар өзінің дамуы үшін білім саласында жаңа ізденістер мен жаңа жолдарды гуманизациялық тұрғыда қарастырады;

- болашақ мамандар даярлауға қойылатын талаптар оның кәсіби білімі мен жалпы дайындық деңгейіне ғана емес, оның шығармашылық қабілетінің дамуы мен интеллектуалдық әлеуетіне де тікелей байланысты;

- нарықтық экономика жағдайында адам еңбек нарқында белсенді рөл атқарады. Өзінің тұлғалық тауар ретіндегі басты сапалық капиталы болып табылатын – құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, біліктілік және осы біліктілігі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым ол еңбек нарқында еркін таңдауға ие болады, демек өмірде үлкен сұранымға ие болады;

- нарықтық экономика жағдайында адамдар үнемі өзгерістегі жағдаяттарға байланысты кейбір жағдайда қысқа мерзім ішінде жаңа мамандықты меңгеріп шығады [4].

Л.Ф. Иванова мен Н.Д. Демина бойынша, білім беру сапасы көбінесе маманның кәсіби іс-әрекетінің деңгейі мен оның құзыреттілігімен анықталады. Бүгінгі күні жоғары кәсіби білім беру мәселесі мемлекеттің экономикалық саясаты болып қана қоймай, білім беру қызметінің әлеуметтік жағын нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету қажет болып отыр. Зерттеушілер мынадай түсінікті береді: «Құзыреттілік деп жеке тұлғаның арнайы құзыреттілікке лайық екендігі дәрежесін көрсететін және үнемі өзгеріп тұратын әлеуметтік жағдайда дұрыс әрекет жасауға ықпал ететін оның шеберліктерінің деңгейі». Маманның кәсіби құзыреттілігі рухани-адамгершілік, танымдық-шығармашылық, коммуникативті компоненттерден тұруы қажет [5]. Кәсіби дайындық дәрежесі сипатына қатысты «құзыреттілік» ұғымы көп уақыттан бері қолданыста.

Білім саясатының басты бағыты ретінде жоғары білім беру жүйесінің сапасын арттыруда арнайы пәндерді оқытуда болашақ психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі басым бағыт алады. Бұл мәселенің нәтижелі жүзеге асуы болашақ психологтың арнайы пәндерге қызығушылықтарын оятып, белсенділіктерін арттыруды, алған білімдерін тәжірибеде пайдалану, яғни семинар, өзіндік жұмыстар, практика барысында практикалық сабақтардағы біліктілігі мен кәсіби құзыреттілігінің жүзеге асырылуынан көрініс табады.

Ғалым Г.У.Сыздықбаеваның пікірі бойынша, жоғары педагогикалық оқу орны студенттерінің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерінің қалыптастырудың жолдарын көрсетіп, әдістемелік кеңес беріп, ұсыныстар дайындаған [6].

Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігінің арнайы әлеуметтік және тұлғалық түрлеріне ерекше мән беріледі. Арнайы – өзінің мамандығына сәйкес білімі, біліктілігі, дағдысы, жаңа білім мен білікті өз бетімен меңгеру, өз еңбегінің нәтижесін бағалау, біліктілігінің болуы. Әлеуметтік - тіл туралы білімінің, коммуникативті мәдениетінің, басқамен ынтымақтастыққа қабілеттілігінің өзінің іс-әрекетінің нәтижесіне, қоршаған ортаға дайындығының болуы. Тұлғалық – өзін-өзі тану бойынша біліктілік, дағдысын жетілдіруге кәсіби іс-әрекет тұлғаның дамуына дайындығының болуы. Бұл үшін, біріншіден, ақпараттық қоғамда кез келген маманның іс-әрекеті күшейтіледі, екіншіден, білім парадигмасының өзгеруі кәсіби білім, біліктілік пен дағдыға маманның дайындығын қалыптастырудың, ойлаудың әдіснамасын дамытудың қажеттілігін көрсетеді, үшіншіден, ізгілікті және әлемдік интегративті үрдістер тенденциясы алдымен көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың қажеттілігін айқындайды.

Қазіргі кездегі жағдайда білім беру тұлғалық-бағдарлы парадигмасын қабылдауды жеке тұлғалық, іс-әрекеттілік, жеке, культурологиялық, аксиологиялық, контекстілік, кәсіби-технологиялық жолдары басым болып отыр. Бұл жолдар білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үрдісі үшін негіз болмақ.

И.С.Якинманскаяның көзқарасы бойынша, студент – оқыту барысында байытылып, дамитын субъективтік тәжірибені тасушы. Бұл тәжірибенің мазмұны ашылып, толығымен

қолданылып, ғылыми мазмұнымен байытылуы керек, ал қажет болған жағдайда білім беру үрдісі барысында өзгертілуі керек.

Жоғары кәсіби мекеменің құзыреттілікке бағдарлы құзыретті мамандарды дайындаудың өзіндік ерекшеліктері – мәселелік жолдарын, имитациялық-модельдік, жобалық, оқу мен зерттеу жұмыстарын контекстілі оқытумен кіріктіруді, яғни интеграциялауды жасаумен енгізуге әкелді.

В.С. Безрукова «кәсіби сауатты пайымдау, бағалау, пікір айтуға ықпал ететін білім мен шеберліктерді меңгеру» құзыреттілік деп түсіндірсе, ал Т.А. Стефановскаяның пікірінше құзыреттілік – кәсіби білімдер мен шеберліктердің, сондай-ақ кәсіби іс-әрекеттерді орындау тәсілдерінің жиынтығы.

Ал, практикалық-психологиялық сөздікте әлеуметтік-психологиялық құзыреттілік - «жеке адамның тұлғалар арасындағы қарым-қатынастар жүйесінде өзін қоршаған адамдармен тиімді өзара әрекеттесу қабілеті» деп анықталады. Құзыреттілік адамның қарым-қатынастар жүйесін меңгеруімен өзара бірлескен іс-әрекеттерге араласуы барысында қалыптасады. Әлеуметтік-психологиялық құзыреттілік құрамына мына компоненттер кіреді: әлеуметтік жағдайда бағдар ала білу шеберлігі, басқа адамдардың жеке тұлғалық ерекшеліктері мен эмоциялық жағдайларын дұрыс анықтай білу шеберлігі, адамдармен араласуды балама тәсілдерді таңдай білу мен оларды өзара араласу барысында іске асыра білу шеберліктері, өзін басқа адамның орнына қоя білу шеберлігі.

Құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» (ББД) сияқты ұғымдарды қамтиды. Бірақ бұл ББД-ның жаңаша жай ғана жиынтығы емес. Құзыреттілік оқыту нәтижесін (білім және білік) ғана емес, сонымен бірге ол білімгерлердің шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі.

Сонымен, оқытудағы құзыреттілік тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Демек «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын педагогикалық тәрбиеге енгізу білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, іс-әрекет түрлерін нақтылауды талап етеді. Құзырлықтың негізгі компоненті – шеберлік болып табылады. Реттеуші құзыреттілік мақсатты болжау, жоспарлау, жұмылдыру мен тұрақты белсенділік, іс-әрекеттердің нәтижелерін бағалау, рефлексия жолдарымен өз мінез-құлқын басқара білу шеберлігімен, құндылық бағдардың бар болуымен сипатталады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. Алматы. – 2005.
2. Аганина К.Ж. Организованно-педагогические вопросы формирования ключевых компетентностей учащихся // В мире образования. — 2008. — № 1(1). — С. 7–10.
3. Құдайбергенова К.А.. Құзырлық - тұлғадамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми - практикалық конференцияның материалдары. 2008. 30- 32-б.
4. Кенжебеков Б.Т. Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты. Жоғарғы оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру. — Қарағанды, 2005
5. Исаева Т.Е. Классификация профессионально-личностных компетенций вузовского преподавателя // Педагогика. — 2006. — №1
6. Сейтешев А.П. Профессиональная направленность личности: теория и практика воспитания. Алматы: Наука, 1990.

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЭМПАТИЯНЫҢ ӘСЕРІ

Манас Ж.М.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, Семей қаласы
415 тобы, 4курс, «Педагогика және психология»*

Эмпатия (лат. *empathia*) – өзге адамдардың жан дүниесін түсіну мен жай-күйін ұғыну қабілеттілігі. Эмпатия адам бойында жиі кездесетін, өзіндік мән-мағынасы бар ерекше сезім. Оның айқын көрінісі – өзге адамдардың қайғы-қасіреті мен қиыншылықтарына ортақтасып, оларға жанашырлық білдіру, сол арқылы өзгенің ауыр психикалық жай-күйін өз басынан кешіргендей халге түсуі. Эмпатияны алғаш рет АҚШ психологы Э.Титченер (1867 – 1927) зерделеді. Ол философиядағы “ұнату” сезімінің теориялық негіздеріне сүйене отырып, жанашырлық сезімнің салыстыру мен ұқсату тәсілдерімен түсіндірілетін танымдық негіздерін ашып көрсетті. Сол арқылы адамның күйзеліске түсу себептерін ғылыми тұрғыда жүйелеп шықты. Сезімнің адам бойында жиі кездесетін, өзіндік мән-мағынасы бар ерекшелігі. Эмпатия адамның өзгелер қайғы қасіреті жағдайлар мен қиыншылықтарға ұшырағанда, оларға жанашырлық білдіріп, солардың ауыр халінің өз басына түскендей көңіл күйде болуы.

Мамандардың кәсіби құзыреттіліктерінің құрамдас бөлігі ретінде коммуникативтілік алға шығады. Себебі тәжірибеде коммуникативтік мәселелер педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетінің өзегі және тірегі екені белгілі. Болашақ педагог-психологтардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту қажеттілігі оладың әрдайым байланыс орнататын серіктесімен әртүрлі және көпжоспарлы қарым-қатынас жасау үдерісімен түйістіріледі. Педагог-психолог өзінің қызметінде кәсіби міндеттерді шешуге қол жеткізуі үшін іскерлік тұлғаралық қатынастағы өзара әрекеттестік құрылымына негізделген және барлық талаптарға жауап беретін жоғары дамыған коммуникативтік құзыреттілікке ие болуы шарт [3.116].

Тұлғаралық қарым-қатынасты орнатуға, сақтауға және дамытуға мүмкіндік беретін коммуникативтік білімдер, икемділіктер және соған сәйкес қабілеттердің болуымен, сонымен қатар оларды кәсіби орынды жағдаяттарда пайдаланумен түсіндіріледі. Кеңестік ғалымдары Г.С. Абрамованың, В.В. Колпачниковтың зерттеулерінде психологиялық кеңес беруде тұлғаралық өзара әрекеттестікті жүзеге асыру маманның коммуникативтік мүмкіндіктеріне негізделетіндігі көрсетілген. Болашақ педагог-психологтардың коммуникативтік құзыреттіліктері қалыптасуынан тұлғамен байланыс орнату тиімділігі, әңгімелесушіні тыңдау, мәселенің баламалы шешімдерін іздеу және оны талқылау, ұсыныстарды орындауға бағыттау; сұхбаттасу барысында эмоциялық қысымды болдырмау және т.б. тәуелді болады. Бұл мәселенің білім беру үдерісінде балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағдайына ықпалы күшті болары сөзсіз. Педагог-психолог кәсіби іс-әрекетінде қажетті коммуникативтік құзыреттілікке ие болмаса, ол қаншалықты кәсіби білімге ие болғанымен оны жоғары білікті маман деп айту қиын. Дегенмен педагог-психологтың коммуникативтік құзыреттілігін кәсіби маңызды сапалармен міндетті түрде түйістіру қажет. Коммуникативтік құзыреттілік жоғарыда атап кеткендей, қарым-қатынас сипатында көрініс береді. Осы орайда педагог-психолог адамдармен қарым-қатынасқа түсу барысында олардың мінез-құлығы мен ерекшеліктері туралы өзінде қалыптасқан теориялық білімдер мен тәжірибеге негізделген бақылаудың салыстырмалы нәтижелері арқылы өзгелер туралы тұтас бейне қалыптастырады. Адам туралы қалыптасқан бейне педагог-психологтың өзара әрекеттесушіге эмоциялық қатынасын, оған деген қызығушылық деңгейін анықтайды. Сондықтан қалыптасқан бейне жалған емес, барынша толыққанды шынайы болғаны дұрыс. Болашақ педагог-психологтардың коммуникативтік құзыреттілігінің құрамдас бөлігі әлеуметтік сезімталдық болып табылады. [5.28].

Болашақ педагог-психологтардың коммуникативтік аймағын дамытудың психологиялық жағдайы мен болашағы - жоғары мектепте кәсіби дайындау барысында маманның коммуникативтік қасиеттері мен әлеуетін жетілдірумен байланысты. Тұлғаның коммуникативтік аймағының дамуы жоғары мектепте білім алған кезде табысты болады. Себебі бұл кезде белгілі бір коммуникативтік алғышарттар қалыптасады, толыққанды даму үшін негіз, сонымен қатар жақсартылуы мен жетілдірілуі үшін әлеует баршылық. Жоғары мектептің заманауи даму кезеңінде болашақ мамандардың кәсіби-тұлғалық дамуын психологиялық сүйемелдеудің әртүрлі технологиялары кеңінен жасалып және ендіріліп жатыр. Болашақ мамандарды кәсіби дайындау барысында қарым-қатынастың коммуникативтік дағдыларын игеруге деген қажеттіліктерін сезіндіру қажет. Сонымен қатар коммуникативті құзыретті және коммуникативтік-сөздік белсенді болуға ұмтылуы маңызды болып табылады. Себебі бұл жағдай өзі, өзгелер туралы терең білімді

игеруге мүмкіндік береді. Осы білім арқылы жаңаны құрып, шынайылықпен келісімге алып келеді.

Ресейде психологиялық білім беруді қалыптастырудың қазіргі кезеңі үшін маңызды гуманистік бағыттылық және маманның адамгершілік жауапкершілігі мәселесі болып табылады. Психологтың кәсіби коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін маңызды адамгершілік сапасы адамдармен қарым-қатынаста эмпатия болып табылады. Эмпатия тұлғааралық қарым-қатынастың теңгерімділігіне, тұлғаның моральдық-адамгершілік өсуіне, психологиялық көмек көрсету кезінде тиімді өзара іс-қимыл жасауға ықпал етеді [4.164 с.].

Өзінің кәсіби қызметінің әртүрлі түрлерінде педагог-психологқа эмпатияның тиісті элементтері қажет. Егер алдын алу, ағарту және диагностика жүргізу кезінде серіктестің қарым-қатынас бойынша түсінуі жеткілікті болса, онда түзету және кеңес беру жұмысы процесінде өтініш білдірген балалар мен ересектерге жанасу және нақты көмек көрсету қажет.

Педагогикалық психологияда эмпатия қарым-қатынас және өзара іс-қимыл жағдайларында көрінетін тәрбиеші, мұғалім, педагог-психолог тұлғасының қасиеті ретінде түсіндіріледі, онда гуманистік бағыттылық өзекті болады (Т. П. Гаврилова, Ю. Б. Гиппенрейтер, В. И. Долгова, А. В. Козина, С. В. Кондратьева, Г. Ф. Михальченко, К. Роджерс, Н. Ю. Синягина, М. Ю. Тюлин, Е. А. Хрусталева және т.б.). Эмпатия адамдардың қарым-қатынасы процесінде өзара түсіністіктің әлеуметтік-психологиялық механизмі болып табылады (М. А. Абалакина, В.С. Агеев, Г. М. Андреева, В. В. Знаков, Д. Майерс, Р. Х. Шакуров, Т. Шибутани және т. б.).

Педагог-психолог жұмысының ерекшелігі маманнан белгілі бір тұлғалық қасиеттерді талап етеді, олардың ең маңыздысы адамдармен қарым-қатынаста эмпатия. Өзінің кәсіби қызметінің әртүрлі түрлерінде педагог-психологқа эмпатияның тиісті элементтері қажет. Егер профилактиканы, ағартуды және диагностиканы жүргізу кезінде серіктестің қарым-қатынас бойынша түсінуі жеткілікті болса, онда түзету және консультативтік жұмыс процесінде сондай-ақ жанасу және көмек көрсету қажет. Педагогикалық психологияда эмпатия педагог-психолог, мұғалім, тәрбиеші тұлғасының қасиеті ретінде қарастырылады, гуманистік бағыттылығы өзектілендірілетін балалармен қарым-қатынас және өзара іс-қимыл жағдайларында көрініс тапқан. Эмпатия баланың ішкі әлемін түсінуде көрінеді, оның өміріне эмоционалдық баулу. Эмпатия педагог тұлғасын моральдық жетілдіру үшін ерекше әлеуметтік - тәжірибелік маңызы бар, оның қызметі мен қарым-қатынасында қалыптасатын тұлғааралық қатынастарды оңтайландыру.

А. Н. Богачев, В. И. Долгова, В. В. Ляпушин өз монографиясында коммуникативтік құзыреттіліктің негізі болып табылатын және гуманизм көрінісінің механизмдерін жасайтын педагогтың эмпатиясының маңыздылығын атап көрсетеді. Авторлар мұғалімнің эмпатикалық қабілеті оның кәсіби қасиеттеріне, кәсіби шеберлік деңгейіне, қабылдау нысанына, субъектінің позициясына (мәртебесіне) және жеке қасиеттеріне байланысты екенін анықтады. Немқұрайлы, өзіне шоғырланған, өзімшіл, талапшыл адамдарда эмпатияның төмен деңгейі бар. Эмпатияның жоғары деңгейі ашық жүрек, жомарт, оптимистік адамдарда кездеседі. Бұл ретте мұғалім тұлғасының құрылымы ерекше маңызға ие.

К. Роджерс пен оның ізбасарлары кәсіби коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру арнасында оқыту мен тәрбиелеудегі эмпатияның рөлін көрсететін ауқымды (600 мұғалім, 10000 оқушы) зерттеулер. Осылайша, эмпатияның жоғары деңгейін көрсететін фасилитатор-мұғалімдер оқушыларының "дәстүрлі" мұғалімдерде оқитын балалармен салыстырғанда: оқу жылында сабақ босатудың аздығы; тұлғалық автономиялылығы жоғары екені байқалды.; оқу жылында сабақтан босатулар аз; жеке дербестік көп; физикалық және вербалды агрессия аз; неғұрлым дамыған "Мен-тұжырымдама", позитивті өзін-өзі құрметтеу; жоғары академиялық жетістіктер; вандализм жоғары IQ; жыл бойы шығармашылық өсуі, ойлау деңгейі жоғары[5.29].

Н.Ю. Синягин кәсіптік құрамдас бөлікті зерттеу барысында мұғалімнің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін анықтады, педагогтың эмпатиясы рефлексиямен, икемділікпен, көпшілікпен қатар, қарым-қатынасқа қабілеттілік пен эмоционалдық жайлылық, интеллектуалдық белсенділік, шығармашылық ізденіс жағдайын ынталандырады, оқушымен қарым-қатынаста өзара түсіністікке жәрдемдеседі. Мұғалімнің бұл қасиеттері педагогикалық өзара іс-қимылдың тиімділігі мен мақсаттылығын қамтамасыз ете отырып, әрбір баланың жеке басын дамытуға ықпал етеді. Бөлінген қасиеттердің ерекшелігі-олардың әрқайсысы интегративті, көптеген тар және нақты көрсеткіштерді біріктіреді, солар арқылы көрінеді, кешенді және көп деңгейлі құрылыммен сипатталады. Бұл қасиеттердің жиынтығында кейбір иерархиялықтар бар: негізгі мағыналық жүктеме рефлексия болады, мұғалімнің жеке мінез-құлқында эмпатия мен икемділік пайда болады. [2.116].

Психолог Ю. Б. Гиппенрейтер, Т. Д. Карягина, Е. Н. Козлова және т. б. алған психологиялық феномен мұғалімдерге, мектеп психологтарына, ата-аналарға, студенттерге арналған психологиялық тренингтерді өткізу тәжірибесі. Ол эмпатияны білдірудің сыртқы тәсілдерін меңгеру тренингке қатысушылардың терең жеке трансформациясын іске қосатын қуатты құрал болып көрінеді. Эмпатикалық қабілеттілікті меңгеру сайып келгенде оның жеке иелігіне әкеледі. Арнайы талдау және шынайы эмпатия мен жалған эмпатия жағдайларын зерттеу идеясы пайда болды.

Қазіргі уақытта қарастырылып отырған аспектілердің көпшілігінің жиынтығында эмпатия термині сипаттайды: бір адамға басқаның уайымын түсінуге мүмкіндік беретін психикалық процесс; ерекше қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін адамның қызметі; басқа адамға ерекше назар; қабілет, тұлғаның қасиеті-эмпатия адамның сипаттамасы ретінде, «эмпатиялық»[5.30].

Қорыта айтқанда, көп жағдайда педагогтың жоғары кәсіби эмпатиясы арнайы оқыту нәтижесі, өзін-өзі талдау дағдылары, даму сензитивтілік, эмпатикалық көңіл-күй (тыңдау) қабілеті. Педагог баланың жеке өміріне әсер етеді, бұл кезде ол басқа адамның өмірінің бір бөлігі. ЖОО-да оқыту барысында болашақ педагог-психологтың негізгі қарым-қатынас субъектілері-курстастар, оқытушылар және оқушылар болып табылады.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру. Қазақстанхалқына Жолдау. 5 қазан, 2018 жыл.
2. Братченко С.Л. Развитие у студентов направленности на диалогическое общение в условиях групповой формы общения: дис. канд. психол. наук. - Л., 1987. - С. 116.
3. Трофимова Г.С. Педагогическая коммуникативная компетентность: теоретический и прикладные аспекты: монография. – Ижевск: УдГУ, 2012. - С. 116.
4. Рыжов В.В. Психологические основы коммуникативной подготовки педагога. – Нижний Новгород: ННГУ, 1994. – 164 с.

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНДА БОЛАШАҚ МАМАН ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Махмұт Т.М.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, Семей қаласы, 2 курс, 7М01101
Педагогика және психология білім беру бағдарламасы*

Ғылыми жетекші: Сұлтанова Н.К.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген.

Білім берудегі тұлғаға - бағдарлаушылық көзқарас маман тұлғасының шығармашылық дамуы мен тәрбиесін қамтамасыз ететін ең тиімді формаларының, әдістерінің және тәсілдерінің іздестіру аспектісінде орындалатын оның субъектілерінің тұлғалық қызметтерін дамыту мен толық көрініс беру үшін жағдайлар жасаудан тұрады. Педагогты дайындау олармен алдағы педагогикалық жұмыстың субъект іс-әрекеті барысында қалыптасатын тұлғалық - бағдарлаушылық мән - мағыналардың және субъект іс-әрекетімен айқындалатын күрделі үрдісі ретінде қарастырылады.[1]

Жоғары оқу орындарында білім мазмұны арқылы болашақ мамандар тұлғасын қалыптастыру - өзара әрекетте болатын факторлардың әсерін есепке ала тұра өзін - өзі тану және өзін-өзі дамыту феномендерін анықтауға, сонымен бірге педагогикалық үрдіс жағдайында олардың іске асудағы механизмдерін анықтауға мүмкіндік береді.

Педагогикалық теория мен тәжірибеде «білім мазмұны» ұғымы педагогтық білім мен білікті, дағдыларды меңгертеді дегенді білдіретін, яғни, педагог оларды меңгеруге ұсынатын, ал оқушы оларды есте сақтап, тәжірибеде қолдануға тиісті болатын. Нәтижесінде адамның

біліктілігі ақпараттық құзырлылықпен еңбекіс-
әрекетінде білімдерді пайдалану қабілеттілігі болып танылады. Бірақ білім
мазмұны өз мәнін деинкультурация (адамзат жинақтаған білімдерді меңгеру) мен әлеуметтенуді
(қоғаммен байланысты орнату) және өз бетінше өмір сүру мен еңбекіс-әрекетіне дайындығын
қамтиды. Осыдан адам танымы мен рефлексиясының, рухани өзіндік шығармашылығының,
кәсіби өзін-өзі жетілдірудің, жоғары мәдениетті жасау мен
менгеру тұлғасынан ұзақ еңбегінде білімді болады.

Жоғары оқу орындарында білім мазмұны арқылы болашақ маман
тұлғасын қалыптастыру үшін, қайта тұғын уәкілеттілігінен шығу мен үздіксіз өзін-өзі өзгерту,
өзіндік шығармашылық тұлғастай тұлға ретінде өзін-
өзі дамыту үшін бұрын меңгерген дітәренінен ұғын болып табылады. Осыған орай педагогикалық
үрдісте өз бетінше әрекет ететін, өзін-
өзі дамытатын шығармашыл тұлғаны қалыптастыру мәселесі туындайды. В.П. Зинченко білім
берудің рөлін өз оқушыларына жаңа әлемді ашуды деп түсіндіреді,
сол әлемдерде бағдарлай алуға үйретуде пайтады, сонымен қатар білім әлемінашу мен
білімсіздік әлемінажыратуды деп түсіндіреді.

Осы әлемдерге бірінші қадамдарын жасауға көмектесуді баланың көзінашукерек деген пікірмен түсіндір
еді ішке бағытталған өзіннашуға, рухани және тұлғалық өсуге бағытты көрсетеді.
Педагогтардың пікірінше, білім беру парадигмасы жаңаруының дәуірінде тұлғаның өзін-
өзі дамуы ішкі факторлармен анықталуға тиіс. Қазіргі жағдайларда қоғамның маңызды міндеті - жаңа
өзіндік сана мен ойлауды қалыптастыру. Олар тек білімді алу білігін ғана қамтамасыз етіп қоймай,
сонымен бірге жұмыс жасауға, өмір сүру білігін және өзгелермен бірге
өмір сүруге үйрету болып табылады.

Осы төрт біліктер өз жиынтығында біздің менталитетіміздің өзгеруін анықтайды: адам
өзі өмірін өз ікүру керек, өз-өзінің авторы болуға тиіс. Педагогикалық
процес барысындағы субъектілердің өзін-өзі дамытуы білім беру іс-
әрекетінің гуманизациялаудың маңызды факторы, шарты, тәсілі болады. Студенттердің өзін-
өзі дамытуы мен білім берудің гуманизациясының арасындағы өзара байланысты көру және
оны меңгеру үшін тұлғалық өзін-
өзі дамуы үрдісінің методологиялық негіздерін қарастыру маңызды. Өйткені, ол
әртүрлі адамтану ғылымдарында түрлі түсіндіріледі. [2]

Осымен біз тұлғаны дамытудың жағдайларын түсіндірудің келесі қорытындыға келдік: болашақ
маман тұлғасының қарым-қатынаса қабілеттілігін, педагогикалық және
психологиялық үрдісіне қатысушылардың арасындағы субъект-
субъектілік қатынастарын дамыту деп ұғардық. Түсіністікпен қарым-қатынас мәселелерін педагогтар
мен психологтардың зерттеулерінде «мен – концепциясы» шеңберінде зерттеленеді.

К. Роджерстің пікірінше, тұлғаны дамытудың негізгі бағыты - өзіне деген сенімді нығайту мен өзін-
өзі сыйлау қабілетін қалыптастырудың нәтижесінде субъект «идеалды Менге» ұмтылады.
Қазіргі тағайында К. Роджерстің «тұлғалық өсу тобының» әдісі қолданылады. Ондағы қарым-
қатынас барысында адамды адаммен қатынастарын құру үшін қатысушылар бір
бірінің алдында ашылып, өздерінің сезімдері туралы айтады, мәнді мағыналарды іздейді,
өмірлік тандаудың еркіндігіналуға ұмтылады және ол үшін жауап береді. Неғұрлым білікті және
қабілетті болу үшін осының барлығы шектеулі рухани потенциалды ашуға көмектеседі.
Бұл үздігінен өз бетінше әрекеттенуді күшейтеді –

ұйымдастырылған байланысты гештальт үнемі қалыптасу барысында болатын және
өзіне деген көзқарасты анықтайды. Тұлғалық жетілудің теріс әсер ететіндер - өзгерістен қорқыныш,
қорғаныс механизмдері, өзгәсәсінен беушілік, конформизм.

Тұлғалық жетілуді түсіндіруде А. Маслоудың зерттеулерінен сүйенеміз: өсу –
яғни потенциалдық танқалмауды түсінеміз. Немесе «тұлғалық өсу» деп А. Маслоудың қол
жеткізген негізгі қажеттіліктері негізінде «жоғары» қажеттіліктерді қанағаттандыруды айтамыз.
А. Адлерде тұлғаның ішкі күштерінің өзін-өзі дамыту процесі әлеуметтену мен тұтастылық қажету
барысында атқарылады, мақсатқа бағытталған шығармашылық ұмтылысына байланысты.
Сондықтан да, шет елдің қазіргі психологиясының тұжырымдамасында – онтопсихологияның –
«тұлғалық жетілу мен даму» негізгі ұғымдары болады және адамның
тұлғалық өсуіне кедергі болатындарды анықтаған. Осының негізінде келесі қорытынды жасаймыз:
педагогикалық процеске қатысушы әрбір субъектінің өзін-өзі дамытуы бойынша өз іс-
әрекетін талдауға көмектесетін технологияларды қолдану маңызды. Ол

өзінің нағыз тұлғалық ерекшеліктері мен әрекеттерін шынайы бағалай білуі тиіс және өз алдына мақсат қоя білу керек. «Дамудың» толық анықтамасын біз В.И.Смирновтан алып, оны сандық және сапалық жағындағы, психикадағы, ақыл-ой және рухани адамның жүйесіндегі өзгерістердің процесі деп түсінеміз. Олар сыртқы және ішкі, басқарылатын және басқарылмайтын факторлардың тұжымқу алаушылық, орта мен тәрбиенің әсерімен анықталып, адам дамуының үрдісі мен нәтижелері ұшмаңызды факторлардың бірлескен әрекеттестігімен анықталады. Психологтардың зерттеулері адам дамуы барысында өзін-өзі дамыту екі детерминизмді қамағынасына ие: ішкі және сыртқы, негізінен назар ішкі анықтаушыларға аударылады – ішкі мүмкіндіктерді анықтау мен потенциалды жағдайларды ашу. К.А. Абульханова-Славскаяның пікірінше, адамның дамуы – бұл белсенді өзін-өзі басқаратын, «ішкі жылжуға» тәуелді үрдісі (спонтанды ерексіз кезкелген жүйенің өзгеруінің, оған сыртқы жағдайлар мен өзгерістегі орта ықпал етеді). Осыдан, «даму» категориясы мен «өзін-өзі дамыту» категориясы философиялық, психологиялық және педагогикалық зерттеулерде бір-бірімен байланысты, өйткені жалпы дамудың өзін-өзі дамыту мәселесі осы салалардағы өзін-өзі жетілдірудің негізінде пайда болған. [3]

Осы ерекшеліктер бірдей мөлшерде жоғары оқу орындарының кәсіби тәрбиесін сипаттай отырып, оқытушының қабілеттілігі тәрбие қызметтерін іске асыруға осы тұрғысынан оның сапалы өзін-өзі өзгертуге бағыттаушылығы анықталады, студенттермен әрекеттестігі барысындағы трансформациялану, оның педагогикалық қолдаудың позициясының болашақ маман өздігінен қалыптасуына өтеді, әрекеттестіктің бірегей құндылықтылық - мағыналық кеңістігінің барысында оқытушының өзііс-әрекеттің субъектісі болып, студентпен кәсіби әрекеттесуі барысында өзінің кәсіби-педагогикалық көзқарасын іске асырады, үнемі өзін-өзі дамытуға мүмкіндігін жасайды. Болашақ маман – жеке дамушы тұлға. Болашақ мамандарға білім беруде олардың тұлғалық қалыптасуы мен психикалық, танымдық іс-әрекетінің дамуын ұйымдастырып отыру қажет. Себебі, білім беру тұлға қалыптастыруда тиімді нәтижелер беру үшін оқу іс-әрекеті белгілі бір дәрежеде студенттің психикалық үрдістерінің жетілуін қамтамасыз ететіндей деңгейде ұйымдастырылуы тиіс.

Сонымен, болашақ мамандардың оқу іс-әрекеті оны жоғары кәсіпкер етуге дайындаса, оқытушының білім беру әрекеті студенттің маманға айналуына қажетті тиімді жолдарды іздестіруімен сипатталады. Мұнда студент үшін маңызды болашақ мамандық іс-әрекетінің пайда болуы мен дамуы оның тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға және дамуына тікелей байланысты екендігін ұмытпау керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Еуропа аймағындағы жоғары білімге қатысты біліктілікті тану туралы» Конвенциясы ратификациялау туралы Заңы. № 202-І. 13.12.1997.
2. Ительсон Л.Б. Учебная деятельность, ее источники, структура, условия. – М.: Просвещение, 1994.
3. Абульханова-Славская К.А. Педагогическая психология. Учебник для вузов. - М., 1997.

ДИЗОНТОГЕНЕЗДІК ЖАҒДАЙДАҒЫ БҰРМАЛАНҒАН ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУ

Мендібаева Мөлдір Кенжеғалиқызы

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
409 тобы, 4 курс, мамандық «психология»*

Ғылыми жетекші: Абдуллина Г.К.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті педагогика және психология кафедрасының
аға оқытушысы қ. Семей, Қазақстан*

Дизонтогенез – пренатальды және постнатальды онтогендегі организмнің жеке дамуының бұзылуы. «Дизонтогенез» терминін (грек тілінен аударғанда «dys» - нормадан ауытқу, «онтос» - болу, болу, «генезис» - дамуды білдіретін префикс) Швальбе алғаш рет 1927 жылы ағза құрылымының құрсақтағы кезіндегі қалыптасу ауытқуларын белгілеу үшін қолданды [1].

Жас маманның қызмет түрінің ерекшеліктері мыналар: өзінің мақсаттары мен нәтижелерінің болуы (өзіндік еңбекке дайындығы, талаптарды игеру, өзінің адамдық қасиеттерінің дамуы), зерттелінді объект ерекше қасиеті (ғылымдық білімі, болашақ еңбегі туралы мәлімет), жас маман қызметінің жоспарланған шарттарда жүзеге асуы (жұмыс мерзімі мен жоспары), қызметке психика қызметінің жүйелілігі мен жоғарғы интеллектуалдық қысым тән. Л. М. Митина жас маманның жаңа жұмыс орнына қалыптасуының екі моделін бөлді: Бейімделу моделі тұлға сана сезімінде кәсіби еңбектің сыртқы жағдайларға тәуелді болу тенденциясы, кәсіби міндеттер, ережелер, нормаларды шешу алгоритмдерінің орындалу түрінде басым болады.

Кәсіби даму моделі тұлғаның қалыптасқан практика шектерінен шығып, өз іс әрекетін практикалық қалыптасу шарттына айналдыру, және сол арқылы өзінің кәсіби мүмкіндіктерінің шектерін жеңе алу қабілеттерімен сипатталады [3, 4, 5].

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қалымбетова Э. К. Кәсіпке бейімделу мен мәнді-құндылықтық бағдарларды қалыптастыру ерекшеліктері. – Б. 144-149.
2. Юревич А. В., Аверьянов С.Р. Адаптация к трудовой деятельности. // Физиология трудовой деятельности. – СПб.: Наука, 1993. – 229 с.
3. Штомпки П. С. Социология социальных изменений. – М.: 1998. – 204 с.
4. Асеев В.Г. Проблема мотивации и личности // Теоретические проблемы психологии личности. — М.: 1974. — С. 122-130.
5. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. — М.: Политиздат, 1975. — 386 с.

ОТБАСЫЛЫҚ ШИЕЛЕНІСТЕРДІҢ ТУЫНДАУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

САЛЫКОВ М.Т.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
2 курс, 7М01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы*

Ғылыми жетекші: **Султанова Н.К.**
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы

Бүгінгі таңдағы қарқынды да ауқымды өзгерістер кезеңі қоғам өмірінің барлық саласын жан-жақты қамту үстінде болып отыр. Сол себепті қалыптасып жатқан құрылымды мүлдем жаңартып, зерттеу және сегменттеу-әлеуметтік және рухани дамуға жол ашатын демократиялық қоғам құруға сай зерттеу және сегменттеуін нарықты қатынастарға көшіру міндеті тұр.

Кеңес ғалымы Е.С. Калмыкованың еңбектерінде отбасылық өмір сүрудің алғашқы жылдағы мәселесі айтыла келе, оның бастапқы екі жылында қарым-қатынастың жеке стереотиптерінің қалыптасатындығы, құндылықтар жүйесінің сәйкестендірілетіні және жалпы тәртіптік бағыттарды өңдеу уақыты екендігі баса көрсетіледі. Аталмыш ғалым бұл кезеңде ерлі-зайыптылардың өзара қарым-қатынас түрін іздестіреді. Бұл кезеңде келесі міндеттер шешіледі:

- отбасының құрылымдық қалыптасуы;
- ерлі-зайыптылар арасындағы функцияларды (рөлдерді) белгілеу;
- жалпы отбасылық құндылықтарды табу және өңдеу.

Зерттеушілер В.П. Левкович және О.Э. Зуськовалар өз еңбектерінде ерлі-зайыптылық шиеленістердің пайда болуында серіктердің некеде тұру кезіндегі қалыптасқан күтулер мен үміттер маңызды орынға ие екендігін атап көрсетті. Жоғары деңгейдегі күтулер жас ерлі-зайыптылардың бір-біріне қатынасына тән. Отбасылық өмірдегі бұл күтулер шындыққа сәйкес келмеген жағдайда шиеленіске, тіпті дағдарысқа негіз болады.

Тұрақсыз отбасылық өмірге бейімделу кезеңінде оның жеке аймақтарында материалдық қажеттіліктердің келісімсіздігі орын алады, мәселен, қалыпты жұптарда бұл маңызды емес болса, ал, тұрақсыздық орын алған жағдайда өте маңызды болып саналады. Мұндай жағдайдың маңызсыздығы орын алған жағдайда айырмашылықтар қалыпты жұптарға тән қарым-қатынастың бір-біріне ықпалды әсеріне, жетілуіне және бірте-бірте дамуына мүмкіндік береді.

Отбасылық өмірдің алғашқы жылдарында ерлі-зайыптылардың топтық байланысы жаңа отбасылық топтың жаңа байланысының жасалуына кедергі келтірген уақытта «отбасылық рулық шиеленіс» сирек кездесетіні анық.

Отбасындағы жұбайлар арасындағы орын алып отырған мұндай жағдайлар қоғамдағы белгілі бір экономикалық және әлеуметтік себептерге де байланысты болып есептелінеді. Дегенмен, ең бастысы, бұл қызметтің әрбір тарихи кезеңдерде отбасының басқа әлеуметтік қызметтерінің маңыздылық иерархиясында әртүрлі орын алуында болып табылады. Егер де отбасындағы жыныстық қарым-қатынастың эволюциясын байқайтын болсақ, бұл қызмет аясында маңызды тарихи кезеңдермен салыстырғанда дәл осы уақытта отбасындағы өмірде барынша маңыздылықтың жоғары қасиетіне жетті. Адамзат баласының жыныстық сезімінің жануарлар әлемінен айырмашылықтарының бірі жай биологиялық және биопсихологиялық сезім еместігінде болып табылады. Сондықтан отбасылық және некелік өмір бақыты ақылдылық, көңілділік және жыныстық бейімделуге тікелей байланысты болып саналады.

Болашақта отбасын жекелік мүдде ретінде жастардың түсінуі үшін төмендегі ұстанымдар болу керек:

1. Адам өмірінде болып жатқан барлық көрінісінде дүниеге келетін ана құрсағындағы баланың, жесір адамның, ақыл-ойы кемтардың, сырттай келбеті көріксіз және мүше кемшілігімен азап шегіп жүрген адамдардың өмірімен қоса өз байлығына нық сенім арту;

2. Неке институтында жұбайлар отбасындағы ауыр қиыншылықтарға, ауруға, қаржылық қиын-қыстау кезеңдерге, сезімдік күйзеліс пен күштенуге қарамастан қарым-қатынастың тұрақтылығын қамтамасыз ету;

3. Отбасындағы көптеген кедергілерге қарамастан ерлі зайыптылар сәби дүниеге әкеліп, оны тәрбиелеуге ұмтылыс жасау.

Отбасы арқылы тұлға бір шамада өзін-өзі ұстай алу, өзінің мәнін сақтап қалу сәтін түсіну жағдайын құрады. Тұлға мен қоғам арасындағы әрдайым болатын апаттардан құтқаратын әлеуметтік орта деген қорытынды жасауға болады. Егер отбасын адам табиғатының өнімі ретінде қараса, онда онсыз болмысы көмескі келеді. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, адам баласының бақытты отбасымен және некемен өмір сүруге құқығы бар деп сенімді тұрде айтуға еріктіміз.

Қазіргі таңда біз қиындығы бар отбасы және орта проблемалы отбасы туралы, маскүнемдік пен нашақорлықтан жолы болмай келген отбасы өмірі туралы мәліметтерді ақпарат көздерінен көп кездестіріп жүрміз. Бірақ бақытты отбасы өмірі туралы біздің түсінігіміз тым мардымсыз болып табылады.

Алайда, отбасылық өмірде бақытты адамды жалпы алғанда өмірде де дәл солай деп толық сеніммен айта аламыз. Бүгінгі күні бұл мәселе арнаулы ғылыми зерттеудің тақырыбы болмағанын айта кеткеніміз жөн. Әрине өмірде бәрі біз атап кеткендерден мүлдем өзгеше болып көрінеді. Отбасы өміріндегі бақытты адамға және оның не екендігіне нақты формада анықтама бере отырып, ол туралы айту айтарлықтай қиын екені сөзсіз. Сондықтан бақыт феноменін зерттеу әлдеқайда қиын, өйткені ол қандай да болмасын статистикалық есептерге салуға келмейді. Шын мәнісінде бақытты отбасылардың жер бетінде қанша екенін айту қиын. Балкім, олардың саны көп емес те шығар, бірақ бақытты болуды аңсап, шөлдеген адам тек отбасында ғана шөлін қандыра алады. Демек, отбасының фелицитологиялық қызметі отбасы институты барда өмір сүре береді.

Қазіргі таңда өнеркәсіпті қоғамның пайда болуының нәтижесінде бала туудың төмендеуі нәтижесінде экономикалық қызмет бұрынғы маңыздылығынан артып отыр. Ал, өнеркәсіптік қоғамның сол жағдайымен қозғалған репродуктивтік қызметте көпбалалы отбасын қажет етпейтін позициясын берді.

Бүгінгі күні отбасының бірегейлігі мен қайталанбастығы социальдықты анық болуына байланысты, оны әлеуметтік ортамен қатар қарап, тіпті оның маңыздылығын ерекше атап өткен жөн.

Отбасылық өмірдегі шиеленісте психологиялық дені дұрыс адамға ұрыс басылған уақытта үрей сейіледі де, адамдар бәрібір бірге өмір сүретінін анықтағаннан кейін жанжалдың мағынасыздығы ерекше айқын болып көрінгенмен ол біраз уақытқа дейін олардың естерінде сақталып қалады. Шын мәнісінде өмірлік тәжірибелерге сүйенсек отбасындағы ұрыс ешқашан із түссіз жойылып кетпейді. Отбасылық қарым-қатынаста өзара болған реніштердің салмағы көптеп жинала береді. Сондықтан әр отбасы мүшесі өздері естіген реніштеріне еріксіз жауап іздестіре отырып, олар аргументтерді пайдалану уақытын да қарастырады. Бұл дегенміз келесі кезектегі ұрысты жақындатып отырады. Отбасылық майда-шүйде жағдайларға байланысты туындаған ұрыстар ұсақ кикілжіңнен шығып, үлкен дау-дамай мен жанжалдарға ұласады.

Отбасылық шиеленіс туындаудың бірден бір себептерінің бірі өз жұбының қылықтарынан жақсы қасиеттерін іздеуден гөрі және бірін-бірі басудың орнына жақын адамдар олардың тәртібінен жаман қасиеттерін тіміскілеуге тырысып тұрады. Мұндағы ең басты мақсаттары: әрбір отбасының өзінің шындығын дәлелдеуге ұмтылуы болып табылады. Отбасылық қарым-қатынаста орын алатын мұндай құбылыстар көбінесе психологиялық үйлеспеушілік деп аталып жүр. Сонымен қатар, отбасындағы ұрыс жұптар арасындағы өзіндік бағалау шиеленісін білдіре отырып, шиеленісушілердің әрқайсысы өзіндік пікірін ұстануға ұмтылады.

Сонымен қатар, кейбір жағдайда отбасылық шиеленістер кез-келген уақытта туындап және болмашы себептер аясында болуы мүмкін. Отбасылық қарым-қатынаста туындап отыратын ұрыс-керістер көп жағдайда ерлі-зайыптылардың кез-келген ұсақ-түйекке нәрселерге мән беруінен де болады. Отбасының мүшелері өзінің жеке мүддесі мен ренішін сылтау етіп отыруынан шиеленістер болып жатады.

Осыдан кейін отбасылық қарым-қатынаста өзіндік пікірдің жоғарғы деңгейде туындау формаларының бірі некелік серікке психологиялық эксплуатациялау туындайды. Жоғарыдағы өзекті мәселелерге орай, кей отбасыларда отбасылық қарым-қатынас туралы білімдерін жетілдіру негізінде ері немесе әйелі өзара жетіледі. Отбасыишілік өзара жетілу бейсанада ырықсыз түрде және де мақсатқа бағытталған сипатта көрініс алады.

Отбасында кездесетін жанжалдардың көптеген механизмдерін «өткенге үңілу» деген ұғыммен бөліп қарастыруға болады. Бұл жағдайдың мәні отбасы мүшелерінің бірі екіншісіне агрессивті түрде ұмтылыс жасайды. Отбасыишілік қарым-қатынаста бұл жағдайды туындатушыны агрессор деп атайды. Агрессор отбасы мүшесі өзінің ұрысқа жауапкершілігін бүркемелей және астарламай бастайды да, шиеленіс басталған сәттен бастап өткендегі қиындықтарын айта бастайды. Агрессорға серігі де болған жағдайдағы қиындықтарды айтқанымен ол өзінің бағытынан бас тартпайды. Сондықтан онда түсіністікпен қарау ниеті болмайды. Бұл айтылып отырған жанжалдар көбіне отбасылық дағдарыстардың басты себебі болады. Шын мәнісінде отбасы мүшелеріне отбасылық проблемалардың туындауы ұнамайды.

Көптеген зерттеулерге сүйенсек, отбасындағы ерлі-зайыптылық шиеленістер былай бірігуі мүмкін:

- ұрысқа қатысушы отбасы мүшесінің бірі өз күнәсін мойындайды;
- отбасылық ұрыста өзінің күнәлі екенін оның серігі мойындайды.

Осы орайда, айта кететін тағы аз тараса да бар вариант: «Біз екеуіміз де кінәліміз» деген позиция. Бұл сипаттағы жанжалдың шығу жолының бірі мынада: «Біз ұрысамыз, яғни біздікі дұрыс емес!». Айтылып отырған жағдайда альтуристік өзін құрбан ету жоқтың қасы екені сөзсіз. Әрине, бұл әрдайым көрініс бермейді. Әсіресе, бірінші позиция «Біздікі дұрыс емес» формуласы мақсатқа жетуге үлкен деңгейде мүмкіндік береді. Көпшілік отбасында мүшелерінің ұрыстан соңынтымақтастыққа тез бірігуге бейім болып келмейді. Бұл мәселеге әрине дәстүрлі түрдегі «мен-сен» кедергі келтіріп отырады.

Отбасылық қарым-қатынаста жоғарыда аталып өткен және әлі талдауды қажет етіп жатқан қарама-қайшылықты шешудің жаңа тәсілін құру өте қиын. Отбасы мүшелері ең алдымен өз эмоциялық жағдайын басқаруды үйренуі қажет.

Отбасындағы тұлғааралық шиеленісті, ұрыс, тіпті дағдарыстың пайда болу механизімін түсіну үшін түсініктер жүйесінің 3 түрін ажырату керек.

1. Түсініктердің эгоцентрикалық жүйесі- мұнда «мен өзім», «менің ниетім», «менің мақсатым» деген позиция алға шығады;
2. Түсініктердің альтруцентрикалық жүйесі- бұл жерде барлық түсініктердің назарында басқа (альтер) болады. Бұлар басқамен бірге қайғырады, өзін басқамен ұқсастырады. Ол оның ниетін немесе қайғысын өзінікі сияқты уайымдайды. Дегенмен мұндай жүйе тұрақсыз болып табылады;
3. Түсініктердің социоцентрикалық жүйесі- алдыңғы екеуінен айырмашылығы бұл полицентрикалық жүйе (орталығы көп) болып табылады. Бұл жүйеде қызығулар өзінікі сияқты өзгелердікін де ескереді. Бұл жүйенің әлем туралы психологиялық бастауышы «мен» емес, «сен» емес, «біз» болып табылады.

Жоғарыдағы мәселеге орай, отбасылық қарым-қатынаста кез-келген адамда қандай да бір уақытта жоғарыдағы үш түсініктің біреуінің туындауы мүмкін екендігін түсінген дұрыс. Айтылғандардың ішінде эгоцентрик белгілі бір сәтте социоцентрик немесе альтруцентрик немесе социоцентрик-эгоцентрик және тағы басқа да болып ауысып отыруы мүмкін. Шын мәнісінде ең бастысы кез-келген жағдайлардың бәрінде біз эгоцентрик болып табыламыз. Олай болатын болса, оның негізінде отбасындағы өзіндік бағалау мен өзіндік пікірдің қақтығысулары туындауы өте ықтимал. Сондықтан да отбасылық қарым-қатынаста дағдарыс орын алады.

Өмір тәжірибесі көрсетіп отырғандай, отбасындағы ұрыс көбінесе олардың мүшелерінің біріне бірі қанағаттанбауы жағдайында туындайды. Бұл жағдайдың алдын алу үшін ең алдымен өзінің қанағаттанбаушылығын басқаруы қажеттігі алға шығады. Бұл үшін бірқатар жағдайларды назарда ұстаған жөн. Отбасылық психотерапиямен айналысушылардың пікірінше ең бастысы тітіркену фактісіне тыныш және байыппен қарау керек.

Әрине бұл жағдайда ұрыстан қашақтау үшін отбасының әрбір мүшесі тітіркенудің әрбір тетігін өз тұлғасындағы қорқыныш сипатында қарамауы тиіс. Егер отбасында ренжу сезімі туындаған жерде тітіркену мәжбүр сипатта болады. Психологиялық заңдылықтарға сүйенсек, жақындарды тітіркендіру өзімізге шағымдану болып табылады.

Отбасылық қарым-қатынасқа шиеленіске негіз болып жүрген, әрі көп жағдайда ойландыратыны мынадай жағдайлар: Біз қай уақытта ренжиміз? Бізді басқалары қай уақытта ренжітеді? Егер біз бір жерде осалдық танытсақ, онда біздің өзімізден жасырғымыз келген кемшіліктер сырт көзге көрінеді.

Отбасында ойын механизімін көрсетудің бірнеше тәсілдері бар:

- а) жалған түсіндіру тәсілі;
- ә) мәнсіз қорытынды;
- б) «күдікті сөйлту» тәсілі.

Жоғарыда көрсетілген тәсілдердің барлығы дерлік заттардың шынайы жағдайына сәйкес келмеген кезде тиімді болып табылады. Егер тұлғааралық қарым-қатынаста ұстамсыздықты кемшілік деп санаса, онда ол отбасылық қарым-қатынаста бұл тітіркену ретінде көрініс береді. Сонымен қатар, тұлға ұстамсыздықты өз тәртібінің қалпы деп санаса, онда мәселенің барлығы «бетсіздікпен» болмақ. Бетсіздік- бұл физиологиялық жағдай болып табыламайды, ол психологиялық бағдар болғандықтан тұлғалық принциптер қатарына жатады. Бұл жағдайда эмоциясын ұстай алмау көрінісі тек сол адамның өзіне ғана пайдалы мағынада болмақ.

Отбасындағы қорқынышпен ойнау құқығында бір мезгілде ондағы тұтастай билікке қарсылық танытуы ретінде болады. Бұл жағдай күш көрсетумен пара пар болғандықтан, мынадай жағдайлар көрініс береді: «Егер менің істегім келгенді істемесеңіз, мен сізге қатты ренжимін, егер менің ренішіме қарсылық білдірсеңіз одан да жаман болады». Бұл жердегі отбасылық мәселе психологиялық эксплуатация жөнінде болмақ. Психологиялық эксплуататорға сипат беретін болсақ, бұл өзгелерге бүкіл үй жұмысын арттыу емес, ең алдымен басқаның рухани ресурстарын шыдамсыздықпен өз пайдасына қолдану болып табылады.

Отбасында әйел адамдар үздіксіз үй жұмыстарынан қажып, басқалардан қажетті баға ала алмаған отбасы мүшелеріне ұстамсыздық пен шыдамсыздық танытады.

Қорытындылай келе, отбасындағы шиеленіс жағдайлардың туындауының бірден себептері төмендегідей топта көрсетуге болады:

- Отбасындағы рухани және материалдық қажеттіліктердің қанағаттандырылмауы;
- Отбасы мүшелеріне шектен тыс талап қою орын алғанда;
- Отбасылық жауапкершілікті дұрыс сезінбеуде;
- Отбасы мүшелерінің мүдделері қорғалмағанда;
- Отбасылық функциялардың дұрыс орындалмауынан;
- Рөлдік идентификация жүзеге аспаған жағдайда;
- Отбасыишілік жылылық пен махаббат сезімі болмаған жағдайда және т.б.

Сондықтан бүгінгі күні жастарды отбасылық өмірге дайындауда онда орын алатын шиеленістің алдын алу жолдарын ғылыми-теориялық негіздеу басты мәселелердің бірі болып табылады. Біздің зерттеуіміз осы өзекті мәселені этностық құндылықтар арқылы тұжырымдауды көздейтіндіктен құнды болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында.-Алматы: Өнер, 1996.- Б. 272.
2. Торыбаева М.З Жасөспірім оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы мектеп, отбасын және қоғамдық қауымның бірлескен жұмысы Автореф.канд.дис. - Алматы, 2004.- С. 24.
3. Социальная психология детства: развитие отношений ребенка в детской субкультуре.- М., 2000.-С. 137.
4. Ковалев С.В. Психология современной семьи. - М., 1988. –С.208.

ҚАРЫМ - ҚАТЫНАС ӨНЕРІ КОМУНИКАТИВТІ МӘДЕНИЕТТІҢ НЕГІЗІ

Саяхова Г.Т

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
2 курс, 7М01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы*

Ғылыми жетекші: Султанова Н.К.

*Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы*

Елдің стратегиялық бағытын айқындап, кемел келешекке жол сілтеген «Қазақстан-2030» атты халыққа жолдауы.

Бұл құжаттарда қарым- қатынас арқылы шәкірттердің бойына ізгілік, адамгершілік, зиялылық қасиеттерді қалыптастыру мәселесі негізінде еңбек ету делінген. Осыған байланысты ЖОО студенттерінің коммуникативті мәдениетін қалыптастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі екендігін, қағидаларды негізге ала отырып жүргізілгені байқалады.

Студенттердің педагогикалық-психологиялық идеялардың негізінде коммуникативті мәдениетін қалыптастыру мәселесі – ұлттық мәдениетімізді дамытуға, ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраларымыздың мәнін түсіну, тарихты зерделей отырып, жан-жақты дамыған, рухани мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеуіміздің маңызы өте зор. Осы орайда ең негізгі талаптардың бірі – ұлттық қасиетімізді танып-білу, соның негізінде коммуникативті мәдениетті қалыптастыру. Өзімізді-өзіміз танып, өзгелерге таныту, яғни ұлттық ерекшеліктерімізбен құндылықтарымызды

бүгінгі талаптарға сәйкес жүйелеп, дамытып, басқаларға тарату арқылы өзіміздің ұлттық деңгейімізді көтере білу.

ЖОО студенттері мен ұстаздары арасындағы өзара қарым-қатынас жасау мәселесі, педагогика және психология ғылымында тәлім-тәрбие ісіндегі әрі маңызды, әрі күрделі мәселелердің қатарына жатады. Бұл салада жүргізілген зерттеу мен осы бағытта жинақталған тәжірибелердің нәтижелері коммуникативті қарым-қатынас орнатуда айтарлықтай ерекшеліктер мен сипаттар, түрліше түсініктер бар екенін көрсетті.

ЖОО студенттерінің қарым-қатынас мәдениетінің көрсеткіші – болашақта жан-жақты тұлға ретінде қалыптасқан, сауатты, адамгершілік қасиеті, мәдениеті жоғары, кәсіби маман ретінде қалыптасқан шебер педагог-психолог болуы шарт. ЖОО басты шарты - жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру. Ол- білім беру процесі, студенттерді оқыту кезінде, тәриелік маңызы бар іс-шаралар мен кураторлық жұмыстар негізінде іске асырылады.

Өмір сүру барысында дамитын тұлғаның ерекшеліктерін меңгеретін білімнің көлемі мен сипаты, қызығушылығы, кез келген ортада қарым-қатынасқа түсе білуі, зейін қасиеттерінің жоғарғы деңгейде болуы, адамгершілік қасиеттері, осылардың барлығы адамның белгілі бір жағдайға еркін жауап қайтаруына белсенді және мақсатты түрде әсер етеді.

Студент тұлғасының қарым-қатынас үрдісіндегі зейін қасиеттерінің жоғарғы деңгейде болуы студенттердің оқуда, еңбекте, қоғамдық өмірде белсенділігін дамыту жолдарын ашуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік, экономикалық дамуды жылдамдатуда болашақ мамандарды дайындайтын ЖОО жауапкершілігі артып отыр. Біздің қоғамның болашағы болашақ педагогтарды, психологтарды, өндіріс және ғылым басшыларын тағы басқа мамандарды тек сауаттылыққа ғана емес, сонымен қатар белсенділікке, алдына қойған міндеттерге қызығушылықпен қарауға байланысты. Соның негізінде белсенді, өз күшіне сенімді, қарым-қатынас мәдениетті жоғары тұлға қалыптастырады.

Бүгінгі қоғамдық дамуда демократияға шындықтап бет бұру мен жариялаудың еліміздің саяси өміріне, экономикалық қарым-қатынасына түбегейлі өзгеріс әкелген жаңа кезең болып отыр. Осы демократиялық өзгерудің барлығы ұжымдық қарым-қатынастан көрініс табуға. Соған байланысты, коммуникативті қарым-қатынасты бұрыннан айқын тұжырымдалған ұжымдық насихаттың, үгітшіліктің және ұйымшылдықтың, рөлі де жаңа бағытта өзгеріп тың сатыға көтерілуде. Қазіргі коммуникативті қарым-қатынастың ауқымы кеңейіп, көптеген шектеулер алынып, ой-пікірге еркіндік берілген.

Бүгінгі таңда ЖОО студенттерінің қарым-қатынас мәдениетін көтеру – негізгі мәселелердің біріне айналып отыр. Осы бағытта көптеген жұмыстар атқарылуда. ЖОО студенттерімен оқытушылар, кураторлар жыл бойы тәрбиелік мақсатта жұмыс жасайды. Студенттерге тиімді қарым-қатынас жасау әдістерін насихаттайды.

Әйтсе де, ЖОО бітірген жас маманның мектеп табалдырығындағы оқушылармен, ұстаздармен қарым-қатынаста қындықтар мен кемшіліктер кездесіп жатады. Бұл тәжірибе арқылы келсе де, ЖОО болашақ маманның қарым-қатынас мәдениетінің бастау алуын қамтамасыз ету ондағы оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға және кәсіби дамуды қарқынды етуге біршама септігін тигізеді. Сонымен қатар, бүгінгі бәсекеге қабілетті маманның кәсіби тұлғасының бір көрсеткіші – оның қарым-қатынастағы жоғары мәдениеттілігі болып табылады. Студенттің қарым-қатынас дағдылары мен икемділігін қалыптастыру, яғни, студенттің іскерлік психологиялық қарым-қатынас кезіндегі әртүрлі жағдайларға бейімделуі, тез меңгеру қабілеттеріне ие болуы, студенттермен жағымды қарым-қатынас позициясын құруға ұмтылу, мотивациясы мен білімін заманның талабына сай жетілдіру аса маңызды болып табылады. Қазіргі коммуникативті қарым-қатынастың ауқымы кеңейіп, көптеген шектеулер алынып, ой-пікірге еркіндік берілген.

Коммуникативті мәдениеттің шын болмысы - адамдардың тікелей іс-әрекеттік қарым-қатынасында қалыптасатын және көрінетін, іс-әрекетінің тәсілдерінде, әдістерінде және еңбек нәтижелерінде жүзеге асатын олардың қайталанбас жасампаз өзіндік қабілеттерінде.

Ал енді студенттердің қарым-қатынас мәдениеті ұғымына тоқталсақ, қарым-қатынас мәдениеті адамзаттың ғасырлар бойы қалыптастырған белгілі ережелерін сақтауға негізделеді. Мәдениет - студенттердің арасындағы сыпайылық, әдептілік қасиеттері.

Ал Р.Қоянбаевтың «Қысқаша педагогикалық сөздігінде» «мәдениет» ұғымына мынадай анықтама берілген: Мәдениет - адамды жасампаз, белсенді тұлға ретінде қалыптастыруға ықпал жасайтын қоғамдық-тарихи барыстың мазмұны, адамзат тарихында жасалған және дамытылған материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы.

Қарым- қатынас психологиясына теориялық және практикалық тұрғыда зерттелінген жұмыстар өте көп. Олардың әрқайсысы іс- әрекет барысында тиімді әрі жүйелі түрде қолданылуда. Біздің талқыланып жатқан тақырыбымыз осы мәселеге терең әрі өзекті жауап қайтарады.

С. Елеусізова «Қарым-қатынас психологиясы» деген еңбегінде қарым-қатынас ұғымына мынадай анықтама берген: Қарым-қатынас - адамның тіршілік бейнесі мен мәдени өмірінде, тұрмыс-салтында күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандыратын тұрақты шарт. Қарым-қатынас дегеніміз -ғылым, әрі өнер. Бұл шығармашылық процесс. Қатынас жасау, өзгелермен тіл табысу - әрбір адамның өмір тәжірибесіне, біліміне, тапқырлығы мен ақыл-ойына байланысты жүзеге асып отыратын тіршілік мұқтаждығы. Қарым-қатынас нәтижесінде адамның кісілік қасиеті, өзгелерге деген қамқорлығы мен жанашырлық сезімі, мәдени көзқарасы қалыптасады делінген.

Қарым-қатынас мәдениеті – ЖОО студентінің адамгершілік, тәрбиелілік, жанашырлық, тілектестік, ортақтастық, мейірімділік, сыпайылық қасиеттерінің өлшемі. Қарым-қатынас ең алдымен, бір адамның екінші адамды өзара түсінушілігінен басталады.

Қарым-қатынас мәдениеті дегеніміз – тұлғаның адамгершілік сана-сезімін, іс-әрекетін қалыптастырып, құндылық бағдарын айқындайтын процесс. Студенттің қарым-қатынас мәдениетінің шарты-мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді, адамгершілік сезімін дарыту және дамыту.

ЖОО студентінің мәдени қарым-қатынасты қалыптастыруға ықпал ететін қасиеттері, мәдени қарым-қатынасты қалыптастырудың негізгі аспектілері: адамгершілік, этикалық норма, моральдық ізгілендіру, этикалық бағалауы.

ЖОО студентінің мәдени қарым-қатынасты қалыптастыру жолдары: гуманизм, шыншылдық, борыш, жауапкершілік, шығармашылық, қайырымдылық, көпшілдік, адамдарға деген мейірімділік, сыйласымдық, топ студенттері мен ұстазға деген жағымды қатынасы.

Мәдени қарым-қатынаста студенттердің мінез-құлықты қалыптастыру: этикалық норма, адамгершілік қасиетті қалыптастыру, шындықты айту, біреуге жамандық жасамау - қорғау.

Жалпы «адам жолында екі түрлі, бір-біріне қарама-қарсы ағыстар бар. Бір ағыс - қаталдыққа жетелесе, екіншісі- мейірімге талпынады», – деген М.Леккидің сөзінде үлкен мәні бар. Рух – адам бойындағы күш–қуат. Ол қуат барлық жақсы қасиеттермен бірге жасайтын игі істердің қайнар көзі. Рухани бай адамның бойында ғана гуманистік қасиеттер кездеседі. Мәдени қарым-қатынас тәрбиесі - адамға заң, әлеуметтік, адамгершілік және саяси жағынан өзін кәдеге жарамды сезінуге мүмкіндік беретін жеке тұлғаның интегративті қасиеті ретіндегі азаматтық құлқын қалыптастыру.

Коммуникативті мәдениет дегеніміз – қарым-қатынас кезінде тілдік тәсілдерді дұрыс ұйымдастырып, белгілі бір тәртіппен жүйелі қолдану

Студенттің жалпы мәдениеті бірнеше мәдениеттердің жиынтығы ретінде қарастырылады – адамгершілік, психологиялық, эстетикалық және т.б. тұлғаның жалпы мәдениетінің құрамдастары арасында ерекше орынды қарым-қатынас мәдениеті алады. Б. Ф. Ломов қарым қатынасты студенттің басқа адамдармен өзара «әрекеттесуінің ерекше түрі ретінде қарастыраады, оның барысында түсініктермен, идеялармен, қызығушылықтармен, көңіл-күймен, ұстанымдармен екі жақты алмасу жүзеге асырылады. Қарым-қатынаста нақты индивид басқа адамдар ойлап тапқан «рухани байлық қорына» ие болады, соның арқасында оның жеке тәжірибесінің шектеулігін жеңеді; сонфмен қатар қарым-қатынас арқылы ол бұл «қорға» өзі ойлап тапқанды енгізеді. Дәл осымен индивид өміріндегі қарым-қатынас мәні анықталады.

Педагогикада қарым-қатынас мәдениеті қолданбалы кәсіби аспектіде қарастырылады. Коммуникативті қызмет студент қызметінің негізгі түрі, ал қарым-қатынас- студентті оқыту және тәрбиелеу процессі өтетін саласы болып табылатындықтан, зерттеушілер педагогикалық қарым-қатынастың кәсіби мәдениетін бөлуге әрекет жасауда. Оны оқытушы тұлғасының кәсіби маңызды қасиеті ретінде анықтайды. Бұл өсіп келе жатқан ұрпақты оқытуда және тәрбиелеуде қоғамның оқытушы алдында қойған, міндеттерді оңтайлы толық және дұрыс шешуге бағытталған, педагогикалық қатынасты жүзеге асырудың эвристтік, тұлғалық түрі.

Қорыта келгенде, адамзат қызметінің өнімі бола тұра, мәдениет оның барлық салаларында өмір сүреді. Оқытушының коммуникативті қызметі оның сапасының критерийін анықтауды талап етеді. Бұл коммуникативті мәдениеттің функцияларының бірі болып табылады. Тұлғаның коммуникативті мәдениеті қоғамда қабылданған мінез-құлық үлгілерінің, құндылықтарының, нормаларының бірі болып табылады, және оларды іскерлік және эмоционалды қарым-қатынаста табиғи және еркін , ұйымдасқан түрде жүзеге асыру ептілігі. Сонымен бірге коммуникативті мәдениет коммуникацияның ерекше сипатын білдіретін, жалпы мәдениет белгілеріне ие.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аксенова Г.И. Студент как субъект образовательного процесса. - М., Рязань - 1998. - 176 с.
2. Гильбух Ю.З. Психологические предпосылки сотрудничества учителей и учащихся // Сов. педагогика. 1990. - №5. - С.81-87.
3. Нечаева Л.В. Подготовка студентов педагогических институтов к взаимодействию с учащимися: Автореф. дисс. канд. пед. наук. - Харьков, 1991. - 18 с.
4. Землянова Л.М. О парадоксах коммуникативного разнообразия // Вестн. моск. ун-та. - 1998. - Сер.10. - № 4. - С.9-13.
5. Жеребятьева Л.Ф. Подготовка будущих учителей к организации и проведению самостоятельной работы учащихся: Автореф. дисс. канд. пед. наук. - Алма-Ата, 1990. - 25 с

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БЕЛСЕНДЕНДІРУІ – КӘСІБИ РЕФЛЕКСИЯНЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Сагымбаева Б.Б.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
2 курс, 7М01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы*

Ғылыми жетекші: **Муканова К.К.**

Педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

Қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында білім беру субъектілерінің өз бойында қалыптасқан білімдерін тәжірибеде қолдана алу икемділігімен ғана шектелуі мүмкін емес. Олар сонымен бірге күрделі жағдаяттарда дербес шешім қабылдауға, заманауи өзгерістерге тез бейімделе алуға, рефлексиялық ойлауға, талдауға әлеуетті, өзін-өзі ұйымдастыруға қабілетті және өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан мамандар болып даярлануы тиіс. Бұл талаптар олардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамытқанда ғана оң нәтижесін береді.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде тұлғаның дамуы, соның ішінде, педагогтың тұлғалық-кәсіби даму мәселесіне ерекше орын берілген. Психологияда, педагогикада, акмеологияда көбінесе тұлғалық-кәсіби дамуды бірыңғай тұтас қарастырады (А.А.Дергач, Е.А.Климова, Е.Н.Шиянов, А.Р.Фонарев және т.б.). Басқа сөзбен айтқанда, кәсіби даму мәселесін қозғағанда тұлғалық даму туралы да айтылады және де тұлғалық-кәсіби дамуға да баса көңіл бөлінеді.

Ғалымдар тұлғалық-кәсіби даму түсінігінің мәнін әртүрлі анықтайды. Кең тұрғыда алсақ, тұлғалық-кәсіби даму - тұлғаның қалыптасу үдерісі және кәсіби қызмет пен кәсіби өзара байланыстар нәтижесіндегі кәсібилік. Тұлғалық-кәсіби даму үдерісінде тұлға төмендегі прогрессивтік құрылымдық өзгеріске ұшырайды:

- тұлғаның бағыттылығы (қызығушылықтар шеңбері кеңейіп мұқтаждықтар жүйесі өзгереді, жетістіктер уәждері өзектелініп, өзін-өзі іске асыру және өзін-өзі дамыту мұқтаждары өседі;
- тәжірибесі көбейеді және біліктілігі жоғарылайды;
- жеке күрделі қабілеттері дамиды;
- қызмет ерекшелігімен белгіленетін кәсіби маңызды сапалары дамиды;
- тұлғалық іскерлік сапалар дамиды;
- психологиялық даярлық жоғарылайды;
- кәсібиліктің акмеологиялық инварианты дамиды.

Рефлексия - бұл адамның өз іс-әрекеттерін, ішкі жағдайларын, сезімдерін, уайымдарын ұғынуға, осы жағдайларды талдауға және тиісті қорытындыларды тұжырымдауға бағытталған қызметі. Адам өзін түсінуі, өз әрекеттерін бақылау және реттеу, өзінің ішкі әлемін дамыту үшін, ол рефлексияны меңгеруі керек. Рефлексия - өз бағыты бойынша жылжу процесі мен нәтижелерін талдауға ұмтылу және дайындық. Кәсіби-тұлғалық даму «қосыла өсірілу», адам психикасын арттыру тұрғысынан қарастырылады. Өйткені маманның психологиялық жаралуы адам психикасында жаңа сапалардың пайда болуын немесе бұрын-соңды болмағанын, болса да басқа

түрде болғанын, сонымен қатар кәсіби қызмет пен кәсіби қатынастың жаңа түрлерінің пайда болғанын білдіреді[1].

Кәсіби маман болу және кәсібилікті қалыптастыру үдерісі адамның өмірлік әрекетінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Тұлғаның кәсіби дамуы оны адам өмірлік мақсат етіп алғанда ғана белсенді, кәсіппен байланысты мәселелер өмірлік жоспарлар мен мақсаттарға, тұлға болашағының құрылымына айналады. Адамға кәсіби болу әсерінің күштілігі сонша, ол адамның өмірлік салтын түпкілікті өзгертуі мүмкін. Бұл өзгерістер жаңа әдеттердің, көзқарастардың, бағалаулар мен қатынастардың пайда болуынан көрінуі мүмкін. Әдетте кәсіпқойлық кәсіп талап ететін кейбір индивидуалды психологиялық құрылымды бейімдеу нәтижесінде «пайда болады» деп айтуға болады.

Т.В.Кудрявцеваның теориясының шеңберінде кәсіпқойлық тұлғаның кәсіби болудың тұтас үдерісі ретінде қарастырылады. Кәсіби шебер болу кәсіби білім беру орындарында оқу барысында үйреніп алатын қысқа уақытты акт емес. Ол – төрт маңызды сатыдан тұратын ұзақ, серпінді, көп деңгейлі үдеріс. Әрбір сатыға өту алдыңғысымен байланысты және субъектте кризисті жағдайдың пайда болуына әкеліп соғуы мүмкін [2].

Осылайша, көптеген ғалымдар бойынша кәсіби даму – ол адам кәсіп таңдағаннан бастап, оның кәсіби өмірінің барысында жалғасатын және ол кәсіби әрекетін тоқтатқанға дейін жалғасатын жалпылық, үзілмейтін процесс дегенді алға тартады. Бұл үдеріс біріншіден, ішкі шарттар: адамның өмір барысында кәсіптің өзі, оған деген көзқарас өзгеруіне; екіншіден, сыртқы шарттар: адамының кәсіп туралы, ондағы кәсіби шеберлік, сондай-ақ өзіндегі шеберлік қасиетті бағалауға деген талаптарының өзгеруі болып табылады.

Бірқатар ғалымдардың пікірінше, кәсіби шебер адам деп - кәсіби қызметтің нормаларын, қатынастарын терең меңгерген және оны кәсіби шеберліктерді сақтай отырып жоғары дәрежеде жүзеге асыра алатын тұлғаны атауға болады.

Э.Ф.Зердің пікірінше, көп жылдар бойы бір кәсіби әрекетпен айналысу кәсіби шаршау, әрекетті орындау тәсілдерінің кедейленуіне, кәсіби біліктіктің төмендеуіне, жұмысқа қабілеттіліктің әлсіреуіне әкеліп соғуы мүмкін. Кәсіби деструкция – бұл әрекеттің және тұлғаның құрылымында қалыптасқан, сондайақ тұлғаның өзінің дамуында ақырындап жиналған өзгерістер, еңбек ету мен сол үдеріске қатысатын басқа қатысушылармен болған арақатынастағы жағымсыз әсерлер [3].

Алайда, тұлғаның жетілуі мезгілімен пайда болатын ішкі және сыртқы, аумалы кезеңдер барысында кәсіби векторының өзгерісіне ұшырайды. Кез келген даму үдерісі сияқты, адамның кәсіби қалыптасуында жетілуі мен психикалық жаңашылдықтарды иеленуімен қатар тұлғаның деструктивтік өзгерістеріне әкелетін ауытқушылықтар болады. Бұл қазіргі таңда қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, ақпараттық технологиялардың жедел қарқынмен дамуы оқытушының тұлғасына жаңа талаптар қоюмен байланысты. Ол ең алдымен әлеуметтік түсініксіз жағдайлардағы саяси және кәсіби мәселелерді шешу барысында өз бетінше шешім қабылдау, өз мамандығының субъектісі болу, тұлға аралық қарым-қатынасты тиімді ететін кәсіби сапаларды меңгеруді талап етуде.

К.Роджерс бойынша, өзін-өзі белсендіру деңгейі жоғары оқытушылар сыныпта эмоционалды орта құра отырып, аталған қасиетті оқушылар бойына қалыптастырып және ең бастысы кәсіби іс-әрекеттеріне қанағаттанатындығын дәйектейді.

Осы уақытқа дейін зерттеушілердің назарында тұлғаның маңызды кәсіби сапаларын қалыптастыру үдерісі мен тұлғаның әлеуетті ерекшеліктерін белсендірудің кейбір аспектілері ғана қарастырылған (В.А.Кан-Калик, В.А.Сластенин, Л.М.Митина, А.К.Маркова т.б.) және оқыту-тәрбиелеу барысында өзін-өзі белсендіру үдерісін ендірудің кейбір әрекеттері мен талпыныстары ғана жасалған. Қазақстанда М.Ш Сагаутдинованың (1999ж.) зерттеулерінде өзін-өзі белсендіру мәселесі ішінара айтылған [4]. Зерттеуші «өзін-өзі белсендіру - болашақ мұғалімнің тұлғалық ядросына қажетті негізгі сапа» деген қорытынды жасады.

Ал ЖОО-дағы оқытушылардың кәсіби іс-әрекетіндегі өзін-өзі белсендіру мәселесіне қатысты өзін-өзі белсендіруді құраушы өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі реттеусекілді құрамдары ғана қарастырылған зерттеулер бар.

И.С. Кон өзін -өзі белсендіруді «Мен» қатынас жүйесінде қарастыра отырып, оның үш негізгі құраушыларын бөледі : «Мен-теңдестіру»– өзіндік; «Мен-Эго» – субъективтілік; «Бейне-Мен»–өзі туралы ойы . Өзіндік сананың түрлі қатынасына қарай тұлға дамиды: «Мен – Мен емес», «Мен–Өзге», «Мен–Біз», «Мен»–« Идеалды Мен» қарама-қайшылығын жоятын іс-әрекет өзін-өзі белсендіруді айқындайды [167, 696].

Бұл пікірді К.Роджерс та ұстанды. Біз де И.П.Андриади, Е.В.Ильина, К.Роджерс пікірлерімен келісе отырып, тұлға «Идеалды Мен»– «Шынайы Мен» арасындағы қарама-қайшылықты шешу арқылы өзін-өзі белсендіреді деген түсінікті қолдаймыз.

Өзін-өзі белсендірудің басқа тұлғалық қасиеттермен байланысы туралы ойпікірлер бірқатар зерттеулерде айтылған. Шетелдік зерттеулерде POI шкаласы мен автономия бойынша өзіне-өзі есеп беру (M.Grossacketal), шығармашылық қабілеттер (J.Braun, P.Asta), эмоционалды бейімделумен (A.Mattocks C.Jew) оң байланыста және жағымсыз қасиеттер – депрессия мен ипсихондрия (E.Shostrom, R.Knapp) невротикалықпен (R.Knapp) теріс байланыста екендігі анықталған. Ал Ресейде өзін -өзі белсендіру өзіне сенімділік пен өзін жоғары бағалау мен оң және жағымсыз– депрессия, психоастения, әлеуметтік интроверсия, эмоционалды стресспен теріс байланыста екенін растайтынын практикалық-зерттеу жұмыстарында көрсетілген.

Өзін-өзі белсендіру параметрлері мен Р.Кеттел бойынша, тұлғалық факторлармен байланысы туралы да мәліметтер кездеседі. Л.Я.Гозманның зерттеулерінде мейірімділік пен босансу, экспрессивтілік, қайсарлық, күш, өзіне сенімділігі арасында байланыстар анықталған [5].

Өзін-өзі белсендіру адамның субъективті ішкі әлемімен тығыз байланысты. Л.А.Коростылева өзін-өзі белсендіру – үнемі жетілу, яғни өзін, өзінің шынайы табиғатын сыртқа көрсету деп, түсіндіреді. Өзін-өзі белсендіру үдерісі «Мен не үшін?», «Менің мәнім неде?», «Осы мәнімді жүзеге асыру үшін мен не істеуім керек?» деген сұрақтарға жауап іздеуден тұрады.

Өзін-өзі белсендіру екі деңгейде қарастырылады: тұлғаишілік деңгейде – субъектінің өзін-өзі жүзеге асыруы, өзін-өзі танытуға ұмтылысы, туғаннан берілетін әлеует; іс-әрекеттік деңгейде – тұлғаның өзіндік әлеуетті мүмкіндіктерін жүзеге асыруы.

Өзін-өзі белсендіру – адамның түрлі іс-әрекеттері мен мінез-құлығында өзінің әлеуетті мүмкіндіктерін жүзеге асыра алу үдерісі. Ол тұлғаның өзін-өзі белсендіруге ұмтылуы, қабілеттері мен нышандарын дамытуы және игерген білім, білік, дағдыларын қолдануы үдерістерінен тұрады. Өзін-өзі белсендіру адамның өмірінде өзі қалайтын адам болуына мүмкіндік береді. Ол өзінің құндылықтарын, адамгершілік қасиеттерін дамытып кемшіліктерін жоюына, өзінің наным-сенімдерімен үйлесімді өмір сүруіне белсендіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Карпов А.В. Рефлексивность как психическое свойство и методика ее диагностики // Психологический журнал. 2003. Том 24. № 5. С. 45–57.
2. Семенов И.Н. Развитие проблематики рефлексии и ее изучение на факультете психологии Высшей школы экономики // Психология. Журнал Высшей школы экономики. 2007. Т. 4. № 3. С. 108–126.
3. Зеер Э.Ф. Психология профессионального развития. М.: Академия, 2006. С.110
4. Аникина В.Г., Коваль Н.А., Семенов И.Н. Исследование экзистенциальной рефлексии в проблемноконфликтных ситуациях. Тамбов: Издво ТГУ, 2002.
5. Лефевр В.А. Рефлексия. М.: Когито Центр, 2003.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ КӘСІБИ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Сапарбаева А.Б.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
2 курс, 7М01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы*

Ғылыми жетекші: Султанова Н.К.

*Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы*

Психологиялық тұрақтылық бұл дағдарысқа психикалық немесе эмоционалды төтеп беру немесе дағдарысқа дейінгі жағдайға тез оралу мүмкіндігі. Төзімділік адам «жеке активтерді алға жылжытуда және өзін стресс факторларының ықтимал теріс әсерінен қорғауда психикалық процестер мен мінез-құлықты» қолданған кезде болады. Қарапайым тілмен айтқанда психологиялық төзімділік дағдарыс немесе хаос кезінде тыныштықты сақтауға және

оқиғадан ұзақ мерзімді жағымсыз салдарсыз өтуге мүмкіндік беретін психологиялық және мінез-құлық мүмкіндіктерін дамытатын адамдарда болады.

Психологиядағы психологиялық тұрақтылық[1]-қазіргі заманғы зерттеулердің өзекті тақырыбы. Бұл сыртқы факторлардың теріс әсеріне төзімділік ересек адам үшін де, бала үшін де психологиялық денсаулықтың кепілі болып табылады. Әр адамның өмірінде жанжалдар, оқудағы проблемалар, жұмыстағы дағдарыс кезеңдері, қаржылық қиындықтар болады. Психологиялық тұрақтылық адамға ақыл-ой ойлау қабілетін сақтауға және қиын жағдайлардан шығуға көмектеседі.

Психологиялық тұрақтылық-ауыр жүктемелерге төтеп беру және шаршауды жеңу, өзіне деген сенімділікті сақтау мүмкіндігі. Бұл мінез-құлық адамға жаңа жағдайларға тез бейімделуді, жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізуді, академиялық қарыздарды уақтылы жоюды, мансаптық өсуді қамтамасыз етеді. Психологияда бұл стреске қарсы тұрудың синонимі. Психологиялық тұрақтылықты анықтау адамның тұрақсыздық жағдайында жұмыс қабілеттілігінің оңтайлы деңгейін сақтау қабілетіне негізделген. Нейропсихикалық тұрақтылық адам ағзасының әртүрлі вирустарға қарсы тұру деңгейін анықтайды[2].

Тұлғаның психологиялық тұрақтылығының компоненттері:

- оптимистік көзқарас;
- адамның өзіне деген сенімділігі;
- табандылық пен мақсаттылық;
- бейімделу қабілеті;

Психикалық тұрақтылықты қалыптастырудың негізгі факторлары:

Жүйке жүйесінің түрі. Жүйке жүйесінің әлсіз түрі бар адамдар қиындықтарға төтеп беру қиын. Олардың стреске төзімділік деңгейі жүйке жүйесінің күшті түрі бар адамдарда әрқашан осы сапаның ауырлық деңгейінен төмен болады.

Тәрбие шарттары. Ата-ана мен бала қарым-қатынасының стилі жеке тұлғаның барлық әлеуметтік қасиеттерін анықтайды. Сонымен, тәрбиенің демократиялық түрімен балалардағы стреске төзімділік авторитарлық тәрбие түріне қарағанда жоғары.

Өзіндік молшылыққа және тәуелсіздік. Егер адам барлық нәрсеге тек өзіне және күшіне сенуге дағдыланған болса, онда қиын жағдайда ол жағдайды талдап, оны шешудің жолдарын іздейді.

Өмірлік тәжірибе. Өз іс-әрекеттерін талдай алатын, қателіктерін мойындайтын адамдарда психологиялық тұрақтылық жоғары болады.

Ұжымда ынтымақтаса және өмір сүре білу. Адамдармен өзара әрекеттесу және тиімді қарым – қатынас құру мүмкіндігі кез-келген күрделі мәселені сәтті шешудің кілті болып табылады.

Оң өзін қабылдауының болмауы ішкі тұлғааралық қақтығыстар. Өзін-өзі қабылдау адамға өзін-өзі дамытуға жол ашады. Өз қателіктерін мойындау-өмірдегі қиындықтарға төзімділікті қалыптастырудың алғашқы қадамы.

Оптимистік көңіл-күй. Әркім ойдың маңызды екенін есте ұстауы керек. Біз өзімізге ойлағанымызды тартамыз.

Өмірдің мәні және өзін-өзі көрсетуге деген ұмтылыс. Өмірлік мақсаты бар адамдар өмірлік қиындықтарды оңай жеңе алады. Шығармашылық арқылы олар жан тыныштығын сақтай отырып, жағымсыз тәжірибелерден алшақтайды.

Діни сенімдер. Сенім адамға кез-келген өмірлік сынаққа төтеп беруге көмектеседі[3].

Психологиялық тұрақтылық-стреске төзімділікті, оптимизмді, шыдамдылықты, тыныштықты біріктіретін термин. Бұл көп қырлы қасиет адам қызметінің кез-келген саласында бағаланады. Жеке тұлғаның адамға өзімен және әлеммен үйлесімділік табуға, өз жұмысынан қанағат алуға, достықты бағалауға, балаларды тәрбиелеу үшін отбасында оңтайлы жағдай жасауға көмектеседі.

Болашақ маманның психологиялық тұрақтылығы кәсіби өзін-өзі сезінуінің қалыптасуында кәсіби өзін-өзі анықтаудың сыртқы жағдайлары объективті жағдайды көрсетеді. Тұлғаның өзін – өзі анықтауының мамандықтағы белгілі бір әлеуметтік – экономикалық жағдайларын белгілейді. Бұл жағдайлардың бірегейлігі қоғамның және жеке тұлғаның ой-өрісінде төрт негізгі формасы көрсетілген: қоғамдағы берілген мамандықтың иегерлерінің шын иеленген орындарының негізінде жастарға оның тартымдылығы мамандардың беделін көрсетеді. Бірақ, бедел жағдайдың субъективті көрсеткіші болып табылады[4].

Қоғамдық сана-сезімдегі объективті жағдайлардың көрінуі (мамандықтың деңгейлік шкаласы және оның қол жетімділігі), бір жағынан, белгілі әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, басқа жағынан әлеуметтік институттар мен топтардың қарым-қатынастарының әсерінің сапасын анықтайды. (отбасы, құрдастар, мектеп, жоғары оқу орны, кәсіптік ұжым т.б.) жеке тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтаудың үрдісіне ықпалы. Тұлғаның бастапқы әлеуметтанушылығы отбасында қалыптасады, сондықтан отбасы – адамның бастапқы және қажетті институт, адамның өзін-өзі анықтауына әсер етуші, бұл әсер кәсіби өзін-өзі анықтауының әртүрлі кезеңдерінде алар орны бар.

Кәсіби өзін-өзі анықтаудың ішкі (психологиялық) жағдайларын зерттей келе, өзін тану үрдісі әлеуметтік-кәсіби ортада және қызметте жеке тұлғалық детерминантқа әсер етеді деп болжайды. Өзін-өзі іздеу деген не? Біріншіден іздеу жақындатып айтқанда, өзін-өзі «табу» қызметі деп қарастырылған. Бұндай көзқарас кәсіби өзін-өзі анықтауды талдаудағы қозғаушы күшті қосу, тұлғаның белсенділік бастауы немесе, басқаша айтқанда, қажеттілігі, мотиві, мақсаттары, сыртқы әлемде адамның шынайы іс-әрекеттері.

Сонымен, өзін-өзі анықтау – ол жай ғана шешім қабылдау актісі емес, немесе өзін-өзі тануы деуге болады. «кәсіби өзін-өзі анықтау... – ... еңбек субъектісі ретінде, оның даму кезеңдеріне тәуелді мазмұнын қабылдайтын адамның қызметі», ал «мазмұны – бұл, қалаған болашағының образдары... өзін-өзі сезінудің ерекшеліктері... адамдар арасындағы іскерлік жүйесіндегі өз орны». Сондықтан, өзін-өзі анықтауды өзінің ішкі механизмі бар даму үрдісі ретінде ғана қарау емес (бірегейлігі, тұлғалық немесе өзін-өзі сезінуі), тұлғалық қызметінің ерекше түрі ретінде қараған жөн.

Д.А.Леонтьев жұмыстарында қызметтің мәні мен мағынасы «қызмет және іс-қимылы физикалық түрінде (тұтастай және бір бөлігі ретінде) бөлінеді, ал теориялық қызметтің ниеті арқылы және адамның мақсаттарына жетуі» көрсетілген. Бұл тәсіл мағыналы деп аталады. Мағыналы талдау қызметі пәндік емес (технологиялық) әсер ететін, ал тұлғалық ортасы, әлемге өзінің мағыналы қарым-қатынасын, қызметі және іс-шаралары жүзеге асырылуда[5].

Мамандық жеке өзін-өзі анықтау және өзін-өзі жүзеге асыру қызметі әлеуметтік қызметінің маңызды бағыты болып табылады және ол кешенді жүйесін көтермелеуі және реттелеуі. Үнталандыру мен мотив санаттарын ажырата білуіміз тиіс. Мотив мотивациялық жұмысының кешенді процесінің құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Субъектінің белсенділігін жігерлендіретін мотивация жүйесі, әр түрлі компоненттерінің өзара іс-қимылын қамтиды: қажеттіліктерін, мүдделерін, құндылықтарын, идеалдарын және т.б. мотивациялық үрдістер нәтижесінде қалыптастырады, мысалы, кәсіби қызметтің белгілі бір түріне баса назар аударылуы.

Кәсіпті таңдау төмендегілермен анықталады:

- тұлғаның өмірлік бағалылық жүйесі арқылы (өмірлік мақсат пен тұлғалық маңызды ойлар);
- тұлғаның өмірлік мақсаттарының иерархиясындағы кәсіби қызметтің маңызы, алар орны;
- кәсіби бағалылықтар (осы қызмет барысында адам өзі қол жеткізгісі келетін мақсаттар мен жетістіктер).

Н.А.Цветкова көрсеткендей мамандық, мамандықтағы жетістіктер, өзгерістер, мамандық сферасында өз потенциалдарын жүзеге асыру тұлға үшін өте маңызды құндылықтар болып табылады және екі түрлі нұсқада қарастырылады: материалды және постматериалды. Материалды құндылық нұсқасы аты айтып тұрғандай жоғары жалақыға, жоғары жағдайға бағытталған. Ал постматериалды нұсқа үшін басқа кәсіби құндылықтар тән: мамандықта өзін-өзі жүзеге асыру, кәсіби қызметтегі инициатива және жауапкершілік.

Кәсіби білім алуға қажеттіліктердің жүзеге асырылуы студент қажет білімді алу барысында жүзеге асады, ал нақты ЖОО-да әлеуметтік-экономикалық жағдайды ескереді. Кәсіби анықталу кезіндегі болашақ мамандықты таңдау сәйкес мотивтерге және таңдауларға сүйенеді: а) оқу орыны деңгейін таңдау-жоғары білім алу мотивтері қарастырылады (әлеуметтік статус, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу); б) мамандықты таңдау- профессионалды таңдау мотивтері (ішкі мотивация- профессионалды қызметтің мазмұнымен байланысты, сыртқы мотивация- қызметтің өз мазмұнымен байланыссыз, бірақ таңдап отырған профессияның атрибуттарымен тікелей байланысты; в) нақты ЖОО таңдау- нақты ЖОО түсу мотиві (екі түрге жіктеуге болады: ішкі және сыртқы- ЖОО-н сыртқы, формальды сипаттамасымен байланысты, мысалы: қабылдау шарттары, ЖОО беделі) [6].

Жоғарыда аталып өткен кәсіби анықталудың қызмет компоненттері білім алу мотивацияларының әртүрлі нұсқаларын сипаттауға мүмкіндік береді және осы жұмыстың әрекеттік жоспарын белгілейді, бірақ кәсіби анықталудың операциялды құрылымын толық

түрде ашпайды. Басқа сөзбен айтқанда, кәсіби анықталудың психологиялық механизмдері тек зерттеушілердің ғана назарында қалып қояды. Сонымен қатар, кәсіби анықталу актуалды жағдайға сүйеніп ғана қоймай, адамның өмірлік тәжірибесімен қатар жүреді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Аболин Л. М. Психологические механизмы эмоциональной устойчивости человека / Л. М. Аболин. – Казань : Изд-во Казанского университета, 1987. – 261 с.
- 2 Большой толковый психологический словарь / Артур Ребер ; пер. с англ. – Москва, 2003. – 592 с.
- 3 Виткин Дж. Мужчина и стресс / Дж. Виткин. – СанктПетербург, 1996. – 224 с.
- 4 Годфруа Ж. Что такое психология : в 2 т. Т. I. / Ж. Годфруа. – Москва, 1992. – 496 с.
- 5 Зейгарник Б. В. Теории личности в зарубежной психологии / Б. В. Зейгарник. – Москва, 1982. – 129 с.
- 6 Куликов Л. В. Психогигиена личности: Вопросы психологической устойчивости и психопрофилактики : учеб.пособие / Л. В. Куликов. – Санкт-Петербург, 2004. – 464 с.

ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЭМОЦИОНАЛДЫ ҚАЖУ

Сансызбаева Ж.Т.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, Семей қаласы
2 курс, «Педагогика және психология» мамандығы, МПП-221 тобы.*

Ғылыми жетекші: Муканова Қ.К., Дакина Г.Т.

Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, Семей қаласы

Кәсіби қызмет, еңбек субъектісінің күйімен эмоциясына ықпал етіп, адамның қызметі мен мүмкіндіктерін бағалауына өзгерістер туғызады (В.А.Бодров, Л.Г.Дикая, А.Б.Леонова, В.И.Медведев). Осы жағдайларда дамыған эмоционалды қажу педагог тұлғасы деформациясының кәсіби қызметтегі негізгі факторы болып табылады (Н.А.Аминов, Е.П.Ильин)

Зерттеу тақырыбына байланысты түрлі терминдер қолданылды «эмоционалды қажу» (Т.В.Форманюк Е.В.Юдин) «эмоционалды қажу» (В.В.Бойко, М.В.Агапова т.б), «шамадан тыс қажу» (Г.А.Зарипова), «психикалық қажу» түсінігі (Н.Е.Водопьянова, А.Б.Серебрякова) т.б. «Қажу» феноменін психологиялық қоғаныс механизмі ретінде (В.В.Бойко, Д.Г.Грунов) қолданылды [1]. Қазіргі кезеңде Ресей психологиясында «эмоционалды қажу» түсінігінің басқа интерпретациясы кеңінен таралған. Ол эмоцияның толық не жартылай сыртқа шығуының психологиялық қорғаныс механизмі ретінде түсіндіріледі (В.В.Бойко, Н.Е.Водопьянова). А.Я.Зогорюев эмоционалды қажуда сол немесе бірлескен әрекетті жүзеге асыруда адамның эмоционалды күйінің нашарлау динамикасының ерекшеліктеріне басты назар аударады. Н.Е.Водопьянова, Ю.И.Виданова кәсіби қажуды тұлғалық деструкция ретінде қарастырады.

Н.В.Самаукина кәсіби қажуды жұмыс істеуші адамның тұлғалық ресурстарымен эмоционалды – тұлғалық ашығу және стресс фонында дамушы синдром ретінде анықтайды

Эмоционалды қажу синдромы – бұл адамдармен жұмыс істейтіндердің аса жағымсыз эмоционалды күйі: мұғалімдер, әлеуметтік қызметкерлер, психологтар, дәрігер, журналистер, т.б. Эмоционалды қажуды кәсіби деформацияны құраушы психологиялық қорғаныс стресс күйі ретінде қарастырылады. Эмоционалды қажу синдромы құрылымын талдауда оның көрінуінің көптірлілігін ғалымдар көрсетеді.

Физикалық белгілеріне (үнемі шаршау сезімі, жалпы әлсіздік, белсенділікпен энергияның төмендеуі, ұйқышылдық, т.б) және психосоматикалық мәселелеріне (себепсіз бас ауру, асқазан бұзылуы, тәбеттің жоғалуы, ұйқысыздық, сенсорлық сезімталдықтың төмендеуі, көрудің бұзылуы, т.б). Психологиялық симптомдарына тұлғаның мотивациялық, эмоционалды, интеллектуалды сфералары жатады.

В.А.Бодров көзқарасы бойынша мотивациялық сферасына еңбек затына жағымсыз қатынастар байқалады; орындалып жатқан әрекетке жағымсыз көңіл-күй, іш пысуы, т.б.

Әлеуметтік немесе мінез-құлықтық симптомдарды Ю.А.Юдчин, О.Н.Кириченко, Н.Е.Водопьянова т.б көрсетеді. Олардың ішінде демалысқа қызығушылықтың төмендеуі қарым – қатынас жұмысқа қызығушылық, кәсіби орта шеңберін шектеу, басқаны түсінбеуге әлеуметтік белсенділік төмендігі анық көрінеді [2].

Кеңестік психологияда ең алғаш рет эмоционалды қажуға байланысты тұжырымдарды Б.Г.Ананьев еңбектерінен табуға болады, яғни «адам –адам» типі мамандақтары адамдарында туындайтын жағымсыз құбылыстарды белгілеу үшін «эмоционалды қажу» түсінігін қолданған. Е.П.Ильин эмоционалды қажуды тұлға күйі ретінде анықтайды. Эмоционалды қажуды зерттеушілер көбінесе тұлғалық, рольдік, ұйымдастырушылық факторларға ерекше көңіл бөлді. Бүгінгі күні эмоционалды қажу синдромының шығуының себептері туралы нақты көзқарас жоқ. Осы күйге әкелетін факторлардың әлеуметтік, жеке және жұмыс сипатына байланысты, тұлғалық, рөлдік, ұйымдастырушылық. Осыған байланысты эмоционалды қажудың дамуын арттыратын қызметкерге тәуелді болмайтын факторлар бар:

- Кәсіби қызмет спецификасына (монотондылық, жұмыстың эмоционалды және коммуникативтілігі, клиенттер континентінің психологиялық қиындығы, кәсіби құзіреттіліктің жеткіліксіздігі (В.Е.Ковальчук).

Ұжымның ұйымдастырушылық ерекшеліктері басшы басқаруының тиімсіздігі, ұжымдағы жағымсыз психологиялық климат, жетістікті бағалау адекваттылығының жоқтығы (моральдық және материалдық). Дегенмен, бірдей қызмет жағдайында педагогтардың кәсіби қажуға тез түсуі тән, ал екіншілерінде бұл күй кәсіби қызметке еш ықпалы жоқ, ал үшіншілерінді мүлдем көрінбейді. Бұдан педагогтардың тұлғалық ерекшеліктерінің басты рөл атқаратындығы көрінеді. Бірқатар зерттеулер эмоционалды сфера көрінуінде жеке психологиялық айырмашылықтарды адамның эмоционалды қасиеті, тұлғалық ерекшеліктің тұрақтылығы ретінде көрсетеді. Бұл жиынтық эмоционалды тұлғалық деп аталады. Эмоционалдықтың негізгі көріністерін эмоционалды қозу деп эмоционалды реактивтілік (Я.Стреляу), нейротизм (Г.Айзенк) көрсетті. М.В.Борисова тұлғаның эмоционалды ерекшеліктері – эмоцияны реттеу, эмоционалды реактивтілік, эмоционалды қобалжу табалдырығы – тұлғаның эмоционалды тұрақтылығы дегенді білдіреді [3].

Эмоционалды қажудың алдын алудың әр қилы стратегиялары бар. Біріншісі - эмоцияларды білдіру ептілігі. Екіншісі- жағдайды қайта бағалау, оқиғаның басқа суретін құрастыру және жағымсыз жағдайдың өзінен өзіңіз үшін көптеген пайдалы нәрсені таба білу. Үшінші жол-қайта бағалауға келмейтін жағдайды өзгертуге мүмкіндік беретін мақсатты бағытталған әрекеттер.

Жағдай ықтималды қауіпті, күрделі немесе жаңа ретінде қабылдануын доғарғанда, стресс тиылады. Мұнда білуге тиіс жайт, негативтік (теріс) жай-күй тек біздің теріс ойларымызбен ұсталып тұрылады. Нақ солар барлық бәленің көзі болып табылады. Өз ойларыңызбен жұмыс істеуді үйреніп, сіз өз эмоционалды жай-күйіңізді реттеуді үйренесіз.

Жоғары мектептегі педагогтардың кәсіби іс әрекетіндегі эмоционалды қажудың көріну ерекшеліктерін анықтап, коррекциялаудың құрылымдық-мазмұндық моделін құрастыруда В.В.Краевскийдің зерттеуіне сүйендік.

Модель – бұл ақиқаттың бейнесіне жақындау (мидың еркінше құрылуы емес), яғни ойдағы эксперимент, оның заңдары бойынша табиғаттың өзінде болатын нақты процесті көрсетеді. Осы орайда жоғары білім беру жүйесінде педагогтардың кәсіби қажуының көрінуін анықтауда үш компонентін бөліп алдық: мотивациялық, мазмұндық-когнитивті, іс-әрекеттік процессуалды.

Модельдеу әдісінің құндылығы оның негізінде зерттеулер неғұрлым нәтижелі бола түседі, ал модельдердің көмегімен сол модельді пайдаланушылардың психологиялық, педагогикалық білімге көзқарасы неғұрлым тиімді бола түседі. Модельдер негізгі ұғымдармен гипотезалар құрылатын негіздерге тексеру жасауға мүмкіндік береді. Модельдер арқылы алынған мәліметтер оқу-тәрбие процесінің теориялық негіздерін құру үшін маңызды мағынаға ие болады [4].

Ғылыми еңбектерге жасалған талдаулар негізінде педагогтық қызметтің ауыр стрессогендік мамандыққа жататындығын анықтадық. Кәсіби деформация туралы мәліметтер беріліп, зерттеу нәтижесі бойынша бұл стресстік жағдай мұғалімнің психика жағынан денсаулығына, сонымен қатар педагогтың өзіндік тұлғалық беделіне жағымсыз жақтарын тигізетіндігі дәлелденді.

Зерттеу нәтижесі бойынша жоғарғы оқу орнының педагогтарының эмоционалды қажу синдромына бейімділігі теориялық тұрғыда анықталды. Бұл жағдайдың сыртқы және ішкі факторларға байланыстылығына толық сипаттама берілді. Педагогтардың кәсіби іс әрекетіне эмоционалды қажудың жағымсыз ықпалын анықтау, тұлғаның кейбір дамудағы қиындықтарын ұғынуы басқа психологиялық ерекшеліктерінің себептерімен де байланыстылығы анықталды. Зерттеудің негізгі әдістерін іріктеу, талдау, өлшемдерін өңдеу эмоционалды қажудың жағымсыз әсерінің ықпал ету деңгейінде анықталды.

В.В.Бойконың «Тұлғаның эмоционалды қажуы диагностикасы» әдістемесінің нәтижесі бойынша зерттелуші педагогтардың тең жартысы эмоционалды қажуға ұшыраған. Әсіресе «Қажу», «Қысым», «Резистенция» фазалары педагогтардың басым бөлігінде айқын байқалды.

Г.Айзенктің тест-сауалнамасы жүргізілді.Мақсаты. экстроверсия, интроверсия және нейротизмге арналған. Аталған тест бізге сыналушы респонденттердің эмоционалды тұрақтылық, тұлға бағыттылығы сияқты психоконституционалды ерекшеліктерін бағалауға мүмкіндік берді. Алынған мәліметтер бойынша жеке сынақтамалар және топ бойынша қорытынды жасалды.

Соныменен, констатациялық эксперимент бойынша эмпирикалық мәліметтерге сүйеніп, жоғары оқу орнында педагогтарда байқалған жоғары эмоционалды қажу синдромы олардың кәсіби қызметінің табыстылығына және өзін - өзі жүзеге асыруға жағымсыз ықпал ететіндігін анықтадық. Эмоционалды қажу синдромы педагогтардың жұмыс стажына ғана емес, олардың тұлғалық ерекшеліктеріне тікелей тәуелділігі анықталды.

Әдебиеттер

1. Аминов Н.А. Психофизиологические и психологические предпосылки педагогических способностей // Вопросы психологии. 1988. № 5. С.71-78.
2. Бойко В.В. Синдром «эмоционального выгорания» в профессиональном общении [Текст] / В.В. Бойко. СПб., 1999.
3. Форманюк Т.В. Синдром «эмоционального сгорания» учителя // Вопросы психологии. 1994. № 6. С. 54-67.
4. Рогинская Т.И. Синдром выгорания в социальных профессиях // Психологический журнал. 2002. № 3.
5. Митина Л.М. Психология профессионального развития М.: Изд-во «Флинта», 1998.
6. Орел В.Е. Синдром психического выгорания личности М.: Изд-во «Институт психологии РАН», 2005.
7. Макаров В.В. Формирование эмоциональной регуляции поведения учителя // Вопросы психологии. 1987. № 1.
8. Водопьянова Н.Е. Синдром психического выгорания в коммуникативных профессиях. Под ред. Г.С. Никифорова. СПб.: Изд-во СПб ГУ, 2010.

ОТБАСЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ ЖӘНЕ ҮЙЛЕСІМДІЛІК

САЛЫКОВ М.Т

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
2 курс, 7М01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы*

Ғылыми жетекші: Султанова Н.К.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына сәйкес 27 бапта былай көрсетілген. “Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады”. Бұл қай қоғамда болмасын отбасы және неке мемлекет назарында болатынын дәлелдейді. Отбасы әлеуметтік институттардың бірі ретінде тұлғаны ең басты әлеуметтендіру ортасы болып табылады.

Отбасы – адам баласы алғаш қатынасқа түсетін адамгершілік құндылықтар мен мінез-құлық нормасы жүйесін сіндіретін, сондай-ақ өмір жолында кездесетін мағұлмат мәні мен қоршаған орта туралы мағұлмат беретін алғашқы да негізгі қоғамдық орта. Отбасы балаларға бұрынғы мәдени мұраны тапсыруға лайықты қоғам өкілі, бастауыш ұйым ретінде әсер етеді.

Отбасы – кіші әлеуметтік топ, ал оның мүшелері некемен немесе қаны бір туыстығымен, тұрмыстың ортақтығымен және өзара адамгершілік жауапкершілікпен байланысты. Сонымен қатар, отбасы – қоғамның бастапқы ұясы, қоғамның әлеуметтік құрылымының негізі болып табылады.

Отбасындағы психологиялық ахуал – бұл ерлі-зайыптылардың жағдай, көңіл-күй қатынастарының жиынтығы. Нақтылы психологиялық ахуал өте көп, бірақ солардың бәрін жайлы, жайсыз деп екі топқа бөлуге болады.

Жанұя жас ұрпақты тәрбиелеу мен адамдардың жеке басы бақытын қамтамасыз ету сияқты маңызды әлеуметтік міндет атқарады, сол себепті де өзара адамгершілік жауапкершілік пен әсерлі өзара көмекті талап ететін ұжым болып саналады. Жанұядағы психологиялық жағдай басқаша, өйткені адамдар өз өмірінің көп уақытын отбасында өткізетіндіктен, бір-бірімен ең нәзік сезім мен қатынас негізінде байланыс жасайтындықтан, мәселе әлдеқайда күрделі. Психологиялық жағдайдың жақсы болуы адамдар қауымының жанұядан басқа да ешқайсысына дәл мынадай маңызға ие болмайды және бұл жағдай жанұя бақытының негізіне кіреді.

Отбасының психологиялық ахуалына жұбайлардың жалпы адамдарға және сонымен қоса, жанұя мүшелеріне, бір-біріне деген қатынастары да әсер етеді. Л.Н. Толстой: "... ызалану, жатсыну әдеттері ұшқындамау үшін екеуің де басқасынан гөрі өзара қатынасқа көбірек сақ, абай болындар. Бір жан мен бір тән болып астасып кету оңай іс емес. Тырысу керек. Алайда тырыссаң, оған алар сыйың да зор. Білетін басты бір тәсіл : жұбайлық сүйіспеншілік себебінен адамды адамша сүйіп, бағалауды бір минутта ұмытып, жоғалтып алмауыңның қажеттілігі. Ерлі-зайыпты ретінде қатынас жасай отырып, осының негізінде басқаға да, жақын адамыңа да қатынас жасау ең басты мәселе деп қарау орынды болмақ..." деп тегіннен-тегін айтпаған ғой.

Отбасының сәттілігі оның мүшелерінің бір-біріне деген ізгі тілектестігі, қиын мәселеде жауапкершілікті өзіне алуға тырысуы, жұбайына қарағанда өзінен көбірек сын көзбен қарай білушілік сияқты қасиеттермен де анықталады. Әлеуметтік психологтар сәтті және сәтсіз отбасындағы адамдардың өзіне және жұбайына деген қатынастардың ерекшелігін зерттеген. Олардың алған қызықты дерегі бойынша некелеріне риза жұбайларда сыңарларына қарағанда өзіне сын көзбен қарауы басым болып шыққан. Некелеріне риза емес жұбайлардың (сәтсіз отбасылар) еріне (әйеліне) сын көзбен қарауы өздеріне сын көзбен қараудан асып кеткен. Бұл жайтты, сірә, адам біреуді сүйсе, сүйіктісіне ілтипатпен қарайды, оның кемшілігіне төзімділікпен қарайды, қажет болса, көмекке дәйім даяр тұрады.

Сәтті отбасының психологиялық ахуалы жұбайлардың мүдде ортақтығымен сипатталады. Ері мен әйелінің әуестігі мен қызығуы бірдей болып келуі тіптен міндетті емес, ең маңыздысы екеуінің де осы мүдделерімен санасып, соларға көңіл қоя білуінде болмақ және тегінде мұғалімнің баса айтуға тиісті негізгі мәселесі шын мағынасында бақытты деп жұбайлар үлкен қоғамдық мәселелер және тілектермен өмір сүретін отбасыны айтуға болады деген ой болуы қажет. Эгоистік, тоғышарлық талпыныстар адамдарға бақыт әкелмейді, жеке адамның қоғамнан тыс бақытының болуы мүмкін емес. Бақыт деген бұл өзінің рухани және дене күштерінің қоғамдық өмірде толық қолданылуын әрқашан сезіну. Орыстың тамаша суретшісі И.Н. Крамской: "Адамның бүкіл тіршілігі оның жеке басының бақытымен ғана толықпайды немесе дұрысырақ айтсақ, адамдардың жеке басының бақыты оны ортақ мүдделер күштірек және тереңірек тартып және ол осы қажеттіліктеріне деген қарсылықты өзінің жақын адамынан өте аз кездестірген жағдайда жоғарырақ әрі тәуір болады" деп әділ атап өтті.

Жанұядағы адамгершілікке негізделген қолайлы психологиялық жағдай жұбайлар мен отбасының басқа мүшелерінің өз-өздеріне сену, адамдарға сеніммен қарау, шат көңілділік, жан тыныштығы сияқты сапалар мен сезімдердің қалыптасуына әсер етіп, еңбек пен оқу әрекетінің нәтижелі болуына көмектеседі.

Психологиялық ахуал адамдардың үйлесімділігінен өте айқын байқалады. Қазір еңбек ұжымындағы, оқудағы және әсіресе, отбасындағы үйлесімділік жөнінде көп айтылып та, жазылып та жүр. "Мінездердің үйлеспеушілігінен" – деушілік айырылысудың кең тараған себептеріне айналып жүр. Қайсыбір топтарға біріккен адамдардың үйлесімділігі деген не, неге кейбір топтарда (жұмыста, мектепте, отбасында) осы үйлесімділік деп аталатын пайда болып, басқаларда пайда болмайды? Және осы адамдардың өмірі үшін қандай маңызы бар?

Адамдардың бір-бірімен үйлесімділігі жөнінде сөз қозғағанда ең алдымен, құндылықтар, мүдделер, эмоциялық бағдарлар, өмір сүрудің жалпы стильдерінің белгілі үндестігі ескеріледі. Егер отбасында осындай үндестік болса, онда, әрине оның барлық мүшелерінің арасында басқалардың жақсы жағын да, кемшіліктерін де біле отырып, бірақ соған қарамастан, адамды сол өз қалпында қабылдау түріндегі өзара түсінушілік пайда болады. Отбасының бір адамы өте жігерлі болады, бірақ қайтымы шапшаң, енді біреуі жасқаншақ, жалтақ, бірақ оның есесіне өзіне берілген істен бас тартпайды, үшінші біреуі көмектескіш, жаны ашығыш, оған өзінің тіпті ең елеусіз немесе болмашы қиындықтарың және т.б. туралы қашан да айтуыңа болады. Мұндай отбасында әркім басқалардың ерекшелігін білсе де, өзінің де мүлтіксіз емес екенін ескере отырып, оларды түзетуге тырыспайды. Әрине, дәл осы жағдайда бұл, негізінен, отбасының ересек мүшелерінің өзара қатынасына байланысты болып отыр. Бақытты ерлі-зайыптылар бірін-бірі

жақсы түсінеді, олар басқаны да орынды бағалай алады, оның кемшіліктерін ескеріп, толық қабылдайды, ал мұның өзі – жақын адамдардың өзара қарым-қатынасындағы психологиялық жақтан жақсы жағдайда қамтамасыз ететін негізгі шарт болып табылады. Үйлесімділік сонымен бірге, жанұя мүшелерінің ой-толғамдарының бағалай білудегі пікірлердің жақындаса түсуінен көрініп отырады. Бағалаудағы белгілердің мұндай жақындасуы табиғи түрде пайда болады. Пікірлердің біркелкілігі басқа бағаларды басып, елемей есесінен өз баға, талғамдарынды зорлап енгізу арқылы пайда болса, онда әрине, үйлесімділік жөнінде ешқандай сөз болмақ емес.

Отбасындағы үйлесімділіктің көрсеткіші деп нендей жайды есептеуге болады? оның сыртқы объективтік көрсеткішіне отбасының амалсыздықтан емес, шын мағынасындағы сақталу фактісі жатады. Үйлесімділіктің ішкі, субъективтік көрсеткішіне отбасы мүшелерінің психологиялық жайлылықты, сенімділікті, жақтаушылықты сезініп, бір-бірімен қарым-қатынас жасаудан қанағат табуын жатқызуға болады. Мұндай отбасының психологиялық ахуалы жақсы болады.

Үйлесімділікке қарама-қарсы құбылыс адамдардың үйлеспеушілігі болып есептеледі. Бұл жағдайда отбасы мүшелерінің бір-бірімен қарым-қатынас жасау, өзара әрекеттесу қажеттілігі өте тар болады. адамдардың бір-бірінен оқшаулануы, бір-бірін жатсынуы келіп шығады. Ол орынды сияқты болып көрінетін кез-келген себепті пайдаланып, барлығының мүмкіндігінше бірге азырақ болуға тырысуы түріндегі ашық және сонымен қоса, жанұя мүшелері қатар болғанмен, бас қоспайтын, амалсыздықтан қарым-қатынас жасайтын түрі жасырын кездеседі. Үйлеспеушілік, ерегіс, дау-жанжал, үздіксіз ұрыс-керістен бастап, оқта-текте ыза кернеп, бұрқ еткені болмаса, сырттай сыпайы мінез-құлық көрсету сияқты көрінетіндей сипаты жағынан да, оның жарыққа шығу дәрежесі жағынан да біркелкі болмайды.

Отбасы мүшелерінің бір-бірінен қашқақтауын басқа құбылыспен шатастырмау керек. Адамның тіпті үйлесімділік жағдайының өзіне ұзақ уақыт бойы бірге болуы “қарым-қатынас қажеттілігінің психикалық тояттаушылығы” деген өзгешелікке әкелетіндігі психологияда белгілі жайт. Мұндай құбылыс ясли мен балабақшаға баратын жас балаларда өте айқын көрінеді. Кейде бала үйге келіп кенеттен жақындарымен қарым-қатынас жасаудан бас тартып, өзі бар ықыласымен ойынға кіріседі. Егер оған бөгет жасамаса, қарым-қатынас жасауға күштемесе, онда біраз уақыт өткен соң қайтадан басқа балалармен ойнауға немесе үлкендермен қарым-қатынас жасауға тырысады. Бұған қарама-қарсы жағдайда жағымсыз эмоциялық мінез-құлық көріністері пайда болуы мүмкін. В.А. Сухомлинский: “Ұжымда ұзақ уақыт болу жағдайды ауыстырып, адамдардың жалғыз оқшаулануы, рухани қарым-қатынас талап ететін жағдайдан толық арылып, демалуын қажет етеді...” деп жазады. [33,34]

Отбасындағы өзара қарым-қатынастың әр қырын зерттеп жүрген ғалымдар осы қатынастар жақын адамдар бір-бірінің “оңашалануға”, яғни үздіксіз тұрмыстық, ақыл-ойлылық, эмоциялық жанасуда болудан қасыйбір демалыс алуға еркі бар екенін мойындағанда берік болады деп есептейді. Мұндай оңашалана демалушылық бұл қатынастарының беріктілігінің өзгеше бір тексерісі болып көрінуі мүмкін: егер жұбайлар уақытша аластаушылықтан кейін өзара қарым-қатынас жасауға қайтадан ұмтылатын болса, онда олар шын мәнінде бір-біріне жақын екенін дәлелдейді.

Сүйіспеншіліктің әлсіреуінен “сүйіспеншілік жойылды” деп қарамай, басқа адамдардың уақытша оңашалануына еркі барын мойындау, міне, мұның бәріне үйрену оңай емес. Кейде жұбайларға өздерінің бос уақыттарыңды оқта-текте бөлек, оңаша өткізіндер деп кеңес береді. Бірақ бұл жерде бірден жұбайлардың “бостандық дәрежесен” қалай анықтап, жұбайлардың екеуіне қолайлы, түптеп келгенде, олардың бір-бірінен алыстауын емес, олардың өзара қатынастарының нығаюына жеткізетін өлшемді қалай табуға болады деген мәселе туады.

Адамдардың үйлесімділігі - бірнеше, алуан түрлі сатысы бар күрделі құбылыс. Бұл ең алдымен идеялық-адамгершіліктік, ортақтық пен әлеуметтік-психологиялық үйлесімділік. Олар қоршаған дүние мен ондағы өз орнына қатысты өмірлік позицияң, негізгі құнды бағыт-бағдар, пікірлер сай келгенде байқалады. Психологиялық үйлесімділік жанұя мүшелерінің мінез-құлық, жеке бас ерекшеліктерінің өзара әсерін керек етеді. Психо-физиологиялық үйлесімділік темперамент ерекшеліктерінің өзара әсеріне негізделеді. Үйлесімділіктің соңғы екі тармағын бір түрге біріктіреді. Жұбайлық қатынастар құрамына үйлесімділіктің барлық түрі енеді.

Әлеуметтік-психологиялық үйлесімділік. Әлеуметтік-психологиялық үйлеспеушілік себептері болып көбінесе жұбайлардың білім, жас, жалпы, мәдени дәрежелерінің айырмашылығы есептеледі. Үйлесімділікке білім айырмашылығы елеулі әсер ете қоймайды, жалпы мәдениет, жеке адамның даму дәрежесінің маңыздылығын атап айту қиын.

Отбасының әлеуметтік-психологиялық үйлесімділігіне балалардың өмірге келуі мен тәрбиеленуі, тұрмысты ұйымдастыру, бір-бірін адамгершілік, экономикалық және көмек жағынан сүйемелдеу, бос уақытты ұйымдастыру және сондай-ақ отбасының қоғамдағы өкілеттілігі сияқты отбасы негізгі міндеттерінің жүзеге асуына байланысты көзқарастар бірлігі де жатады. Көп жағдайда жұбайлар арасындағы үйлесімділік, олардың отбасылық өмірінің жарастығы мен жайлылығын атап айтқанда, отбасы не үшін керек және ол өзінің әр мүшесіне не беруге тиіс деген негізгі отбасылық құндылықтардың сәкестігіне байланысты болады. жұбайлардың көзқарастарының сәйкес келмеушілігі бір құндылықтарға артығырақ көңіл бөліп, басқаларын елемеушіліктен (тым шаруақорлық, “біз тек балалар үшін ғана өмір сүруіміз керек” деп балаларға тым артық көңіл бөлу) көрініп отырады.

Ерлі-зайыптылық басқа адамдарға деген тұрақты бағыттылықты, оны дәл өзіндей түсінгендей түсінуде психологиялық даярлықты қажет етеді де, ал мұның өзі ері мен зайыбының екеуінің де өз сезім, толғаныс, тебіреністерін ашып көрсетуге даяр болып, өз жартысының қателігі мен ағаттықтарын қолайлы сәт пен арнайы көңіл-күйді дөп басып, өнегелі көрсете білу жағдайларында қолға түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында.-Алматы: Өнер, 1996.- Б. 272.
2. Торыбаева М.З Жасөспірім оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы мектеп, отбасын және қоғамдық қауымның бірлескен жұмысы Автореф.канд.дис. - Алматы, 2004.- С. 24.
3. Социальная психология детства: развитие отношений ребенка в детской субкультуре.- М., 2000.-С. 137.
4. Ковалев С.В. Психология современной семьи. - М., 1988. –С.208.
5. Варга А.Я. Системная семейной психотерапия// Журнал практической психологии и психоанализа. 2002.№ 2.-С.7-13.
6. Немов Р.С. Психология.: Кн. №1. -М.: Гуманит. изд. Центр ВЛАДОС, 1997. - С.608.

СТУДЕНТТЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘСІЛДЕРІ

Саркина Ж.А.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, Семей қаласы, 2 курс, 7М01101
Педагогика және психология білім беру бағдарламасы*

Ғылыми жетекші: **Муканова К.К.**

Педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті

XXI ғасырдың басында студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың білім беру маңыздылығы, өндірісті жаңғырту контекстінде мамандардың білімі мен дағдыларының ескіру жылдамдығымен, сондай-ақ, олардың құрамдас бөлігі ретінде коммуникативтік мамандарды қоса алғанда, кәсіби біліктілік деңгейінің жоғарылауына байланысты айтарлықтай өсті. Білім беру парадигмасын, жоғары білімнің көп деңгейлі құрылымын, жаңа білім беру стандарттарын, білім берудің тиімді әдістері мен технологияларын өзгерту - бұл бүгінгі күнге ешкім күмән келтірмейтін кәсіптік-педагогикалық университет студенттерінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігін көрсетеді. Орта мектепті бітірушілердің коммуникативтік құзыреттілік деңгейін төмендету, қазақстандық білім беруді жаңғырту тұжырымдамасы және білім беру үдерісін ұйымдастырудың негізгі біліктілік жиынтығына негізделген жаңа білім беру стандарттары «университет студенттерін - өндірістің түрлі салаларында және әлеуметтік қызметтегі болашақ мамандарды даярлауға» толыққанды коммуникациялық жүйені құрудың өзектілігін анықтайды [1, 3 б.]. Білім берудің басты мақсаты - студенттің жеке тұлғаның дамуы (интеллектуалды, кәсіби), оның ішінде ақпаратпен бөлісу, сыни ойлау, алдын-ала ұстанымдарын білдіру, кез-келген әлеуметтік топтарда жұмыс істей білу, қақтығыстарды болдырмау немесе оларды шебер орындауға мүмкіндік беру. жоғары шығармашылық деңгейде коммуникативтік құзыреттілікке ие болу. «Құзырет» және

«құзыреттілік» санаттарының концептуалды мазмұнын талдау осы мәселе бойынша жұмыс негізінде белгілі бір құрылымдық компоненттерден тұратын интеграцияланған жүйе ретінде құзыреттілікті объектілер мен процестердің белгілі бір ауқымына қатысты және жоғары сапалы қажет ететін өзара байланысты жеке қасиеттер жиынтығын ұсынуға мүмкіндік береді өнімді жұмыс, яғни белгілі бір жағдайларда құзыреттілікті және оның құрамдас бөліктерін жаңартуға арналған түлектердің қабілеттілігін және дайындығын қалыптастыру болып табылады [2, 71 б.]. Коммуникативтік құзыреттілік коммуникация міндеттеріне қатысты тілдік және сөйлеу құралдарын барабар пайдалану және сөйлеу нормативін сақтау және белгілі бір сөйлеу жағдайын есепке алу қабілетінің арқасында сөйлеу өнімін түсіну, дұрыс түсіндіру және құру дағдыларын дамыту ретінде қарастырылады. Коммуникативтік құзыреттілік - оның көп функционалдығы, мета-пәні және көп өлшемділігі болғандықтан, негізгі құзыреттілік. адам қызметінің барлық салаларында қолданылатын, ол «метақұзыретке айналады, өйткені ол негізгі кәсіптік және арнайы құзыреттілікке ие болады». Коммуникативтік құзыреттілікке ие болу мектептің немесе университеттің түлектерінің өмір сүру жағдайларын өзгертуге бейімделуіне жағдайлардың бірі болып табылады. Студенттердің коммуникативтік құзыреттілігі ең алдымен сөздік, мектепте: қазақ, орыс, шет тілі, сөйлеу және коммуникация мәдениеті (практикалық риторика), әдебиет; жоғары оқу орындарында: қазақ тілі мен сөйлеу мәдениеті, ғылыми мәтіннің стилистикасы, сонымен қатар мамандық бойынша құжаттардың лингвистикасы, іскерлік қарым-қатынас, риторика, орыс тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесі және т.б. мақсаттары, міндеттері, принциптері, әдістері, әдістері, оқыту формалары мен құралдарын, сондай-ақ таңдаулы мамандықтың ерекшеліктерін анықтайды, нәтижесінде олар коммуникативті түрде дамыған тұлғаны қалыптастырады. Алайда студенттердің коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру білім беру қызметімен шектелмейді. Студенттердің шығармашылық әлеуетін дамыту әдістемесі мен әдістерін қоса алғанда, кең таралған белсенді жұмыс формалары студенттердің сабақтан тыс іс-әрекеті: дискуссиялық (пікірталас, пікірталас, топтық пікірталас), ойындар (дидактикалық, креативті ойындар: іскерлік ойын, ойынды жобалау), рөлдік ойындар (рөлдерді ойнау), сөйлеу жаттығулары және т.б. Осылайша, мектептен тыс іс-шараларды жүргізу арқылы біз «инновациялық білім беру технологиялары бір жағынан, екінші жағынан инновациялық қызмет үшін дайындалған тұлғаның басымдығы болатын жаңа білім беру ортасын қалыптастыруда» студенттердің коммуникативті құзыреттілігін көтеруге және жалпы білім беру сапасын арттыруға үлкен әсерін тигізеді және оқушылар мен студенттердің коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру мектептен тыс іс-шараларда жүреді, себебі қоғаммен өзара қарым-қатынас білім беру мекемесінің қабырғасынан тыс жүреді [3, б. 37]. Жалпы алғанда, статистикалық деректерді өңдеу түрлі тақырыптық және әлеуметтік маңызы бар тақырыптар бойынша пікірталастар өткізілетін топтар мен сыныптарда студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың оң динамикасы анықталғанын көрсетеді. Коммуникативтік оқытуда ойлаудың дамуы ана тілімен салыстырмалы түрде емес, қарым-қатынас процесінің мазмұнын көрсететін түрлі деңгейдегі проблемалық тұрғыдан күрделі сөйлеу-ойлау міндеттерін шешумен жүзеге асырылады. Осылайша қарым-қатынастың танымдық және коммуникативтік функциясын дамытады. Коммуникативті-интерактивті оқыту әдісі алдымен қарым-қатынас арқылы тек коммуникацияны үйрету керек деген ұстанымды ұсынды. Дегенмен, қарым-қатынас қызметі адам қызметінің түрі ретінде осы функциямен шектелмейді. Әсіресе, оқытудың негізгі мақсаты - студенттің жеке басын қалыптастыру құралы ретінде ана тілін меңгеру. Бұл жағдайда қатынас ақпараттандыру, таным және даму арнасы ретінде қолданылуы мүмкін. Интерактивті оқыту әдісі - студенттердің оқу үдерісіне қатысатын танымдық және коммуникативті іс-шараларды ұйымдастырудың ерекше түрі, олар білетін және ойлаған нәрселерін түсінуге және түсінуге мүмкіндік береді. Оқытушының интерактивті сабақтардағы орны сабақ мақсаттарына жету үшін студенттердің жұмысын бағыттау үшін жиі қысқартылады. Ол сондай-ақ сабақ жоспарын әзірлейді (әдетте, бұл оқушы материалды зерттейтін интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар жиынтығы). Интерактивті оқытуда мұғалімнің қызметі түбегейлі өзгереді. Енді мұғалімнің басты міндеті - оқушыларға «әкелу», «түсіндіру» және «көрсету» емес, сонымен бірге олардан туындаған міндеттерді шешу үшін бірлескен іздеуді ұйымдастыру. Мұғалім дайын шындықты білмейді, оның міндеті - іздеу мен талқылауды ұйымдастыру. Интерактивті оқыту әдісі бір мезгілде үш негізгі тапсырманы шешеді: когнитивті; коммуникативтік және дамуы; әлеуметтік бағдар. Интерактивті оқытуда дәстүрлі оқытуға қарағанда, мұғалім мен студенттің арасындағы өзара әрекеттесудің өзгеруі: мұғалімнің қызметі студенттің қызметіне жол ашады, ал мұғалімнің тапсырмасы олардың бастамасы үшін жағдай жасау болып табылады. Интерактивті оқыту контексінде білім басқа нысандарда

қабылданады. Бір жағынан олар әлем туралы белгілі бір ақпаратты ұсынады. Бұл ақпараттың ерекшелігі, оны мұғалімнен дайын жүйе түрінде емес, сонымен қатар өз іс-әрекеті барысында алады. Екінші жағынан, студент сабақта басқа оқушылармен қарым-қатынас жасау процесінде мұғалім өзімен, айналасындағыларға қатысты әрекет етудің сыналған әдістер жүйесін меңгереді және білім іздеудің түрлі механизмдерін меңгереді. «Өзін-өзі тану» моральдық-рухани білім беру идеясының авторы Сара Алпысқызы Назарбаева жас ұрпаққа сүйіспеншілік, мейірімділік пен қайырымдылық қасиеттерін қалыптастыруда мұғалімдерге ерекше көңіл бөледі: «Біздің міндетіміз - біздің дүниетанымдық көзқарасымызды қайта қарау, өзімізді сүйіп, құрметтеуді үйрету, сіздің ойыңыз, сөздеріңіз бен іс-әрекеттеріңіз үшін, ар-ұжданыңызға сай өмір сүруіңізге, өзіңізге ұнайтын және білетін жұмысыңызды адал орындауға, адамдарға көмектесуге, алғыс айтуға, осы ұрпаққа үйрету» деп айтып өткен. Болашақ мұғалімнің рухани әлеуетін дамытуға және байытуға, оның адамгершілік күші, мәдениет, әлеуметтік және кәсіптік шығармашылық пәні, «Өзін-өзі тану» инновациялық табиғаты пәні қазақстандық педагогикалық жоғары оқу орындарының оқу үрдісіне енгізілді. Әрбір адамның өзінің жеке басын және мақсатын жүзеге асыруға, жалпыға бірдей және моральдық және рухани мазмұнмен анықталатын өз құндылық жүйесін қалыптастыруға жағдай жасау үшін жасалған тәртіп. «Өзін-өзі тану» академиялық пәнінің тұлғалық бағытталған сипаты болашақ мұғалімдерге өзін-өзі тану және өзін-өзі дамыту проблемаларына терең қызығушылық туғызуға, интегралдық тұлғаны қалыптастыратын жолдар мен құралдарды игеруге мүмкіндік береді. «Өзін-өзі тану» пәнін оқып үйрену арқылы болашақ мұғалімнің жеке дамуы - жеке бағдарлау, мотивтер туралы хабардар ету, субъективті және объективті нәтижелер және тағы басқа көптеген күрделі процесс [4, 21 б.]. Студенттердің әмбебап құндылықтар жүйесін түсінуіне, басқа тұлғаны түсіну қабілетін дамытуға, айналадағы адамдарға құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған, оқу үрдісі студенттерге кәсіби өзін-өзі тану және өзін-өзі дамыту қажеттілігі туралы білуге мүмкіндік береді. Заманауи әлемдегі әрбір мұғалімнің негізгі миссиясы - оқушыны өздігінен білім алуға ынталандыру екенін түсіну маңызды. Мұғалім оқушыны қоршаған айналаны білу үшін ғана емес, ең алдымен өзін-өзі тануына, оның қабілеттерін, қабілеттерін, табиғи қабілеттерін және талантын білуге үйретуі керек, әр оқушыға өзінің жеке қасиетін дамытуға, өзіндік бірегейлік ерекшелігін қалыптастыруға көмектесу керек [5, 7 б.]. Бүгінгі күні қоғамның жалпы мәдениетін төмендету және жанжалдардың әлеуеті мен оның басқа да мәселелерінің жалпы деңгейін жоғарылату алдында коммуникативтік құзыреттілік тақырыбы өте маңызды деп санауға болады. Осылайша, байланыс гуманистік түрін құптамай немесе оны қиындатады мәні коммуникативтік негізгі жеке басын және сипатын білдіру салыстырмалы тұрақты симптомы бар. Сонымен қатар коммуникативтік ядролардың бір бөлігі болып табылатын қасиеттер адам үшін өлімге ұшырамайтын, өзгеріссіз деп саналмайды. Тұлғаны қажеттілігімотивациялық саласындағы өзгерістермен, достар шеңбер ішінде, сондай-ақ оның өзін-өзі тұжырымдамасын трансформация әсерінен оның адамдар мен топтарға түзетулермен субъективті мәселе оларға қарсы көріністерінде тұлғалық қасиеттер мен, демек, өзгерістер мен өзгеруде оның коммуникативтік ядросы болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. А.П.Сковородников, Г.А. Копнина ЖОО студенттерінің сөздікмәдени құзыреті туралы // Филология ғылымдары, 2009. №3. б. 3 – 13.
2. Г.В.Токарева, В.А. Фалина ЖОО құзыреттілікті қалыптастыру технологиясы // II Жалпыресейлік ғылыми-әдістемелік конференция. 28 – 30 қазан 2009 ж. Санкт-Петербург. 2010. – б. 71 – 73.
3. Орынбаева Э. Өзінді танып білмей басқаны танып біле алмайсың... [Мәтін] / Э. Орынбаева, Ж. Нурмуханбетова // Жантану мәселелері. - 2012. - №3. - Б. 75-76.
4. Назарбаева С.А. Өмір әдебі. - Алматы: «Атамұра» баспасы, 2001. 5. Никонова А.Я. Оқытушының педагогикалық қызметінің жекке стилінің психологиялық ерекшеліктері. / ПФК диссертациясының авторефераты.-М., 1996.- 19 б.

ВЛИЯНИЕ ТВОРЧЕСКИХ УМЕНИЙ СТУДЕНТОВ-ПСИХОЛОГОВ НА ФОРМИРОВАНИЕ ИХ ГОТОВНОСТИ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Сергалиева С. М.

*Магистрантка Казахского гуманитарно-юридического инновационного университета, г. Семей.
группа: МПП-222,2 курсспециальность: «Педагогика и психология»*

Научный руководитель: **Беленко О. Г.**
кандидат психологических наук КазГЮИУ

В процессе овладения профессией «психолог» в условиях высшего учебного заведения перед студентом возникает необходимость не только получить знания, сформировать умения и выработать навыки (хотя это очень важно для будущей профессиональной деятельности), но и одновременно овладеть умениями творчески усваивать и в дальнейшем использовать информацию, вырабатывать при этом творческую позицию относительно реализации личного опыта в будущей профессиональной деятельности. В связи с этим очень важными в организации подготовки будущих профессионалов являются «эффективное использование учебного времени для повышения уровня знаний, умений и навыков студента; развитие их творческого мышления и овладение ими навыками исследовательской работы; получение студентом новых идей и результатов, обобщений (как объективно новых, так и субъективно новых); проявление индивидуальных достижений в когнитивной сфере; создание личного опыта профессиональной деятельности и апробация его на практике» [1]. Впоследствии при такой организации учебной (вернее учебно-продуктивной) деятельности возможно развитие профессиональных творческих способностей будущих психологов, которое обеспечивается наличием творчества и творческого потенциала обучающихся.

Студент становится настоящим специалистом только тогда, когда начинает видеть мир глазами психолога [3], а именно когда он постигает условия профессиональной деятельности, вникает в психологическую проблематику, имеет опыт решения психологических проблем и задач и т.д. Решение этих и других задач практической деятельности требует от психолога развитых творческих способностей, становление которых основывается на: профессиональном избирательном отношении к окружающей среде, осмыслении и осознании проблемной ситуации, выделении главной проблемы и постановке проблемы в заданных параметрах, поиске подходов к решению проблемы, выборе стратегии решения, разработке идеальной модели реализации стратегий, логическом обосновании принятой идеальной модели решения проблемы путем реализации творческой модели на практике [4]. Исходя из этого, главным в системе развития профессиональных творческих способностей студентов-психологов выступает организация проблемного обучения с помощью таких методов: 1) «демонстрационного решения проблем преподавателем; 2) самостоятельной проблемно-поисковой деятельности студента; 3) их коллективной учебно-поисковой работы; 4) совместной поисковой деятельности преподавателя и студента [5, с.44]. Даная система проблемного обучения выступает: во-первых, условием творческого развития личности профессионала-психолога, способного создать оригинальные, неповторимые продукты, выявить новые факты и закономерности, а также применить новые методы реализации психологической деятельности; во-вторых, стимулом развития творческого потенциала студентов-психологов, обеспечивающий принятие ими нетипичных решений, уверенность в собственных силах и действиях, активную жизненную позицию, конкретизацию творческих усилий для решения проблемной ситуации; в-третьих, фактором развития творческих способностей как устойчивых свойств личности будущего психолога, обеспечивающих его способность к творческой деятельности; в-четвертых, предпосылкой эффективности учебно-продуктивной деятельности, в процессе которой в студентов-психологов развиваются такие показатели креативной личности: новизна, продуктивность и гибкость мышления, оригинальность мысли, творческое отношение к окружающей действительности.

Творчество трактуется как социально-психологическое явление, возникающее и развивающееся в процессе взаимодействия субъекта и объекта на основе общественной практики. Я.А. Пономарев рассматривает творчество как взаимодействие, ведущее к развитию.

В.И. Андреев, определяя творчество как вид человеческой деятельности, отмечает ряд признаков, характеризующих ее как целостный процесс:

- наличие противоречия проблемной ситуации или творческой задачи;

-социальная и личная значимость и прогрессивность, которая вносит вклад в развитие общества и личности;

- наличие объективных (социальных, материальных) предпосылок, условий для творчества;

- наличие субъективных (личностных качеств – знаний, умений, особенно положительной мотивации, творческих способностей личности) предпосылок для творчества; - новизна и оригинальность процесса и результата.

Если из названных признаков осмысленно исключить хотя бы один, то творческая деятельность либо не состоится, либо деятельность не может быть названа творческой. Деятельность педагога-психолога – процесс постоянного творчества. Но в отличие от творчества в других сферах (наука, техника, искусство) творчества педагога-психолога не имеет своей целью создание социально ценного нового, оригинального, поскольку его продуктом всегда остается развитие личности.

Очень важно наличие у психолога совокупности творческих способностей и исследовательских умений, среди которых важное место занимают организаторские способности, инициативность, активность, настойчивость, внимание и наблюдательность, искусство нестандартно мыслить, богатое воображение, исследовательский подход к анализу учебно-воспитательных ситуаций и творческому решению профессиональных задач, самостоятельность суждений и выводов, эмоционально-волевые свойства.

Как отмечает Н.Ф. Вишнякова, творческая индивидуальность – высшая характеристика профессионального творчества, которая осуществляется в обогащении человеческой культуры, в совершенствовании окружающего мира, преобразовании психолого-педагогического процесса и личности, в нахождении новых технологий, и оригинальных технологических процессов, реализации эмоциональной культуры, эмпатии и идентификации, в развитии подсознательной и бессознательной личности, педагогической интуиции и воображения, в саморазвитии на основе самоопределения, свободы, в самовыражении личности, формировании креативности и индивидуального стиля профессиональной деятельности.

Профессиональное творчество психолога охватывает все стороны его деятельности, выработку стратегии и тактики труда, направленного на решение задач разностороннего и гармонического развития личности обучающихся. Главными признаками профессионального творчества, как и творчества в целом, являются:

– создание нового или существенное усовершенствование известного;

– оригинальность, неповторимость продукта деятельности, ее результатов;

– взаимосвязь творчества и самотворчества, самосозидание, т.е. творческий человек постоянно работает над собой, над созданием нового.

Если творчество понимается как процесс, имеющий определенную специфику и приводящий к созданию нового, то креативность рассматривается как потенциал, внутренний ресурс человека. Под креативностью понимают способность человека отказаться от стереотипных способов мышления (Guilford J.P., 1967) или способность обнаруживать новые способы решения проблем или новые способы выражения (Н. Роджерс, 1990).

Учитывая то, что носителем творчества является человек, а креативность – его неотъемлемым атрибутом, то креативность определяется как способность человека к конструктивному, нестандартному мышлению и поведению, а также осознанию и развитию своего опыта. Креативность равно необходима человеку в деятельности и общении, в повседневной жизни. Во-первых, креативность во многом определяет успешность деятельности представителей профессий социономической группы, что связано с рядом особенностей человека как «объекта» их деятельности. Невозможно создать универсальную, удовлетворяющую всем требованиям теорию личности, принципиально недостижима успешная работа руководителя, психолога, педагога, если в ней не будут учитываться нюансы психической организации конкретного человека. Кроме того, человек и группы людей могут как сознательно, так и неосознанно искажать информацию о самих себе, своих состояниях и результатах деятельности.

Таким образом, созидание в профессиональной работе с людьми исключает стандартные действия и не может не носить творческий характер.

Во-вторых, креативность помогает находить оригинальные решения сложных технических, организационных, научных проблем, создавать художественные произведения. Человек может проявлять свою творческую сущность и через проблематизацию привычных, хорошо знакомых ситуаций. Исходя из понимания рядом авторов творческой деятельности как деятельности, выходящей за пределы заданной ситуации, как проявления самостоятельности человека,

специально изучается роль межличностного взаимодействия при организации процесса решения творческих задач. Существенной методологической особенностью данных исследований является то, что в них рассматривается целостная творческая ситуация, включающая разноплановые процессы взаимодействия участников совместного решения творческих задач. Согласно этим теориям включенность в творческую деятельность ведет к «существенным изменениям не только на полюсе объекта» (то есть в результате творчества изменяется не только внешний мир), но и на «полюсе субъекта» (участие в творческом процессе влечет за собой появление личностных новообразований). Анализ способов творческой самореализации личности в индивидуальной и коллективной деятельности, содержащейся в работах данного цикла, намечает новый подход к обучению творчеству как процессу личностного развития.

Вместе с тем, как отмечает в своей работе Анисимов Н.М., практическая реализация данного подхода требует существенной дидактической проработки, поскольку для организации процесса обучения, направленного на развитие интеллектуально-коммуникативных компонентов личности, необходимо создание целостной учебно-развивающей ситуации, учитывающей всю полноту составляющих ее переменных.

Список использованной литературы:

1. Шандрук С.К. Профессиональные творческие способности студентов-психологов как фактор эффективности будущей психологической деятельности // Психология, социология и педагогика. 2015. № 8
2. Ахтариев Л.Г. Психологическая подготовленности студентов к профессионально-педагогической деятельности: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. – Л., 1978. – 26 с.
3. Дьяченко М.И., Кандыбович Л.А. Психологические проблемы готовности к деятельности. – Минск: Изд-во БГУ, 2016. – 176 с.
4. Успенский В.Б., Чернявская А.П. Введение в психолого-педагогическую деятельность. – М., 2003. с.75.
5. Ярошевский М.Г. Психология в XX столетии: Теоретические проблемы развития психологической науки. – М., 2011. – 305 с.

ҚАСЫБИ ҚАБІЛЕТТІ ДАМУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сейниханова А.С.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
2 курс, 7М01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы*

Ғылыми жетекші: Султанова Н.К.

*Психология ғылымдарының кандидаты, доцент.
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы*

Қабілет – білім, дағды, ептіліктерді игерудің мүмкіндік көзі, ал оның іске асу аспауы көп жәйттерге тәуелді. Білім, ептілік және дағдылардың игерілуімен олардың қабілетпен тікелей байланысы көріне бастайды, яғни іс - әрекетті игеру барысында қатыса отырып, қабілет одан әрі дамиды, іс - әрекетке жаңа мазмұн мен сипат береді.

Іс - әрекеттің нәтижесі, орындалу деңгейі мен тәсілдерінің тиімділігі қабілетке тәуелді. Қоғамның әр тарихи даму кезеңінде қалыптасқан әлеуметтік жағдайлардан мүмкін болар қабілеттер өрістей түседі не кедергілерден сөніп кетеді, нақты іс жүзінде көрініп не пайдалану сәті болмай қалады.

Әрбір адамның іс - әрекетті орындау тәсілі сол адамның психикалық таным процестерінің даму ерекшеліктеріне, жүйке жүйесі талдағыштарының жұмысына, сезім мүшелерінің сыртқы тітіркендіргіштерге әсерленіп, қабылдау жылдамдығына және адамның даралық қасиетіне байланысты.

Қабілеттердің бірнеше концепциялары бар. 1. Тұқымқуалаушылық теориясында қабілетті дамуы мен көрінуі тұтастай және толығымен тұқымқуалаушылық қорына тәуелді биологиялық детерминді құбылыс ретінде түсінеді. Бұл ұстанымды белгілі адамның генеологиясы және энциклопедиялық сөздіктерге сүйене таланттың тұқымқуалаушылығын зерттеген Ф. Гальтон ұстанған. 2. Жүре пайда болған қабілеттер теориясы. 18 ғасырдағы Гельвецийдің

тұжырымдауынша, тәрбие арқылы данышпандылықтың кез-келген деңгейін қалыптастыруға болады. Эшби бұл тұжырымды былай жеңілдетті, қабілет бұл тума бағдарламалар және жұмысқа деген қабілеттілік арқылы қалыптасады. 3. Негізінен Кеңестік психологияда дамыған қабілеттегі тума және жүре пайда болған диалектиканы нақтылаған үшінші концепция болды. Анатомио – физиологиялық ерекшеліктер ғана тума бола алады, ал қабілеттің өзі – қалыптасу нәтижесі[1]. Қабілеттер іс-әрекетте қалыптасатындықтан оның мазмұнына және балаға іс-әрекеттер мен жетістіктер этолонын беретін ересектермен қарым – қатынасқа тәуелді. Осыны негізге ала отырып, П.Я. Гальперин қабілет интериоризация нәтижесі болып табылатындығын анықтаған.

Б.М. Теплов музыкалық қабілеттілікті өте жоғары деңгейде тәрбиелеуге болады деген, бірақ, қабілеттілікті бүтіндей алғанда әлеуметтік, ал нышандар тұқымқуалаушылық арқылы ғана берілетіндіктен индивидтік сипаттамалар болады деген өз қарсыластарымен де келісті.

Қабілеттілік – бұл динамикалық құбылыс, олардың қатынасы туралы қабілеттер көрініс бергенге дейін айтуға болмайды және оларды толығымен дамыды деп санауға болмайды. Олар тарихи және мәдени тәжірибе сұранысына жауап береді: баланың абсолютті естуі оған биіктік бойынша дыбыстарды тану тапсырмасы қойылғанға дейін білінбейді. Кәсіби іс-әрекеттердің жаңа түрлерінің көрінуі, қабілеттіліктің экономикалық, бағдарламалау және т.б сияқты жаңа түрлерін табады.

Қабілеттіліктің психофизиологиялық негізін ескере отырып, нышандар негізінен жүйке жүйесінің қасиеттеріне ие болады. А.Г. Ковалев және В.Н. Мясичев жүйке жүйесінің күші, салмақтылығы, қозғалымпаздығы коммуникативті және ерікті қасиеттерді демеп отырып, бұл қасиеттер қажет іс-әрекетті жақсартады. Ал әлсіз (сезімтал) жүйке жүйесі өнермен айналысуға қолайлы болады. Нышандар қабілеттер мен темпераменттің арасындағы байланысты жүзеге асыра отырып, нақты бір іс-әрекет түріне және барлығына деген жоғары білімпаздыққа бейімділікте көрінеді[2].

Қабілеттерді бірнеше сипаттамалар арқылы сипаттайды. Ол сапалық пен сандыққа ие болады. Сапалық бойынша жиі жалпы қабілеттер (білімдерді игерумен іс-әрекеттердің әртүрлі түрлерін жүзеге асыруда өнімділік пен оңайлықты қамтамасыз ететін, тұлғаның индивидуалды – ерікті қасиеттер жүйесі) және арнайы немесе жекеше (қандай да бір арнайы іс-әрекет аумағында – музыкалық, сахналық, математикалық, жоғары нәтижелерге жетуге көмектесетін, тұлғаның қасиеттер жүйесі). Жекеше қабілеттердің нышандарда ерекше қолайлы (оларды сензитивті деп атайды), соның барысында айқын көрінетін кезеңдер болады. Музыкалық, математикалық қабілеттер әдетте ерте, яғни 5 жасқа дейінгі кезеңде, баланың музыкалық есі мен естуі белсенді дамыған кезде көрінеді. Ал лингвистикалық және көркемдік қабілеттер – сәл кейінірек. Басында тек қана таланттардың нышандарының дамуына деген психиканың ерекше сезімталдық кезеңін сипаттай келе, соңында Н.С. Лейтеспен қолданылатын сензитивтік кезең түсінігі әртүрлі психикалық функциялардың (форманы, сөйлеудің дыбыстық жағын қабылдау) дамуының оптималды кезеңін сипаттап, даму психологияда толығымен қолданыла бастады.

Сонымен қатар, қабілеттің көрінуінде деңгейлерге бөлінуі мүмкін – репродуктивті (қайта жаңғыртушы, яғни адамдарға нені үйретті, соны көрсетеді) және продуктивті, шығармашылық, талант және данышпандылық, онда адам субъективті немесе объективті жаңалық тудырады.

Қабілеттер құрылымында тірек қасиеттерін бөледі, онсыз қабілеттердің көрінулері мүмкін болмайды (мысалы, көркемдік іс-әрекеттер үшін көру анализаторларының сезімталдығы, сенсомоторлы қасиеттер, бейнелі ес) және қабілеттердің дамуының жоғарғы шегін қалыптастыратын, алдыңғы қатарлы қасиеттер. Қабілеттер құрылымы туралы айтқанда, қабілеттер өздерін шыңдайтын, нышандар мен операцияларды бөледі.

Сөйтіп, қабілеттерде табиғи және әлеуметтік мінездің синтетикалық болмысы бар, орнын толтыру мүмкіндігі сияқты сапаны игеретін жүйелі, құрылымға ие болады. Қандай да бір жеке қабілеттердің әлсіздігі іс-әрекетті толығымен игеруді болдырады. Және, керісінше оқшауланған қабілеттердің бары бірегей сәттілікті болдырмайды. Жеке қабілеттер бір-бірімен өмір сүреді, өзара әсер етеді және дарындылықтың феноменінің пайда болуын әкеледі.

жылыжаққаушатынкұстардыбақылау, т.б.).Қыстапқалғанқұстарғақамқорлық, табиғатбұрышындағықұстар мен өсімдіктердікүту, балыққажем беру.

Ертекектемдеұшыпкелетінқұстарғаұлкендеркөмегімендайындалғанұяларғажемшашу, ауладағыгүл, көкөнісөсімдіктерінөсіругежәрдем беру. Бүршікжарғанағашбұтақтарын (бұтақ, бүршік, өсімдік) т.б. мағынасынасайтүсіндіру.

Наурызмерекесініңқарсанындажасшыбықтаротырғызып, оны күтудікүнделіктіәдетдағдығаайналдыру.

Көктемніңәдемیکелбетінжырлайтынөлеңжолдарынәнгеқосу, сөзжұмбақтаршешу, дидактикалық, қимылдыойынтүрлерінпайдалану, өзойларынтабиғаткөрінісініңсуретінсалып, әңгімелепайтып беру.

Жазкезінде тәрбиешілердіңұйымдастыруыменөзен-көлжағасына, баққа, гүлалаңынабарғанкездеайналаныңтазалығынамен беру. Бұлербаланыңжауапкершілікдағдысын,

ұжымдықбірлігінарттыруда, балалардыңойлаутұтастығын, яғни табиғаттықорғау көзқарасындамыту үшін, жылмезгіліне саймақсат-

міндетіайқындалғанэкологиялықтәрбиежұмысыоқушыныңөңбойындажүргізіліпөтырады.

Экологиялықтәрбиеберудіңбастымақсаты бала бойындаазаматтыңбарын, білім, көзқарас пен сенімжүйесінорнықтыруболыптабылады. Бұлқоршағанортаменқарым-қатынастатәрбиелік,

ұқыптылықережелерінорындау, табиғаттыаялап, оғанқамқорлықтанытуқабілетіндамытуданегізделеді.

Бастауыш мектепте экологиялық білім берудің келесі бағыттары болуы керек деп санаймын.

-балалардаөсімдіктер мен жануарларорганизмдерітуралы, олардыңқоршағанортаменқарым-қатынасытуралы, табиғатқұндылығыжәне оны сақтау үшін адамның жауапкершілігі туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру;

-табиғатқадегенқұрметтіңкөрінісіойындарда, күнделікті өмірде еңбек міндеттерінорындау кезінде жүзеге асырылуы керек;

-кіші мектеп оқушыларына өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасаудағыдыларын үйрету керек.

-табиғатты зерттеу және қорғау, экологиялық білімді насихаттау жөніндегі практикалық іс-шараларға қатысу

Қазіргі кездегі экологиялық мәселелер бүкіл адамзатты алаңдатып отыр. Және бұл түйткілдерді шешу болашақтың еншісінде. Сондықтан да, қазіргі мақсат болашақ ұрпақтың санасына табиғатты аялау, оны сүйе білу, қорғай білуді үйрету, бойына сіңдіру болып табылады. Және бұл жолда педагогтардың қосатын үлесі зор, оқушылардың табиғатқа экологияға деген түсінігін қалыптастыра отырып, оларды дұрыс бағытта тәрбиелеу бұл басты міндет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Зверев И.А., Суравегина И.Т. Экологическое воспитание школьников. «Педагогика», 1983 г.
- 2.Гижицкая С.А., Факторович Л.В., Влазнева А.Е. Экологические тропы г.Новосибирска-Новосибирск: Изд-во НГПУ, 1999 г
- 3.Сарыбеков М.Н. Теория и практика экологической подготовки будущего учителя начальных классов. –Алматы: Ғылым, 1997. –С.35.
- 4.Фурсов В.И. Экологические проблемы окружающей среды. –Алма-Ата: Аналілі, 1991, -С.73.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІН ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЖҮЙЕЛІК СИПАТЫ

Бисагимова А.М.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
МПП 221 тобы, 2 курс, «Педагогика және психология» магистранты*

Ғылыми жетекші: Акманова Г.Р.,

Педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

«Жас бала – жаңа өркен жайған жасыл ағаш тәрізді» - дейді халқымыз. Жерге отырғызған жас көшет те қашан тамыры тереңдеп, жапырағы жайқалып, саялы ағаш болып үлкейгенше мәпелеп күтіп, үзбей тәрбиелеуді керек етеді.

Тәрбие кездейсоқ оқиға емес, ол қоғамның пайда болуына тән қасиет.

Тәрбие жеке тұлғаның санасына, мінез – құлқының дұрыс қалыптасуына әсер ететін құрал.

Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, олардың айналамен қарым – қатынасын, өмірге көзқарасын және соған сай мінез – құлқын қалыптастыру құралы.

Тәрбиелеу – халықтар бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту (Әл – Фараби).

«Тәрбие – біз кімдерді тәрбиелейміз, солардың жүрегіне ықпал ету... Тәрбие – бізге мәлім адамгершілік әдет – ғұрыптарын меңгеруді мақсат көздеп, бір адамның екінші адамға ықпал етуі»(Л.Н.Толстой).

«Тәрбие – кең мағынасында – бұл рухани жағынан үнемі жетілу және баюда көпсалалы процесс» (В.А.Сухомлинский).

«Тәрбие, кең мағынасымен алғанда, қандай да болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз. Ал енді, адамзат туралы айтылғанда, адамның баласын кәміл жасқа толып, өзіне - өзі қожа болғанша тиісті азық беріп, өсіру деген мағынада жүргізіледі» (М.Жұмабаев).

«Тәрбие – бұл адам жанын жетілдіру өнері. Тәрбиеде адам табиғатын жетілдірудің ең күшті сыры бар» (Иммануил Кант).

«Тәрбие – тұлғаны мақсатты түрде дамуын басқару процесі» (Х.Й.Лийметса).

Олай болса, тәрбие процесінде жеке тұлғаның сана-сезімі мен ақыл-ойына жүйелі түрде әсер етіп, оның дүние танымының дамуына, ерік – жігері мен моральдық бейнесінің қалыптасуына оң ықпал етеді.

Сонымен қатар тәрбие – адамдарды қоғамда еңбекке және басқа да пайдалы әрекеттерді орындауға, көптеген әлеуметтік қызметтерді атқаруға дайындаудың табиғи заңдылық процесі. [1]

Н.К.Крупская «Тәрбие» атты мақаласында (1929ж.): «Тар мағынада алып қарағанда, «тәрбие» деген сөз арқылы балалар мен жеткіншектердің мінез – құлқына әдетте ересек адамдардың алдын ала ойластырылған және жүйелі түрде жасайтын белгілі бір ықпалы», ал кең мағынасында «... қоғамдық мекемелер, айналаны қоршаған бүкіл жағдай, бүкіл қоғамдық құрылыс тәрбиелейді» - деп түсіндіреді.

Осы жағдайға байланысты К.Д.Ушинский «... мектеп, тәрбиеші және ұстаздар – адамның тіпті жалғыз ғана тәрбиешілері емес, оның сонша күшті, ал мүмкін және әлдеқайда күшті әдейі тәрбиешілері: табиғат, отбасы, қоғам, халық ... және оның тілі болады», - деген осы мәселеге қатысты тұжырымдамасы тәрбие жайындағы ұғымның мәні зор екенін дәлелдейді.

Олай болса, тәрбие көптің ісі. Тәрбие мәселесімен қоғамдық ұйымдар, мекемелер және жұртшылық болып айналысқан жағдайда ғана ол нәтижелі болмақ. Соған сай тәрбие туралы ұғымға тар мағынада емес, кең мағынасында, бір жақты емес, кең көлемде, яғни табиғат және әлеуметтік ортаның, мектеп пен ата – аналардың жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына мақсатты түрде ықпалы, өзара әрекетінің нәтижесі ретінде қараған жөн.

Сондықтан да тәрбиенің мәнісі, біріншіден, қоғам үшін саналы, белсенді, ізгіленген, іскер азаматты қалыптастыру болса, екіншіден, жеке адам үшін – оны өмір сүре білуге, өзін қоршаған ортамен қарым – қатынас жасай білуге үйрету.

Олай болса тәрбие процесі деп – қоғамның талап – тілектеріне сай әрбір жеке тұлғаның ақыл – ойын, сана сезімін, ерік – жігерін, мінез – құлық ерекшеліктерін жүйелі түрде қалыптастырып, дамытудағы тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара бірлескен әрекетін айтамыз.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевгеменді және тәуелсіз Қазақстан үшін жаңа идеологияның қажеттігін тұнғыш негіздеп, осы идеологияның негізгі жолдарын бөліп көрсетті: «Мемлекеттік идеология деген сөздің ауқымы алдеқайда кең, мазмұны терең. Бұл идеологияның бас ты мұраты – тәуелсіздігімізді баянды ету, мына шырғалаңы мол дағдарыс кезеңінен елді аман-есен алып өту, осыған дейінгі ғасырлар бойы жасалып келген рухани байлықтарымыздың қайнарларын бұзбай, оны өрісі кең әлемдік өркениетке ұластыру болса, аса маңызды идеологиялық міндет – қазақстандық Отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеуін қалыптастыру».[2]

Отансүйгіштік — қоғамдық сана нысандарының бірі, бұл тарихи және топтық санат қоғам дамуымен бірге дамып, жаңа мазмұнмен толығып отырады. Отансүйгіштік сезім адамдардың, халықтардың өміріндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайларының әсерімен пайда болады. Бұл жағдайлардың патриотизм мазмұнының өзгеруіне алып келеді.

Отансүйгіштік - әлемдегі бейбітшілік үшін күреспен, адамзат өміріне қауіп төндіретін термоядролық, экологиялық және террорлық апаттың алдын алумен, халықаралық қатынастарды құрумен және әлемдегі жаңа тәртіптерді бекітумен, өзара түсіністікті негізге алумен, тәуелсіз елдермен және басқа да мемлекеттермен көршілік татуластықпен, іскерлік ынтымақтастықпен тығыз байланыста болумен өлшенеді.

Отансүйгіштікке тәрбиелеудің мақсаты – халық педагогикасы негізінде немесе әлеуметтік топтың патриоттық іс-әрекетке саналы түрде ұмтылысын сипаттайтын саяси-моральдық, кәсіби, психологиялық және дене қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Патриоттық іс-әрекет – тұлғаның және әлеуметтік топ әрекетінің әлеуметтік жағымды себептерімен сабақтас және Отанның прогресшіл элементтерін қорғауға бағытталған кез келген түрі. Отан элементтері – жеке адамның, Әлеуметтік топтың ұмтылысы мен іс-әрекеттері прогресшілдігінің өлшемі, ол қоғамдағы прогресшіл таптар мен күштердің мүдделері тұрғысынан алғанда, тарихтың объективтік барысына, қоғамдық прогреске келуі болып табылады. Демек, патриоттық іс-әрекет дегеніміз – патриоттық сана-сезімнің көрінісі ғана емес, сонымен бірге тәрбиелеуші фактор болып табылады.

Қазіргі жағдайда отансүйгіштікке тәрбиелеу процесінде идеялық сенімділік, өз Отанына, ана тіліне, еліне, жеріне, мәдениеті мен салт-дәстүріне деген, жалпы ұлттық мақтаныш, өз халқының тағдыры үшін жоғары туған Отанның экономикалық, ғылыми, моральдық-саяси және әскери әлеуметтерін дамытуға ұмтылыс, оны идеологиялық және саяси жаңынан қорғауға даярлық қалыптасады.[3]

Егеменді елдің қуатты өндірістік күштері және өндірістік қатынастарын дамыту, тәрбие жұмысының материалдық-техникалық базасын, патриоттық тәрбиенің экономикалық негізін құрайды. Әлеуметтік -саяси негізге қоғамдық және мемлекеттік құрылыс, қоғамның әлеуметтік -саяси және идеялық бірлігі, үкімет басшылығы, ұлттық армия мен халықтың бірлігі, шетел халықтарымен интернационалистік және достық қарым- қатынас жатады. Тұтастай алғанда, үкіметтің ұлттық патриотизм туралы идеологиясы, дүниежүзілік және қазақ классиктерінің патриотизм, ұлттық патриотизм туралы идеялары отансүйгіштікке тәрбиелеудің әдіснамалық негізі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие/ С. Ұзақбаева - А.: Білім, 1995

2. Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның болашағы - қоғамның идеялық бірлігінде. -Алматы:Кітап, 1993.- 32 с.
3. Бөлеев Қ. «Қазақ мектептерінің оқушыларына патриоттық тәрбие берудің теориялық негіздері» Этнопедагогика//. №3. мамыр –маусым. 2008

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Бисенбай Сымбат

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
Г-413 тобы, 4 курс, 5В010200 «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы*

Ғылыми жетекші: **Оспанова Б.К.,**

Аға оқытушы, магистр, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

Қазіргі кезде жаһандану және қазақ халқының рухани қайта өркендеуі жағдайында жас ұрпақты өз халқының рухани қазынасымен, оның ұлттық құндылықтары негізінде тәрбиелеуді ғылыми теориялық және практикалық тұрғыдан жетілдіре түсу қажеттілігі айқындалып отыр. Егемен елдің болашақ азаматтары – бүгінгі оқушылардың қандай құндылықтарға бағытталғандығы, нені қадірлеп, қастерлейтіні, қоғамда қандай әлеуметтік қызметті атқаруға даяр екендігі мемлекеттің өсіп-өркендеуіне әсер етуші факторлардың бірі ретінде маңызды орын алады.

12 жылдық білім беруге көшуде алғашқы саты- бастауыш білімінің орны ерекше. Бала өзінің отбасынан және балабақшадан меңгеріп келген алғашқы құндылық бастауларын мектепте жүйелі түрде жүргізілетін оқу-тәрбие үрдісінде толықтыра түседі. Сондықтан білім беру жүйесінің бастауыш сатысында оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуі қоғам қажеттілігінен туындап отыр.

Құндылықтар мәселесі қай кезеңде де өзінің өзектілігін жоймай, педагогика ғылымының зерттеу нысаны болып келеді. Ұлттық құндылықтарды танып білу, меңгеру және ұлттық мәдениеттің қалыптасуы негіздері ағартушылар Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, А.Байтұрсыновтың рухани мұраларын бастау алады. Философтар мен мәдениеттанушылар Т.Ғабитов, Ғ.Есім, Д.Кішібеков, Б.Ерасов, Е.Әлсатов, С.Нұрмұратов, т.б. құндылықтардың әлеуметтік-философиялық мәнін айқындаған. Құндылық бағдарының қалыптасуының теориялық негізін Т.Парсонс, Р.Б.Перри, А.В.Кирьякова, Н.Г.Казакина, А.И.Титаренко, Л.С.Рубинштейн, В.Н.Мясищев, Д.Н.Узнадзе қарастырса, оқушылардың адамгершілік құндылықтарының жалпы сипаттамасы мен түрлері Л.И.Рувинский, Н.Е.Щуркова еңбектерінде зерттелген.

Рухани-адамгершілік құндылықтар этнопедагогикалық, этнопсихологиялық тұрғыдан Қ.Б.Жарықбаев, С.К.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, Қ.Ж.Қожахметова, Р.К.Төлеубекова, Р.Қ.Дүйсембінова, Қ.Бөлеев, Е.Ш.Қозыбаев, Ш.И.Джанзакова т.б. ғалымдардың еңбектерінде қамтылған.

Қазақстандық ғалымдар Г.Қ. Нұрғалиева, Б.К.Құдышева, М.И.Кикина, К.Найманбаева, К.Нұғманова жеке құндылық бағдар қалыптастыруды, Ә.М.Мұханбетжанова, А.Ғ.Қазмағамбетова, А.А.Калюжный, Т.Ә.Ботағариев және т.б. тұлға дамуындағы ізгіліктік мәселелері мен қарым-қатынасын дамуды жан- жақты қарастырған. Ал С.С.Тілеуова, Д.А.Нұрғалиева, К.А.Исмаилова еңбектерінде құндылық бағдар қалыптастырудың педагогикалық негіздері мен тиімді жолдары анықталған. Сондай-ақ ұлттық құндылықтарға негіздеп тәрбиелеуді ғылыми-әдістемелік тұрғыдан С.Қ.Мұхамбетова, Ш.А.Қирабаева, А.Қ.Қаптиева, Н.А.Мұхамединова, Ж.С.Хасанова, Г.А.Аңламасова, Ж.Н.Қалиев, Б.Қ.Игенбаева, К.А.Исмаилова, З.Ж.Айджанова саралап талдаған. Бастауыш мектеп оқушыларының тұлғалық қалыптасуы ерекшеліктері А.Қ.Аренова, Ж.С.Сардарова, Н.С.Жұмашева, А.Б.Медешова, С.М.Төрениязова т.б. ғалымдардың еңбектерінде орын алған.

Өскелең ұрпақты тәрбиелеудің жалпы жүйесіндегі ұлттық құндылық бағдар қалыптастыру жұмысын баланың мектеп табалдырығын аттаған алғашқы жылдарынан бастаудың маңызы өте зор. Сондықтан осы мәселеге қатысты ғылыми ой-пікірлерді жүйелеп, қазіргі ақпараттық қоғам жағдайындағы мүмкіндіктермен кіріктіруге көңіл аударылады.

Қазіргі кезде құндылық термині философия, әлеуметтану, мәдениеттану, этика, эстетика, психология, педагогика ғылымдарында кеңінен қарастырылуды. Бұл еңбектерде құндылық ұғымы әр қырынан зерттеліп, оның мәні мен табиғатына, тәлім-тәрбиелік жақтарына жан-жақты көңіл бөлінген.

Философ Т.Қ.Ғабитов «құндылықтар – қасиеттер» дей отырып, бұл қасиеттердің бала кезден, ана сүтімен бірге өзінің ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз бетімен, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт, дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығатындығын ерекше бағаласа, психологтар құндылықтарды тұлға аралық қатынас тұрғысынан қараудың өзіндік мәні бар екенін айтады. Құндылық ұғымында құндылық қатынастың объектісі болып табылатын адамның психологиялық сапалары, құндылықтың жалпы мәнділігін көрсететін адамдардың өзара қарым-қатынасы ұштасады.

Педагогикалық сөздікте: «құндылық-адамның ішкі құқы, ізгілігі, адамдармен қарым-қатынасты, іс-әрекет кезіндегі көрсетілетін тұрақтылығы, қайырымдылығы, мейірімділік тәрбиесі», - делінген. Сондықтан біз «құндылық» ұғымын адамды тәрбиелеу үшін оның өмір сүруіне ең керекті, маңызды, қажетті, бағалы дүниелердің жиынтығын құрайтын педагогикалық категория ретінде қарастырамыз.

Бүгінгі таңда маңызды әлеуметтік құндылықтар болып табылатын ұлттық құндылықтардың мәні ерекше артып отыр. Әрине, ұлттық құндылық тақырыбы тек бүгінгі күннің мәселесі мәселесі деуге болмайды. Бұл адамзат тарихында сонау ІХ-ХV ғасырлардағы Қорқыт, Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, М.Қашқари, Қожа Ахмет Йасауи, Асан Қайғы сияқты қазақ даласының ойшылдарының еңбектеріндегі «Кемел адам» тұлғасын жасау идеяларында айқындалған. Ғұламаларымыздың еңбектеріндегі құндылықтарды зерделей келе, былайша топтастыруға болады:

- Заттар мен құбылыстардың маңыздылығын түсінуге көмектесетін құндылықтар: Өмір, Теңдік, Жер, Отан,Отбасы т.б.
- кемел тұлғаға тән дара қасиеттер түрінде көрінетін құндылықтар: өмір сүйгіштік, имандылық, ізгілік, тектілік, парасаттылық, тәубешілік т.б.
- адамдардың өзара қарым-қатынасының ережелерін белгілейтін құндылық-өлшемдер: туысқандық, достық, жолдастық, т.б.

Ұлттық құндылық бағдар қалыптастырудағы басты жол ретінде осы еңбектердегі құндылықтарға әркез орала отырып, осынау мол мұраны жас бүлдіршіндеріміздің игілігіне айналдырудың, олардың ұлт азаматтары ретінде қалыптасуына көмектесудің маңызы күннен күнге артып отыр.

Педагогика ғылымында ұлттық құндылықтардың әлеуметтік, адамгершілік маңызы туралы идеялардың дамуы Г.Н.Волков, Қ.Б.Жарықбаев, С.А.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова, Р.К.Төлеубекова, Е.Ш.Қозыбаев, Ш.И.Джанзакова т.б. ғалымдардың іргелі зерттеулерімен тығыз байланысты. К.Қожахметова әр адамның бойына қуат беретін, жігерін жасытпай рухтандыратын ұлттық рухани- адамгершілік құндылықтарды ерекше бағалай келе төмендегідей түрде жіктейді:

- Жалпы адамзаттық: Отан, отбасы, тәрбие, білім, махаббат, достық, бейбітшілік, теңдік, бостандық, ана, дін, өнер, жауапкершілік, адалдық, отансүйгіштік, сенім, ерлік, азаматтық, сыйластық, түсініспеншілік, мейірбандық.
- Ұлттық: Ар, намыс, ана тілі, рух, тәубешілдік, ризашылдық, Отанының тарихы, туған жер, ізеттілік, парасаттылық, рахымшылдық, қанағатшылдық, ата салты, дәстүр, жеті атасы, шежіресі.

Педагог ғалымдар Г.Аңламасова, Н.Мұхамединова, Ж.Ембергенова, С.Қоңырбаева т.б. өз еңбектерінде ұлттық құндылық ұғымын әр қырынан қарастырып, анықтамалар берген. Мәселен ғалым Н.А.Мұхамединова ұлттық құндылыққа мынадай анақтама береді: «Ұлттық құндылық белгілі бір ұлтқа тән, адам болмысындағы, қарым-қатынастығы адами құндылықтың, ұлылықтың жетілген бейнесі».

Отандық педагогика ғылымында құндылық бағдар қалыптастыру мәселесі әр түрлі деңгейде зерттелуде. Мәселен, профессор Нұрғалиева Г.Қ. өзінің еңбегінде құндылық бағдар қалыптастырудың философиялық, педагогикалық-психологиялық негіздерін саралай келіп, құндылық бағдардың өзіндік тетіктер арқылы жүзеге асып отыратынына көңіл аударды(іздену-бағалау-таңдау-көшіру).

Құндылық – тәрбие мен оқтудағы адамгершілікке бағытталған мұраттар. Оларға меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылдық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады.

Құндылықтар – шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол адам санасында орын алады. Құндылықтар сезім арқылы қабылданады, ал сана арқылы оны түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «құндылық – нарқы жоғарылық, қымбаттылық, бағалылық. Құндылық арқылы сол заттың маңызын, мәнділігін, пайдалылығын, қажеттігін білуге болады» - деп сипаттайды.

Отандық философ Т.Қ.Ғабитов құндылықтар – қасиеттер дей отырып, бұл қасиеттердің бала кезден, ана сүтімен бірге өзінің ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт дәстүрін игеру нәтижесінде орнығатындығын ерекше бағалайды. Ол құндылық қатынас әрқашан да субъектінің бойында белгілі бір эмоцияларды – қуану, сүйсіну, таңдану, табыну т.б. туызатындығын айта келе, мынадай құндылықтарды анықтайды: адам өмірі, еркіндік, адамгершілік, отбасы, қарым-қатынас, жеке бақыт, ұрпақ көбейту, күнкөріс көзі және әрекет мәні ретіндегі жұмыс, игілік, белсенділік, заңдылық, мейірімділік, тәуелсіздік. Құндылықтар өмір сүріп қана қоймайды, сонымен қатар бір-бірімен салыстырыла отырып, өзіндік құндылықтық қатарды, құндылықтық сатыны құрайтындығын айтады.

Әлеуметтанушы Б.Ерасов «құндылықтың пайда болуы, адамның қажеттілігін қанағаттандыратын іс-әрекет, бұл белгілі бір мақсатта жүреді», - дейді. Сөйтіп, әлеуметтану ғылымында әлеуметтік-мәдени құндылықтардың мынадай түрлерін ажыратады: саяси мұраттар, мемлекет тарихы, мемлекет мәдениеті, мемлекеттік шекара, дәстүлері, тіл, т.б.

Педагогикалық сөздікте: «құндылық» - адамның ішкі құқы, ізгілігі, адамдармен қарым-қатынасы кезінде, іс-әрекет кезіндегі көрсетілген тұрақтылығы, қайырымдылығы, мейірімділік тәрбиесі делінген. Себебі педагогикада «құндылық» тәрбие барысында жүзеге асады.

Педагогика ғылымында құндылық мәселесіне қатысты көптеген еңбектер жарық көрді. Бұл еңбектерде құндылық ұғымы әр қырынан қарастырылып, оның мәні мен табиғатына, тәлім-тәрбиелік жақтарына жан-жақты көңіл бөлінген.

Жоғарыда аталған еңбектер оқушыларды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу мәселесінің біркелкі зерттелгенін айқындайды.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қ.Бөлеев, Л.Бөлеева, П.Бөлеева, Ә.Оразова. «Қазақ ағартушы-педагогтарының мерзмді баспасөздің оқушыларға ұлттық тәрбие берудегі рөлі туралы ой-пікірлері». Ұлағат//. №3. 2007
2. Джонисова Г.К. Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық бағдарын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Оқу-әдістемелік құрал. Орал, 2009.
3. М.С.Керімбаева. «Ұлттық мәдениетті қалыптастырудағы мектептің қызметі». Астана, 2008 ж.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ

Бөкейханова Мадина

*«Семей көп салалы колледжі» мекемесі, Семей қаласы
МДТ-41 тобы, 4 курс, мамандық «Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру»*

Ғылыми жетекші: **Танбаева Н.С.**

Биология ғылымдарының магистры, «Семей көп салалы колледжі» мекемесі, Семей қаласы.

Бүгінгі күні еліміздің білім беру жүйесіндегі негізгі тұлға педагог болғандықтан, оқытудың жаңа деңгейіне көшуге байланысты сапалы білім беру міндеті мұғалімге жүктеледі. Мұғалім оқыту әдістемесіне жаңалықтарды енгізіп, шығармашылықпен айналысып, үнемі өз білімін жетілдіріп отыру керек. Білімді жаңғыртудың басты мақсаты білім беру жүйесінің тұрақты дамуынан және оны ХХІ ғасыр қажеттілігіне сай қамтамасыз етуден тұрады. Қазіргі таңдағы білім беру саясатының ең бірінші міндеті – жоғары сапалы білім беруге қол жеткізіп әрі оны тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өзекті де, өміршең қажеттілігіне сәйкестендіру.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық - заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз

сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», - деп атап көрсетті. [1]

Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе білім беру, ғылымды дамыту.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісі технологияландыру мәселесін қойып отыр. Заман талабына сай білім оқу орындарында білім мазмұнын, оның құрылымдық жүйесін жақсарту білім реформасының жүзеге асуының басты шарты. Осы заманғы білім берудің стратегиялық мақсатын өз жауапкершілігін сезіне алатын, өздігінен әрекет етуге және әрекетінің шешімін таба білуге қабілетті, барлық істе сауатты тұлғаны оқыту мен тәрбиелеуді қамтамасыз ету болып табылады. Жоғарыдағы мақсаттарға жоғары оқу орындарында білім берудің Отандық және әлемдік тәрбиелерінде қалыптасып, өз қызметін оң атқарып келе жатқан білім мазмұнының негізгі құрылымын жобасын жүзеге асыруды қолданылатын жаңа педагогикалық технология арқылы жету көзделеді. Қазіргі уақытта модульдік оқыту технологиясын көптеген оқытушылар пайдалануда. Модульдік оқыту 1960 жылдардың аяғына қарай шет елдерде (АҚШ-та) дәстүрлі оқудың бір нұсқасы, бағыты ретінде пайда болды. «Модуль» латынның «өлшем», «шама», «мөлшер» деген сөзі.

Сонымен қатар модуль дегеніміз ірі блок, бөлінген, яғни оқу материалдарын, бөлшекке, блоктарға бөліп беру. Айта кетер тағы бір тиімді жағы бірізділігі, жүйелілігі, дарынды оқушылармен жұмыс істеуге қолайлы. Модульдік оқыту технологиясымен оқыту нұсқасында білімді толық игеруді негізге ала отырып, қазіргі дидактика талабына сәйкес, білім алушыларды оқыту ғана емес, тұлғаның танымдық қызметін ұйымдастыруға, оқу үрдісін диалогтік қарымқатынас негізінде құруға болады. Дүниежүзінде білімнің рөлі артып, әр елдің өзіндік білім беру жүйесі тағайындалған. Бірақ, ол әлем халықтарының білім берудегі тәжірибесімен, бағыт-бағдарымен деңгейлес болуы қажет. Қазақстан Республикасындағы үлкен өзгерістердің білім беру саласында қамтылуы маңызды іс-шара болып табылады. Осы орайда білім беруді дамыту тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудағы маңызды құжат екендігі сөзсіз.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі- жастарға терең білім беру. Ал, оның негізі техникалық және кәсіптік білім берудің оқыту үрдісін жақсартуға жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Оқушылар терең де жүйелі білім және әдістемелік тәсілдерді жетік меңгерген болуы тиіс.

Пәндерді оқытуда тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызғылықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Қоғам дамыған сайын, барлық құрылым бірге дамиды.

Қазіргі таңда кәсіптік және технологиялық білім беру үрдісінде кеңінен қолданылып жүрген бірнеше инновациялық технологияларды атап көрсетуге болады. [2]

Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар:

- проблемалық оқыту;
- дамыта оқыту;
- деңгейлеп оқыту;
- дәстүрлі оқыту;
- модульдік оқыту
- сұрақ-жауап ойындары;
- цифрлық білім беру ресурстары.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:

- балаға ізгілік тұрғысынан қарау;
- оқыту мен тәрбиенің бірлігі; -баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;
- баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;
- баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту;
- әр оқушының дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу;

Проблемалық оқыту - ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге нәтижелерге жету жолдарын, баланың таным дербестігін қалыптастырып, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Дамыта оқыту - мектеп жасына дейінгі балада білім, білік дағдының қалыптастыруын жоққа шығармайды, бірақ оқыту мен тәрбиелеу баланың дамуын қамтамасыз ететін жағдай болу керек.

Дамыта оқыту технологиясы ұйымдастырылған оқу іс әрекетінде балаларға тәрбиешінің қарапайым ізденгіштік, зерттеушілік іс әрекетін қалыптастыру тән. Дәстүрлі оқыту - балалардың таным қабілеттері және жас мөлшері шамамен бір деңгейді құрайды. Оқыту барысында жоспарланған тақырып кеңінен түсіндіріледі, балалар сол тақырып бойынша білім, білік дағдыларын игеру мақсатында жұмыс істейді. Цифрлық білім беру электрондық оқулықтар, компьютерлік ойындар, виртуалды жаттығу әдістері, ғылыми-әдістемелік зерттеулер құрайды. Цифрлық білім беру міндеті: - Оқытушының сабаққа дайындығына көмек. - Оқытушының сабақ өткізу үрдісінде көмек. - Оқушының үй тапсырмасын орындауда көмек.

Сол негізгі құрылымның бірі ретінде білім беру жүйесінің толассыз даму және тоқтамсыз өзгеріс үстінде болу, үдерістің бір белгісі екені анық. Әлемдік сарапшылар білім беру жүйесін салыстыруға келетін бірнеше елдерді атап көрсеткен. Олардың алғашқы бестігіне АҚШ, Канада, Сингапур, Финляндия, Швеция тағыда басқа бірнеше елдер жатады. Ол елдер ең алдымен білім саласына салынған инвестиция көлемін, мамандар дайындау мәселесін, оқулар арасындағы қоғамдастық тағыда басқа жиырма шақты критерийді негізге алған. Жаңа ғасыр көгінде әлем кеңістігіндегі білім беру саласы да жаңа арнаға бет бұрды. Бүгінгі ақпараттар легі тасқындаған уақыттың талғамы бөлек, ~ талабы өзгеше болғандықтан, заманға сай қоғам болашағы жас ұрпақты тәрбиелеу үлкен жауапкершілікті міндеттеді. Бұрынғы цензуралық білім жүйесі, стандартты қайталауға арналған сабақ құрылымы ата-ананың да, баланың да талғамынан, табылмады. Бұл жалғыз біздің елімізді ғана емес, барлық мемлекетті толғандырды. [3]

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық — заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», деп атап көрсетті. Қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі үшін жаңа модульдік оқыту бағдарламасын жасау халықаралық талаптарға сай және жұмыс берушінің талаптарын анықтайды. Мұндай бағдарлама біріншіден, халықаралық еңбек нарығында Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі белсенді ойыншы болуы, екіншіден білім беру шарттарының сапасына ұсынылатын қатаң талаптар негізінде дайындау сапасын арттыру.

Бұл модульдік оқыту бағдарламасы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі үшін еңбек нарығының талдамасы мен функционалдық талдама негізінде жұмыс берушілермен тікелей және тығыз байланыста жасалған. Қорыта айтқанда, модульдік оқытудың өзегі – оқу модулі. Оқу моделі ақпараттардың аяқталған блогынан, бағдарламаны табысты жүзеге асыру үшін берілген оқытушының нұсқауларынан және оқушы іс-әрекетінің мақсатты бағдарламасынан тұрады. Модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істеу алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Модульдік оқыту технологиясының жеке тұлғаның өз-өзін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыратын бірден-бір технология. Басқа салалар секілді, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне де тың технологияларды енгізуге үлкен мән беріліп жатыр. [4]

Оқу процесінде жеке тұлғаның білікті маман етуге бағытталған оқыту тәсілдерін озық тәжірибемен сабақтастыру бүгінде күн тәртібіне шықты. Өйткені, белгілі бір оқу орнын бітіріп шыққан түлектің алған білімі жұмыс берушінің талабымен сәйкес келе бермейді. Ақыры, сол маманға мұқтаж болып отырған жұмыс беруші жас кадрды қайтадан даярлап, оқытуға мәжбүр. Бесасап жұмысшы мамандар даярлау – бүгінгі күннің басты мәселесі. Сондықтан да кәсіптік білім беру саласында студенттерді кәсіби мамандыққа үйрету және тәрбиелеуде өндірістік оқыту шеберлері педагог болып саналады. Оқу процесін жетілдіру, оқушылардың қазіргі кезеңдегі технологиялық процестерді меңгеруі үшін өндірістік оқытуда көптеген инновациялық әдістерді тиімді қолдана отырып, мамандығын жақсы меңгерген, білімін әрі қарай жетілдіріп отыратын білікті де, білімді кәсіби мамандар даярлауға әбден болады деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Білім мен ғылым — даму тетігі / Елбасының ҚР Білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан, 13 қазан, 2014.
2. Скакун В.А. Введение в профессию мастера производственного обучения: Методические пособие. - М.: Высш. шк., 2010 г.
3. Н.Ә. Назарбаев., Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.
4. Қабдықайыров Қ., Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А, 2015
5. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2011. «Әлеуметтік әріптестік жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру», Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы №2 (26) 2013ж;

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Дәулетқан Шаттық

*Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, Семей қаласы
«Педагогика және психология» мамандығы, МПП-221 топ магистранты*

Ғылыми жетекші: Джумажанова Г.К.

психология ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті

Патриотизмді бүгінде халық ұлттық мүдделерді қорғау, тәртіп орнату, әлеуметтік әділеттілікті жүзеге асыру, қоғамның құқықтық негіздерін нығайту бойынша биліктің күш-жігерін қолдауға келісім беру, алынған еркіндік шеңберінде дәстүрлі құндылықтарды оң және сындарлы іске асыру үшін мүмкіндік ашу ретінде ұғынуда. Рухани бағдарларды іздеу және бекіту жағдайында патриотизм ұлттық идеяға айнала алады, егер оны халық игерсе және көптеген адамдар үшін ішкі сенім мен көзқарасқа айналса, материалдық күшке айналады.

Ол қоғамды біріктіре алады, көптеген адамдарға олардың өмірінің мәнін ашады, біздің түсінікпен жауапкершілікті әлеуметтік-таптық және ұлттық-этникалық айырмашылықтар шеңберінен тыс көтере алады. Мақсатты түрде ұйымдастырылған патриоттық тәрбиенің арқасында жастар:

- қазіргі әлемдегі орны мен рөлін түсінеді;
- Отан, мемлекеттік және олардың елді топтастырудағы рөлі сияқты ұғымдар-рәміздердің нормативтік және құндылық мазмұнын түсінеді;
- олардың ұлттық бірегейлігінің дәстүрлі және заманауи рәміздерін анықтайды;
- әлеуметтік бағдарланған іс-шараларға қатысуға белсенді бастама көрсетеді [1].

Патриоттық тәрбиенің мақсатты ұйымдастырылуы жастарға Отан, мемлекет, әлеуметтік әділеттілік сияқты ұғымдардың нормативтік және құндылық мазмұнын, олардың елдің шоғырлануындағы рөлін, дәстүрлер мен қазіргі заманның, өткеннің, бүгіннің және болашақтың бірлігі тұрғысынан өзін - өзі анықтаудағы рөлін ашуға көмектеседі.

Жастарды патриоттық тәрбиелеу мәселелері әрдайым педагогикалық ғылымдардың зерттеулерінің басты назарында болды. Патриоттық тәрбие жүйесі қазіргі уақытта әлеуметтік маңызы бар құндылықтарды: білім беру процесіндегі азаматтылық пен патриотизмді; мемлекеттік құрылымдар, қоғамдық ұйымдар ұйымдастыратын және жүзеге асыратын жаппай патриоттық жұмысты қалыптастыруды және дамытуды көздейді; бұқаралық ақпарат құралдарының, ғылыми және шығармашылық одақтардың патриоттық тәрбие мәселелерін қарауға және жариялауға, патриот тұлғасын қалыптастыруға және дамытуға бағытталған қызметі болып табылады.

Бүгінде патриоттық бағыттағы тұлғаны қалыптастырумен мемлекеттік деңгейдегі білім беру және қоғамдық ұйымдар айналысады. Көпұлтты қоғам жағдайында ғалымдар мен мұғалімдердің басты міндеті - патриотизм бейнесін қалыптастыру. Бұл үшін тарихи тәжірибені ескеру қажет.

Кіші мектеп оқушыларымен оларды туған қаласының тарихымен және мәдениетімен таныстыру бойынша жұмыстың негізгі мақсаты-олардың тұрғылықты жеріне деген мақтаныш пен

құрмет сезімдерін тәрбиелеу. Балалар туған өлкенің тарихы мен табиғаты туралы түрлі фактілерді білуі керек. Бастауыш сынып оқушыларын туған қаласымен таныстыруға дәстүрлі (фоторепортаждар, танымал адамдар туралы әңгімелер, көркем альбомдар жасау, өлеңдер оқу), сондай-ақ инновациялық (ғимарат макетін жасау; қала картасын зерттеу және оған ең маңызды нысандарды салу; фоторепортаждар) жұмыстардың алуан түрлері ықпал етеді. Балаларды туған өлкенің тарихымен және мәдениетімен таныстыру жас ұрпақты патриоттық тәрбиелеудің негізі болып табылады, сондықтан мұғалім балалардың эмоционалды реакциясын және өз бетінше білім алуға деген ынтасын тудыратын жұмыс әдістерін таңдауы керек. Жұмыстың бұл түрлеріне, мысалы, викториналар, әңгімелер құрастыру, өлкедану тақырыбындағы мақал-мәтелдерді таңдау, туған өлкенің жануарлар мен өсімдіктер әлемі, оның тарихы, сәулеті, танымал адамдар туралы суреттері бар альбомдар жасау жатады [2]. Сондай-ақ патриоттық тәрбие беру үшін жұмысқа халық ойындарын, оқушылар халық дәстүрлеріне белсенді араласатын, өзара көмек көрсетуді үйренетін әндерді қосу қажет. Бастауыш сынып оқушыларында патриоттық сезімді қалыптастыру жұмысы жүйелі болуы керек және бастауыш сынып оқушылары мен мұғалімдердің, сондай-ақ ата-аналардың белсенді қызметін қамтуы керек. Бастауыш мектептегі патриоттық тәрбие балаларды жалпыадамзаттық құндылықтарға, Отанымыздың және атап айтқанда туған өлкенің тарихы мен мәдениетіне баулуға ықпал етуі тиіс; баланың интеллектуалды дамуын қамтамасыз ететін, азаматтың жеке басының дамуына жағдай жасауға көмектесетін бастауыш сынып оқушыларының қызығушылығын, танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған болу.

Бастауыш сынып оқушыларын патриоттық тәрбиелеу бойынша жұмыс жүйесі балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін біріктіруге негізделген: оқу, сөйлеу, бейнелеу, танымдық, конструктивті, ойын. Патриоттық сезімді дамыту, туған өлке туралы білімді кеңейту экскурсияларға, қызықты адамдармен кездесулерге, мұражайларда, балалар кітапханаларында әңгімелесулерге ықпал етеді. Мұны мектеп сабақтарында да, оның ішінде сыныптан тыс және отбасылық тәрбиеде де жасауға болады [2]. Ересек оқушыларда патриоттық сезімді дамыту жөніндегі жұмыс оларды өздері тұратын және мектеп орналасқан елді мекенмен таныстырудан басталады. Балалар қаланың, ауданның жоспарын қарап, оның ең қызықты және есте қаларлық жерлерімен және танымал адамдармен танысады. Кіші мектеп жасы психологиялық-педагогикалық ғылымда баланың жеке басының қарқынды қалыптасу кезеңі ретінде қарастырылады, өйткені қазіргі уақытта оның дүниетанымы, айналасындағы әлемге деген көзқарасы қалыптасады.

Кіші мектеп оқушылары мемлекеттік рәміздермен таныс: Ту, Елтаңба, Әнұран. Әрі қарай, сіз қаланың ұқсас белгілерін қарастыра аласыз. Бұл балаға өз елінің тарихымен, мысалы, Жеңіс шеруін көргенде өзін сезінуге мүмкіндік береді. Балалар Мемлекеттік рәміздер мемлекетте тұратын барлық адамдарды біріктіреді, олар елдің барлық азаматтарына ерекше белгілер ретінде қызмет етеді деген қорытындыға келуі керек [3].

Баланы туған өлкенің мәдениетімен таныстыру келесі шарттарды сақтауға негізделген: 1. Өлкедану қызметіне ересектер мен балалардың тікелей қатысуы.

2. Халықтық тәжірибені балалардың өмірінде тікелей пайдалану (дәрілік шөптерді жинау, бау-бақша учаскесінде жұмыс істеу);

3. Дәстүрлі мәдени стандарттарды тек балалар ғана емес, олардың туыстары, достары, мұғалімдері де игереді.

4. Отбасында патриоттық тәрбие беру. Дәл осы жерде негізгі құндылықтар қойылып, туған жерге деген сүйіспеншілік тәрбиеленуі керек [3].

Баланы туған өлкенің мәдениетімен таныстыру бойынша жұмыс бастауыш мектепте келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- тарихи өлкедану (әскери-тарихи, тарихи-мәдени, тарихи - мұрағаттық);
- сабақтан тыс іс - шаралар аясында Бастауыш мектепте өлкедану қызметінің ұйымдастырушылық нысандары ретінде мыналар әрекет ете алады:
- өлкедану үйірмелері;
- мектеп мұражайлары базасында жұмыс істейтін мұражай ұжымдары;
- суреттер, фотосуреттер, макеттер, қолдан жасалған бұйымдар, компьютерлік шығармалар көрмелері;
- танымал адамдармен кездесулер;
- тұрмыспен және дәстүрлермен, жазушылармен және ақындармен танысу.
- "өз отбасының отбасылық ағашын" құрастыру баланың отбасындағы дәстүрлер туралы әңгімелермен толықтырылуы мүмкін. Осылайша, бастауыш мектеп жасындағы балаларды туған

өлкенің мәдениетімен таныстыру бойынша жұмыстың негізгі идеясы-туған өлкенің тарихы мен мәдениеті туралы жүйелі білім қалыптастыру, өзінің кіші отанына деген сүйіспеншілік сезімін, мектепте де, отбасында да мақтаныш сезімін тәрбиелеу. Бұл жұмыс кіші мектеп оқушыларын одан әрі дамыту үшін патриотизмнің негізін қалауға көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер

1. Суетина, Л.Р. Воспитание гражданина и патриота через историю и культуру родного края / Л.Р.Суетина. // Молодой ученый. – 2014. – №17. – С. 544 -546.
2. Тюлепаева, Э.Р. Приобщение младших школьников к национальной культуре родного края / Э.Р. Тюлепаева // Вестник ЧГПУ. – 2010. – №6 – С.201–207.
3. Кондрашова, Н.В. Духовно–нравственное воспитание младших школьников посредством игровой деятельности в условиях поликультурного региона / Н.В. Кондрашова. // Научный журнал КубГАУ – Scientific Journal of KubSAU. – 2012. – №81. – С.1020–1030.

ИННОВАЦИИ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ КАЗАХСТАНА

Елшібек Д. Ж.

*Каратауский строительно-технический колледж, город Каратау
4 курс, специальность «Техническое обслуживание и ремонт горного
электромеханического оборудования»*

Абдиназаров Е. С.

*Каратауский колледж технологии, образования и бизнеса, город Каратау
4 курс, специальность «Электроснабжение»*

*Научные руководители: Жузбаев Н.К., Уналов Т.Т.
преподаватели первой категории, соискатели.*

Актуальность и значимость проблемы развития инноваций в образовании Казахстана объясняется новым этапом развития нашего государства, ориентированного на ускоренное продвижение страны в сообществе конкурентоспособных стран мира.

Лидер нации Республики Казахстан Н.А.Назарбаев подчеркнул: «Образовательная реформа должна достичь уровня, при которой любой гражданин нашей страны, получив соответствующее образование и квалификацию, сможет стать востребованным специалистом в любой стране мира». В данном контексте ведущий малайзийский экономист Махатхир Мохаммад отметил, что у Казахстана есть единственный путь достижения высокого уровня конкурентоспособности – «...опора на инновации и качественное образование». Именно поэтому, одним из глобальных инициатив Лидера нации является приближение системы образования, а также подготовка кадров к мировым стандартам.

В современную эпоху стремительных перемен приходится отказываться от привычных представлений о том деле, которым ты занимаешься, постоянно совершенствоваться в каких-то новых областях. Научный и социальный прогресс быстро, кардинально изменяет условия труда и содержание деятельности человека. Многие изменилось и в отечественной педагогической системе последнего десятилетия.

В условиях инновации в педагогической науке учителю, руководителю (технологу) учебного процесса необходимо ориентироваться в широком спектре инновационных технологий, идей, школ, направлений, не тратить время на открытие уже известного. Сегодня быть педагогически грамотным специалистом нельзя без изучения всего обширного арсенала образовательных технологий. В настоящее время много внимания уделяется инновационным образовательным технологиям. Что обозначает эта терминология? Инновации (от англ. Innovation – нововведение, новация) – это изменения внутри системы. В педагогической интерпретации и в самом общем смысле инновации подразумевают нововведения в педагогической системе, улучшающие течение и результаты учебно-воспитательного процесса.

Инновационность социально-экономического развития предполагает способность образовательных учреждений, к восприятию и генерации нововведений, новаторских проектов, на основе которых формируются предпосылки для возникновения прорывных научно-технологических направлений, стимулируется развитие принципиально новых исследовательских, организационно-управленческих, экономических подходов, способных улучшить качество жизни и усилить общую конкурентоспособность человеческого потенциала Республики Казахстан.

В этих условиях к уровню «инновационности» образования предъявляются особые требования. Ускоренное расширение информационного пространства, постоянное увеличение массивов располагаемой информации в сети «internet», возможность в режиме реального времени получать доступ к первоисточникам новой информации во всех областях знаний, предъявляют повышенные требования к креативности образовательного процесса в высшей школе. Интенсификация учебного процесса становится необходимым условием улучшения качества образования в целом, и усиления его инновационности в частности.

Образование и наука являются национальными приоритетами государственной политики Казахстана, что обусловлено их особым статусом – как инвестиций в будущее общества и государства. Это обусловлено несколькими причинами: во-первых, система образования – это одна из немногих отраслей экономики, которая затрагивает интересы всех членов общества, во-вторых, возрастает значение системы образования в развитии человеческого капитала как основного критерия уровня общественного развития страны и жизни общества, в-третьих, система образования является важнейшим фактором роста экономического развития и национальной безопасности государства.

Здесь, наиболее важно создать условия участия бизнеса в сфере образования, в частности строительство детских садов, школ, спонсирование обучения в казахстанском и зарубежном вузе. Для этого необходимо учитывать опыт передовых стран мира в построении эффективного механизма взаимодействия бизнеса и общества. Так как наиболее опасными угрозами для национальной безопасности Казахстана являются внутренние факторы, среди них наиболее важный – разделение общества на конфронтующие стороны, в частности, по линии богатые-бедные, что приведет к утрате стабильности. В свою очередь стабильность общества – залог успешной и эффективной политики обеспечения национальной безопасности и развития государства в целом.

Финансирование научных открытий со стороны предпринимателей позволит бизнесменам использовать достижения научно-технического развития, инновации для увеличения и модернизации производства конкурентной продукции, в том числе информационных технологий, что будет способствовать усилению уровня информационной безопасности в целом государства. В свою очередь, устойчивое положение малого и среднего бизнеса – основы экономики развитых государств – позволит повысить экономический рост, увеличить поступление в бюджет, следовательно, государственных расходов, направленных на решение социальных и других проблем.

Спонсирование научной сферы бизнесом будет иметь и другое положительный эффект. Так, расширится численный и количественный состав организаций, занятых в научных разработках, в том числе и в сфере национальной безопасности, как основы любого современного государства. В связи с чем, Совет безопасности сможет привлекать к аналитической разработке обеспечения национальной безопасности общественные организации, частные структуры, «мозговые центры» различного направления, что будет способствовать улучшению проработки того или иного вопроса, следовательно, принятия решений. Однако, здесь следует вести жесткий отбор по привлечению аналитических организаций, и исключать из списка те структуры, которые финансируются из-за рубежа. В этой связи необходимо наделение Совета безопасности РК функциями по координации исследовательских программ в области национальной безопасности. Это поспособствует мобилизовать общественность на осмысление и непосредственное участие в решении задач обеспечения национальной безопасности, что позволит повысить результативность работ в данном направлении и органов государственной власти.

Инновационное образование предполагает определенные инновации в своем содержании, новые подходы к обучению, инновационные формы и способы его организации, принципиально новые технологии обеспечения всего образовательного процесса, а также инновационные результаты и продукты. Одним из примеров инновационного образования является «Программа инновационных образовательных проектов Общественного Фонда «Фонд образования Нурсултана Назарбаева» (ФОНН). В нее входят такие проекты, как «Международная школа Мирас-Астана»,

«Международная школа Мирас-Алматы», «Международная школа Алматы», «Военный специализированный лицей «Арстан». ФОНН является стейкхолдером таких проектов в системе высшего образования как «Университет Международного Бизнеса», «Международный Университет Информационных Технологий», «Казахстанско-Британский Университет». Включение того или иного проекта в Программу инновационного образования ФОНН зависит от цели проекта: она должна отвечать стратегическим ценностям миссии. В стадии разработки находятся такие проекты, как «Детский сад Монтессори-Алматы», «Детский сад-Атырау».

Проводимые преобразования данной программы позволяют сохранить образовательный потенциал республики и обеспечить его дальнейшее развитие. Стратегическими и концептуальными ориентирами новой национальной конкурентоспособной модели образования являются: формирование интеллектуальной нации, переход на международные стандарты образования, интеграция в мировое образовательное пространство, повышение качества образовательных услуг.

Развитие инновационных процессов в сфере образования Казахстана соответствует современным тенденциям мирового образовательного процесса и способствует формированию эффективной инновационной экономики - экономики знаний в Республике Казахстан.

Список использованной литературы

1. Раджерс Э. Понятие о инновации. – //Школа Казахстана, №4, 2006.
2. Кабдыкайыров К. Диагностика инновационных технологии. – А., 2004
3. Учитель в условиях инновационной деятельности. - Алматы: РОНД, 2002.
4. Стратегия развития «Казахстан-2050».
5. М.Валиева «Новые педагогические технологии» Методическое указание, 2000.

ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ.

Ералы Г.Ә.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
315 тобы, 3курс, мамандық «Педагогика және психология»*

Ғылыми жетекші: Азизова А.Ф.

Педагогика ғылымдарының магистрі,

Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университетінің оқытушысы

Оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану қазіргі заманғы білім берудің өзекті мәселесі болып табылады. Бүгінгі таңда кез-келген пән бойынша мұғалім АКТ-ны қолдана отырып сабақ дайындап, өткізе алуы керек. Білім беруде заманауи технологияларды қолдану оқушылардың жеке басын қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасайды және қазіргі қоғамның қажеттіліктеріне жауап береді.

Білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) – бұл білім беру мекемелері мамандарының (әкімшіліктің, тәрбиешілердің, мамандардың) қызметін жетілдіру үшін, сондай-ақ балаларға білім беру (дамыту, диагностикалау, түзету) үшін оқу процесінде, оларды қолдану нысандары мен әдістеріндегі оқу-әдістемелік материалдардың, есептеу техникасының техникалық және аспаптық құралдарының кешені.[3]-Захарова И. Г. Информационные технологии в образовании.

Мектептегі білім беру реформаларының қазіргі кезеңінде оқу процесіне ақпараттық-коммуникациялық технологиялардыенгізумен тығыз байланысты екені анық. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану сабақта да, жаңа материалды түсіндіруде де, оған дайындық кезінде де уақытты үнемдейді, мұғалімдерді оқытудың жаңа тәсілдерін іздеуге шабыттандырады, мұғалімнің кәсіби өсуін және ата-аналардың құзыреттілігін ынталандырады, сонымен қатар нәтижесіз күнделікті жұмыстан босатады. Алайда, оқыту сапасын арттыру үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдаланбау проблемасыда туындайтынын естен шығармау керек. АКТ құралдары мұғалімге көмекші құрал болғанымен, оның мәселелері тұстары да жоқ емес. АКТ құралдарын әр пәннің өзіндік құрылымы мен

ерекшелігіне сай орынды қолдану қажет деп ойлаймын. Қазіргі барлық ақпарат құралдары дамыған уақытта қандай да болсын қиын тапсырмаларды сандық технологиялар көмегімен оңай әрі, тез шешуге де болады. Бұл жағдай біздің ғалымдарымызды да ойландырып жүрген үлкен бір мәселе болып тұр. Себебі сандық технологиялар оқушының ойлау қабілетін дамытуға шектеу болып тұр. Оқушы тапсырмаларды ойланып өз бетінше орындағаннан гөрі сандық технологиялар көмегіне сүйенеді. Ал оқушының 11 жыл бойы алған білімін саралайтын кезеңі ҰБТ- да осы сандық технологияларды пайдалануға қатаң тиым салады. Сондықтан АКТ құралдарын пайдалануды мұғалім сабақ үдерісінде тиімді жоспарлаған жөн. Менің мұндай тұжырымға келуіме дәлел ретінде мына мәліметті келтіргім келеді.[1]- Степанова С.В., Зубкова С.А. Использование ИКТ в организации образовательной деятельности детей.

Қазіргі таңда білім беру үрдісінде осы АКТ құралдарын қолдану мәселелері өзекті мәселердің қатарынан орын алып, әлі де ақпарат құралдары бетінде талқыланып келе жатқан өзекті тақырып болып отыр.

БҰҰ – ның шешімімен «XXI – ғасыр ақпараттандыру ғасыры» деп аталғаны баршамызға аян. Қазақстан Республикасы да ғылыми – техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру дегеніміз – берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған үрдіс, яғни еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде кәдімгі технологияларды тиімді және компьютерлік ақпараттандыру технологияларына алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту, нақты жүзеге асыру шаралары.

Мультимедиялық технологияларды қолданған кезде білім қабылдаудың әртүрлі арналары арқылы алынады (визуалды, аудитивті), сондықтан олар жақсы игеріліп, ұзақ уақыт есте сақталады. [2] Кузнецов А. А., Хеннер Е. К., Имакаев В. Р. и др. «Информационно-коммуникационная компетентность современного учителя».

Ендеше нақты ақпараттық коммуникациялық технологияға нелер жататынына тоқталсақ:

- Компьютер-ақпаратты өңдеудің әмбебап құрылғысы
- Принтер-оқушылар тапқан және жасаған ақпаратты қағазға түсіруге мүмкіндік береді. Көптеген мектеп қосымшалары үшін барынша түрлі-түсті принтер қажет.
- Проектор - мұғалім жұмысындағы көрнекілік деңгейін түбегейлі арттырады:
- Телекоммуникациялық блок (ауыл мектептері үшін - ең алдымен, спутниктік байланыс) – Қазақстан және әлемдік ақпараттық ресурстарға Қашықтықтан оқытуды жүргізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, басқа мектептермен хат алмасуды жеңілдетеді.
- Мәтіндік ақпаратты енгізуге және экран нысандарын басқаруға арналған құрылғылар - пернетақта мен тінтуір (және ұқсас мақсаттағы әртүрлі құрылғылар).
- Көрнекі және дыбыстық ақпаратты жазуға арналған құрылғы (сканер, фотоаппарат, бейнекамера, аудио және бейне магнитофон) - оқу бағдарламасына тікелей қосуға мүмкіндік береді. Аудио-видео құралдары тәрбие жұмысы үшін тиімді коммуникативтік ортаны қамтамасыз етеді және бұқаралық іс-шаралардың жоғары деңгейде өтуін қамтамасыз етеді.

Ал білім беру саласындағы көп қолданыста жүрген АКТ құралдарына мыналар жатады:

- Интерактивті тақта;
- Мультимедия;
- Интернет кеңістігі;
- Электронды оқулық.
- Телевизор: Аудио-видео;
- Телефонды айтуымызға болады

Сонымен, оқытуда АКТ-ны пайдалану педагогке мынадай дидактикалық міндеттерді шешуге көмектеседі:

- оқушылардың ойлау қабілеттерін жандандыру;
- оқуға пассивті оқушыларды тарту;
- оқу процесінің қарқындылығын арттыру;
- басқа елдер мен мәдениеттер өкілдерімен тікелей қарым-қатынасты қамтамасыз ету;
- оқу процесін заманауи материалдармен қамтамасыз ету;

- оқушыларды әртүрлі ақпарат көздерімен өз бетінше жұмыс істеуге үйрету;
- оқу процесін жандандыру, оқушыларды зерттеу қызметіне тарту мүмкіндігі;
- оқу процесінің икемділігін қамтамасыз ету.

АКТ - ны сабақта пайдалану мұғалім үшін ғана емес оқушы үшін де өте тиімді:

- Оқушының еркін ойлауына мүмкіндік береді;
- Ақыл - ойын дамытады;
- Шығармашылық белсендігін арттырады;
- Ұжымдық іс - әрекетке тәрбиелейді;
- Тіл байлығын жетілдіреді;
- Жан - жақты ізденушілігін арттырады.

Сабақта АКТ құралдарын тиімді пайдалану мына нәтижеге алып келеді:

- АКТ ның тәжірибеде қолданудағы тиімділігі туралы оқушылар бағыт бағдар алады.
- АКТ туралы ғылыми ұғымдарды түсінеді және оларды қабылдайды .
- Компьютермен жұмыс жасау іскерлігін қалыптастырады.
- АКТ пайдалануға деген қызығушылығы артады. Сонымен қатар, дәл осындай бүкіл дүние жүзінде болып жатқан қиын сәтте АКТ құралдарының артықшылығы баршамызға тайға таңба басқандай анық көрініп тұр.

Қазіргі білім беру ісінің басты шарттарының бірі болып оқушының өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуына үйретіп, олардың өз оқу траекторияларын өзінің таңдай білуі есептеледі. Біздің ойымызша, ақпараттық-білім беру ортасын жобалаудағы басты мақсат оқушының өздігінен оқуға талаптандыру, яғни ізденімпаздыққа үйрету болып саналады.[3]- Захарова И. Г. Информационные технологии в образовании.

Ақпараттық технологияларды қолданудың артықшылықтары:

1. Олар оқытудағы тақырып шеңберіндегі немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады.
2. Білімге бір – бірінен үлкен ара қашықтықта орналасқан әр түрлі оқу орнында отырып қол жеткізуге болады.
3. Оқытудың жүйесінің көп деңгейлі жетілдіруі олардың таралымдалуы мен оқу сапасын арттырады.
4. Оқушы өз бетінше немесе өзге оқушылармен топтасып бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады.
5. Оқушының танымдық іс-әрекеттері күшейіп, өзіндік жұмыстарды тез орындау мүмкіндіктері артады.

АКТ пайдалану кезінде ата-аналармен жұмыста ерекше орын алады:

- кез-келген құжаттарды, фотоматериалдарды көрсету мүмкіндігі;
- ата-аналар жиналысын өткізу кезінде АКТ пайдалану;
- сайт арқылы ДОУ ұйымдастыру, ата-аналарға арналған түрлі тәрбиелік тақырыптарды тиімді өткізуге болады. Айта берсек АКТны тиімді пайдаланудың білім беру ісінде пайдасы өте көп.

Қорыта келе, бүгінгі ойымды Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген сөзімен аяқтағым келеді. Яғни, бұл жаңартылған білім – уақытында жасалған өзгеріс деп айта аламын. Сонымен қатар, қазіргі білім беруде қолданылатын АКТ құралдары оқытуда жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Жаңа технологиялар ашық және қашықтықтан оқыту жүйесінде мұғалім мен білім алушы арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Тек жақсы тұстарын пайдалану шебер мұғалімнің ұтымды идеясы болатын еді. Осылайша, әдістемелік тұрғыдан сауатты қолданылатын жаңа ақпараттық технологиялар оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады, бұл сөзсіз оқытудың тиімділігін арттырады. Айта кету керек, АКТ-ны қолдану басқа оқыту технологияларымен бірге, бір-бірін жоққа шығармай, өзара толықтырған жөн. Бір сабақта бірнеше оқыту технологиясын ұтымды ұйымдастыра білген педагог сөзсіз үлкен жетістіктерге жетері анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Степанова С.В., Зубкова С.А. Использование ИКТ в организации образовательной деятельности детей. //Справочник старшего воспитателя ДОУ, 2012, №7.

2. Кузнецов А. А., Хеннер Е. К., Имакаев В. Р. и др. «Информационно-коммуникационная компетентность современного учителя». — Информатика и образование. 2010. № 4.
3. Захарова И. Г. Информационные технологии в образовании. — М.: Издательский центр «Академия», 2010. — 192 с.

АБАЙДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ОҚУШЫЛАРҒА ОҚЫТУ

Жүсіпхан Б.М.

*Қазақ гуманитарлық инновациялық-заң университеті, Семей қаласы
413 тобы, 4 курс, мамандық «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі»*

Токсеитова Н.С

*Шәкәрім атындағы университеті, Семей қаласы 901В тобы, 2 курс, мамандық
«Музыка және бейнелеу»*

Ғылыми жетекшісі: **Султанова Н.К.,**

*Педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ гуманитарлық инновациялық-заң
университетінің доценті, Семей қаласы*

Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан - 2050» атты кешенді жолдауының «Қазақстан мұраты» бөлімінде төмендігідей тұжырым жасайды: «Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар...күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болады... Олар ұрпақ тәрбиесінде дана болады: оның саулығына, біліміне және дүниеге көзқарасына қамқорлық жасайды...» [1] деген еді.

Еліміз еңсесін көтеріп, ата-баба армандағаны осы егемендік еді деп ұрпаққа ұқтырмақ болған тұста, бүгінгі бізге керек сөз Абайдан табылады. Ол жаңа қоғам, жаңа адам тәрбиесі үшін керектіні шығармаларында жіктеп тұрып айтып кеткен. Ол өз халқының тірлігіне, оның келешегіне көп ой жіберіп, терең ойлауы мен қатты толғануынан баға жетпес асыл дүниелер тудырған. Бірде ол өкініп, бірде күйініп, бірде ұрсып айтса да онда оның өз елін озық елдер қатарында көргісі келгендік тілегі жатады. "Абай шығармасын мектепте оқыту өте орынды" деп қана қойсақ, ол жеткіліксіз. Сонымен негізгі тақырыптың мазмұнын ашу үшін ең алдымен, "оқушыларға түсіндіру дегеніміз не? Оның негізгі белгілері мен өзекті мәселелері қандай?" деген сауалдарға жауап берейік. Біздің пайымдауымызша: "оқыту шығарманың саны немесе сол сыныпта оқылатын авторлардың көптігімен жүзеге аспайды... мазмұнын түсіндіруде оқушылардың икем-дағдысы, яғни, әдеби музыкалық - шығармаларды талдауға машықтандыру, өзіндік пікір айту, әдеби таласқа баулу, ауызекі, шебер де шешен сөйлеуге, бедерлі, айшықты, оқушылардың өз шығармашылығына баса көңіл беру керек" деп есептейміз.

Рас, бұл тақырыпта жазылған зерттеулер шетелдік, отандық ғылымда баршылық. Дегенмен, тереңдетіп оқытуға дәл, нақты анықтама ойлар түйіндеп, соны идеялар, **біріншідін**, Абайдың музыкалық шығармаларының мазмұнын оқушыларға тереңдетіп оқыту ісін негіздеуі бұл еңбектің үлкен жаңалығы;

Екіншіден, ұлттық музыка тарихына жаңаша көзқарас, жаңаша оқытуды, жаңаша ойлау, жаңа көзқарас.

Үшіншіден, пәндерді интеграциялап оқыту (мәселен, тарих пен әдебиеттің, музыка мен әдебиеттің, орыс әдебиеті мен қазақ әдебиетінің, бейнелеу өнері мен музыка әдебиеттің бірлікте қаралуы) идеясының негізделуі;

Төртіншіден, жеке тұлғаны дамытуға Абайдың музыкалық шығармаларының мазмұнын бастысы баланың икем - дағдысын қалыптастыру, ойлана білуге жетелеу, шығармашылық қабілеттерін ашу, Мен - концепциясын қалыптастыруға) бағытталуы;

Бесіншіден, білім беру ісіндегі (проблемалық оқыту, даралап, саралап оқыту т.б.) тың технологияларға негізделуі еңбектің жаңашылдығының бұлтартпас айғағы деп білеміз.

Оның бірі, ақынның өз басының елден ерекше қабілеті, танып-біруге құмарлығы мен көрген, білгенін, естігенін жүйелеп жеткізе алуы; екіншісі, адамдарда көп кездесе бермейтін өзбетімен білім алуға болған құлшынысы мен өзін-өзі жетілдіру мүмкіндігі. Бұған тағы оның музыкалық қаблеті мен музыкатану саласындағы тапқырлығы және жаңашылдығын айтуға

болады. Дәл солай “жаңашыл”. Өйткені Абайға дейін қазақ даласында музыка теориясын кәсіби дәрежеде дамытқан Әл-Фараби болса одан кейінгі орынды ақын Абайға ұйғаруға әбден болады. Абай әнді еріккеннің ермегі деп түсінбейді. Өнді көркемөнердің биік шыңы деп бағалайды... музыканың тәрбиелік мәнін, әлеуметтік өмірдегі қызметін дұрыс түсінді” және қазақтың музыка өнеріне ерен үлес қосты деп бағалайды.

Ұлы Абай туралы ой толғағанда, қазақтың одан кейінгі «бір кемелі» және Абай даналығын әлемге алғаш танытушылардың бірі Мұхтар Әуезовтің мына сөздері еске түседі: «Жай адамның өмір тірлігін біздің халық мүшелмен санайтын. Оның мүшелі он екі жыл еді. Ақындықтың Әбілхаят суын ішкен, өлімді жеңген, мәңгі тірлік тапқан Абайдай дана, даңғыл ақын тарихтағы өз мүшелін жүз жылдан қайырмақ. Алтайдан Алатауға аттап түсерлік ертегі тұлпардай сайлардан, сахаралардан ғана аттап өтпей, замандардың да талайынан аттап өте бермек. Абай солай жетіп отырған жоқ па? өміріндегі қам-қайғысын халқының бағытына бағыстаған барлық дана ақынның өзіне өзі жазған «тағдыры» сол. Ақынның «Желсіз түнде жарық-ай», «Қараңғы түнде тау қалғып» тағы басқа әндері табиғатқа деген сүйіспеншілік сезіміне толы тұқтас бір махаббат дастаны десе болғандай. Сонымен біз зерттеу тақырыбымызды тәмамдайтын болсақ: тарауымызда Абайдың музыкалық шығармаларының мазмұнын оқушыларға тереңдете оқыту арқылы тәрбие беруді ұйымдастыру-бұл тек оның өмірбаянын айтып шығу мен әндерін орындау емес. Шын мәндегі тәрбие оның шығармаларының талдау арқылы түпкі пікірін, негізгі ой жүйесін әннің әуені, күйсарынымен байланыстыра ашып көрсету. Міне сонда ғана оқушылар оның шығармаларының өмірлік мәнін ұғына алады деген ойдамыз. Бастауыш сынып оқушыларына ақын шығармалары арқылы тәрбие беру-бұл әр түрлі іс-шаралар арқылы болашақта мектепте осындай жұмыстарды ұйымдастыруға даярлау деп қараған жөн. Мұнда ескеретін басты мәселе, ақын шығармаларын талдап, маңызын оқушыларға жеткізу сол арқылы олардың жандүниесіне, санасына әсерін күшейту, қызығуын ояту жолдарын меңгертілді. Абайдың музыкалық шығармаларының мазмұнын оқушыларға тереңдете оқыту арқылы жастарды тәрбиелеудің маңызы- өлең сөздің мазмұнын музыка немесе ән арқылы байытумен ерекшеленеді. Ән- сөздің сезімге әсер ету қуатын арттырады. Белгілі болғандай музыкада екі сипаттағы үндестік- мажор негізінен көңілді үндестік болса, минор – мұңды үндестікті білдіреді. Ақын шығармалары музыканың осы заңдылықтарын ұстана отырып шығарылғасын, әндері мен күйлері бірде торығу сипатын берсе, тағы бір де көңілді үндестік негізінде шығарылып, айтуға жеңіл, балалар оны жылдам қабылдайды.

Абайдың музыкалық шығармаларының мазмұнын оқушыларға оқыту арқылы тәрбие беруді ұйымдастыру-бұл тек оның өмірбаянын айтып шығу мен әндерін орындау емес. Шын мәндегі тәрбие оның шығармаларының талдау арқылы түпкі пікірін, негізгі ой жүйесін әннің әуені, күйсарынымен байланыстыра ашып көрсету. Міне сонда ғана оқушылар оның шығармаларының өмірлік мәнін ұғына алады деген ойдамыз. Бастауыш сынып оқушыларына ақын шығармалары арқылы тәрбие беру-бұл әр түрлі іс-шаралар арқылы болашақта мектепте осындай жұмыстарды ұйымдастыруға даярлау деп қараған жөн. Мұнда ескеретін басты мәселе, ақын шығармаларын талдап, маңызын оқушыларға жеткізу сол арқылы олардың жандүниесіне, санасына әсерін күшейту, қызығуын ояту жолдарын меңгерту. Тәрбие іс-шараларын ұйымдастыруда оқушылардың тек сана, сезіміне әсер етумен шектелу жеткіліксіз. Өйткені ақын өз шығармаларында жастарға, ересек адамдарға жол-жоба көрсетуді мақсат еткендіктен “жаздым үлгі жастарға бермек үшін” дейді. Демек оның шығармаларындағы басты пікірлерді күнделікті тұрмыста жүріс-тұрыста, мінез-құлық, іс-әрекетінде басшылыққа алуға үйрету- күрделі әрі негізгі мәселе.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ 17.01.2014 Posted on 17.01.2014/Leave a comment
2. Төретаева Г.Абай Құнанбаевтың дидактикалық ой-пікірлері.//Автореф канд. дисс, Алматы, 2005 26б
3. Узакбаева С.А. Эстетическое воспитание в казахской народной педагогике. Автореф, док, пед. наук Алматы, 1993, 46 с.

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ІС- ӘРЕКЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУҒА ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Изгуттинов А.Е.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
МПП-221 тобы, 2 курс, мамандық «Педагогика және психология»*

Ғылыми жетекші: Карипбаева Ш.Т.

*Педагогика ғылымдарының магистрі, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің
аға оқытушысы, Семей қаласы.*

Қазақстан Республикасының білім беруді модернизациялау тұжырымдамасында елдің әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарын жүзеге асырудағы білімнің рөлі оның мазмұнын, оқыту технологиялары мен сапаны бағалау әдістерін қоғамның талаптарына сәйкес келтіру, үнемі жаңаруға, білімдерін толықтыруға қабілетті заманауи маманның әлеуметтік және кәсіби ұтқырлығын қамтамасыз ету болып табылады.

Болашақ бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлаудың құрамдас бөліктерінің бірі-оқушылардың оқу жетістіктерін бақылау мен бағалауды жүзеге асыруға дайындық. Қазіргі қоғамда білім берудің білім парадигмасынан тұлғаға бағытталған парадигмаға көшу кезінде мұғалім қызметінің бұл компоненті ерекше мәнге ие болады. Бұл көбінесе бастауыш мектепке қатысты. Бастауыш сынып оқушыларының жетістіктерін тексеру және бағалау оқу процесінің өте маңызды құрамдас бөлігі және мұғалімнің педагогикалық іс - әрекетінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады, ол педагогикалық ғылымның заманауи жетістіктеріне, мектептің бірінші буынындағы білім берудің әлеуметтік талаптары мен басымдықтарына сәйкес келуі керек [1].

Педагогикада «бағалау» ұғымын түсіндіру әр түрлі авторлармен әр түрлі сипатталады. Сонымен, П.И. Пидкасистый педагогикалық бағалаудың мәні «оқытудың белгілі бір кезеңінде оқу іс-әрекетінің нәтижелерін оқу бағдарламаларында, мемлекеттік білім беру стандарттарында белгіленген талаптармен анықтау және салыстыру процесі» ретінде анықталады; Ш.А. Амонашвили «іс-әрекеттің барысын немесе нәтижесін тапсырмада белгіленген эталонмен салыстыру процесі ретінде»; В.М. Полонский «қолда бар білімнің, шеберліктің және дағдылардың алдын-ала жоспарланғанға сәйкестік дәрежесін анықтаудан тұратын жүйелі процесс ретінде» ; Г.А. Шукина «орындалған тапсырманың дұрыстығы мен дәлдігі, оқушының жұмыстағы тәуелсіздігі мен белсенділігі деңгейінің көрсеткіші ретінде»; И.С. Якиманская педагогикалық бағалауды «жоспар (мақсатты ұсыну) мен шағылысқан Ақпарат арасындағы белгілі бір байланыс»-деп санайды; педагогикалық энциклопедияда педагогикалық бағалаудың мәні «оқытудың белгілі бір кезеңінде оқу іс-әрекетінің нәтижелерін оқу бағдарламаларында белгіленген талаптармен анықтау және салыстыру процесі» ретінде анықталады. Осылайша, педагогикалық ғылымдағы жалпы формада бағалау дегеніміз-білім алушылардың қол жеткізген білім деңгейін мемлекеттік білім беру стандарттарында бекітілген және оқу бағдарламаларында сипатталған стандартты идеялармен салыстыру процесі.

Қазіргі заманғы мектептегі білім берудің басты мақсаттарының бірі оқушылардың жалпы білім беру дағдыларын қалыптастыру болып табылады, олардың ішінде өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау маңызды. Осыған байланысты оқу барысында баланың жетістіктерін бағалаудың өзгеруі мен қолданыстағы тәсілдері талап етіледі: егер бұрын балалардың жетістіктерін бағалау кезінде мұғалім, ең алдымен, пәндік білімнің, дағдылардың қалыптасу нәтижесіне назар аударса, бүгінде ол оқу іс - әрекетінде жеке тұлғаны қалыптастыру процесіне қызығушылық танытуы керек, ең алдымен-білім алу және негізгі оқу дағдыларын игеру жолы.

Сонымен бірге, педагогикалық практика мұғалімнің бағалау іс-әрекетінің дағдыларын дамытуға жеткіліксіз көңіл бөлетіндігін көрсетеді, бұл оқушының мотивациясына, өзін-өзі бағалауына және білім берудің тиімділігіне теріс әсер ететін дұрыс емес бағалауға әкеледі. Негізсіз бағалар мұғалімнің оқушылармен және ата-аналармен қақтығысының жиі себебі болып табылады. Психологиялық-педагогикалық зерттеулердің көпшілігінде педагогикалық бағалау білім берудің оқу бағдарламасының талаптарына сәйкестігін өлшеуге бағытталған білім беру іс-әрекетінің қажетті компоненті ретінде, оқу процесін ынталандыру және мектеп оқушыларының мінез-құлқын реттеу құралы ретінде зерттеледі (Ш.А. Амонашвили, Б.Г. Ананьев, Л.И. Божович, С.Л. Рубинштейн, В.А. Сухомлинский, Н.В. Селезнев, Е.И. Перовский, В.Ф. Шаталов және т.б.).

Ғалымдардың бұл мәселеге деген үлкен қызығушылығына қарамастан, болашақ бастауыш сынып мұғалімін мектеп оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау үшін теориялық және практикалық негіздері әлі жеткілікті зерттелген жоқ [2].

Бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау мәселесі әрдайым педагогикада өте өзекті, әсіресе бүгінде түбегейлі өзгерістер бүкіл қоғамды қамтыған кезде. Білім, білік және дағдыларға белгі қоюдың бұрынғы тәжірибесі қазір баланың да, оның ата-анасының да, мұғалімнің де сұраныстарының кеңдігіне сәйкес келмейді. Бүгінгі күннің көзқарасы бойынша оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа жүйесі, ең алдымен, білім берудің дамыған мазмұнын іс жүзінде танымдық, құндылыққа бағытталған және коммуникативті міндеттер мен мәселелерді шығармашылық шешу үшін пайдалану қабілетін анықтаудан тұруы керек. Мұғалімдердің кәсіби қызметінің бағалау компонентін жүзеге асырудағы жоғарыда сипатталған проблемалық жағдай қазіргі білім беру парадигмасындағы қарама-қайшылықты анықтайды: қазіргі білім берудің мектеп оқушыларын дамытудағы мақсаты мен мұғалімнің осы мақсатты жүзеге асыруға жеткіліксіз дайындығы арасындағы. Бұл қарама-қайшылықты шешу мұғалімнің кәсіби дайындығы бойынша университеттегі педагогикалық процесті жетілдіруді, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік пәндерді оқытудың жаңа тұжырымдамалық тәсілдерін талап етеді [3].

Оқытудың бастапқы кезеңінде педагогикалық бағалаудың негізгі функциясы балаларды өздері үшін жаңа қызмет түрін-оқытуды игеруге итермелейтін ынталандырушы функция екенін атап өтеміз. Бастауыш сынып мұғалімдері мына ережені білуі керек: іс-әрекеттің нәтижелерін бағалауға кіріспес бұрын, балаларды оқуға үйрету керек. Бастауыш сыныптарда педагогикалық бағалаудың негізгі объектісі оқушылардың оқу процесін ұтымды ұйымдастыра білу болуы керек. Бұл сапа қалыптасқан кезде балалардың бастауыш мектепте және одан әрі оқуының сәттілігін қамтамасыз етеді. Мұғалім оны қалыптастыру үшін мақсатты түрде жұмыс істеуі керек. Оқушының оқу-танымдық іс-әрекеті қызықты оқу материалы және оны меңгерудің әр түрлі әдістері арқылы ғана емес, сонымен қатар мұғалімнің оқу процесінде бекітетін қарым-қатынас сипатымен де ынталандырылады. Сүйіспеншілік, ізгі ниет, сенім, жанашырлық, сыйластық атмосферасында оқушы оқу-танымдық тапсырманы өз қалауымен және жеңіл қабылдайды. Ол өзінің қадір-қасиетін, тәуелсіз ой-пікірін, шығармашылық ізденісін көріп, неғұрлым күрделі оқу-танымдық міндеттерді шешуге ұмтыла бастайды. Оқытудың бастапқы кезеңінде бала өзінің оқу мүмкіндіктерін нақты бағалай алмайды, ол толыққанды субъект, зияткерлік байлығының иесі ретінде әрекет етпейді, сондықтан үнемі мұғалімнің басшылығына, оның ішінде өзінің оқу-танымдық іс-әрекетінің нәтижелерін бағалауға мұқтаж. Бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық іс-әрекетінің нәтижелерін педагогикалық-бағалаудан айырылған оқыту ішкі мотивациялық және бағыттаушы негізді жоққа шығарады. Олардың пәндік білімді игеру жетістігі және оларды одан әрі тәрбиелеудің тиімділігі кіші жастағы оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін педагогикалық бағалаудың тиімділігіне байланысты. Оқыту процесінде оқушылардың білім, білік, дағдыларын есепке алу, тексеру, бақылау және бағалау оның аса қажет құрамдас бөлігі болып есептеледі. Мұғалімнің сабақтар жүйесінде оны дұрыс ұйымдастыра білуі көптеген жағдайда оқу-тәрбие процесінің табысты болуының оң кепілі. Ол үшін, мұғалім оқушының оқу материалын меңгеру дәрежесін, сапасы мен көлемін үнемі анықтап отыруы тиіс. Бұл бағытта оқушылардың, сабақтар жүйесінде білім, білік, дағдыларын есепке алу, тексеру, бақылау және бағалаудың маңызы ерекше. Бақылаудың көмегімен теориялық білімді меңгерудегі сапа, біліктілік пен дағдының қалыптасу дәрежесі анықталады. Осы тұрғыдан білім, білік, дағдыны есепке алу және тексеру мәселесіне теориялық және практикалық талдау жасаудың маңыздығы ерекше [4].

Бүгінгі шәкірт ертеңгі маман. Ендеше қоғам талабына сәйкес мұғалімнің негізгі мақсаты-оқушының білім сапасын көтеру. Ол үшін мұғалімнің алдында сабақ сапасын көтеру, жетілдіру, оқушылардың сабаққа деген қызығуын арттыру, қабілетін дамыту міндеттері тұр. Демек мұғалім бір ғана әдіспен шектелмей шығармашылығын шындап, озық іс-тәжірибиелерді пайдалана білуге оқушы қызығушылығын арттырып сонымен бірге оқушы санасына күш түсірмей білім беруге болады деп ойлаймын.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Досқалиев Қ. Білім бағалау негіздері. 58-60 б. «Қазақстан мектебі» №10. 2004.
2. Р.Қарменов. Оқушылардың білімдерін бағалау жолдары 38-43. «Бастауыш мектеп» №4.2006

3. Ералиева М.Е. Мектептің бастауыш сатысында оқушылардың білім сапасын мониторингілеудің ғылыми әдістемелік мәселелері. 16-19б. «Білім» №6 (24) 2006.
4. Тоқбергенова У. Оқу жетістігін бағалау. «Қазақстан мектебі» №8.2005.

Ж.АЙМАУЫТОВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫ

Қайрамбаева А.Р

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
413 тобы, 4 курс, мамандық «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»*

Ғылыми жетекші: **Карипбаева Ш.Т**

Педагогика ғылымдарының магистрі, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің аға оқытушысы, Семей қаласы

Бұл мақалада Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі туралы қысқаша мәлімет беріліп, оның мәдениет, әдебиет және білім беру ісінде қалдырған мол мұрасы туралы сөз қозғалады. Оқу-ағарту ісіне сіңірген еңбегі хақында ой түйіліп, оның осы жолда жазған, айтқан педагогикалық мұралалы зерделенеді. Оның оқу құралдарындағы ең тұшымды ойлары ортаға салынады. Автордың осы оқу құралдарындағы мектеп ісіне, оқушы мен оқытушыға байланысты материалдары талданып, сарапталады. Және де баспасөз беттерінде жарық көрген педагогика туралы, оқыту туралы мақалалары жөнінде де айтылып өтіледі.

Тірек сөздер: Ж.Аймауытов, оқу-ағарту ісі, педагогика, психология, тәрбие, оқыту, ана тілі, тарих, ағартушы, мұғалім.

Өткен ғасырға көз салып, тарих бетін парақтасақ, халқымыздың басынан небір алмағайып заман кешіргенін аңғарамыз. Қарға тамырлы қасиетті қазақтың ауыр тағдыры ұлтым дейтін перзенттерді бей-жай қалдырған жоқ. Сол зұлматты, сұрапыл кезеңдерде ұлттық сананы оятып, отаршы империяның өктемдігіне қарсы шығу керегін, оқу-білім ісінде бір серпіліс керек екендігін ат төбеліндей болса да, қазақтың бірталай оқыған азаматы түсіне тастады. Киіз туырлықты, алаш ұранды қазақтың ел мүддесін өз басынан биік қойған, «қайткенде Алаш көркейер деген ойдан басқа ойды өмірінде малданбаған» арда азаматтардың қатарында біртуар тұлға Жүсіпбек Аймауытов та болған еді.

Ж.Аймауытов сол кездегі Семей губерниясына қарасты Кереку уезінің Қызылтау болысында өмірге келген. Отбасылық жағдайы төмен жағдайда балалық шағы өтеді. Ол Павлодардағы орыс-қазақ мектебін оқып, кейін Семей қаласындағы мұғалімдерді даярлайтын семинарияға оқуға түсіп, тәмамдаған. Өте өршіл, жігерлі, қайсар Жүсіпбек қазақтың мұңын жоқтаған Алашорда ұйымына кіріп, сол сәттен бастап ұлтына адал қызмет еткен перзенттік жолын бастап кетеді. 1911-1912 жылдары аралығында Баянауылда ұстаздық қызметін бастап, бала оқытқан. Солай әр түрлі қызметтер атқара жүріп, Қазақ советтерінің съезінде делегат болып тағайындалып, КАССР халық ағарту бөлімінің мүшесі қызметінде атқарады. Сол кездерде халықтың көзі, құлағы һәм тілі болған «Қазақ» газетінің және «Ақ жол» газеттерінің белді қызметкері болады. Кейін мектеп мұғалімі болып жүрген Жүсіпбек, 1926-1929 жылдары Шымкент қаласындағы педтехникумның директоры қызметін атқарады. Өкінішке орай, қазақ зиялыларын қудалаған репрессия жылдары тұтқынға алынып, ұлтының мақтанышына айналған ұлы тұлға жазықсыздан жазықсыз 1931 жылы ату жазасына ұшырайды.

Ж.Аймауытов жиырмасыншы ғасырдың тың әдебиетінің беделді мүшесі ғана емес, ақын, жазушы, тұңғыш кәсіби драматург, публицист, сыншы, аудармашы, педагог, психолог және ұлттық театрдың бірінші режиссері болып табылады. Жазушы алаштың рухани жүгін көтеріп, қазақ мәдениетінде, әдебиетінде және білім беру ісінде мол қазына қалдырды. Атап айтар болсақ, жазушы-педагог 1924 жылы мектеп ұстаздары мен педагогикалық білім беретін оқу орындарында оқитын шәкірттерге оқуға арналған «Тәрбие жетекші» атты оқу құралын жазса, кейіннен «Психология», «Жан жүйесі және өнер таңдау» сынды оқулықтарды оқушы назарына ұсынды. Осы қатарға 1929 жылы жазылған «Комплекспен оқыту жолдары», «Жаңа ауыл» немесе («Сауатсыздықты қалай жою керек?») атты кітаптары қосылып, педагогикалық оқулықтар санын толықтырды.

Жалпы, Жүсіпбектің оқу-ағарту ісі туралы, сол саладағы бағытын оның мына бір мақаласынан аңғаруға болады: «... қазақ сахарасында мыңмен жалғыз алысып, жапа шеккен ұлы

ағартушы Абайдың көздеген мақсаты халқын өнерге, білімге, оқуға, отаршылдыққа, мәдениетті ел дәрежесіне жеткізу еді», - деп жазды ол. Балаға әсер ететін нәрсе мектеп пен ұстаз деп көрсетіп, осы екеуіне қойылған үлкен жауапкершіліктерді баяндайды. «Мектептен, білім беру ісінен күтетін үміт, мектепке қойылатын шарт, бір сөзбен, мектеп тәрбиесінің, педагогиканың маңызы бұрын бір есе болса, енді он есе артты деуге болады. Бұрын тәрбие мақсаты бұлдыр болушы еді, енді тәрбиеге ашық мақсұт қойылды», - деп сөзін бастайды автор өзінің «Тәрбие жетекші» еңбегінде. Автор оқушы бойына оқумен қатар тәрбиені қалыптастыру керек екенін айтады. Сондай-ақ, жас баланың несін тәрбиелеу керек деген өзекті сұрақ қоя отырып, оған өзі былай деп жауап береді:

Жас балаға мектебі

а) Дене тәрбиесін

ә) Әлеумет тәрбиесін,

б) Ақыл тәрбиесін беру керек, дей келе, “Тәрбиенің негізгі мақсаты – мінезді түзеу, адамшылыққа қызмет ету, адал еңбек ете білуге тәрбиелеу” деген қағиданы қуаттай келіп, “Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі, айтып ұқтырғаннан гөрі, бала көргеніне көп еліктегіш болып келеді. Солай болған соң балаға не жақсы мінез болсын, іспен көрсету керек” – дейді. Ал, білім беру мәселесіне тоқталғанда былай деп ой түйеді: «Әр адам - өз заманының ұлы. Білім берудің мақсаты: әр адамды өз заманына қолайлы, тарихи тұрмысының әр тарауына қатынасатын адам етіп шығару» [1].

Ж.Аймауытов өзге пәндер негізінен оқушының өз туған тілі арқасында үйрене алатынын нақтылай отырып, былай деп пікір білдіреді: “Ана тілін жақсы меңгеріп алмай тұрып өзге пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілі халық болып жасағаннан бергі жан дүниесінің айнасы болып, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерек. Жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы, жанның барлық толқындарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазынасы мол халықтың тілі” – деп туған білдің қоғамдағы маңызын, адамзат баласы жасаған бар рухани-мәдени байлықты меңгерудің басты құралы екендігін, оны жан-жақты және терең меңгерудің қажеттігін баса көрсетеді. Өз тілінді меңгермей тұрып басқа пәндерді оқып білу мүмкін еместігін айтып өтеді [2].

Аталмыш оқу құралында жаңа білім беру жүйесінің маңызымен қоса, қиынға соғар тұстарын да қарастырады. Осы бағдарлама негізінде оқудың түп қазығы, кіндігі - еңбек деп атап көрсетіп, комплекс ұғымын өмірдегі құбылыстарды, нәрселерді, бір тақырыптың, бір пікірдің төңірегіне жинап, қосып, түйдектеп, біріктіріп оқыту деп түсіндіреді. Оқудағы еңбекті үш жағынан зерделелеп, оқытқан:

1. Оқудың бас қызығы еңбек болмақ;
2. Мектеп өмірінің, мектеп ұйымының басты бөлімі еңбек болмақ;
3. Өмірді зерттеуге баст әдістің бірі еңбек болмақ;

Міне, еңбектің маңызын осылай көрсете келе, автор көне оқыту жүйесімен комплекспен оқытуды жүйесін салыстырып, қарастырған:

а) Пән жүйесімен оқытқанда, пәндер жеке-жеке өз жолымен жүретін, бірінің арбасына бірі соқтықпайтын, ең ұқсатқанда аз-маз жарыса үзеңгі қағыса оқылатын. Комплекс жүйесімен оқытқанда, пәндер бірігіп бір жолмен, бір арнамен ағып, айқасып, араласып оқылады.

ә) Пән жүйесінде өмірді, құбылысты қолма-қол зерттеу деген жоқ, барлық білім кітапта болатын, білімді тәжірбие арқылы баланың өз көзі жетіп таппайтын, мұғалімнің сөзіне ғана сенетін, оқу заманнан аулақ болатын. Комплексте бала өмірді, құбылысты өзі бақылайды, зерттейді, тәжірбие қылады, оқуды заманға тіреп, заманмен байланыстырылып оқиды.

б) Пәндерді бөлшектеп оқыту баланың жан жүйесіне қарсы. Бала нәрсені тұтас түрінде, іске пайдал жағынан қарап, ұғып біледі, бөлшегін, тарауын, қимылын елемейді. Комплекс тұтас, түйдек түрде ұқтырады, баланың жан жүйесіне тура.

с) Пән жүйесінде адамның тіршілігіне керекті, керексіз көп сөздермен, пікірлермен баланың басын тығындап, миқата қылатын. Комплексте керексіз көп материалдар шағындалады, сұрыпталады, тек еңбек пен жаратылысқа, қоғамға қатынасы бар, өмірге керектілері ғана алынады[3].

Аймауытовтың тағы бір ұтымды пікірі мектеп мұғаліміне қатысты. Әрбір ұстаз оқыту барысында түрлі көрнекіліктермен, қызықты мәліметтермен оқушыларды ынталандырып, зейіндерін білімге аударта білуі керек. Осы негізде мұғалім мынандай үш шартты орындау керек:

- жаңа білімді баланың білетін мәліметтерімен ұштастыру;
- жаңа білімді таныстыру арқылы сабақтың мазмұнына оқушылардың ынта-ықыласын аудару;
- оқушыларды жаңа білімді меңгеруге бағыттайтын сұрақтар беру арқылы ой еңбегін жүзеге

асырту;

Міне, осындай шарттарды көрсете келе, ұстаздар қауымына түрлі дидактикалық әдіс-тәсілдерді қолдануға кеңес береді. Сондай-ақ, мұғалімге қоғамда өте үлкен маңыз берген жазушы оны дәрігермен салыстырады, тіпті, одан да жоғары қояды: "Адамдық көзбен тереңнен тексерсе, дәрігерден де тәрбиешінің көп болғаны артық. Дәрігер адамның денесін сауықтыратын болса, тәрбиеші адамның ақылын, мінезін, жанын сауықтырады", - дейді. Тәрбие мәселесін мемлекеттік дәрежеге көтеру қажеттігін жете түсініп: "Тәрбиешіге Отанның келешек өмірін тапсыруға болады, себебі, тәрбие нәтижесінде ақылды адам көбейсе - Отанның күзетшісі, қорғаны", - деп атап өтеді.

Жүсіпбек Аймауытовтың баспасөз беттерінде де қазақтың рухын көтеретін талай мақаласы жарық көріп, қарапайым халықтың көзін қуантқан кезеңдерінде де өзінің білікті педагог екенін ұмытпағанын аңғарамыз. Оған дәлел оның баспасөз беттерінде жарық көрген оқу-тәрбие, мектеп ісі жөнінде өте көп басылған мақалалары. Олардың қатарында «Тәрбие», «Мектеп қандай болу керек», «Комплекс жүйесімен сабақ беру тәжірибіміз», «Хат таныту әдістері», «Әйелді мектепке алыңдар!», «Үлгілі мектеп», «Жаңа әліпби қозғалысы» сынды және т.б мақалаларын атауға болады. Осынау мақалалар - қазақтың білім беру саласының, оқу-ағарту ісінің тарихына қажетті, құнды материалдар бола алатын дүниелер.

Жазушы өзінің қоғамдағы ұстаздық рөлін, білім-ғылымға деген ерекше ықыласын, педагогикалық көзқарастарын ешқашан ойынан шығарған емес еді. Оның жоғарыдағы баспасөз беттеріндегі мақалаларынан өзге, әдеби шығармаларында да осы білім алу мәселесі басты мәселе болып табылады. «Ақбілек», «Қартқожа» романдарында да оқырман қауымға білімді болудың, көзі ашық, көкірегі ояу болудың маңызын көрсетіп, сол замандардағы солшыл саясатқа, кереғар түсінікке қарсы шығады. Тек бұл ғана емес, барлық шығармаларында делік, осы бір идеяны ту етіп, надандық атаулымен күреседі. Оқу-білімнің мәнін жете түсінген педагог-психолог өзінің Мағжан Жұмабаевқа жазған хатында «Сұр айдың артынан күншуақ болмай тұрған ба? Күннің көзін мәңгілік бұлт басып тұруы мүмкін бе?», - деп жазып, оқып, білім жолын қуғанның, болашағы жарқын болатынын меңзеп тұрғандай.

Күрескер жазушының білім-ғылымға қалдырған мол мұрасы қай заман, қай ғасыр болса да өз өзектілігін жоғалтпақ емес, керісінше халқымыздың баға жетпес қазынасы болып табылмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. «Тәрбиеге жетекші»
2. Жүсіпбек Аймауытовтың педагогикалық іс әрекеті // <https://baribar.kz>
3. Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. «Комплекспен оқыту жолдары» (оқу-әдістеме)

ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚ. ОНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

Қалкенова Ж.Б.

*«Семей қаласының Шәкәрім атындағы Университеті» КеАҚ,
Иб-701 тобы, 4-курс, мамандық «Информатика»*

Ғылыми жетекші: **Жумаханова Д.А.,**

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы Университеті» КеАҚ, аға оқытушы

Жаңа өндірістік қатынастар мен жаңа экономикалық базаның қалыптасуы қоғамды ақпараттандыруды қажет етті. Қазіргі кезде барлық жастағы, білім деңгейіндегі және мамандықтағы адамдар жұмысының немесе бос уақытының көп бөлігін компьютерде өткізеді, ал кітаптар мен оқулықтарды оқуға уақыттары жоқ. Сондықтан, олар үшін электронды білім құралдары кәсіби және білім деңгейлерін арттырудың өте ыңғайлы құралы болып табылады.

Бүгінде жастардың көпшілігі қазірдің өзінде әртүрлі электрондық құралдарды қолданады. Электрондық оқулықтар жастардың дамуында өте маңызды рөл атқарады. Электрондық оқулық - бұл материал курсы зерттеуге арналған әдістемелік кешен. Бұл теорияны, практиканы, міндеттерді және басқа компоненттерді қамтитын интеграцияланған құрал.

Электрондық оқулықты құру кезінде авторлар оның минималды мәтіні болуы керек екенін ескеруі керек, өйткені компьютер экранынан мәтінді ұзақ уақыт оқу жалықтырады және

жаңа ақпаратты қабылдауды төмендетеді. Қаріптер теориясымен алдын-ала танысып, мәтінге дұрыс қаріптерді таңдау өте маңызды. Электрондық оқулықта мүмкіндігінше графикалық суреттер болуы керек, өйткені иллюстративті оқулықтарды оқығанда ақпаратты игеру және қабылдау әлдеқайда жоғары. Материалды зерделеу кезінде түстер оқушыны ауыртпайтындай, керісінше оны тыныштандыратындай етіп, дұрыс түсті схеманы таңдау маңызды, бұл әсіресе мектепке дейінгі жастағы балалар пайдалануға арналған материал үшін өте маңызды.

Сондай-ақ, бейне және аудио фрагменттерді, оқулық элементтеріне сілтемелерді және интернеттегі басқа ақпараттарды электронды оқулықта қолдану ұсынылады. Бейнефрагменттерді қолдану ақпаратты динамикада беруге және студенттердің, әсіресе мектеп оқушыларының қызығушылығын арттыруға, сол арқылы сіңімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Аудио үзінділерді қолдану ЕІ-ге таныс оқыту әдістеріне жақындауға көмектеседі, сонымен қатар мидағы есту орталықтарын белсендіреді.

Электрондық оқулық жасау - бұл көп жұмыс жасайтын процесс. Әдетте оны құруға мамандар тобы қатысады. Электрондық оқулық жасауды келесі кезеңдерге бөлуді ұсынамын:

1. Осы оқулық әзірленіп жатқан аудиторияны бағалау.
2. Мәтіндік және графикалық ақпараттарды жинау және дайындау
3. Мазмұнды дайындау
4. Электрондық оқулықты тікелей құру.

Электрондық оқулық құру процесі дәстүрлі оқулық жасау процесінен мүлдем өзгеше. Сондықтан дәстүрлі оқулықты сканерлеуді орынсыз деп санаймын.

Электрондық оқулықты өзін-өзі басқару нұсқаулығы деп атауға болады, өйткені ол өздігінен оқуға арналған. Мәтіндік, графикалық, аудио және видео ақпараттардан тұратын иллюстрациялық электронды оқулық дәстүрлі оқулықтан айырмашылығы- жеке оқытуға мүмкіндік береді, оқытуды мұғаліммен бірге оқытуға жақындатады. Жоғарыда айтылғандай, графикалық фрагменттері бар интерактивті электронды оқулық дәстүрліге қарағанда мектеп оқушылары мен жастарды әлдеқайда сәтті қызықтыра алады. Электрондық оқулық ықшам, ол үлкен көлемде ақпарат сақтай алады. Дәстүрлі оқулықтардың бүкіл кітапханасын сыртқы қатты диск, USB флэш-дискісі және тіпті CD / DVD дискісі сияқты бір портативті ортада сақтауға болатындығын ескеру қажет. Жақсы деңгейдегі әр мұғалім өзінің оқу бағдарламасына сәйкес электронды оқулықты оңай өзгерте алады, оның кейбір бөліктерін оңай өңдейді немесе бірнеше электронды оқулықты бір оқулыққа біріктіреді. Мұғалім тәуліктің кез-келген уақытында оқулықты электронды пошта немесе скайп арқылы жіберу арқылы оқушыларға бере алады. Интернетке жүктеу арқылы оны студенттерге жалпыға қол жетімді етіңіз. ЕІ дәстүрлі оқулыққа қарағанда уақыт өте келе нашарлай бермейді. Электрондық оқыту құралдарын құру және жариялау қымбат емес. Электрондық оқулықтарда оқушының өткен материалды қалай меңгергенін тексеруге мүмкіндік беретін кіріктірілген тестілеу жүйесі болуы мүмкін. Студент пен оқытушы іздеу жүйесінің арқасында қажетті ақпаратты бірден таба алады. Оқыту кезінде қаріптің өлшемін ұлғайту немесе түсін өзгерту арқылы ЖИ оқылуын оңай жақсартуға болады.

Электрондық оқулық мәтінінің баланың жас ерекшелігіне, оның психофизиологиялық ерекшеліктеріне, ұлттық және этникалық дәстүрлеріне сәйкес келуі өте маңызды. Баланың психикасына қысым жасамау үшін бәрі қамтамасыз етілуі керек. Тренингтің даралануымен, яғни. ЭИ-ді зерттей отырып, бала қабілеттілігі жоғары балалардың алдында өзін төмен сезінбейді және кейде дөрекі мұғаліммен кездеспейді. Электрондық оқулықтарды пайдалана отырып балаларды оқыту кезінде сыныптағы тәртіпті қамтамасыз етуге уақыт босқа кетпейтінін ескеру қажет.

Қазіргі жағдайда білім беру проблемалары бар:

- Білім деңгейі жоғары оқу орындарының көпшілігі орталық қалаларда орналасқан, сондықтан өңірлерде тұратындар үшін білім деңгейін көтеру проблема болып табылады.
- Мамандардың жұмыс кестесі өте күрделі, сондықтан олардың біліктіліктерін көтеруге уақыты жоқ.
- Оқушылар тобында оқытудың әр түрлі деңгейлері болады, және көптеген студенттер өздерінің оқу қарқынына ие болғысы келеді.
- Жастардың көпшілігінде білім алуға, білім деңгейін көтеруге қаражат жеткіліксіз.

Қашықтықтан оқыту - жоғарыда аталған мәселелердің шешімі. Қашықтықтан оқыту кезінде көбінесе студент өздігінен айналысады, сондықтан электронды оқулықтарды қолдану қажеттілігі туындайды. Көріп отырғанымыздай, электрондық оқулық қашықтықтан білім берудің

негізгі білім беру құралы, біліктілік пен білім деңгейін көтерудің, екінші білім алудың, беделді университеттен, колледжден диплом алу мүмкіндігінің және т.б.

Бүгінгі күні қашықтықтан білім беру бүкіл әлемде кеңінен танымал болып келеді. Қашықтықтан оқыту жүйесін қолданатын институттар мен мектептердің желілері ашылууда. Бұл көптеген электронды білім беру құралдарын, атап айтқанда, электрондық оқулықтарды құруды қажет етеді.

Көптеген артықшылықтармен қатар, электронды құралдардың кемшіліктерін атап өту керек:

- Қосымша жабдықтардың, негізінен компьютер мен динамиктердің қажеттілігі.
- Экраннан таңқаларлық пен жаңалыққа байланысты оқудан туындаған шаршау.
- Электрондық оқулықтарды ғана пайдаланатын балалар өз құрдастарымен қарым-қатынас жасау мүмкіндігін жоғалтады, сондықтан ЕТ балалар үшін тек оқытудың қосымша әдісі ретінде қолданылуы керек. Компьютерде болу уақыты қатаң түрде шектеліп, ашық ауада, жақсырақ ашық ауада ойнау керек.
- Бүгінгі күні электронды құралдардың бағасы дәстүрлі оқулықтарға қарағанда айтарлықтай жоғары.

Жоғарыда айтылғандар электронды оқулықтардың белгілі бір кемшіліктеріне қарамастан, олар қазіргі жағдайда қажет болатын қоғамның барлық қабаттарының білім деңгейін көтерудің қуатты факторы болып табылады деп айтуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Досжанов Б., Альменаева Р. Қазақ тілінде электрондық оқулықтар мен web-парақтар даярлау әдістері. Информатика негіздері. 2002. N3
2. Нұрғалиева Г.К. Электрондық оқулықтар - мұғалім мен оқушылар қызметін ізгілендіру құралы. // Компьютер әлемі. Республикалық журнал. N2, - 2002. 20-21-беттер
3. Халыкова Г. және т.б. Электрондық оқулықты дамытудың талаптары. // Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының еңбектері. Шымкент. 2004-469 б.

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РОЛІ

Қожабек А.Қ.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы,
ПП-901 тобы, 2курс, мамандық «Педагогика-психология»*

Ғылыми жетекшісі: **Ризина П.Ә.**

Педагогика- психология ғылымдарының магистрі, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің аға оқытушысы, Семей қаласы.

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып , әлемдік білім берудің жаңа жүйесі жасалып , әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Осыған орай еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев ел халқына «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» жолдауында былай деген: «Біз білім беруді жаңғыртуды одан әрі жалғастыруға тиіспіз. Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландыруының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс».

Қазіргі таңда білім беру жүйесіне көптеген өзгерістер енгізілуде. Солардың бірі 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу. Еліміздегі жаңа білім беру реформасы қызу талқыға түсуде. 12 жылдық мектептің басты ерекшелігі-баланың жан-жақты дамуына, пікірі мен ойын ашық жеткізуіне шығармашылық қабілетін арттыруға, қоғамның экономикалық, мәдени саяси өміріне белсенді араласуға мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық институт ретінде қалыптасуында болып отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық

коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделгені дұрыс. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып, мәселенің шешілу жолдарын анықтау қажет.

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты-оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан, ғылым-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, тиімді пайдалана білу-әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарын да пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз.

Еліміздегі жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негізгі міндеттері ретінде мынандай міндеттемелерді ескеруіміз қажет:

— әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;

— білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;

— өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;

— аналитикалық ойлау қабілетін дамыту.

Қазіргі универлерді жаңарту, білім беру тиімділігін арттыру жолдарын іздестіру бағыттары бойынша көптеген жұмыстар жүзеге асырылуда. Сондай жұмыстардың бірқатарын атап өтетін болсақ:

- дамыта оқыту педагогикалық жүйесі ендірілуде;
- жеке пәндерді көптеген нұсқалардың ішінен таңдау арқылы тереңдетіп оқыту жүргізілуде;
- саралап және жекелеп оқыту негізінде көп деңгейлі оқыту жүзеге асырылуда;
- оқыту үдерісінде модульдік жүйе іске асырылуда және т.б.

Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша түрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Бүгінде білім беру жүйесінде негізгі мәселелер мынадай: «Үйрену мен үйрету тек өзара белсенді әрекеттерге негізделген қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылады» және «Тек әрекеттесу арқылы үйренуге/үйретуге болады».

Бүгінгі күні білімді дайын қалпында қабылдамай, оны өздігімен құрастырудың тұлғаны дамытатындығы, өздігімен құрастырылған білімнің есте ұзақ мерзімде сақталатындығы дәлелденіп отыр. Қайталау мен жаттауға негізделген білім (репродуктивтік) тек есте сақтау дәрежесінде болса, құрастырылған (конструктивтік немесе сындарлы) білім үйренушіден түсіну, қолдану, талдау, ақпарат негізінде жаңа мазмұн құрастыру және бағалау секілді белсенді әрекеттерді талап етеді.

Қазіргі әлемде жай ғана сауаттылық жеткіліксіз болып қалғаны бәрімізге мәлім. Сондықтан ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, оқушылардың қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болуы тиіс.

Елбасымыздың жолдауында: «Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс»-деген болатын. Ол бүгінгі білім беру кеңістігінде ауадай қажет, әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет.

Қазіргі кезде білім беру жүйесінде ең өзекті мәселенің бірі – қашықтықтан оқыту жүйесі. Елдегі эпидемиялық ахуалға байланысты жаңа білім беру жүйесі енгізілді.

Қорыта келгенде, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің бір жолдауында: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін-білім». Сондықтан, білім сапасын жақсартып, өскелең ұрпаққа жақсы білім ортасын қалыптастыруға тырысуымыз қажет. Ертенгі болашақ біз секілді жастардың қолында!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. — //Қазақстан мектебі, №4, 2006.
2. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004
3. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. — //Қазақстан мектебі, №4, 2008
4. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.:Өркен, 2007
5. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ИНКЛЮЗИВТІ СЫНЫПТАРДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҒЫН ДАМУЫ

Көпберген А.К.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
Г-413 тобы, 4-курс, мамандық «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі»*

Ғылыми жетекші: **Лекерова А.А.**

Аға оқытушы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы

Бүгінгі таңда елімізде қолға алынып, әлі күнге дейін өзінің қажеттілігін жоғалтпаған және жетілдірілген білім беру жүйесіндегі бастаманың бірі – инклюзивті білім беру болып табылады. Аталған білім беру бағыты бойынша білімнің қолжетімділігі мен сапалылығы – барлық балалар үшін ортақ болып табылады.

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беруді қолдау бағытында жалпы білім беретін мектептерде белгілі себептермен ақыл-ой дамуында ауытқуы бар немесе психикалық дамуы тежелген оқушылар білім алуда. Әр оқушының білім алуда өз ерекшеліктері бар. Мәселен әр оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы деңгейі әртүрлі.

Қазіргі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру өмір талабы болып табылады. Бүгінде еліміздің барлық аймағында мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді қолдау негізінде жалпы білім беретін мектептерде түзете-дамыта оқыту сыныптары біртіндеп ашылып жатыр. Бұл сыныптың мақсаты: әр сыныптағы мүмкіндігі шектеулі оқушыларды бір сыныпқа топтастырып, әр оқушыға жекелеп сыныбы мен оқу бағдарламасына сай білім беру. «Инклюзив» – сөзі латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда» ал, ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді [1, 59-б.].

Инклюзивті білім берудің мақсаты – даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру. Яғни, адамның жынысына, дініне, шығу тегіне қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады. Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы. Бұл арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды [2, 36-б.].

Жалпы білім беретін мектепте мүмкіндігі шектеулі оқушыларды бірлесіп (интеграциялы түрде) оқуын ұйымдастыру қазіргі таңда еліміздегі кез-келген мектепте қолға алынып, жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді.

Қазіргі таңда еліміздегі мектептерде білім алатын мүмкіндігі шектеулі балаларды категорияларына қарай бөлуге болады:

- психикалық дамуы тежелген;
- сөйлеу тілінде ауыр түрдегі бұзылыстары бар;
- ақыл-ойы кешеуілдеген;
- аутизмі бар;
- есту және көру қабілеттерінде бұзылыстары бар балалар оқиды [3, 2-б.].

Аталған санаттағы балалардың білім алуын қолдау мақсатында мектептерде психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрылып, олардың құрамына білімі бар әлеуметтік педагог, психолог, логопед, арнайы педагогтар енгізілген.

Қолдау қызметінің мамандары оқушылардың қиындықтары бар балаларды анықтауға диагностикалық жұмыс жүргізіп, оқушыларды қадағалау мақсатында жеке жоспарға сәйкес

сабақтан тыс уақытта түзету-дамыту сабақтарын ұйымдастырады; мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін арнайы кабинеттер және құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етіледі.

Инклюзивті оқытудың даму мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыпты дамыған балалармен бірге әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы жеңілдетілген оқыту жүйесі екендігін ескере отырып, бастауыш сыныпта оқитын мұндай балаларға арнап жеке жоспар құрылған.

Бастауыш сыныптағы инклюзивті бағдарлама бойынша оқитын балалардың басқа сыныптастарымен татулықта байланыс жасауы үшін келесідей жұмыстарды бірлесе жүргізуді ұсынамын:

- сыныптан тыс жұмыстар;
- мерекелік кештерді бірге өткізу;
- сайыстарға бірге қатысу;
- сыныптастарымен бірге серуендеу. Аталған жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастырып, мүмкіндігі шектеулі балалардың сыныптастары мен қоғамнан алшақтап кетпеуіне көмек көрсетуіміз керек.

Инклюзивті білім беру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының толеранттылығын дамытуда психологпен бірге атқарылатын жұмыстардың маңыздылығы ерекше. Ең алдымен психологпен бірге жылдың басында күнтізбелік-жоспар құрылып, сол бойынша мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы сынып оқушыларымен араласуы және сыныптан тыс жұмыстардың орындалуы қарастырылады.

№	Сабақтың тақырыбы	айы	қолданылатын құралдар, көрнекіліктер
1	Әлемде жоқ жануар	қыркүйек	фломастер ақ қағаз, түрлі түсті қарындаш
2	Қабылдау диагностикасы «Мына суретте не жетіспей тұр?» әдістемесі	қазан	суреттер беріледі
3	Бейнелі-логикалық ойлауды бағалауға арналған «Суретте не артық?» әдістемесі	қараша	суреттер беріледі
4	Отбасы портреті	желтоқсан	фломастер ақ қағаз, түрлі түсті қарындаш
5	Есте сақтау диагностикасы «Белгілерді қойып шық» әдістемесі	қаңтар	бланкі беріледі сол бланкіде берілген тапсырманы орндауы қажет
6	Жаңбыр астындағы адам бейнесі	Ақпан	фломастер ақ қағаз, түрлі түсті қарындаш
7	«Маған мектепте не ұнайды?» Әдістемесі	наурыз	сұрақтар беріледі
8	«Сурет бойынша әңгіме құрастыр» әдістемесі	сәуір	оқушыларға суреттер беріледі
9	Есте сақтау диагностикасы «Сөздерді жаттап ал» әдістемесі	мамыр	оқушыларға сөздер оқылады екі қайтара соны қағаз бетіне түсіру қажет

Бастауыш сыныпта инклюзивтік білім беру үдерісі кезінде баламен және оның ата-аналарымен бірлестік, білім алу орталарын ұйымдастыруда психологиялық жайлылыққа жағдай жасау, баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу инклюзивтік оқытудың ең басты шарты. Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың білім деңгейін көтеріп, өмірге қажетті білім білік дағдысын тәртібін қалыптастыруға байланысты түрлі шаралар жасалуда. Бұл балаларды оқытатын бастауыш сынып мұғалімдердің алдына үш түрлі міндет қойылады:

1. Баланың мектепке дайындығын анықтау.
2. Тәрбиесіндегі кемістігін жою.

3. Сабақты жүйелі жоспарлау.

Даму мүмкіндігі шектеулі баланың бастауыш мектепке дайындығын анықтау үшін оларды жазу, сызу, оқуға үйретпес бұрын олардың қабілеті бойынша жеке ерекшелігін, психологиялық дайындығын байқау керек. Белгілі психологтар Д.В.Эльконин, В.В.Давыдов, Р.С.Немов зерттеулері бойынша баланы жүйелі оқыту үшін психологиялық дайындығына ерекше назар аудару керек дегенді атап айтады.

Даму мүмкіндігі шектеулі балаға сабақ беретін бастауыш сынып мұғалімі алдымен баланың даму ерекшелігін анықтайтын тесттер арқылы ойының, қиялының, зейінінің тұрақтылығын анықтап алу керек. Ол үшін «Дөңгелек қию», «Лабиринт», «Танграм», «Көру әдісі», «Есту әдісі» тәрізді тесттерді қолданып, баланың шама-шарқын анықтап алуға болады. Ұйымдастыру барысында баланың тіл мүкісін, қолының буындарының қимылын, саусақтарының моторикасын дамытуға ерекше көңіл бөліп отыру қажет [4, 36-б.].

Қорыта келе, мүмкіндігі шектеулі балалардың сыныпқа кіріктіру жұмыстары неғұрлым ерте басталса, соғұрлым қайтарымы үлкен болады. Бүгінгі күні мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін мектептерге кіріктіруді бастауыш сыныптардан бастай отырып, қоғамның көпшілік бөлігінің күшеттерін біріктіру маңызды деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2016. – 102 б.

2. Ерекше оқыту қажеттіліктеріне қарай қысқа мерзімдік, орташа мерзімдік және ұзақ мерзімдік негізде оқушыларға психологиялықпедагогикалық қолдау көрсету. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 80 б.

3. Бастауыш білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын, білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың Ережесі/ 2016 жылғы 21 қаңтардағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» министрдің бұйрығына қосымша. – №52, 2016. – 5 б.

4. Организационные основы формирования позитивной культуры инклюзивной школы: Методические рекомендации/ под ред. А.А. Айдарбековой, Л.Х. Еремекбаевой, Г.С. Дербисаловой, З.Р. Самигулиной. – Алматы: Национальный научно-практический центр коррекционной педагогики, 2013. – 95 с.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ

Құсаинова Әдемі

*Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, Семей қаласы
Г-315 тобы, 3 курс, «Педагогика және психология»*

Ғылыми жетекші: Жұмақұлова Г.А

Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті оқытушысы, Семей қаласы

Білім беру сапасы-бұл өскелең ұрпақтың зияткерлік әлеуетіне ғана емес, сондай-ақ елдің ортақ болашағына да әсер ететін маңызды мәселе. Кеңестік білім беру мектебі ең жақсыларының бірі болды және өз уақытына толық сәйкес келді. Алайда, уақыт бір орында тұрмайды, ол өзін сарқып алды, бірақ лайықты ештеңе ауыстырылмады. Қазіргі білім беру жүйесі қоғамда болып жатқан процестерден артта қалып отыр. Жаһанданудың күшеюі Қазақстанның білім беру жүйесінің дағдарысына көбірек әсер етеді.

Біріншіден, олар білімге жаңа ұғымдарды, әдістерді және т.б. енгізуге тырысады, көбінесе олар батыстан алынады және біздің оқыту жүйесіне мүлдем сәйкес келмейді. Әр түрлі оқыту жүйелерінің элементтерін араластыру ішкі жанжалға және оқытудың тиімділігінің болмауына әкеледі. Тағы бір проблема-білім берудегі барлық инновациялар тестіленбейді, бірақ дереу іс жүзінде және бірден үлкен көлемде жүзеге асырылады. Бұл көбінесе жағымсыз салдарға әкеледі. Білім берудің бір үлкен кемшілігі-білім алу үшін көп қаражат қажет, демек, әркімнің білім

алу мүмкіндігі азаяды, өйткені ол үшін ақша жеткіліксіз. Күрделі оқу бағдарламасы қазіргі білім берудің тағы бір кемшілігі. Қазіргі балалар неғұрлым дамыған болса да, кейде ата-аналардың өздері үшін қиын болып көрінетін күрделі материалды үйрену қиынға соғады.

Шынында да, жақында университетті бітіріп, мектепке келген қарапайым мұғалім, егер оның батыл бастамалары көп жағдайда "ескі", әлі де кеңестік қатаюдың, мұғалімдер жұмысының қатал қарсылығына тап болса, не істеу керек? Сондықтан сіз өзіңіздің даму міндеттеріңізді "жоғарыдан" бекітілген және осы мұғалімдердің бірнеше жылдық тәжірибесінен балалар үшін оқу процесін әртарап тандыру үшін басылға ноқу жоспарына енгізуіңіз керек.

Білім беруде педагог басты назарды алғандықтан ең бірінші мәселені бастасам, алдағы кәсіби қызметті ойлау, яғни мектепке болашақта әсер етер өзгерісті енгізерде өзгеріс енгізудің үш түйінді тетігін атап өткен жөн. Бұл тетіктер мектеп аясында түрлі деңгейлерде түрліше көрініс табады, алайда олар өзара тығыз байланысты ұсыныстарым:

- **Мектеп көшбасшылығы; мұғалімдердің коучинг үдерісін енгізу үшін;**
- **Екінші деңгей бағдарламасы бойынша оқыған мұғалімдердің тәлімгерлік етуі;**
- **Орта мерзімді жоспарлау арқылы оқыту тәжірибесіне жаңа тәсілдерді енгізу.**

Мектебімізге осы үш деңгейдің бағдарламасында оқып, үйренген жаңа тәсілдерді енгізе алсақ мектебіміздің оқу тәжірибесі жақсарары, мұғалімдердің кәсіби дамуы артары сөзсіз. Сондай-ақ қазіргі заман талабы мектеп көшбасшылығына, мұғалімнің көшбасшылығының артықшылығы мен тиімділігіне баса назар аударады.

Бүгінгі таңда, 2020-2021 жылдар аралығында болып жатқан төтенше жағдайларға байланысты, білім беруде біраз өзгерістер орын алып тұрғаны анық:

Атап айтқанда:

- барлық білім беру жүйесі штаттық режиммен штаттық емес режимдік түрге ауысты;

Кемшілігі: білім алушылардың ақпараттық және материалды қиыншылығын тудырды, ақпарат көздерінің аз болуы, қосымша білімнің болмауы, сабақ өткізу уақытының азаюы;

Артықшылығы: денсаулықтың сақталуы;

- Университет жүйесі бойынша, лабораториялық жұмыстары бар студенттер жүйелі оқып білім алуда. Қалған курс студенттерінің жүйеден тыс оқытылууда;
- Мектеп оқушыларының бастауыш және 8,10,11 сыныптар штаттық түрде оқытылууда;

Кемшілігі: қатаң түрде санитарлық талаптардың орындалуы;

Артықшылығы: білім алудың біршама ұзаруы, ақпарат алудың оңтайлануы, ізденіс көздерінің пайда болуы;

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: қазіргі білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда.

Атап айтқанда:

- Білім мазмұны жаңа біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламасының нақтылауымен байи түсуде;
- Ақпараттық дәстүрлі әдістер ауызша және жазбаша, телефон немесе радио байланыс қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығыстырып орын беруде;
- Баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде; [1]

Бүгінгі күні еліміздің білім беру жүйесіндегі негізгі тұлға педагог болғандықтан, оқытудың жаңа деңгейіне көшуге байланысты сапалы білім беру міндеті мұғалімге жүктеледі. Мұғалім оқыту әдістемесіне жаңалықтарды енгізіп, шығармашылықпен айналысып, үнемі өз білімін жетілдіріп отыру керек.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында білім беру саласындағы реформаларға тоқталды. Мектепке дейінгі білім берудің жүйелеуден бастап, докторантурадан кейін ғылыми ізденісте мамандардың жағдайын қозғап, студенттердің шәкіртақысы мен ЖОО оқытушылардың жалақысын арттыруды тапсырды. Сондай-ақ, сапасыз диплом беретін университеттерді жабуды міндеттеді. [2]

Мемлекетіміздің президенті Қасым – Жомарт Тоқаев былай дейді:

" Білім беру және ғылымды дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы бойынша жүзеге асырылатын реформаларды қайта зерделеу қажет. 2025 жылға дейін білім саласына бөлінетін қаражат 6 есе, ғылымға бөлінетін қаржы 7 есе өсетінін ескерген жөн", - деді ол.[3]

Осыған орай соңғы 5 жылдықта Қазақстанда білім беру жаңа форматқа өзгертіліп, білім саласына бөлінген қаражаттың мол болуына байланысты:

Мектеп бағдарламасы бойынша

- Ауылдық мектептерге, қаладағыдай жағдай жасалынып, барлық материалдық – ақпараттық құралдармен жабдықталды;
- Мектеп бітірушілерге кәсіптік бағыт таңдау бойынша, қосымша сабақтар ашылды;
- 2019 жылғы оқу жылынан бері бағалау жүйесінің баллдық жүйеге ауысуы, яғни БЖБ (Токсандық бағылау арқылы) және ТЖБ (Жылдық бағылау арқылы) қорытындылайды.
- Мектеп оқушыларына жаңа форматта сабақ беру қарқынды жүргізілуде;
- ҰБТ-ны 3 рет тапсыру мүмкіндігі. Яғни наурыз – маусым арасында сіз ҰБТ-ны 3 рет (арасы кемі 15 күн болуы шарт) тапсыра аласыз. 1 рет ақысыз, 2 рет ақылы. Үш мүмкіндіктің ең жоғары балын, конкурсқа пайдалана алу.

ЖОО бағдарламасы бойынша

- Ең негізгі мамандықтарға: педагогика, медицина, психология салаларына инвестиция бөлінді;
- Педагогикалық мамандықтағы ЖОО бокалаврына жоғарғы степендия 26500 тг ден 42500 тг дейін 25 % -ға көбейтілді;

Осы бойынша, Елімізде білім беруде бірнеше мәселелердің шешілгені айқын көруге болады.

Биылғы жаңа оқу жылының басталуымен білім беруде көптеген өзгерістер орын алады. Ол туралы білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов туындап жатқан мәселелердің шешімдерін анықтауға тырысып өзгертулер енгізбегін айтып өтті :

Енді 2021 жылдан бастап аудандық және қалалық білім беру бөлімдерін қаржыландыру және басқару құзыреті облыстық білім беру басқармаларына беріледі, яғни бұл мектептер мен балабақшаларға да қатысты. Бұл – жалпы білім беру саласы үшін өте маңызды қадам.

Халықаралық зерттеулер аймақтардағы білім сапасының әртүрлі екенін көрсетті. Елімізде бірыңғай нормативтік құқықтық актілер, бірыңғай стандарттар мен талаптар болғанының өзінде өңірлердегі білім сапасындағы айырмашылық 2 жылдан асады.[4]

Қорытындылай келе, Қазақстанда қазіргі білім беру бойынша соңғы бесжылдықта, төтенше жағдайларға байланысты орын алған жағдайларға да байланысы көптеген өзгерістер орын алуда. Соған қарамастан жоғарыдағы атап өткен мәселелер өз шешімін тауып, студенттер мен мектеп білім алушыларына барлық жағдайлар жасалынып жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Білім мен ғылым — даму тетігі / Елбасының ҚР Білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан, 13 қазан, 2014.
2. Скакун В.А. Введение в профессию мастера производственного обучения: Методические пособие.-М.:Высш.шк.,2010г.
3. Н.Ә.Назарбаев., Ел президентініңҚазақстанхалқынажолдауы Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.
4. Қабдықайыров Қ., Инновациялықтехнологиялардыдиагностикалау. – А, 2015
5. Раджерс Э. Инновация туралытүсінік. – //Қазақстанмектебі, №4, 2011.«Әлеуметтік әріптестікжағдайындатехникалықжәнекәсіптікбілім беру», Білім беру мекемесібасшыларыныңанықтамалығы №2 (26) 2013ж;

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ ИНКЛЮЗИВТІК ОРТАДА ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ДЕҢГЕЙІН ДИАГНОСТИКАЛАУ

Мазанбекова М.Е.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық заң-университеті, Семей қаласы
МПП-221 тобы, 2 курс магистранты, мамандық «Педагогика және психология»*

Қазынова Г.Е.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық заң-университеті, Семей қаласы
Педагогика ғылымдарының магистрі*

Ғылыми жетекші: Аюпова Г.Т. PhD доктор

Педагогика ғылымдарының докторы, Қазақ инновациялық гуманитарлық заң-университеті

Қазіргі білім беру практикасындағы инклюзивті құндылықтарды интернационализациялау процесі мүмкіндігі шектеулі студенттермен жұмыс істеуге дайын емес педагогикалық кадрларды даярлаудағы маңызды кемшіліктерді ашты. Зерттеушілер қазір кәсіби дайындық тек теориялық білімді игеруден және практикалық технологияларды игеруден ғана емес, сонымен бірге "...кез-келген адамның құндылығын мойындаудан, адамдарға меркантильді пайдалылықтан емес, шынайы адамгершілік ұстанымнан тұратын кәсіби сананы" қалыптастырудан тұруы керек деп санайды [1, 4 б].

Болашақ педагогтарды дамуында ауытқушылығы жоқ балаларды және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар оқушыларды бірлесіп оқытатын аралас сыныптардағы жұмысқа даярлау сапасын арттыру үшін "болашақ педагогтың инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге дайындығы" дефинициясының мәнін нақты анықтау қажет. Біз мұндай дайындықты "мүгедек балаларды оқытудың маңызды алғышарты болып табылатын және болашақ мұғалімдердің өздерінің кәсіби қызметінде "кіріктірілген" білім беру принциптерін жүзеге асыруға жеке бағыттылығымен сипатталатын тұрақты жеке қасиет" деп түсінген жөн деп санаймыз [2, 29 б].

В. В. Хитрюк өзінің ғылыми-педагогикалық зерттеулерінде "болашақ педагогтың инклюзивті дайындығы" анықтамасын енгізу қажеттілігін негіздеді, оны автор "инклюзивті білім беру кеңістігі жағдайында тиімді кәсіби-педагогикалық қызметке ниет пен қабілетті алдын-ала анықтайтын құзыреттер кешені" ретінде сипаттайды [3, 4, 5].

Алдағы уақытта біз өз жұмысымызда "инклюзивті білім беру жағдайында жұмысқа дайындық" және "инклюзивті дайындық" ұғымдарын синонимдік деп есептейміз.

Инклюзивті дайындық компоненттерінің арасында инклюзивті этика "кіріктірілген" білім беру жағдайындағы жұмысқа кәсіби дайындықтың адамгершілік құрамдас бөлігі ретінде ерекше рөл атқарады. Бұл инклюзивті теория мен инклюзивті тәжірибенің негізі. Осы үш компоненттің қиылысу аймағы "инклюзивті дайындық" ұғымымен анықталады. [6].

Студенттерді кіріктірілген сыныпта педагогикалық қызметке даярлаудың өзекті деңгейін анықтау мақсатында біз Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің базасында тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргіздік, оған 51 адам қатысты. Анықтау эксперименті кезеңінде диагностикалық құралдар жасалды, бұл студенттердің инклюзивті дайындықтың әр компонентін игеру дәрежесін объективті бағалауға мүмкіндік береді. Біз деңгейлерді (шекті, базалық, жоғары), сондай-ақ әрбір компонент бойынша өлшемшарттар мен көрсеткіштерді айқындадық, олардың негізінде болашақ педагогтердің инклюзивті дайындығының қалыптасу деңгейін диагностикалау бағдарламасы құрылды (1-кесте).

Зерттеу көрсеткендей, студенттердің жеткілікті саны мүмкіндігі шектеулі балалардың қарапайым мектептерде оқуға мүмкіндігі болуы керек деп санамайды. Жеке критерий тұрғысынан респонденттердің 26% – ы(13 адам) психологиялық құзыреттіліктің төмен деңгейін көрсетті, орташа -52% (27 адам) және жоғары деңгей 22% (10 адам) Болашақ педагогтардың 47% - ы орта деңгейде эмпатияға қабілетті, атап айтқанда 24 адам көрсетті. Эмпатияның жоғары деңгейін тек 5 адам көрсетті, бұл диагноз қойылғандардың жалпы санының 10% - ын құрады. Осылайша, көптеген студенттер үшін инклюзивті этика сияқты компонент жеткіліксіз дамыған деген қорытынды жасауға болады.

Кесте 1. Болашақ педагогтердің инклюзивті дайындығының қалыптасу деңгейін диагностикалау бағдарламасы

Компоненттер	Инклюзивті дайындық көрсеткіші	Бағалау әдістемесі
--------------	--------------------------------	--------------------

Инклюзивті этика	1.Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға және жалпы инклюзивті білім беруге құндылық қатынасы. 2.Тұлғалық бағыттылығын жүзеге асыруға инклюзивті қағидаттар. 3.Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру үшін табысқа жетуге ынталандыру	1. Инклюзивті білім беруде болашақ педагогтардың құндылықтарға қарым-қатынасын зерттеу әдістемесі(В. В. Хитрюк бейімделген әдісі) 2.Кәсіптік- педагогикалық мотивацияны бағалау(Н.П. Фетискин)
	Инклюзивтік ортаға қажетті кәсіби-маңызды жеке қасиеттерінің жиынтығы	1.«Мұғалімнің психологиялық құзыреттілігі»(Т.Н.Графская) әдістемесі
Инклюзивті теория	1. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін қажетті арнайы білімінің болуы 2. Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру бойынша өзін-өзі бағалау (рефлексия) және іс-әрекеттер тиімділігі	1."Инклюзивті білім беру негіздері" пәні бойынша тест (Емельянова Т. В.)
Инклюзивті практика	1.Барлық мемлекеттер арасындағы өзара іс-қимылдың тиімді тәсілдерін меңгеру,балаларды инклюзивті білім беру субъектілерімен оқыту. 2.Бұзылған және қалыпты дамумен оқу процесін жобалау	1. «Кәсіби міндеттерді шешу қабілетін бағалау» әдістемесі(О. С. Кузьмина)

Студенттердің инклюзивті теорияны меңгеру дәрежесін зерттеу үшін инклюзивті білім беру негіздері бойынша тест қолданылды. Оқушылардың 51% - ы (26 адам) оны орта деңгейде орындады, 17 адам (33%) инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін қажетті арнайы білімнің жетіспейтіндігін көрсетті. Педагогикалық рефлексияның жоғары деңгейін 15 адам көрсетті, бұл зерттелгендердің жалпы санының 30% - ын құрады.

Инклюзивті тәжірибе сияқты компоненттің қалыптасу деңгейін зерттеу үшін әуесқойлық критерий бойынша О.С. Кузьминаның "Кәсіби мәселелерді шешу қабілетін бағалау" және "Студенттер қызметінің нәтижелерін бағалау" бейімделген әдістері қолданылды. Диагностика нәтижелері бұл компонент студенттерде ең нашар қалыптасқанын көрсетті. Тек 2 адам инклюзивті практиканы меңгерудің жоғары деңгейін көрсетті. Көптеген тапсырмаларды студенттердің 72% орындай алмады (37 адам).

Жалпы жүргізілген зерттеу инклюзивтік дайындықтың шекті деңгейіне 20 адам (40%) ие болатынын көрсетті, респонденттердің 15% - ында (8 адам) жоғары деңгей байқалады. Зерттелушілердің басым саны (45% - 23 адам) дайындықтың орташа деңгейін көрсетті. Осылайша, диагностика жүргізу кезеңінде болашақ педагогтардың инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге дайындығы жеткіліксіз қалыптасқан. Бұл мәселенің өзектілігін және инклюзивті білім беру мәселелерінде студенттердің құзыреттілік деңгейін арттыру жолдарын іздеу қажеттілігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Емельянова Т.В. Основы инклюзивного образования: практикум. – Тольятти: Изд-во ТГУ, 2014.
2. Синявская А.А. Понятие «готовность к работе в условиях инклюзивного образования» в современных психолого-педагогических исследованиях // Вестник Гуманитарного института ТГУ. – 2015. – №2(18). – С. 28-31.
3. Хитрюк В.В. Инклюзивная готовность как этап формирования инклюзивной культуры педагога: структурно-уровневый анализ // Вестник Брянского государственного университета. – 2012. – №1.
4. Общая педагогика. Профессиональная педагогика. Психология. Частные методики. – Брянск: РИО БГУ. – 2012. – С. 80-84.
5. Хитрюк В.В. Готовность педагогов к работе в условия инклюзивного образования // Вестник Чувашского государственного педагогического университета имени И.Я. Яковлева. – 2013. – №3 (79). – С. 189—194.
6. Хитрюк В.В. Готовность педагога к работе в условиях инклюзивного образования через призму комплекса компетенций // Известия Смоленского государственного университета. – 2013. – №4(24). – С. 446-455.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Махмутова Жадыра Сабыровна

*Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, Семей қаласы
«Педагогика және психология» мамандығы, МПП-221 топ магистранты*

Ғылыми жетекші: Джумажанова Г.К.

*психология ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң
университеті, Семей қаласы*

Жеке тұлға проблемалары әрдайым әлеуметтік қайшылық туындаған кезде шиеленіседі, бірақ қазіргі уақытта олар ерекше күрделі. Адамзат жаһандық қайта құрулар мен дағдарыстар кезеңін бастан кешіруде, Осыған орай, сыртқы әлеммен бірге өзгертін адамның, ең алдымен өсіп келе жатқан адамның, болашақ қоғамның өкілі ретінде ерекшеліктерін зерттеу ерекше мәнге ие болады. Шешуді талап ететін көптеген проблемалар мен мәселелердің ішінде, біріншіден, жеке тұлға қалыптасатын әлеуметтік ортаның ерекшеліктерін анықтау өзектендіріледі; екіншіден, жас дамуының барлық кезеңдерінде қазіргі заманғы адамда өскелең ұрпақтың оңтайлы дамуын қамтамасыз етуге арналған білім беру жүйесін жаңартудың жолдарын, шарттарын, мүмкіндіктері мен перспективаларын айқындау.

Қоғам дамуы процесінде тәрбие мазмұны өзгереді, алайда педагогика тәрбие субъектісі ретінде үнемі адамды қарастырады, ал тәрбие әсері оны жетілдіруге бағытталады. Бұл педагог-тәрбиешілердің тұлғаның сапалы өсуіне және жетілуіне ықпал ететін санасын, психологиясын, құндылықты бағдарын, білімі мен қызметінің әдістерін өзгертуіне мүмкіндік беретін тәрбие феноменін түрлендіретін іс-әрекеті ретінде анықтауына негіз береді. Демек, барлық білім беру процесін екі компонент ретінде көрсетуге болады: оқыту және тәрбиелеу. Өз кезегінде оқыту да, тәрбиелеу де белгілі бір аяқталған және құрастырылған процесті білдіреді. Оқу процесінің тәрбиелік мәні – оқыту барысында оқушылардың білім, білік және дағдыларды меңгеруі мен оларда әлемге, бір біріне, игерілетін оқу материалына эмоционалдықұндылықты қатынас қалыптасуы арқасында табиғи байланыс орнайтындығында [1].

Тұлға - жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан - жақты сипаттайтын ұғым. Адамның әлеуметтік қасиеттерінің жиынтығы, қоғамның даму жемісі және белсенді қызмет ету мен қарым-қатынас орнату арқылы жеке адамды әлеуметтік қатынастар жүйесіне енгізудің жемісі. Мақсаты, мазмұны және әдістері бойынша мектептегі тәрбие жұмысы оқу процесіне жақын. Ол әрқашан ерікті бола бермейді. Оны жоспарлаудағы шешуші рөлді мұғалім атқарады. Сыныптан тыс жұмыстарды бірыңғай және міндетті оқу жоспарын сақтай отырып, оқушылардың танымдық белсенділігін, тәрбиесін арттырудың бір құралы ретінде қарастыруға болады. Сыныптан тыс

жұмыстардың бос уақытты ұйымдастырудағы, оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамытудағы және олармен жеке жұмыс жүргізудегі рөлі зор [2]. Мектептегі оқу кезеңінде тұлғаның қалыптасуы оның жеке ерекшеліктері, мүдделері мен бейімділігі, қабілеттері мен таланттары қаншалықты толық ескерілетініне байланысты. Студенттермен жұмыстың едәуір бөлігі олардың мүдделері бойынша сабақтан тыс уақытта болады. Мектептің негізгі идеясы-әлеуметтік бейімделген, жауапты, өзін-өзі тануға және өзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлғаны тәрбиелеу.

Жеке тұлғаға бағытталған білім беру жағдайындағы тәрбие процесінің негізгі мақсаты білім беру іс-әрекетіне жүйелі көзқарас қалыптастыру болып табылады, онда сабақта да, сабақтан тыс уақытта да (мақсатты, мазмұнды, ұйымдастырушылық-белсенділік, бағалау және тиімділік) педагогикалық процесс компоненттерінің өзара байланысы байқалады, бұл оқушының жеке басының тұтас дамуына әкеледі.өзін-өзі тану, өзін-өзі тану, оқушының, мұғалімнің, ата-ананың жеке басын өзін-өзі растау үшін жағдай жасау. Бұл олардың шығармашылық өзін-өзі көрсетуіне және өсуіне, бірегей тұлғаның көрінуіне, ұжымдағы іскерлік және тұлғааралық қатынастарды ізгілендіруге ықпал етеді [4]. Қай кезеңде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін, алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеуұстаздың қолында. Қазіргі жағдайда мектепте білім беру үдерісін құрудың негізгі принципі - оқушы тұлғасын дамытуға бағдар беру, өнімді оқуға, өзінің білім алу қажеттіліктерін, танымдық қызығушылықтары мен болашақта іске асыруға мүмкіндік беретін іс-әрекет тәсілдерімен қаруландыру болып табылады. Қойылған міндетті шешу педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілігіне тікелей байланысты. Ұстазға тез өзгертін ашық әлемде оқушыларына үнемі сапалы, олардың тұлғалық мәнін дамытуға ықпал ететін білім беру ортасын ұйымдастыру міндеті ұсынылады.

Білім беру процесінің маңызды құрамдасының бірі ретінде оқытумен қатар тәрбие процесі жай-күйінің талдауы және зерттеуі көрсеткендей, қазіргі оқушылардың тәрбиесі біздің қоғамда болып жатқан әлеуметтік жүйенің дағдарысы: өмірдің қылмыстануы; экологиялық жағдайдың нашарлауы; адамгершіліктің төмендеуі және т.б. көптеген келеңсіз процестермен күрделендірілген. Негізгі әлеуметтік институт - отбасының өзінің тәрбиелік қызметін орындауы жеткілікті емес. Көбінде ата-аналар мен балалар арасындағы қарапайым рухани жылулық жетіспейді. Соңғы жылдары мектептің тәрбиелік қызметі төмендеді. Әр баланың бойында адамгершілік, қайырымдылық, азаматтық, еңбекке шығармашылық қатынас, тіршілік атаулыға ұқыпты қарау, өз халқының мәдениетін сақтау қасиеттерін тәрбиелеу - мектептің педагогикалық ұжымы басшылыққа алуы қажет және оқу-тәрбие жүйесі толығы тиіс басты құндылықтар. Заманауи жағдайларда білім беру мекемелеріндегі тәрбиені дербес түр ретінде емес, кез-келген педагогикалық қызметке тән іс-әрекет ретінде қарастыру қажет. Оқу процесінің тәрбиелік бағыттылығын арттыру қажеттілігіне орай, мектептегі оқу пәндерінің тәрбиелік бағыттылығын күшейту бойынша мектеп мұғалімдері үшін нақты практикалық басшылықтар, құралдар, әдістемелік ұсыныстар қажет [3].

Қоғам дамуы процесінде тәрбие мазмұны өзгереді, алайда педагогика тәрбие субъектісі ретінде үнемі адамды қарастырады, ал тәрбие әсері оны жетілдіруге бағытталады. Бұл педагог-тәрбиешілердің тұлғаның сапалы өсуіне және жетілуіне ықпал ететін санасын, психологиясын, құндылықты бағдарын, білімі мен қызметінің әдістерін өзгертуіне мүмкіндік беретін тәрбие феноменін түрлендіретін іс-әрекеті ретінде анықтауына негіз береді. Демек, барлық білім беру процесін екі компонент ретінде көрсетуге болады: оқыту және тәрбиелеу. Өз кезегінде оқыту да, тәрбиелеу де белгілі бір аяқталған және құрастырылған процесті білдіреді. Біздің пікірімізше, оқыту мен тәрбиелеу процестерінің мәнін төмендегіше ұсынуға болады:

– Оқыту деп - шығармашылық қабылдау мен практикалық қызметтер, мәдени және моральдық-этикалық идеялардың түрлі тәсілдері мен деңгейлері арқылы білім, білік және дағдыға ие болу түсіндіріледі.

– Бұл жағдайда тәрбие этностық, эстетикалық, моральдық, әлеуметтік және т.б. түрлі қарым-қатынастардың, сол сияқты мінез-құлық, дағдылар мен сезімдердің әртүрлі деңгейлерінің туындау және қалыптасу процесін білдіреді.

Білім беруді реформалауға және білім беру парадигмаларының алмасуына байланысты тәрбие проблемасы білім берудің барлық сатыларында ерекше тұр.

Даму дегеніміз - ең алдымен, адам ағзасындағы физиологиялық және психологиялық сапалық өзгерістер. Бұл өзгерістер белгілі бір әлеуметтік орта жағдайында өтеді. Әлеуметтік

көзқарас тұрғысынан қарағанда тәрбие қоғам бақылайтын және түзету енгізетін, жастарды мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар арқылы басқарып, бағыттайтын үрдіс. Қоғамның жаһанданған қазіргі және болашық өміріне қатысуға мақсаттылықпен даярлау ісі тәрбие арқылы жүзеге асырылады. Тәрбие үрдісі жалпы адамзаттық мәдениеттің бір бөлігі болғандықтан, мәдениеттану тұрғыдан оқып үйренуге тура келеді. Олай болса, бұл үрдіс балаға ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени мұраны меңгертіп, сол арқылы осы заманғы мәдениетке енуіне мүмкіндік береді. Тәрбие бір ұрпақтың озық тәжірибесін екінші ұрпаққа жалғастырушы үрдіс, осы арқылы адамның дамуына басшылық жасалады [4]. Нәтижелі жүйелі тәрбие жеке тұлғаны дамытады, адамның қоғамдағы орнын анықтайды. Баланың оны игеруі барынша қысқа мерзімде атқарылуы тиіс, сондықтан тәрбие ісі жалпы адамзаттық гуманистік бағытта жүргізіліп, жеке бастық рухани дамуына бағытталуы керек.

Жеке тұлғаның қалыптасуы оның әрекетінен және басқа адамдармен ой алмасу, сондай-ақ сана-сезімінің пісіп жетілу үрдістерінде өтеді. Жеке тұлғаны әлеуметтендіру мектепте атқаратын іс-шараларда негізгі орын алады. Яғни, оқушының өмірге деген көзқарасын, адамзат мәдениетін меңгерту, қоғамдағы орнын еркін табуы, ұлтаралық мәдени қатынастарды меңгерту мектептің оқу-тәрбие жұмысының негізі болып табылады. Сондықтан біздің алдымыздағы негізгі міндет-білімді, тәрбиелі мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру [5]. Жеке адамның дамуы дегеніміз-оның нерв жүйесіндегі функционалдық мүмкіншіліктерінің, психикалық процестерінің адамгершілік қасиеттерінің, білімінің, көзқарастарының оқу қабілетінің адам баласы жасаған материалдық және рухани байлықты игерудің және сол байлықты келешекте жасаудың даму тарихы болып табылады. Баланың дамуында іс-әрекеттің рөлі өте зор. Ол дамудың негізі. Оқушы іс-әрекеті арқылы танымын жетілдіріп, адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеуге жол ашылады. Мектеп оқушыларының мынандай бағыттағы іс-әрекеттерін ұйымдастыруға және рухани-адамгершілік ұстанымдарға бағыттауға болады: өмірлік бағытты көздей білу; адамдық қадір-қасиетін сақтау; қоғамдағы өз орнын таба білу; ой-сезімін дамыту, өз іс-әрекетіне талдау жасау; өзін-өзі еңбекке, дербестікке бейімдеу, т.б. Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты іс-әрекеттерінің салаларының мазмұны, ұйымдастыру әдістері мен тәсілдері және мотивтері де өзгеріп отырады. Мұны әртүрлі іс-әрекеттерінің түрлерінен байқауға болады. Мектепте іс-әрекеттердің бірнеше түрі бар. Олар: оқу еңбегі, баланың өзіне-өзі қызмет етуі, қоғамдық пайдалы еңбек, өнімді еңбекке баулу. Еңбек тәрбиесі барысында оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай түрлі іс-әрекеттері іске асырылады. Еңбек тәрбиесінде оқушылардың өзіне-өзі қызмет етуінің маңызы зор. Оқушының еңбек ету іс-әрекеті оның жас ерекшеліктерімен тығыз байланыста өтеді. Бастауыш сыныптардағы іс-әрекеттер көбіне ойын түрінде, үлкендердің еңбек әрекеттерін қайталау үлгісінде дамиды. Осы кезеңдегі берілетін тәлім-тәрбие түрлерінің сапалы болуы өте маңызды.

Тұлғаның қалыптасуында оқу орындары жетекші рөл атқарады. Әрбір оқушы ұзақ уақыт бойы оқу және тәрбиемен қамтылған. Бұл жерде оқу процесі маңызды орын алады. Дегенмен, қазіргі социумда тұлғаның әлеуметтенуі үшін ғылым негіздері бойынша білімімен қатар, белгілі бір сапалар да қажет. Бұл сапаларды қалыптастыруда оқу процесі тәрбие компонентінің маңызы зор.

Қолданылған әдебиеттер

1. Асмолов А.Г. Личность как предмет психологического исследования. М.1984. 105 - б.
2. Аяпова Ж. Білім беру технологиясын жетілдірудің психологиялық және педагогикалық сипаттары.// Бастауыш мектеп №7,2001.
3. Әбиев Ж, Құдиярова, Бабаев Педагогика “Нұрлы әлем”.
4. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар - Тараз: ТарМУ,2003.
5. Бегалиев Т.Педагогика - Тараз: ТарМУ,1999.
6. Жұмашев Қ. Дарынды тану мен оқыту мәселелері //Қазақстан мектебі № 1 - 2, 2002 ж.
7. Зимняя.И.А. Педагогикалық психология. //Москва. “Логос”, 2005; Алматы. “TST - company”, 2005.

СТУДЕНТТЕРДІҢ АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫН ПАТРИОТИЗМ НЕГІЗІНДЕ ДАМУЫ

Мухаметжанов Д.Ж.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
МПП 221 тобы, 2 курс, 7М01101 «Педагогика және психология» бағдарламасының магистранты

Ғылыми жетекші: **Аюпова Г.Т.**

PhD доктор, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы

«Қазақстан – 2030» Жолдауында Республика Президенті еліміздің ұлттық қауіпсіздігін, тәуелсіздік пен егемендігін танытатын мемлекетіміздің ұзақ уақытты дамуын анықтады. Білім беру мен тәрбиенің негізгі міндеті - өз елінің азаматы, патриотын тәрбиелеу болса, осыған сәйкес «қазақстандық патриотизм мен ұлттық патриотизм» студенттердің тәрбиелік деңгейін бағалудағы көрсеткіш болып қарастырылады.

Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге, қоғамның саяси және рухани өмірі саласындағы міндеттерді қайта жаңартуға бағытталған идеялық-тәрбие жұмыстары мемлекеттің стратегиялық бағдарымен анықталды. Еліміздің тәуелсіздік алып, егемендікке жетуі қазақ халқының және республикада тұратын басқа да халықтардың ұлттық дүние танымының өсуіне жағдай жасады.

Қазақстанның жоғарғы оқу орындарында студенттерге этностық ерекшеліктерімізді, халқымыздың тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ халықтың батыр ұл-қыздарының ерлік істерін назарға алу, жастарды патриоттыққа тәрбиелеудің және оны қазіргі жағдайда зерттеудің қажеттілігін арттыра түседі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің студенттермен кездескен сөзінде оларды патриоттыққа тәрбиелеудің қажеттілігін көрсетті. Бұл жастарға этнопедагогикалық негізде білім беріп, патриоттыққа тәрбиелеу ісіне нұсқау, әрі оның қажеттілігін айқындайтын бағдарлама деуге болады.

Соңғы жылдары қалыптасқан тәрбие жүйесі көпшілік жағдайда сөз, ұран, мәліметтік сипатта болып, жоғары оқу орындарындағы студенттерді міндетті түрде қоғамдық пайдалы іс-әрекетке қатысуын қарастырмады, олардың патриоттық тәрбиелеу бағытын дамытуды қиындатты. Бұл қазіргі кезде тәрбиелік мән беретін көптеген мәселелерді қайта қарауды және студенттерді жалпы Отанның өткендегі ерлік істерін терең сезіммен ұғынуға баулитындай тәрбиенің ерекше тиімді формалары мен әдістерін қарастыруды талап етеді. Әсіресе бүгінде байсалдылық, табандылық, батылдылық, батырлық, қайсарлық, білім ғана емес, әсіресе өнегелік көрсету қажет болып отырған уақытта аса маңызды. [1]

Қазіргі уақытта «Қазақстандық керемет» деген ұғым пайда болды. Ол тек бастамасы. Оған нағыз сай болу үшін жан-жақты дамуымыз керек. Қазақ – құдыреттілігі, имандылығы, адамгершілігі көзінен, жүрегінен көрініп тұрған, патриоттығы ішінде ұйып жатқан кең халық. Бүкіл білім беру жүйесі арқылы осыларды сыртқа шығару, жоғарғы дәрежеге көтеру қажет, ол үшін сапалы патриоттық тәрбие керек. Бұл сырттан ғана келетін әсер емес, ол іштен шығатын, дамитын, қалыптасатын ерекше қасиет. Ол қазақ менталитетінің ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан халыққа тән санамен келген ойлау нәтижесі.

Қайта жаңғырған ұлттық педагогикамыздың маңызды бір бөлігі рухани мұрадағы тәлім - тәрбиелік ой пікірлер, патриоттық сана-сезім, оған деген ғылыми көзқарас.

Қазақ елі жастарының 1986 жылғы желтоқсандағы рухани сілкінісі туғызған қайта түлеу процесі, сол патриотизмнің даму барысын өзгертуге, сөйтіп, шынайы ұлттық патриоттық тәрбие қағидаларын (принциптерін) қайта қарауға ықпал етті.

Қазақстан Республикасының егеменді ел болып ана тілінің мемлекеттік тіл болуымен қатар өткен тарихымызды қайта қарап, ондағы рухани құндылықтарды елеп-екшеп және рухани құндылықтардың қорына өлшеусіз үлес қосатын мұраларын зерделеп зерттеу бүгінгі ұрпақ тәрбиесінің керегіне жарату, өзекті мәселелердің бірі болуда. Мұның бәрі келешек жас ұрпақты патриоттық және интернационалдық рухта тәрбиелеудің қажеттілігін қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының білім беру жаңа бағдарламасында, қоғамның, бүгінгі күнгі талабы алдағы уақытта да әрбір адамды Отанын сүйуге, туған жерін құрметтеуге, ата-бабаның озық салт-дәстүрлерінің құндылығын мақтанш тұтуға, әлемде халықтар арасындағы бейбітшілік үшін достықты нығайтуға бағыт беруде талмай еңбек етуді қажет санайды. Идеялық тәрбие

жұмыстарының маңызды міндеттерінің бірі-патриоттық тәрбие. Патриотизм-әлемдегі бейбітшілік үшін күреспен, адамзат өміріне қауіп төндіретін термоядролық, экологиялық және террорлық апаттың алдын алумен, халықаралық қатынастарды құрумен және әлемдегі жаңа тәртіптерді бекітумен, өзара түсіністікті негізге алумен, тәуелсіз елдермен және басқа да мемлекеттермен көршілік татуластықпен, іскерлік ынтымақтастықпен тығыз байланыста болумен өлшенеді. Қазіргі кезде қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласында зерттеу жүргізуші ғалымдар халқымыздың сан ғасырлардағы рухани мұрасын, әсіресе оқу, тәлім-тәрбие мәселесін философия, психология, педагогика ғылымдарының зор жетістіктерін пайдаланып, асыл қазыналарын жоғары теориялық биіктен талдап, ғылыми көзін ашуда.

Тәлім-тәрбие мәселелерін зерттеуде елеулі үлес қосқан қазақстандық ғалымдар Қ.М.Арынғазин, Қ.Ж.Аганина, Ш.Ә.Әбдіраман, Е.З.Батталханов, А.А.Бейсенбаева, Қ.Бөлеев, Қ.Б.Жарықбаев, С.Т.Каргин, Ғ.М.Кертаева, С.Қалиев, К.Ж. Қожахметова, С.А.Ұзақбаева, этномәдениет мәселесі бойынша М.Х. Балтабаев, Ж.Ж. Наурызбай, А.С.Сейдімбек, патриоттық тәрбие бойынша С.К.Нурмукашева, Н.Р.Рамашовтың еңбектері. Қ.М. Арынғазин «Мағыналы педагогикаға кіріспе» атты еңбегінде, сыныптық сабақ беріп оқыту жүйесінен, сыныптық сабақ беріп оқыту-тәрбиелеу жүйесіне көшу қажеттілігін, оқыту жолдарын тұтас педагогикалық процестің жаңа үлгісін көрсеткен. Жаңа тәрбие үлгісіне (парадигмасына) көшу жолындағы оқыту, рухани байлықты, өнегелікті қалыптастыруды Қ.М.Арынғазин, А.А.Бейсенбаева еңбектерінде қарастырады. Осы процесті одан әрі дамыта отырып, көптеген ғалымдар қазақ халық педагогикасы мұраларының құнды идеяларын тәрбие құралы ретінде және дене тәрбиесі, музыкалық-эстетикалық тәрбиесі арқылы қарастырғандар Р.Қ.Дүйсембінова, Т.Ә.Қышқашбаев, Ы.Оршыбеков, Е.Сағындықов, т. б.

Ү.К.Санабаев Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігіне қарасты ішкі әскерлерінің әскери қызметкерлерінде патриотизмді тәрбиелеудің педагогикалық негіздердің өз ғылыми зерттеу жұмысына арқау етіп алған. А.А.Бейсенбаева «Қазақтың ерлік эпосы арқылы жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беру» атты ғылыми еңбегінде «патриотизм», «патриоттық тәрбие» ұғымдарының мәні, олардың құрылымдық компоненттері мен функцияларын нақтылап, жоғары сынып оқушыларының патриотизмін сыныптан тыс жұмыстарда қазақ ерлік эпосы арқылы қалыптастырудың механизмін жасады.

Р.М.Айтжанова «Жалпы білім беретін мектеп жағдайында этнос субъектісін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» атты еңбегінде жалпы білім беретін мектептің оқушысын этнос субъектісі ретінде қалыптастырудың педагогикалық негіздерін айқындап, мектеп оқушысын этнос субъектісі ретінде қалыптастырудың теориялық моделін жасаған.

Интернационалдық-патриоттық тәрбие мәселесін зерттеумен республикамызда бірқатар ғалымдары айналысады. Олар мына бағыттарда, атап айтсақ, ұлттық дәстүрлер мен патриоттық тәрбие, әскери-патриоттық, интернационалдық, адамгершілік, ерлік тәрбиесі проблемаларын қарастырады (С.Ешімханов, Р.С.Елубаева, Е.Жұматаева, С.Т.Иманбаева, т.б.).

Соңғы жылдары қазақстандық патриотизмге зор мән берілуде. Бұл тұрғыда К.Т.Әбілғазиева, Ғ.Б.Базарғалиев, Д.С.Құсайынова, А.К.Салимолдаева, еңбектерін атауға болады. Патриоттық тәрбиенің кейбір мәселелерін қарастырған ғалымдар С.Ә.Әбдіманапов, Л.А. Шкутина, т.б.[2]

Дегенмен, жоғарыда айтылған ғалымдардың ғылыми еңбектеріне талдау жасай келе біз зерттеп отырған мәселеің толық зерттелмегені байқалды. Қазіргі жаңа қоғамда студенттерге патриоттық тәрбие берудің этнопедагогикалық негіздері арнайы жеке зерттеу пәні ретінде толық қарастырылмаған деп тұжырымдауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Н.Ә.Назарбаев Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі. Өл-ауқатының артуы. //Қазақстан – 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасы, Алматы, 1997 жыл 10 желтоқсан – 41 бет.
- 2 Бөлеев Қ. «Қазақ мектептерінің оқушыларына патриоттық тәрбие берудің теориялық негіздері» Этнопедагогика//. №3. мамыр –маусым. 2008

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

Назирова Бакытгуль Жандосовна

*Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, Семей қаласы
«Педагогика және психология» мамандығы, МПП-221 топ магистранты*

Ғылыми жетекші: **Аюпова Г.Т.**

PhD доктор, *Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, Семей қаласы*

Шығармашылық - бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Ғылымда шығармашылық туралы ұғым XIX-XX ғасырларда пайда болып зерттеліне бастады. *«Шығармашылық – мағынасында жаңалық ашу дегенді білдіреді»*. Шығармашылық тұлғаның жеке ерекшелігі, табиғи дарындылығы мен даналығының көрінісі, шығармашылық қабілеттердің деңгейлері ғылыми тұрғыда қарастырылып, зерттелуде.

Белгілі психолог Қ.Жарықбаев шығармашыл тұлға туралы былай дейді: *«Басқалардан көмек күтпей, мәселені шешуде басқа біреудің әдісін қайталамай, қалайда өзі шешуге тырысатын адам – шығармашыл ойдың иесі»*. Б.Тұрсынбаева өзінің монографиялық еңбегінде *«Шығармашылық – мәселелік сипаты бар, барлық ішкі байланыстарды біріктіретін нәтижеде жаңа материалдық және идеалдық құндылықтар алынатын адамның мақсатты әрекеті»* дей келе, Д.Богоявленская, А.Брушлинский, А.Пономарев, Н.Кузьмина, А.Матюшкин, Ю.Кулюткин, Г.Сухова, т.б. ғалымдардың еңбектерін талдай отырып шығармашылық әлеуетке төмендегідей анықтама береді: *«Бұл тұлғаның жаңа жағдайға сәйкес әрекет тәсілін өзгерте алуға негіз болатын білім, білік, дағдылары; әрекеттің нәтижесін айқындайтын жаңалық, қайталанбастық; тұлғаның өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жүзеге асыруға әкелетін өнертапқыштық, елес, сыни ойлау, жаңалыққа деген ашықтық сияқты жеке қасиеттерінің жүйесі»* [1].

Баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек. Шығармашылық - бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. К.Д.Ушинский пікірін П.Ф.Каптерев одан әрі дамыта отырып, педагогикалық үрдіс оқушы мен мұғалімнің бірлескен әрекеті: бір жағынан, бұл - мұғалімнің бағыттаушы, ал екінші жағынан - оқушының өзіндік ішкі әрекеті. Ол оқушының белсенді білім игеруі мен қызығушылығына, талпынысына ерекше мән берді. П.Ф.Каптерев оқушының білімді игерудегі ішкі процестерін зерттеуді бірінші орынға қойды. Ең маңыздысы, бұл процестерге жағымды жағдайлар жасау дейді [2].

Қазақ мектептерінде дидактикалық міндеттерді шешуде Ы.Алтынсарин үлкен үлес қосты. Алтынсариннің мұғалім міндеттері туралы, қалай оқыту керек, қалай оқу керек деген талаптары біздің зерттеулерімізде маңызы болды. Кейбір зерттеулерде оқушының танымдық белсенділігі – бұл интеллектуалды және кәсіптік дайындыққа бағытталған үздіксіз оқу үрдісі, оқу тиімділігі мен оқытудың ғылымилығы деңгейін оптималдандыру ретінде түсіндіреді. Оқушыларды шығармашылық тұлға ретінде тәрбиелеуде шығармашылық ізденіс сабақтарының ықпалы зор. Сабақ барысында оқушылардың шығармашылық жұмыстарымен хабарламаларын тыңдап, проблемалық сұрақтар, тапсырмалар, зерттеу жұмыстарын беру тиімді болады. Баланың шығармашылық іс-әрекеттерін, ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарын тәрбиелеу ана тілі арқылы жүзеге асады. Осы пәннің маңызы туралы Ж.Аймауытов былай дейді: *«Оқытатын пәндердің бәріне бірдей керекті, бәрін орап алатын пән - ана тілі екені даусыз. Ана тілін жақсы меңгеріп алмай, өзге пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілін үйрену – сөздерді жаттау, олардың жүйесін, өзгеру заңдарын білу ғана емес, тіл үйренумен қатар, бала тілдің сансыз көп ұғымдарын, ойларын, сезімдерін, сұлу үлгілерін ойлау жүйесін, ой философиясын да меңгереді»*. Ал ана тілін оқыту арқылы шығармашылық іс - әрекетті қалыптастыру дегеніміз - өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылу, іздену. Осыған орай В.В.Давыдов: *«Бастауыш мектепте шығармашылық қабілеттіліктерді оқу әрекетінде көрінеді, даму өнімі - оқуға құштарлық, ынталылық»* - дейді. Ал шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Оқушылардың танымдық ізденімпаздығы қалыптастыруға бағытталған шақтар түрлері төртке бөлінеді: *«танымдық,*

коммуникативтік, шығармашылық, әдіснамалық». Оқушылардың танымдық ізденімпаздығы арттыруда шығармашылық сипаттағы сабақтар түрлерін өткізудің маңызы зор [3]. Шығармашылық сабақтардың жоспарын жасауда оқушының шығармашылық әрекетінің бағдарына сәйкестендіріп, олардың қабілеттері, ескерілуі тиіс.

Оқушылардың шығармашылық әрекетін тудыратын сабақтарды өткізу жоспары мен кезеңдерін қарастырамыз. Шығармашылық сипаттағы сабақтардың жоспарын жасау үшін тақырыбы, мақсаты, әрекет түрі және нәтижелері бір-біріне жуық байланысты сабақтарды топтастырып, тандап алуға болады. Жалпы бағдарламада көрсетілген пәндік сабақтардың әр тарауында жететін жетістіктері негізінде оқушылар білім алуда нәтижеге жетеді. Оқушылардың шығармашылық әлеуетін көтеруді мұғалім алдына мақсат етіп қояды. Мұғалім оқушы күйіне кіріп, олардың тақырыпқа қатынас әрекетін ойлайды, өтілетін сабақтың проблемасына қажет жағдайда жоспарланған сабақ мазмұны мен оқыту әдістеріне түзетулер енгізеді. Оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

Психологтардың зерттеулеріне қарағанда, танымдық іс-әрекеттің қалыптасуы өздігінен тұйыққа тірелген автономиялық үрдіс емес. Ол – тек әлеуметтік орта қоршауымен, адамның өзіндік қызмет сипатымен ғана емес, **жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекеті, танымдық қажеттілігін оятуға ынталандыратын оқу және тәрбие үрдісі, сондай-ақ өзінің жеке басының белсенділігімен, ұжымдылық іс-әрекет рөлімен және оның ұстаған позициясымен үндесе жүргізілетін күрделі үрдіс. Оқушының танымдық іс-әрекет құрылымы: танымдық қызығушылықтан, танымдық белсенділік, танымдық ізденімпаздық және шығармашылық іс-әрекеттен тұрады.** [4] Оқушылардың танымдық іс-әрекеті – жеке тұлғаның танымдық қызығушылығы мен қажетсінуін, белсенділігі мен ізденімпаздығын қамтитын танымдылық, еріктік, сезімталдық үдерістер мен мотивтер бірлігі нәтижесінде оқушылардың интеллектуалдық жеке қасиеттерін және біліктерін дамытатын оқу материалының мазмұны мен қажетті көлемін игеруді көздейтін жан-жақты оқу жұмысы. олардың осы пәннен алған білімін тереңдетудің маңызы зор.

Танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру және оны жетілдіру жолдары:

- **балаға жеке өздігінен ізденуге мүмкіндік беру;**
- **балаларға топтасып оқып-үйренуге жағдай жасау;**
- **оқушыларды өздерін-өздеріне немесе өзара бағалату;**
- **іс-әрекет барысында білім игеруге жол ашу.** [5]

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсу үшін, шығармашылық қабілеттерін сабаққа және сабақтан тыс уақытта дамытуда әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Қазіргі кезеңгі қоғам талабына сай оқытуда жаңа технологияны пайдалана отырып, оқушылардың оқу – танымдық іс - әрекетін белсендірудің шығармашылық әлеуетін көтерудің маңызы зор. Жаңа технология үрдістерінің талабы – оқушыларға білім беруде белгіленген мақсатқа жету, оқушылардың іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын, оқу - танымдық іс - әрекетін белсендіре отырып, сабақтағы үш біріккен мақсатты жүзеге асыруға қол жеткізу. Оқыту үрдісінде баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыруды басты назарда ұстау керек. Бала өзінің бұған дейінгі білетін біліктілігінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезінетіндей жағдайға келуі керек. Сонда ғана ол білуге әрекеттенеді. Сабақ барысында мұғалім ұйымдастырушы, бағыттаушы адам ретінде болуы тиіс. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Оқушы өз тұжырымын дәлелдеуге талпыныс жасайды. Шығармашылық сипаттағы сабақтар түрлерін жүйелі ұйымдастыру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасып, ұстазы берген ақпаратты, іс - әрекет тәсілдері мен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және ұжымдық тәжірибе тағылымдарын игеріп қана қоймай, оқушы барлық іс - әрекетте шығармашылық бағыт ұстанады, қабілет, білігін ұштай түседі.

Қолданылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы- қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы.
2. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1986. 10 том, – 17 б.
3. Сабыров Т.С. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары. А «Мектеп» 1978, 110б.

- 4.Токсанбаева Н.Қ. Оқыту процесі жүйесіндегі танымдық іс-әрекеттің құрылымы.п.ғ.к. дисс... Автореф Алматы-2001.
5. Б.Рақымова. Оқушылардың танымдық әрекетін дамыту. Бастауыш мектеп 2000, №2 25-26б.

ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ В ОБНОВЛЕННОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЕ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ

Нуржаубаева Анора

*студентка IV курса(специальность:Иностранный язык:два иностранных языка)
Аркалыкский педагогический институт им.Ы. Алтынсарина - некоммерческое
акционерное общество.*

Научный руководитель: Багитжанова Ш.К.

Старший преподаватель, магистр педагогики и психологии, город Аркалык

Для вхождения в мировое образовательное пространство Республика Казахстан выбрала стратегический курс, ориентированный на мировой образовательный опыт, следуя лучшим традициям и стандартам отечественного образования.

Обновление содержания образования - пересмотр структуры и содержания образовательной программы, методов и подходов к обучению и воспитанию. Это должно стать результатом внедрения обновленного содержания образования-создания образовательной среды для гармоничного развития и интеллектуального развития личности, обладающей функциональной грамотностью и конкурентоспособностью во всех сферах жизнедеятельности, включая национальные и общечеловеческие ценности.

В новых условиях от системы образования требуется, чтобы оно было качественным и непрерывным на протяжении всей жизни. Поэтому перед казахстанской системой образования поставлена задача овладения современными методиками и программами обучения, повышения уровня преподавания, обучения востребованным знаниям и навыкам, модернизации общественного сознания, развития функциональной грамотности, трехязычия, критического мышления и другие. Приоритетное внимание в языковой политике должно уделяться развитию государственного языка.

На основании этой поставленной задачей нашей страной был утвержден новый учебный процесс на 2020-2021 учебный год.

Учебная программа по английскому языку для обучающихся начальных классах предполагает работу в направлении уровня А1.

Изучение английского языка позволяет овладеть достаточным уровнем усвоения языка в соответствии с CEFR.

Таблица 1. Шкала уровней по классам Типовой учебной программы по предмету «Английский язык» обновленного содержания образования

Европейская шкала уровней (CEFR)	Шкала уровней по классам Типовой учебной программы по предмету «Английский язык» обновленного содержания образования	
A1 Уровень выживания (Breakthrough)	1 класс	A1 working towards (работа в направлении уровня A1)
	2 класс	A1 low (низкий)
	3 класс	A1 mid (средний)
	4 класс	A1 high (высокий)

Таблица 2. Ожидаемые результаты по каждому уровню по программе учебного предмета «Английский язык» обновленного содержания образования

Уровень	Описание европейской шкалы уровней (CEFR)	Ожидаемые результаты по каждому уровню по программе учебного предмета «Английский язык» обновленного содержания образования
A1	Понимаю и могу употребить в речи знакомые фразы и выражения, необходимые для выполнения конкретных задач. Могу представиться/представит ь других, задавать/отвечать на вопросы о месте жительства, знакомых, имуществе. Могу участвовать в несложном разговоре, если собеседник говорит медленно и отчетливо и готов оказать помощь.	1 класс Обучающиеся: - знают и понимают основные вопросы, общие личные вопросы, общие имена и названия мест; - обладают простейшими навыками общения для разговоров о людях и объектах
		2 класс Обучающиеся: - распознают основные моменты коротких, медленных разговоров, таких как цвет и число, краткие основные вопросы и рассказы; - могут сказать основные сказать предложения касательно личной информации, людей и объектов, задать вопросы для удовлетворения основных потребностей
		3 класс Обучающиеся: - распознают содержание коротких бесед, краткие инструкции и вопросы, которые запрашивают 85 личную информацию; - предоставляют краткую информацию о людях и объектах; - начинают читать очень короткие простые художественные и научно-популярные тексты
		4 класс Обучающиеся: - понимают и поддерживают беседу, о себе и окружающих; - могут кратко описать людей и объекты; - отвечают на вопросы и высказывают симпатии и антипатии

Ожидаемые результаты по каждому уровню служат подтверждением того что требуемый уровень знания и владения английским языком по учебной программе английского языка обновленного содержания образования более чем соответствует требованиям международного владения английскому языку.

В соответствии с приказом о пилотном внедрении обновленного содержания образования в 1-х классах 30-ти пилотных школ была начата апробация Государственного общеобязательного стандарта начального образования.

Целью апробации является интеграция в мировое образовательное пространство, ориентация национальной системы образования на стандарты мировой образовательной практики с учетом сохранения лучших традиций и стандартов отечественного образования.

Для проведения апробации обновленных учебных программ были определены 30 пилотных школ из 16 регионов страны. С 2015-2016 учебного года в ходе эксперимента планируется:

- апробация типовых учебных планов и программ обновленного содержания;
- апробация пробных учебников и учебно-методических комплексов;
- апробация системы критериального оценивания учебных достижений;
- организация повышения квалификации руководителей школ, учителей и методистов;
- проведение регулярного мониторинга качества обучения в режиме эксперимента.

В апробации обновленного содержания образования были задействовано более 3250 учащихся 1-х классов, 130 учителей начальных классов, учителя-предметники 30-ти пилотных школ.

Особенностью учебных программ начальной школы является то, что они направлены на:

– развитие навыков поиска, анализа и интерпретации информации соответственно возрастным возможностям как основы для эффективной организации индивидуальной и командной работы;

– формирование пропедевтических знаний о человеке, природе и обществе;

– развитие духовно-нравственных ценностей;

– формирование функциональных навыков обучения: считать, читать, писать, логично излагать свои мысли, устанавливать причинно-следственные связи.

Национальной академией образования им. И.Алтынсарина и АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» в помощь учителям пилотных школ разработан комплекс специальной методической литературы, системно-методический комплекс на электронных носителях, разработана методология проведения мониторинга процесса апробации.

Обновляемые типовые учебные планы и программы усиливаются с учетом инновационного опыта «Назарбаев Интеллектуальных школ».

Особенностью обновленных учебных программ является новая структура, включающая 10 разделов:

-важность предмета

-цели учебной программы по предмету

-реализация политики трехязычия

-организационные требования к процессу преподавания предмета

-педагогические подходы к обучению предмету

-формирование уважения к разнообразию культур и мнений

-компетентность в использовании информационно-коммуникационных технологий

-развитие коммуникативных навыков учащихся

-подходы к оцениванию результатов изучения предмета

-содержание, организация и последовательность разделов программы по предмету.

Указанные разделы учебной программы содержат учебный материал по уровням образования. К учебной программе прилагается учебный план рекомендательного характера, состоящий из долгосрочного и среднесрочного планов. В планах, базирующихся на системе целей и подходах к обучению, даны рекомендации для учителей по проведению занятий по темам и разделам, организации учащихся на уроках, а также включены учебные ресурсы (интернет, тексты, упражнения, видео- и аудиоматериалы и др.).

Содержательным отличием обновленных учебных программ являются:

– принцип спиральности к проектированию содержания предмета;

– иерархия целей обучения по таксономии Блума, основанная на закономерностях познания и классифицируемая по наиболее важным видам предметных операций;

– педагогическое целеполагание по уровням образования и на протяжении всего курса обучения, что позволяет максимально учесть внутри предметные связи;

- наличие «сквозных тем» между предметами как внутри одной образовательной области, так и реализация межпредметных связей;
- соответствие содержания разделов и тем предметов духу времени, акцент на формирование социальных навыков;
- технологизация учебного процесса в форме долгосрочных, среднесрочных и краткосрочных планов.

Хочется отметить, что во время курсов педагоги отработывали не только навыки речевой деятельности: слушание, говорение, чтение и письмо, но и цели обучения, критерии оценивания учебных достижений учащихся, возрастные особенности первоклассников, стратегии обучения языку, особенности организации обучения в контексте «сквозных» тем, использование которых позволяет интегрировать знания из разных предметных областей и способствует тому, что учащийся, взаимодействуя с миром, познает сам себя, самоопределяется в системе жизненных отношений.

В ближайшее время в Казахстане запустят пилотный проект «Сельская школа» по улучшению качества образования в сельских школах, направленный на сокращение разрыва в качестве образования между городскими и сельскими школами. В рамках проекта планируется провести исследование сильных и слабых сторон, а также потребностей школ на селе. С учетом выработанных рекомендаций будут приняты комплексные меры по улучшению материально-технической базы и качества образования в сельских школах.

В наше время английский язык входит в число обязательных предметов, изучаемых в начальной школе. Это очень важный этап в обучении детей, т.к. в начальных классах закладываются базовые знания языка, навыки его применения и, конечно, желание его дальнейшего изучения. Практикуемая школой методика преподавания английского языка в начальных классах должна основываться на играх, активной деятельности, визуальных методах, быть наглядной и понятной детям.

Список использованной литературы.

1. Послание Президента Республики Казахстан от 10 января 2018 года
2. Инструктивно-методическое письмо «Об особенностях учебного процесса в организациях образования Республики Казахстан в 2020-2021 учебном году»
3. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА БАЛАЛАР ТЕЛЕБАҒДАРЛАМАРЫ АРҚЫЛЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Нұрланқызы Г.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті. Семей қаласы
413 тобы, 4 курс мамандық “Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі”*

Ғылыми жетекшісі: *аға оқыртушы Ш.Т.Карипбаева*

Қазақстан Республикасының бастауыш білімнің мемлекеттік стандартында бастауыш сыныптағы оқушыларға жалпы адамзаттық құндылықтар мен жеке тұлғалық қатынас негізделіп жан-жақты тәрбиелеу көзделген. Солардың бірегей-эстетикалық тәрбие беру. Халыққа білім берудің жаңа мақсатын іске асыру үшін эстетикалық тәрбиені оқушылардың бойына сіңіруге арналған түрлі бағдарламалар жасалды.

Мектеп-оқушыларға білім мен тәрбие беретін орда. Оқушы мектеп табалдырығын аттай салысымен, ойын іс-әрекетінен оқу іс-әрекетіне ауысады. Жас ұрпаққа тәрбие беруде отбасы мен мектептің өзара ынтымақтастығы аса маңызды. Себебі екі орда біріксе үлкен қамал құралды, сол қамалдың беріктігі олардың ынтымақтастығына байланысты.

Еліміз егемендігін алғаннан бастап елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев білім беру саясатына ерекше тоқталды. Ата-бабамыздан қалған салт-дәстүрлерді келесі ұрпақтарға жеткізу үшін жан-жақты білім көздері жасалды. Ең үздік білім беру стратегиялары және оқушыларды тәрбиелеуге арналған бағдарламалар мен оқулықтар жасалды.

Қазақстан Республикасының «Білім беру» заңында «Оқушыларды жан-жақты тәрбиелеу міндеттері мен алғышарттары жасалу керек» –деп көрсетілген.[4]

Осы орайда,эстетикалық тәрбие дегеніміз – қоршаған дүниенің, өнердің сұлулығын баланың көру және сұлулыққа талпыну қабілетін дамыту мақсатымен оның жеке басына ықпал етуге бағытталған, жүйелі үрдіс.Эстетикалық тәрбиенің мақсаты – баланың бойына эстетикалық құндылықтарды сіңіруді қажетсіну, оған деген қызығушылығын, эстетикалық талғамын дамыту, эстетикалық іскерлік пен дағдысын қалыптастыру[3].

Баланың көркемдік-эстетикалық дамуы сәтті болу үшін тәрбиеші, педагог жас ерекшелігіне сай әртүрлі ойындар, сабақтардың түрлерін қызықты, әрі танымды өткізеді. Танымдық ықпалдар эстетикалық қобалжулармен неғұрлым байланыста болса, соғұрлым нәтижесі де, әсер етуі де жақсарады.[2]Педагог балалардың қажеттіліктерін, мүмкіндіктерін, қызығушылықтарын ескере отырып, әр біреуімен жұмыс жасауы, бала тұлғасының дербестігін көркемдік шығармашылық арқылы айқындауы, баланың өзін-өзі көрсетуіне мүмкіндік береді.

Білім беру мекемелерінде экрандық дыбыстық медианың ішінде, ең көп қолданылатын құрал – телебағдарламалар. Бұл теледидар техникалық жетістіктер мен өнердің әртүрлі формаларын синтездейтін ең көп таралған және қол жетімді құрал екендігіне байланысты.Теледидардың техникалық мүмкіндіктері құбылысты жедел немесе баяу қарқынмен көрсетуге, қажет болған жағдайда көрсетілімді тоқтатуға немесе тіпті қайталауға мүмкіндік береді.Сондықтан балаларға арналған телебағдарламалардың әлеуетін педагогикалық мақсатта пайдалану арқылы кіші мектеп жасындағы оқушылардың оқу-танымдық қызығушылықтарын оқыту үдерісінде дамыту қажет.Осыған орай, оқушылар эстетикалық тәрбие берудің ең тиімді телебағдарламалар арқылы екені анық.Себебі қазір ХХІ ғасыр ақпарат көздерінің дамыған шағы.Түрлі ойындар және балаларға арналған түрлі қызықты мультфильмдер танымдық қабілет дамытуға арналған жаттығулар қазіргі таңда қолжетімді.Қазіргі заманғы теледидар – ақпарат таратудың, ойын-сауық пен білім берудің ең танымал және ең қуатты құралы. Көрсеткіштердің жас ерекшеліктеріне сәйкес әр түрлі мазмұндағы контентке ие ондаған, ал кейбір аймақтарда жүздеген арналар қол жетімді [4].

Балаларға арналған телебағдарлама – бұл мектепке дейінгі, кіші мектеп, орта мектеп және жасөспірім жастағы көрсеткіштерге бағытталған бағдарламалар жүйесі. Оның мақсаты– жан-жақты тәрбиелеу және білім беру, өскелең ұрпақты әлеуметтендіру. Алайда, балалар бағдарламаларының конструктивтік, білім беру бағыты олардың ойын-сауық функциясынан басым болуы үшін оларды құру бойынша жұмысты ғана емес, сонымен қатар олардың тиімділігі мен балаларға әсерін зерттеу бойынша жұмысты жүргізу қажет.Себебі оқушылардың оқу әрекетін дамытуға арналған телебағдарламалар жұмыс жасауда.Телебағдарламалардың бәрі сапалы деуге келмес әрине,соның ішінде сапалысын тауып көрсеткен тиімді.Балалардың көбі бос мультиктерге уақытын құртып жатады.Баланың уақытын тиімді пайдалану ол ата-анасына байланысты.Ата-анасының қадағалауымен телебағдарламалардың көрсеткен дұрыс.Қазіргі ғасыр саны емес сапасына қарайтын уақыт.Кейбір ата-ананың немқұрайлығының нәтижесінде балалардың психологиясы бұзылып жатады.Сол салдарынан көптеген қиындықтар туындайды.Психологиясы бұзылған балалармен жұмыс жүргізу педагог-тәрбиешілерге қиындық туғызады.

«Балапан» – еліміздегі алғашқы балалар арнасы. Телеарнаның ең басты ерекшелігі, ол тек қазақ тілінде хабар таратады. «Балапан» арнасы 2010 жылы 27 қыркүйекте құрылған. Содан бері, білім, ғылым, өнер, спорт, тағы басқа сан салалы бағыттарда бағдарламалар ұсынып, бүлдіршіндерді мәпелеп отырған әрбір отбасының, сенімді серігіне айналды. Атап айтар болсақ, спорттық командалық жарыс ретінде өтетін «Жүзден жүйрік» бағдарламасы балаларды бірлікке, бауырмалдыққа баулыса, ал «Hello, Балапан!», балдырғандарға ағылшын тілін үйретеді. «Бауырсақ» бағдарламасы жасөспірімдерді дұрыс тамақтануға, «Санамас», бағдарламасы экономикалық сауаттылыққа, ал «Алақай, Балақай!» салауатты өмір салтына шақырады.

Бастауыш сынып оқушыларының психо-физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты визуалды есте сақтау басым болғандықтан әдебиеттік оқу пәнінде ақындармен, ғалым-жазушылармен танысқанда сабақ қызық әрі оқушының қабылдауына оңай болуы үшін балаларға арналған «Дара тұлға», «Ерте, ерте, ертеде...», «Біздің жанұя», «Мүмкіндік» телебағдарламаларынан сабақ мақсатына сәйкес келетін үзінділерді пайдалануға болады.

Эстетикалық тәрбиелеудің негізгі құралы – өнер. Ол шындықты көркем, сезімді қабылданылатын бейнелер арқылы бере отырып және осылар арқылы адам сезімі мен санасына әсер етіп, оның өмірлік көзқарасын қалыптастыруға жәрдем етеді.

Тарихқа көз жіберсек, қай ғасырда да болмасын философтар, ойшылдар, педагогтар баланың эстетикалық тәрбиесін қалыптастыруға ерекше назар аударған. Әл-Фараби, Ж. Баласағұни, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, А. С. Макаренко еңбектеріндегі жеке тұлғаның эстетикалық тәрбиесін қалыптастыру мәселелерін педагогика теориясы мен тәжірибесіндегі алтын қоры деп есептейміз.

Қазақстанғалымдары М.Х. Балтабаев, С.А. Ұзақбаева, А.А. Қалыбекова, Ш. Құлманова, Р.Р. Жәрдемәлиева өзенбектерінде қазақ халық музыкасы, дәстүрлік көркем мәдениеті оқушылардың эстетикалық тәрбиесін қалыптастыру мақсатында пайдалану жолдарын қарастырып, педагогикалық мүмкіндіктерін анықтап берді.

Сонымен эстетикалық тәрбие – табиғаттағы, өнердегі, еңбектегі, өмірдегі ең жақсыны қабылдау, одан ләззат алу. Эстетикалық тәрбие адамды дүниедегі әдемілік атаулыны бағалай білуге үйретеді. Сонымен, балаларға арналған телебағдарламаларды бастауыш сыныптың кез келген пәнінде кеңінен қолдану арқылы кіші мектеп жасындағы оқушылардың оқу-танымдық қызығушылықтарын дамытуға болады. Себебі, теледидарда түрлі арналардан берілетін бағдарламалар балалардың жас ерекшеліктеріне негізделіп жасалған, әрі олар танымдық мақсатты көздейді. Соны әр мұғалім күнделікті сабақтарда қолданып отырса, әрбір оқушы сабақ кезіндегі кез келген сәт бойынша тапсырма болуы мүмкіндігін саналы түрде ұғынып, мұғалімді және басқа сыныптастарын мұқият тыңдауға тырысатын болады. Себебі көбінесе шығармашылық, әрі стандартты емес сипаттағы тапсырмаларды орындау үшін тапсырма бергенге дейінгі ақпаратты зейін салып тыңдап алу қажеттігін түсінеді.

Балаларды эстетикалық белсенділікке тәрбиелей отырып, оларды өздігінен ілтипатты оқырман, қайырымды көрермен, сезімтал тыңдаушы болуға баулу керек. Балалар әдебиетті оқуға, кинофильмді, теледидарды, спектакльді көруге, музыканы тыңдауға өте ынталы болады. Әртүрлі әдеби, музыкалық шығармалардағы іс-әрекеттің оқиға желісін дұрыс түсіну үшін балаларды көп ізденуге үйрету, бағыт беру ұстаздардың басты міндеті.

Пайдаланған әдебиет:

1. Алмаханова Х. Жас өспірімдерге эстетикалық тәрбие. Әдітемелік нұсқау. – Алматы, 1990.
2. Ұзақбаева С.А. Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі. – Алматы, 1990.
3. Ұзақбаева С.А. Эстетикалық тәрбие негіздері. 13 Дәріс. – Алматы, 1991.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ ҮРДІСТЕРІ

Омаров А.Х.

*«Семей қаласының Шәкәрім атындағы Университеті» КеАҚ,
ИІ-701 тобы, 4-курс, мамандық «Информатика»*

Ғылыми жетекші: Жумаханова Д.А.,

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы Университеті» КеАҚ, аға оқытушы

Білім берудегі маңызды өзгерістерді анықтайтын әлемдік дамудың жетекші бағыты постиндустриалды, ақпараттық қоғамға көшу болып табылады, оның маңызды негізі дамудың инновациялық жолы болып табылады. Соңғы онжылдықтарда іс жүзінде қоғамдық практиканың барлық негізгі салалары - экономика, мәдениет, техника, саясат - инновациялық өзгерістермен сипатталады. Инновация адамның әлеммен қарым-қатынасының бүкіл жүйесін түбегейлі өзгертеді және әлеуметтік даму қарқынын едәуір жеделдетеді, Әлеуметтік және жеке даму қарқыны арасындағы қайшылықты тереңдетеді. Қазіргі ақпараттық қоғамда бір адамның өмір бойы әртүрлі технологиялық және ақпараттық төңкерістердің бірнеше циклі жүзеге асырылады.

Қоғамның даму қарқынын жеделдету білім беру саласына түбегейлі сұрақтар қояды, тез өзгертін жағдайларда адамдарды өмірге дайындаудың жолдары мен құралдарын іздеуді жүзеге асырады. Пәндік білім мен дағдыларды трансляциялауға, адамдарды салыстырмалы түрде тұрақты әлеуметтік-экономикалық жағдайда өмірге дайындауға бағытталған дәстүрлі Мектеп уақыт сын-қатерлеріне барабар жауап бере алмайды. Қазіргі заманғы білім беру өзінің мақсаттарын қайта айқындауға, білім беру мазмұны мен білім беру технологияларын жаңғыртуға, қоғамды

инновациялық қайта құру талаптарына барабар болуға тиіс. Сонымен қатар, білім беру қоғамның инновациялық қайта құруларына бейімделу әлеуетін көтеруі керек.

Қазіргі цифрланған дәуірде бәріміздің жаңа технологиялардың көмегіне жүгінетініміз белгілі. Күнделікті өмірде ақпараттық-коммуникативтік технология құралдарын тиімді пайдалану әр тұлға үшін маңызды іс. Заман ағымына қарай осыған қатысты мамандықтар түрлі дамып келеді. Мысалы: IT маман, дизайнер, ұстаздық, робот техника маманы және т.б.. Ал осы сабақтардың негізі - мектептегі «Информатика» пәнінен бастау алады. Мектепте қажетті білімді алу және өзін дамыту - сапалы білімді, шеберлік пен дағдыларды талап етеді. Мұғалім алдында отырған оқушыға тек қана білім жинағын беріп қоймай, оларда туындайтын мәселелерді өз бетінше шеше алатын, өзінің әл-ауқаты мен жалпы қоғам үшін жауап бере алатын оқушыны дайындау міндеті қойылған. Ол үшін жауапты, дербес және белсенді тұлғаны дайындайтын жағдайлар жасау керек.

Жалпы «Информатика» пәні ақпарат ұғымдары мен ақпаратқа қатысты мәліметтерді оқытады. Сонымен қатар компьютердің барлық құрылғыларымен жұмыс істеу тәсілдері, компьютерлік программалар және программалық жабдықтамаларды оқытады. «Информатика» пәнінің оқыту мақсаты - оқушыларды қазіргі заманауи технологиялармен тиімді жұмыс істеуге қажетті базалық білім, білік және дағдымен қамтамасыз ету болып табылады. Демек, ең бірінші оқушыда «Информатикада» берілетін түрлі ұғымдар қалыптасады.

Білім беру мекемесінің дидактикалық міндеттерінің бірі оқушылардың интеллектуалды дамуы, ал оның маңызды құрамдас бөлігі алгоритмдік ойлау болып табылады. Ғылыми жаратылыстану пәндері арасында оқушылардың алгоритмдік ойлауын қалыптастыру үшін ең үлкен әлеуетке информатика пәні ие. Көп жағдайда ойлауды дамытуда информатиканы оқытудың рөлі модельдеу және жобалау әдістемесі саласында, әсіресе объектілі-бағытталған модельдеуде қазіргі заманғы әзірлемелерге негізделген. Кез келген пәндік сала үшін ұғымдар жүйесін бөліп, оларды атрибуттар мен әрекеттердің жиынтығы түрінде ұсына білу, іс-әрекеттер алгоритмдерін және логикалық қорытынды сызбаларын сипаттай білу (яғни ақпараттық-логикалық модельдеуде не болып жатыр) адамның осы пәндік салада бағдарын жақсартады [3].


Қазақстандағы қазір білім беру жүйесі спиральдық принципін ұстанады, яғни бір тақырып сынып сайын қайталанып, күрделеніп отырады. Оқытудың спиральдық принципі - бүкіл мектепте оқыту барысында күрделенетін материалды қайта қарау дәстүрлі оқыту түріне қарағанда қазіргі заманғы оқушының дамуында үлкен артықшылық береді. Спиральдық принциптің артықшылықтары:

- оқушылар белгілеген оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімді қолдануды енгізу ұсынылады;
- жаңа білім алдыңғылармен тығыз байланысты және алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады;
- әр қайталанғанда тақырыптың немесе заттың күрделілігі артады;
- спиральды білім беру бағдарламасы қарапайым идеялардан неғұрлым күрделі ыңғайлы жолмен өтуге мүмкіндік береді.

Спиральдық принциптік таным теориясының ұсынған Джеромом Брунер. Ол тіпті ең күрделі материал кіші жастағы балаларға, егер ол дұрыс ұйымдастырылған және ұсынылған болса, түсінікті болады деп есептеді (Сурет 1).

Брунер адам танымның үш салыстырмалы шағын кезеңнен өтеді деген гипотезаны ұсынған:

- ойын (тәжірибе негізінде оқыту);
- бейнелеу (бейнелер мен суреттер арқылы оқыту);
- символдық (сөздер мен сандар арқылы оқыту) – спиральдық принцип әзірлеудің ақпараттық негізі болып табылады.
- Брунердің тұжырымдарына сәйкес спиральдық принциптің негізгі ерекшеліктері:
- оқушы тақырыпты өзінің барлық оқу барысында бірнеше рет қайта қарайды;
- тақырыптың күрделілігі әр қайталаумен өседі;
- жаңа оқыту ескі оқуға қатысы бар және ескі ақпаратпен контексте қарастырылады.



Сурет 1. Спиральдық принцип бойынша оқыту.

Спиральдық принцип оқу бағдарламаларының идеясы - бала тақырыпты немесе ұғымды бүкіл мектепте оқыту барысында бірнеше рет қайталайды және бұл ретте тақырыптың күрделілігі әр қайталау кезінде өседі. Бұған пәнаралық интеграция және тура тақырыптар арқылы оқыту да бағытталған.

Библиографиялық тізім

1. Амтаниус М. Психолого-педагогические основы контроля в учебном процессе. / М Амтаниус - М.: Изд-во МГУ, 2011-184с.
2. Беспалько В.П. Элементы теории управления процессом обучения. /В.П Беспалько - М.,2016-32с.
3. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. /В.П. Беспалько - М., 2016-98с.
4. Лапчик М.П. Методика преподавания информатики [Текст] / М.П. Лапчик – М.: Мир, 2017–440с

ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Рысбаева Гулзира Мусахановна

*Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, Семей қаласы
«Педагогика және психология» мамандығы, МПП-221 топ магистранты*

Ғылыми жетекші: Муканова К.К.

педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті

Халықтық психология – адамдардың қоғамдық және жеке тәрбиесінен, өмірдегі пайымдауларынан туындайтын қарапайым психологиялық білімдерінің жүйесі. Халықтық психологияның теориялық мәселелерін зерттеумен этнографиямен астарласа дамыған этнопсихология атты ғылым саласы шұғылданады. Халқымыздың ұлттық психологиясының өзегі имандылық пен адамгершілігінің басты белгісі, оның ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық санасының практикалық көрінісі. Ұлттық тәрбие деп - жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз [1].

Болашақ ұрпақтың білім алуы мен тәрбиесі, оның дамуы қашанда аса маңызды мәселелердің бірі болса, жаңа ғасырға енген қазіргі кезеңде жоғары технологиялық ақпараттық қоғамның мүмкіндіктерін пайдалана отырып білім мен тәрбие беру көзделіп отыр. Өйткені,

қоғамның қай саласында болсын жаңа технологияға кеңінен мән беру өмірдің өзі талап етіп отырған мәселе, олай болса қандай да жаңалықты қабылдауға және оларды меңгеруге дайын жастардың жаңа технологиялар негізінде білім мен тәрбие алуына ерекше көңіл бөлу заңдылық. Осы орайда жастардың қазіргі қоғамдағы орны және ұлттық құндылықтардың сақталуы мен тәрбиенің маңызы жайында Елбасымыз Қазақстан жастарының I съезінде сөйлеген сөзінде өте маңызды әрі көкейкесті мәселені көтерді. Н.Ә.Назарбаев аталған кездесуде: «Жастардың бойында құндылықтардың дұрыс жүйесін қалыптастыру керек, оның негізінде еңбексүйгіштік, ар-намыс, парасаттылық, өзін-өзі тұрақты жетілдіруге ұмтылыс және оқу, тәртіп сияқты қасиеттер жатқаны жөн» деп қазіргі жастардың бойында аса қажетті құндылықтарды тәрбиелеуді одан әрі жетілдіру керектігін және оны білім мен тәрбие беруді дұрыс ұйымдастыру арқылы қалпына келтіру керектігіне мән беру қажеттілігін ерекше атап өтті.

Жеке тұлғаны дамытуда әлеуметтендіру мәселесіне аса назар аударуымыз керек. «Әлеуметтендіру дегеніміз-дейді О.Нұсқабаев-жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастыру, жеткіншек жас ұрпаққа оқыту мен тәрбиелеу үрдісін белгілі бір тәртіпке келтіріп, жинақталған қажетті ғылыми-білімдерді, дағды-іскерліктерді және біліктілікті, рухани байлықтарды, мүдделер мен құндылықтарды, дүниетанымдық тағылымдар мен салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптар мен жөн-жоралғыларды, адамгершілік пен мінез-құлық нормаларын белсенді түрде меңгерту арқылы оларды біртіндеп өздері өмір сүріп отырған қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрлысына сәйкес әлеуметтік рольдер жүйесіне қосу».

Тәрбие мәселесі отбасы мен білім беру мекемелерінің ғана міндеті емес, ол көпшіліктің бірлесіп атқаратын ісі болғандықтан, бұл мәселемен қоғамдық ұйымдар, мекемелер және жұртшылық болып айналысқан жағдайда ғана оң нәтиже болмақ. Осы тұрғыда педагогика сөздігінде берілген «тәрбие – қоғамдық-тарихи тәжірибені болашақ ұрпаққа берудегі күрделі әрі қарама-қайшылықты әлеуметтік-тарихи үрдіс, ол барлық әлеуметтік институттардың: қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, отбасының, әртүрлі дәрежедегі және барлық бағыттағы білім беру мекемелерінің қатысуымен жүзеге асырылады [2]. Ол қоғамдық прогресс пен ұрпақтардың сабақтастығын қамтамасыз етеді» анықтама.

XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүріп, қазақтың ұлттық ой-пікірлері мен салт-дәстүрлері жайында тұңғыш зерттеу еңбектерін жазған Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты демократ ағартушылар мен орыс, батыс саяхатшысы, этнограф ғалымдарының (Э.С.Вульфсон, П.С.Паллас, А.Вамбери, А.Левшин, В.Радлов, А.Янушкевич, Н.Г.Потанин, Н.Л.Зеланд. т.б.) қолжазбалары, екінші кезең - XX ғасырдың алғашқы 20-30-жылдарында бұл істі ғылыми тұрғыда арнайы қарастырыған Ә.Диваев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, Н.Құлжанова, М.Әуезов т.б. болды. Яғни, бұл кезеңді ұлттық тәрбиені қалыптастыратын халықтық педагогиканы ғылым ретінде туып, қалыптасу кезеңі деп қараймыз. Үшінші кезең - 35-40 жылдық үзілістен кейін (1970-2000 ж.ж.) қазақ этнопедагогикасының қайта жанданған, даму дәуірі деп аламыз.

Этнопедагог, профессор С.Қалиев: «Ұлттық тәрбиені балабақшадан бастауымыз керек. Біздің ата-бабаларымыздан қалған асыл мұрамыз – тәрбиеміз қазақтан басқа ешкімде жоқ үлгі. Сондықтан да балабақша, мектептерге ұлттық тәрбиені енгізетін кез жетті. Әлбетте ұлттық тәрбиенің жанында ұлттық білім беру жүруі тиіс. Осы екеуін үйлестіру арқылы білім беру жүйесінің қазіргі тәжірибесін ұлттық инновациямен алмастыру керектігін қазір көпшілік көтеріп жүр. Ұлттық мәдени құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда ұлттық мәдени құндылықтар - белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Өзімізді өзіміз бағалай білуге бет бұру - ұлттық байлығымызды игеру, ұлттық санамызды дамыту. Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару» деген болатын [3]. Ал, Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Ұзу қолымнан келмейді» - дейді. Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеумін: бірі - өзім, екіншісі - халқым» - дейді.

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

- белсенді қарым-қатынас: баламен педагогтың әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;
- индивидуалдық: педагогтың әр жеке баланың ерекшелігін дамытуы, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;

- өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту;
- шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау.

Тұлғаның белсенділігі, өзін-өзі дамытып отыруға ұмтылуы өзгелерден бөлек жағдайда емес, өзге адамдармен диалогтық қатынастарға түсу кезінде жүзеге асырылады. Бірлескен қарым-қатынас негізінде оқушы-оқушы, мұғалім-мұғалім, оқушы-мұғалім арасында өзара құрметтеу, мойындау, түсіне білу және сыйластық әрекеттері пайда болып, толеранттық пен мейірімділік көзқарастары қалыптасады. Сонымен бірге сыни ойлау арқылы тұлға бойында рефлексиялық сапаларды қалыптастыру. Рефлексиялық сапа дегеніміз - білім мен тәрбиені өзіндік сана арқылы қабылдап, тұлғаның рухани дамуы, ғылыми ақпараттарды игеруі болып табылады. Бала бойында рефлексиялық сапалардың қалыптасуы оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда ізгілендірудің нәтижесі болып табылады. Оқушының өзін тану үшін және өмірлік проблемаларын шешудің бірден-бір тәсілі - рефлексиялық басқаруды жүргізе алуы. Ол үшін төмендегі басты ерекшеліктерді дағдыға айналдыруың маңызы зор:

- өз тәжірибесін пайдалана отырып, жаңа білім арқылы дүниеге өзіндік түсінік пен танымды қалыптастыру;
- өзге адамдардың ұсынатын идеяларына конструктивтік көзқараспен қарай алу;
- өзіне қарама-қарсы идеяларды жоққа шығаруға емес, түсінуге ұмтылу, одан өзі үшін нәтиже шығару;
- өз біліміндегі олқылықтарын көре білу және оны жоюдың жолдарын табу.

Рефлексиялық әрекеттер барысында оқу іс-әрекетін ұйымдастыру жолдары талданады, өзіндік шешім қабылдауға жағдай туғызылады. Сөйтіп, бала өзін-өзі дамыту, тәрбиелеу, өз әрекеттерін ұйымдастыру мүмкіндігін алады. Өз ерекшелігі мен деңгейін таниды. Сонымен бірге бала тұлғасына шоғырланған оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда педагог тарапынан әр баланың өзіндік жақын даму аймағында дербес қабілетін дамытуға түрткі болу, оларды оқыту мен оқу құндылықтары жүретін практикалық әрекеттерге баулу, баланың қолынан келетін істерін қолдау арқылы қиын проблемаларын шешуге көмектесу болып табылады. Қазақтың ұлттық тәрбие негіздері ең әуелі дүниетанытуды, содан кейін тәрбиелеуді, ол үшін өмір заңдылықтарын үйретуді көздейді. Мектеп оқушыларының жеке тұлға ретінде дамуына халықтық педагогиканың мұралары, ұлттық тәлім-тәрбие зор үлес қосады.

Тәрбие үрдісінде халық педагогикасының тәлімдерін енгізу арқылы қаны да, жаны да таза, елін, жерін, тілін қастерлей алатын азамат дайындауға жол ашылады. Бүгінгі мектептің оқу-тәрбие үрдісіне халықтық педагогиканың тәлімдерін және әлемдік мәдениет құндылықтарын енгізу мәселелері көптеген ғалымдардың еңбектерінен орын алады. Осы құндылықтар жаһандану жағдайында мәдени қарым-қатынас және ұлттық тәлім-тәрбие құралы болмақ.

Қолданылған әдебиеттер

- 1.Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. – Алматы: “Білім” 2004 ж.
- 2.Жарықбаев К.Б., Қалиев С. Қазақ тәлімінің тарихы. – Алматы: “Санат” 1995 ж.
- 3.Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: “Санат” 2001 ж.
- 4.Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. “Этнопедагогика” - Астана. 2005 ж.
- 5.Қалиев С., Оразаев М., Смаилова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: “Рауан” 1995 ж.

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕРДЕ МУЗЫКА САБАҒЫН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ

Сансызбай А.Қ.

*Қазақ гуманитарлық инновациялық-заң университеті, Семей қаласы
413 тобы, 4 курс, мамандық «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі»*

Жунисбекова Ш.М.

*Шәкәрім атындағы университеті, Семей қаласы 901В тобы, 2 курс, мамандық
«Музыка және бейнелеу»*

Ғылыми жетекшісі: **Султанова Н.К.**,
*Педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ гуманитарлық инновациялық-заң
университетінің доценті, Семей қаласы*

Бастауыш мектептерде музыка сабағын оқу тәжірибесіне көптеген өзгерістер, жаңалықтар енгізіліп, авторлық бағдарламалар, әдістемелік жинақтар шығармашылық ізденіспен дамып келеді. Музыка саласындағы дәстүрлі халық музыка байлығын, Қазақстан сазгерлері шығармаларын насихаттау жаңа қырынан алға қойылып, жаңартылған музыка бағдарламалары жасалуда. Дегенмен бұл әдістемелер мен бағдарламалар әлі күнге дейін ғылыми тұрғыда зерттеліп, оны бастауыш мектепте толығымен қолға алынбағандығына көз жеткіздік.

Музыка теориясын жасаған Шығыстың ұлы ойшылы оның басты нысаны – өнердің өкілі болып саналатын музыканың мән-маңызын зерттеу деп есептеген. Ал музыканың тарихи заңдылықтарын зерттеген Әбу Насыр әл-Фараби: «Оның дүниеге келуіне табиғи және сезімталдық қасиеттер әсер етті», – деп жазады. Ол бұл қасиеттерге адамның музыканы жазу мен жасауға қабілеттігін, ауыр еңбек бүтіндей тартып әкеліп, шаршаудан серпіліп, демалуға ұмтылуды жатқызады.

Осылайша Әбу Насыр әл-Фараби халық шығармашылығының бастауы болып саналатын – музыкамен поэзияның қызметін былайша айқындайды: **біріншіден**, тыңғу – адамдар ән тыңдау арқылы демалумен қатар рахатқа бөленеді; **екіншіден**, әсерлі сезімді шығармашылық – өз тәнінің жағдайына әсер еткісі келеді: оның бойындағы белгілі бір жағдайдан, үрей – қорқыныштан жұбату, одан серпілту немесе бірдеңені ұмыту; **үшіншіден**, белсенді шығармашылық – ән шырқау арқылы өзінің айтқан ауызекі сөздеріне белгілі бір мән-мағына беріп, тыңдаушыны әсерге бөлеп, оның көз алдына терең түсіністік жағдайын елестету [1, 167 – б].

Демек, Шығыстың ұлы ойшылы музыкалық мәдениеттің проблемаларын зерттей отырып, тұлғаның рухани жаңаруын, яғни оның педагогикалық мүмкіндіктерін бөлшектеп оқып – білу музыканың негізі боларлықтай міндеті деп есептейді. Музыканың дүниеге келуін қарастырған ол вокальдық және аспаптық музыканы бөле-жара қарап, ән-жыр өнеріне басты маңыз береді.

Бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық талғамын қанағаттандыра отырып, олардың музыка өнері жөніндегі түсінігін кеңейтуде, ой-өрісін дамытуда заман талабына сай құрылған музыка сабағының маңызы зор. «Балаға білім бергенде, алыстан жақынға, таныстан жатқа көшіп, жаңа білімді ескі білімге байлап беру керек»-деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, оқыту процесіне жаңа көзқараспен қарау керек. Осы бағыттарда мектептерде музыкадан теориялық және тәжірибелік білім беру жүйесінен біраз тәжірибелер жинақталған, солай бола тұрса да, музыка сабағын жүйелі оқыту, әсіресе қазақ мектептерінде ұлттық сазды әуендерге бай музыкалық мұраларымызды молынан пайдаланудың жолдарын ғылыми тұрғыда зерделеу, оны оқушылардың санасына сіңіру қазіргі таңдағы мұғалімдердің төл міндеті.

Басты міндет-оқыту мен тәрбиелеу. Өз пікірінде көрнекті педагог В. Сухомлинский «Өнер – өнегелі, ақылды адамдарды тәрбиелейтін құрал» -деп тәрбие үрдісінде өнерге аса көңіл аудару қажеттілігін қысқа да түсінікті түрде атап көрсетті. Сырлы да сазды әуендерді бүгінгі күн әуендерімен, классикалық музыкамен ұштастыра, шығармашылықпен тақырыпты аша түсіп, оқушыларды музыка әлеміне қызықтыра білу музыка мұғалімінің өз ісінде шеберлігін талап етеді [2, 12-б]. Оқуға ынтасы барды да, ынтасыздарды да, тәртіптілер мен тәртіпсіздерді де музыка әлеміне қызықтырып, оқушылардың рухани бейнесі, танымын қалыптастыра отырып, қоғамның саналы азаматы етіп шығаруда музыка пәнінің маңызы зор. Өйткені Музыка ырғағы кез келген оқушының сана түйсігі арқылы ойлау, қиялдау, елестету сынды психологиялық үдерістерді дамытуына өз септігін тигізеді хақ.

Ал, Плотон мен оның ізбасарлары музыканың дүниеге келуінің қайнар көзі ретінде оны тек құдайдан ғана берілген қасиет деп айтса, ал Әбу Насыр әл-Фараби мен оның ізбасарлары жеке тұлғалық және қоғамдық қажеттілік «Музыка жайлы үлкен кітабында»: «Адам өмірдің сан алуан жағдайларына орай музыканы: **біреулерге** шаттық пен қуаныш үшін, **екіншілерге** қайғы-мұң үшін, **үшіншілерге** жұбаныш үшін, **төртіншілерге** ақындық сұхбат жүргізу үшін таңдай білуі тиіс», - деп жалпы мәдениеттің, соның ішінде, музыканың пайда болуымен дамуының табиғи және қоғамдық-рухани қажеттіліктері оның негізгі ерекшеліктерін айқындайтынын айтады. Халықтық музыкалық мәдениеті, оның «жыр», «толғау», «жоқтау» және тағы басқа түрлері мен мазмұны деп осы ойдың дәлдігін айғақтайды [3, 79-б].

Өмірге енді ғана қадам басып келе жатқан бастауыш сынып оқушысының жүрек қалауы оның бойына сазды әуен арқылы сіңеді. Сонымен қатар оның музыкадан тәрбие алуының да мүмкіндіктерін айырықша атап өтуіміз тиіс. Халық тәрбиесіндегі балаға тәлім-тәрбиенің қайнар көзі ретінде ананың әуезді сыңғыр үнімен берілетін әлдин орны ерекше. Бала тал бесіктен әлди арқылы естіген тәрбиелік ұғымдарды санасына құйып өсті. Сол арқылы бой түзеді және сол әуендер бойына тарап, жан дүниесі музыкаға жақын болып өсті. Осыдан бала бастауыш сыныпқа келгенде музыканың жоғарғы деңгейдегі өнердің бір саласы ретінде танып терең ұғынады. Ал, осы кезеңде музыка пәні өз деңгейінде оқушыға берілмесе онда оқушы дүниетанымында әр қилы көз-қарастар пайда болуы әбден мүмкін.

Бастауыш мектептің музыка пәнінде жаңа әдістерді пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми-педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу қажеттілігі туындайды. Осы адами қасиеттерге тәрбиелеуде ұлттық халық музыкасының алатын орнын көптеген ғалымдар өз ғылыми еңбектерінде зерделеген. Ғылыми еңбектерге талдаулар жасаған кезімізде әрбір ғалым өзінің ғылыми жұмыстарында ұлттық музыканың мектеп оқушысына берер тәрбиесінің мол екендігін баяндаған. Осы тұрғыда бастауыш сынып оқушысына музыка пәнінің оның тәрбиесіндегі рөлі мен маңызы айқындалмақ.

Бастауыш сынып оқушыларына эстетикалық тәрбие беріп, олардың бойына туған өлкесіне, халқына деген адамгершілік пен сүйіспеншілік сезімдерін сіңіруде ұлттық музыка мәдениетінің алатын орны ерекше екендігі белгілі. Осы мәселелерді қайта жандандыру мақсатында оқушыларды қабілетіне қарай – жыраулық өнерге, терме айтуға, шешендікке тапқырлыққа, айтыс өнеріне үйретуде – ән-саз пәнінің алатын орны орасан зор. Олай болса, оқытумен тәрбиелеудің ой елігінен өтетін әдіс-тәсілдерін жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет. Сонда ғана сабақ нәтижелі болып білім сапасы арттады.

Бастауыш мектеп оқушыларының білім алуында ерекше орын алатын пән музыка өнері болып табылады. Өйткені, әдемілік пен көркемділік адамның күнделікті өмірінде зор роль атқарады. Адамның қоршаған ортасы неғұрлым көркем болса, соның өзі адамды көңілдендіріп, еңбек пен өмір шабытын тудырады. Осы аталған әдемілік пен әсемдік әлемінен сыр шертетін әуезді ән өнері, кез-келген оқушының пәнге, сабаққа, өнерге деген қызығушылығын арттырып, көркемдік ой-өрісін дамытып, сұлулық әлемінен тәлім-тәрбие алуына септігін тигізетін ғылым саласының бірі. Сонымен қатар, ән-саз өнері оқушылардың рухани дүниетанымын молайтып, өнер құндылықтарын бағалай білуге де септігін тигізеді хақ. Ән-саз өнеріне ден қойған оқушының бойында қатыгездік, тәртіпсіздік, бұзақылық сияқты келеңсіз қасиеттер кездесе бермейді. Өйткені оқушыны сезімталдыққа баулиды. Осы негізде ән-саз өнерінің салаларын жеке-жеке зерттеп, оқыту мәселелерін қарастыруымыз қажет. Зерттеу жұмысымыз өнердің соның ішінде ән-саз өнерінің жекелеген түрлерін зерттеп, олардың бір-бірімен байланысын, ерекшеліктерін, заңдылықтарын егжей тегжейлі даралап, салаларға бөліп ажыратып оны оқушылардың бойына сіңіру қажет деп тұжырымдауға негіз болды.

Қорыта айтқанда бастауыш мектептегі музыка сабағы оқушыларды әсемдік әлемінің таңғажайып сырын терең түсініп, көркемдік атаулыны шынайы сезінуге, одан рухани ләззат, әсер алуға, өмір жайлы ой толғауға, ізгілікті мұрат мақсаттарға жетелеп, өнегелі істерге баулайды. Музыка – құдіретті күш, жан дүниені ерекше әсерге бөлеп, адамды сәулелі өмірге жетелейтін сиқырлы өнер. Осы айтылғандар бастауыш мектепте музыка сабағының жүйесін маңыздылығын айқындай түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. АльФараби.-Трактат о музыке /Аль-Фараби. Избранные трактаты. Алматы: Ғылым,1994.
2. Сухомлинский А-;. Балаға жүрек жылуы. – Алматы, 1976. -136 б.
3. Қазақтың музыкалық фольклоры: болмысы, өзіндік ерекшелігі, тәрбиелік мазмұны мен заманауи өміршеңдігі. Оқу құралы. -2-ші басылым.-Алматы: Триумф «Т» 2007 -160 б.

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫ ЖАСТАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Смихан А.Е.

*Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің phd докторанты,
Алматы қаласы*

Ғылыми жетекшісі: Избасарова Р.Ш.

п.ғ.к., доцент Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры

Қазақстан Республикасының 2007 жылы қабылданған Білім туралы Заңында: жас ұрпақты «...азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу» қажеттігі айқын көрсетілген. Бұл республикамыздың ертеңгі қажетін өтейтін, елін, жерін сүйетін, отаншыл, адамгершілігі мол, білімді, парасатты, ана тілін, туған жерін қастерлей білетін азамат өсіруде ұстанатын басты құралымыз бағзы заманнан бері ұрпақ тәрбиесінің алтын дінгегіне айналған халық дәстүрлері, халық ауыз әдебиеті, ақын-жазушыларымыздың таңдаулы туындылары болуын міндеттейді. Сондықтан, қазіргі таңда оқушыларды халық ауыз әдебиеті үлгілерін қастерлеуге баулу бүгінгі күннің аса маңызды мәселесіне айналып отыр [1].

Әл-Фараби [2], Шоқан [3], Абай [4], Ыбырай [5] сынды шығыстың ұлы философ-ойшылдары мен ағартушыларын да адам тәрбиесі, яғни болашақ ұрпақ тәрбиесі проблемасы қатты толғандырған.

XX ғасырдың 70-жылдары белгілі ғалым Г.Н. Волковтың көрегенділігі мен батылдығының, табандылығының арқасында халықтық тәрбие қағидалары сараланып, жинақталып, ғылыми тұрғыда жүйеленді [6]. Ол этнопедагогиканың маңызды ғылыми білімдер жүйесін құрайтын дербес ғылым саласына айналып отыр.

Халқымыздың рухани мұрасын зерттеп-зерделеуге көңіл бөлініп, тәлімдік, тағылымдық әдет-ғұрыптарымыз, салт-дәстүрлеріміз ұлттық өнеріміз педагогика ғылымы тұрғысынан қарастырылып, этнопедагогика өз алдына дербес ала ретінде қалыптаса бастағаны баршамызға мәлім. Қай заманда болмасын адамзат баласының алдында тұратын ұлы мақсатмұраттарының ең бастысы – өзінің өмірін, тәжірибесін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Себебі ұрпақ тәрбиесі келешегін берік ететін басты фактор болып саналады.

Ауыз әдебиеті - халық шығармашылығының айрықшасаласы, ауызша шығарылып, ауызша тараған көркем-әдеби туындылардың жиынтық атауы. Қазақ халқының мұндай сөз өнерін ғалымдар ауыз әдебиеті деп атаған. Сонымен бірге ғылым мен мәдениетте “халық шығармашылығы”, “халық поэзиясы”, “халықтың ауызшасөз өнері” дейтін атаулар даосыған жақын мағынада қолданылады.

1846 жылы ағылшын Вильям Томс ұсынған “фольклор” (ағылшынша folk - халық, lore - білім, даналық) сөзі де ауыз әдебиеті атауы үшін халықаралық ғылым атау ретінде орныққан. Бұлардың қайқайсысы да бірінің орнына бірі қолданыла береді. Бірақ мағыналары бір емес. Мысалы, “халық поэзиясы” дейтін ұғым өлең түрінде айтылатын поэзиялық жанрларды жинақтап атауға лайық болса, “халық шығармашылығы” - халық шығармашылығы мен өнерінің барлық түрлерінің жалпы атауы, “ауызшасөз өнері” - прозалықта, поэзиялықта шығармалардың ортақ ұғымы. Бұларға қоса “халық даналығы”, “халық білімі” деп аударылатын “фольклор” терминінің мән-мағынасында дәлелді айырма бар.

Батыс Еуропа, Америка, Австралия халықтарының ұғымында бұл сөздің мағынасы тым ауқымды. Ол халықтың киім-кешек, құрал-жабдық, әдет-ғұрып, тұрмыс-салт, наным-сенім, сондай-ақ түрлі көркем өнерін (поэзия, музыка, би, ою-өрнек, тоқыма өнері, т. б.) тұтастай атау үшін қолданылады. Бұл жағынан алғанда ол тек ауыз әдебиетін ғана емес, “этнография”, “этномәдениет” дейтін ұғымдармен десабақтасып жатыр.

“Фольклор” атауы орыс ғалымдарының зерттеулері арқылы халықтың ауызша поэтикалық шығармашылығы деген мағынада қалыптасқан. Көшпелі қоғам мәдениетінде табан астында туып, тыңдаушысын тәнті етпеген өлеңді, мәнерін таппаған жырды өнер деп танымаған. Осындай тіршілік аясында қалыптасқан ауыз әдебиеті барлық белгілері бойынша классик деңгейге көтерілген. Сондықтан да қазақ халқының ауызша сөз өнері отырықшы

елдердегі көп өнердің бір тармағы ретінде дамыған фольклорлық шығармашылықтан оқшауланып тұрады.

Көшпелі қоғамда фольклор белгілі бір әлеум. топтың ғана шығармашылығы емес, жалпы халықтың ханы мен қарасына, батыры мен биіне, байы мен кедейіне ортақ өнер, әмбебе тиесілі мұра. Бұған себеп күнделікті тіршілікті өнер дәрежесіне, кез келген құбылысты бейнелі де бедерлі жеткізуге дала перзентінің бейім тұруы еді. Ауыз әдебиеті жанрлық құрамы жағынан дасан-салалы болып қалыптасты. Тұрмыс-салт өлеңдері (еңбек-кәсіп, аңшылық, үйлену, жерлеу салты, наным-сенім т.б.), ертегілер, аңыздар, әпсаналар, мифтер, эпостық жырлар, тарихи өлең, қара өлең, лирикалық өлең, өтірік өлең, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, айтыс, шешендік сөздер, жаңылтпаштар, драмалық үлгідегі шығармалар - ауыз әдебиетінің негізін құрайтын осы бір жанрлардың өзі әрі қарай түр-түрге бөлініп кете береді. Бұлардың қай-қайсысы болса да сөзбен айтылатын шығармалар және олардың негізгі құралы сөз. Сондықтан ауыз әдебиеті, ең алдымен, сөз өнері.

Ауыз әдебиетінде сөзден басқа әншілік және орындаушылық өнер де айрықша қызмет атқарады. Ақындық, музыкалық және театрлық шығармашылықтың мұнда қабаттаса қолданылуы табиғи жағдай. Алайда ауыз әдебиетінде сөзден басқа өнердің түрлері қосымша қызмет атқарады. Себебі ауыз әдебиетіне жататын шығармалардың идеялық көркемдік мән-маңызы, эстетикалық қуаты, тәрбиелік мәні, ең алдымен, бейнелі сөзге негізделген. Әрине сөз өнеріне жазба әдебиет те жатады.

19-20 ғасырлардың басында Қазан, Уфа қалаларында қазақтың батырлық жырлары, діни және ғашықтық дастандары көптеп жарық көрді. “Ер Тарғын”, “Қыз Жібек”, “Алпамыс”, “Бозжігіт”, “Мұңлық - Зарлық”, “Шәкір - Шәкірат” т.б. жыр-дастандар дүркін-дүркін қайта басылып шықты. Ал, кеңестік дәуірде ауыз әдебиетінің көптеген үлгілері белгілі бір түзетулер мен редакциялауларға ұшыраса да, көпшілікке жол тапты. Эпостар, дастандар, ертегілер, аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер, айтыстар, шешендік сөздер, жұмбақтар т.б. тізбелі болып та, жеке де жарыққа шығып келеді. Бұлардың ішінде, әсіресе, “Алпамыс”, “Қозы Көрпеш - Баян сұлу”, “Қыз Жібек”, “Қамбар батыр”, “Қобыланды батыр” эпостарының екі тілдегі (қазақша және орысша) басылымының шығуы ірі жетістік болды. Ауыз әдебиетінің тарихы мен методологиясы жан-жақты зерттелді.

Қазақ ауыз әдебиетінің озық үлгілері кәсіби ұлттық өнердің өзге түрлері (опера, театр, кино, кескіндеме т.б.) үшін де қайнар бұлақ, құнарлы тақырып саналады. Алғашқы қазақ опералары (Қыз Жібек, Айман-Шолпан), қазақ театры мен киносындағы сәтті шығармалардың көпшілігіне ауыз әдебиетіндегі туындылар арқау болды. Ұлттық дүниетаным мен тәлім-тәрбие жүйесін қалыптастыруды ана тілін, ұлттық тарихты зерделеуді мақсат тұтқан ғыл.-зерттеулер де ауыз әдебиеті үлгілерін айналып өте алмайды. Ауыз әдебиетінің кейбір жанрлары қазіргі заманғасай жанасипаттармен дамуда. Олар айтыс, беташар, жаржар және т.б. Бүгінгі күні де бала тәрбиесі айрықша мәнге ие.

XXI ғасырдағы тасқын даған толассыз ақпараттар, қоғамдағы күрделі өзгерістер аясында өмір сүріп жатқан жас ұрпақты тәрбиелеудің күрмеуі қиын күрделі мәселелері жеткілікті. Ғаламдану өріс алған қазіргі заманның тәрбие жүйесіне ұлттық тәрбиені дарыту одан да өзекті болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтап, уақыт тезінен өткен тәрбие тәжірибесінің ауқымды бір саласын ұлттық дәстүрлер жүйесі құрайды. Адамның жеке басының қалыптасуы, оның рухани оянуы бала кезінен басталады. Жас шыбық иілуге қандай икемді болса, жасадам да тәрбиені қабылдауға сондай бейім. Сондықтан ел арасындағы қонақжайлық, береке бірлік, үлкенге деген сый құрмет азайды, қазақ қыздарынатән биязылық, әдептілік, ізеттілік жойылып, барады, қазақ жігіттеріне тән серілік, қажырлылық сиреп кетті, үлкендерге тән парасаттылық, білмегенді үйрету, жақсы тәрбие үлгісін көрсету жетіспейді деген сөзді жиі естіміз. Шынында да ата-ана қадірін білмеген – халық қадірін біле алмас.

Халық қадірін білмеген – ата-ана қадіріне жете алмайды. Өз ұрпағының болашағын ойламайтын бірде-бір ұлт жоқ. Сондықтан да, бұл мәселе бойынша дүние жүзілік ой-пікірдің дамуында тарихта мол мұра жинақталған. Оған әрбір халықтың артында қалдырған мынадай аталы сөздері айқын куә. Мәселен, «Әкенің еккен пайдасын ұлдары көреді» (эзербайжан халқы), «Өзінің ағасы жоқ адам, таяқты құшақтайды» (кабардин халқы), «Жарамсыз ұрықтан жарамсыз тұқым пайда болады» (тәжік халқы), «Шыбық кезінде сынбаған, таяқ кезінде сынбайды» (татар халқы), «Ағаш құрамай тұрғанда оны ие біл, ал баланы жас кезінде тәрбиелей біл» (хахас халқы), «Егер қызға үйленгің келсе, алдын ала шешесімен таныс» (татар халқы), «Шешесін көрде қызын ал, аяғын көрде асын іш» (қазақ халқы), «Өз шешесін сыйлай

білген адам, басқаның шешесін қорламайды» (әзербайжан халқы), «Ақылды ақсақалдары жоқ жерде, ақылды жастары да жоқ» (адыгей халқы) т.б. Міне, осының өзінен ақ, жалпы адам баласы даму тарихында тәрбие халықтың ой-пікірімен, адамгершілік талаптарымен үнемі сабақтастықта болғанын байқауға болады. Ендеше халықтық педагогика мұраларына тек өткен ғасырлардың ескерткіші ретінде қарауға болмайды. Ол жалпы педагогика мәселесімен тығыз байланысты және ұлттық ерекшеліктер сол ұлттың саяси, әлеуметтік, экономикалық, географиялық, тарихи жағдайына байланысты туындап отырады.

Қай халықтың баласы болсын, олардың бір-бірінен айырмашылығы жоқ. Қай халықтың баласы болмасын – ол бірінші кезекте бала. Ал баланы ешбір ұлт не ұлыс, жамандыққа тәрбиелемейді. Барлық халық ізгілікке, жақсылыққа, елін, туған жерді, тілді сүйуге, тарихын білуге, мәдениетін тануға, дәстүрін құрметтеуге, қысқасы барлық адамзаттық тәрбиеге тірек болатын ең құнды адамгершілік қасиеттерді ұрпақ бойына сіңіруді көздейді. Қазақ елі тәуелсіздік алып, дербестік жолына түскен бүгінгі таңда қазақ халқының болашағы үшін жаны күйетін әрбір ер азамат өзінің шаңырағын биіктетіп, отбасында отаншылдық, ұлтжандылық тәрбиесін жетілдіру жолында құлшыланып, айырықша көңіл бөлгендері жөн. Ол – борыштары. Сондай табанды әрекеттер арқылы ғана халқымыздың салт-санасындағы өшкіндеген жұлдыздары қайта жанады. Ұлттық тәрбиенің мұраты да сол.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ашин Г.К. Деятельность, сознание, личность. -М.: Смысл, 2005. - 431 с.
2. Stogdill R.M. Handbook of Leadership. A survey of theory and research. - N.Y., 1974. – 362 p.
3. Менегетти А. Психология лидера / пер. с итальянского А. Пиколаева. - Изд. 2-е испр. и доп. - М.: МГУП, 1999. – 144 с.
4. Р.Фрейд: навыки эффективного лидерства. -Спб.: Нитер, 2002.-224с.
5. Дилтс Р. НЛН: навыки эффективного лидерства. -Спб.: Нитер, 2002.224с.
6. Авдеев В.В. Формирование команды. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Сфера, 1999. - 542 с.

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ИНКЛЮЗИВТІ ОРТАҒА КӘСІБИ БЕЙІМДЕЛУ

Темирханова З.С.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
МПП 221 тобы, 2 курс, 7М01101 «Педагогика және психология» бағдарламасының магистранты*

Ғылыми жетекші: Джумажанова Г.К.,

Психология ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

Кәсіби бейімделу мәселелерін талдау батыс және отандық зерттеулерде ғылыми тұжырымдардың көпжақтылығымен ашылады. Батыс елдер еңбектерінде мәселе шеңбері кәсіби өзін-өзі анықтаумен байланысты кәсіби бағдар беру мен кәсіби даму теориясы аймағында көрінеді. Кәсіби даму концепциялары үш топқа біріктіріледі: құрылымдық, мотивациялық, жекедаралық.

Құрылымдық теорияның негізгі мәні – кәсіби даму мен кәсіби мінез-құлық өмірдің түрлі кезеңдері мен түрлі жағдайларына байланысты өзгереді (С.Аксельрод, Д.Миллер, Д.Сьюпер и др.).

Мотивациялық теорияның өкілдері (А.Маслоу, Э.Роу және басқалары) анықталған кәсіби мінез-құлық және әрекет қызығуға негізделген тұлғаның ішкі күшін шығаруға итермелейді деп тұжырымдаса, жекедаралық теория кәсіби дамуды өзін-өзі түсіну мен қалыптастыру процесі, ал мамандық таңдауды «Мен» концепциясын жүзеге асыру мүмкіндігі ретінде қарастырады. Бұл теориялар К.Роджерс, Д.Сьюпер, Д.Холланд еңбектерінде қарастырылған.

Д.Сьюпердің кәсіби жарамдылық концепциясы озық болып табылады. Автор өзінің концепциясында кәсіби өзін-өзі анықтау кезектірілген сайлау ретінде анықталады деп көрсеткен.

Д.Холландтың көзқарасы бойынша барлық бар кәсіптерді негізгі топтарға деген біріктіру болады. Тұлғадағы мамандыққа икемділік мамандықтың түрлері немесе типтеріне ғана емес, сонымен қатар, белгілі қызметке деген бейімділігінен де көрініс табады. Кәсіби даму процесі Холланд бойынша, кәсіби жетістікке, оның кәсіби ортадағы тұлғалық типіне сәйкес

қанағаттануына байланысты. Сондықтан, адекватты емес кәсіби таңдау кәсіби дамудағы мәселелерге әкеліп соғады.

Отандық ғылыми зерттеулерде кәсіби өзін-өзі анықтау бірнеше бағыттар бойынша жүзеге асады, соны ішінде әлеуметтік (В.В.Водзинская, И. С.Кон, М.Х.Титма), кәсіби бағдар берушілік (Е.И.Головаха, А.Е. Голомшток, Е.А.Климов, Н.С.Пряжников, П.А.Шавир), өмірлікәрекеттік (К.А. Абульханова-Славская, Л.И.Божович, М.Р.Гинзбург), кәсіби даму бағыты (А. А.Деркач, Т.В.Кудрявцев, А.К.Маркова, Т.В.Черникова, Ю.П.Поваренков, Э. Ф.Зеер) [1].

Кәсіби өзін-өзі анықтау құрылымын талдауда отандық психологтар көп көңіл бөлген (Е.М.Борисова, О.В.Падалко, Е.А.Климов, Н.П.Ансимова, И.В. Кузнецова, Л.М.Карнозова, С.Н.Чистякова, И.Н.Захарова).

Кәсіби өзін-өзі анықтаудың түрлі факторлары да белсенді зерттелуде (З.И.Рябкин, В.В. Водзинская, С.Н.Иконников, В.Т.Лисовский, М.Х.Титм, И.С.Кон, И.Н. Захаров, О.В.Падалко, В.Ф.Сафин, С.Н.Чистяков, П.А. Шавир, Г.И.Хмар және Л.С.Гурьева). Кәсіби өзін-өзі анықтаудың басқа да аспектілерін зерттелуде.

Тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтауы отандық педагогикалық ғылымында көпжоспарлы мағынада түсіндіріледі:

- әлеуметтену процесіндегі адамның кәсіби қалыптасуы критерии ретінде;
- мамандық таңдау жөніндегі шешімді қабылдаудағы негізгі компонент ретінде;
- жұмыскердің еңбекпен қамтамасыз етілу мәселесі ретінде;
- әрекет түріне адамның бағдарлануы ретінде;
- кәсіби бағыттылық пен кәсіби өзін-өзі сезіну – адамның қалыптасуындағы маңызды ретінде;
- субъектінің өзіндік кәсіби әрекетіне дайындығы ретінде;
- адамның өзінің кәсіби мүмкіншілігіне алаңдаушылығы ретінде.

А.К.Маркова өзін-өзі анықтаудың белгелері, кезеңдерін төмендегідей қарастырады:

- адамның өзінің меншікті ерекшеліктерін (қасиет, мүмкіндік, қабілеті және мінезі) қалыптастыру;
- идеалдары мен құндылықтар жүйесі негізінде өзін бағалау нормалары, критериилерін таңдай білу;
- өзі қабылдаған немесе қабылдамаған талапты нормаларға сйкес ерекшеліктері мен қасиеттерін анықтай алуы;
- ертеңгі күн жағдайына сәйкес потенциалды қасиеттерін көре білуі;
- мақсат қою, міндеттерді анықтау, жоспар үшін өзінің қажетті қасиеттерін дамыту [2].

Ғылыми әдебиеттерде кәсіби өзін-өзі анықтау құрылымы бойынша процессуалды және деңгейлі тұжырымдар деп екіге бөліп қарастырылған. Процессуалды тұжырым бойынша, кәсіби өін-өзі анықтау кезектестірілген заңдылық кезеңдерін анықтайды: мамандықты іздеу — мамандық таңдау — кәсіби өзін-өзі бағалау — кәсіби дайындық — кәсіби жетілу — мамандықты игеру. Аталған тұжырымдама негізінде тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтауы екі позиция негізінде сипатталады: а) нақты мамандық аймағында адамның барлық өмір сүру кезеңінде кәсіби өзін-өзі анықтау процесс ережесі ретінде қарастырылады. б) тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтауы нақты бір мамандықты таңдау жөніндегі шешім қабылдаған уақытында аяқталады.

Деңгейлі тұжырым кәсіби өзін-өзі анықтау деңгейін көрсетеді. 1-ші деңгей — кәсіби әрекеттің тәсілдері мен мақсатын сезіну; 2-ші деңгей — кәсіби әрекеттің мағынасын сезіну; 3-ші деңгей — өзіне деген қарым-қатынасты кәсіби әрекет субъектісі ретінде сезіну;

Аталған тұжырымдама негізінде кәсіби қалыптасу тұлғаның өзіне деген позитивті қарым-қатынасын сезінгенде өз соңына жетеді. Өзгеріс жағдайында өзін-өзі сезіну қайталанады [3].

Кәсіби өзін-өзі анықтау В.В.Чебышеваның, Е.М.Борисова мен Г.П.Логинованың, Н.С.Пряжниковтың еңбектерінде объективті суреттелген. Мұнда кәсіби өзін-өзі анықтау (В.В.Чебышева) адамның әрекеті ретінде және тұлғаның дамуында тұтас айқындалатын күрделі, ұзақ және жиі көрініс беретін процесс ретінде қарастырылады. Әрекет мазмұны – бұл ең алдымен болашағының күтілетін бейнесі, субъектінің санасындағы нәтижелер, өзін-өзі реттеудің ерекшеліктері, іскерлік тұлғааралық қарым-қатынас жүйесіндегі өзінің даралық ерекшеліктерін сезіну [4].

Кәсіби өзін-өзі анықтау мәні нақты мәдени-тарихи жағдайдағы өмірлік әрекет және орындалатын жұмыстың мазмұнын жетік түсіне және сезіне алу болып табылады деп Н.С.Пряжников өз еңбегінде нақты көрсеткен.

Е.М.Борисова кәсіби өзін-өзі анықтаудың құрылымды элементтерін анықтаған: 1) тұлғаның мотивациялық аймағы. Мотив биік жетістіктерге итермелейтін, мамандық таңдауды оятатын

негізгі күш болып табылады; 2) кәсіби қабілеттер. Индивид еңбек әрекетіне аяқ басқандағы ерекшеліктері негізінде қалыптасатын білім, іскерлік және дағдыны дамыту. Әрекет үстінде дамыған қабілет кәсіби маңызды қасиеттер кешенін құрастырады; 3) адамның жекедаралық-типологиялық ерекшеліктері. Мамандық екі жақты мазмұнды және динамикалық болуы қажет. Біріншісі білім мен дағдыны қажет ететін әрекет мақсаты, тапсырмаларға сәйкес адамның психикалық, тұлғалық дамуына спецификалық талаптар қояды. Динамикалық жағы нақты жылдамдықты, бір тапсырма типінен екіншісіне ауыса білу іскерлігін, зейін концентрациясын, эмоционалды қалпын талап етеді. 4) кәсіби өзін-өзі анықтау тұлғаның өзін-өзі сезінудің түрлі компоненттеріне бағытталады. Өзі жайлы адекватты білім, өзінің мүмкіндіктері, құндылық бағдарлары тиімді әрекеттің аймағын таңдауға көмектеседі. Мамандықтағы жеткен жетістіктері немесе сәтсіздіктерін көре білуі – өзін-өзі бағалауды анықтайды. 5) адамның әлеуметтік статусы. Адамның кәсіби бейімделуі тұлғааралық қарым-қатынастар негізінде көрініс береді [5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Баймуратова А.Т., Байтурсынова А.А. Состояние специальных классов общеобразовательных школ в контексте интеграции детей с ограниченными возможностями //Вестн. КазНПУим.Абая. Серия «Специальная педагогика». – М.: 2008.- № 1.
- 2 Кумаржанова К.Ш. Социально-педагогическая работа с семьей ребенка, имеющего ограниченные возможности: автореф. канд.пед.наук: 13-00.01.- Алматы, 2003.
- 3 Байтурсынова А.А. Проблемы обучения и воспитания лиц с особыми образовательными потребностями в свете реализации Закона Республики Казахстан «О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями. //Материалы Республиканской научно-практической конференции.- Алматы, 2005.
- 4 Баранова М.Л. Проектирование и организация в специальном образовании. Учебно-методическое пособие.- Ростов на Дону: РГУ, 2006.
- 5 Битянова М.В центре внимания - мониторинг //Школьный психолог.-2011. -№4.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ

Толыбек Қ.Ә.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы,
ПП-901 тобы, 2курс, мамандық «Педагогика-психология»*

Ғылыми жетекшісі: **Ризина П.Ә.**

Педагогика- психология ғылымдарының магистрі, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің аға оқытушысы, Семей қаласы.

Қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты — ой-өрісі дамыған, жан-жақты, шығармашылық деңгейде қызмет ете алатын, дүние-танымы биік, білімдік бәсекеге қабілетті, жан-жақты, сыни ойлай алатын жеке тұлға тәрбиелеу.

Ғаламдану өркениетімен қазіргі заманғы әлемде бәсекелестік жағдайына тез бейімделу қабілеті тұрақты дамудың ең маңызды факторы болып табылады.

Мемлекеттік білім стандарт деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды ендіруді міндеттейді.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдында қойылып отырған басты міндеттерінің бірі - оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды кеңінен пайдалану.

Қоғамның дамуына қарай ғылым мен техниканың деңгейі де, оны басқару жүйесі де өзгеріп отыратыны белгілі. Осыған орай маман қызметінің мазмұны жаңарып, жаңа мақсат, жаңа

көзқарас, жаңа шешімдер мен жаңа мүмкіншіліктерді қажет етеді. Ондай мүмкіншілік тек білім арқылы келеді.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғдылы жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Жалпы білім беретін мектептерде бүгін белең алып отырған кемшіліктері баршылық:

- білім сапасының төмендігі;
- білім саласына мемлекет тарапынан реформалар жүргізілгенімен оқудың нәтижесінің болмауы;
- директивалық құжаттар көптеп шығарылғанымен оның мардымсыздығы;
- оқушылардың өздігінен білім алу дағдысының болмауы;
- оқушылардың және оқытушылардың бірлескен шығармашылық еңбегінің болмауы.

Бұл тығырықтан шығудың бірден-бір жолы оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салу.

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Ол үшін болашақ мұғалімдерді даярлауға жоғары оқу орындары төмендегідей жұмыстар атқаруға тиісті:

Болашақ мұғалімдерді ақпаратты қоғам жағдайында оқып білім алуға, өмір сүруге бейімдеу;

Жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияға бейімделген білім берудің ғылыми-әдістемелік базасын жасау, білім саласын басқарудың жаңа формалары мен әдістерін пайдалана отырып жоғары білім беру жүйесін жаңарту;

Дүниежүзілік ақпараттық білім кеңістігіне орта білім беру мен жоғары білім беру жүйесін сәйкестендіре отырып кіріктіру;

Білім берудің иллюстративтік түсіндірмелі жүйесінен дамыта оқыту жүйесіне көшу. Оқыту үрдісінде оқушы шығармашылығына негізделген оқыту әдістерін пайдалануға түбегейлі көшу;

"Қазақстан әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына енуі үшін: білімді де, зерделі, жан-жақты дамыған дарынды, қабілетті ұрпақ керек" Ел президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан" атты халыққа жолдауынан.

Заман талабына сай көштен қалмай қазіргі таңда педагогтан өз пәнінің терең білгірі ғана болу емес, теориялық, нормативтік – құқықтық, психологиялық – педагогикалық, дидактикалық әдістемелік тұрғыдан сауатты және ақпараттық компьютерлік технология құралдарының мүмкіндіктерін жан – жақты игерген ақпараттық құзырлығы қалыптасқан маман болуын талап етуде.

Бүгінгі басты мәселеміз – білім сапасы десек, осы білім сапасын арттырудың тиімді жолы – білім беру жүйесінде түрлі ақпараттық технологияларды қолдану. Келешек қоғамымыздың мүшелері-жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Қазіргі таңда елімізде ақпараттық технологияларды барлық деңгейде білім беру үрдісін интенсификациялау құралы ретінде пайдалану саласы бойынша шешімін табуы тез арада күтіп отырған мәселелер баршылық. Сондықтан оқушыларды кәсіби даярлау жүйесінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың маңыздылығы мен қажеттілігі уақыт сұранысынан туындайды.

«Қанша білсең, ізден тағы, тағы да, білікті адам жетер тілек, бағына» деген ғұлама Баласағұнның сөздері менің өмірлік қағидам. Ұлы педагог Ушинский: **«Мұғалім білімін үздіксіз**

көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, іздеуді тоқтатса, мұғалімдігі де жойылады» деген болатын. Сондықтан әр бір мұғалім күнделікті сабағына өмір талабына сай дайындалып ақпараттық – коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалануы тиіс. Ол заман талабы.

Педагогика ұзақ жылдар бойы ақпарат жинау барысында, педагогикалық ғылымдардың салалы жүйесіне айналды. Қазіргі заманғы ғылыми дифференциацияға, оқытудың бөліну аймағындағы тенденцияға енеді. Оқу орындарының оқу-тәрбие процесіндегі оқыту, тәрбиелеу заңдылықтарын қарастыратын ғылыми базалық пән жалпы педагогика.

Педагогика – кең ауқымды ғылым. Оның шұғылданатын оқу және тәрбие мәні мен олардың барша байланыстарын жеке бір ғылым шеңберінде қамту мүмкін емес.

Педагогика дамудың ұзақ жолын басынан кешіріп, көптеген білімдер жинақтап, бүгінгі күнде ғылыми білімдердің кең тармақты жүйесіне айналып отыр. Сондықтан бүгінгі педагогиканы тәрбие жөніндегі ғылымдар жүйесі деп атаған дұрыстау келеді.

Бүгінгі таңда білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды элементтерінің біріне айналуға. Дүниежүзінде білімнің әлеуметтік рөлі артып, адамның болашағы оның алған білім сапасының көлеміне, ойлау деңгейіне байланысты болады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу.» – делінген.

Бұл білім мекемелерінің мұғаліміне өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық нұсқаны кез келген үлгімен құруға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: қазіргі білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. — //Қазақстан мектебі, №4, 2006.
2. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004
3. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. — //Қазақстан мектебі, №4, 2008
4. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.:Өркен, 2007
5. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОМПЬЮТЕРЛІК САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Турлыбекова А.С.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Г-413 тобы, 4 курс,
мамандық «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»*

Ғылыми жетекші: Карипбаева Ш.Т.

*Педагогика ғылымдарының магистрі, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің
аға оқытушысы, Семей қаласы.*

Білім берудегі сауаттылық мәселесі, біріншіден, нақты бір елдегі халықтың әлеуметтік жағдайына, екіншіден, мемлекеттің экономикалық дамуына, үшіншіден, елдегі мәдени ахуалға тәуелді болатындығы айқын. Бүгінгі өркениеттің даму деңгейі білімділік пен сауаттылық ұғымдарының мазмұны мен оны түсінудің сара жолдарын іздестіруді қажет етіп отыр. Ғылыми еңбектерде сауаттылық ұғымының белгілі бір деңгейде ана тілінің грамматикалық нормаларына сай оқу, дұрыс жаза алу дағдыларын игеру екені байқалады. Әйтсе де адамның өмір сүруіне қажетті деп танылып, меңгеруге ұсынылған бастауыш мектеп деңгейіндегі белгілі бір білім, білік пен дағдылардың жиынтығы (оқу, жазу, санау, сурет салу және т.б.) ретіндегі тілдік сауаттылық қазіргі кездегі әлеуметтік сұраным талаптарымен сәйкес келе бермейді.

Сауаттылық ұғымының нақты мазмұны дара тұлғаның дамуына қойылатын қоғамдық талаптарға байланысты құбылмалы сипатқа ие болады. Ол қарапайым оқу, жазу, санау

біліктіліктерінен бастап адамның әлеуметтік үдерістерге саналы түрде қатысуына мүмкіндік беретін, қоғамдық қажеттігі айқын кешенді білімдер мен біліктерден құралатын функционалдық сауаттылықты меңгеруді де қамтиды. С.И.Ожеговтың сөздігінде «функция» сөзінің мәні «Вызванный функционированием чего-нибудь, зависящий от деятельности, а не от структуры, строения чего-нибудь (книжн)»– деп анықталса, Қазақ тілінің түсіндерме сөздігінде: «функционалдық ұғымы бір нәрсенің құрылысы, құрамынан емес, қызметінен болатын, соның әрекетіне байланысты болады» – деп сипаттама беріледі. Бұдан «функция» ұғымы белгілі бір заттың атқаратын қызметіне немесе іс-әрекетіне қатысты айтылатыны танылады. Мысалы, техникалық құрал-жабдықтарды алар болсақ (компьютер, сканер, принтер, т.б.), олардың өз функциялары бар. Ал «функция» ұғымы адамға қатысты айтылғанда, оның іс-әрекетіне байланысты қарастырылады. Кез келген маманның атқаратын белгілі бір функциясы немесе қызметі болады, ол соның дұрыс атқарылуына жауап береді. Айталық, мектеп директорының, оқу ісі немесе тәрбие жөніндегі орынбасарларының әрқайсысының өз функциясы бар және әрқайсысы өз бағыты бойынша жауап береді

Жалпы, сауаттылық адамның білімділігіне қатысты ұғым екені белгілі. Яғни, сауатты деген сөздің түпкі мағынасы оқу, жазу, санау біліктіліктері қалыптасқан, грамматикалық тұрғыда таза, қатесіз жаза, сөйлей, оқи алатын, сондай-ақ дұрыс есептей білетін адам сауатты ретінде танылады. Ал «ақпараттық сауаттылық» белгілі бір кезеңге сай субъектінің алған білімі мен білігі негізінде сауатты іс-әрекет ете алуы деген мағынаны білдіреді. [19]

Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету деген сипатта ұғынылады. Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады.

Сауаттылық ұғымы оны білім берудің әрекеттік аспектісімен бірлікте алғанда ғана кеңейе түседі. Сауаттылық – тұлғаның пәндік білім, білік, дағдыларын әлеуметтік-қоғамдық ортада кез келген жағдаятқа сәйкес еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі.

Қазіргі таңда сауаттылық ұғымы білім кеңістігіндегі білімді құзыреттілікке бағыттау парадигмасына байланысты туындап отыр. Қазіргідей пәндік білімге ғана негізделіп отырған оқу үдерісінде баланың жалпы дүниетанымының қалыптасуы, өміртанымдық дағдыларының жетілдірілуі, білімнің күтілетін нәтижеге бағытталуы қоғамдық-гуманитарлық пәндердің жаңарған мақсат-міндеттерінен бастап оқытудың әдістемелік жүйесінің әр бөлігінің (білім мазмұны, оқыту түрлері, оқыту әдістері, білім нәтижелері) түбегейлі өзгертілу деңгейіне қатысты екені сөзсіз. Мектептік білім беру жүйесін жаңа уақыт талабына орай жетілдіру білім беру жүйесін өзіміздің ұлттық болмысымызға, негізге алынған ұстанымдарымызға сай құруды қажет етеді. Осыған орай мектептегі берілетін білімді шынайы өмірмен ұштастырып, бастауыш мектепті бітіруші түлектерді үлкен өмірге дайындау қажеттігі туындайды. Сондықтан бастауыш мектеп оқушыларының меңгеруі тиіс білім, білік, дағдыларының жиынтығы ретінде, яғни оқытудың түпкі нәтижесі ретінде оқушылардың бойында қалыптасатын құзыреттіліктер алынады. Білім берудің нәтижесі ретіндегі құзыреттілікті ғалымдар (А.Хуторской, М.Ж.Жадрина, Н.Н.Нұрахметов, Ж.Т.Дәулетбекова) белгілі бір пәнге қатысты оқушының игерген іс-әрекет тәсілдерінің жиынтығы ретінде анықтады. Сондықтан қазіргі кезеңде Қазақстандағы білім беруде жаңа нәтижеге жетудің басым бағыттарының бірі ретінде білімділік бағыттан оқушылардың бойында құзыреттерді қалыптастыру бағытына өту мәселесі қарастырылуда. Құзыреттілік бағыт– межелеген мақсаттарға жету үшін оқушының ішкі (білім, білік, дағды, құндылық, психологиялық ерекшеліктер және т.б.) және сыртқы (ақпараттық, адами, материалдық және т.б.) ресурстарды тиімді ұйымдастырудағы дайындығының қалыптасуын көздейді. Мектепте берілетін білім, ендігі жерде, негізгі мақсатқа жетудің құралы болуы керек деп тұжырымдалды. Дәстүрлі мектепте білім баланың білімді болуы үшін ғана беріліп, сол берілген білімнің болашақта бала өміріне қаншалықты қажет екендігі қарастырылмады. Педагогикалық мақсат нәтижесінде бала түсініктерді, мәліметтерді, ережелерді, заңдылықтарды, біліктіліктерді және т.б. меңгеруі тиіс, ал мұғалім сол білімді меңгертуі тиіс болды. Егер оқу нәтижесі құзыреттілік деп анықталса, онда пәнді меңгеруден күтілетін нәтижелер оқушының өмірлік дағдыларымен сабақтастырылуы қажет болып саналады [1].

Сонымен, сауаттылық – жеке тұлғаның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесе отырып, меңгерген білімді тұрмыс тіршілікте қолдана алуы мен жетілдіре отыруы. Сонда, сауаттылық ұғымына келесі анықтаманы беруге болады: адамның мамандығына, жасына қарамастан меңгерген білімді сауатты қолдана алуы мен үнемі білімін жетілдіріп отыру процесі. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік, т.б. Яғни, жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның өзгермелі әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алуға қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады [2].

Соңғы кезде ақпараттық сауаттылық негізін қалайтын информатика пәнін қай сыныптан бастап оқытылуы қажеттілігі туралы түрлі пікірлер туындауда. Осының негізінде оқытуды төменгі сыныпқа көшіру тиімділігі практика жүзінде дәлелденген. Себебі кез келген мектеп жасына дейінгі баланың танып-білуге, оқуға қатысты қызығушылығының өте жоғары болатыны белгілі. Ал психологтардың айтуы бойынша, баланың негізгі логикалық ойлауы 5-11 жаста қалыптасады екен. Сондықтан балаларды ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындау үшін бастауыш сыныптан-ақ оларды логикалық ойлауға, талдау жасай білуге, ақпараттық технологиялардың негізіне, ақпараттық сауаттылық пен мәдениетке тәрбиелеу қажет.

Информатика пәнін бастауыш сыныпта 12 жылдық білім стандарты жобасында және 11 жылдық білім беру жүйесінде вариативтік компонент ретінде енгізу қажет.

Бастауыш мектепте информатиканы оқыту келесі мақсаттарға жетуге бағытталған:

- ақпараттық мәдениеттілігін, сауаттылығын, алгоритмдік ойлауын қалыптастыру;
- интеллектуалды тұлғалық және эмоциялық - жігерлік сапаларын, қабылдау түрлерін және есте сақтауын дамыту;
- оқушыны азаматтыққа және дүниетанығыштыққа тәрбиелеу.

Сондай-ақ негізгі білім бағдарламасы мазмұнының міндетті минимумы «Логика және алгоритм бағыты» және де «Компьютер және ақпараттық технологиялар бағыты» деген мазмұндық бағытта берілген. Осы минимумға орай қазіргі кездегі информатика пәнін оқытудың әдістерінің күн сайын жаңарып отыруына қарамастан бастауыш сыныптарда информатика курсының оқытудың мақсатын төмендегідей түрде сараптауға болады:

- компьютерлік сауат ашудың бастау негізі;
- ойды логикалық түрде дамыту;
- алгоритмдік білімді жетілдіру мен мақсатты шешудегі жүйелілік;
- компьютерді үйренудің оңай жолдарын іздеу.

Жоғары сыныпта информатиканы оқыту жеке бағдарламамен жүзеге асуда. Ал бастауышта бұл жеке пән ретінде ғана емес, басқа негізгі пәндерді қолдаушы пән ретінде жүргені тиімді. Өйткені, компьютерді үйрену кезіндегі мәтін теру, қате түзету, сурет салу, есептің немесе әрекеттің алгоритмін құру сияқты практикалық жұмыстар мен тапсырмалар қазақ тілі, орыс тілі, бейнелеу және математика пәндерімен сабақтасады.

- 1) «Информатика» пәнін игеруде балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудағы пәннің мақсаты мен міндетін, қажеттілігін түсіндіру керек. Мысалы: Сендер ақпарат әлеміне саяхатқа аттанатын боласыңдар. Бұл саяхат мектептегі оқудың барлық кезеңдерінде жүріп жатады. Сол сияқты мектепті бітіргеннен кейін де жалғасатын болады. Бұл тамаша әлем өте кең, сондықтан онда адасып кетуің де мүмкін. Сондықтан, мұндай қауіптен құтылу үшін осы әлемдегі саяхатқа қажетті тәртіп ережелерін үйреніп алуың қажет.

- 2) Ақпараттық мәдениет негіздерін игеру

Әдістемелік нұсқаулар:

Енді бізді қоршаған тамаша әлемге қарап, жан-жағымызға зер салайық. Айналамыздағы түрлі заттарға назар аударайық: гүлдер жайқалады, құстар сайрайды, күн шығып тұр, жаңбыр жауып тұр, ыстық жаз өтіп, күз келеді де, ол қарлы қысқа ұласады. Біз ақпараттыгүлдің иісін сезу, сіркіреп жауған жаңбыр тамшысының тырсылығын есту, күннің шыққанын көру сияқты әрекеттер арқылы аламыз. Оны кітап оқу, теледидар көру арқылы алу мүмкіндігіміз бар. Ал теледидардан көрген ертегіңді досыңа айтып беретін болсаң, онда сен досыңа ақпарат бересің. Ертегіңі бейнемагнитофонға жазу арқылы бұл ақпаратты сақтай аласың. Ақпараттық қоғам жағдайында сендер оны ғаламтор арқылы алуларыңа және электрондық пошта арқылы алыстағы туыстарыңа

хат жазуларына болады. Сондықтан осы айтылғандардың барлығын біз біртіндеп үйренуіміз керек. Ақпараттық қоғам жағдайында кез келген адам ақпарат көздерімен жұмыс жасай білуді, оны сақтауды, өңдеуді және дұрыс қолдана білу сияқты әрекеттерді үйрену арқылы ақпараттық мәдениетін қалыптастыра алады [3].

Ақпарат – бұл қоршаған орта туралы мәлімет болса, ал ақпараттық мәдениет – бұл ақпарат көздерін (анықтамалармен, сөздіктермен, энциклопедиямен, ұшақ кестелерімен және теледидар бағдарламаларымен) қолдана білуді үйрену. Ақпараттық мәдениет - бұл дұрыс сөйлей білу, теледидарды орынды көре білу, компьютермен жұмыс тәртібін игеру және достарыңмен жақсы қарым-қатынаста болу сияқты әрекеттерді қамтиды.

Ақпараттық сауаттылық-бүгінгі ақпараттық қоғамда кез-келген әрекетті сапалы реттеудің кепілі, сондықтан ол бастауыш сыныптан бастап қалыптасуы қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық информашылық. Монография. – Алматы, 2007. – 236 б.
- 2 Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании: дидактические проблемы; перспективы использования. М., "Школа - Пресс", 1994.
- 3 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. М., Народное образование, 1998.

ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Тұрарбек М.Е.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы
Г-413 тобы, 4 курс, мамандық «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі»*

Ғылыми жетекші: **Кабирова Н.У.**

*Педагогика ғылымдарының магистры, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті
оқытушысы, Семей қаласы*

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Біздің басты жетістігіміз – тәуелсіз Қазақстанды құрғанымыз», [1] – деп, Қазақстан халқының тәуелсіздік жылдарында жеткен жетістіктерін талдап, саралап, оның ішінде «Қазақстан – 2030» стратегиясының қорытындысын, нәтижелерін, жетістіктерін айтып өткен еді. Дәл қазіргі таңдағы қоғамдық тұрақтылық пен келісімнің арқасында халықаралық аренада таныла бастағанымызды айтқан Елбасы халықтың мерейін өсіріп, бір серпілтіп тастаған еді. Осы Жолдаудағы маңызды бағыттардың бірі – жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру болғаны баршаға аян. Осыған кеңірек тоқталатын болсақ, дәл қазіргі таңда патриотизмді қалыптастыру мәселесі бұрынғыдан гөрі өткір болып тұрғандай. Ал қазақстандық патриотизм Қазақстан азаматының өзін осы елдің төл баласы, нағыз азаматы ретінде сезінгенде, Қазақстанды өзінің туған елі, Отаны деп есептеген жағдайда ғана қалыптасады. Қазақстанның патриоты дегеніміз:

- Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдері Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне ерекше құрметпен қарап, шын ниетімен қадірлеуі.
- Қазақстанда тұратын барлық халықтардың ұлтына қарамай, Отанды қорғауға дайын болуы.
- Қазақстан Республикасының қарулы күштерінің әскер қатарында болатынына ұлттық патриоттық мақтаныш сезімінің болуы.
- Қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүйю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға ынталы болуы т.б.

Патриот болу-біздің азаматтарымыздың маңызды моральдық бейнесі. Патриотизмнің мәні-Отанға деген терең және саналы махаббат, оған деген адалдық, оның жетістіктері мен жеңістері үшін мақтаныш, оны одан да әдемі және күшті етуге деген ұмтылыс. Отанға деген сүйіспеншілік адамдарды еңбек пен күрес ерлігіне шабыттандырады, оларға өмірде әлеуметтік мағына береді және рухани байытады.

«Тәрбие – тал бесіктен» демекші, баланы тәрбиелеу жолында ата-ана мен ұстаз тығыз қарым-қатынаста болуы керек. Бүгінгі таңда Отанға, туған жерге және қоршаған ортаға деген

сүйіспеншілікті ояту арқылы оқушының патриоттық тәрбиесін қалыптастыру мәселесі уақыт талабы болып табылады, сондықтан жеке тұлғаның өз елін құрметтеуі-отбасынан, мектептен басталатынын бәріміз білеміз. Осы айтылғандарды тұжырымдай келе, мектепте тәрбие жұмысына нақты мақсаттар қоймай жүйелі жұмыс істеу мүмкін емес. Білім беру жүйесінің негізгі қозғаушы күштері-сынып жетекшілері мен ата-аналар. «Үлкен кісі не істесе, бала да соны істеймін деп талпынады», соған орай, тәрбиенің басты мақсаттарының бірі – «өсіп келе жатқан балалардың табиғатына азық беру, оларға қызықты нәрселерді көрсету» деп ойлаймыз.

"Отан-от басынан басталады", - дейді халық даналығы. Сондықтан Отан мен елдің мүддесі - балаларды тәрбиелеу. Әрбір бала бір ғана отбасының ғана емес, күллі қоғамның келешегі, көктемі, бүршік атар гүлі екенін жадымыздан әсте шығармағанымыз абзал. Бұдан патриоттық тәрбиенің бастауы-отбасыдан екендігі айқындалады. Жазушы Ә.Нұршайықов отбасының патриоттық тәрбиедегі маңыздылығын атап өтті: «Ерте жастан бастап біз ертегілер мен батырлар туралы аңыздарды тыңдаймыз, ерліктерді мадақтайтын өлеңдер оқимыз. Кімде кім этнопедагогикалық шығармаларды қабылдамайтындардың қатарында болса, оның бойында бес адамның күші болса да, патриот бола алмайды. Тәрбиенің күшімен шындалған патриотизм, қынаптан суырған қылыштай жарқ етіп, отанды басқыншы жаудан қорғау сағатында өз қуатын көрсетеді», [3] - дейді жазушы.

Әркімнің өз өмір жолы, әрбір халықтың, қоғамның, елдің өзіндік тарихи өмірі бар. Бұл өмірдің алуан түрлі ежелгі кезеңдерінде көрінетін күрделі процесс. Әр ұрпақ-бұл уақыттың енжарлығына жауап беретін өз жолын іздейтін алдыңғы буынның жалғасы. Әлемдік тарихта патриоттық тәрбие мен әскери патриотизмді білу ғасырлар бойы қалыптасқан. Тәуелсіз Қазақстан жағдайында қазақ этнопедагогикасы негізінде патриоттық тәрбиені қарастыру орынды деп санаймыз.

Егер сіз «Ел боламын десең, бесігінді түзе» деген даналық сөздің мәніне үңілсеңіз, балаларды тәрбиелеуге ерте жастан бастап назар аудару керек екендігін болжау қиын емес. Қаз дауысты Қазыбек бидің «Дала Демосфендері» және Ж.Молдағалиевтің «Мен қазақтың» деген атпен белгілі танымал қос тұлғаның жыр шумақтары бүтінгі ұрпақты өз жерін, елін сүйуге баулиды.

Бастауыш сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беру тақырыбы аясындағы мақал-мәтелдер, ең алдымен, отанның, туған жердің қасиетті, қымбат, ыстық екенін айтады. Мысалы «Ел іші – алтын бесік», «Туған жердің тауы да ыстық». Ал сонымен қатар туған елді, жерді басқа елдермен салыстырып, әркімге өз елінен артық ел жоқ екенін аңғартатын мақалдар да баршылық. Оған дәлел: «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Кісі елі — күміс, өз елің — алтын» т.б. мақалдар. Туған жер, ел – отанды аса жоғары бағалап ардақтаған халық, оларды қорғау әрбір ер азаматтың борышы. Өз елін жаудан қорғау үшін қасықтай қаны қалғанша, ақтық демі біткенше алысу, сөйтіп дұшпаннан елін, отанын қорғап қалу халқын сүйген әрбір азаматтың міндеті. Оны мына мақалдардан: «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі», «Елін сүйген ер болар», «Жүкті нар көтерер, қайғыны ер көтерер» көруге болады. Мұндай мақалдарда ел қорғау, басқыншы жауды талқандап жеңу жолында ерлік жасаған, қара қылды қақ жарған, қиядан тартып жол салған, табан тірескен айқастарда тайсалып тартынбаған батырларды, азаматтарды ардақтайды, абыройлы атақ пен даңққа бөлейді. Олардың халық сүйсінген ерлік істерін кейінгі ұрпаққа үлгі етеді. Ерлік, батырлық жасау тек отанын, ел-жұртын, халқын сүйген адамдардың ғана қолынан келеді, осындай адамдар ғана ел намысын қорғайды деп сипаттайды. Бастауыш сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беруде осындай мақал-мәтелдердің мазмұнын түсіндіріп, патриоттық сезімге, ұлттық мақтанышты, елін, жерін сүйуге тәрбиелеудің іргетасын қалауға болады деп түйіндейміз.

